Том 30

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

30 ТОМ

Июль 1916 — февраль 1917

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1979

3К2
Л40

0101020000 Л $\frac{10102-115}{401(07)-79}$ 6—78

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының отызыншы томына 1916 жылғы июльден Россиядағы 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейінгі кезеңде жазылған шығармалары кіреді.

Бұл кезең дүние жүзілік империалистік соғыс онан сайын ұлғая түскен, майдандарда қиян-кескі шайқастар жүріп жатқан, халық бұқарасының тұрмыс жағдайы өте нашарлаған, олардың наразылығы мен ашуызасы күшейген, революциялық жағдай шиеленіскен кезең еді. Россияда, Германияда, Францияда және басқа елдерде соғысқа қарсы наразылық білдірілген стачкалар мен саяси демонстрациялардың саны өсті. Социалистік партиялардағы интернационалистердің күштері өсіп, нығая түсті. Отарлар мен тәуелді елдердегі езілген халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы ұлғайды. «1914—1916 жж. революция,— деп жазды Ленин,— кезекте тұрған еді, ол соғыстың қойнауында бүркеліп, соғыстан *туып келе* жатыр еді» (осы том, 15-бет).

Большевиктік партия бағытының дұрыстығын оқиғалардың бүкіл барысы растап берді; бұл бағытты Ленин соғыстың алғашқы күндерінде-ақ белгілеген еді. Лениннің басшылығымен большевиктер партиясы Россияның жұмысшы табын революцияға сеніммен бастай берді, сөйтіп барлық елдердің социал-демократиясына соғыс уақытының аса ауыр жағдайларында қаһармандық революциялық жұмыс жүргізудің өнеге-

сін көрсетті, халықаралық социалистік қозғалыстың авангард күші ретінде қимыл жасады.

Томға кірген шығармаларында Ленин большевиктік партияның соғысқа көзқарас туралы, бітім туралы, революция туралы мәселелер жөніндегі теориясы мен тактикасын талдап жасауды жалғастырады. Бұл шығармаларында Лениннің империализм туралы ілімі, социалистік революция мен пролетариат диктатурасының лениндік теориясы, социализмнің әуелі жеке бір елде жеңу мүмкіндігі туралы және социализмге өту формаларының алуан түрлілігі туралы Лениннің қорытындылары, империализм жағдайында демократиялық талаптар жолындағы күрестің маңызы туралы қағида, ұлт-отар мәселесі жөніндегі лениндік ілім онан әрі дамытылған.

Ленин бұл проблемаларды социал-шовинизмге, каутскийшілдікке (центризмге) және Россия социал-демократиясы арасында, сондай-ақ басқа да бірқатар елдердің социалистік партияларындағы солшылдар арасында да көрінген оппортунистік бағыт — «империалистік экономизм» дейтінге қарсы батыл күресте талдап жасады. 1894—1902 ж.ж. Россия социал-демократиясындағы «экономистердің» Россияда капитализмнің орнығу фактісінен жұмысшы табына саяси күрес — демократия жолындағы күрес бейне бір керек емес деп қате қорытынды жасағаны сияқты, «империалистік экономистер» империализм жөніндегі маркстік ұғымды бұрмалап, монополистік капитализм жағдайында демократия үшін күресу қажеттігін бекерге шығарды, ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұранынан және жалпы алғанда программа-минимумнан бас тартуды талап етті, мемлекетке көзқарас туралы мәселе жөнінде жартылай анархистік пікірді уағыздады. «Батыс европалық көлемде» «жаңа большевизм» жасамақшы болған Н. Бухарин, Ю. Пятаков, Е. Бош тобы, сондай-ақ Голландиядағы, Польшадағы, Германиядағы, Америкадағы және Скандинавия елдеріндегі бірқатар солшыл социал-демократтар осындай позициядан әрекет етті.

Ленин «империалистік экономизмді» марксизмге жексұрын карикатура деп атап, оны халықаралық со-

циалистік қозғалыстағы догматизм мен сектанттықтың айқын көрінісі деп сипаттады. «Мұның интернационалдық дерт» екеніне назар аудара келіп, Ленин оның қауіптілігін көрсетіп берді, сөйтіп сол дәуірдегі кезекте тұрған аса маңызды міндет «империалистік экономизмге» қарсы ашық, жігерлі күрес жүргізу екенін атап айтты. Марксистер қатарында «империалистік экономизмнің» таралуы «біздің бағытымызға берілген аса елеулі соққы» болар еді,— деп жазды Ленин. Сондықтан «тиісті жолдастарға олардың *батпаққа батқандығын,* олардың «идеяларының» *марксизмге де, революциялық социал-демократияға да ешқандай қатысы жоқ екендігін* үсті-үстіне *ескертудің* сөзсіз қажеттігі туып отыр» (67-бет).

Том Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласымен ашылады; мақала Р. Люксембургтің және неміс солшылдарының тобы — «Интернационалдың» ұлт мәселесіндегі қате позициясын сын көзбен қарап талдауға арналған. Ленин Р. Люксембургтің, неміс солшыл социал-демократтарының революциялық қызметін жоғары бағалады. Сонымен бірге ол бұлардың қателіктерін, сондай-ақ басқа елдердегі солшылдардың да қателіктерін ашық сынауды өзінің борышы деп санап, мұны «марксистерге қажетті өзара сын үшін және III Интернационалдың идеялық базасы болуға тиісті көзқарастарды жан-жақты тексеру үшін» (2-бет) істеп отырғанын атап көрсетті. «Юниустың кітапшасы туралы» атты мақаладан соң іле «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары» деген үлкен еңбек жарияланып отыр; бұл еңбегінде Ленин поляк, сондай-ақ голланд солшыл социал-демократтарының ұлт мәселесі жөніндегі көзқарастарының қателігін ашып көрсетеді.

Лениннің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» және «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» (1913—1914) деген еңбектерімен ажырағысыз байланыста бола отырып, жиырма жетінші томға кірген «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистері 1916 жылы жазылған «Юниустың кітапшасы туралы» және «Өзін өзі билеу

туралы айтыстың қорытындылары» деген шығармалары большевиктік партияның ұлттық программасы мен саясатын белгілеуге жаңадан қосылған үлес болды. Бұл шығармаларында Ленин ұлт-отар мәселесі теориясын социалистік революция мен пролетариат диктатурасы туралы, социализм мен коммунизм орнату туралы маркстік ілімнің құрамдас бөлігі ретінде дамытады.

«Юниустың кітапшасы туралы» деген мақалада және осы томда жарияланып отырған басқа да еңбектерінде Ленин империализм тұсында ұлт-азаттық соғыстарының мүмкін еместігі туралы тезистің қателігін түсіндіріп берді; бұл тезис империализм заманында империалистік державалардың біреуіне қарсы басталған ұлттық соғыстың қайсысы болсын біріншісімен бәсекелес екінші державаның араласуына әкеп соғадымыс, осының салдарынан әрбір ұлттық соғыс империалистік соғысқа айналады-мыс дегенге сүйенген еді. Ленин ең алдымен мынаны көрсетіп берді: ұлттықотарлық езгі, бір жағынан, отар және тәуелді елдердің құлдықтағы халықтары, екінші жағынан, отарлы державалардың монополистік капиталы арасында бітіспес антагонизм туғызбай қоймайды, езілген халықтарды империализмге қарсы азаттық күреске, ұлттық көтерілістерге көтереді. Сонымен бірге Ленин отарлар мен жартылай отарлардағы ұлт-азаттық қозғалысының сөзсіздігі мен маңыздылығына ерекше назар аударып, империализм жағдайында ұлт мәселесінің ұлт-отар мәселесіне айналатынын көрсетті. Ал ұлттық соғыстардың империалистік соғыстарға айналуына келетін болсақ, онда, әрине, белгілі бір ұлттық соғыстың империалистік державалардың соғысына әкеліп соғуы мүмкін, бірақ бұған қарап империализм заманында ұлт-азаттық соғыстарының мүмкін еместігі туралы қорытынды жасауға болмайды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Сингапурдегі үнді әскерлері ішінде, француздық Аннамда, неміс Камерунында көтерілістер жасауға ұмтылған әрекеттер, 1916 жылғы Ирландиядағы көтеріліс империализм тұсында ұлт-азаттық соғыстарының мүмкін

еместігі жайындағы пайымдауларды бәрінен де артық теріске шығаратынын көрсете келіп, Ленин империалистік державалардың ең болмағанда біреуінде пролетариаттың жеңіске жетуі, оның бер жағында бірқатар елдерде революциялардың жасалуы ұлт-азаттық қозғалысының дамуы үшін, ұлт-азаттық көтерілістерінің табысқа жетуі үшін ерекше қолайлы жағдайлар туғызатын болады деп сенім білдірді (58—60-беттерді қараңыз). Лениннің бұл көрегендігін өмірдің өзі растап берді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және Совет мемлекетінің құрылуы езілген халықтардың империализмге қарсы күресінің өрге басуының қуатты факторы болды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін дүние жүзілік социалистік системаның құрылуы және осыған байланысты империализм позицияларының одан әрі әлсіреуі отарлар мен тәуелді елдердің халықтарына тәуелсіздікті жеңіп алуға жаңа мүмкіндіктер ашты, отаршылдық системаның күйреу процесін орасан зор дәрежеде жеделдетті. Осының нәтижесінде бір жарым миллиард дерлік адам отарлық езгіден азат етілді.

Ленин ұлт-азаттық көтерілістерінің прогрестік, революциялық сипатын, бұл көтерілістер жеңіске жете қалған күнде жаңа, ұлттық тәуелсіз мемлекеттер құрылуының прогресшілдігін мейлінше атап көрсеткен болатын (131-бет). Жұмысшы табы барлық ұлттардың бөлініп шығып, өз мемлекетін құруға дейін баратын өзін өзі билеу правосын барынша батыл қорғауға тиіс, езілген халықтардың өздерін езуші империалистік державаларға қарсы көтерілісіне көмектесіп отыруға тиіс. Капитализмнің орнын социализмнің басуы, деп жазды Ленин, өзге де революциялық процестермен қатар «дамымаған, артта қалған және езілген ұлттардағы *толып жатқан* демократиялық және революциялық қозғалыстарды, соның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстарын» (127-бет) қамтитын тарихи заман болып табылады. Осыған байланысты Батыстың жұмысшы табы мен Шығыстың езілген халықтарының ортақ жауға, империализмге қарсы біртұтас революциялық майданын құрудың аса зор маңызы бар. Ал мұның өзі пролета-

риат тарапынан ұлт-азаттық қозғалыстарға барынша, жігерлі түрде қолдау жасалуын керек етеді.

Осы томға кірген еңбектерінде Ленин ұлттардың өзін өзі билеу правосы социал-патриотизмге әкеліп соғадымыс және революциялық социал-демократияның отан қорғау ұранына теріс қарайтындығымен сыйыспайдымыс дегенге сүйеніп, бұл правоны талап етуден бас тартуды ұсынған адамдарды қатты сынға алады. Марксистердің жалпы алғанда «отан қорғауға» әсте қарсы емес екенін, олар империалистік соғыстағы отан қорғауды теріске шығаратынын, бірақ әділетті, ұлт-азаттық соғыстарында, империалистік езгіден құтылу немесе ұлттық тәуелсіздікті қорғау жолындағы күресте отан қорғауды қолдайтынын Ленин үсті-үстіне мұқият түсіндіреді.

Ленин ұлттардың өзін өзі билеу правосын талап етуден бас тартуды жақтаушылардың бұл талап империализм тұсында «іске асырылмайды»-мыс деген екінші бір дәлелінің де мүлдем негізсіз екенін көрсетіп берді. Саяси мағынасында алғанда империализм тұсында ұлттардың өзін өзі билеуі әбден жүзеге асырылатын нәрсе. Мұны, мәселен, 1905 жылы Норвегияның Швециядан бөлініп шығуы дәлелдеп берді. Ендеше, езілген ұлттардың империализмге қарсы батыл революциялық күресінің нәтижесінде олардың өзін өзі билеуін жүзеге асыруы онан бетер мүмкін. Дербес даму жолына түскен халықтардың экономикалық тәуелсіздікке жетуі, бұл елдердің өз экономикасында шетелдік монополиялардың өктемдігінен құтылып шығуы анағұрлым күрделі іс болып табылады. Бірақ, өмірдің өзі көрсетіп отырғанындай, қазіргі жағдайда, дүние жүзілік социалистік система бар болып отырғанда, империализм әлсіреген жағдайда, отаршылдық күйреп жатқанда, жас ұлттық мемлекеттерде жұмысшы табы мен басқа да прогресшіл топтарының күштері өсіп отырған жағдайда, мұның да жүзеге асырылуы әбден мүмкін болып отыр. Азаттық алған халықтардың ұлттық демократия мемлекетін құруы, социалистік елдер тарапынан оларға саяси, экономикалық және мәдени көмек көрсетілуі — олардың толық экономикалық тәуелсіз-

дікке жету жолы, міне, осындай. Осыған байланысты Лениннің мына қағидасы ерекше маңыз алып отыр: дамыған капиталистік елдердің жұмысшы табы, өкімет басына келгеннен кейін, барлық отар және тәуелді халықтардың өзін өзі билеу правосын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен бірге Азия мен Африканың артта қалып келген, енді дербес даму жолына түскен халықтарымен жақындасу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, оларға қалтқысыз көмек көрсетеді, олардың «машиналарды қолдануына, еңбекті жеңілдетуіне, демократияға, социализмге көшуіне» (136-бет) көмектеседі.

Ленин сондай-ақ «империалистік экономистердің» отарлар жөнінде өзін өзі билеу ұранын ұсынуға болмайды, өйткені жалпы алғанда «жұмысшылары жоқ елдер үшін жұмысшы партиясының ұрандарын қоюдың өзі сорақы нәрсе» деген пайымдауларының да қателігін әшкереледі. ««Жұмысшы партиясының ұрандары»,— деп жазды ол,— *тек қана* жұмысшылар үшін қойылады деп бейшара «экономистер» ғана ойлаушы еді. Жоқ, бұл ұрандар бүкіл еңбекші жұрт үшін, бүкіл халық үшін қойылады»; сондықтан «жұмысшылары жоқ, тек құл иелері мен құлдары және т. с. бар тіпті отар елдер үшін де «өзін өзі билеуді» ұсыну сорақы *емес* екені былай тұрсын, қайта қандай марксист үшін болса да *міндетті* нәрсе» (133-бет). Онан соң ұлттардың өзін өзі билеу правосын талап ету «*екі* ұлт «үшін»: езілген ұлт пен *езуші* ұлт үшін» ұсынылатынын есте ұстау керек. Ленин К. Маркстің басқа халықтарды езуші халық еркін халық бола алмайды деген қағидасын үнемі еске салып отырды. Ұлттық езушілік — капитализмнің күйреуін әдейі бөгеу, түрлі ұлттардың жұмысшыларын бір-бірінен ажырату, оларды буржуазияның ықпалына бағындыру жолдарының бірі. Пролетарлық интернационализм принциптерін жүзеге асыру ғана, соның ішінде ұлттардың өзін өзі билеу правосын талап ету ғана социализм жолындағы ортақ күресте барлық ұлттардың еңбекшілерін топтастырып, олардың жеңісін қамтамасыз ете алады (36, 39, 44, 45-беттерді қараңыз).

Совет Одағының Коммунистік партиясы, барлық маркстік-лениндік партиялар, Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі осы қағидаларын басшылыққа ала отырып, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерді әрдайым пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп келді және тәрбиелеп отыр, Азиядағы, Африкадағы және Латын Америкасындағы ұлт-азаттық қозғалысын әрдайым қолдап келді және қолдап отыр. СССР және басқа социалистік мемлекеттер, коммунистік және жұмысшы партиялары отаршылдық режимнің барлық формаларын, барлық көріністерін толық және түпкілікті жоюды батыл жақтауда, тәуелсіздікке жетіп, өздерінің ұлттық мемлекеттерін құрған халықтармен достық және ынтымақтастық саясатын жүргізуде.

Ленин томда жарияланып отырған шығармаларында социалистік қоғам құрылысындағы және социализмнен коммунизмге өту жағдайындағы ұлттардың даму перспективалары туралы мәселе жөнінде маңызды қорытындылар жасады. Ол «империалистік экономистердің» ұлттардың өзін өзі билеуін социалистік қоғамға қолдануға болмайды, социализм ұлттық езгіні жою үшін экономикалық негіз жасайды, сондықтан бұл салада ешқандай саяси міндеттер тұрмақ емес деген пайымдауларының қателігін көрсетіп берді. Ленин мұның пролетариат диктатурасы дәуірі, капитализмнен социализмге өту дәуірі жөнінде де, сондай-ақ социалистік қоғам жөнінде де, социализмнен коммунизмге өту дәуірі жөнінде де мүлдем теріс екенін түсіндірді.

Социалистік революция жасаған жұмысшы табының аса маңызды міндеттерінің бірі еркін және тең праволы ұлттар мен халықтардың өз еркімен бірігуі, социализм құрылысындағы олардың достығы мен ынтымақтастығы болып табылады. Ал бұған ұлттардың өзін өзі билеу правосын, барлық халықтардың тең праволылығы саясатын дәйекті түрде жүзеге асыру арқылы ғана жетуге болады. СССР-де социализм құрылысының тәжірибесі, еркін және тең праволы ұлттардың ерікті одағы ретінде көп ұлтты социалистік мемлекеттің құрылуы, халықтардың мызғымас достығының қалып-

тасуы Лениннің бұл қорытындысының дұрыстығын растап берді.

«Империалистік экономистер» социалистік қоғам тұсындағы ұлттық қатынастар туралы мәселені де теріс шешкен болатын. Олар социализм тұсында ұлттың тек мәдениеттік және тілдік единица сипаты ғана болады, территориялық жағынан бөлінуі, ол сақталатын болғандықтан, тек өндіріс қажеттерімен ғана белгіленетін болады деп мәлімдеді. Бұл қағиданы сынға ала отырып, Ленин ең алдымен «империалистік экономистердің» социализм тұсында мемлекет болмайды дегенге сүйенетінін атап көрсетті. Ал шындығында мемлекет социализм тұсында да, социализмнен коммунизмге өту дәуірінде де сақталады, демек, оның шекараларын белгілеу қажеттігі қала беретін болады. Ұлттық қатынастар туралы мәселе өзінің бүкіл мәнін сақтап қалатындығы осыдан. «Социализм,— деп жазды Ленин,— өндірісті таптық езгі*сіз* ұйымдастырады, мемлекеттің *барлық* мүшелерінің әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етеді, сөйтіп халықтың «тілектестігіне» *толық кеңшілік* береді және нақ осының арқасында ұлттардың жақындасуы мен бірігуін жеңілдетеді, орасан тездетеді» (24-бет). Ал мұның сөзсіз шарты социалистік мемлекеттің дұрыс ұлт саясатын жүргізуі — барлық халықтардың толық тең праволылығын, олардың экономикасы мен мәдениетін жан-жақты дамытуды, олардың туысқандық өзара көмегін қамтамасыз ету болып табылады.

КПСС XXII съезі қабылдаған Совет Одағы Коммунистік партиясының программасында осы лениндік қағидалар онан әрі творчестволықпен дамытылған. Онда былай деп көрсетілген: социализм жағдайында ұлттар гүлденіп көркейеді, олардың суверенитеті нығаяды, сонымен бірге социалистік ұлттар барған сайын жақындаса түседі, халықтардың өзара қарым-қатынас жасауы ұлғаяды, СССР шеңберінде одақтас республикалардың арасындағы шекаралар өздерінің бұрынғы мәнінен барған сайын айрыла береді. Коммунизм құрылысын кеңінен өрістету ұлттардың онан сайын жақындасуымен, олардың бірлігінің онан сайын ны-

ғаюымен сипатталатын ұлттық қатынастардың дамуындағы жаңа кезең болып табылады.

Ленин ұлттардың өзін өзі билеуі туралы мәселенің демократия жолындағы күрес туралы жалпы мәселемен ажырағысыз байланысын атап айтып, «империалистік экономистер» марксизмнің демократияға көзқарасын бұрмалады, империализм жағдайындағы демократиялық талаптардың маңызын, социалистік революция жолындағы күресті демократия жолындағы күреспен ұштастыру қажеттігін түсінбеді деп көрсетті. Ленин ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы», «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап», «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақалаларында осы аса маңызды проблеманы жан-жақты баяндап берді.

Ленин ең алдымен империализм заманында демократия жолындағы күрестің неліктен ерекше зор маңыз алатынын түсіндіріп берді. Монополистік капитализмнің, деп жазды ол, саяси қондырмасы демократиядан саяси реакцияға бетбұрыс жасау болып табылады. Империализм сыртқы саясатта да, ішкі саясатта да демократияны бұзуға ұмтылады. Бірақ монополистік капиталдың дәл осы әрекеттері оған қарсы тұратын құдіретті күштерді өмірге келтіреді. «Жалпы алғанда капитализм, әсіресе империализм,— деп жазды Ленин,— демократияны жалған үмітке айналдырады — ал сонымен қатар капитализм бұқара ішінде демократиялық талпыныстарды тудырады, демократиялық мекемелер құрады, демократияны теріске шығаратын империализм мен демократияға талпынатын бұқара арасындағы антагонизмді шиеленістіреді» (80-бет).

Капитализм тұсында демократия шектеулі, формальды, екіжүзді болады, ал империализм тіпті осы, буржуазиялық, демократияның өзін де бұзады. Бірақ бұдан, «империалистік экономистердің» ойлағанындай, демократиялық талаптар жолындағы күрестен, программа-минимумнан бас тарту керек, демократия жолындағы күрес социалистік революцияға «қайшы

келеді»-міс, социалистік төңкеріс ұранын көмескілеп, аулақтатады-мыс деген мағына тіпті де тумайды.

Пролетариат, деп үйретті Ленин, өзінің қандай саяси жағдайда өмір сүріп, күрес жүргізіп отырғаны жайындағы мәселеге немқұрайды қарай алмайды. Капиталистік елдегі саяси құрылыс неғұрлым демократиялық болса, жұмысшы табының өзінің өмірлік праволары үшін күресуіне жағдай соғұрлым қолайлы болады, ол социалистік революцияға соғұрлым жақсырақ дайындала алады. Демократия жолындағы күресте ғана жұмысшы табы халықтың ең қалың топтарын өз төңірегіне топтастырып, социалистік революцияға нағыз халықтық сипат бере алады, өзіп және пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасын пролетариат диктатурасы орнатылғаннан кейін қоғамды демократиялық жолмен ұйымдастыруға әзірлей алады.

Кімде-кім «таза» социалистік революцияның жасалуын күтетін болса, деп көрсетті Ленин, ол оған ешқашан да жете алмайды. Шындығында капитализмнің іргесін согіп, қиратушы біртұтас дүние жүзілік революциялық процесте социалистік революциялар, ұлт-азаттық антиимпериалистік революциялар, халықтық демократиялық революциялар, шаруалардың кең қозғалысы, түрлі жалпы демократиялық қозғалыстар тоғысып кетеді. «Әлеуметтік революцияны отарлар мен Европадағы кішкене ұлттардың котерілістерінсіз, *өзіне тән барлық соқыр сенімдері* бар ұсақ буржуазияның бір бөлегінің революциялық дүмпулерінсіз, помещиктік, шіркеулік, монархиялық, ұлттық және т. с. езгіге қарсы санасыз пролетарлық және жартылай пролетарлық бұқараның қозғалысынсыз *болады деп ойлау* — бұлай ойлау,— деп жазды Ленин,— *әлеуметтік революциядан безу* болып табылады» (60-бет).

Ленин демократиялық талаптар жолындағы күрестің маңыздылығын атап көрсете келіп, сонымен бірге осы томда жарияланып отырған «Максимализм туралы мақала жөніндегі ескертпелерде» Г. Зиновьевтің программа-минимумның талаптарын жүзеге асыру принцип жағынан өзгеше қоғамдық құрылысқа көшуді білдірген болар еді-міс, социализмге жеткізген болар

еді-міс деген қате қағидасын сынға алды. Бұлай ойлау — реформизм позициясына көшу және социалистік революцияның көзқарасынан безу деген сөз. Басты нәрсені — социалистік революцияны — назардан тыс қалдыруға болмайды,— деп көрсетті Ленин 1916 жылғы декабрьде жазылған хаттарының бірінде. «Демократия үшін жүргізілетін күрес пен социалистік революция үшін жүргізілетін күресті *ұштастыра* білу, біріншісін екіншісіне *бағындыра* білу керек. Барлық қиыншылық осында; істің барлық мәні осында» (Шығармалар, 35-том, 241-бет).

Халықаралық революциялық қозғалыстың тәжірибесін қорыта келіп, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін халықаралық аренадағы күштердің арақатынасы социализмнің пайдасына түбегейлі өзгергеніне сүйеніп, маркстік-лениндік партиялар Лениннің демократия жолындағы және социализм жолындағы күрестің арақатынасы туралы қағидаларын дамытты. Жаңа тарихи жағдайда көптеген елдердің жұмысшы табы, капитализмді құлатудан бұрын-ақ, әдеттегі реформалардың шеңберінен әрі асатын, жұмысшы табы үшін және оның революцияның жеңісі жолындағы, социализм жолындағы бұдан былайғы күресін дамыту үшін де, сондай-ақ ұлттың көпшілігі үшін де өмірлік маңызы бар шараларды жүзеге асыруға буржуазияны көндіре алатын болды. Жұмысшы табы негізгі соққыны капиталистік монополияларға қарсы бағыттауда. Ұлттың барлық негізгі топтары монополиялардың өктемдігін жоюға мүдделі болып отыр. Мұның өзі финанс олигархиясының езгісіне қарсы шығушы демократиялық қозғалыстардың бәрін қуатты бір антимонополистік тасқынға біріктіруге мүмкіндік береді. Монополияларға қарсы жалпы демократиялық күрес социалистік революцияны қашықтатпайды, қайта оны жақындата түседі. Демократия жолындағы күрес — социализм жолындағы күрестің құрамдас бөлігі.

«Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласында Ленин түрлі халықтардың социализмге өту жолдарының сан алуандығы туралы аса маңызды қағиданы ұсынып,

негіздеп берді. Түрлі елдердегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың негізінен алғанда біртектес болуына қарамастан, олардың өзіне тән ерекшелігі болатынын көрсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Адамзаттың бүгінгі империализмнен ертеңгі социалистік революцияға қадам басатын жолында да осындай әр түрлілік болады. Барлық ұлттар да социализмге жетеді, бұл даусыз, бірақ бұлардың бәрі дәл бірдей болып жетпейді, олардың әрқайсысы демократияның белгілі бір формасына, пролетариат диктатурасының белгілі бір түріне, қоғам өмірінің әр түрлі салаларына социалистік өзгеріс енгізудің белгілі бір қарқынына өзіндік өзгешелік енгізеді» (осы том, 139-бет). Осыған байланысты Ленин қарсыласудан түк шықпайтынына буржуазияның көзі жетсе, жекелеген елдерде буржуазияның өкімет билігін бейбіт жолмен беруі *мүмкін* екенін көрсетті. Сонымен бірге Ленин капитализмнен социализмге өту қандай формада болса да, ол тек қана революция жасау және пролетариат диктатурасын орнату арқылы ғана мүмкін болатынын баса атап көрсетіп отырды. «Ақырына дейін бірден-бір революцияшыл тап болып табылатын пролетариаттың диктатурасы,— деп жазды Ленин,— буржуазияны құлату үшін және оның контрреволюциялық әрекеттеріне тойтарыс беру үшін қажет. Пролетариат диктатурасы туралы мәселенің маңыздылығы сонша — мұны теріске шығаратын немесе тек сөз жүзінде ғапа мойындайтын адам социал-демократиялық партияның мүшесі болуы мүмкін емес» (138-бет).

Лениннің бұл қағидаларының теориялық және практикалық-саяси маңызы өте-мөте зор. Бұл қағидалардың бар күші ең алдымен капитализм социализмге барып ұласады деп уағыздайтын, социалистік революция мен пролетариат диктатурасының қажеттігін бекерге шығаратын ревизионистерге қарсы бағытталған. Сонымен бірге Лениннің капитализмнен социализмге өту формаларының алуан түрлілігі туралы қорытындысы халықаралық жұмысшы қозғалысындағы нақты жағдайға нақты талдау жасау, белгілі бір елдің өзіне тән ерекшелігін есепке алу қажеттігін, революциялық қоз-

ғалыстың, социализм мен коммунизм құрылысының міндеттерін творчестволықпен шешу қажеттігін түсінбейтін догмашыл элементтерге де қарсы бағытталған. Лениннің бұл қағидалары маркстік партиялар үшін олардың социализм жолындағы қиын да күрделі күресіндегі іс-қимылына басшылық болып табылады. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жэне Россияда Советтер республикасының мемлекеттік формасында пролетариат диктатурасының орнатылуы, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Европа мен Азияның бірқатар елдерінде халықтық-демократиялық, социалистік революциялардың жасалуы жэне халықтық демократия формасында пролетариат диктатурасының орнығуы, капитализмнен социализмге өтудің жалпы заңдылықтарын жүзеге асырған кезде бұл елдердегі социалистік құрылыстың нақты формалары мен әдістерінің алуан түрлілігі,— осының бәрі Лениннің жасаған қорытындыларының дұрыстығын дәлелдей түседі.

Томға кірген шығармаларында Ленин жұмысшы табының диктатурасы туралы маркстік ілімді одан әрі дамытты, пролетариат диктатурасы формаларының алуан түрлі болуы мүмкіндігін, оның тарихи өтпелі сипатын көрсетті. Ленин пролетариат диктатурасының нағыз демократия — еңбекшілерге арналған демократия екендігін, оның «буржуазияға, яғни халықтың аз-шылығына қарсы жасалатын зорлықты демократияны *толық* дамытумен, яғни *бүкіл* халық бұқарасының күллі *мемлекеттік* істерге, капитализмді жоюдың барлық күрделі мәселелеріне барынша тең праволылықпен, барынша жаппай қатысуымен» (81-бет) ұштастыратынын атап көрсетті. «Жастар Интернационалы» деген мақаласында Ленин Бухариннің түп-тамырымен қате пайымдауын сынға алды; Бухарин марксистер мен анархистердің мемлекетке көзқарасында айырмашылық жоқ, пролетариат принципінде мемлекет атаулыға қас, марксистер революциядан кейін мемлекетті жоюды, «қопаруды» жақтайды-мыс деп пайымдаған еді. Шындығында, анархистерден өзгеше, марксистер мемлекетті және оның мекемелерін жұмысшы табын азат ету жолындағы күресте міндетті түрде пайдалану ке-

рек деп санайды, ең маңыздысы ескі, буржуазиялық мемлекеттік машинаны қирату, сөйтіп социалистік революцияның барысында жаңа, пролетарлық мемлекет (пролетариат диктатурасын) құру, оны капитализмнен социализмге өту үшін пайдалану қажеттігін мойындайды (253—255-беттерді қараңыз). Сонымен бірге Ленин пролетариат диктатурасы қажет болмай қалған күнде де — қанаушы таптар жойылғаннан кейін де — мемлекет сақталады деген пікір айтты. Мәселен, революциялық марксизм «жеңген социализм толық коммунизмге ұласып болғанға дейін *мемлекеттің* болатындығын мойындайды» (22-бет) деп жазды ол. Бұл мәселе партияның XXII съезінде қабылданған КПСС программасында творчестволықпен жан-жақты дамытылды және баяндалды.

«Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген мақаласында Ленин социализмнің әуелі бір елде жеңуі мүмкіндігі туралы мәселеге қайта оралады да, осы арқылы бұл мәселенің орасан зор маңызын атап көрсетеді. «Капитализмнің дамуы,— деп жазады Ленин,— әр түрлі елдерде мейлінше әркелкі болып отырады. Товар өндірісі тұсында басқаша болуы мүмкін де емес. Мұнан мынадай даусыз қорытынды туады: социализм *барлық* елде бір мезгілде жеңе алмайды. Ол әуелі бір немесе бірнеше елде жеңеді де, басқалары біраз уақыт бойына буржуазиялық немесе буржуазиялыққа дейінгі қалпында қала тұрады. Мұның өзі егес туғызатыны былай тұрсын, сонымен қатар басқа елдер буржуазиясының социалистік мемлекеттің жеңімпаз пролетариатын талқандауға тікелей ұмтылуын да туғызуға тиіс. Мұндай жағдайда біздің тарапымыздан болатын соғыс заңды және әділетті соғыс болар еді» (151—152-беттер).

Лениннің бұл қағидалары оның «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласында 1915 жылы тұжырымдаған «социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 382-бет) деген қорытындысының одан әрі дамытылуы болып табылады. «Пролетарлық революцияның соғыс

программасы» деген мақаласында Ленин бұл туралы енді бұлжымас қорытынды ретінде айтады да, социализмнің барлық елдерде бір мезгілде жеңуі мүмкін емес деп атап көрсетеді. Ол тура, үзілді-кесілді түрде: социализм әуелі бір елде немесе бірнеше елде жеңеді дейді.

Одан соң, Лениннің бұл қағидасынан мынадай қорытынды туады: Ленин екі системаның — социализм системасы мен капитализм системасының ұзақ уақыт қатар өмір сүруі тарихи жағынан сөзсіз деп есептеді. Мұның өзінде жеңіп шыққан пролетариат қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруіне мүдделі болады: Ленин екі системаның арасында соғыстың шығып кету қаупін империалистік буржуазияның социалистік мемлекетті талқандауға тырысатын әрекетімен байланыстырды. Пролетариатқа агрессиялық соғыстар жат нәрсе, бірақ буржуазиялық мемлекеттер тарапынан агрессия жасала қалған күнде пролетариат социализм жеңістерін қорғайтын әділетті соғысқа аттанады. Екі системаның бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік идеясы Совет Одағының және басқа социалистік мемлекеттердің сыртқы саясатының, олардың бейбітшілік жолындағы, соғысты болдырмау жолындағы күресінің ірге тасына айналып отыр. Сонымен бірге империализм әзірше сақталып тұрғанда агрессиялық соғыстардың қаупі сақтала беретінін ескеріп және социалистік отанды қорғау қажеттігі туралы лениндік қағиданы басшылыққа ала отырып, СССР және дүние жүзілік социализм системасындағы барлық елдер өздерінің қорғаныс қуатын күшейтіп, қарулы күштерін нығайта беру қажет деп есептейді. Совет Одағының Коммунистік партиясы совет адамдарын социалистік Отанды қорғауға әрдайым әзір тұру, өз армиясына деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелейді.

1916 жылдың күзінде жазылған «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» және ««Қарусыздандыру» ұраны туралы» деген мақалаларында Ленин каутскийшілдердің қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі позициясын сынға алды. Ленин былай деп

көрсетті: каутскийшілдер революция пісіп-жетіліп келе жатқан соғыс жылдарында қарусыздандыруды уағыздап, осы ұран арқылы өздерінің реформистік позициясын, социалистік революция мен пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығаратындығын бүркемеледі. Ленин сондай-ақ Швейцарияның, Голландияның, Скандинавия елдерінің бірқатар солшылдарының социалистік партиялардың программаларында халықты қаруландыру талабын қарусыздандыру талабымен ауыстыруды ұсынған көзқарасының мүлдем негізсіз екенін ашып көрсетті. Ленин сол кездегі жағдайда олардың позициясы революциялық социал-демократияның оппортунизмге қарсы күресін әлсірететінін түсіндіріп берді.

Алайда бұдан Ленин принципінде, әрдайым және барлық жағдайда қарусыздандыру талабына қарсы болды деген ұғым эсте тумайды. «Қарусыздандыру — социализмнің мұраты»,— деп жазды ол (171-бет). Ленинге қарусыздандыру туралы мәселені нақты-тарихи тұрғыдан қою тән еді. Штутгартта (1907) және Копенгагенде (1910) өткен халықаралық социалистік конгрестер Лениннің қатысуымен барлық елдер социалистерін милитаризмге қарсы белсенді күресуге, өз үкіметтерінен қару-жарақты қысқартуды, мемлекеттер арасында туатын жанжалдардың бәрін бейбіт жолмен реттеуді талап етуге міндеттеген қарарларды талдап жасап, қабылдаған болатын. Ленин белгілі бір жағдайларда бейбітшілікті сақтау, мемлекеттер арасындағы соғыс қаупін кеміту мақсатымен, демократиялық шара ретінде, қарусыздандыру талабын ұсынуды қажет деп есептеді. Егер дүние жүзілік империалистік соғыс жағдайында Ленин қарусыздандыру ұранын қате және саяси жағынан зиянды ұран деп бағаласа, соғысқа дейін ол пролетарлық партиялардың антимилитаристік қызметінің маңыздылығын түсінбеген социалистерді қатты сынға алған болатын (В. И. Лениннің «Соғысқұмар милитаризм және социал-демократияның антимилитаристік тактикасы» (Шығармалар толық жинағы, 17-том) деген мақаласын қараңыз). Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1922 жылы

Генуяда өткен халықаралық конференцияда совет делегациясы Лениннің инициативасы бойынша қару-жарақты жаппай қысқарту және жаппай қырып-жоятын қаруларға толық тыйым салу туралы ұсыныс жасады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет үкіметі қатаң халықаралық бақылау қойылатын, мемлекеттер арасындағы соғысты мүмкін етпейтін жаппай және толық қарусыздандыру программасын ұсынғанда қарусыздандыру туралы мәселені нақты-тарихи тұрғыдан қою қажеттігі жөніндегі лениндік қағиданы басшылыққа алды. Мұның өзінде КПСС мынаған сүйенеді: екінші дүние жүзілік соғыстан кейін халықаралық аренада күштердің арақатынасының социализм пайдасына түбегейлі өзгеруі қарусыздандыру перспективасын, демократиялық шара ретінде, әбден мүмкін боларлық етіп отыр. Совет Одағының Коммунистік партиясы және басқа маркстік-лениндік партиялар қарусыздандыруды, жаппай қырып-жоятын қаруларды жоюды және армияларды ішкі тәртіпті сақтау мен шекараларды қорғауға қажетті мөлшерде ғана шағын қарулы күштер етіп ықшамдауды баянды бейбітшілікті қамтамасыз етудің және соғысты болдырмаудың ең тиімді жолы деп санайды. Қарусыздандыруға жетуге күш сала отырып, коммунистер өздерінің көздеген мақсаттарынан айнымайды. Олар капитализммен экономикалық жарыста социализмнің жеңуі үшін, капиталистік елдерде тап күресін дамыту үшін, отаршылдықты толық жою және дербес даму жолына түскен елдердің ұлттық тәуелсіздігін нығайту үшін нақ бейбітшілікті сақтау қолайлы жағдайлар жасайды деп есептейді. Қатаң халықаралық бақылау қойып, жаппай және толық қарусыздандыру адамзат қоғамы прогресінің мүдделеріне, адамзаттың басым көпшілігінің арман-тілектеріне сай келеді.

Томға енген көптеген шығармалар Лениннің орыс және халықаралық социал-демократиядағы социал-шовинизм мен центризмге қарсы жүргізген күресін бейнелейді, олар: «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі», «Табандатқан он «социалистік» министр»,

«Оппортунизмді ақтауға әрекеттену», «Чхеидзе фракциясы және оның ролі», «Буржуазиялық пацифизм мен социалистік пацифизм», «Борис Суваринге ашық хат» және басқалар. Ленин оппортунизмнің экономикалық түп-тамырлары мен идеялық негіздерін, оппортунизмнің империализммен байланысын қайталап түсіндіреді, ашық социал-шовинистерге қарсы, сондай-ақ бүркелген центрист-оппортунистерге де қарсы батыл күрес жүргізу социалистік революция жеңісінің сөзсіз қажетті шарты екенін атап көрсетеді. Ол оппортунистердің сатқындық әрекеттерін, олардың айла-шарғыларын, олардың буржуазиямен мәмле жасасуын қажырлылықпен әшкерелейді.

«Міне, менің тағдырым сондай,— деп жазды Ленин 1916 жылғы декабрьде И. Армандқа.— Саяси ақымақтықтарға, оңбағандықтарға, оппортунизмге, т. т. қарсы — бір айбынды науқаннан кейін екіншісі жүргізіліп отырады.

1893 жылдан бері осылай. Оңбаған адамдардың мені жек көретіндігі де осыдан. Ал мен, дегенмен, осы тағдырды оңбаған адамдармен «татулыққа» алмастырмас едім» (Шығармалар, 35-том, 235-бет).

«Интернационалдық социалистік комиссияға және барлық социалистік партияларға арналған үндеу тезистерінің алғашқы жобасында», «Берндегі Халықаралық социалистік комиссияның мүшесі Шарль Нэнге ашық хатта» және «Соғысқа қарсы күрес пен өз үкіметтерінің жағына шығып кеткен социалистерге қарсы күресті қолдаушы жұмысшыларға» деген үндеуде Ленин Халықаралық социалистік комиссияның председателі Р. Гримм бастаған Циммервальд бірлестігінің центристік көпшілігінің социал-пацифизм негізінде социал-шовинистермен ашық одақ жасасуға көшкенін масқаралады. Ол циммервальдистердің жаңа конференциясын шақыруды, сөйтіп оның социал-пацифизмнен сөзсіз бас тартуын, ұйымдық жағынан да социал-шовинизмнен үзілді-кесілді ажырасуды жариялауын, жұмысшы табына оның тікелей әрі шұғыл революциялық міндеттерін көрсетуін талап етті. «Циммервальд» көрінеу көзге банкрот болды, деп көрсетті Ленин, сөйтіп жақ-

сы сөз тағы да ірік-шірікті бүркемелеуге қызмет етіп отыр. Жаңа, шын мәніндегі социалистік Интернационал құру жолындағы күресті жаңа негізге көшіру қажет.

Соғыс жылдарында Ленин Швейцарияда тұрып, Швейцария социал-демократиялық партиясының жұмысына, Швейцария солшылдарының социал-шовинистер мен центристерге қарсы күресіне зор көңіл бөліп отырды. Лениннің «Швейцария социал-демократиялық партиясының съезінде 1916 ж. 4 ноябрьде сөйленген сөз», «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері», «Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистер», «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «Бір социалистік партияның өміріндегі кішкене бір дәуірдің тарихы» деген және басқа еңбектері осыған арналған.

Томда «1905 жылғы революция туралы баяндама» басылған; Ленин бұл баяндаманы Швейцарияның социалистік жастарының жиналысында, бірінші орыс революциясы басталуының он екі жылдығы күні — 1917 жылғы 9 (22) январьда оқыған. Ленин баяндамасында 1905—1907 жылдардағы революцияның сипатына, қозғаушы күштеріне және барысына терең талдау жасады, революцияның халықаралық маңызын көрсетіп берді. Бірінші орыс революциясының тәжірибесін қорыта келіп, Ленин революцияда пролетариаттың гегемондығының, жұмысшы табы мен шаруалар одағының қажеттігін атап көрсетті, революцияны дамытуда бұқаралық саяси стачкалардың орасан зор роль атқарғанын ашып көрсетті, халық бұқарасының творчествосы тудырған жұмысшы депутаттары Советтерінің көтерілістің және жаңа мемлекеттік өкіметтің органдары ретіндегі маңызын көрсетіп берді. Ленин бірінші орыс революциясы өзінің әлеуметтік мазмұны жөнінен буржуазиялық-демократиялық революция болғанын, күрес құралдары жөнінен пролетарлық революция болғанын атап көрсетті. Бірінші орыс революциясы болашақ социалистік революцияның кіріспесі болды.

Баяндамасын аяқтай келіп, Ленин былай деді: «Европадағы қазіргі жым-жырт тыныштық бізді алдамасқа тиіс. Европа революцияға дайын тұр» (364-бет). Ленин европалық елдерде социалистік революцияның, пролетариаттың басшылығымен халық көтерілістерінің сөзсіз болатындығына кәміл сенім білдірді. Осы тамаша ғылыми көрегендік жүзеге асты. Халықаралық жұмысшы қозғалысының авангарды — Россия пролетариаты революцияның жеңуі жолындағы жанқиярлық күрестің өнегесін тағы да көрсетті. Бір айдан сәл аспай жатып-ақ, Россияда революция бұрқ ете түсті де, патша самодержавиесі құлатылды. Ленин бастаған большевиктер партиясының басшылығымен жұмысшы табы капитализмге қарсы күресті өрістетті; бұл күрес Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңісіне жеткізді.

* *
*

«Дайындық материалдар» бөлімінде лениндік он документ басылып отыр. Олардың ішінде екі документ: «Поляк социал-демократтарының Циммервальд конференциясындағы декларациясы туралы» және «Максимализм туралы мақала жөніндегі ескертпелер» тұңғыш рет жарияланып отыр. Бірінші документте революцияшыл марксистердің ұлттық қозғалыстарға көзқарасы туралы маңызды қағида айтылған. Ұлттық қозғалыс атаулының бәрін бірдей қолдай беруге болмайды деп көрсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Мұның өзі, тіпті де абсолют болмаса да, демократиялық талап атаулының бәрі пролетариаттың тап күресінің жалпы мүдделеріне бағынышты болатындығынан да, сондай-ақ ұлттарға үстемдік ету үшін болатын империалистік бәсекелер заманында езілген ел буржуазиясы мен езуші елдердің бірінің арасында ашық және құпия одақтардың болуы мүмкін екендігі себепті де даусыз нәрсе» (409-бет). «Максимализм туралы мақала жөніндегі ескертпелерде» Ленин программа-минимумның маңызына және империализм тұсындағы жұмысшы табының тап күресінде оның алатын

орнына сипаттама береді. «Империализм және оған көзқарас», «Соғыс сабақтары» деген жазылмаған мақалалардың жоспарлары, «Статистика және социология» деген аяқталмаған кітапшаның жоспары, сондай-ақ «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері туралы айтыс жөніндегі тезистердің жоспары» және «Халықаралық социал-демократиядағы ағым ретіндегі «центрдің» белгілері» ерекше назар аударады. «Дайындық материалдар» бөлімінде сондай-ақ ««Империализм және социализмнің жікке бөлінуі» деген мақаланың жоспары», ««Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистердің жоспары» және «Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистер. Практикалық бөлім» жарияланып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

ЮНИУСТЫҢ КІТАПШАСЫ ТУРАЛЫ[1]

Ақыры, Германияда соғыс мәселелеріне арналған, сұрқия юнкерлік цензураның ыңғайына бейімделмеген, құпия социал-демократиялық кітапша шықты-ау! Автор, сірә, партияның «солшыл радикалдық» қанатына жататын болу керек, Юниус (латынша: кіші деген сөз) деп қол қойған, сөйтіп өзінің кітапшасын: «Социал-демократияның дағдарысы» деп атаған. Қосымшасында Берндегі ИСК-ге (Интернационалдық социалистік комиссияға) енгізіліп қойған және оның бюллетенінің[2] 3-номерінде жарияланған «халықаралық социал-демократияның міндеттері туралы тезистер» басылған; бұл тезистер «Интернационал» тобынікі; бұл топ 1915 ж. көктемде осы атпен аталған журналдың бір номерін шығарған (онда Цеткинаның, Мерингтің, Р. Люксембургтің, Талгеймердің, Дункердің, Штребельдің және басқалардың мақалалары бар) және 1915—1916 ж. қысында Германияның барлық бөліктерінен жиналған социал-демократтардың осы тезистерді қабылдаған кеңесін өткізген болатын[3].

Автордың 1916 ж. 2 январь деп көрсетілген кіріспеде айтқанындай, кітапша 1915 ж. апрельде жазылған және «ешбір өзгеріссіз» басылған. Оны ертерек шығаруға «сыртқы жағдайлар» бөгет болған. Кітапша тек «социал-демократияның дағдарысына» ғана емес, көбіне-көп соғысқа талдау жасауға, оның азаттық, ұлттық сипаты туралы аңыздарды теріске шығаруға, бұл соғыс — Германия тарапынан да, басқа ұлы державалар тарапынан да империалистік соғыс екенін дәлел-

деуге, онан соң ресми партияның іс-әрекетін революциялық тұрғыдан сынауға арналған. Юниустың барынша ширақ жазылған кітапшасы, буржуазия мен юнкерлер жағына шығып кеткен бұрынғы Германия социал-демократиялық партиясына қарсы күресте, күмән жоқ, зор роль атқарды және атқаратын болады, сондықтан біз авторды бар ықыласымызбен құттықтаймыз.

1914—1916 жж. шетелде орысша басылған социал-демократиялық әдебиетпен таныс орыс оқушысына Юниустың кітапшасы принцип жағынан алғанда ешқандай жаңалық бермейді. Бұл кітапшаны немістің революцияшыл марксисінің дәлелдерін, мәселен, біздің партияның Орталық Комитетінің манифесінде (сентябрь — ноябрь, 1914), Берн қарарларында (март, 1915 ж)* және оларға берілген көптеген түсініктемелерде баяндалғандармен салыстыра отырып оқыған кезде. Юниустың дәлелдерінің айтарлықтай толық еместігіне ғана және оның екі қатесіне көз жеткізуге тура келеді. Бұдан арғыны Юниустың кемшіліктері мен қателіктерін сынауға арнай отырып, біз мынаны айрықша баса көрсетуге тиістіміз: мұны марксистерге қажетті өзара сын үшін және III Интернационалдың идеялық базасы болуға тиісті көзқарастарды жан-жақты тексеру үшін істеп отырмыз. Юниустың кітапшасы жалпы және тұтас алғанда — тамаша маркстік еңбек, сондықтан оның кемшіліктері белгілі бір дәрежеде кездейсоқ сипатта болуы әбден мүмкін.

Юниустың кітапшасының басты кемшілігі және «Интернационал» жария журналымен (шыққан бойдаақ тыйым салынса да) салыстырғанда бір адым кері кеткендік болып табылатыны — социал-шовинизмнің (автор бұл терминді де, дәлдігі кемдеу социал-патриотизм деген сөзді де қолданбайды) оппортунизммен байланысы туралы тіс жарып ештеңе демейді. Автор герман социал-демократиялық партиясының «тізе бүгуі» мен күйреуі туралы, оның «ресми көсемдерінің» «опасыздығы» туралы әбден дұрыс айтады, бірақ одан

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 13—23 және 170—177-беттер. *Ред.*

әрі бармайды. Ал оның бер жағында «Интернационал» журналы «центрді», яғни каутскийшілдікті, оның түрлаусыздығын, оның марксизмді мазақ етуін, оппортунистер алдында малайлық етуін мейлінше әділ сықақ ете отырып сынаған болатын. Және нақ сол журнал, мәселен, 1914 ж. 4 августа оппортунистер ультиматуммен, *қалай болған* күнде де кредиттерді *жақтап* дауыс беру жөнінде дайын шешіммен келді деген аса маңызды фактіні жариялап, оппортунистердің шын мәніндегі ролін әшкерелеуді *бастады.* Юниустың кітапшасында да, тезистерде де оппортунизм туралы да, каутскийшілдік туралы да айтыл*майды!* Мұның өзі теориялық жағынан дұрыс емес, өйткені «опасыздықты» оппортунизммен, өзінің ұзақ тарихы, бүкіл II Интернационалдың тарихы бар *бағытпен,* байланыстырмайынша *түсіндіруге* болмайды. Мұның өзі практикалық-саяси жағынан қате, өйткені *екі бағыттың:* ашық-оппортунистік (Легин, Давид, т. б.) және бүркемелі-оппортунистік (Каутский және К⁰) бағыттың маңызы мен ролін айқындап алмайынша, «социал-демократияның дағдарысын» түсінуге де, оны жеңіп шығуға да болмайды. Бұл, мәселен, Отто Рюленің «Vorwärts»-те[4] 1916 ж. 12 январьда жарияланған тарихи мақаласымен салыстырғанда бір адым кейін шегіну; бұл мақалада ол Германия социал-демократиялық партиясының жікке бөлінуінің *созсіздігін* тура, ашық дәлелдейді («Vorwärts»-тің редакциясы *қазірдің өзінде-ақ* екі партия бар және оларды ымыраластыруға болмайды дегенге қарсы бірде-бір мәнді дәлел таба алмай, оған көлгірсіген, екіжүзді каутскийшілдік бос сөздерді қайталаумен жауап берді). Бұл — керемет дәйексіз нәрсе, өйткені «Интернационалдың» 12-тезисінде «басшы елдердің социалистік партиялары ресми өкілдіктерінің» «опасыздығы» және «буржуазиялық-империалистік саясат жағына шығып кетуі» салдарынан «жаңа» Интернационал құру қажеттігі туралы *тура* айтылады. «Жаңа» Интерпационалға Германияның ескі социал-демократиялық партиясының немесе Легинмен, Давидпен және К⁰-мен келісуші партияның

қатысуы туралы айту тіпті кісі күлерлік нәрсе екені айқын.

«Интернационал» тобының осындай бір адым кейін шегінуінің неліктен екенін біз білмейміз. Германиядағы бүкіл революциялық марксизмнің ең зор кемшілігі — өз бағытын жүйелі түрде жүргізетін және бұқараны жаңа міндеттер рухында тәрбиелейтін топтасқан құпия ұйымның жоқтығы болып табылады: мұндай ұйым оппортунизм жөнінде де, каутскийшілдік жөнінде де тиянақты позиция ұстауға тиіс болар еді. Мұның қажет бола түсетін себебі: қазір неміс революцияшыл социал-демократтары ақырғы күнделікті екі газетінен: Бремендегі («Bremer Bürger-Zeitung»[5]) және Брауншвейгтегі («Volksfreund»[6]) газеттерінен айрылып отыр, бұлардың екеуі де каутскийшілдердің қолына көшті. Тек «Германияның интернационалдық социалистері» (I. S. D.) тобы *ғана* — жұрттың бәріне айқын және белгілі түрде — өз орнында қалып отыр[7].

«Интернационал» тобының кейбір мүшелері, сірә, принципсіз каутскийшілдіктің батпағына тағы да құлдыраған болу керек. Мәселен, Штребель «Neue Zeit»-те[8] Бернштейн мен Каутскийдің алдында жалбақтауға дейін жеткен! Ал тіпті жақын арада, 1916 ж. 15 июльде, ол ең пасық каутскийшілдік пацифизмді қорғап, газеттерде «Пацифизм және социал-демократия» деген мақала басқан. Юниусқа келетін болсақ, ол «қарусыздану», «құпия дипломатияны жою», т. т. рухында каутскийшілдік жоба құмарлыққа үзілді-кесілді қарсы шығады. Мүмкін, «Интернационал» тобында екі ағым: революциялық ағым және каутскийшілдік жағына толқушы ағым бар шығар.

Юниустың қате қағидаларының біріншісі «Интернационал» тобының 5-тезисінде баянды етілген: «...Осы жүгенсіз кеткен империализм заманында (дәуірінде) енді ешқандай да ұлттық соғыстар бола алмайды. Ұлттық мүдделер еңбекші халық бұқарасын олардың қас жауы: империализмнің қызметіне беру үшін алдау құралы болып қана қызмет етеді...» Осы қағидамен аяқталатын 5-тезистің басы *осы* соғысқа империалистік соғыс ретінде сипаттама беруге арналған. Мүмкін,

жалпы алғанда ұлттық соғыстарды теріске шығару — не байқамаушылық, не *осы* соғыс ұлттық соғыс емес, империалистік соғыс деген әбден дұрыс пікірді баса көрсеткен кезде әлдеқалай елігіп кетушілік болар. Алайда керісінше болуы да мүмкін болғандықтан, *осы* соғысты ұлттық соғыс деп қате түсіну салдарынан *қандай да болсын* ұлттық соғыстарды қателесіп мойындамау әр түрлі социал-демократтардан байқалып жүргендіктен, сондықтан да бұл қатеге тоқталмасқа болмайды.

Юниус *осы* соғыстағы «империалистік жағдайдың» шешуші ықпалын баса көрсеткен кезде, Сербияның сыртында Россия тұр, «серб ұлтшылдығының сыртында орыс империализмі тұр» деген кезде, мәселен, Голландияның соғысқа қатысуы *бұл да* империалистік болған болар еді, өйткені ол, 1-ден, өз отарларын қорғар еді, ал, 2-ден, *империалистік* коалициялардың біреуінің одақтасы болар еді деген кезде, әбден дұрыс айтады. Бұл — *осы* соғыс жөнінде даусыз нәрсе. Сөйтіп Юниус бұл арада ол үшін ең алдымен маңызды нәрсені: «осы кезде социал-демократиялық саясатта үстем болып отырған» «ұлттық соғыстың елесімен» (81-бет) күресуді ерекше баса көрсетіп отырған кезде, онда оның пайымдауларын дұрыс деп те, әбден орынды деп те мойындамасқа болмайды.

Тек осы ақиқатты тым асыра айту, пақтылы болу керек деген маркстік талаптан шегіну, осы соғысқа берілген бағаны империализм тұсында болуы мүмкін барлық соғыстарға көшіру, империализмге *қарсы* ұлттық қозғалыстарды естен шығару қате болған болар еді. «Енді ұлттық соғыстар бола алмайды» деген тезисті қорғауға келтірілетін бірден-бір дәлел мынадай: дүние жүзі ат төбеліндей империалистік «ұлы» державалардың арасында бөлініп қойған, сондықтан қандай да болсын соғыс, басында ол ұлттық соғыс болғанымен де, империалистік державалардың немесе коалициялардың біреуінің мүдделеріне киліге отырып, империалистік соғысқа *айналады* (Юниуста 81-бет).

Бұл дәлелдің дұрыс еместігі айқын. Әлбетте, маркстік диалектиканың негізгі қағидасы мынада: табиғат-

та да, қоғамда да шекараның бәрі шартты және өзгермелі келеді, белгілі бір жағдайларда өзінің қарама-қарсылығына айнала алмайтындай *бірде-бір* құбылыс жоқ. Ұлттық соғыс империалистік соғысқа *және керісінше* империалистік соғыс ұлттық соғысқа айнала *алады.* Мысал: ұлы француз революциясының соғыстары ұлттық соғыстар ретінде басталды және сондай соғыстар болды. Бұл соғыстар революциялық соғыстар болды: контрреволюцияшыл монархиялардың коалициясына қарсы ұлы революцияны қорғау болды. Ал Наполеон Европаның ежелден қалыптасқан, ірі, өміршең, ұлттық мемлекеттерінің бірқатарын құлдыққа түсіру арқылы француз империясын құрған кезде, француз ұлттық соғыстарынан империалистік соғыстар келіп шықты, ал бұл соғыстар *өз кезегінде* Наполеон империализміне *қарсы* ұлт-азаттық соғыстарын туғызды.

Бірі екіншісіне айнала *алады* деген негізге сүйеніп, империалистік соғыс пен ұлттық соғыс арасындағы айырмашылықты тек софист қана жоққа шығара алар еді. Диалектика талай рет — грек философиясының тарихында да — софистикаға өткел болып қызмет атқарды. Бірақ біз софизмдермен күрескенде жалпы алғанда бір нәрсенің екінші нәрсеге айналуының қандай да болсын мүмкіндігін жоққа шығару арқылы емес, *белгілі бір нәрсеге* оның жағдайы мен оның дамуын ескере нақты талдау жасау арқылы күресе отырып, диалектиктер болып қала береміз.

Осы 1914—1916 жж. империалистік соғыс ұлттық соғысқа айналады деу қанша дегенмен ықтимал нәрсе емес, өйткені *алға* дамуды бейнелеп отырған тап — пролетариат, ол объективті түрде империалистік соғысты буржуазияға қарсы азамат соғысына айналдыруға ұмтылады, тағы да бір себебі — екі коалиция күштерінің айырмашылығы онша көп емес және де халықаралық финанс капиталы барлық жерде реакцияшыл буржуазияны туғызды. Бірақ мұндай айналу *мүмкін емес* деп жариялауға болмайды: *егер Европа* пролетариаты 20 жылдай дәрменсіз болып шықса, *егер* осы соғыс Наполеон жеңістері тәрізді жеңістермен жә-

не өміршең ұлттық мемлекеттердің бірсыпырасын құлдыққа түсірумен *аяқталған болса; егер* европалық емес империализм де (ең алдымен жапон және американ империализмі) социализмге өтпей, мәселен, жапон-американ соғысы салдарынан, 20 жылға бөгелген *болса*, онда Европада ұлы ұлттық соғыс мүмкін болған болар еді. Мұның өзі Европаның бірнеше ондаған жылға *кейін қарай* шегінуі болар еді. Бұл ықтимал нәрсе емес. Бірақ мұны мүмкін емес деп есептеуге *болмайды*, өйткені бүкіл дүние жүзілік тарихты кейде кейін қарай аса зор секірістерсіз, жап-жатық және жинақы түрде алға қарай бара жатқан нәрсе деп түсіну — диалектикалық емес, ғылыми емес, теориялық жағынан дұрыс емес.

Онан соң. Империализм заманында отарлар мен жартылай отарлар тарапынан ұлттық соғыстардың болуы ықтимал нәрсе ғана емес, сонымен қатар *сөзсіз* нәрсе. Отарлар мен жартылай отарларда (Қытай, Түркия, Персия) 1000 миллионға тарта адам, яғни жер бетіндегі халықтың *жартысынан артығы* тұрады. Бұларда ұлт-азаттық қозғалыстары не қазірдің өзінде өте күшті, не өсіп, пісіп келеді. Соғыс атаулының бәрі — саясаттың басқа құралдар арқылы жүргізілген жалғасы. Отарлардың ұлт-азаттық саясатының жалғасы олардың империализмге *қарсы* ұлттық соғыстары болатыны *сөзсіз*. Мұндай соғыстар қазіргі империалистік «ұлы» державаларды империалистік соғысқа әкеле *алады*, бірақ әкелмеуі де мүмкін, мұның өзі көптеген жағдайларға байланысты.

Мысал: Англия мен Франция жеті жылдық соғыста отарларға бола соғысты, яғни империалистік соғыс (соғыс жоғары дамыған капитализмнің қазіргі заманғы негізінде болғаны сияқты, құлдық негізде де, қарапайым капитализм негізінде де болуы мүмкін) жүргізді. Франция жеңілді де, өз отарларының біразынан айрылды. Бірнеше жыл өткен соң Англияның бір өзіне қарсы Солтүстік Америка Штаттарының ұлт-азаттық соғысы басталды. Өздері қазіргі кездегі Құрама Штаттардың бөліктерін иемденіп отырған Франция мен Испания Англияға қастығынан, яғни өздерінің империалистік

мүделерін көздеп, Англияға қарсы көтеріліске шыққан Штаттармен достық шарт жасасады. Француз әскерлері американ әскерлерімен бірлесіп ағылшындарды соққылайды. Біздің алдымыздағы соғыс — ұлт-азаттық соғысы, мұнда империалистік бәсекелестік елеулі маңызы жоқ, біздің 1914—1916 жж. соғыста көріп отырғанымызға керісінше, қосымша элемент болып табылады (бәрін айқындаушы империалистік бәсекелестікпен салыстырғанда австрия-сербия соғысындағы ұлттық элементтің елеулі маңызы жоқ). Империализм ұғымын шаблонмен қолдану, одан ұлттық соғыстардың «мүмкін еместігін» әкеп шығару оғаштық болатындығы бұдан көрініп отыр. Мәселен, Персия, Индия және Қытай одағының белгілі бір империалистік державаларға қарсы ұлт-азаттық соғысы әбден мүмкін және ықтимал нәрсе, өйткені мұның өзі осы елдердің ұлт-азаттық қозғалысынан туады, оның бер жағында мұндай соғыстың қазіргі империалистік державалар арасындағы империалистік соғысқа айналуы толып жатқан нақты жағдайларға байланысты, ал бұл жағдайлардың туатынына кепіл болу кісі күлерлік болар еді.

Үшіншіден, тіпті Европада империализм заманында ұлттық соғыстар мүмкін емес деп есептеуге болмайды. «Империализм заманы» қазіргі соғысты империалистік соғысқа айналдырды, ол сөзсіз (әзірге социализм тумай тұрғанда) жаңа империалистік соғыстар тудырады, ол қазіргі ұлы державалардың саясатын бүтіндей империалистік саясатқа айналдырды, бірақ бұл «заман» ұлттық соғыстарды, мәселен, Европаның шығысындағы үлкен көлемдегі ұлттық қозғалыстарды да жоққа шығармайтыны сияқты, империалистік державаларға *қарсы* шағын (айталық, аннексияланған немесе ұлттық езілген) мемлекеттер тарапынан болатын соғыстарды өсте жоққа шығармайды. Мәселен, Австрия жөнінде Юниус өте байыпты пікір айтады, ол бір ғана «экономикалық» жағын емес, сонымен бірге өзінше саяси жағын да ескереді, «Австрияның іштей өмірге бейімсіздігін» атап көрсетеді, «габсбургтік монархия буржуазиялық мемлекеттің саяси ұйымы емес, қайта

қоғамдық паразиттердің бірнеше тобының нашар байланысқан синдикаты» ғана және «Австро-Венгрияның жойылуы тарихи жағынан Түркияның ыдырауының жалғасы ғана және сонымен бірге дамудың тарихи процесінің талабы болып табылады» деп мойындайды. Кейбір Балқан мемлекеттері мен Россияда да істің жайы оңып тұрған жоқ. Сондықтан «ұлы» державалар бұл соғыста мықтап әлсіреген жағдайда немесе Россияда революция жеңген күнде ұлттық соғыстардың, тіпті жеңімпаз ұлттық соғыстардың болуы әбден мүмкін. Империалистік державалардың қол сұғуы практикада барлық жағдайларда бірдей жүзеге аса *бермейді,* бұл бір. Ал екінші жағынан: шағын мемлекеттің алып мемлекетке қарсы соғысы үмітсіз нәрсе деп «атүсті» пайымдаушылар болатын болса, онда бұған үмітсіз соғыстың өзі де соғыс емес пе деп ескертуге тура келеді; ал онан соң, «алыптардың» ішіндегі белгілі бір құбылыстар — мәселен, революцияның басталуы — «үмітсіз» соғысты өте «үмітті» соғыс ете алады.

«Енді ұлттық соғыстар бола алмайды»-мыс деген қағиданың дұрыс еместігіне біздің егжей-тегжейлі тоқталып отырғанымыз бұл қағиданың теория жағынан көрінеу қате екендігінен ғана емес. III Интернационалды құру ісі тұрпайыланбаған марксизм негізінде ғана мүмкін болып отырған кезде, нақ осындай уақытта «солшылдар» марксизм теориясына бейқамдық көрсете бастаған болса, мұның өзі, әрине, барынша өкінішті болар еді. Сонымен қатар практикалық-саяси жағынан да бұл қате өте зиянды: бұдан «қарусызданудың» сөкеттік насихатын әкеп шығарады, өйткені реакциялық соғыстардан басқа ешқандай соғыстар болмайтын сияқты-мыс; бұдан ұлттық қозғалыстарға әлгіден де сөкет әрі тура реакциялық немқұрайдылықты әкеп шығарады. Европалық «ұлы» ұлттардың, яғни толып жатқан ұсақ және отар халықтарды езіп отырған ұлттардың, мүшелері ғалымсынған кейіппен: «енді бұл жерде ұлттық соғыстар бола алмайды»! деп мәлімдеген кезде, мұндай немқұрайдылық шовинизм болып шығады! Империалистік державаларға *қарсы* ұлттық со-

ғыстар мүмкін және ықтимал ғана емес, олардың болуы сөзсіз және *прогресті, революциялық нәрсе, мұнда,* әрине, олардың *табысты* болуы үшін не езілген елдердің тұрғын халықтарының орасан көпшілігі (біз келтірген Индия мен Қытайдың мысалындағы жүздеген миллиондар) күш-жігерін біріктірулері керек, не интернационалдық жағдай шарттарының *ерекше* қолайлы болып үйлесуі (мәселен, империалистік державалардың өзара әлсіреуі, өзара соғысы, өзара антагонизмі арқылы басқаға қол сұғуға мұршасы болмауы) керек, не ірі державалардың бірінің пролетариатының буржуазияға қарсы *бір мезгілде* көтеріліс жасауы керек (біздің тізбедегі осы соңғы жағдай пролетариаттың жеңісі үшін қажеттілік және қолайлылық тұрғысынан алғанда бірінші нәрсе болып табылады).

Алайда Юниусты ұлттық қозғалыстарға немқұрайды қарайды деп кінәлау әділетсіздік болатындығын ескерте кету керек. Қалай дегенмен де, ол Камерунде байырғы халықтардың бір көсемінің «опасыздық жасағаны» үшін (сірә, соғыс жағдайына байланысты көтеріліс жасауға әрекеттенгені үшін болу керек) өлтірілуіне байланысты социал-демократиялық фракцияның үндемей қалуын оның күнәларының бірі ретінде атап өтеді, екінші бір жерінде отар ұлттар да ұлт болып табылады деп әдейі (Легин, Ленч мырзалар мен «социал-демократтар» болып саналып жүрген солар сияқты сұрқиялар үшін) баса көрсетеді. Ол барынша айқын түрде былай деп мәлімдейді: «социализм әрбір халықтың тәуелсіз және ерікті болуға, өз тағдырын өзі билеуге праволы екендігін мойындайды»; «халықаралық социализм ерікті, тәуелсіз, тең праволы ұлттардың правосын мойындайды, бірақ социализм ғана осындай ұлттарды құра алады, тек социализм ғана ұлттардың өзін өзі билеу правосын жүзеге асыра алады. Ал социализмнің осы ұраны — деп әділетті ескертеді автор — басқа да барлық ұрандары сияқты, қазіргі бар нәрсені ақтауға емес, жол көрсеткіш ретінде, пролетариаттың революцияшыл, жаңартушылық белсенді саясатына стимул ретінде қызмет етеді» (77 және 78-беттер). Демек, кімде-кім барлық солшыл неміс социал-

демократтары кейбір голланд және поляк социал-демократтарының тіпті социализм тұсында да ұлттардың өзін өзі билеуін теріске шығара отырып, тарөрістілікке және марксизмге карикатураға дейін құлдырағаны сияқты жағдайға бой ұрды деп ойлаған болса, ол адам қатты қателескен болар еді. Ескерте кетелік, *бұл* қатенің *арнайы* голландтық-поляктік себептері туралы біз басқа бір жерде айтпақпыз.

Юниустың екінші бір қате пайымдауы отан қорғау туралы мәселемен байланысты. Бұл — империалистік соғыс кезіндегі өзекті саяси мәселе. Бұл мәселенің бірден-бір дұрыс қойылысын берген біздің партия деген сенімімізді Юниус күшейте түсті: соғыстың тонаушылық, құлданушылық, реакциялық сипатта болуы *себепті,* бұл соғысқа социализм жолындағы азамат соғысын қарсы қоюдың (және оны осыған айналдыруға ұмтылу) мүмкіндігі мен қажеттігі *себепті,* пролетариат осы, империалистік соғыста отанды қорғауға қарсы. Юниус болса, бір жағынан, ұлттық соғыстан өзгеше, осы соғыстың империалистік сипатын тамаша ашып берді, ал екінші жағынан, *осы,* ұлттық *емес,* соғысқа ұлттық программаны еріксіз икемдеуге тырысып, тым оғаш қатеге ұрынды! Бұл адам нанғысыз дерлік нәрсе, бірақ бұл факт.

Легиндік те, сондай-ақ каутскийшілдік те сарындағы үстіртін социал-демократтар соғыстың империалистік сипаты жөнінде халық бұқарасын алдау үшін шетелдік «шапқыншылық» туралы бәрінен де көп айқайлаған буржуазияның алдында малайлық етіп, «шапқыншылық» туралы осы дәлелді ерекше күш сала қайталаумен болды. 1914 жылдың аяғынан оппозицияға көштім деп қазір аңғал әрі сенгіш адамдарды (айта кетелік, россиялық окист Спектатор арқылы) иландырып жүрген Каутский осы «дәлелге» сүйенуді әлі қоймай келеді! Бұл дәлелді теріске шығаруға тырыса отырып, Юниус «буржуазия тарихында шапқыншылық пен тап күресі, ресми аңызда айтылатынындай, қайшылық болып табылмайды, қайта бірі екіншісінің құралы және көрінісі болып табылады» дегенді дәлелдеу үшін аса ғибрат боларлық тарихи мысалдар келтіреді.

Мысалдар: Францияда Бурбондар якобиншілдерге қарсы, 1871 ж. буржуа Коммунаға қарсы шетел шапқыншылығын туғызды. Маркс «Франциядағы азамат соғысында» былай деп жазды:

«Ескі қоғамның әлі де болса қолынан келетін ең ерлік іс ұлттық соғыс болатын болса, ол да қазір үкіметтің нағыз қулық-сұмдығы болып отыр; бұл қулық-сұмдықтың бірден-бір мақсаты таптық күресті неғұрлым кейінге қалдыру болса, тап күресі азамат соғысының жалынымен лаулаған кезде, бұл қулық-сұмдықтың күлі көкке ұшады»[9].

«Барлық замандардың классикалық үлгісі,— деп жазады Юниус 1793 жылға сүйеніп,— ұлы француз революциясы болып табылады». Осының бәрінен мынадай қорытынды жасалады: «Демек, ғасырлық тәжірибе мынаны дәлелдейді: қоршау жағдайында отыру емес, халық бұқарасының өзін өзі қадірлеуін, ерлігін және адамгершілік күшін оятатын қалтқысыз тап күресі елдің сыртқы жауға қарсы ең жақсы қорғануы, ең жақсы қорғанысы болып табылады».

Юниустың практикалық қорытындысы мынадай:

«Иә, социал-демократтар ұлы тарихи дағдарыс кезінде өз елін қорғауға міндетті. Сондықтан да рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның ауыр күнәсы нақ мынада: ол өзінің 1914 ж. 4 августағы декларациясында: «Қауіп туған сағатта біз өз отанымызды қорғаныссыз қалдырмаймыз» деп салтанатты түрде жариялады, сөйте тұра өз сөздерінен танып кетті. Ол аса зор қауіп туған сағатта отанды қорғаныссыз *қалдырды.* Өйткені бұл сағатта отан алдындағы оның бірінші борышы мынау болды: отанға осы империалистік соғыстың шын астарын көрсету, отанға осы қол сұғушылықты шырмаған патриоттық және дипломатиялық жалғандықтың торын бұзу; неміс халқы үшін бұл соғыста жеңіс те, жеңілу де бірдей кесапат екенін, отанды қоршау жағдайы арқылы тұншықтыруға ақырына дейін қарсылық жасау керектігін барынша және айқын түрде мәлімдеу: халықты дереу қаруландыру қажеттігін және соғыс пен бейбітшілік туралы мәселені шешуді халыққа беру қажеттігін жариялау; үкіметті халық өкілдігінің және халық өкілдігін халықтың қырағы бақылауын қамтамасыз ету үшін соғыстың өн бойына халық өкілдігінің перманенттік (үздіксіз) мәжілістерін үзілді-кесілді талап ету; саяси праволарға шек қоюшылықтың бәрін дереу жоюды талап ету, өйткені ерікті халық қана өз елін ойдағыдай қорғай алады; ақырында, соғыстың империалистік программасына,— Австрия мен Түркияны сақтауға, яғни Европада және Германияда реакцияны сақтауға бағытталған программаға,— 1848 жылғы патриоттар мен де-

мократтардың бұрынғы шын ұлттық программасын, Маркстің, Энгельстің және Лассальдің программасын: біртұтас ұлы неміс республикасының ұранын қарсы қою. Ел алдында желбірете көтеретін ту, шын ұлттық, шын азаттық туы болатын ту, Германияның және пролетариаттың халықаралық таптық саясатының таңдаулы дәстүрлеріне сай бола алатын ту осындай болды»... «Сонымен отан мүдделері мен пролетариаттың халықаралық ынтымағының арасында лажсыздан екінің бірін таңдау, біздің парламентарийлерді «барынша қынжылып» империалистік соғыс жағына тұруға мәжбүр еткен қайғылы жанжал — таза қиялдау, буржуазиялық-ұлттық жалғандық. Қайта керісінше, ел мүдделері мен пролетарлық Интернационалдың таптық мүдделері арасында соғыс кезінде де, бейбітшілік кезінде де толық үйлесімділік бар: соғыс та, бейбітшілік те тап күресінің нағыз қуатты түрде дамуын, социал-демократиялық программаны барынша табанды түрде қорғауды талап етеді».

Юниус осылай пайымдайды. Оның пайымдауларының қателігі көрер көзге бадырайып тұр, сондықтан егер де патша өкіметінің біздегі ашық және бүркеулі малайлары, Плеханов пен Чхенкели мырзалар, мүмкін тіпті Мартов пен Чхеидзе мырзалар да, теориялық ақиқат туралы ойламай, сытылып шығу, ізін жасыру, жұмысшылардың көзін байлау жағын ойластырып Юниустың сөздеріне табалаушылықпен жармасатын болса, онда бізге Юниустың қатесінің *теориялық* негіздерін анықтауға толығырақ тоқталу керек болады.

Империалистік соғысқа ол ұлттық программаны «қарсы қоюды» ұсынады. Алдыңғы қатарлы тапқа ол назарын болашаққа емес, өткенге аударуды ұсынады! 1793 және 1848 жылдары Францияда да, Германияда да, бүкіл Европада да *объективті түрде буржуазиялық-*демократиялық революция кезекте тұрды. Істің бұл *объективті* тарихи жағдайына сол кездегі демократияның «нағыз ұлттық», яғни ұлттық-*буржуазиялық* программасы сай келді, бұл программаны 1793 ж. буржуазия мен плебейлердің ең революцияшыл элементтері жүзеге асырған болса, 1848 ж. бүкіл алдыңғы қатарлы демократияның атынан Маркс жариялады. Ол кезде феодалдық-династиялық соғыстарға, *объективті* түрде, революциялық-демократиялық соғыстар, ұлт-азаттық соғыстар қарсы қойылған-ды. Заманның тарихи міндеттерінің мазмұны осындай болған еді.

Қазір Европаның алдыңғы қатарлы, аса ірі мемлекеттері үшін *объективті* жағдай басқаша. Ілгері қарай даму — егер уақытша болуы мүмкін кері басқан қадамдарды еске алмайтын болсақ — *социалистік* қоғамға, *социалистік революцияға* қарай ғана жүзеге аса алады. Империалистік-буржуазиялық соғысқа, жоғары дамыған капитализмнің соғысына ілгері қарай даму тұрғысынан, алдыңғы қатарлы таптың тұрғысынан алып қарағанда, тек буржуазияға *қарсы* соғыс, яғни ең алдымен өкімет үшін буржуазияға қарсы пролетариаттың азамат соғысы ғана *объективті түрде* қарсы тұра алады, мұндай соғыс*сыз* алға қарай елеулі қозғалыс болуы *мүмкін емес,* ал сонан соң буржуазиялық мемлекеттерге қарсы социалистік мемлекетті қорғау жолындағы белгілі бір, ерекше, жағдайларда ғана мүмкін болатын соғыс *объективті түрде* қарсы тұра алады. Сондықтан шартты қорғаныстың, Россияда жеңімпаз революция болса және республика жеңетін болса деген шартпен отанды қорғау көзқарасында тұруға дайын болған большевиктер (біздің бақытымызға, мүлде бірен-саран және оларды біз дереу призывшылдарға[10] өткізген болатынбыз) большевизмнің *әрпіне* адал болып қалды, бірақ оның *рухына* опасыздық жасады; өйткені алдыңғы қатарлы европалық державалардың империалистік соғысына тартылған Россия республикалық формада да *нақ* империалистік соғыс жүргізген болар еді!

Тап күресі шапқыншылыққа қарсы ең жақсы құрал дей отырып, Юниус маркстік диалектиканы жарым-жартылап қана қолданды, дұрыс жолмен бір қадам аттады да, сол сәтте одан жалтарды. Маркстік диалектика әрбір ерекше тарихи жағдайға нақты талдау жасауды талап етеді. Тап күресі шапқыншылыққа қарсы ең жақсы құрал,— мұның өзі феодализмді құлатушы буржуазия жөнінде *де,* буржуазияны құлатушы пролетариат жөнінде *де* дұрыс. Мұның өзі таптық езгі *атаулының бәрі* жөнінде дұрыс болғандықтан да ол *тым жалпылама,* сондықтан осы қазіргі *ерекше* жағдай жөнінде *жеткіліксіз.* Буржуазияға қарсы азамат соғысы — *бұл да* тап күресі түрлерінің бірі, сондықтан тап

күресінің осы түрі ғана Европаны (түгел, тек бір елді емес) шапқыншылық қаупінен құтқарар еді. «Ұлы герман республикасы», егер ол 1914—1916 жж. өмір сүрген болса, *тура осындай* империалистік соғыс жүргізген болар еді.

Юниус мәселеге дұрыс жауап беруге және дұрыс ұранға: социализм жолында буржуазияға қарсы азамат соғысы дегенге жақындап келді, бірақ барлық шындықты аяғына дейін айтудан қорыққандай-ақ, *кейін қарай,* 1914, 1915, 1916 жылдардағы «ұлттық соғыстың» қиялына қарай бұрылып кетті. Егер мәселеге теориялық жағынан емес, таза практикалық жағынан қарайтын болсақ, одан Юниустың қатесінің айқындығы кемімейді. Германияның бүкіл буржуазиялық қоғамы, шаруаларға дейін барлық таптары соғыс *жағында* болды (Россияда, тегінде, *мұнда да* — ең кем дегенде ауқатты шаруалардың және кедейлердің едәуір бөлегін қамтитын орта шаруалардың көпшілігі, сірә, буржуазиялық империализмнің ықпалында болды). Буржуазия бақайшағына дейін қаруланған болатын. Мұндай жағдайда республика, перманентті парламент, офицерлерді халықтың сайлауы («халықтың қарулануы»), т.т. программасын «жариялау» *практика жүзінде — революцияны* (*теріс* революциялық программамен!) *«жариялау»* деген сөз болар еді.

Юниус дәл осы арада революцияны «жасауға» болмайтындығын әбден дұрыс айтып отыр. 1914—1916 жж. революция кезекте тұрған еді, ол соғыстың қойнауында бүркеліп, соғыстан *туып келе* жатыр еді. Мұны революцияшыл тап атынан *«жариялау»* керек еді, оның программасын жасқанбастан, ақырына дейін көрсету керек еді; ал барып тұрған реакцияшыл, қылмысты, халықты орасан ауыртпалыққа ұшыратушы буржуазияға қарсы азамат соғысынсыз, соғыс заманында социализм болуы мүмкін емес. Пісіп келе жатқан революцияның бағытында жатқан жүйелі, дәйекті, практикалық, революциялық дағдарыс дамуының *қандай да болсын* қарқынында сөзсіз *жүзеге асырылатын* шараларды ойластыру керек еді. Бұл шаралар

біздің партиямыздың қарарында көрсетілген: 1) кредиттерге қарсы дауыс беру; 2) «азаматтық татулықтан» қол үзу; 3) құпия ұйым құру; 4) солдаттардың бауырласуы; 5) бұқараның революциялық бой көрсетулерінің бәрін қолдау*. Осы қадамдардың *бәрінің* табысты болуы *сөзсіз* азамат соғысына бастайды.

Ұлы тарихи программаны, тек ескі және 1914—1916 жж. үшін ескірген ұлттық-германдық программаны емес, пролетарлық-интернационалдық және социалистік программаны жариялаудың, күмән жоқ, орасан зор маңызы болды. Сіздер, буржуа, тонау үшін соғысасыздар; біздер, *барлық* соғысушы елдердің жұмысшылары, сіздерге соғыс жариялаймыз, социализм үшін соғыс жариялаймыз,— Легиндер, Давидтер, Каутскийлер, Плехановтар, Гедтер, Самбалар, т. б. секілді пролетариатқа опасыздық етпеген социалистердің 1914 ж. 4 августа парламенттерде сөйлеуге тиіс болған сөзінің мазмұны, міне, осындай.

Тегінде, екі түрлі қате пікір Юниустың қателігін туғызған болса керек. Күмән жоқ, Юниус империалистік соғысқа үзілді-кесілді қарсы да, революциялық тактиканы үзілді-кесілді *жақтайды:* Юниустың «қорғампаздығы» жөніндегі Плеханов мырзалардың қандай да болсын табалауы бұл *фактіні* жоққа шығара алмайды. Бұл тәрізді мүмкін және ықтимал өсекке бірден және тура жауап беру қажет.

Алайда Юниус, біріншіден, неміс социал-демократтарының, тіпті жікке бөлінуден қорқатын, революциялық ұрандарды ақырына дейін жеткізе айтудан қорқатын солшыл социал-демократтардың «ортасынан» әбден босап шыққан жоқ**. Бұл — қателіктен туған

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 173-бет. *Ред.*

** Юниустың не жақсы: жеңіс пе немесе жеңіліс пе? деген тақырыптағы пайымдауларында да нақ осы қателік. Оның қорытындысы: екеуі де бірдей жаман (күйзеліс, қаруланудың өсуі, т. б.). Бұл революцияшыл пролетариаттың көзқарасы емес, пацифист ұсақ буржуаның көзқарасы. Егер пролетариаттың «революциялық жолмен араласуы» туралы айтатын болсақ — ал бұл туралы Юниус та, «Интернационал» тобының тезистері де, амал не, тым жалпы түрде айтады — онда мәселені *басқаша* көзқарас тұрғысынан қою *міндетті* болды: 1) жеңілсек те тәуекел демей «революциялық жолмен араласу» мүмкін бе? 2) сол тәуекелсіз *өз* елінің буржуазиясы мен үкіметін әшкерелеу мүмкін бе? 3) жеңіліс революцияшыл таптың ісін жеңілдетеді деп біз әрқашан да айтпадық па және реакцияшыл соғыстардың тарихи тәжірибесі айтып отырған жоқ па?

қорқыныш, сондықтан Германияның солшыл социал-демократтары бұл қорқыныштан арылуға тиіс және *арылады да.* Олардың социал-шовинистермен күресінің барысы осыған *жеткізеді.* Ал олар *өздерінің* социал-шовинистеріне қарсы үзілді-кесілді, қатаң, *қалтқысыз* күресуде, бір қолымен (Скобелев à la) «барлық елдердің Либкнехттеріне» сәлем жолданған туды желбіретіп, ал екінші қолымен Чхенкели мен Потресовты елжірей құшақтап отырған Мартовтар мен Чхеидзе мырзалардан олардың аса зор, принципті, түбегейлі айырмашылығы осында!

2-ден, сірә, Юниус меньшевиктік, еске түссе окіндіретін, «сатылар теориясы» тәрізді бірдеңені жүзеге асырғысы келсе керек, революциялық программаны оның «неғұрлым ыңғайлы», «көпшілікке тараған», *ұсақ буржуазия* үшін қолайлы жағынан іске асыра *бастағысы* келген болу керек. «Тарихты алдап соғу», филистерлерді алдап соғу тәрізді бірдеңе. Тегі, нағыз отанды ең *жақсы* қорғауға ешкім де қарсы бола алмайды дегендей: ал нағыз отан — ұлы-герман республикасы, ең жақсы қорғаныс *дегеніміз* — милиция, перманентті парламент, т. т. Қабылдана қалса, мұндай программа өзінен өзі, тегі, келесі сатыға: социалистік революцияға бастап әкелген болар еді.

Сірә, осы секілді пайымдаулар саналы немесе жартылай саналы түрде Юниустың тактикасын белгілеген болу керек. Ол пайымдаулардың қате екендігін айтып жатудың да қажеті жоқ. Юниустың кітапшасынан революциялық ұрандарды ақырына дейін жете ойлауға және бұқараны осы ұрандар рухында ұдайы тәрбиелеуге дағдыланған құпия ұйымдас жолдастары жоқ *жалғыздық* сезіледі. Бірақ мұндай кемшілік — мұны ұмыту мүлдем дұрыс болмаған болар еді — Юниустың өз басының кемшілігі емес, каутскийшілдік екі жүзділіктің, педанттықтың, оппортунистерге деген «жылы шырайлылықтың» пасық торымен жан-жағынан шырмалған *барлық* неміс солшылдарының әлсіздігінің салдары. Юниустың жақтастары, өздерінің жалғыздығына

қарамастан, құпия листоктар шығаруға және каутскийшілдермен соғысуға *кірісе* білді. Олар дұрыс жолмен алға қарай бұдан әрі де жүре біледі.

1916 ж. июльде жазылған

1916 ж. октябрьде «Социал-Демократ» жинағының 1-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУ ТУРАЛЫ АЙТЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Циммервальд солшыл тобының маркстік журналы «Жаршының» 2-номерінде («Vorbote», 2-номері, апрель, 1916)[11] ұлттардың өзін өзі билеуін жақтаған және оған қарсы шыққан тезистер басылды, бұған біздің Орталық Орган «Социал-Демократтың»[12] редакциясы мен поляк социал-демократиялық оппозициясының органы «Газета Роботничаның»[13] редакциясы қол қойған. Оқушы бірінші тезистердің қайта басылған тексті мен екінші тезистердің аудармасын жоғарыда аталған газеттерден табады. Халықаралық аренада бұл мәселенің мұндай кең түрде қойылуы тұңғыш рет болар: немістің маркстік «Neue Zeit» журналында бұдан жиырма жыл бұрын, 1895—1896 жылдары, Лондонда 1896 ж. болған халықаралық социалистік конгрестің алдында әр түрлі үш көзқарастың өкілдері болған Роза Люксембург, К. Каутский және поляктің «неподлеглосшылдары» (Польшаның тәуелсіздігін жақтаушылар, Поляк социалистік партиясы) арасында жүргізілген айтыста мәселе тек Польша туралы қойылды[14]. Осы уақытқа дейін, біздің білуімізше, өзін өзі билеу мәселесін азды-көпті жүйелі түрде тек голландықтар мен поляктар ғана талқылады. Қазір өте маңызды болып отырған осы мәселені ағылшындардың, американдардың, француздардың, немістердің, итальяндардың талқылауын «Жаршы» ілгері бастыра алар деген үміттеміз. «Өз» үкіметін тікелей жақтаушылар, Плехановтар, Давидтер және К^0, сонымен қатар оппортунизмді бүркемелеп қорғаушылар, каутскийшілдер (мұның

ішінде Аксельрод, Мартов, Чхеидзе, т. с.) сияқтылар өкілдері болып отырған ресми социализм бұл мәселе жөнінде өтірік айтуға кәніккені соншалық, ұзақ уақыт бойына, бір жағынан, үндемей құтыламыз, жалтарып кетеміз деп әлектенушілік, ал екінші жағынан, «қарғыс атқан мәселелерге» жұмысшылардың «тура жауап» беріңдер деген талаптары сөзсіз болады. Біз шетелдегі социалистердің арасындағы көзқарастар күресінің барысын оқушыларға мезгілінде хабарлап отыруға тырыспақпыз.

Ал біздер, орыс социал-демократтары үшін, мәселенің маңыздылығы тіпті ерекше; бұл айтыс 1903 және 1913 жылдардағы айтыстардың[15] жалғасы болып табылады; мәселе соғыс кезінде біздің партия мүшелерінің арасында кейбір пікір ауытқуын туғызды; бұл мәселе гвоздевтік немесе шовинистік жұмысшы партиясының Мартов, Чхеидзе сияқты көрнекті көсемдерінің істің мәнін орағытпақшы болған айла-шарғыларымен шиеленісе түсті. Сондықтан халықаралық аренада басталған айтыстың тым болмағанда алғашқы қорытындыларын шығару қажет.

Тезистерден көрініп отырғанындай, біздің дәлелдеріміздің кейбіреулеріне, мысалы, марксизм және прудонизм туралы дәлелдерімізге біздің поляк жолдастар бізге тура жауап берген. Бірақ олар көбінесе бізге тура жауап бермейді, қайта *өздерінің* дәлелдерін қарсы қоя отырып, жанамалап жауап береді. Олардың жанама және тура жауаптарын қарастырып көрелік.

1. СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ БИЛЕУІ

Біз социализм тұсында ұлттардың өзін өзі билеуін жүзеге асырудан бас тарту социализмге опасыздық жасағандық болар еді деген едік. Бізге: «өзін өзі билеу правосы социалистік қоғамға қолдануға келмейді» деп жауап береді. Келіспеушілік түбегейлі болып отыр. Мұның негізі неде?

«Біздің білетініміз,— деп қарсы шығады біздің оппоненттеріміз,— социализм ұлттық езушілік атаулыны жояды, өйткені ол езушілікті тудыратын таптық

мүдделерді жояды...» Талас *саяси жағынан* езу формаларының *бірі* туралы, атап айтқанда: бір ұлттың мемлекет шеңберінің ішінде басқа бір ұлтты күштеп ұстау туралы болып отырғанда, ұлттық езгіні жоюдың баяғыдан белгілі, талассыз *экономикалық* алғы шарттарын бұлайша сөз етудің не керегі бар? Мұның өзі саяси мәселелерден жалтару үшін жасалған әрекет қой! Ал бұдан былайғы пайымдаулар мұндай баға беруге біздің көзімізді одан бетер жеткізе түсіп отыр:

> «Социалистік қоғамдағы ұлтта шаруашылық-саяси единица сипаты болады деп ойлауға біздің ешбір дәлеліміз жоқ. Тегінде, оның тек мәдениеттік, тілдік единица сипаты болады, өйткені социалистік мәдени шеңбердің территориялық жағынан бөлінуі, ондай бөліну болатындықтан, өндіріс қажеттеріне қарай болуы мүмкін, оның бер жағында мұндай бөліну туралы мәселені, әлбетте, өзінің толық өкімет билігіне ие («өзін өзі билеу правосының» талап етіп отырғанындай) жеке ұлттар, жеке-жеке, шешпек емес, қайта мұны барлық мүдделі азаматтар *бірлесіп белгілейді...»*

Өзін өзі билеудің орнына *бірлесіп* белгілеу жөніндегі бұл соңғы дәлелдің поляк жолдастарға қатты ұнағаны сонша, олар оны өздерінің тезистерінде *үш рет* қайталайды! Бірақ қайталаудың жиілігі бұл октябристік және реакциялық дәлелді социал-демократиялық дәлелге айналдыра алмайды. Өйткені барлық реакционерлер мен буржуа белгілі бір мемлекеттің шеңберінде күштеп ұсталып отырған ұлттарға ол мемлекеттің тағдырын жалпы парламентте «бірлесіп белгілеуге» право береді. II Вильгельм де бельгиялықтарға неміс империясының тағдырын жалпы неміс парламентінде «бірлесіп белгілеуге» право береді.

Дәл талас тудырып отырған мәселені,— атап айтқанда, тек бір өзі айтысқа қойылып отырған, бөлініп шығу правосын,— орағытып өтуге біздің оппоненттеріміз бар күшін салуда. Мұның өзі соншалық жабырқатып отырғаны болмаса, басқа уақытта кісі күлерлік-ақ болар еді!

Бізде бірінші тезисте-ақ езілген ұлттарды азат ету саяси салада екі түрлі өзгерістің болуын керек етеді делінген: 1) ұлттардың толық тең праволылығы.

Бұл жөнінде талас жоқ және мұның өзі тек мемлекеттің ішінде болатын нәрсеге ғана қатысты; 2) саяси жағынан бөліну бостандығы*. Мұның өзі мемлекеттің шекарасын белгілеуге қатысты. Тек осы *ғана* талас. Ал дәл осы жөнінде біздің оппоненттеріміз жұмған аузын ашпай отыр. Мемлекеттің шекарасы жөнінде де, тіпті жалпы алғанда мемлекет туралы да олар ойлағысы келмейді. Мұның өзі капитализм жеңді, *сондықтан* саяси мәселелердің түкке керегі жоқ деп пайымдаған 1894—1902 жылдардағы бұрынғы «экономизмге»[16] ұқсаған қайдағы бір «империалистік экономизм». Империализм жеңді, *сондықтан* саяси мәселелердің түкке керегі жоқ! Мұндай бейсаясаттық теория марксизмге мүлдем қас.

Маркс Гота программасына сынында былай деп жазды: «Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында революциялық жолмен алғашқысын екіншісіне айналдыратын дәуір бар. Осы дәуірге сәйкес саяси өтпелі дәуір болады, ал бұл дәуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасынан бөтен еш нәрсе де бола алмайды»[17]. Бұл ақиқат осы уақытқа дейін социалистер үшін талассыз болды, ал бұл ақиқатта жеңген социализм толық коммунизмге ұласып болғанға дейін *мемлекеттің* болатындығы мойындалған. Мемлекеттің *құруы* жөніндегі Энгельстің нақыл сөзі мәлім. Біз 1-тезисте-ақ демократия дегеніміз мемлекет формасы, мемлекет құрығанда бұл да құриды деп әдейі атап көрсеттік. Ал біздің оппоненттеріміз марксизмді қайдағы бір жаңа, «беймемлекеттік» көзқараспен әзірше ауыстыра қойған жоқ, сондықтан олардың пікірі — түгелдей қате.

Мемлекет туралы (ал *олай болса,* оның *шекарасын* белгілеу туралы!) айтудың орнына, олар «социалистік мәдени шеңбер» туралы айтып отыр, яғни мемлекеттік мәселелердің бәрі жойылып кетеді дегендей тұрғыдан тиянақсыз сөздерді әдейі таңдап алады! Адам күлерлік мылжың болып шығады: әрине, егер мемлекет болмаса, онда оның шекарасы туралы мәселе де бол-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 279-бет. *Ред.*

майды. Онда *бүкіл* демократиялық-саяси программаның да керегі жоқ. Мемлекет «құрығанда» республика да болмайды.

Неміс шовинисі Ленч біз 5-тезисте (ескерту)* көрсетіп өткен мақалаларында Энгельстің «По және Рейн» деген шығармасынан көңіл бөлуге тұрарлық бір цитат келтірген. Энгельс онда, айта кетсек, былай дейді: бірқатар ұсақ және өмірге қабілетсіз ұлттарды жұтып қойған тарихи дамудың барысында «үлкен және өмірге қабілетті европалық ұлттардың» шекаралары барған сайын көбінесе халықтың «тілі мен тілектестігі» арқылы белгіленіп отырды. Бұл шекараларды Энгельс «табиғи шекаралар» деп атайды[18]. Прогресті капитализмнің заманында, Европада, 1848—1871 жж. шамасында істің жайы осылай болған. Қазір реакциялық, империалистік капитализм, демократиялық жолмен белгіленетін бұл шекараларды барған сайын жиірек *қиратып* отыр. Империализм өзінің орнына келетін социализмге мұраға демократиялығы *кем* шекараларды, Европада және дүние жүзінің басқа бөліктерінде бірқатар аннексияларды қалдыратынын оның барлық белгілері көрсетіп отыр. Осылай болса ше? жеңген социализм толық демократияны қалпына келтіріп және барлық жағынан ақырына дейін жүргізіп, мемлекет шекараларын *демократиялық жолмен* белгілеуден бас тартуы керек пе? халықтың «тілектестігімен» санаскысы келмей ме? Біздің поляк әріптестеріміздің марксизмнен «империалистік экономизмге» қарай қалай құлдырап бара жатқанын айқын көру үшін осы сұрақтарды қоюдың өзі жеткілікті.

Бұрынғы «экономистер» марксизмді карикатураға айналдырып, жұмысшыларды марксистер үшін маңыздысы «тек» «экономикалық» жағы деп үйретті. Жаңа «экономистер» жеңген социализмнің демократиялық мемлекеті шекарасыз өмір сүреді деп ойлай ма екен (материясыз «түйсіктер комплексі» болады деген сияқты), әлде шекаралар «тек» өндіріс қажеттеріне қарай

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 287—288-беттер. *Ред.*

белгіленеді деп ойлай ма екен. Іс жүзінде, бұл шекаралар демократиялық жолмен белгіленеді, яғни халықтың еркі мен «тілектестігіне» қарай белгіленеді. Капитализм бұл «тілектестікті» зорлап таңғысы келеді, сөйтіп ұлттардың жақындасу ісіне жаңа қиыншылықтар қосады. Социализм өндірісті таптық езгі*сіз* ұйымдастырады, мемлекеттің *барлық* мүшелерінің әл-ауқатының жақсаруын қамтамасыз етеді, сөйтіп халықтың «тілектестігіне» *толық кеңшілік* береді және нақ осының арқасында ұлттардың жақындасуы мен бірігуін жеңілдетеді, орасан тездетеді.

Оқушы ауыр, икемсіз «экономизмнен» біраз тынығуы үшін біздің таласымызға қатысы жоқ бір социалистік жазушының пікірін келтірейік. Бұл жазушы — Отто Бауэр, мұның да өз «пунктсымағы» «мәдени-ұлттық автономиясы»[19] бар, бірақ ол бірқатар аса маңызды мәселелер жөнінде өте дұрыс пайымдайды. Мысалы, өзінің «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген кітабының 29-параграфында *империалистік* саясаттың ұлттық идеологиямен бүркемеленуін ол мейлінше дұрыс көрсеткен. «Социализм және ұлттық принцип» дейтін 30-параграфында ол былай дейді:

> «Социалистік қауым тұтас бір ұлттарды өзінің құрамына еш уақытта күштеп қоса алмайды. Ұлттық мәдениеттің барлық игілігіне ие, заң шығару ісі мен басқару ісіне толық, белсенді түрде қатысып отырған, ақырында, карумен жабдықталған халық бұқарасын алып көріңіз — мұндай ұлттарды жат қоғамдық организмнің үстемдігіне күштеп бағындыру мүмкін болар ма еді? Мемлекеттік өкіметтің қандайы болса да қарудың күшіне сүйенеді. Осы күнгі халық армиясы, шебер механизмінің арқасында, әлі де болса, өткен замандардың рыцарьлар әскері мен жалдама әскері сияқты, белгілі бір адамның, әулеттің, таптың қолындағы құрал болып табылады. Ал социалистік қоғамның демократиялық қауымының армиясы дегеніміз қаруланған халықтың нақ өзі, өйткені ол қоғамдық шеберханаларда өз еркімен жұмыс істейтін, мемлекет өмірінің барлық саласына толық қатысатын мейлінше мәдениетті адамдардан құралады. Мұндай жағдайда бөтен ұлттың үстемдік жасауына мүмкіндік атаулының бәрі жойылады».

Міне, бұл дұрыс. Капитализм тұсында ұлттық (және жалпы алғанда саяси) езгіні жою *мүмкін емес*. Бұл үшін таптарды жою *қажет*, яғни социализмді енгізу

керек. Бірақ экономикаға негізделгенімен социализм әсте түгелдей оған келіп саймайды. Ұлттық езгіні жою үшін негіз — социалистік өндіріс қажет, ал бұл негіздің *үстіне* мемлекеттің демократиялық жолмен ұйымдасуы, демократиялық армия, т.т. қажет болады. Капитализмнің орнына социализм орнатып, пролетариат ұлттық езгіні толық жоюға *мүмкіндік* жасайды; бұл мүмкіндік *шындыққа* «тек» — «тек»! — мемлекеттің шекараларын халықтың «тілектестігіне» сәйкес белгілеуге дейін, бөлініп шығуға толық бостандықтың болуына дейін баратын демократияны барлық салада толық жүргізген жағдайда ғана айналады. Осы негізде, өз кезегімен, ұлттық араздықтың бәрін, ұлттық сенімсіздіктің бәрін *практика жүзінде* мүлдем жою ісі күшейеді, ұлттар жедел жақындасып, біріге береді, мұның өзі мемлекеттің *құруымен* аяқталады. Марксизмнің теориясы, міне, осындай, бұдан біздің поляк әріптестеріміз қателесіп алыстаған.

2. ИМПЕРИАЛИЗМ ТҰСЫНДА ДЕМОКРАТИЯ «ЖҮЗЕГЕ АСА АЛА МА?»

Поляк социал-демократтарының ұлттардың өзін өзі билеуіне қарсы бұрынғы айтыстарының бәрі капитализм тұсында ол «жүзеге аспайды» деген дәлелге негізделіп құрылған. Тіпті 1903 ж. өзінде, РСДРП II съезінің программалық комиссиясында, біздер, искрашылдар, бұл дәлелді күлкі етіп, мұның өзі марксизмге «экономистердің» (қайғылы есте қаларлық) карикатурасын қайталағандық деген болатынбыз. Өзіміздің тезистерімізде біз бұл қатеге әсіресе толық тоқталдық, ал дәл осы арада, бүкіл таластың теориялық негізі болып отырған мәселеде, поляк жолдастар біздің дәлелдеріміздің *бірде-біріне* жауап бергісі келмеді (әлде бере алмады ма?).

Өзін өзі билеудің экономикалық жағынан мүмкін еместігі экономикалық талдау жасау арқылы дәлелденуге тиіс еді; машиналарға тыйым салудың немесе жұмысшы ақшаларын енгізудің т. с. жүзеге аспайтындығын біз осындай талдау жасау арқылы дәлелдеп

отырамыз. Ешкім мұндай талдау жасауға ұмтылып та отырған жоқ. Құтырынған империализм дәуірінде бір шағын елде жүзеге аспайтын өзін өзі билеуді, ерекшелік ретінде, тіпті соғыссыз да, революциясыз да жүзеге асыруға мүмкін болғаны сияқты (Норвегия, 1905 ж.) капитализм тұсында тым болмағанда бір елде, «ерекшелік ретінде», «жұмысшы ақшаларын» енгізуге мүмкін болды деп ешбір адам айта алмайды.

Жалпы алғанда саяси демократия дегеніміз капитализмнің *үстіндегі* қондырманың мүмкін *формаларының* (теориялық жағынан «таза» капитализм үшін қалыпты жағдай болса да) бірі ғана болып табылады. Капитализм де, империализм де, фактілердің көрсетіп отырғанындай, саяси формалардың *қандайының* тұсында болса да дамиды, олардың *бәрін* өзіне бағындырып алады. Сондықтан демократия формаларының *бірінің*, демократия талаптарының *бірінің* «жүзеге аспайтындығы» туралы сөз ету теориялық жағынан мүлдем дұрыс емес.

Бұл дәлелдерге поляк әріптестерден жауаптың болмауы бұл пункт жөніндегі айтысты бітті деп есептеуге мәжбүр етіп отыр. Былайша айтқанда, айқын болу үшін біз қазіргі соғыстың стратегиялық және тағы сол сияқты жағдайларына байланысты Польшаны қалпына келтірудің «жүзеге асатындығын» теріске шығару «адам күлерлік» нәрсе болар еді деген нақты пікірді айттық. Жауап болған жоқ!

Поляк жолдастар: «бөтен облыстарды қосып алу мәселелерінде саяси демократия формалары жойылған; ашық зорлық шешеді... Капитал еш уақытта халыққа өзінің мемлекеттік шекаралары туралы мәселені шешуге бермейді...» дегенді айтқанда (§ II, 1), көрінеу теріс пікірді әншейін *қайталап* айтты. «Капитал» *өзінің*, империализмге қызмет ететін, чиновниктерін сайлап қоюды «халыққа беруі» бейне бір мүмкіндей-ақ! Немесе маңызды демократиялық мәселелердің, мысалы, монархияның орнына республика болуы туралы, тұрақты армияның орнына милиция болуы туралы мәселелердің күрделі шешімінің қандайы болса да «ашық зорлықсыз» *жалпы алғанда* бейне бір мүмкін болатын-

дай-ақ! Субъективтік жағынан алғанда поляк жолдастар марксизмді «тереңдеткісі» келеді, бірақ мұны мүлдем сәтсіз істейді. Олардың жүзеге аспайтындық туралы сөздері *объективті жағынан* алғанда оппортунизм болып табылады, өйткені: империализм тұсында *бүкіл* демократияның да, жалпы алғанда оның *барлық* талаптарының да жүзеге аспайтындығы сияқты, бірқатар революциясыз «жүзеге аспайды» деп үн-түнсіз ұйғарылады.

Тек бір рет қана, II параграфтың 1-пунктінің ең соңында, Эльзас туралы пайымдауда, поляк әріптестер демократия формаларының бірі жөніндегі мәселелерге «экономикалыққа» жалпы меңзеумен келмей, нақты жауаппен жуықтап келіп, «империалистік экономизмнің» позициясын тастап кетті. Бірақ нақ осы әдісі теріс болып шықты! Тіпті Эльзастың бір бөлегі немістерге қарай икемделіп, мұның өзі соғыс қаупін туғызатын болса да, егер *екінші бір* эльзастықтар, француздардан сұрамай, оларға Эльзасты Францияға қосып алуды «таңса», бұл «партикуляристік, демократиялық емес» болар еді!!!— деп жазады олар.— Мүлдем қызық шатасушылық: өзін өзі билеу езуші мемлекеттен *бөлініп шығу* бостандығын керек етеді (бұл өзінен-өзі түсінікті және біз мұны өзіміздің тезистерімізде айрықша атап көрсеттік); пайда алып отыруға капиталистің «ризалығы» туралы немесе жалақы алып отыруға жұмысшының ризалығы туралы экономикада айтылмайтындығы сияқты, белгілі бір мемлекетке *қосылу оның* ризалығының болуын керек етеді деп саясатта айту да «әдетке енбеген»! Бұл туралы айту адам күлерлік нәрсе.

Егер марксист саясатшы болсақ, онда, Эльзас туралы айтқанда, Эльзастың бөлініп шығу бостандығы жолында күреспей отырғаны үшін неміс социализмінің оңбағандарына шабуыл жасау керек,— бүкіл Эльзасты күштеп қосып алғысы келіп отырған француз буржуазиясының дегеніне келіскені үшін француз социализмінің оңбағандарына шабуыл жасау керек,— тіпті шағын болса да бөлек мемлекет болудан қорқып, «өз» елінің империализміне қызмет етіп отыр-

ғаны үшін олардың екеуіне де шабуыл жасау керек; социалистер, өзін өзі билеуді мойындай отырып, эльзастықтардың еркіне нұқсан келтірмей, бірнеше аптаның ішінде мәселені *қалайша* шеше алатындығын көрсету керек. Мұның орнына француздық эльзастықтардың өздерін Францияга «тануының» керемет қауіптілігі туралы сөз ету — барып тұрган сорақылық.

3. АННЕКСИЯ ДЕГЕН НЕ?

Бұл мәселені біз өзіміздің тезистерімізде мейлінше айқын қойдық (§ 7)*. Поляк жолдастар бұған жауап берген *жоқ:* олар оны *орағытып кетті:* 1) өздері аннексияға қарсымыз деп және 2) өздерінің неліктен қарсы екендіктерін түсіндіріп, барынша мәлімдеумен болды. Сөз жоқ, бұлар өте маңызды мәселелер. Бірақ бұл *басқа* мәселелер. Егер біз өз принциптеріміздің теориялық жағынан ойластырылуы жөнінде, олардың айқын, нақты түрде тұжырымдалуы жөнінде азды-көпті қамқорлық жасайтын болсақ, біз аннексия дегеннің не екені туралы мәселені *орағытып* кете алмаймыз, өйткені бұл ұғым біздің саяси насихатымыз бен үгітімізде орын алып отыр. Ал, бұл мәселені коллегиялық айтыста орағытып өтуді тек позициядан бас тарту деуден басқаша түсінуге болмайды.

Бұл мәселені біз неліктен қойдық? Біз мұны оны қойған кезде түсіндіргенбіз. Оның себебі — «аннексияға қарсы наразылық білдіру дегеніңіз өзін өзі билеу правосын мойындаудың дәл өзі, одан басқа еш нәрсе емес». Әдетте аннексия ұғымына мыналар кіреді: 1) күштеу ұғымы (күштеп қосып алу); 2) бөтен ұлтты езу ұғымы (*«бөтен»* облысты қосып алу, т.с.) және — кейде — 3) status quo-ны бұзу ұғымы. Ал мұны біз тезистерде көрсеттік, біздің бұл пікіріміз ешбір сынға ұшыраған жоқ.

Мынадай сұрақ туады: социал-демократтардың жалпы күштеу атаулыға қарсы болуы мүмкін бе? Мүмкін

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 289—290-беттер. *Ред.*

емес, бұл айқын. Демек, біз аннексияға қарсы болғанда оның күштеу болып табылатындығынан емес, басқа бір себептен қарсы болғанымыз ғой. Дәл сол сияқты социал-демократтар status quo-ны да жақтай алмайды. Қалай бұлтарсаңыздар да, сіздер мынадай қорытындыдан құтыла алмайсыздар: аннексия дегеніміз ұлттың *өзін өзі билеуін бұзу* болып табылады, мемлекеттің *шекараларын халықтың еркіне қарсы* белгілеу болып табылады.

Аннексияға қарсы болу дегеніміз өзін өзі билеу правосын жақтау *деген сөз.* «Белгілі бір мемлекеттің шекарасы ішінде қандай ұлттың болса да зорлықпен ұсталуына қарсы» болу (біз өзіміздің тезистеріміздің* 4-параграфындағы нақ сол пікірдің осы, түр жағынан сәл өзгерген тұжырымын *да* әдейі қолдандық, ал поляк жолдастар өз тезистерінің I параграфының 4-пунктінің басында «аннексиялаушы мемлекеттің шеңберінде езілген ұлттарды күштеп ұстауға» өздерін «қарсымыз» деп мәлімдеп, бұл арада бізге *әбден* айқын *жауап берді*) — бұл *да* ұлттардың өзін өзі билеуін жақтаудың *дәл өзі.*

Сөздер жөнінде біздің таласқымыз келмейді. Егер өзінің программасында (немесе бәріне бірдей міндетті қарарында, әңгіме формасында емес) аннексияға** қарсымыз, *өз* мемлекетінің шеңберінде езілген ұлттарды күштеп ұстауға қарсымыз дейтін партия болса, онда біз ондай партияның айтқанына принцип жағынан толық қосылатындығымызды білдіреміз. «Өзін өзі билеу» деген *сөзге* жармасу сәлекеттік болар еді. Ал егер біздің партияда біздің партияның программасының 9-параграфының тұжырымын *сөздің* осы рухында өзгерткісі келетін адамдар табыла қалса, *мұндай* жолдастармен пікір алалығын мүлдем принципті емес деп санаймыз!

Әңгіме тек ұрандарымыздың саяси жағынан айқындығы мен теориялық жағынан ойластырылғандығында болып отыр.

Бұл мәселе бойынша сөз жүзіндегі айтыстарда —

---

* Қараңыз: Шығармалар, толық жинағы, 27-том, 284 бет. *Ред.*

** «Ескі және жаңа аннексияларға қарсы» — мұны К. Радек «Berner Tagwacht»-тағы[20] өзінің мақалаларының бірінде тұжырымдаған.

оның маңыздылығын әсіресе қазір, соғысқа байланысты, ешкім теріске шығармайды — мынадай дәлел кездесті (біз оны баспасөзден тапқанымыз жоқ): белгілі бір зұлымдыққа *қарсы наразылық білдіру* зұлымдықты болдырмайтын дұрыс ұғымды мойындағандық болып табылуы міндетті емес. Мейлінше қисынсыз дәлел, сондықтан да, сірә, еш жерде баспасөз бетіне шықпаған. Егер социалистік партия «аннексиялаушы мемлекеттің шеңберінде езілген ұлтты күштеп ұстауға қарсы» екендігін мәлімдейтін болса, онда ол партия *осынысымен* өзі өкімет басында болғанда *күштеп ұстаудан бас тартуға міндеттенеді.*

Біз мынаған ешбір күмәнданбаймыз: егер күні ертең Гинденбург Россияны жартылай жеңсе және бұл жартылай жеңістің көрінісі (Англия мен Францияның патша өкіметін біраз әлсіреткісі келетініне байланысты) поляктің жаңа мемлекеті болып шықса, мұның өзі капитализм мен империализмнің экономикалық заңдарының тұрғысынан қарағанда «жүзеге асуға» әбден мүмкін нәрсе, ал егер онан соң бүрсігүні Питерде, Берлинде және Варшавада социалистік революция жеңсе, онда поляктің социалистік үкіметі, орыстың және немістің үкіметтері сияқты, «поляк мемлекетінің шеңберінде», айталық, украиндарды «күштеп ұстаудан» бас тартады. Егер бұл үкіметте «Газета Роботнича» редакциясының мүшелері болса, олар, күмән жоқ, өздерінің «тезистерін» құрбан етеді, сөйтіп мұнысымен «өзін өзі билеу правосы социалистік қоғамға қолдануға келмейді» деген «теорияны» теріске шығарады. Егер біз басқаша ойлаған болсақ, біз күн тәртібіне Польша социал-демократтарымен жолдастық айтысты емес, қайта олармен, шовинистер ретінде, аяусыз күресуді қойған болар едік.

Айталық, мен Европаның кез келген бір қаласының көшесіне шығып алып, маған құлдыққа адам сатып алуға рұқсат етпейді деп жұрт алдында «наразылық» білдірдім дейін, сонан соң оны газетте қайталадым дейін. Күмән жоқ, жұрттың мені құл иеленуші, құлдық принципті немесе системаны, қалай десеңіз де, жақтаушы деп санауы орынды болады. Құлдыққа менің

тілектестігім дұрыс формада емес («мен құлдықты жақтаймын»), наразылықтың бұрыс формасында болып отыр, бұл ешкімді алдай алмайды. Саяси «наразылық» саяси программаға *әбден* барабар нәрсе, мұның анықтығы соншалық, тіпті, оны түсіндіріп жатуға мәжбүр болудың өзі бір түрлі қолайсыз. Қалай дегенмен біз мынаған кәміл сенеміз: саяси наразылықты саяси программадан бөлуге, бірін-біріне қарсы қоюға т. с. баратын адамдарға III Интернационалда орын болмайды деп айта қалсақ, ең болмағанда, Циммервальд солшылдарының тарапынан — барлық циммервальдтықтар туралы айтпаймыз, өйткені онда Мартов және басқа каутскийшілдер бар,— біз «наразылықты» кездестірмейміз.

Сөздер жайында таласқа бармай-ақ, біз: поляк социал-демократтары 9-параграфты біздің (және *олардың* да) партиялық программадан да, сондай-ақ Интернационалдың программасынан да (Лондонда 1896 ж. болған конгрестің қарары) алып тастау жөніндегі өзінің ұсынысын, сонымен қатар «ескі және жаңа аннексиялар» туралы, «аннексиялаушы мемлекеттің шеңберінде езілген ұлтты күштеп ұстау» туралы тиісті саяси пікірлерге *өзінің* анықтамасын тез арада ресми түрде тұжырымдауға тырысар деген зор үмітімізді білдіреміз.— Келесі мәселеге көшелік.

4. АННЕКСИЯНЫ ЖАҚТАЙ МА НЕМЕСЕ АННЕКСИЯҒА ҚАРСЫ МА?

Поляк жолдастар өз тезистерінің бірінші бөлімінің 3-параграфында өздерін аннексия атаулының бәріне қарсымыз деп барынша айқын мәлімдейді. Амал не, сол бөлімнің 4-параграфында біз аннексияшылдық деп табуға тура келетін пайымдауларды кездестіреміз. Бұл параграф төмендегі... қалай жұмсартып айтуға болар екен?.. таңқаларлық сөзбен басталады.

«Социал-демократияның аннексияға қарсы, аннексиялаушы мемлекеттің шеңберінде езілген ұлттарды күштеп ұстауға қарсы күресінің бастама пункті *отанды қорғау атаулының бәрін қабылдамай тастау* болып табылады (курсив авторлардыкі),

ал империализм заманында отан қорғау дегеніміз өз буржуазиясының бөтен халықтарды езу және тонау праволарын қорғау болып саналады...».

Бұл не? Бұл қалай?

«Аннексияға қарсы күрестің бастама пункті отанды қорғау *атаулының бәрін* қабылдамай тастау болып табылады...». Ал «отанды қорғау» деп кез келген ұлттық соғысты, кез келген ұлттық көтерілісті атауға болады және осыған дейін әдетте *жалпы* осылай аталып та келді ғой! Біз аннексияға қарсымыз, *бірақ*... біз мұны былай түсінеміз: біз аннексияланғандардың аннексиялаушылардан азат болуы *жолындағы* соғысына қарсымыз, біз аннексияланғандардың аннексиялаушылардан босану мақсатындағы көтерілісіне қарсымыз! Мұның өзі аннексияшылдық пайымдау емес пе?

Тезистердің авторлары өздерінің... таңқаларлық пайымдауын «империализм заманында» отанды қорғау деген өз буржуазиясының бөтен халықтарды езу праволарын қорғау болып табылады деген сөздермен дәлелдейді. Бірақ бұл *тек* империалистік соғыс жөнінде *ғана* дұрыс, яғни соғысушылардың *екі* жағы да «бөтен халықтарды» езетіні былай тұрсын, сонымен қатар бөтен халықтарды кім *көбірек езуге тиісті деп* соғысатын империалистік державалар *арасындағы*, немесе державалар топтары арасындағы соғыс жөнінде дұрыс!

Сірә, «отан қорғау» туралы мәселені авторлар біздің партияның қойысынан мүлде басқаша қояды. Біз *империалистік соғыста* «отан қорғауды» мойындамаймыз. Мұның өзі біздің партияның Орталық Комитетінің манифесінде де, Берн қарарларында да* мейлінше айқын айтылған; бұл қарарлар немісше де, французша да шыққан «Социализм және соғыс» деген кітапшада[21] қайта басылды. Біз мұны өз тезистерімізде де *екі рет* атап көрсеттік (4 және 6-параграфтарға ескертулер)**. Сірә, поляк тезистерінің авторлары отан қорғауды

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 12—13 және 170—177-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 286 және 287-беттер. *Ред.*

жалпы алғанда мойындамайтын, яғни *ұлттық соғыс үшін де,* мойындамайтын көрінеді, бәлкім, олар «империализм заманында» ұлттық соғысты *мүмкін емес деп* есептейтін болар. «Бәлкім» дейтін себебіміз — мұндай көзқарасты поляк жолдастар өздерінің тезистерінде баяндаған *жоқ.*

Мұндай көзқарас «Интернационал» деп аталатын неміс тобының тезистерінде және Юниустың кітапшасында анық айтылған, біз бұл кітапшаға ерекше мақала арнап отырмыз*. Ондағы айтылғанға қосымша ретінде мынаны ескертеміз: аннексияланған облыстың немесе елдің аннексиялаушыға қарсы ұлттық көтерілісін соғыс емес, нағыз көтеріліс деп атауға болады (біз мұндай қарсылықты естідік, бұл терминологиялық таласты байыпты деп есептемесек те, оны келтіріп отырған себебіміз сол). Аннексияланған Бельгия, Сербия, Галиция, Армения аннексиялаушыға қарсы өзінің «көтерілісін» «отанды қорғау» деп атайды *және дұрыс атайды,* қалай болғанда да мұны теріс деуге ешкімнің батылы бара қоймас. Сөйтіп мұндай көтеріліске поляк жолдастар мынадай себептеп *қарсы* болады екен: осы аннексияланған елдерде *де* буржуазия бар, ол *да* бөтен халықтарды езеді, немесе, дұрысырағы: езе алады, өйткені әңгіме «оның езу *правосы»* туралы болып отыр. Демек, белгілі бір соғысты немесе белгілі бір көтерілісті бағалау үшін оның *шын* әлеуметтік мазмұны (езілген ұлттың өзінің азаттығы жолында езушілерге қарсы күресі) алынбайды, қайта қазірде езіліп отырған буржуазияның «езу *правосын»* жүзеге асыру мүмкіндігі алынады. Егер Бельгияны, айталық, 1917 жылы Германия аннексияласа, ал Бельгия 1918 жылы өзінің азаттығы жолында көтеріліс жасаса, онда поляк жолдастар Бельгия буржуазиясының «бөтен халықтарды езуге правосы» бар деген негізге сүйеніп, көтеріліске қарсы болады!

Жалпы алғанда бұл пайымдауда марксистіктің де, революцияшылдықтың да жұрнағы жоқ. Социализмге опасыздық жасамаймыз десек, біз өзіміздің басты жа-

---

* Қараңыз: осы том, 1—18-беттер. *Ред.*

уымызға, ірі мемлекеттердің буржуазиясына қарсы көтерілістің *қандайын да,* егер ол реакцияшыл таптың көтерілісі болмаса, қолдауға *тиіспіз.* Аннексияланған облыстардың көтерілістерін қолдаудан бас тартатын болсақ, біз — объективті түрде — аннексионистер болып шығамыз. Басталып келе жатқан әлеуметтік революция заманы болып табылатын нақ «империализм заманында» пролетариат аннексияланған облыстардың көтерілісін бүгінгі күні ерекше жігермен қолдайды, сөйтіп нақ ертеңіне немесе бір мезгілде сондай көтерілістен әлсіреген «ұлы» державаның буржуазиясына шабуыл жасау үшін қолдайды.

Алайда өз аннексионизмінде поляк жолдастар онан да әрі кетіп отыр. Олар аннексияланған облыстардың көтерілісіне қарсы болып қана отырған жоқ, олар ол облыстардың тәуелсіздігін, бейбіт жолмен болса да, қалпына келтірудің *қандайына да* қарсы! Тыңдаңыздар:

> «Империализмнің езушілік саясатының зардаптарына жауапкершіліктің қандайын болса да қабылдамай, бұл зардаптармен мейлінше қатаң түрде күресе отырып, социал-демократия *Европада шекаралық жаңа бағаналар орнатуды, империализмнің алып тастағандарын қалпына келтіруді ешбір жақтамайды»* (курсив авторлардыкі).

Қазір Германия мен Бельгия арасындағы, Россия мен Галиция арасындағы «шекаралық бағаналарды империализм алып тастады». Халықаралық социал-демократия, байқайсыз ба, жалпы алғанда оларды, қандай жолмен болса да, қалпына келтіруге қарсы болуға тиіс екен. 1905 ж., «империализм заманында», Норвегияның автономиялық сеймі Швециядан бөлінуді жариялағанда, ал Швеция реакционерлері уағыздаған Швецияның Норвегияға қарсы соғысы швед жұмысшыларының қарсылығы арқасында, сол сияқты халықаралық империалистік жағдайдың әсерінен, болмай қалды,— сол кезде социал-демократия Норвегияның бөлінуіне қарсы шығуға тиіс еді, өйткені мұның өзі, күмән жоқ, «Европада шекаралық жаңа бағаналардың орнатылуы» болып шығар еді!!

Мұның өзі тіпті тура, ашық аннексионизм. Оны теріске шығарып жатудың қажеті жоқ, ол өзін өзі теріске шығарады. Бірде-бір социалистік партия мұндай позицияны қабылдауға бара алмайды: «біз жалпы алғанда аннексияға қарсымыз, ал аннексия жүргізіліп қойған болса, Европа үшін біз аннексияны мақұлдаймыз немесе оған төземіз...»

Біздің поляк жолдастарды өздеріне сондайлық өте айқын... «мүмкін еместікке» жеткізген қатенің тек теориялық негіздеріне ғана тоқталу керек. «Европаны» бөліп алудың қисынсыздығы жөнінде біз төменде айтамыз. Тезистерден алынған мынадай екі пайымдау қатенің басқа негіздерін айқындайды:

> «...Осыған дейін құрылып қойған капиталистік мемлекеттің үстінен империализм доңғалағы басып-жаншып өткен жерде, ол жерде капиталистік дүниенің социализмді дайындайтын саяси және экономикалық шоғырлануы империалистік езудің айуандық формасында жүріп жатыр...»

Аннексияны бұлайша ақтау марксизм емес, струвизм болып табылады[22]. Россиядағы 1890-жылдарды есінде сақтаған орыс социал-демократтары марксизмді бұрмалаудың Струве, Кунов, Легин мырзаларға және К°-ге ортақ бұл тәсілін жақсы біледі. Нақ неміс струвешілдері — «социал-империалистер» дейтіндер жөнінде поляк жолдастардың басқа бір тезисінде (II, 3) мынаны оқимыз:

> ...(Өзін өзі билеу ұраны) «социал-империалистерге бұл ұранның алдамшы сипатын дәлелдей отырып, біздің ұлттық езуге қарсы күресімізді тарихи жағынан болмасқа тиіс сентименталдық деп корсетуге мүмкіндік береді және сонысы арқылы социал-демократиялық программаның ғылыми жағынан негізделгендігіне пролетариаттың сенімін әлсіретуге мүмкіндік береді...»

Мұның өзі неміс струвешілдерінің позициясын авторлар «ғылыми» деп санайды деген сөз! Құттықтаймыз.

Бізге қарсы Ленчтердікі, Куновтардыкі, Парвустердікі *жөн* деп бізді қорқытпақшы бұл таңқаларлық дәлелді бір ғана «ұсақ-түйек» бұзып отыр: атап айтқанда бұл Ленчтер, өздерінше дәйекті адамдар, немістің шо-

винистік «Қоңырауының»[23] 8—9 номерінде — біз өз тезистерімізде нақ осы номерлерді әдейі цитатқа келтірдік — Ленч өзін өзі билеу правосының «ғылыми жағынан негізсіздігін» де (поляк социал-демократтары, сірә, Ленчтің *бұл* дәлелін теріске шығаруға болмайды деп мойындаған, бұл олардың тезистеріндегі біз келтірген пайымдаудан айқын көрінеді...) *және* аннексияға қарсы деген ұранның «ғылыми жағынан негізсіздігін» *де қатар* дәлелдейді!!

Өйткені Ленч мынадай айқын ақиқатты: өзін өзі билеуді «мойындау» мен аннексияға қарсы «наразылық білдірудің» арасында «экономикалық жағынан да, саяси жағынан да», жалпы алғанда логикалық жағынан да айырмашылық жоқ деген біздің пікірімізге жауап бергісі келмеген поляк әріптестерге біз көрсеткен ақиқатты тамаша түсінген. Егер поляк жолдастар Ленчтердің өзін өзі билеуге қарсы дәлелдерін теріске шығаруға болмайды деп санайтын болса, онда мына *фактіні:* бұл дәлелдердің *бәрін* Ленчтер аннексиямен күреске қарсы да бағыттап отырғанын мойындамауға болмайды ғой.

Біздің поляк әріптестеріміздің барлық пайымдауларының негізінде жатқан теориялық қате оларды мынадай халге жеткізді: олар *дәйексіз аннексионистер* болып шықты.

5. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ АННЕКСИЯҒА НЕГЕ ҚАРСЫ?

Біздің көзқарасымыз тұрғысынан қарағанда жауап айқын: оның себебі, аннексия ұлттардың өзін өзі билеуін бұзады немесе, басқаша айтқанда, ұлттық езгі формаларының бірі болып табылады.

Поляк социал-демократтарының көзқарасы тұрғысынан қарағанда, біздің аннексияға неге қарсы екендігімізді *айрықша* анықтауға тура келеді, ал бұл түсініктер (тезистерде I, 3) авторларды бірқатар жаңа қайшылықтарға шырмамай қоймайды.

Біздің аннексияға неге қарсы екендігімізді «ақтау» ретінде олар екі дәлел (Ленчтердің «ғылыми жағынан

негізделген» дәлелдеріне қарамастан) келтіреді. Біріншi:

«...Европада аннексиялар жеңімпаз империалистік мемлекетті соғыс жағынан қамтамасыз ету үшін қажет деген пікірге социал-демократия: аннексиялар антагонизмді ғана күшейтеді, сөйтіп соғыс қаупін ұлғайтады деген фактіні қарсы қояды...»

Мұның өзі Ленчтерге жеткіліксіз жауап, өйткені олардың басты дәлелі соғыс жағынан қажеттілік емес, қайта империализм тұсындағы шоғырлануды білдіретін аннексияның *экономикалық* прогрестігі. Егер поляк социал-демократтары империализм алып тастаған шекаралық бағаналарды Европада қалпына келтіруден бас тарта отырып, *ондай* шоғырланудың прогрестігін мойындаса, әрі осымен бір мезгілде аннексияларға *қарсы* наразылық білдірсе, мұның қай жерінде логика бар?

Онан соң. Аннексиялар *қандай* соғыстардың қаупін күшейтеді? Империалистік соғыстардың емес, өйткені олар басқа себептерден туады; қазіргі империалистік соғыстағы басты антагонизмдер — Англияның Германиямен, Россияның Германиямен антагонизмі екені даусыз. Мұнда аннексия болған емес және жоқ та. Әңгіме *ұлттық* соғыстар мен ұлттық көтерілістер қаупінің күшеюі туралы болып отыр. Бірақ, бір жағынан, «империализм заманында» ұлттық соғыстарды *мүмкін емес* деп жариялап, ал екінші жағынан, ұлттық соғыстар «қаупін» қалайша алға тартуға болады? Мұның өзі логикаға жатпайтын нәрсе.

Екінші дәлел.

Аннексиялар «үстемдік етуші ұлт пен езілуші ұлттың пролетариаты арасында алшақтық туғызады»... «езілуші ұлттың пролетариаты өз буржуазиясымен қосылып кеткен болар еді де, үстемдік етуші ұлттың пролетариатына жау деп қараған болар еді. Интернационалдық буржуазияға қарсы пролетариаттың интернационалдық тап күресінің орнына пролетариаттың жікке бөлінуі, оның идеялық жағынан азғындауы туған болар еді...»

Бұл дәлелдерге біз әбден қосыламыз. Бірақ дәл бір мәселе жөнінде, дәл бір уақыттың өзінде бірін-бірі

жоққа шығаратын дәлелдер айту логикаға сыя ма? Біз тезистердің I бөлімінің 3-параграфынан пролетариаттың *жікке бөлінуін* аннексиядан көру жөнінде келтірілген дәлелдерді оқимыз, ал соның ізінше, 4-параграфта бізге былай дейді: Европада жасалып қойған аннексияларды жоюға қарсы болу керек, «езілген ұлттар мен езуші ұлттардың жұмысшы бұқарасын бірігіп күрес жүргізуге тәрбиелеуді» жақтау керек. Егер аннексияларды жою — реакциялық «сентименталдық» болса, онда аннексиялар «пролетариаттың» арасында «алшақтық» туғызады, оның «жікке бөлінуін» туғызады деп дәлелдеуге *болмайды*, онда, мұның керісінше, аннексияларға түрлі ұлттар пролетариатының *жақындасуына* жағдай жасайды деп қарау керек.

Біз былай дейміз: социалистік революцияны жасауға және буржуазияны құлатуға біздің күшіміз жету үшін жұмысшылар тығызырақ бірігуі керек және бұл тығыз бірігуге өзін өзі билеу жолындағы күрес, яғни аннексияға қарсы күрес қызмет етеді. Біз дәйекті болып қала береміз. Ал поляк жолдастар, европалық аннексиялар «жойылмасын» деп танып, ұлттық соғыстар «мүмкін емес» деп танып, нақ ұлттық соғыстар*дан* алынған дәлелдермен аннексияға «қарсы» таласу арқылы өздерін өздері соққылайды! Атап айтқанда: аннексиялар түрлі ұлттар жұмысшыларының жақындасуы мен бірігуін *қиындатады* деген сияқты дәлелдер келтіреді!

Басқаша айтқанда: аннексияларға қарсы пікір айту үшін поляк социал-демократтарының *өздері* принципті түрде теріске шығарып отырған теориялық багаждан дәлелдер алуына тура келіп отыр.

Мұның өзі отарлар туралы мәселеде онан бетер айқын көрінеді.

6. ОСЫ МӘСЕЛЕДЕ ОТАРЛАРДЫ «ЕВРОПАҒА» ҚАРСЫ ҚОЮҒА БОЛА МА?

Біздің тезистерімізде былай делінген: капитализм тұсында ұлттардың өзін өзі билеуінің, чиновниктерді халықтың сайлап қоюының, демократиялық республи-

канын, тағы басқаларының жүзеге аспайтындығы сияқты, отарларды дереу азат ету талабы да «жүзеге аспайды» (яғни бірқатар революцияларсыз жүзеге аспайды және социализм болмайынша баянды болмайды),— ал екінші жағынан, отарларды азат ету талабы «ұлттардың өзін өзі билеуін мойындаудан» басқа еш нәрсе емес.

Поляк жолдастар бұл дәлелдердің бір де біріне жауап қайтарған жоқ. Олар «Европа» мен отарлар арасында айырмашылық бар деп көрсетуге әрекет жасады. Тек олар, аннексия жүзеге асырылып қойған болса, оны жоюдан бас тартып, Европа үшін дәйексіз аннексионистерге айналады. Ал отарларға келгенде олар: «отарлардан тайып тұрыңдар!» деген сөзсіз талап жариялайды.

Орыс социалистері «Түркістаннан, Хиуадан, Бұхарадан, т.с. тайып тұрыңдар» деген талап қоюға тиіс, бірақ олар, егер осындай бөлініп шығу бостандығын Польша, Финляндия, Украина, т.с. үшін талап етсе, «утопизмге», «ғылыми емес» «сентименталдыққа», т. с. ұрынады-мыс дейді. Ағылшын социалистері мынаны талап етуге тиіс: «Африкадан, Индиядан, Австралиядан тайып тұрыңдар», бірақ Ирландиядан емес. Бұрыстығымен көзге бадырайып көрінетін осындай айырмашылықты қандай теориялық негіздермен түсіндіруге болады? Бұл мәселені орағытып өтуге болмайды.

Өзін өзі билеуге қарсылардың басты «тірегі»: «іске аспайтындық». Нақ осы пікірді аздаған өзгешелеу сарынмен «экономикалық және саяси шоғырлануға» сілтеу де білдіреді.

Шоғырланудың отарларды қосып алу арқылы *да* болатыны айқын. Отарлар мен Европа халықтарының — ең кемінде, соңғылардың көпшілігінің — арасындағы экономикалық айырмашылық — бұрын мынадай болатын: отарлар *товар* айырбасына тартылды, бірақ әлі капиталистік *өндіріске* тартылған жоқ еді. Империализм мұны өзгертті. Империализм, айта кетелік, шетке *капитал* шығару болып табылады. Капиталистік өндіріс отарларда барған сайын тезірек орын тебуде.

Оларды Европаның финанс капиталына тәуелділіктен айырып алуға болмайды. Соғыс тұрғысынан қарағанда, экспансия (кеңею) тұрғысынан қарағандағыдай, отардың бөлінуі, жалпы ереже бойынша, тек социализм болғанда ғана іске асады, ал капитализм тұсында отар елде де, метрополияда да не ерекше бір реттерде, не бірқатар революциялар мен көтерілістер арқылы іске асады.

Европада тәуелді ұлттардың көпшілігі, отарлардағы ұлттарға қарағанда, капиталистік жағынан неғұрлым дамыған (бәрі болмаса да: албандар, Россияның көптеген бұратаналары). Ал нақ осының өзі ұлттық езгі мен аннексияларға көбірек тойтарыс беруді туғызады! Нақ осының арқасында саяси жағдайлар қандай болса да, соның ішінде бөліну тұсында да, отарларға қарағанда, Европада капитализмнің дамуы *неғұрлым қамтамасыз* етілген... «Онда,— дейді отарлар жайында поляк жолдастар (I, 4) — капитализмнің алдында өндіргіш күштерді әлі өз алдына дербес дамыту міндеті тұр...». Европада мұның өзі онан гөрі анығырақ байқалады: капитализм Польшада, Финляндияда, Украинада, Эльзаста, күмән жоқ, Индияға, Түркістанға, Египетке және басқа нағыз таза отар елдерге қарағанда өндіргіш күштерді әрі күшті, әрі шапшаң, әрі дербес дамытады. Товар өндірісі қоғамында капиталсыз дербес даму да, жалпы алғанда — қандай да болсын даму да мүмкін емес. Европада тәуелді ұлттардың *өздерінің* капиталы да бар және алуан түрлі жағдайларда оны табудың оңай мүмкіндігі де бар. Отарларда *өз* капиталы жоқ немесе жоққа тән, оны отар елдің, финанс капиталы жағдайында, саяси жағынан бағыну шартымен ғана болмаса, басқаша жолмен табуы мүмкін емес. Осының бәрінен кейін отарларды дереу және сөзсіз азат етуді талап етудің мәнісі не болмақ? «Утопия» деген сөзді Струве, Ленч, Кунов мырзалар, ал олардың соңынан, өкінішке қарай, поляк жолдастар да қолданып отырған тұрпайы, карикатуралық-«маркстік» мағынасында алғанда, ол талаптың «утопиялығы» анағұрлым басым екендігі айқын емес пе? Бұл арада «утопизм» деп шынында тоғышарлық-әдеттегіден ше-

гіпу, оның ішінде революциялық атаулының бәрі түсініледі. Бірақ *барлық* түрдегі революциялық қозғалыстар — оның ішінде ұлттық қозғалыстар да — отарларға қарағанда Европа жағдайында мүмкінірек, іске асатынырақ, табандырақ, саналырақ, жеңуге қиынырақ деу керек.

Социализм,— дейді поляк жолдастар (I, 3),— «отарлардағы жетілмеген халықтарға, оларға *үстемдік жүргізбей-ақ, қалтқысыз мәдени көмек* көрсете алады». Әбден әділ айтылған. Ал үлкен ұлт, үлкен мемлекет социализмге көшкенде Европадағы езілген шағын ұлтты «қалтқысыз мәдени көмек» арқылы тарта алмайды деп ойлауға дәлел қайда? Отарларға поляк социал-демократтары *«беретін»* нақ бөлініп шығу бостандығы Европаның шағын, бірақ мәдениетті, саяси-*талапты*, езілген ұлттарын үлкен социалистік мемлекеттермен одақтасуға тартады, өйткені социализм тұсында ірі мемлекеттің мәнісі: күніне жұмыс мұншалық сағат *аз*, күніне *табыс* мұншалық артық болады деген сөз. Буржуазияның езгісінен азат бола бастаған еңбекші бұқара осы «мәдени жәрдем» үшін үлкен және алдыңғы қатарлы социалистік ұлттармен одақтасуға, бірігуге барлық күшін салып *ұмтылады;* тек кешегі езушілер ұзақ уақыт езілген ұлттың барынша өсіп жетілген демократиялық өзін өзі қадірлеу сезімін қорламаса болғаны, оған барлық жағынан, оның ішінде мемлекет құрылысында да, «өзінің» мемлекетін құру тәжірибесінде де теңдік берсе болғаны. Капитализм тұсында бұл «тәжірибе» соғысты, оқшаулануды, томаға-тұйықтықты, пұрсаттылығы бар шағын ұлттардың (Голландия, Швейцария) тар өрісті өзімшілдігін көрсетеді. Социализм тұсында еңбекшілер бұқарасының өзі таза экономикалық, жоғарыда көрсетілген себептер бойынша, томаға-тұйықтыққа еш жерде де бармайды, ал саяси формалардың әр алуандығы, мемлекеттен бөлініп шығу бостандығы, мемлекеттік құрылыс тәжірибесі — осылардың бәрі жалпы алғанда мемлекет атаулы құрымай тұрған кезде — бай мәдениетті өмірдің негізі, ұлттардың ерікті түрде жақындасу және бірігу процесінің жеделдеуінің кепілі болады.

Отарларды бөліп алып және оларды Европаға қарсы қойып, поляк жолдастардың қайшылыққа ұшырайтыны соншалық, мұның өзі олардың барлық қате дәлелдерін бірден-ақ күл-талқан етеді.

7. МАРКСИЗМ БЕ ӘЛДЕ ПРУДОНИЗМ БЕ?

Ирландияның бөлініп шығуына Маркстің қалай қарағанын айтқан біздің сілтемемізге поляк жолдастар, ерекше жағдай ретінде, жанамалап емес, тура қарсы шығып отыр. Ал олардың қарсылығы неде болып отыр? Маркстің 1848—1871 жж. ұстаған позициясына сүйенудің, олардың ойынша, «ешқандай құндылығы» жоқ. Бұл әдеттен тыс ашулы әрі үзілді-кесілді мәлімдеме Маркс «сонымен қабат» «чехтардың, оңтүстік славяндардың, т. с.»[24] тәуелсіздікке ұмтылуына да қарсы болған деумен дәлелденеді.

Бұл дәлелдеменің ерекше ашулы болатын себебінің өзі оның ерекше қисынсыздығында. Поляк марксистерінше былай болып шықты: Маркс әншейін бір шатастырушы, ол «сонымен қабат» қарама-қарсы нәрселерді де айтқан! Бұл мүлде дұрыс емес, бұл мүлде марксизм емес. Поляк жолдастар ұсынған, *оны қолданбау үшін ұсынып отырған,* «нақты» талдау жасау талабының дәл өзі бізге мынаны қарастыруды міндеттейді: Маркстің түрліше нақты «ұлттық» қозғалыстарға түрліше көзқарасы *нақ сол бір* дүниеге социалистік көзқарастан тумады ма екен.

Жұртқа мәлім, Маркс *европалық* демократия мүдделерінің тұрғысынан, оның күш пен ықпалға қарсы күресінде — былайша айтсақ: патша өкіметінің өктемдігі мен басым болған реакциялық ықпалына қарсы күресінде — Польшаның тәуелсіздігін жақтады. Бұл көзқарастың дұрыстығы 1849 жылы орыстың крепостниктік әскері Венгриядағы ұлт-азаттық және революциялық-демократиялық көтерілісті басып-жаныштқан кезде барынша айқын және іс жүзінде дәлелденді. Ал содан бастап Маркс қайтыс болғанға дейін, тіпті кейінірек, 1890 жылға дейін де, патша өкіметінің Франциямен одақтасқан реакциялық соғысының қаупі *импе-*

риалистік емес, қайта ұлттық тәуелсіз Германияға төнген кезде, Энгельс ең алдымен және көбіне-көп патша өкіметіне қарсы күресуді жақтады. Сондықтан, тек қана сондықтан, Маркс пен Энгельс чехтар мен оңтүстік славяндардың ұлттық қозғалысына қарсы болды. Маркс пен Энгельстің 1848—1849 жж. не жазғанын жай біліп қана қоюдың өзі марксизммен шұғылданғанда одан безу үшін шұғылданбайтын әрбір адамға мынаны көрсетеді: Маркс пен Энгельс Европада «орыстың форпосттары» болып қызмет атқарған «бірқатар реакцияшыл халықтарды» «революцияшыл халықтарға»: немістерге, поляктарға, мадьярларға ол кезде тікелей және айқын түрде *қарсы қойды.* Бұл факт. Ал бұл факті *ол кезде даусыз* дұрыс көрсетілген болатын: 1848 ж. революцияшыл халықтар бостандық жолында күресіп жатты, бұл бостандықтың басты жауы патша өкіметі болатын, ал чехтар және т. б. шынында да реакцияшыл халықтар болды, патша өкіметінің форпосттары болды.

Егер марксизмге адал боламыз десек, *нақты* түрде талдау керек болатын бұл нақты мысал бізге не айтады? Тек мынаны айтады: 1) Европаның бірнеше ірі және аса ірі халықтарын азат ету мүдделері ұсақ ұлттардың азаттық қозғалысының мүдделерінен жоғары тұрады; 2) демократияның талабын оқшауланған түрде емес, жалпы европалық көлемде алу керек — енді былай деуге болады: дүние жүзілік көлемде алу керек.

Басқа айтатын еш нәрсе жоқ. Поляктар ұмытып жүрген, Маркс *әрқашан* адал болған қарапайым социалистік принципті: басқа халықтарды езіп отырған халық еркін халық бола алмайды[25] деген принципті теріске шығарудың жұрнағы да жоқ. Егер халықаралық саясатта патша өкіметінің ықпалы басым болған заманда Маркс кездескен нақты жағдай, мәселен, мынадай формада қайталанса: бірнеше халық социалистік революцияны бастаса (1848 ж. Европада буржуазиялық-демократиялық революцияны бастағаны сияқты), ал *басқа* халықтар буржуазиялық реакцияның басты тіректері болып шықса,— бұларды «басып жаншу» үшін, бұлардың барлық форпосттарын қирату үшін біз де олармен революциялық соғыс жүргізуді жақтаймыз,

бұл арада ұсақ ұлттық қозғалыстың қандайына болса да қарамаймыз. Демек, біз Маркстің тактикасының үлгілерін эсте лақтырып тастауға тіпті тиіс емеспіз,— мұның өзі сөз жүзінде марксизмді мойындап, іс жүзінде одан безгендік болар еді,— қайта оларға нақты талдау жасаудан болашақ үшін баға жетпейтін сабақ алуымыз керек. Демократияның жекелеген талаптары, оның ішінде өзін өзі билеу де, абсолют емес, ал жалпы демократиялық (қазіргі: жалпы социалистік) *дүние жүзілік* қозғалыстың *бір бөлшегі*. Мүмкін, жекелеген нақты жағдайларда бөлшек жалпыға қайшы келер, онда оны қабылдамау керек. Мүмкін, елдердің біріндегі республикалық қозғалыс басқа бір елдердің клерикалдық немесе финанс-монархиялық айла-шарғыларының құралы ғана болып шығар,— онда біз нақ осы, нақты қозғалысты қолда*мауға* тиіспіз, бірақ осыған сүйеніп, халықаралық социал-демократияның программасынан республика ұранын алып тастау кісі күлерлік нәрсе болар еді.

Нақты жағдай 1848—1871 жылдардан бастап 1898—1916 жылдарға дейін нақ қалай өзгерді (империализмнің ең ірі кезеңдерін, мына сияқты дәуірлерін: испан-американ империалистік соғысынан бастап европалық империалистік соғысқа дейінгілерін аламын)? Жұртқа мәлім, патша өкіметі, 1-ден, оны халықаралық финанс капиталының, әсіресе Францияның қолдауы салдарынан, 2-ден, 1905 жылдың себебінен реакцияның басты тірегі болудан қалғаны даусыз еді. Ол кезде ірі ұлттық мемлекеттер жүйесі — Европа демократиялары — патша өкіметіне* қарамастан, дүние жүзіне демократия мен социализм әкеле жатыр еді. Маркс пен Энгельс

* Рязанов Грюнбергтің «Социализм тарихы жөніндегі архивінде» (1916, I) поляк мәселесі жөнінде Энгельстің 1866 ж. жазған өте-мөте көңіл бөлерлік мақаласын жариялады. Энгельс пролетариат үшін Европаның ірі, ұлы ұлттарының саяси тәуелсіздігін және «өзін өзі билеуін» (right to dispose of itself) мойындаудың қажет екендігін атап көрсетеді, сонымен қатар «ұлттар принципінің» (әсіресе оның бонапарттық пайдалануында), яғни кез келген ұсақ ұлтты осы ірі ұлттарға теңеудің сорақылығын атап көрсетеді. «Россия,— дейді Энгельс,— ұрлап алған орасан көп меншікті» (яғни езілген ұлттарды) «иемденуші, мұны есеп айырысқан күні оның қайырып беруіне тура келеді»[26]. Бонапартизм де, патша өкіметі де ұсақ ұлттық қозғалыстарды европалық демократияға *қарсы, өз* мүддесі үшін *пайдаланады*.

империализмге дейін өмір сүре алмады. Қазір бір шоғыр (саны 5—6) «ұлы» империалистік державалардың жүйесі қалыптасты, бұлардың әрқайсысы бөтен ұлттарды езеді, оның үстіне бұл езушілік капитализмнің құлауын әдейі бөгеудің, дүние жүзіне үстемдік етуші империалистік ұлттардың оппортунизмі мен социал-шовинизмін әдейі қолдаудың негіздерінің бірі болып табылады. Ол кезде өте ірі ұлттарды азат етуші батыс европалық демократия жеке ұсақ ұлттық қозғалыстарды реакция мақсатына пайдаланушы патша өкіметіне қарсы болған еді. Қазір патшалық және алдыңғы қатарлы капиталистік, европалық, империализмнің *одағы* — бұлардың бірқатар ұлттарды жаппай езуіне негізделген осы одақ шовинистік, «социал-империалистік», және революциялық болып бөлінген социалистік пролетариатқа қарсы тұр.

Жағдайдың нақты өзгерісі, міне, осында, өздерінің нақтылы боламыз деп берген уәделеріне қарамастан поляк социал-демократтары дәл осыны елемей отыр! Дәл сол социалистік принциптерді *қолданудағы* нақты өзгеріс осыдан туып отыр: *ол кезде* ең алдымен «патша өкіметіне қарсы» (және *ол* антидемократиялық бағытта пайдаланып отырған кейбір ұсақ ұлттық қозғалыстарға қарсы) Батыстың ірі ұлттық, революцияшыл, халықтарын жақтаған болатын. *Қазір* империалистік державалардың, империалистік буржуазияның, социал-империалистердің бірыңғай, қатарласқан, майданына қарсы, социалистік революцияның мақсаты үшін империализмге қарсы *барлық* ұлттық қозғалыстарды пайдалануды *жақтайды.* Енді жалпы империалистік майданға қарсы пролетариаттың күресі неғұрлым *таза* болса, «басқа халықтарды езіп отырған халық еркін халық бола алмайды» деген интернационалистік принцип, сірә, соғұрлым маңызды болмақ.

Прудонистер доктринерлік тұрғыдан түсінілген әлеуметтік революция *үшін* Польшаның халықаралық ролін елемеді, ұлттық қозғалыстардан теріс айналды. Социал-империалистерге қарсы күрестің интернационалдық майданын *бөлшектеп отырған* поляк социал-демократтары өздерінің аннексия мәселесі жөніндегі

ауытқуларымен сол социал-империалистерге жәрдемдесіп (объективті түрде), дәл жаңағыдай доктринерлік істеп отыр. Өйткені пролетарлық күрестің нақ интернационалдық майданы ұсақ ұлттардың нақты позициясы жөнінде түрін өзгертті: ол кезде (1848—1871) ұсақ ұлттар не «батыс демократиясы» мен революцияшыл халықтардың, не патша өкіметінің мүмкін одақтасы ретінде маңызды еді; қазір (1898—1914) ұсақ ұлттар ондай маңызынан айрылды; қазір олардың маңызы — паразитизмнің, демек, «ұлы державалық ұлттардың» социал-империализмінің нәрлі көзінің бірі болуында. Социалистік революцияға дейін ұсақ ұлттардың $^1/_{50}$ немесе $^1/_{100}$ бөлегі азаттық ала ма деген маңызды емес, қайта маңыздысы мынау: империализм заманында, объективті себептерге байланысты, пролетариат халықаралық екі лагерьге бөлінді, олардың бірі ұлы державалық буржуазияның дастарқанынан түскен,— реті келгенде айта кетейік, ұсақ ұлттарды екі жақты немесе үш жақты қанаудан да түскен,— қиқымдармен азғындалған, ал екіншісі, ұсақ ұлттарды азат етпейінше, бұқараны антишовинистік рухта, яғни антианнексионистік рухта, яғни «өзін өзі билеу» рухында тәрбиелемейінше, өзі азат бола алмайды.

Істің мәніне империализм заманындағы негізгі позиция тұрғысынан қара*майтын,* халықаралық пролетариаттың екі лагерінің көзқарасы тұрғысынан қарамайтын поляк жолдастар істің осы, ең басты жағын елемейді.

Олардың прудонизмінің тағы бір айқын мысалдары мынадай: 1) 1916 жылғы ирланд көтерілісіне көзқарас, ол туралы әңгіме төменде; 2) социалистік революция ұраны «еш нәрсемен бүркелуге тиіс емес» деген тезистердегі мәлімдеме (II, 3, 3-параграфтың аяғында). Социалистік революция ұранын қандай мәселеде де болмасын, оның ішінде ұлт мәселесінде де, дәйекті революциялық позициямен *байланыстырып,* «бүркеуге» болады-мыс деген идеяның өзі нағыз антимаркстік идея.

Поляк социал-демократтары біздің программамызды «ұлттық-реформистік» программа деп табады. Практи-

калық екі ұсынысты салыстырыңыздар: 1) автономияны жақтау (поляк тезистері III, 4) және 2) бөлініп шығу бостандығын жақтау. Біздің программаларымыздың айырмашылықтары, міне, осында, тек осында! Екіншіге қарағанда, нақ біріншінің реформистік болып табылатындығы айқын емес пе? Реформистік өзгеріс дегеніміз үстем таптың өкімет негіздерін жоймайды, бұл оның өз үстемдігін сақтай отырып, кеңшілік жасауы ғана. Революциялық өзгеріс өкімет негізін жояды. Реформистік өзгеріс ұлттық программада үстем ұлттың *барлық* пұрсаттылықтарын жой*майды*, толық тең праволылық орнатпайды, ұлттық езгі *атаулыны* жой*майды*. «Автономиялық» ұлт «державалық» ұлтпен тең праволы емес; поляк жолдастар, егер де *саяси* ұғымдар мен категорияларға талдау жасауды елемеуге қасарыса тырыспаған болса (дәл біздің бұрынғы «экономистер» сияқты), мұны байқамай кете алмас еді. Автономиялы Норвегия, Швецияның бір бөлшегі ретінде, 1905 жылға дейін ең кең автономияны пайдаланып келді, бірақ ол Швециямен тең праволы болған емес. Норвегияның еркін бөлініп шығуы ғана оның тең праволылығын *іс жүзінде* көрсетті және дәлелдеді (оның бер жағында — жақшаның ішінде қоса кетелік — нақ осы еркін бөлініп шығу праволар теңдестігіне негізделген неғұрлым тығыз, неғұрлым демократиялық жақындасуға негіз жасады). Норвегия автономиялы ғана болып тұрғанда швед аристократиясының басы артық *бір* пұрсаттылығы болды және бұл пұрсаттылық «бәсеңдеген» емес (— реформизмнің мәні кеселді жоюда емес, оны *бәсеңдетуде)*, ал бөлініп шыққан соң ол *мүлдем жойылды* (— программадағы революциялылықтың негізгі белгісі).

Реті келгенде айта кетелік: революциялық шара болып табылатын бөлініп шығу бостандығынан автономия, реформа ретінде, принципті түрде өзгеше. Бұл күмәнсыз. Бірақ реформа — жұрттың бәріне мәлім — практикада көбінесе революцияға қарай жасалған қадам ғана. Белгілі бір мемлекеттің шеңберінде зорлықпен ұсталып отырған ұлтқа ұлт болып біржола қалыптасуға, өз күштерін жинауға, тануға, ұйымдас-

тыруға, «норвегиялықтар» рухында... былай деп *мәлімдеу* үшін: біз, пәлендей ұлттың немесе түгендей өлкенің автономиялық сеймі бүкіл россиялық император поляк королі болудан қалды деп жариялаймыз, т. с. деп мәлімдеу үшін қолайлы кезеңді таңдап алуға нақ автономия мүмкіндік береді. Бұған әдетте: мұндай мәселелер декларация арқылы емес, соғыс арқылы шешіледі деп «қарсылық білдіреді». Әділ-ақ: орасан көп жағдайда соғыс арқылы шешіледі (ірі мемлекеттерді басқару формасы жөніндегі мәселелердің орасан көп жағдайда тек соғыстар немесе революциялар арқылы ғана шешілетіні сияқты). Алайда мынаны ойластырудың артықтығы жоқ: революциялық партияның саяси программасына қарсы *осындай* «қарсылық білдіру» логикаға сыя ма? Біз әділетті және пролетариатқа пайдалы іс *үшін*, демократия *үшін*, социализм үшін жүргізілетін соғыстар мен революцияларға қарсымыз ба?

«Бірақ біз, мүмкін, 10—20 миллион халқы бар шағын ұлттың проблемалық азаттығы үшін ұлы халықтардың араларында соғыстың болуын, 20 миллион халықтың соққыға жығылуын жақтай алмаймыз ғой»! Әрине, жақтай алмаймыз! Бірақ мұның себебі: біз толық ұлттық теңдік болуын өз программамыздан алып тастағандықтан емес, қайта бір елдің демократиясының мүдделерін *бірнеше* елдің, *барлық* елдердің демократиясының мүдделеріне бағындыру керектігінен. Айталық, екі үлкен монархияның арасында бір кішкене монархия бар делік, оның корольсымағы көршілес екі елдің де монархтарымен туыстық және басқа жағынан «байланысты» делік. Сонан соң былай делік: кішкене елде республика жариялау, *оның* монархын қуып жіберу — іс жүзінде бұл кішкене елдің белгілі бір монархын қалпына келтіру үшін көршілес екі үлкен елдің арасындағы соғыс болып шығар еді. Күмән жоқ, бүкіл халықаралық социал-демократия, кішкене елдің социал-демократиясының шын интернационалистік бөлегі сияқты, нақ осы ретте *монархияны республикамен өзгертуге қарсы болар еді.* Монархияны республикамен өзгерту — абсолют емес, қайта тұтас

алғандағы демократияның (онан да гөрі, әрине, социалистік пролетариаттың) мүдделеріне бағындырылған демократиялық талаптардың бірі. Сірә, мұндай жағдай қандай елдің болсын социал-демократтары арасында алауыздықтың көлеңкесін де туғызбаған болар еді. Ал егер *осыған* сүйеніп, қайсыбір социал-демократ халықаралық социал-демократияның программасынан республика ұранын жалпы алып тастауды ұсынса — оны, сірә, ақылынан адасқан деп санар еді. Оған: *ерекшеліктің жалпыдан* қарапайым логикалық айырмашылығын қалай да ұмытуға болмайды ғой деген болар еді.

Бұл мысал бізді, біршама басқа жағынан, жұмысшы табына *интернационалистік* тәрбие беру жөніндегі мәселеге әкеліп отыр. Бұл тәрбие — оның қажеттігі мен өте-мөте маңыздылығы жөнінде циммервальдтық солшылдар арасында пікір алалығы болуы мүмкін емес — үлкен, езуші ұлттар мен кішкене, езілген ұлттарда *нақтылы бірдей* бола ала ма? аннексиялаушы ұлттар мен аннексияланған ұлттарда *нақтылы бірдей* бола ала ма?

Тегінде, болмайды. Бір мақсатқа: барлық *ұлттардың* толық тең праволылығына, барынша тығыз жақындасуына және одан әрі *бірігуіне* жетуге бұл арада, сірә, әр түрлі нақты жолдармен баратын болар,— мұның өзі бәрібір, айталық, осы беттің ортасындағы нүктеге осы беттің бір бүйірінің шетінен солға қарай баратын және қарсы жақ шетінен оңға қарай баратын жол сияқты. Егер үлкен, езуші, аннексиялаушы ұлттың социал-демократы, ұлттардың жалпы бірігуін уағыздай отырып, бір сәтке болса да «оның» II Николайы, «оның» Вильгельмі, Георгі, Пуанкаресі және тағы басқалары *да* кішкене ұлттармен *бірігуді жақтайтынын* (аннексиялау жолымен) — II Николай Галициямен «бірігуді» жақтайтынын, II Вильгельм Бельгиямен «бірігуді» жақтайтынын және т. с. ұмытса — онда мұндай социал-демократ теорияда кісі күлерлік-доктринер, практикада империализмнің жәрдемшісі болып шығады.

Езуші елдердегі жұмысшыларға интернационалистік тәрбие берудің негізгі салмағы қашанда мынада

болуга тиіс: олар езілген елдердің бөлініп шығу бостандығын уағыздап, жақтауы керек. Мұнсыз интернационализм *жоқ*. Езуші ұлттың мұндай насихатты жүргіз*бейтін* социал-демократының қай-қайсысын болса да империалист деп, оңбаған адам деп жек көруге біз праволымыз және міндеттіміз де. Бөлініп шығудың *реті* социализмге дейін 1000 реттен тек 1 рет қана мүмкін және «іске асатын» болса да, мұның өзі сөзсіз қажет талап.

Біз жұмысшыларды ұлттық айырмашылықтарга «немқұрайдылық» рухында тәрбиелеуге міндеттіміз. Бұл даусыз. Бірақ *аннексионистердің* немқұрайдылығы рухында емес. Езуші ұлттың мүшесі ұсақ ұлттар *оның* мемлекетіне жата ма *немесе көршілес* мемлекетке жата ма немесе, өздерінің ұнатуы бойынша, өз бетімен тұра ма деген мәселеге «немқұрайды» болуға тиіс: мұндай «немқұрайдылық» болмайынша, ол социал-демократ *емес*. Интернационалист социал-демократ болу үшін өз ұлты туралы ғана ойлап *қоймау* керек, қайта барлық ұлттардың мүдделерін, олардың жалпыға бірдей бостандығын және тең праволы болуын *одан жоғары* қою керек. «Теорияда» мұнымен бәрі де келіседі, бірақ практикада нақ аннексионистік немқұрайдылық көрсетеді. Пәленің түп тамыры осында.

Мұның керісінше. Ұсақ ұлттың социал-демократы өз үгітінің негізгі салмағын біздің жалпы формуламыздың *екінші* сөзіне: ұлттардың «еркімен *бірігуіне»* аударуға тиіс. Интернационалист ретіндегі өзінің міндеттерін бұзбай-ақ, ол өз ұлтының саяси жағынан тәуелсіз болуын *да* жақтай алады, оның көршілес X, Y, Z, және басқа мемлекетке қосылуын *да* жақтай алады. Бірақ ол қашан болса да ұсақ ұлттық өрісі тарлыққа, томаға-тұйықтыққа, оқшаулыққа *қарсы* күресуге тиіс, тұтас және жалпы нәрсені есепке алу жолында, жеке мүддені жалпы мүддеге бағындыру жолында күресуге тиіс.

Мәселені жете ойластырмаған адамдар езуші ұлттардың социал-демократтары *«бөлініп шығу* бостандығын» жақтауы керек, ал езілген ұлттардың социал-де-

мократтары «*бірігу* бостандығын» жақтауы керек дегеннен «қайшылық» табады. Бірақ интернационализмге және ұлттардың бірігуіне жеткізетін бұдан *басқаша* жол жоқ екенін, *қазіргі жағдайдан* бұл мақсатқа жеткізетін басқаша жол жоқ және бола алмайтынын сәл ғана ойластыру айқын көрсетеді.

Сөйтіп біз енді голланд және поляк социал-демократиясының *ерекше* жағдайына таяп келіп отырмыз.

8. ГОЛЛАНД ЖӘНЕ ПОЛЯК ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ПОЗИЦИЯСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІК ПЕН ОРТАҚ НӘРСЕ

Өзін өзі билеуге қарсы болып отырған голланд және поляк марксистері халықаралық социал-демократияның таңдаулы революцияшыл, интернационалистік элементтеріне жататындығына титтей де күмән жоқ. Алайда олардың теориялық пайымдаулары, біздің көргеніміздей, кілең қателер шумағы болып отыр, дұрыс дерлік бірде-бір жалпы пайымдау жоқ, «империалистік экономизмнен» басқа еш нәрсе жоқ! сонда бұл қалайша осылай *болып отыр?*

Істің мәні әсте де голланд-поляк жолдастардың ерекше жаман субъективтік сапасында болып отырған жоқ, қайта олардың елдерінің *айрықша* объективтік жағдайларында болып отыр. Екі елдің екеуі де 1) ұлы державалардың қазіргі «жүйесінде» кішкентай және дәрменсіз; 2) екеуі де географиялық жағынан мейлінше қатты бәсекелес, орасан күшті империалистік жыртқыштардың (Англия мен Германия; Германия мен Россия) арасында орналасқан; 3) екеуінде де *өздері* «ұлы державалар» болған замандардың естеліктері мен дәстүрлері адам айтқысыз күшті: Англияға қарағанда, Голландия анағұрлым күшті, ұлы отарлы держава болған; Россия мен Пруссияға қарағанда Польша неғұрлым мәдениетті, неғұрлым күшті ұлы держава болған; 4) екеуі де бөтен халықтарды езу жағынан пұрсаттылықтарын осы уақытқа дейін сақтап келген: голланд буржуасы өте бай Голландия Индиясын иеле-

неді; поляк помещигі украин және белорусс «хлопын» қанап отыр, поляк буржуасы еврейді қанап отыр және т. т.

Осы айрықша төрт жағдайдың ұштасуынан тұратын мұндай өзіндік ерекшелікті сіздер Ирландияның, Португалияның (ол бір кезде Испанияның аннексиясы болған), Эльзастың, Норвегияның, Финляндияның, Украинаның, латыш, белорусс және көптеген басқа өлкелердің жағдайларынан таба алмайсыз. Міне, *істің бүкіл мәні* нақ осы өзіндік ерекшелікте! Голланд және поляк социал-демократтары *жалпы* дәлелдердің көмегімен, яғни жалпы алғанда империализмге, жалпы алғанда социализмге, жалпы алғанда демократияға, жалпы алғанда ұлттық езгіге қатысты дәлелдердің көмегімен өзін өзі билеуге қарсы пікір айтқан кезде, оларда шынымен-ақ қате қатеге мініп, қатемен қамшылап отыр деп айтуға болады. Бірақ жалпы дәлелдердің осы көрінеу қате *қабығын* алып тастап, істің *мәніне* Голландия мен Польшаның *айрықша* жағдайларының өзіндік ерекшелігі тұрғысынан қарасақ болғаны, олардың өзіндік ерекше позициясы *түсінікті* және әбден заңды бола бастайды. Өрескелдікке ұрынып қаламын ба деп қорықпастан мынаны айтуға болады: голланд және поляк социал-демократтары ауыздары көпіріп, өзін өзі билеуге қарсы шыққанда, олар нақ айтқысы келген нәрсесін айтып отырған жоқ, немесе басқаша айтқанда: олардың айтқысы келгені олардың нақ осы айтып отырғандары емес*.

Бір мысалды өзіміздің тезистерімізде келтіргенбіз**. Гортер *өз* елінің өзін өзі билеуіне қарсы, бірақ «оның ұлты езіп отырған Голландия Индиясының өзін өзі билеуін *жақтайды!* Өзін өзі билеуді мойындағанда немістердегі Каутский, біздегі Троцкий мен Мартов секілді соншалық сөз жүзінде, соншалық екіжүзділікпен мойындайтын, өзін өзі билеуді *осылай* мойындайтын адамдардан гөрі Гортерді біз неғұрлым шыншыл

* Мынаны еске салайық: *барлық* поляк социал-демократтары өздерінің Циммервальдтағы декларациясында *жалпы алғанда* өзін өзі билеуді *мойындаған*, тек азғантай басқашалау тұжырымда мойындаған болатын[27].

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 287-бет. *Ред.*

интернационалист, бізге неғұрлым жақын пікірлес деп отырғанымыз таңданарлық па? Марксизмнің жалпы және түбегейлі принциптерінен «менің өзімнің» ұлтым езіп отырған ұлттардың бөлініп шығу бостандығын жақтап күресу борышы сөзсіз туады, бірақ нақ Голландияның тәуелсіздігін бірінші орынға қою қажеттігі эсте де тумайды, ал Голландия болса бәрінен гөрі өрісі тар, мешеу, пайдакүнемдік, топастандыратын томаға-тұйықтықтан зардап шегіп отыр: бүкіл әлем қаран қалса да мейлі, онда біздің шаруамыз жоқ, «біз» өзіміздің ескі олжамызбен қанағаттанамыз, оның өте бай «қалдығымен», Индиямен, қанағаттанамыз, «біздің» басқа еш нәрседе шаруамыз жоқ!

Екінші мысал. Соғыс басталғаннан кейін герман социал-демократиясындағы интернационализм үшін өзінің батыл күресімен ерекше көп еңбек сіңірген поляк социал-демократы Карл Радек «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген мақаласында («Lichtstrahlen»[28] — Пруссия цензурасы тыйым салған, солшыл-радикалдық әрайлық, Ю. Борхардт редакциялаған — 1915, 5 декабрь, III жыл, 3-номері) өзін өзі билеуге өршелене қарсы шығып отыр, оның бер жағында өзінің пайдасына *тек* голланд және поляк беделділерінің сөздерін келтіреді және басқа дәлелдермен қатар өзін өзі билеу «социал-демократияның міндеті тәуелсіздік жолындағы күрес атаулының бәрін қолдау болып табылады-мыс» дейтін пікір туғызады деген дәлел де айтады.

Жалпы теория тұрғысынан алып қарағанда бұл дәлел тура сорақы нәрсе, өйткені онда тіпті логика жоқ: 1-ден, демократияның, егер жеке талап жалпы талапқа бағындырылмаса, қиянат туғызбайтын бірде-бір жеке талабы жоқ және болуы да мүмкін емес; тәуелсіздік жолындағы күрес «атаулыны», республикалық немесе поппшылдыққа қарсы қозғалыс «атаулыны» қолдай беруге біз міндетті емеспіз. 2-ден, ұлттық езгіге қарсы күрестің *нақ сондай* «кемістігі» болмаған *бірде-бір* тұжырымы жоқ және болуы да мүмкін емес. Радектің өзі «Berner Tagwacht»-та «ескі және жаңа аннексияларға қарсы» деген формуланы қолданды (1915, 253-

номері). Кез келген поляк ұлтшылы бұл формуладан заңды түрде мынадай «қорытынды» шығарады: «Польша дегеніміз аннексия, мен аннексияға қарсымын, *яғни* мен Польшаның тәуелсіздігін жақтаймын». Немесе Роза Люксембург, әлі есімде, 1908 ж. мақаласында[29] «ұлттық езгіге қарсы» деген формула жетіп жатыр деген пікір айтты. Бірақ аннексия дегеніміз ұлттық езгінің *бір* түрі, ал, *демек*, т. б.— деп кез келген поляк ұлтшылы айта алады — *және толық праволы түрде айта алады.*

Алайда осы жалпы дәлелдердің орнына Польшаның *айрықша* жағдайларын алыңыз: оның тәуелсіздігі *қазір* соғыстарсыз немесе революцияларсыз «жүзеге аспайды». Польшаны қалпына келтірудің тек бір өзі үшін ғана жалпы европалық соғыс болуын жақтау — нағыз оңбаған ұлтшыл болу деген сөз, саны жағынан онша көп емес поляктардың мүдделерін соғыстан зардап шегіп отырған жүздеген миллион адамдардың мүдделерінен жоғары қою деген сөз. Ал, мысалы, «фракилер» (ППС-оңшылдар)[30] нақ осындай, бұлар тек сөз жүзінде ғана социалистер, бұларға қарағанда поляк социал-демократтарынікі мың мәрте дұрыс. *Көршілес* империалистік державалардың *осы* күнгі арақатынасы жағдайында Польшаның тәуелсіздігі ұранын *қазір* ұсыну шынында да утопияға салыну, тар өрісті ұлтшылдыққа бой ұру, жалпы европалық немесе, ең болмағанда, орыс және неміс революцияларының алғы шартын ұмыту деген сөз болып табылады. Дәл сол сияқты, коалициялар бостандығы ұранын, дербес ұран ретінде, 1908—1914 жж. Россияда қою да объективті түрде столыпиндік жұмысшы партиясына (қазірде потресовтік-гвоздевтік, шынында екеуі бір нәрсе) жәрдемдесіп, утопияға салыну болар еді. Бірақ социал-демократияның программасынан коалиция бостандығы талабын жалпы алып тастау есуастық болар еді!

Үшінші — және, сірә, ең маңызды мысал. Поляк тезистерінде (III, 2-параграфтың аяғында) поляктің тәуелсіз буфер-мемлекетінің идеясына қарсы былай дегенді оқимыз: бұл «кішкене, әлсіз топтардың мағынасыз утопиясы. Іске аса қалса, бұл идеяның мәнісі

поляк мемлекетінің кішкентай бір сынығын құру болып табылар еді, ол ұлы державалардың белгілі бір тобының соғыс отары, олардың соғыс және экономикалық мүдделерінің ойыншығы, бөтен капиталдың қанау аймағы, болашақ соғыстарда ұрыс даласы болар еді». Мұның бәрі Польшаның *қазір* тәуелсіз болу ұранына *қарсы* өте *дұрыс*, өйткені тіпті жалғыз Польшадағы революция да бұл арада еш нәрсені өзгерте алмас еді, ал поляк бұқарасының назарын *басты* нәрседен: олардың күресінің орыс және неміс пролетариатының күресімен байланысынан басқа жаққа аударған болар еді. Поляк пролетариаты, қазіргі жағдайында, енді социализм мен бостандық ісіне, *мұның ішінде поляктың да* бостандығына, көршілес елдердің пролетарларымен *бірлескен* күрес, *тар өрісті поляк* ұлтшылдығына қарсы күрес арқылы ғана көмектесе алады, бұл парадокс емес, факт. Тар өрісті поляк ұлтшылдығына қарсы күресте поляк социал-демократтарының тарихи зор еңбек сіңіргендігін теріске шығаруға болмайды.

Бірақ нақ сол дәлелдер Польшаның *осы* замандағы *айрықша* жағдайларының тұрғысынан қарағанда дұрыс болғанмен, өздеріне берілген *жалпы* формада көрінеу дұрыс емес. Германия мен Россия арасындағы соғыстарда, әзірге соғыстар болып тұрғанда, Польша әрқашан ұрыс даласы болып қала береді, мұның өзі соғыстардың аралық дәуірлеріндегі үлкен саяси бостандыққа қарсы (ал, демек, саяси тәуелсіздікке де) дәлел емес. Бөтен капиталдың қанауы туралы, бөтен мүдделерді ойыншық ету ролі туралы пікір жөнінде де дәл осылай. Поляк социал-демократтары қазір Польшаның тәуелсіздігі ұранын алға қоя алмайды, өйткені интернационалист-пролетарлар ретінде поляктар бұл үшін еш нәрсе істей алмайды, «фракилерге» ұқсап империалистік монархиялардың *біріне* құлдық ұрып малай болмайынша, еш нәрсе істей алмайды. Бірақ орыс және неміс жұмысшылары үшін олар Польшаны аннексиялауға қатысушы бола ма (мұның өзі неміс және орыс жұмысшылары мен шаруаларын оңбаған арсыздық рухында, бөтен халықтардың жендеті болу

ролімен келісу рухында тәрбиелеу болады) немесе Польша тәуелсіз бола ма — бәрі бір *емес*.

Жағдай, сөз жоқ, өте шатасқан, бірақ бұдан шығатын жол бар: орыс және неміс социал-демократтары Польшаның сөзсіз «бөлініп шығу *бостандығын*» талап етсе, поляк социал-демократтары осы заман үшін немесе осы дәуір үшін Польшаның тәуелсіз болуы ұранын қоймай-ақ, шағын және үлкен елдерде пролетарлық күрестің бірлігін жақтап күрессе, міне мұндай жағдайда оған қатысушылардың бәрі интернационалистер болып қалар еді.

9. ЭНГЕЛЬСТІҢ КАУТСКИЙГЕ ХАТЫ

Әлі марксист болып тұрған кезінде Каутский «Социализм және отаршылдық саясат» деген кітапшасында (Берлин, 1907) өзіне 1882 ж. 12 сентябрьде Энгельстің жазған хатын жариялады; біз ынта қойып отырған мәселе жөнінде аса бағалы бұл хаттың басты бөлігі мынау:

«...Менің ойымша, нақ отарлар, яғни европалық халықтар отырған жерлер, Канада, Кап, Австралия, бәрі дербес болады; мұның керісінше, байырғы халықтар отырған тек бағынышты жерлерді, Индияны, Алжирді, голландтардың, португалдардың, испандардың иеліктерін, пролетариаттың уақытша қабылдап алуына, сөйтіп мүмкіндігінше тезірек дербестікке жеткізуіне тура келеді. Бұл процестің нақ қалай өрістейтіндігін айту қиын. Индия, мүмкін, революция жасар, бұл тіптен ықтимал нәрсе, ал азаттық алушы пролетариат отаршылдық соғыстар жүргізе алмайтындықтан мұнымен келісуге тура келеді, оның бер жағында, әлбетте, іс түрлі қиратусыз болмайды. Бірақ мұның өзі барлық революцияларда да болмай қоймайтын нәрселер. Осындай іс мұның үстіне басқа жерлерде де, мысалы, Алжирде, Египетте болуы мүмкін, ал *біздер үшін* мұның өзі, күмән жоқ, ең жақсысы болар еді. Бізге өз үйіміздегі жұмыс та жетіп жатыр. Европа мен Солтүстік Америка қайта құрылса-ақ болғаны, мұның өзі

сондай орасан зор күшпен сондай үлгі беріп, жартылай цивилизациялы елдер біздердің соңымыздан өздерінен өздері ереді; бұл жағын бір ғана экономикалық талаптардың өзі-ақ жайғастырады. Олар да социалистік ұйымға жеткенге дейін бұл елдерге қандай әлеуметтік және саяси сатылардан өтуге тура келеді, бұл туралы, менің ойымша, біз тек едәуір бос болжауды ғана ұсына алар едік. Бір ғана нәрсе күмәнсыз: *жеңімпаз пролетариат бөтен халықтың ешқайсысына ешқандай бақытты етуді таңбайды, таңған күнде өз жеңісіне зиянын тигізбей қоймайды.* Әлбетте, мұның өзі әр түрлі қорғаныс соғыстарын ешқандай да керексіз етпейді...»[31]

Энгельс барлық қиыншылықтарды «экономикалық» жағы өзінен өзі және тікелей жайғастырады деп әсте де ойламайды. Экономикалық төңкеріс *барлық* халықтарды социализмге *ұмтылуға* ынталандырады, бірақ бұл арада революция да — социалистік мемлекетке қарсы — соғыс та болуы мүмкін. Саясаттың экономикаға бейімделуі сөзсіз болады, бірақ бірден емес, жатық емес, жай ғана емес, тікелей емес. Энгельс «күмәнсыз» нәрсе ретінде бір ғана, сөзсіз интернационалистік, принципті ұсынады, ол оны *барлық* «бөтен халықтарға» қолданады, яғни отар халықтарға ғана емес: оларға бақытты етуді таңу пролетариаттың жеңісін жою болып табылар еді.

Пролетариат тек әлеуметтік революция жасағанынан әулие бола қоймайды, қателер мен осалдықтардан арылатын болмайды. Бірақ болуы мүмкін қателер (пайдакүнемдік мүдделері де — басқаның есесінен күн көруге тырысу) оны осы ақиқатты түсінуге сөзсіз алып келеді.

Біздердің бәріміз, циммервальдтық солшылдар, мынаған, мысалы, Каутскийдің де 1914 ж. өзінің марксизмнен шовинизмді қорғауға бет бұрғанына дейін сенгендеріне, атап айтқанда, социалистік революцияның *ең таяу* арада, сол Каутскийдің өзі бір кезде айтқанындай, «бүгін болмаса ертең» болуы әбден мүмкін екендігіне әбден сенеміз. Ұлттық ұнатпаушылықтар онша тез жоғалып кетпейді, езілген ұлттың езуші ұлт-

ка деген өшпенділігі — әбден заңды өшпенділік — уақытша *сақталады;* бұл өшпенділік социализм жеңгеннен *кейін* ғана және ұлттардың арасында толық демократиялық қатынастар түпкілікті орнағаннан *кейін* ғана сарқылып бітеді. Егер біз социализмге адал боламыз десек, біз бұқараны қазірден бастап интернационалистік рухта тәрбиелеуге тиіспіз, бұл тәрбие езілген ұлттар үшін бөлініп шығу бостандығының болуын езуші ұлттардың арасында уағыздамайынша мүмкін емес.

10. 1916 ЖЫЛҒЫ ИРЛАНД КӨТЕРІЛІСІ

Біздің тезистеріміз теориялық көзқарастарды тексеру үшін материал болуға тиісті осы көтерілістен бұрын жазылған.

Өзін өзі билеуге қарсылардың көзқарастары мынадай қорытындыға әкеледі: империализм езгісіндегі ұсақ ұлттардың өміршеңдігі қазірдің өзінде-ақ сарқылған, олар империализмге қарсы ешқандай роль атқара алмайды, олардың таза ұлттық талпыныстарын қолдау еш нәрсеге жеткізбейді және т. т. Мұндай қорытындыларды 1914—1916 жж. империалистік соғыстың тәжірибесі *іс жүзінде* теріске шығарады.

Соғыс батыс европалық ұлттар үшін, бүкіл империализм үшін дағдарыс заманы болды. Дағдарыс атаулының бәрі шарттылықты лақтырып тастайды, сыртқы жамылғыны жұлып тастайды, күні өткен нәрсені ысырып тастайды, неғұрлым тереңде жатқан серіппелер мен күштерді ашады. Езілген ұлттар қозғалысының тұрғысынан алғанда ол нені ашты? Отарларда көтеріліс жасауға тырысқан бірқатар әрекеттер болды, әлбетте, езуші ұлттар әскери цензураның жәрдемімен оларды жасыруға барынша тырысты. Солай бола тұрса да мыналар мәлім болып отыр: ағылшындар Сингапурда өздерінің үнді әскерлерінің көтерілісін айуандықпен жазалаған; француз Аннамында көтеріліс жасауға әрекет болған («Наше Словоны»[32] қараңыз) және немістің Камерунында да осындай әрекет болған

(Юниустың кітапшасын* қараңыз); Европада, бір жағынан, Ирландия көтеріліс жасаған, ирландықтарды жалпыға бірдей әскери міндеттілікке тартуға батылы бармаған «бостандық сүйгіш» ағылшындар бұл көтерілісті ату-асу арқылы басқан; ал екінші жағынан, Австрия үкіметі чех сеймінің депутаттарын «опасыздық жасағаны үшін» өлім жазасына кескен, сондай «қылмысы үшін» чехтардың бүтіндей полктарын атып тастаған.

Әлбетте, бұл тізбе тіпті, тіпті де толық емес. Дегенмен мұның өзі империализмнің дағдарысына *байланысты* ұлттық қозғалыстар отының отарларда *да*, Европада *да* тұтанғанын, ұлттық тілектестіктер мен ұнатпаушылықтар қатал қоқан-лоққылар мен жазалау шараларына қарамастан көрініп қалып отырғанын дәлелдейді. Ал империализмнің дағдарысы өз дамуының ең жоғарғы шегінен әлі алыс болды ғой: империалистік буржуазияның құдіреті әлі күйреген жоқ еді («титығына жеткізу» соғысы бұған жеткізе алады, бірақ әлі жеткізген жоқ); империалистік державалар ішіндегі пролетарлық қозғалыстар әлі мүлдем әлсіз. Соғыс әбден титығына жеткізген кезде немесе пролетарлық күрестің соққысынан ең болмағанда бір державада буржуазия өкіметінің, 1905 жылғы патша өкіметі сияқты, іргесі шайқалса, сол кезде не болмақ?

Кейбір солшылдар да бар циммервальдшылдардың органы «Berner Tagwacht» газетінде 1916 ж. 9 майда ирланд көтерілісі жөнінде К. Р. деген инициалдармен «Шаруасы бітті» деген тақырыппен мақала шықты. Ирланд көтерілісі, артық та емес, кем де емес, «бүлік» деп жарияланды, өйткені «ирланд мәселесі аграрлық мәселе еді», шаруалар реформалармен тыныштандырылған болатын, ұлтшылдық қозғалыс енді «таза қалалық, ұсақ буржуазиялық қозғалыс болды, қозғалыстың үлкен шу көтергеніне қарамастан, оны жақтағандар әлеуметтік жағынан көп болмады-мыс» делінді.

---

* Қараңыз: осы том, 9—11-беттер. *Ред.*

Өзінің доктринерлігі мен педанттығы жағынан бұл масқара бағаның орыс национал-либералы, кадет А. Кулишер мырзаның бағасымен, бұл да көтерілісті «Дублин бүлігі» деп атаған («Речь»[33], 1916, 102-номері, 15 апрель), дәл келгені таңданарлық емес.

«Өзін өзі билеуді» теріске шығарып, ұсақ ұлттардың ұлттық қозғалыстарына немқұрайды қарауымен өздерінің қандай батпаққа сырғып түсетінін түсінбеген көптеген жолдастардың енді империалистік буржуазия өкілі бағасының социал-демократтың бағасымен осы «кездейсоқ» дәл келуі әсерінен «жаман айтпай жақсы жоқ» деген мақал бойынша көздері ашылар деп сенуге болады!!

«Бүлік» туралы, сөздің ғылыми мағынасында, тек мына жағдайда: көтеріліс әрекеті бұқараның ешқандай тілектестігін туғызбай, ол тек заговоршылар үйірмесінің немесе жосықсыз маньяктардың әрекеті болған жағдайда ғана айтуға болады. Ғасырларға созылған ирланд ұлттық қозғалысы таптық мүдделердің түрлі кезеңдері мен ұштасуларынан өтіп, оның бержағында, Америкада болған Ирландияның тәуелсіздігін жақтап шыққан бұқаралық ирланд ұлттық конгресінде көрінді («Vorwärts», 20. III. 1916), — ұзақ уақыт болған бұқаралық үгіттен, демонстрациялардан, газеттерге тыйым салудан, т. с. кейін қала ұсақ буржуазиясының бір бөлегінің *және жұмысшылардың бір бөлегінің* көше ұрыстарынан көрінді. Кімде-кім *мұндай* көтерілісті бүлік деп атаса, ол не нағыз қаскөй реакционер, не әлеуметтік революцияны жанды құбылыс ретінде түсінуге мүлде қабілетсіз доктринер.

Өйткені әлеуметтік революция отарлар мен Европадағы кішкене ұлттардың көтерілістерінсіз, *өзіне тән барлық соқыр сенімдері* бар ұсақ буржуазияның бір бөлегінің революциялық дүмпулерінсіз, помещиктік, шіркеулік, монархиялық, ұлттық және т. с. езгіге қарсы санасыз пролетарлық және жартылай пролетарлық бұқараның қозғалысынсыз *болады деп ойлау* — бұлай ойлау *әлеуметтік революциядан безу* болып табылады. Мүмкін, бір жерде бір әскер сап түзеп: «біз социализмді жақтаймыз» дер, ал екінші жерде басқалары сап

түзеп: «біз империализмді жақтаймыз» дер, міне әлеуметтік революция деген осы болады демек қой! Тек осындай кісі күлерлік педанттық тұрғыдан қарап қана ирланд көтерілісін «бүлік» деп сөгуге мүмкін болар.

Кімде-кім «таза» әлеуметтік революция болады деп күтсе, онда ол оған *еш уақытта* да жете алмайды. Ол шын революцияны түсінбейтін сөз жүзіндегі революционер.

1905 ж. орыс революциясы буржуазиялық-демократиялық революция болды. Ол халықтың *барлық* наразы таптарының, топтарының, элементтерінің бірсыпыра шайқастарынан құралды. Олардың ішінде нағыз дөрекі соқыр сенімдері бар, күрестің нағыз күңгірт және қиялды мақсаттарын алға қойған толып жатқан адамдар болды, жапон ақшасын алған топсымақтар болды, жалдаптар, авантюристер және т. б. болды. *Объективті түрде* бұқара қозғалысы патша өкіметін қиратып жатты, демократияға жол тазалады, сондықтан саналы жұмысшылар оларға басшылық етті.

Европадағы социалистік революция езілгендер мен наразылар атаулының бәрінің бұқаралық күресінің дүмпуі болады, одан басқаша болуы *мүмкін емес*. Ұсақ буржуазия мен артта қалған жұмысшылардың бір бөлегі оған сөзсіз қатысады — мұндай қатысу болмайынша *бұқаралық* күрес мүмкін *емес*, *ешбір* революция мүмкін емес — және олар қозғалысқа өздерінің соқыр сенімдерін, өздерінің реакцияшыл қиялын, өздерінің осалдықтары мен қателерін енгізуі де соншалықты сөзсіз. Бірақ *объективті түрде* олар *капиталға* шабуыл жасайды, ал революцияның саналы авангарды, алдыңғы қатарлы пролетариат, әр түрлі, әуені әр басқа, ала-құла және сырт қарағанда бытыраңқы бұқаралық күрестің осы объективті ақиқатын көрсете отырып, оны біріктіре және бағыттай алады, өкіметті жеңіп ала алады, банктерді қолына ала алады, жұрттың бәрі жек көретін (себептері әр түрлі болса да!) трестерді экспроприациялай алады, басқа диктаторлық шараларды іс жүзіне асыра алады, бұл шаралар жинала келгенде буржуазияны құлатып, социализмнің жеңісін қамтамасыз етеді, бұл жеңіс ұсақ

буржуазиялық қоқыстардан тіпті де бірден «арыла» қоймайды.

Социал-демократия — деп оқимыз поляк тезистерінен (I, 4) — «отарлық жас буржуазияның европалық империализмге қарсы бағытталған күресін *Европадағы революциялық дағдарысты шиеленістіру үшін* пайдалануға тиіс». (Курсив авторлардыкі.)

Бұл жөнінен Европаны отарларға қарсы қоюдың орындылығы бәрінен де кем екендігі айқын емес пе? *Европадағы* езілген ұлттардың күресі, көтерілістер мен көше шайқастарына дейін, әскердің темірдей тәртібін және қоршау жағдайын бұзуға дейін жететін күресі, осы күрес алыста жатқан отардағы анағұрлым қызған көтеріліске қарағанда «Европадағы революциялық дағдарысты» әлдеқайда күштірек «шиеленістіреді». Ағылшын империалистік буржуазиясының өкіметіне Ирландиядағы көтеріліс берген соққының саяси мәні Азиядағы немесе Африкадағы күші жағынан сонымен бірдей соққыға қарағанда жүз есе артық.

Жуырда француздың шовинистік баспасөзі Бельгияда «Азат Бельгия» құпия журналының 80-номері шықты деп хабарлады. Әрине, Францияның шовинистік баспасөзі екінің бірінде өтірік айтады, бірақ бұл хабар шынға ұқсайды. Шовинистік және каутскийшілдік неміс социал-демократиясы соғыстың екі жылы ішінде әскери цензураның езгісіне құлдық ұрып, өзіне еркін баспасөз ұйымдастырмаған уақытта (тек солшыл радикал элементтер, олардың еңбегін атап өтелік, цензурасыз кітапшалар мен прокламациялар шығарып келді),— осы уақытта езілген мәдениетті ұлт әскери езгінің құлақ естімеген зорлықтарына революциялық наразылық органын құрумен жауап береді! Империализммен күресте *дербес* фактор ретінде әлсіз ұсақ ұлттар империализмге қарсы *нағыз* күштің, атап айтқанда: социалистік пролетариаттың сахнаға шығуына жәрдемдесетін ферменттердің бірінің, бациллалардың бірінің ролін атқарады — тарих диалектикасы осындай.

Бас штабтар қазіргі соғыста өз дұшпандарының лагеріндегі ұлттық және революциялық қозғалыс атау-

лыны пайдалануға жан сала тырысады, немістер — ирланд көтерілісін, французлар — чех қозғалысын пайдаланады және т. с. Ал өз көзқарастары тұрғысынан олар әбден дұрыс жасап отыр. Дұшпанның тіпті сәл осалдығын болса да пайдаланбай, мүмкіндік атаулыны пайдаланып қалмай, елеулі соғысқа елеулі түрде қарадық деуге болмайды, әсіресе белгілі бір жерде немесе белгілі бір оқ-дәрі қоймасын нақ қай сәтте және нақ қандай күшпен «қопарып-жаратынын» күні бұрын білуге болмайды. Егер пролетариаттың социализм жолындағы ұлы азаттық соғысында империализмнің *жекелеген* кесапаттарына қарсы халық қозғалысы *атаулыны* дағдарысты шиеленістіру және ұлғайту мүдделері үшін пайдалана білмесек, біз тым нашар революционерлер болар едік. Егер біз, бір жағынан, ұлттық езгі атаулыға «қарсымыз» деп мың құбылтып мәлімдеп, қайта-қайта айта берсек, ал екінші жағынан, езілген ұлттың кейбір таптарының неғұрлым икемді, интеллигенттік бөлегінің езушілерге қарсы ерлік көтерілісін «бүлік» деп атасақ,— біз өзімізді каутскийшілдер сияқты соншалықты топастық дәрежеге дейін құлдыратқан болар едік.

Ирландықтардың бақытсыздығы мынада — олар көтеріліске мезгілсіз уақытта шықты,— пролетариаттың европалық көтерілісі *әлі* пісіп жетпеген кезде көтерілді. Көтерілістердің түрлі қайнар көздері, сәтсіздіктерсіз және жеңілістерсіз, өзінен-өзі бірден бір арнаға құятындай болып капитализм үйлесімді құрылған емес. Керісінше, көтерілістердің нақ әр кезділігі, әр тектілігі, әр жерде болатындығы жалпы қозғалыстың кеңеюі мен тереңдеуіне кепіл болады; мезгілсіз, жеке, бытыраңқы, сондықтан да сәтсіз революциялық қозғалыстардың тәжірибесінен бұқара сабақ алады, үйренеді, күш жинайды, өзінің нағыз көсемдерін, социалистік пролетарларды көреді, сөйтіп осынысы арқылы, жеке стачкалардың, қалалық және ұлттық демонстрациялардың, әскер арасындағы қозғалыстардың, шаруалар арасындағы дүмпулердің және тағы басқалардың 1905 жылғы жалпы тегеурінді дайындағаны сияқты, жалпы тегеурінді дайындайды.

11. ҚОРЫТЫНДЫ

Поляк социал-демократтарының теріс пайымдауларына қарамастан, ұлттардың өзін өзі билеу талабы біздің партиялық үгітімізде, мысалы, халықты қаруландыру, шіркеуді мемлекеттен бөлектеу, чиновниктерді халықтың сайлап қоюы сияқты және тоғышарлар «утопиялық» деп атайтын басқа пункттерге қарағанда, кем роль атқарған жоқ. Керісінше, 1905 ж. кейін ұлттық қозғалыстардың жандануы, әлбетте, біздің үгітіміздің де жандана түсуіне жеткізді: 1912—1913 жж. бірқатар мақалаларды, істің *мәніне* дәл және «антикаутскийшілдік» (ягни тек сөз жүзінде «мойындауға» ымырасыз) анықтама берген біздің партияның 1913 ж. қарарын туғызды*.

Сол кездің өзінде-ақ орағытып кетуге болмайтын мынадай факті көрінді: түрлі ұлттардың оппортунистері, украин Юркевич, бундшыл Либман, Потресов пен К^{0}-нің россиялық малайы — Семковский өзін өзі билеуге *қарсы* Роза Люксембургтің дәлелдерін *жақтап* шықты! Поляк социал-демократкасының Польшадағы қозғалыстың *айрықша* жағдайларын теория жүзінде теріс қорытындылауы ғана болған нәрсе бірден іс жүзінде, анағұрлым кең жағдайда, кішкене емес, қайта үлкен мемлекеттің жағдайында, поляктық тар көлемде емес, қайта интернационалдық көлемде, *объективті* түрде великорустық империализмді оппортунистік қолдау болып шықты. Саяси ой *ағымдарының* тарихы (адамдардың көзқарастарынан өзгеше) біздің программамыздың дұрыстығын дәлелдеп берді.

Ал қазір Ленч сияқты ашық социал-империалистер өзін өзі билеуге де, аннексияларды мойындамауға да тікелей қарсы шығып отыр. Ал каутскийшілдер өзін өзі билеуді екіжүзділікпен мойындайды — бізде Россияда бұл жолға Троцкий мен Мартов түсіп отыр. Сөз жүзінде *екеуі де,* Каутский сияқты, өзін өзі билеуді жақтайды. Ал іс жүзінде ше? Троцкийден — оның «Наше Словодағы» «Ұлт және шаруашылық» деген мақаласын алыңыз — оның дағдылы эклектицизмін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 64—66-беттер. *Ред.*

көреміз: бір жағынан, шаруашылық ұлттарды біріктіреді, екінші жағынан, ұлттық езгі оларды ажыратады. Қорытынды қандай? Қорытынды мынадай: етек алған екіжүзділік әшкереленбей қалып отыр, үгіт әсерсіз болып, басты, негізгі, елеулі, практикаға жуық нәрсені: «менің» ұлтым езіп отырған ұлтқа көзқарасты қозғамай отыр. Мартов және шетелдегі басқа секретарьлар өздерінің әріптесі және мүшелесі Семковскийдің өзін өзі билеуге қарсы күресін әншейін ұмытып кетуді артық көреді — тиімді ұмытшақтық! Гвоздевшілдердің жария баспасөзінде («Наш Голос»[34]) Мартов өзін өзі билеуді *жақтап* жазды, жазғанда империалистік соғыста өзін өзі билеу оған қатысуға, т. с. *әлі* міндеттемейді деген даусыз ақиқатты дәлелдеді, бірақ басты мәселені орағытып кетіп отыр — ол мұны құпия, еркін баспасөзде де орағытып кетеді! — атап айтқанда, Россияның *бейбітшілік уақытта да* анағұрлым дөрекі, орта ғасырлық, экономикалық жағынан артта қалған, әскери-бюрократтық империализмнің негізінде ұлттарды езудің дүние жүзілік рекордынан асып түскенін орағытып кетіп отыр. Ұлттардың өзін өзі билеуін мойындағанда Плеханов, Потресов мырзалардың және К°-нің мойындағаны сияқты мойындайтын, яғни патша өкіметі езіп отырған ұлттардың бөлініп шығу бостандығы үшін күреспей «мойындайтын» орыс социал-демократы *іс жүзінде* империалист және патша өкіметінің малайы болып табылады.

Троцкий мен Мартовтың субъективтік «ізгі» ниеттері қандай болса да, олар өздерінің жалтаруымен объективті түрде орыс социал-империализмін қолдайды. Империалистік заман барлық «ұлы» державаларды бірқатар ұлттарды езушілерге айналдырды, сондықтан империализмнің даму барысы халықаралық социал-демократияда да ағымдардың бұл мәселе жөнінде неғұрлым айқын бөлінуіне сөзсіз алып келеді.

1916 ж. июльде жазылған

1916 ж. октябрьде «„Социал-Демократ" жинағының» 1-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

«ИМПЕРИАЛИСТІК ЭКОНОМИЗМНІҢ» ТУЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БАҒЫТЫ ТУРАЛЫ[35]

1894—1902 жылдардағы бұрынғы «экономизм» былайша пайымдады. Халықшылдар теріске шығарылды. Россияда капитализм жеңді. Демек, саяси революциялар туралы ойлаудың керегі жоқ. Практикалық қорытынды: не «жұмысшыларға экономикалық, либералдарға саяси күрес». Бұл — оңға қарай жалт беру. Не — саяси революцияның орнына социалистік төңкеріс жасау үшін жаппай стачка. Бұл — 90-жылдардың аяқ шеніндегі орыс «экономисінің» қазір ұмыт болған бір кітапшасында көрсетілген[36], солға қарай жалт беру.

Қазір әлгі тәрізді екі түрлі жалт беру бағытында пайымдайтын жаңа «экономизм» туып келеді: «оңға» қарай жалт беру — біз «өзін өзі билеу правосына» қарсымыз (яғни езілген халықтарды азат етуге қарсымыз, аннексиялармен күресуге қарсымыз,— мұның өзі әлі ойланып болмаған немесе айтылып болмаған нәрсе). «Солға» қарай жалт беру — біз программа-минимумге қарсымыз (яғни реформа жолында және демократия жолында күресуге қарсымыз), өйткені мұның өзі социалистік революцияға «қайшы келеді».

Осы туып келе жатқан бағыттың бірнеше жолдастардың алдында, атап айтқанда 1915 жылғы көктемде Бернде болған кеңесте байқалғанынан бері бір жылдан астам уақыт өтті. Бақытымызға қарай, ол кезде *жұрттың бәрі* мақұлдамаған бір жолдас қана «империалистік экономизмнің» осы идеяларын кеңестің ақырына дейін қорғап, оларды ерекше «тезистер» ретінде жазбаша түрде тұжырымдады. Бұл тезистерге *ешкім* қосылмады[37].

Сонан соң әлгі жолдастың өзін өзі билеуге қарсы тезистеріне тағы екі адам (бұл мәселенің жаңа ғана аталған «тезистердің» жалпы позициясымен айырғысыз байланысын түсінбей) қосылды[38]. Ал «Интернационалдық Социалистік Комиссия Бюллетенінің» 3-номерінде басылған, «Голланд программасының»[39] 1916 ж. февральда жарыққа шығуы осы «түсініспеушілікті» *бірден* байқатты, сөйтіп алғашқы «тезистердің» авторының өзінің бүкіл «империалистік экономизмін», бейне бір «жеке» пунктке қолдану жөнінде емес, енді тағы да тұтасымен *жаңғыртуына жаңадан* түрткі болды.

Тиісті жолдастарға олардың *батпаққа батқандығын,* олардың «идеяларының» *марксизмге де, революциялық социал-демократияға да ешқандай қатысы жоқ екендігін* үсті-үстіне *ескертудің* сөзсіз қажеттігі туып отыр. Мәселені бұдан әрі «бүркеулі» қалдыра беруге болмайды: мұның өзі идеялық шатасушылықты қолдап, оны келіспеушіліктердің, «жеке» дау-жанжалдардың, бітіспес «егестердің», т. т. *өте жаман жағына* бағыттау деген сөз. Қайта керісінше, біздің борышымыз — алға қойылған мәселелерді бір жолата ойластырып, талдаудың *міндеттілігін* барынша сөзсіз, барынша үзілді-кесілді талап ету.

«Социал-Демократ» редакциясы, өзін-өзі билеу туралы мәселенің реформа жолындағы, демократия жолындағы күрес туралы, *саяси* жағын елемеуге болмайтындығы туралы *жалпы* мәселемен *байланысын,* т. т. айрықша баса көрсетіп, өзін өзі билеу туралы тезистерде* (немісше, «Vorbote»-нің 2-номерінен оттиск ретінде басылған) мәселені *арнаусыз* формада, бірақ неғұрлым толық формада баспасөзге әдейі шығарды. Алғашқы тезистердің («империалистік экономизмнің») авторы өзін өзі билеу туралы редакцияның тезистері жөніндегі өз ескертпелерінде *голланд программасына қосылады,* сөйтіп осынысы арқылы оның өзі: өзін өзі билеу туралы мәселенің, мұны туып келе

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 279—294-беттер. *Ред.*

жатқан бағыт авторларының қоюында, әсте де «жеке» мәселе емес, жалпы және негізгі мәселе екенін ерекше айқын көрсетіп отыр.

Голландтардың программасын Циммервальдтық солшыл топтың өкілдері 1916 ж. 5—8 февральда Интернационалдық социалистік комиссияның Берндегі болған мәжілісінде алды[40]. Осы солшыл топ мүшелерінің бірде-бірі, *оның ішінде Радек те*, бұл программаны жақтап сөйлеген *жоқ*, өйткені ол «банктерді экспроприациялау» сияқты пункттер мен «саудада баж салығын жою», «сенаттың бірінші палатасын жою», т. с. сияқты пункттерді қалай болса солай, ретсіз біріктіріп жібереді. Циммервальдтық солшыл топ өкілдерінің бәрі біраўыздан, жарты ауыз сөзбен — тіпті сөз айтпастан дерлік, тек таңданып,— голланд программасын тұтас алғанда көрінеу сәтсіз программа деп санап, оған соқпай өтті.

Ал 1915 жылғы көктемде жазылған алғашқы тезистердің авторына бұл программаның ұнағандығы сонщалық, ол былай деп мәлімдеді: «мен шын мәнінде бұдан артық ештеме айтқаным да жоқ» (1915 ж. көктемде), «голландтар **ойлап тапқан**»: *«оларда экономикалық жағы — банктер мен ірі өндірістерді (кәсіпорындарды) экспроприациялау», «саяси жағы — республика және басқалар. Мүлде дұрыс!».*

Ал шынында, голландтар «ойлап тапқан» жоқ, қайта мүлде *ойластырылмаған* программа берді. Россияның өкінішті тағдырының белгісі — бізде кейбір адамдардың ең жаңа жаңалықтағы нақ ойластырылмаған нәрсеге жармасатынында...

1915 жылғы тезистердің авторына «Социал-Демократ» редакциясы 8-параграфта («Нақты міндеттер») тіпті «дереу» («диктаторлық шараларды» қоса) деген сөзді қосып, «банктерді экспроприациялауды» «өзі» ұсынғанда, қайшылыққа ұрынған сияқты болып көрінеді. 1915 ж. тезистердің авторы 1915 жылы көктемде Бернде болған таластарды еске алып: «Ал Бернде мені дәл осы үшін қандай ұрысты десеңші!» деп ызалана екіленеді.

Бұл автор «ұсақ-түйекті» ұмытып, байқамай қалған:

«Социал-Демократ» редакциясы 8-параграфта *екі* жағдайды айқын талдайды: I — социалистік революция *басталған* екен. Бұл ретте, делінген онда, «банктерді дереу экспроприациялау» және сондайлар. II жағдай: социалистік революция басталмай *тұр* екен, бұл ретте әлгі жақсы нәрселер туралы сөз етуді қоя тұруға тура келеді.

Ал *қазір* социалистік революция, көрсетілген мағынада, көрінеу, әлі басталмай отыр, сондықтан, голландтардың программасы қисынсыз да. Ал тезистердің авторы: саяси талаптарды («бірінші палатаны жою» сияқты ма?) *«әлеуметтік революцияның саяси тұжырымына»* айналдыру керек деген өзінің ескі қатесіне қайта оралып («әрқашан дәл осы жерде»...), мәселені *«тереңдете* түседі».

Автор жыл бойына бір орында айналсоқтап жүріп, өзінің ескі қатесіне қайтып келді. Оның сорлылығының «түйіні» мынада: марқұм «экономизм» орнап отырған капитализмді демократия жолындағы күреспен қалай байланыстыра білмесе, *орнап отырған империализмді реформа жолындағы күреспен, демократия жолындағы күреспен қалай байланыстыру* мәселесін ол да мүлде түсіне алмай отыр.

Империализм тұсында демократиялық талаптардың «жүзеге аспайтындығы» туралы мәселедегі барып тұрған шатасушылық — осыдан.

Саяси күресті марксиске лайықсыз (тек «экономист» рабочемысльшылдың ғана айтуына орынды), әрқашанғы сияқты, енді, қазір, дереу елемеу — осыдан.

Империализмді *мойындаудан* империализмді *мадақтауға* «ауып кете беретін» (марқұм «экономистердің» капитализмді мойындаудан капитализмді мадақтауға ауып кете бергені сияқты) қарыспа қасиет — осыдан.

Т. т. және т. с.

1915 ж. тезистер авторының «Социал-Демократ» редакциясының өзін өзі билеу туралы тезистеріне жасаған ескертпелеріндегі оның қателерін егжей-тегжейлі талдауға ешбір мүмкіндік жоқ, өйткені *әрбір сөйлемі*

дұрыс емес! Егер «империалистік экономизмнің» инициаторлары жыл бойы бір орында айналсоқтап жүріп, өздерінің тікелей партиялық борышы болып отырған нәрсенің қамын ойлағысы келмей қарысып отырса, егер олар саяси мәселелерді, атап айтқанда: «біздің алауыздықтарымыз» деп атайтын нәрсесін ойланып, тұтас баяндауға шындап қарағысы келмей отырса, «ескертпелерге» жауап ретінде кітапшалар немесе кітаптар жазуға болмайды ғой.

Мен өзінің негізгі қатесін автордың қалай қолданатынын немесе оны қалай «толықтыратынын» қысқаша көрсетумен ғана шектелуге мәжбүр болып отырмын.

Автордың ойынша, мен өзіме өзім қайшы келетін сияқтымын: 1914 ж. («Просвещение»[41]) өзін өзі билеуді *«батыс европалық социалистердің* **программаларынан»*** іздеу қисынсыз деп жазыппын да, 1916 ж. өзін өзі билеу айрықша маңызды деп жариялаппын.

Автор бұл «программалардың» 1875, 1880, 1891 жылдары жазылғанын ойламапты (!!)![42]

Бұдан әрі параграфтар (*«Социал-Демократ»* редакциясының өзін өзі билеу туралы тезистерінің) бойынша:

§ 1. Бұл да «экономистерше» *саяси* мәселелерді көргісі және қойғысы келмеушілік. *Өйткені* социализм саясатта ұлттық езгіні жою үшін экономикалық база жасайды, *сондықтан* біздің автор бұл саладағы біздің *саяси міндеттерімізді* тұжырымдағысы келмейді! Бұл тура адам күлерлік нәрсе!

Өйткені жеңімпаз пролетариат басқа елдердің буржуазиясымен соғыстарды жоққа шығармайды, *сондықтан* автор ұлттық езгі саласындағы біздің саяси міндеттерімізді тұжырымдағысы келмейді!! Барлығы — марксизм мен логиканы жаппай бұзудың мысалдары; немесе, егер керек десеңіз, «империалистік экономизмнің» негізгі қателері *логикасының* көрінісі.

§ 2. Өзін өзі билеуге қарсылар «жүзеге аспайтындыққа» сүйеніп, оңбай шатасқан.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 298-бет. *Ред.*

«Социал-Демократ» редакциясы оларға жүзеге аспайтындықтың болуы мүмкін *екі* маңызын және олардың осы екі жағдайдың *екеуінде де* жіберген қатесін түсіндіреді.

Ал 1915 ж. тезистердің авторы «жүзеге аспайтындықты» *өзінің* қалай түсінетінін айтуға тіпті әрекет те жасамастан, яғни біздің бұл арада әр түрлі екі мәселе шатастырылып отыр деген түсіндіруімізді *қабылдап, осы шатасушылықты жалғастыра түседі!!*

Дағдарыстарды ол «империалистік» «саясатпен» байланыстырады: біздің саяси-экономияшы дағдарыстардың империализмге *дейін* болғанын *ұ м ы т қ а н!..*

Өзін өзі билеудің экономикалық жағынан жүзеге аспайтындығы туралы сөз қылу шатастыру болып табылады — деп түсіндіреді редакция. Автор өзін өзі билеуді *экономикалық* жағынан жүзеге аспайды деп санаймын деп жауап *бермейді*, мәлімдеме *жасамайды; саяси* жағынан алғанда империализм тұсында өзін өзі билеудің «жүзеге аспайтындығы» сияқты, республиканың да мүлде «жүзеге аспайтындығы» оған айдан анық айтылса да, ол саясатқа қарғып түсіп («дегенмен» жүзеге аспайды), таласқан позициясын беріп қояды.

Бұл арада қысылған автор тағы бір «қарғиды»: ол республиканы да, бүкіл программа-минимумды да «әлеуметтік революцияның саяси тұжырымы» ретінде ғана мойындайды!!!

Автор саясатқа қарғып түсіп, өзін өзі билеудің «экономикалық» жағынан жүзеге аспайтындығын қорғаудан бас тартады. Ол саяси жағынан жүзеге аспайтындықты бүкіл программа-минимум туралы мәселеге қолданады. Бұл арада да марксизмнің нышаны жоқ, *«империалистік экономизмнің» логикасы болмаса,* басқа логиканың нышаны жоқ.

Автор социал-демократиялық партияның программа-минимумын *байқатпай* (өзі ойланбай, тұтас ештеме бермей, өз программасын жасап шығаруға еңбектенбей) лақтырып тастағысы келеді! Оның жыл бойы бір орында айналсоқтауы таңданарлық емес!!

Каутскийшілдікке қарсы күресу туралы мәселе де

жеке мәселе емес, қайта қазіргі заманның *жалпы* және *негізгі* мәселесі: автор бұл күресті *түсінбеген*. «Экономистер» халықшылдарға қарсы күресті капитализмді мадақтауға қалай айналдырса, автор да каутскийшілдікке қарсы күресті империализмді мадақтауға солай айналдырып отыр (бұл 3-параграфқа да қатысты).

Каутскийшілдіктің қатесі сол, ол революциялылық тұрғыдан басқаша тұрғыда қоюға болмайтын талаптарды осындай кезеңде де реформистік тұрғыда қояды («экономистердің» халықшылдыққа қарсы күресті «самодержавие жойылсын» деу халықшылдық болып табылады деген мағынада түсінгені сияқты, автор каутскийшілдіктің қатесі жалпы алғанда осы талаптарды қою болып табылады-мыс дегенге қарай ойысады).

Каутскийшілдіктің қатесі сол, ол *дұрыс* демократиялық талаптарды ілгері қарай, әлеуметтік революцияға қарай емес, кейін қарай, бейбіт капитализмге қарай бұрады (ал автор бұл талаптар дұрыс емес дегенге қарай ойысады).

§ 3. Жоғарыда айтылғанды қараңыз. Автор «федерация» туралы мәселені *де* орағытып кетеді. Тағы да сол «экономизмнің» тағы да сол негізгі қатесі: *саяси* мәселелерді қоя білмеушілік*.

§ 4. «Өзін өзі билеуден отанды қорғау туады»,— деп қарысып болмайды автор. Бұл арада оның қатесі сол, ол отанды қорғауды теріске шығаруды *шаблонға* айналдырып, оны *қазіргі* соғыстың нақты-тарихи ерекшелігінен *емес*, «жалпылама» шығаргысы келеді. Бұл марксизм емес.

Авторға: ұлттық езгімен немесе тең правосыздықпен күресудің бір тұжырымын ойлап тауып көріңіз және де ол (тұжырым) «отанды қорғауды» ақта*майтын* болсын. Сіз мұны істей алмайсыз, деп әлдеқашан-ақ айтылған. Ол мұны теріске шығарған жоқ.

---

* «Біз ыдыраулардан қорықпаймыз,— деп жазады автор,— біз мемлекеттік шекараларды қорғамаймыз». Осының дәл саяси тұжырымын беріп көріңізші! *Сіз мұны істей алмайсыз*, мәселенің түйіні де сонда, *саяси демократия* мәселелеріне деген «экономикалық» соқырлық сізге кедергі жасайды.

Ұлттық езгіден отанды қорғауды шығаруға *болатын* болса, ол біздің ұлттық езгімен күресуге қарсы екендігіміз бола ма?

Жоқ. Өйткені біз «отанды қорғауға» «жалпы» қарсы емеспіз (біздің партияның қарарын қараңыз*), қайта бұл алдауыш ұранмен қазіргі *империалистік* соғысты *боямалауға* қарсымыз.

Автор «отанды қорғау» туралы мәселені *түбірінен* теріс, *т а р и х қ а с ә й к е с т і р м е й* қойғысы *к е л е д і* (бірақ қоя алмайды; ол бұл арада да бүтін бір жыл бойына текке әуреленді...).

«Дуализм» туралы сөздері автордың монизмнің не екенін және дуализмнің не екенін *түсінбейтіндігін* көрсетеді.

Егер мен етік щеткасы мен сүт қоректілерді «біріктірсем», бұл «монизм» бола ма?

Егер мен *а* нысанаға



б пункттен солға қарай, ал *в* пункттен оңға қарай жүру керек десем, бұл «дуализм» бола ма?

Езуші ұлттар мен езілген ұлттар пролетариатының жағдайы ұлттық езгі жөнінен алғанда бірдей ме? Жоқ, бірдей емес, *экономика* жағынан да, *саясат* жағынан да, *идеялық, рухани, т. с.* жағынан да бірдей емес.

Ендеше?

Ендеше, *әр түрлі* бастама пункттерден *бір* нысанаға (ұлттардың бірігуі) біреулер *б і р т ү р л і*, екіншілер *б а с қ а ш а т ү р л і* жолмен барады. Мұны теріске шығару етік щеткасын сүт қоректілермен біріктіретін «монизм» болады.

«Езілген ұлттың пролетарларына мұны айтуға» (өзін өзі билеу *үшін*) *«болмайды»* — деп «түсінген» автор редакция тезистерін.

Бұл адам күлерлік нәрсе!! Тезистерде *бұл сияқты ештеме* айтылмаған. Автор не аяғына дейін оқымаған, не тіпті ойланып көрмеген.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 171—172-беттер. *Ред.*

§ 5. Каутскийшілдік туралы жоғарыда айтылғанды қараңыз.

§ 6. Авторға бүкіл дүние жүзіндегі елдердің үш *типі* туралы айтылады. Автор «казустерге» жармасып, «қарсы болады». Бұл — саясат емес, казуистика.

Сіз «казусты» білгіңіз келе ме: «Бельгия ше»?

Ленин мен Зиновьевтің кітапшасын қара: нақты соғыс басқаша болса, біз Бельгияны қорғауды (тіпті **с о ғ ы с п е н**) *жақтар* едік делінген онда*.

Сіз бұған келіспейсіз бе?

Онынызды айтыңыз!!

Сіз социал-демократияның «отанды қоргауға» *н е л і к т е н* қарсы екені туралы мәселені *ойластырмағансыз.*

Біз оған қарсы болып отырғанда, сізге солай болып көрінетін себепті қарсы болып отырғанымыз жоқ, өйткені сіздің мәселе қойысыңыз (қою емес, текке әуреленушілік) тарихи қойыс емес. Менің авторға жауабым осы.

Біздің *ұлттық езгіні жою үшін болатын соғысты ақтап, екі* жақтан да ұлттық езгіні күшейту *мақсатында* жүргізіліп отырған осы империалистік соғысты ақтамауымызды «софистика» деп атау — «қатты» сөзді қолданып, *бірақ титтей де ойламау* болып табылады.

Автор «отанды қорғау» туралы мәселені «солшылдау» қойғысы *келеді,* бірақ онысы бастан-аяқ шатасушылық болып (тұтас жыл бойына) шығады!

§ 7. Автор былай деп *сынайды:* «жалпы алғанда «бітім шарттары» туралы мәселе мүлдем қозғалмаған».

Сын болғаныңа: біз мұнда тіпті қоймаған мәселе қозғалмапты!!

Бірақ мұнда *аннексиялар* туралы мәселе «қозғалып», қойылған ғой, осы мәселеде бұл жолы голландтармен және Радекпен *бірге* «империалистік экономистер» шатасып отыр.

Не сіз *е с к і ж ә н е ж а ң а а н н е к с и я л а р ғ а қ а р с ы* жедел ұранды теріске саясыз,—(империа-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 339—340-беттер. *Ред.*

лизм тұсында өзін өзі билеуден гөрі «жүзеге аспайтындығы» кем емес; Европада да, отарларда да),— онда сіздің империализмді мадақтауыңыз жасырынпан жарияға көшеді.

Не сіз бұл ұранды мойындайсыз (Радектің баспасөзде істегеніндей),— онда сіз ұлттардың өзін өзі билеуін басқаша атпен мойындағаныңыз!!

§ 8. Автор «батыс европалық масштабтағы большевизмді» жариялап отыр («Сіздің позицияңыз емес» деп қосады ол).

Мен «большевизм» деген сөзге жармасқысы келетіндікке мән бермеймін, өйткені мен *сондай* «ескі большевиктерді» білемін, олардан құдай сақтасын. Менің айтарым мынау ғана: автор жариялап отырған «батыс европалық масштабтағы большевизм», менің кәміл сенімім бойынша, большевизм емес, марксизм де емес, бәз баяғы тозығы жеткен «экономизмнің» кішкентай нұсқасы.

Тұтас бір жыл бойына *жаңа большевизмді* жариялап, сонымен шектелу — меніңше, мұның өзі нағыз барып тұрған жолсыздық, үстірттік, бейпартиялық. Осы «батыс европалық масштабтағы большевизмді» байланыстыра және тұтас баяндайтын бірдемені *ойластырып,* жолдастарға ұсынатын уақыт жеткен жоқ па?

Автор отарлардың Европадағы езілген ұлттардан айырмашылығын дәлелдеген жоқ, дәлелдей алмайды да (осы мәселеге қолдану тұрғысынан).

Голландтар мен P. S. D.-ның өзін өзі билеуді теріске шығаруы шатасушылық *қана емес,* тіпті олай ғана емес, өйткені Гортер поляктардың Циммервальдтағы мәлімдемесін мойындағаны сияқты, іс жүзінде оны мойындады, қайта олардың **ұлттарының** *(ғасырлық* дәстүрлері және *ұлы державалыққа* дәмелері бар шағын ұлттар) *айрықша* жағдайының нәтижесі.

Халықты алдап келген ұлтшыл буржуазияға қарсы күрестің ондаған жылдары арқылы басқаларда өсіп

жетілгенді қалай болса солай, сын көзбен қарамай қабылдай салу, қайталау — ойластырмағандық пен аңғалдықтың нағыз шегі. Жұрт ***дәл*** **қабылдауға болмайтын нәрсені қабылдаған!**

1916 ж.
августа — сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1929 ж. «Большевик» журналының 15-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

П. КИЕВСКИЙГЕ (Ю. ПЯТАКОВҚА) ЖАУАП[43]

Адам өмірінде немесе халықтар тарихында болатып дағдарыс атаулының бәрі сияқты,— соғыс та біреулерді жүнжітіп, діңкелетеді, екіншілерді шынықтырып, көзін ашады.

Бұл ақиқат социал-демократияның соғыс туралы және соғыс жөнінде ойлау саласында да өзін сездіріп отыр. Жоғары дамыған капитализм негізінде болатын империалистік соғыстың себептері мен маңызы, соғысқа байланысты социал-демократия тактикасының міндеттері, социал-демократия дағдарысының себептері, тағысын тағылар жөнінде тереңірек ойластыру — бір басқа. Соғыстың өз ойыңды *басып-жаныштауына* жол беру, соғыстың сұмдық әсерлері мен азапты зардаптарының немесе белгілерінің *езгісімен* пайымдаудан және талдаудан қалу — бұл екінші нәрсе.

Адам ойының соғыспен *басылып* немесе *жаншылып* қалуының осындай түрлерінің бірі «империалистік экономизмнің» *демократияға* немқұрайды қарауы болып табылады. П. Киевский өз пайымдауларының өн бойында осы басылып-жаншылғандық, үрейленгендік, соғыстың себебін талдаудан безушілік орын алып отырғанын байқамайды. Ал, көз алдымызда осындай сұмдық қырғын болып жатқанда, отан қорғауды бұл арада сөз қылудың керегі не! кәдімгі, жаппай тұншықтыру болып жатқанда, ұлттардың праволарын ауызға алудың бұл арада керегі не! «Тәуелсіз» Грецияны — қараңызшы — не істеді, бұл арада ұлттардың қандай өзін өзі билеуі, «тәуелсіздігі» болуы мүмкін! соғыс құмарлардың мүдделеріне бола барлық праволар қайда болмасын бұзылып жатқанда, «праволар»

туралы жалпы ауызға алып, ойлаудың не керегі бар! осы соғыс кезінде ең демократиялық республикалар мен ең реакцияшыл монархиялар арасында зәрредей де, тіпті мүлде ешқандай айырмашылық қалмай, төңірегімізде оның ізі де көрінбей отырғанда, республика туралы ауызға алып, ойлаудың не керегі бар!

П. Киевскийге оның үрейленгенін, жалпы алғанда демократияны теріске шығаруға дейін жетіп, елігіп кеткендігін көрсеткенде ол қатты ашуланады,— ашуланып, қарсылық білдіреді: мен демократияға әсте қарсы емеспін, тек өзім «жаман» деп есептейтін *бір* демократиялық талапқа ғана қарсымын. Бірақ, П. Киевский қалай ашуланса да, ол бізді (мүмкін, өзін де): мен демократияға әсте «қарсы» емеспін деп қаншалық *«сендірсе»* де, оның *пайымдаулары* — немесе дұрысырағы: оның пайымдауларындағы үздіксіз *қателері* — керісінше нәрсені *дәлелдеп отыр.*

Отанды қорғау — империалистік соғыста жалғандық, бірақ демократиялық және революциялық соғыста әсте де жалғандық емес. «Праволар» туралы сөздер соғыс кезінде күлкілі болып көрінеді, өйткені соғыс *атаулының бәрі* правоның орнына тура, тікелей зорлықты қояды, бірақ осыған бола соғыс уақытында «право» біткеннің бәрін, демократия біткеннің бәрін зорлықпен ауыстырып, өзінің әлеуметтік мазмұны жағынан, өзінің нәтижелері жағынан демократия ісіне, *демек,* социализм ісіне де *қызмет еткен* соғыстардың (демократиялық және революциялық соғыстардың) өткен кезде тарихта болғанын (және болашақта күмәнсыз болатынын, болуға тиіс екенін) ұмытуға болмайды. Грецияның мысалы ұлттардың өзін өзі билеуінің қандайын болсын «теріске шығарушы» мысал болып көрінеді, бірақ бұл мысал, сөздердің дабырымен өз құлағын тұндырмай, соғыстың сұмдық жаман әсерлерінің езгісімен өз үрейін қашырмай, ойлауға, талдауға, ақылға салып көруге зауық болатын болса,— бұл мысал «демократиялық», нағыз демократиялық республикалардың, Франция ғана емес, тіпті Құрама Штаттардың да, Португалияның да, Швейцарияның да осы соғыс кезінде, нақ Россияның істегеніндей, соғыс

құмарлардың озбырлығын орнатып отырғаны, орнатып та жатқаны жөнінде республиканы мазақтаудан зәрредей де артық елеулі емес, дәлелді де емес.

Империалистік соғыстың республика мен монархия арасындағы айырмашылықты жоятыны факт, бірақ осыдан барып республиканы теріске шығару немесе оған ең болмағанда кемсітіп қарау соғыстан үрейленгендік болады, өз ойын соғыс сұмдықтарының *жаншып* тастауына жол бергендік болады. «Қарусыздану» ұранының көптеген жақтаушылары да (Роланд-Гольст, Швейцария жастары, Скандинавия «солшылдары»[44] және басқалар) нақ осылай пайымдайды: — қараңызшы, бұл соғыста республикалардың милициясы мен монархиялардың тұрақты әскерлері арасында айырмашылық бар ма? — милитаризм *қайда болса да* міне осындай сұмдық іс істеп жатқанда, әскерлерді немесе милицияны революциялық мақсатта пайдалану туралы бұл арада сөз қылудың керегі не? — деседі.

Мұның бәрі сол *бір* сарында ой жүгірту, *бәз баяғы сол бір* теориялық және практикалық-саяси қателік, П. Киевский өз мақаласында қадам сайын бұл қатені жібере отырып, оны байқамайды. Ол тек өзін өзі билеуге қарсы таласып отырмын деп *ойлайды*, оның тек соған қарсы таласқысы *келеді*, бірақ — оның еркі мен санасына қарамастан, оның оғаштығының өзі де осында! — былай болып *шығады:* оның келтірген дәлелдерінен дәл осы негізде жалпы демократияға қарсы қолданылмайтын *бірде-бір* дәлел *табылмас еді.*

Оның кісі күлерліктей логикалық барлық қателерінің, барлық шатасуының — тек өзін өзі билеу туралы мәселе жөнінде ғана емес, сонымен бірге отанды қорғау туралы мәселе жөнінде де, ажырасу туралы мәселе жөнінде де, жалпы «праволар» туралы мәселе жөнінде де шатасуының — шын төркіні мынада: оның ойын соғыс *жаншып* тастаған да, осы жаншылудың салдарынан марксизмнің жалпы алғанда демократияға көзқарасы түбірінен бұрмаланған.

Империализм — жоғары дамыған капитализм; империализм прогрессивті; империализм демократияны теріске шығару *болып табылады;* «демек», капитализм

тұсында демократия «жүзеге аспайды». Империалистік соғыс — демократия атаулының бәрін артта қалған монархияларда да, алдыңғы қатарлы республикаларда да бірдей өте өрескел бұзу; «демек», «праволар» туралы (яғни демократия туралы!) сөз етудің түкке керегі жоқ. Империалистік соғысқа социализмді «ғана» «қарама-қарсы» қоюға болады; «тұйықтан шығудың жолы» тек социализмде; «демек», программа-минимумда, яғни капитализм тұсында-ақ демократиялық ұрандар ұсыну алдау немесе жалған үміт немесе социалистік төңкеріс ұранын көлегейлеу, қашықтату, т. с. болып табылады.

П. Киевскийдің барлық қырсықтарының шын, ол мойындамайтын, бірақ анық төркіні міне осы. Оның логикалық *негізгі* қатесі осы, автор мойындамаған осы қате негізгі болып отырғандықтан да, велосипедтің шіріген шинасы сияқты, қадам басқан сайын *«жарыла береді»,* біресе отанды қорғау туралы мәселеде, біресе ажырасу туралы мәселеде, біресе «праволар» туралы бос сөздерде, сөз праволар туралы *болмайды, қайта* ғасырлық құлдықты талқандау туралы болады деген осы керемет («праволарды» жек көрудің тереңдігі жағынан және істі түсінбеушіліктің тереңдігі жағынан) сөздерде «суырылып шыға береді»!

Мұндай бос сөздерді айту — капитализм мен демократия арасындағы, социализм мен демократия арасындағы қатынасты түсінбеушілікті көрсету болып табылады.

Жалпы алғанда капитализм, әсіресе империализм демократияны жалған үмітке айналдырады — ал сонымен қатар капитализм бұқара ішінде демократиялық талпыныстарды тудырады, демократиялық мекемелер құрады, демократияны теріске шығаратын империализм мен демократияға талпынатын бұқара арасындағы антагонизмді шиеленістіреді. Капитализм мен империализмді ешқандай, ең «үлгілі» деген демократиялық өзгерістер арқылы да құлатуға болмайды, тек экономикалық төңкеріс арқылы ғана құлатуға болады, бірақ демократия жолындағы күресте тәрбиеленбейтін пролетариат экономикалық төңкеріс жасай

алмайды. *Банктерді алмайынша,* өндіріс құрал-жабдықтарына *жеке меншікті* жоймайынша, капитализмді жеңуге болмайды, бірақ буржуазиядан тартып алынған өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл халықтың демократиялық жолмен басқаруын ұйымдастырмайынша, бүкіл еңбекші бұқараны, пролетарларды да, жартылай пролетарларды да, ұсақ шаруаларды да, өз қатарларын, өз күштерін, өзінің мемлекетке қатысуын демократиялық жолмен ұйымдастыруға тартпайынша, бұл революциялық шараларды жүзеге асыруға болмайды. Империалистік соғыс — демократияны үш жақтап, десе де боларлық, теріске шығару (*а* — соғыс атаулының бәрі «праволарды» зорлықпен ауыстырады; *б* — жалпы алғанда империализм демократияны теріске шығару; *в* — империалистік соғыс республикаларды монархияларға әбден теңейді), бірақ империализмге қарсы социалистік көтерілістің оянуы мен өсуі демократиялық тойтарыстың және ашынудың ұлғаюымен *тығыз* байланысты. Социализм мемлекет *атаулының,* демек, демократия атаулының да құруына бастайды, бірақ социализм пролетариат диктатурасы *арқылы* болмаса, басқаша жолмен жүзеге асырылмайды, ал пролетариат диктатурасы буржуазияға, яғни халықтың азшылығына қарсы жасалатын зорлықты демократияны *толық* дамытумен, яғни *бүкіл* халық бұқарасының күллі *мемлекеттік* істерге, капитализмді жоюдың барлық күрделі мәселелеріне барынша тең праволылықпен, барынша жаппай қатысуымен жалғастырады.

П. Киевский марксизмнің демократия туралы ілімін ұмытып, міне осы «қайшылықтарда» әбден шатасты. Бейнелеп айтқанда, соғыс оның ойын жаныштағаны соншалық, ол, цивилизациялы халықтардың «отарлардан» «кетуі» — экономика және саясат жөнінен — шынында, не *екенін* талдауды «отарлардан тайып тұрыңдар» деген айқаймен ауыстыратыны сияқты, ойластыру атаулының бәрін «империализмнен тайып тұрыңдар» деген үгіт айқаймен дәл солай ауыстырды.

Демократия туралы мәселенің маркстік шешімі — өзінің таптық күресін жүргізіп жатқан пролетариаттың *барлық* демократиялық мекемелер мен талпыныс-

тарды пролетариаттың буржуазияны жеңуіп, оны құлатуын әзірлеу мақсатымен буржуазияға қарсы *пайдалануында.* Бұл пайдалану оңай іс емес; бұл пайдалану, П. Киевскийге «финанс капиталы заманында» ұлттардың өзін өзі билеуін қорғау буржуазиялыққа заңсыз жеңілдік жасау болып көрінетіні сияқты, «экономистерге», толстойшылдарға, тағы сондайларға екінің бірінде «буржуазиялық» пен оппортунистікке дәл сондай заңсыз жеңілдік жасау болып көрінеді. Марксизм былай деп үйретеді: *осы,* капиталистік, қоғамның буржуазия құрған және буржуазия бұрмалап отырған демократиялық мекемелерін пайдаланудан бас тарту тәрізді жолмен «оппортунизмге қарсы күресу» оппортунизмге *барынша дес беру* болып табылады!

Империалистік соғыстан мейлінше тезірек құтылу жолын да, империализмге қарсы біздің күресіміздің оппортунизмге қарсы күреспен *байланысын* да көрсететін ұран социализм жолындағы *азамат соғысы* болып табылады. Тек осы ұран ғана соғыс уақытының ерекшеліктерін де — соғыс ұзаққа созылып, ол соғыстың тұтас бір «заманына» ұласу қаупін туғызып отыр! — пацифизмін, жарияшылдығын, «өз» буржуазиясына бейімделуін қоса, оппортунизмге қарама-қарсы, біздің қызметіміздің бүкіл сипатын да дұрыс есепке алады. Ал, оның үстіне, буржуазияға қарсы азамат соғысы — кедейлер бұқарасының азшылық дәулеттілерге қарсы *демократиялық түрде* ұйымдастырылып, жүргізілетін соғысы. Азамат соғысы да соғыс болып табылады; демек, ол да правоның орнына зорлықты сөзсіз қоюға тиісті. Бірақ халық көпшілігінің мүдделері мен праволары жолындағы зорлықтың сипаты басқаша; бұл зорлық қанаушылардың, буржуазияның «правосын» басып тастайды, әскер мен «тылды» демократиялық жолмен ұйымдастырмайынша, бұл право *жүзеге аспайды.* Азамат соғысы ең алдымен банктерді, фабрикаларды, темір жолдарды, ірі ауыл шаруашылық имениелерін, т. т. бірден күшпен экспроприациялайды. Бірақ осылардың бәрін экспроприациялаудың нақ *өзі үшін* барлық чиновниктерді халықтың сайлап қоюын да, офицерлерді халықтың сайлап қоюын да, буржуа-

зияға қарсы соғыс жүргізуші армияны халық бұқарасымен *толық біріктіруді* де, азық-түлік қорын билеу, оларды өндіру, бөлу ісін де, т. с. толық демократияландыруды енгізу керек. Азамат соғысының мақсаты — банктерді, фабрикаларды, заводтарды, тағы сондайларды жеңіп алып, буржуазияның қарсылық көрсету мүмкіндігінің бәрін жою, *оның* әскерін құрту. Бірақ *біздің* әскеріміз бен *біздің* «тылымызға» демократияны енгізу ісін осындай соғыстың барысында қатар дамытып, таратып отырмайынша, таза соғыс жағынан *да*, экономика жағынан *да*, саясат жағынан *да* бұл мақсатқа жетуге болмайды. Біз енді бұқараға былай дейміз: «сіздерді империалистік капитализм үшін соғысқа бастап және соғысты демократияның ұлы ұрандарымен бүркемелеп, алдап отыр» (ал бұқараға біз муны айтқанымызда, ол біздікі дұрыс екенін жүрегімен сезеді). «Сіздер буржуазияға *қарсы* соғысты *нағыз* демократиялық түрде және демократия мен социализмді шындап жүзеге асыру мақсатымен жүргізуге тиістісіздер және сіздер жүргізесіздер де». Қазіргі соғыс зорлық пен финанс тәуелділігі арқылы халықтарды коалицияларға қосып, «біріктіреді». *Біз* буржуазияға қарсы өзіміздің азамат соғысымызда халықтарды ақшаның күшімен *емес*, сойылдың күшімен *емес*, зорлықпен емес, ал еңбекшілердің қанаушыларға қарсы *ерікті* келісуімен, ынтымақтасуымен қосып, біріктіретін боламыз. Барлық ұлттардың тең праволылығын жариялау буржуазияның алдауы болды, ал біз үшін ол шындық болады, сөйтіп бұл шындық барлық ұлттарды өз жағымызға тартуды оңайлатып, тездетеді. Ұлттар арасындағы қарым-қатынастарды іс жүзінде *демократиялық* жолмен ұйымдастырмайынша,— демек, мемлекет болып бөліну бостандығы болмайынша — барлық ұлттардың жұмысшылары мен еңбекшілер бұқарасының буржуазияға қарсы азамат соғысы *мүмкін емес*.

Буржуазиялық демократизмді пайдалану арқылы — буржуазияға қарсы және оппортунизмге қарсы пролетариатты социалистік және дәйекті-демократиялық жолмен ұйымдастыруға жету керек. Басқа жол жоқ.

Басқа «жол» дұрыс жол болып *табылмайды.* Шын өмірдің басқа жолды білмейтіні сияқты, марксизм де басқа жолды білмейді. Біз ұлттардың еркін бөлінуі мен еркін қосылуын нақ осы жолға салуымыз керек, олардан ат-тонды ала қашпау керек, бұл «таза» экономикалық міндеттерді «былғайды» деп қорықпау керек.

1916 ж.
августа — сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1929 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 7-номерінде
басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр



О карикатуре на марксизм и
об «империалистическом экономизме»

1

«Революционной с.-д.-тии никто не скомпрометирует, если она сама себя не скомпрометирует». Это изречение всегда приходится вспоминать и иметь в виду, когда то или иное важное теоретическое или тактическое положение марксизма побеждает или хотя бы становится на очередь дня и когда, кроме прямых и серьезных врагов, на него «набрасываются» такие друзья, которые безнадежно его компрометируют — по-русски: срамят — превращают его в карикатуру. Так бывало не раз в истории русской социал-демократии. Победа марксизма в революционном движении, в начале 90-х годов прошлого века, сопровождалась появлением карикатуры на марксизм в виде тогдашнего «экономизма» или «стачкизма», без долгой борьбы с которым «искровцы» не могли бы отстоять основ пролетарской теории и политики ни против мелкобуржуазного народничества, ни против буржуазного либерализма. Так было с большевизмом, который победил в массовом рабочем движении 1905-го года между прочим благодаря правильному применению лозунга «бойкота царской думы» в период важнейших битв

В. И. Лениннің «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1916 ж.

Кішірейтілген

МАРКСИЗМГЕ КАРИКАТУРА ТУРАЛЫ ЖӘНЕ «ИМПЕРИАЛИСТІК ЭКОНОМИЗМ» ТУРАЛЫ[45]

«Революциялық социал-демократия өз беделін өзі түсірмесе, оның беделін ешкім түсірмейді». Марксизмнің белгілі бір теориялық немесе тактикалық маңызды қағидасы жеңе қалған немесе ең болмағанда кезекке қойылған кездерде және оның тікелей, елеулі жауларына *қосыла,* марксизмді карикатураға айналдырып, оның мүлде беделін түсіріп — орысша айтқанда: масқаралап — отырған достары да марксизмге «тап беріп» отырған кездерде, әрқашан да осы нақыл сөзді ойға алып, есте ұстауға тура келеді. Орыс социал-демократиясының тарихында талай рет осылай болған. Өткен ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде, революциялық қозғалыста марксизмнің жеңуімен қатар, сол кездегі «экономизм» немесе «стачкизм» түрінде, марксизмге карикатура да пайда болды, егер солармен көп жылдар бойы күреспеген болса, «искрашылдар» пролетарлық теория мен саясаттың негіздерін ұсақ буржуазиялық халықшылдыққа қарсы да, буржуазиялық либерализмге қарсы да қорғап қала алмаған болар еді. 1905 жылғы бұқаралық жұмысшы қозғалысында жеңіп шыққан большевизм жөнінде де осылай болды; айта кету керек, ол орыс революциясының аса маңызды шайқастары дәуірінде, 1905 жылдың күзінде, «патша Думасына бойкот жариялау»[46] ұранын дұрыс қолданудың арқасында жеңіп шықты, ал бұл большевизм 1908—1910 жылдары, Алексинский және басқалар III

Думаға қатысуға қарсы қатты айқай-шу көтерген кезде[47], большевизмге карикатураны басынан кешіруге және оны күреспен жеңіп шығуға тиісті болды.

Қазір де істің жайы осылай болып отыр. *Осы* соғысты империалистік соғыс деп мойындауға, капитализмнің империалистік заманымен *оның* барынша байланысты екенін көрсетуге қарсы елеулі дұшпандармен қатар жеңіл мінезді достар да кездесіп отыр, бұлар үшін империализм деген сөз «сәнге» айналды, олар осы сөзді *жаттап алып* жұмысшыларға нағыз үмітсіз теориялық шатасушылықты таратып, баяғы «экономизмнің» толып жатқан баяғы қателерін қайта тірілтіп отыр. 1894—1901 жылдары бұрынғы «экономистер»: капитализм жеңді,— *сондықтан* саяси мәселелер туралы ойланудың қажеті жоқ деп пайымдап, Россияда саяси күресті теріске шығаруға дейін барған еді. Қазіргі «империалистік экономистер»: империализм жеңді,— *сондықтан* саяси демократия мәселелері жөнінде ойланудың керегі жоқ деп пайымдайды. 1915 жылдың басынан бері біздің партиямыздың шетелдегі кейбір үйірмелерінде байқала бастаған пікір ауытқуларын әдебиет бетінде азды-көпті тұтас баяндаудың тәжірибесін тұңғыш рет беріп отырған П. Киевскийдің жоғарыда басылған мақаласы осындай пиғылдардың, марксизмге осы секілді карикатураның үлгісымағы ретінде маңыз алып отыр.

Социализмнің қазіргі аса зор дағдарысы тұсында социал-шовинизмге батыл қарсы тұрып, революциялық интернационализм жағына шыққан марксистердің арасында «империалистік экономизмнің» таралуы біздің бағытымызға — біздің партиямызға да — аса елеулі соққы болып тиер еді, өйткені мұның өзі партияны ішінен, өз арасынан беделін түсірер еді, оны карикатураға айналдырылған марксизмнің өкілі етер еді. Сондықтан П. Киевскийдің мақаласындағы қисапсыз көп қателердің ең басты-бастыларын егжей-тегжейлі талқылауға тоқталып өтуге, мұның өзі оны жеке алғанда ешбір «қызықсыз» болғанымен де, мұның өзі ыждағатты да зейінді оқушыларға біздің 1914 және 1915 жылдардағы әдебиеттен бұрыннан-ақ белгілі және түсінік-

ті болған өте айқын ақиқаттарды басынан аяғына дейін барынша қарапайым етіп ежелеп түсіндіруге әкеліп соғатын болғанымен де, тоқталып өтуге тура келеді.

«Империалистік экономизмнің» жаңа бағытының «мәнімен» оқушыны бірден таныстыру үшін П. Киевскийдің пікірлерінің ең «негізгі» пунктінен бастайық.

1. СОҒЫСТАР ЖӨНІНДЕ ЖӘНЕ «ОТАНДЫ ҚОРҒАУ» ЖӨНІНДЕ МАРКСТІК КӨЗҚАРАС

П. Киевский өзінің *тек* ұлттардың өзін өзі билеуіне, партиямыздың программасының 9-параграфына ғана «келіспейтініне» өзі де сенеді және оқушыларды да сендіргісі келеді. Демократия туралы мәселеде ол *жалпы алғанда* марксизмнен біржолата шегініп отыр, негізгі бір мәселеде ол марксизмге «опасыздық жасаушы» (бұл П. Киевскийдің уытты тырнақшалары) болып отыр деп, оны айыптауды ол қатты ашумен өзіне жолатқысы келмейді. Бірақ істің мәнінің өзі нақ мынада: біздің авторымыз өзінің бейне бір жекелеген, кейбір нәрсе жөнінде келіспейтіні жайында пайымдай бастаса-ақ болғаны, осыған дәлелдер, пікірлер, т. б. келтіре бастаса-ақ болғаны — оның тура барлық бағытта марксизмнен ауа жайылатыны бірден-ақ айқын бола қалды. П. Киевскийдің мақаласының *b* параграфын (2-бөлім) алып қараңыз. Біздің авторымыз: «Бұл талап» (яғни ұлттардың өзін өзі билеуі) «тұп-тура (!!) социал-патриотизмге бастайды»,— деп жариялап, отанды қорғау деген «опасыздық» ұран — «толығынан (!) логикалық (!) заңдылықпен ұлттардың өзін өзі билеуінен жасалып отырған...» қорытынды деп түсіндіреді. Өзін өзі билеу дегеніміз, оның ойынша, «осы тәуелсіздікті» (Франция мен Бельгияның ұлттық-мемлекеттік тәуелсіздігін) «қолдарына қару алып қорғап отырған француз, бельгиялық социал-патриоттардың опасыздығын мақұлдау,— бұлардың *істеп отырғаны* «өзін өзі билеуді» жақтаушылардың айтып жүргені ғана»... «Отанды қорғау деген біздің ең қас жауларымыздың арсеналына жатады»... «*Бір мезгілде* әрі отанды қорғауға қарсы шығуға және әрі өзін өзі билеу-

ді жақтауға, отанға қарсы болуға және оны жақтап шығуға болатындығы қалайша мүмкін екенін түсінуден біз үзілді-кесілді бас тартамыз».

П. Киевский осылай деп жазады. Бұл соғыста отанды қорғау ұранына қарсы біздің қарарларымызды ол көріне түсінбеген. Сондықтан осы қарарлардағы тайға таңба басқандай жазылған нәрселерді алып, орыс тілінің айқын сөздерінің мағынасын тағы бір рет түсіндіріп өтуге тура келеді.

Біздің партиямыздың 1915 жылы мартта Берндегі конференцияда қабылданған «Отан қорғау ұраны туралы» деп аталған қарары: *«Қазіргі соғыстың шын мәні»* мынада, мынада деген сөздермен басталады.

Әңгіме *осы заманғы* соғыс туралы болып отыр. Орысша бұдан айқынырақ етіп айтуға болмайды. «Шын мәні» деген сөз — болып көрінуі мүмкінді шыннан, сырт көріністі мәннен, бос сөзді істен айыра білу керектігін көрсетеді. Осы соғыста отанды қорғау туралы бос сөздер 1914—1916 жылдардағы империалистік соғысты, отарларды бөлісу үшін, бөтен жерлерді талап алу үшін, т. т. үшін болып жатқан соғысты әдейі ұлттық соғыс етіп көрсетеді. Біздің көзқарастарымызды бұрмалауға титтей де мүмкіндік қалдырмау үшін қарар «*әсіресе* (есіңізде болсын: әсіресе деген сөз айрықша деген сөз емес!) 1789—1871 жылдар заманында болған *шын*-ұлттық соғыстар» туралы арнайы абзац қосады.

Осы «шын» ұлттық соғыстардың «негізінде» «бұқаралық ұлттық қозғалыстардың, абсолютизмге және феодализмге қарсы күрестің, ұлттық езгіні құлатудың... ұзаққа созылған процесі жатқан еді*» деп түсіндіреді қарар.

Анық шығар деймін? Империалистік заманның барлық жағдайларынан келіп туған, яғни кездейсоқтық, ерекшелік, жалпыдан, дағдылыдан шегініс ретінде басталмаған, қазіргі империалистік соғыста отанды қорғау туралы бос сөздер халықты алдау болып табылады, өйткені бұл соғыс ұлттық соғыс *емес*. *Шын*-ұлттық

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 171—172-беттер. *Ред.*

соғыста «отанды қорғау» деген сөздер *әсте де* алдау *емес* және *біз оған тіпті де қарсы емеспіз.* Ондай (шын-ұлттық) соғыстар «әсіресе» 1789—1871 жылдары болды, сондықтан қарар, мұндай соғыстардың қазірде де болуы мүмкіндігін бірауыз сөзбен де теріске шығармай, шын-ұлттық соғысты жалған-ұлттық ұрандармен бүркелген империалистік соғыстан қалай ажырату керек екенін түсіндіреді. Атап айтқанда — мұны ажырату үшін оның «негізінде» «ұлттық езгіні құлатудың», «бұқаралық ұлттық қозғалыстардың ұзақ процесі» бары-жоғын анықтап алу керек.

«Пацифизм» туралы қарарда тура былай делінген: «социал-демократтар революциялық соғыстардың, яғни империалистік емес соғыстардың, мысалы» (осы: «мысалы» деген есіңізде болсын), «ұлттық езгіні жою үшін...» «1789 жылдан 1871 жылға дейін жүргізілген соғыстардың... позитивтік маңызын теріске шығара алмайды...»* Егер мысалға 1789—1871 жылдары болған ұлттық соғыстар қазір де болуы мүмкін деп танылып отырмаса, біздің партиямыздың қарары 1915 жылы ондай соғыстарды сөз етіп, мұндай соғыстардың позитивтік маңызын біз теріске шығармаймыз деп көрсете алар ма еді? Әрине, көрсете алмас еді.

Ленин мен Зиновьевтің «Социализм және соғыс» деген кітапшасы біздің партиямыздың қарарларына берілген түсінік, яғни оларды қарапайым тілмен түсіндіру болып табылады. Осы кітапшаның 5-бетінде: «социалистер отанды қорғаудың немесе қорғаныс соғысының заңдылығын, прогрестігін, әділеттігін» қазір *тек* «бөтен ұлттың езгісін құлату» мағынасында ғана «мойындап келді және қазір де мойындайды» деп тайға таңба басқандай жазылған. Россияға қарсы Персия *«және т. б.»* мысалға келтіріліп, былай делінген: «қайсысы алдымен шабуыл жасағанына қарамастан, бұлар әділетті және қорғаныс соғыстары болар еді, сондықтан езуші, құл иеленуші, тонаушы «ұлы» державаларға қарсы езілуші, тәуелді, толық праволы емес

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 175-бет. *Ред.*

мемлекеттердің жеңуіне әрбір социалист тілектес болар еді»*.

Кітапша 1915 жылы августа шықты, неміс және француз тілдерінде басылды. П. Киевский ол кітапшаны өте жақсы біледі. Не отанды қорғау ұраны туралы қарарға қарсы, не пацифизм туралы қарарға қарсы, не осы қарарларға кітапшада берілген түсініктерге қарсы, П. Киевский де, жалпы басқа ешкім де бірде-бір рет бізге қарсы шыққан емес, бірде-бір рет! Мынадай сұрақ туады: егер біздің партиямыздың соғысқа көзқарасына 1915 ж. мартынан бері қарсылық білдірмей келіп,— енді, 1916 ж. августа, өзін өзі билеу туралы мақалада, яғни бейне бір жеке мәселе туралы мақаласында, *жалпы* мәселе жөнінен ғажап түсінбестік көрсетіп отырған осы жазушыны ол марксизмді мүлде түсінбеді десек, онда біз П. Киевскийге жала жапқан боламыз ба?

П. Киевский отанды қорғау ұранын «опасыздық ұран» деп атайды. Біз: ұранның маңызын ұқпай, іске ой жібермей, сөздердің мағынасын талдамастан жаттап алып, беталды қайталай беретін *адамдарға қандай* ұран болса да «опасыздық ұран» болып табылатынын және әрқашан солай болатынын оған байсалды түрде сендіре аламыз.

Жалпы айтқанда, «отанды қорғау» деген не? Мұның өзі экономика немесе саясат, т. с. саласынан шыққан қандай да болса бір ғылыми ұғым ба? Жоқ. Мұның өзі *соғысты ақтауды* көрсететін, көп айтылып жүрген, жалпылама қолданылатын, кейде тіпті тоғышарлық ұғым ғана. Мұнан басқа түк емес, әсте түк те емес! Мұнда тек тоғышарлардың «біз отанды қорғаймыз» деп, соғыс *атаулыны* ақтауға қабілеттілігі ғана «опасыздық» болуы мүмкін, ал өзін тоғышарлық дәрежеге дейін құлдыратпайтын марксизм *осы* соғысты демократияның немесе пролетариаттың мүдделеріне қызмет ететін прогрестік соғыс деп, *осы мағынада* оны заңды, әділ, т. с. соғыс деп есептеуге болатын-болмайтынын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 334—335 беттер. *Ред.*

анықтау үшін әрбір жеке соғысқа тарихи талдау жасауды талап етеді.

Отанды қорғау ұраны, әрбір жеке соғыстың маңызы мен мәніне тарихи талдау жасай білмеген жағдайда, екінің бірінде соғысты тоғышарлық-білместік ақтау болып шығады.

Марксизм осындай талдау жасайды және былай дейді: *егер* соғыстың «шын мәнісі», *мысалы,* бөтен ұлттық езгісін құлату болса (бұл 1789—1871 жж. Европаға *әсіресе* тән), онда езілген мемлекет немесе ұлт тарапынан бұл прогрестік соғыс болады. *Егер* соғыстың «шын мәнісі» отарларды қайта бөлісу, олжаны бөлу, бөтен жерлерді талау болса (1914—1916 жж. соғыс осындай),— онда отанды қорғау деген бос сөз «халықты бастан-аяқ алдау» болады.

Соғыстың «шын мәнісін» қалай табуға болады, оны қалай анықтауға болады? Соғыс дегеніміз — саясаттың жалғасы. Сондықтан соғыс алдындағы саясатты, соғысқа бастаған және соған киліктірген саясатты зерттеу керек. Егер саясат империалистік, яғни финанс капиталының мүдделерін қорғайтын, отарлар мен бөтен елдерді тонайтын және езгіге түсіретін саясат болса, онда мұндай саясаттан туатын соғыс та империалистік соғыс болады. Егер саясат ұлт-азаттық саясат, яғни ұлттық езгіге қарсы бұқараның қозғалысын білдіретін саясат болса, онда мұндай саясаттан туатын соғыс ұлт-азаттық соғыс болады.

Тоғышар соғыс дегеніміз — «саясаттың жалғасы» екенін ұқпайды, сондықтан да не бары «жау шабуыл жасады», «жау менің еліме басып кірді» деумен шектеледі, ал соғыстың *не үшін* болып жатқанын, *қайсы* таптар, *қандай* саяси мақсатпен жүргізіп жатқанын талдап жатпайды. Міне, Бельгияны немістер басып алды, демек, өзін өзі билеу тұрғысынан қарағанда «бельгиялық социал-патриоттардікі дұрыс» немесе: Франция жерінің бір бөлегін немістер басып алды, демек «Гедтің риза болатын жөні бар», өйткені «іс осы ұлт» (бөтен ұлт емес) «мекен еткен жерлерге таялып келе жатыр» дегенде, П. Киевский мүлдем әлгіндей тоғышардың дәрежесіне дейін құлдырайды.

Тоғышарға маңыздысы — әскерлердің *қай жерде* тұрғаны, *қазір* кімнің жеңіп жатқаны. Марксистке маңыздысы — соғыста екі жақтың әскері де бірін-бірі алма-кезек жеңуі мүмкін *осы* соғыстың *не үшін* жүргізіліп жатқандығы.

Осы соғыс не үшін жүргізіліп жатыр? Бұл біздің қарарымызда айтылған (ол қарар соғысып жатқан державалардың соғыстан бұрын *ондаған жылдар* бойы жүргізіп келген *саясатына* негізделеді). Англия, Франция және Россия тонаған отарларын сақтап қалу үшін, Түркияны және басқаларды тонау үшін соғысып жатыр. Германия өзіне отарлар тартып алу үшін, өзі де Түркияны және басқаларды тонау үшін соғысып жатыр. Айталық, немістер тіпті Париж бен Петербургті де алады делік. Бұдан осы соғыстың сипаты өзгере ме? Ешбір өзгермейді. Немістердің көздейтін мақсаты — бұл одан да маңыздырақ: немістердің жеңе қалған күнде жүргізетін саясаты — отарлар тартып алу, Түркияда үстемдік құру, бөтен ұлттық облыстарды, мысалы, Польшаны, т. с. тартып алу болады, бірақ әсте де французДарға немесе орыстарға бөтен ұлттың езгісін орнату болмайды. Бұл соғыстың шын мәнісі — ұлттық емес, империалистік. Басқаша айтқанда: бір жағы ұлттық езгіні құлату үшін, екінші жағы оны қорғау үшін соғысып жатқан жоқ. Соғыс езушілердің екі тобы арасында, екі қарақшының арасында олжаны қалай бөлісу керектігі үшін, Түркияны және отарларды кімнің тонауы керектігі үшін болып жатыр.

Қысқасы: империалистік (яғни толып жатқан бөтен халықтарды езіп, оларды финанс капиталына тәуелді ету тұзағымен, т. с. матап отырған) ұлы державалардың *арасындағы* немесе солармен *одақ болып* жүргізілетін соғыс — империалистік соғыс. 1914—1916 жж. соғыс — осындай соғыс. *Бұл* соғыста «отанды қорғау» деген— алдау, соғысты ақтау болып табылады.

Езілгендер (мысалы, отар халықтар) тарапынан империалистік, яғни езуші державаларға *қарсы* соғыс — шын ұлттық соғыс. Ондай соғыс қазірде де болуы мүмкін. Езілген ұлт елі тарапынан езуші ұлт еліне қарсы «отанды қорғау» алдау емес, сондықтан социа-

листер *мұндай* соғыста «отанды қорғауға» *ешбір қарсы емес*.

Ұлттардың өзін өзі билеуі дегеніміз ұлттың толық азат болуы жолындағы, толық тәуелсіз болуы жолындағы, аннексияларға қарсы күресінің дәл өзі, сондықтан социалистер, егер олар социалист болғылары келсе, *мұндай* күрестен — қандай түрінен де, тіпті керек десе көтерілістен немесе соғыстан да — бас тарта алмайды.

П. Киевский: мен Плехановпен күресіп отырмын, ал Плеханов ұлттардың өзін өзі билеуі отанды қорғаумен байланысты деп көрсетіпті-міс деп ойлайды! П. Киевский осы байланыстылықты *шынында да* Плехановтың көрсеткеніндей екен деп, Плехановқа *сенді*. Плехановқа сенген соң, П. Киевский қорқып кетіп, Плехановтың қорытындыларынан құтылу үшін өзін өзі билеуді теріске шығару керек деп ұйғарған... Бұл жерде оның Плехановқа деген сенімі зор, қорқынышы да зор, бірақ Плехановтың қателігі неде дегенге *ой жүгіртудің* ізі де жоқ!

Осы соғысты ұлттық соғыс етіп көрсету үшін социал-шовинистер ұлттардың өзін өзі билеуін желеу етеді. Олармен дұрыс күресудің тек бір ғана жолы бар: бұл күрестің ұлттарды азат ету жолында емес, ұлы жыртқыштардың қайсысы *көбірек* ұлттарды езуге тиіс екендігі жолында болып жатқанын көрсету керек. *Шынында* ұлттарды азат ету жолында жүргізілетін соғысты теріске шығаруға дейін бару — марксизмді ең жаман карикатураға айналдыру деген сөз. Плеханов пен француз социал-шовинистері Францияда республика барлығын айтып, оның Германиядағы монархияға қарсы «қорғануын» ақтағылары келеді. Егер П. Киевскийдің пайымдағанындай пайымдайтын болсақ, онда біз республикаға қарсы болуымыз керек немесе *шынында* республиканы қорғау үшін жүргізіліп жатқан соғысқа қарсы болуымыз керек!! Неміс социал-шовинистері Германияда жалпыға бірдей сайлау правосы барлығын және жұрттың бәрін сауатты ету үшін міндетті түрде оқыту барлығын айтып, осы арқылы Германияның патша өкіметіне қарсы «қорғануын» ақтағылары келеді. Егер Киевскийдің пайымдағанындай пайымдайтын

болсақ, онда біз не жалпыға бірдей сайлау правосы мен жұрттың бәрін сауатты ету үшін оқытуға қарсы болуымыз керек, не *шынында* саяси бостандықты тартып алу әрекетінен оны қорғау үшін жүргізіліп жатқан соғысқа қарсы болуымыз керек!

К. Каутский 1914—1916 жж. соғысқа дейін марксист болатын, сондықтан оның толып жатқан өте маңызды шығармалары мен мәлімдемелері марксизмнің үлгісі болып мәңгі қала бермек. 1910 жылы 26 августа Каутский төніп келе жатқан және қауіп туғызып отырған соғыс жөнінде «Neue Zeit»-те былай деп жазды:

> «Германия мен Англия арасында соғыс бола қалған күнде негайбыл мәселе демократия емес, қайта дүние жүзілік үстемдік, яғни дүние жүзін қапау мәселесі. Бұл — социал-демократтардың өз ұлтының қанаушылары жағында болуға тиісті мәселе емес» («Neue Zeit», 28. Jahrg., Bd. 2, S. 776).

Міне бұл — біздің тұжырымдарымызға толық үйлесетін, марксизмнен социал-шовинизмді қорғау жағына ауып кеткен *қазіргі* Каутскийді әбден әшкерелейтін, соғыстар жөніндегі маркстік көзқарастың принциптерін толық ашып анықтайтын тамаша маркстік тұжырым (біз бұл тұжырымға баспасөз бетінде тағы да оралмақпыз). Соғыстар — саясаттың жалғасы; сондықтан, демократия жолында күрес болып отыр екен, онда демократия жолында соғыстың да болуы *мүмкін* ғой; ұлттардың өзін өзі билеуі дегеніміз тек демократиялық талаптардың бірі ғана, мұның басқа талаптардан ешқандай принципті айырмашылығы жоқ. «Дүние жүзілік үстемдік» дегеніміз, қысқасын айтқанда, империалистік саясаттың мазмұны, ал бұл саясаттың жалғасы империалистік соғыс болып табылады. «Отанды қорғауды», яғни демократиялық соғысқа қатысуды теріске шығару марксизмге ешқандай қатысы жоқ сорақылық. Империалистік соғысқа «отанды қорғау» деген ұғымды теліп, оны боямалау, яғни оны демократиялық соғыс деп көрсету — жұмысшыларды алдау, реакцияшыл буржуазия жағына шығу деген сөз.

2. «ЖАҢА ЗАМАНДЫ БІЗДІҢ ТҮСІНУІМІЗ»

Осы тырнақшаға алынған ұғым П. Киевскийдікі, ол ұдайы «жаңа заман» туралы айтады. Бірақ, амал не, бұл жерде де оның пікірлері қате.

Біздің партиямыздың қарарлары империалистік заманның жалпы жағдайлары туғызып отырған осы соғысты сөз етеді. «Заман» мен «осы соғыстың» арақатынасы бізде маркстік тұрғыдан дұрыс қойылған: марксист болу үшін әрбір жеке соғысты нақты бағалау керек. 1789—1871 жж. көпшілігі демократия жолындағы күрестің басында болған ұлы державалардың арасында империалистік соғыстың, яғни өзінің саяси мацызы жағынан барып тұрған реакциялық, антидемократиялық соғыстың не себепті шығып кеткенін және шығуға тиісті болғанын түсіну үшін, міне осыны түсіну үшін империалистік заманның жалпы жағдайын, яғни алдыңғы қатарлы елдер капитализмінің империализмге айналғанын түсіну керек.

П. Киевский «заман» мен «осы соғыстың» бұл арақатынасын мүлде бұрмалаған. Оныңша *нақты* сөз қозғау дегеніміз «заман» туралы сөз ету болып шығады! Міне нақ осы дұрыс емес.

1789—1871 жж. заманы Европа үшін айрықша заман болды. Бұл талассыз. Ол заманның жалпы жағдайларын түсінін алмайынша, сол дәуірге ерекше тән болған ұлт-азаттық соғыстарының бірде бірін ұғуға болмайды. Бұдан сол замандағы соғыстардың *бәрі де* ұлт-азаттық соғыс болды деген ұғым шыға ма? Әрине, шықпайды. Бұлай деу қисынсыздыққа дейін барғандық болар еді, әрбір жеке соғысты нақты зерттеудің орнына жұрт күлерлік шаблон қолданғандық болар еді. 1789—1871 жж. отаршылдық соғыстар да, толып жатқан бөтен ұлттарды езген реакциялық империялар арасындағы соғыстар да болды.

Мынадай сұрақ туады: алдыңғы қатарлы европалық (және американдық) капитализм империализмнің жаңа заманына аяқ басқандықтан, енді тек империалистік соғыстар ғана болуы мүмкін деуге бола ма? Бұлай деу қисынсыз пікір болар еді, белгілі бір нақты құбы-

лысты заманның болуы мүмкін алуан түрлі құбылыстарының барлық жиынтығынан ажырата білмегендік болар еді. Заманның заман деп аталатындығы да сол: ол алуан түрлі құбылыстар мен соғыстардың жиынтығын, олардың сол уақытқа тәнін де, тән емесін де, үлкенін де, кішісін де, алдыңғы қатарлы елдерге тәнін де, сондай-ақ артта қалған елдерге тәнін де қамтиды. П. Киевскийдің істеп отырғанындай, «заман» туралы жалпы сөздер арқылы әлгіндей нақты мәселелерден ат-тонды ала қашу — «заман» деген ұғымға қиянат еткендік болады. Сөзіміз жалаң болып шықпауы үшін біз қазір көптеген мысалдардың бірін келтіреміз. Бірақ алдымен мына бір нәрсені еске сала кету керек: солшылдардың *бір* тобы, атап айтқанда немістің «Интернационал» тобы Берн Атқару комиссиясы бюллетенінің 3-номерінде (1916 жылы 29 февральда) жарияланған өз тезистерінің 5-параграфында: «Осы жүгенсіз кеткен империализм заманында *ендігі жерде ешқандай* ұлттық соғыстар *болуы мүмкін емес»* деген көріне теріс пікір білдірді. Біз «Социал-Демократ Жинағында» бұл пікірді талдап өттік*. Бұл жерде мынаны ғана айта кетелік: осы теориялық қағида интернационалдық қозғалысқа зейін салушылардың бәріне әлдеқашаннан-ақ таныс болса да (біз ол қағидаға қарсы 1916 ж. көктемінде Берн Атқару комиссиясының кеңейтілген жиналысында-ақ күрескен болатынбыз), әйтседе бұл қағиданы осы күнге дейін *бірде-бір топ* қайталаған жоқ, оны қабылдаған жоқ. П. Киевский де 1916 жылы августа, өзінің мақаласын жазған кезінде, осындай немесе осы сияқты пікірдің рухында еш нәрсе айтқан жоқ.

Мұны атап айтатын себебіміз мынадан: егер осындай немесе осы сияқты теориялық пікір айтылған болса, онда теориялық пікір алалығы туралы сөз қылуға болар еді. Ал енді осы сияқты ешқандай пікір *ұсынылмайды* екен, онда біз: біздің көріп отырғанымыз «заманды» басқаша түсіну емес, теориялық пікір алалы-

* Қараңыз: осы том, 4—11-беттер. *Ред.*

ғы емес, бұл тек өрекпи айта салынған бос сөз, тек «заман» деген сөзге қиянат ету деуге ғана мәжбүрміз.

Мысал: «Мұның өзі (өзін өзі билеу) Марстан 10 000 десятина жерді тегін алу правосына ұқсас емес пе?— деп жазады П. Киевский өз мақаласының ең басында. Бұл сұраққа, осы қазіргі заманды түгелдей есепке ала отырып болмаса, басқаша әбден нақты жауап беруге болмайды; өндіргіш күштердің сол кездегі даму дәрежесінің ең қолайлы формасы ретінде құрылған ұлттық мемлекеттер заманындағы ұлттардың өзін өзі билеу правосы бір басқа да, ал осы формалар, ұлттық мемлекет формалары, олардың дамуына бұғау болған кездегі право екінші нәрсе ғой. Капитализмнің және ұлттық мемлекеттің өзін орнықтыру заманы мен ұлттық мемлекеттің құру және капитализмнің өзінің құру қарсаңы заманының арасында зор көлемде қашықтық жатыр. Ал уақыт пен кеңістікке байланыссыз, «жалпы» сөз қозғау — марксистің ісі емес».

Бұл пайымдау — «империалистік заман» ұғымын карикатура түрінде қолданудың үлгісі. Бұл ұғым жаңа және маңызды ұғым болғандықтан да карикатурамен күресу керек! Ұлттық мемлекет формалары бұғау болды, т. т. дегенде, әңгіме не туралы болып отыр? Әңгіме алдыңғы қатарлы капиталистік елдер туралы, ең алдымен Германия, Франция, Англия туралы болып отыр, бұлардың осы соғысқа қатысуы бұл соғысты ең алдымен империалистік соғыс етіп отыр. Адамзатты осы күнге дейін, әсіресе 1789—1871 жж., ілгері бастап келген *бұл* елдерде ұлттық мемлекеттің құрылу процесі аяқталды, *бұл* елдерде ұлттық қозғалыс келмеске кеткен нәрсе, оны қайта тірілту қисынсыз реакциялық утопия болар еді. Француздардың, ағылшындардың, немістердің ұлттық қозғалысы әлдеқашан аяқталған; *мұнда* тарихи кезекте басқа нәрсе тұр: азаттық алған ұлттар енді езуші ұлттарға, империалистік тонаушы ұлттарға, «капитализмнің құру қарсаңын» бастарынан өткізуші ұлттарға айналып отыр.

Ал басқа ұлттар ше?

П. Киевский марксистер «нақты» пайымдаулары керек дегенді жаттанды ережедей қайталай береді, бірақ оны *қолданбайды*. Біз болсақ өзіміздің тезистерімізде нақты жауаптың үлгісін әдейі бердік, ал П. Киевский бұл жерден қате көрген болса, бізге қатемізді көрсетіп бергісі келмеді.

Біздің тезистерімізде (§ 6) нақты болу үшін өзін өзі билеу мәселесі жөнінде кемінде *үш* түрлі типтегі елдерді ажыратып алу керек делінген. (Жалпы тезистерде әрбір жеке ел туралы айтуға болмағандығы түсінікті.) Бірінші тип — ұлттық қозғалыс *өткен іс* болып саналатын Европаның батысындағы (және Америкадағы) алдыңғы қатарлы елдер. 2-тип — ұлттық қозғалыс *қазіргі іс* болып саналатын Европаның шығысы. 3-тип — ұлттық қозғалыс едәуір дәрежеде *келешектегі іс* болып саналатын жартылай отарлар мен отарлар*.

Бұл дұрыс па, жоқ па? П. Киевский өзінің сынын *осыған* бағыттауы керек еді. Бірақ ол теориялық мәселелердің *неде* екенін де байқамайды! Ол біздің тезистеріміздің әлгі (6-параграфтағы) қағидасын теріске шығармай тұрғанда,— ал оны теріске шығаруға болмайды, өйткені ол дұрыс,— өзінің «заман» туралы пайымдаулары семсерімен «оқталатын», бірақ сілтемейтін адам сияқты болатынын көрмейді.

«В. Ильиннің пікіріне қарама-қарсы,— деп жазады ол мақаласының соңында,— біз Батыстағы (!) елдердің көпшілігінде (!) ұлт мәселесі шешілген жоқ деп ойлаймыз»...

Сонымен, француздардың, испандардың, ағылшындардың, голландтардың, немістердің, итальяндардың ұлттық қозғалысы XVII, XVIII, XIX ғасырда және одан бұрын аяқталмаған болып шыққаны ғой? Мақаланың басында «империализм заманы» ұғымының бұрмаланғаны соншалық, ұлттық қозғалыс батыстағы алдыңғы қатарлы елдерде ғана емес, жалпы аяқталған сияқты болып көрсетілген. Ал осы мақаланың соңында келіп «ұлт мәселесі» *нақ сол* батыстағы елдерде «шешілмеген мәселе» деп жарияланады!! Шатасушылық деген осы емес пе?

Батыстағы елдерде ұлттық қозғалыс — ертеде өткен іс. Англияда, Францияда, Германияда, т. т. «отан» өзінің міндетін орындаған, өзінің тарихи ролін атқарып

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 287—289-беттер. *Ред.*

болған, *яғни* мұнда ұлттық қозғалыс жаңа халық бұқарасын жаңа экономикалық және саяси өмірге көтерерліктей прогрестік еш нәрсе бере алмайды. Мұнда тарихи кезекте феодализмнен немесе патриархтық тағылықтан ұлттық прогреске, мәдениетті және саяси азат отанға өту мәселесі тұрған жоқ, дәурені өткен, капиталистік-мезгілі асқан «отаннан» социализмге өту мәселесі тұр.

Европаның шығысында істің жайы басқаша. Мәселен, украиндар мен белорустарда ұлттық қозғалыстың әлі аяқталып болмағанын, бұқараның ана тілі мен өз әдебиетін меңгеруге оянуының — (ал мұның өзі капитализмнің толық дамуының, айырбастың ең соңғы шаруа семьясына дейін толық енуінің қажетті шарты және серігі) — мұнда *әлі* жүріп жатқанын тек Марста тұрмын деп қиялдайтын адам ғана бекер дей алар еді. «Отан» мұнда өзінің тарихи міндетін *әлі* түгелдей орындап болған жоқ. «Отан қорғау» мұнда *әлі* езуші ұлттарға қарсы, орта ғасырлыққа қарсы демократияны қорғау, ана тілін, саяси бостандықты қорғау болуы мүмкін, олай болса, ағылшындар, француздар, немістер, итальяндар қазір осы соғыста өз отанын қорғау туралы сөз қылғанда, өтірік айтып отыр, өйткені олардың іс жүзінде қорғап отырғаны ана тілі *емес*, өздерінің ұлттық дамуының бостандығы *емес*, қайта олар өздерінің құл иелену праволарын, өздерінің отарларын, өздерінің финанс капиталының бөтен елдердегі «ықпал сфераларын», т. с. қорғап отыр.

Ұлттық қозғалыс жартылай отарлар мен отарларда тарихи жағынан Европаның шығысындағыдан гөрі жасырақ.

«Жоғары дамыған елдер» және империалистік заман туралы сөздердің *неге* қатысы бар, Россияның (П. Киевскийдің мақаласының 2-тарауындағы *д* параграфының тақырыбы) және жалғыз Россияның ғана емес, — «айрықша» жағдайы *неде*, ұлт-азаттық қозғалысы *қай кезде* жалған сөз де, *қай жерде* ол нақты, прогрестік шындық — П. Киевский мұның ешбіреуін де мүлде түсінбеген.

3. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ДЕГЕН НЕ?

Өзін өзі билеуге қарсылардың айтқан пікірлерінің түйіні — жалпы капитализм тұсында немесе империализм тұсында мұның «жүзеге аспайтындығын» дәлел ету. «Жүзеге аспайтындығы» деген сөзсымақ екінің бірінде әр алуан және анық айтылмаған мағынада қолданылып жүр. Сондықтан біз өзіміздің тезистерімізде қандай теориялық айтыста болсын қажет нәрсені: осы «жүзеге аспайтындығы» деген сөздің қай мағынада айтылатынын ашып алуды талап еттік. Сөйтіп сұрақ қоюмен ғана қанағаттанбай, біз мұны түсіндіруге де кірістік. Саяси жағынан жүзеге асырылуының қиындығы немесе бірқатар революциялар жасалмайынша жүзеге аспайтындығы мағынасында демократияның *барлық* талаптары да империализм тұсында «жүзеге аспайтын» талаптар.

Экономикалық жағынан мүмкін емес деген мағынада алғанда өзін өзі билеуді жүзеге аспайды деу түбірінен дұрыс емес.

Біздің қағидамыз осындай еді. Теориялық пікір алалығының түйіні осы жерде, сондықтан азды-көпті елеулі айтыста бізге қарсылар осы мәселеге бүкіл назарын аударулары керек еді.

Енді бұл мәселе жөнінде П. Киевскийдің қалай пайымдайтынын қарап көріңіз.

Жүзеге аспайтындықты саяси себептерден «жүзеге асырылуы қиын» деген мағынада түсіндіруді ол айдан-анық теріске шығарады. Ол мәселеге тура экономикалық жағынан мүмкін емес деген мағынада жауап береді.

«Товар өндірісі тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтыны сияқты,— деп жазады ол,— империализм тұсында өзін өзі билеу де жүзеге аспайды деген мағына шыға ма?» Сөйтіп П. Киевский бұған былай деп жауап береді: «Иә, солай! Өйткені біз нақ екі түрлі әлеуметтік категорияның: «империализм» мен «ұлттардың өзін өзі билеуі» арасындағы логикалық қайшылық туралы айтып отырмыз, мұндай логикалық қайшылық басқа да екі категорияның: жұмысшы ақшасы мен товар өндірісінің арасында бар. Империализм дегеніміз — өзін өзі билеуді теріске шығару, сондықтан ешбір сиқыршы өзін өзі билеуді империализммен орайластыра алмайды».

П. Киевскийдің бізге қарсы қолданып отырған «сиқыршылар» деген ашулы сөзі қаншама қаһарлы болғанымен де, бұл жерде біз оның экономикалық талдау дегеннің не екенін ешбір түсінбейтінін өзіне көрсетіп өтуге тиіспіз. Әрине, логикалық тұрғыдан дұрыс ойлаған жағдайда «логикалық қайшылық» экономикалық талдауда *да*, саяси талдауда *да* болуға тиіс емес. Сондықтан әңгіме саяси талдау жөнінде *емес*, нақ экономикалық талдау туралы болып отырғанда, *жалпы* «логикалық қайшылықты» дәлел етудің ешқандай қисыны жоқ. Экономикалық жағы *да*, саяси жағы *да* «әлеуметтік категорияларға» жатады. Демек, П. Киевский әуелі батыл және тура: «иә, солай» (яғни товар өндірісі тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтыны сияқты, өзін өзі билеу *де* жүзеге аспайды) деп жауап беріп, іс жүзінде босқа айналсоқтап жүрді де, экономикалық талдау жасамай, сытылып шыға келді.

Товар өндірісі тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтындығы немен дәлелденеді? Экономикалық талдау жасаумен дәлелденеді. Талдау атаулының бәрі сияқты, бұл экономикалық талдау да «логикалық қайшылыққа» жол бермейді, экономикалық, *тек қана* экономикалық категорияларды (жалпы «әлеуметтік» категорияларды емес) алады да, жұмысшы ақшасының мүмкін еместігін сол категориялардан келіп шығарады. «Капиталдың» бірінші тарауында жалпы ешқандай саясат туралы, ешқандай саяси форма туралы, ешқандай «әлеуметтік категориялар» туралы бір сөз де жоқ: онда талдау *тек қана* экономиканы, товар айырбасын, товар айырбасының дамуын алады. Экономикалық талдау — әрине, «логикалық» пайымдаулар жолымен — товар өндірісі тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтынын көрсетеді.

П. Киевский экономикалық талдау жасауға кірісуге тіпті әрекеттенбейді де! Ол империализмнің экономикалық мәнін оның саяси тенденцияларымен *шатастырып отыр*, мұның өзі оның мақаласының дәл бірінші параграфының алғашқы сөздерінен-ақ көрініп тұр. Ол сөздері мынау:

«Өнеркәсіп капиталы капитализмге дейінгі өндіріс пен сауда-қарыз капиталының синтезі болды. Қарыз капиталы өнеркәсіп капиталының қызметінде болып шықты. Енді капитализм капиталдың әр алуан түрлерінен арылып келеді, капиталдың жоғарғы, бір сипатқа енген типі, финанс капиталы туып келеді, сондықтан да бүкіл осы заманды финанс капиталының заманы деуге болады, мұның сыртқы саясатының өзіне сай жүйесі империализм болып табылады».

Экономикалық жағынан алғанда бұл анықтама түгелімен түкке тұрмайды: мұнда дәл экономикалық категориялардың орнына жалаң сөздер ғана келтірілген. Бірақ бұған тоқталып жатуға қазір мүмкіндік жоқ. Мұндағы маңыздысы — П. Киевскийдің империализмді «сыртқы саясат жүйесі» деп жариялағандығы.

Мұның өзі, 1-ден, шынына келгенде Каутскийдің теріс идеясын теріс қайталағандық.

Мұның өзі, 2-ден, империализмге таза саяси, тек қана саяси анықтама бергендік. Империализмге «саясат жүйесі» деп анықтама беру арқылы П. Киевский *экономикалық* талдау жасаудан жалтарғысы келеді, ал ол: товар өндірісі тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтындығы сияқты, империализм тұсында өзін өзі билеу де *«сондай-ақ»* жүзеге аспайды, яғни экономикалық жағынан жүзеге аспайды! деп мәлімдеп, экономикалық талдау жасауға уәде еткен еді!*

Каутский солшылдармен таласқанда империализм дегеніміз «тек қана сыртқы *саясаттың* жүйесі» (атап айтқанда аннексияның жүйесі) екенін, капитализмнің белгілі бір экономикалық кезеңін, даму сатысын империализм деп атауға болмайтынын мәлімдеген болатын.

Каутскийдікі дұрыс емес. Сөз туралы таласу, әрине, ақылдылық емес. Империализм деген «сөзді» қолдануға қалай еткенде де тыйым салу мүмкін емес. Бірақ

---

* Мұндай «Логикалық тәсілдерді» Маркстің ұнатпаған сөзбен атағанын П. Киевский біле ме екен? Осы тұрпайы сөзді П. Киевский жөнінде *тіпті де қолданып жатпай,* біз Маркстің мұны: белгілі бір ұғымның *анықтамасына* талас болып отырған нәрсенің нақ өзін, әлі дәлелдеу керек нәрсенің нақ өзін қалай болса, солай енгізуді «ала аяқтық тәсілдер» деп атағанын көрсетіп өтуге мәжбүр болып отырмыз.

Қайталап айтамыз, біз Маркстің бұл ұнатпаған сөзін П. Киевскийге қолданб*аймыз.* Біз тек оның қатесінің негізін ғана ашып отырмыз. (Бұл текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*)

айтыс жүргізуді керек етеді екенсің, онда бұл ұғымды дәл анықтап алу керек.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, империализм (немесе финанс капиталының «заманы», әңгіме сөзде емес) дегеніміз капитализм дамуының жоғары сатысы, атап айтқанда өндіріс ірілeніп, өте ірілeніп, *еркін бәсекенің орнын монополия басқан* кездегі сатысы. Империализмнің *экономикалық* мәні осында. Монополия трестерден де, синдикаттардан және басқалардан, орасан зор банктердің құдіреттілігінен де, шикізат көздерін және басқаларын көтере сатып алудан, банк капиталының шоғырлануынан да, т. т. көрінеді. Барлық істің түйіні осы экономикалық монополияда.

Жаңа экономиканың, монополистік капитализмнің (империализм дегеніміз монополистік капитализм) саяси қондырмасы — демократия*дан* саяси реакцияға *қарай* бет бұру. Еркін бәсекеге демократия сәйкес келеді. Монополияға саяси реакция сәйкес келеді. Р. Гильфердинг өзінің «Финанс капиталында»: «финанс капиталы бостандыққа емес, үстемдікке қарай ұмтылады» деп әділ айтқан.

«Сыртқы саясатты» жалпы саясаттан бөліп алу немесе одан бетер сыртқы саясатты ішкі саясатқа қарсы қойып қарау түбірінен теріс, маркстік емес, ғылыми емес пікір. Империализм сыртқы саясатта да, ішкі саясатта да бірдей демократияны бұзуға, реакцияға ұмтылады. Осы мағынада алғанда империализм дегеніміз демократияның тек *бір* талабын ғана, атап айтқанда: ұлттардың өзін өзі билеуін «теріске шығару» емес, қайта *жалпы демократия атаулыны, барлық демократияны* «теріске шығару» болып табылатыны даусыз.

Империализм демократияны «теріске шығару» болғандықтан, ол *сондай-ақ* ұлт мәселесіндегі демократияны да (яғни ұлттардың өзін өзі билеуін) «теріске шығарады»: «сондай-ақ», яғни ол мұны да бұзуға тырысады; империализм тұсында (монополистік капитализмге дейінгі капитализммен салыстырғанда) республиканы, милицияны, чиновниктерді халықтың сайлауын, т. т. жүзеге асыру қаншалықты қиын болса,

империализм тұсында ұлт мәселесіндегі демократияны жүзеге асыру да нақ соншалықты және сол мағынада қиын. «Экономикалық» жағынан жүзеге аспайтындық туралы айтып жатудың да қажеті жоқ.

Бұл жерде П. Киевскийді (экономикалық талдаудың талаптарын жалпы түсінбеушіліктен басқа), сірә, мына жағдай қателікке ұрындырған болуы керек: тоғышарлық көзқарас тұрғысынан қарағанда аннексия (яғни бөтен ұлттың жерін оның халқының еркіне қарамастан қосып алу, яғни ұлттың өзін өзі билеуін бұзу) финанс капиталының бұрынғыдан гөрі кеңірек шаруашылық территорияға «жайылуымен» (экспансиямен) бірдей деп есептеледі.

Бірақ теориялық мәселелермен тоғышарлық ұғымдар тұрғысынан шұғылдануға болмайды.

Империализм дегеніміз, экономика жағынан алып қарағанда, монополистік капитализм. Монополия толық болуы үшін бәсекелестерді ішкі рыноктан (белгілі бір мемлекеттің рыногынан) ғана емес, сонымен қатар сыртқы рыноктан да, бүкіл дүние жүзінен ығыстыру керек. «Финанс капиталы заманында» тіпті бөтен мемлекет ішінде бәсекені жоюға *экономикалық* мүмкіндік бар ма? Әрине, бар: оның шарасы — финанс жағынан тәуелді ету, шикізат көздерін сатып алу, содан кейін барып бәсекелестің барлық кәсіпорындарын сатып алу.

Американың трестері империализм немесе монополистік капитализм экономикасының ең жоғарғы көрінісі. Бәсекелесін жою үшін трестер экономикалық шаралармен ғана шектелмейді, қайта саяси, тіпті қылмысты шараларды да үнемі қолданып отырады. Бірақ күрестің таза экономикалық тәсілдерін қолдану жағдайында трестердің монополиясын жүзеге асыру экономикалық жағынан мүмкін емес деп есептеу өте зор қателескендік болар еді. Қайта керісінше, өмір шындығы мұның «жүзеге асатындығын» аяқ басқан сайын дәлелдеп отыр: трестер банктер арқылы (трестердің қожалары сол банктердің де қожалары: акцияларын сатып алады) бәсекелесінің кредитін діңкелетеді; трестер бәсекелестерінің материал тасымалдауын

діңкелетеді (трестердің қожалары сол темір жолдардың да қожалары: акцияларын сатып алады); трестер бәсекелесін күйзелтіп, оның кәсіпорындарын, оның шикізат көздерін (рудниктер, жер және басқалар) *сатып алу* үшін белгілі бір уақытқа бағаны заттың өзіндік құнынан төмендетіп, бұған миллиондаған қаржы шығарады.

Трестердің күшіне, олардың ұлғаюына дұрыс экономикалық талдау жасау дегеніңіз міне осы. Ұлғаюдың таза экономикалық жолы осы: кәсіпорындарын, өндіріс орындарын, шикізат көздерін *сатып алу*.

Бір елдің ірі финанс капиталы басқа бір, саяси тәуелсіз, елдегі бәсекелестерін әрқашан сатып ала алады және әрқашан осылай істейді. Экономикалық жағынан мұның жүзеге асырылуы әбден мүмкін. Экономикалық «аннексияның» саяси аннексиясыз-ақ «жүзеге асырылуы» *әбден* мүмкін және ұдайы кездесіп отырады. Империализм жайындағы әдебиетте сіз, мәселен, Аргентина іс жүзінде Англияның «сауда отары», Португалия іс жүзінде Англияның «вассалы» деген және т. с. деректерді жиі кездестіресіз. Бұл дұрыс: экономикалық жағынан ағылшын банктеріне тәуелді болу, Англияға борышты болу, жергілікті темір жолдарды, рудниктерді, жерлерді, тағы басқаларды Англияның сатып алуы — міне осының бәрі әлгі аталған елдерді, ол елдердің саяси тәуелсіздігін бұзбай-ақ, экономикалық мағынада Англияның «аннексиясы» етеді.

Ұлттардың өзін өзі билеуі деп олардың саяси тәуелсіздігін айтады. Империализм оны бұзуға тырысады, өйткені саяси аннексия тұсында экономикалық аннексия көбінесе қолайлырақ, арзанырақ (чиновниктерді параға сатып алу, концессиялар алу, пайдалы заң шығарту оңай, тағы басқалар), оңтайлырақ, тынышырақ болады,— мұның өзі империализмнің тегінде демократияны жалпы алғанда олигархиямен ауыстыруға тырысатындығының дәл өзі. Бірақ өзін өзі билеудің империализм тұсында *экономикалық жағынан* «жүзеге аспайтындығы» туралы сөз қылу әншейін бос сандырақ.

П. Киевский теориялық қиыншылықтарды бір өте-

мөте жеңіл, үстірт тәсіл арқылы орағытып кетеді, бұл тәсіл немісше «буршикоздық» сөз, яғни студенттерге тән қарапайым, дөрекілеу сөз, студенттер жиналып арақ ішкен кезде көбірек қолданылатын (және табиғи) сөз деп аталады. Мұның үлгісі міне:

«Жалпыға бірдей сайлау правосы,— деп жазады ол,— 8 сағаттық жұмыс күні және тіпті республика да *логикалық тұрғыдан қарағанда* империализммен сыйыса алады, бірақ империализмге бұлар мүлдем ұнамайды (!!), сондықтан да бұларды жүзеге асыру мейлінше қиынға соғады».

Біз империализмге республика «ұнамайды» деген буршикоздық сөздерге, егер бұлардан *басқа*, келелі мәселе жөніндегі айтқан пікірде ұғымдарға экономикалық және саяси талдау жасалған болса, тіпті ешқандай қарсылығымыз болмас еді,— күлдіргі сөз кейде ғылыми материяға сән береді ғой! Бірақ П. Киевскийде буршикоздық сондай талдаудың орнына қолданылып, оның жоқтығын көлегейлейді.

«Империализмге республика ұнамайды» деген не деген сөз? Ол неге олай?

Республика дегеніміз капиталистік қоғамның саяси қондырмасының мүмкін формаларының бірі, оның үстіне қазіргі жағдайлардағы ең демократиялық формасы. Империализмге республика «ұнамайды» деу — империализм мен демократия арасында қайшылық бар деген сөз. Біздің бұл қорытындымыздың П. Киевскийге «ұнамауы», тіпті «мүлдем ұнамауы» әбден мүмкін, бірақ дегенмен бұл талассыз қорытынды.

Одан соң. Империализм мен демократия арасындағы бұл қайшылық қандай қайшылық? Логикалық қайшылық па әлде логикалық емес қайшылық па? П. Киевский «логикалық» деген сөзді ойланбай қолданады, сондықтан да осы сөздің бұл жерде оның *нақ сол* пікір айтуға кіріскен *мәселесін* (оқушының көзі мен ойынан, сол сияқты автордың да көзі мен ойынан) *бүркемелеуге* қызмет ететінін байқамайды! Бұл мәселе — экономиканың саясатқа қатынасы; империализмнің экономикалық жағдайлары мен экономикалық мазмұнының саяси формалардың біріне қатынасы. Адамның пайымдауларында байқалатын «қайшылық» атаулының бәрі

де логикалық қайшылық болып табылады; бұл — құр тавтология. Осы тавтология арқылы П. Киевский мәселенің *мәніне* соқпай өтеді: бұл қайшылық — екі түрлі *экономикалық* құбылыстың немесе жағдайдың арасындағы «логикалық» қайшылық па (1)? немесе екі түрлі *саяси* құбылыстың немесе жағдайдың арасындағы (2)? әлде *экономикалық* және *саяси* құбылыстың немесе жағдайдың арасындағы «логикалық» қайшылық па (3)?

Істің мәні осында ғой, белгілі бір саяси форманың тұсында экономикалық жағынан жүзеге асатындығы немесе аспайтындығы жөнінде мәселе қойылған екен, осылай болу керек қой!

Егер П. Киевский мәселенің осы мәніне соқпай өтпеген болса, онда ол империализм мен республика арасындағы қайшылықтың ең жаңа капитализмнің экономикасы (атап айтқанда: монополистік капитализмнің экономикасы) мен жалпы алғанда саяси демократия арасындағы қайшылық екенін, бәлкім, көрген болар еді. Өйткені, ірі, түбегейлі демократиялық шараның (чиновниктерді немесе офицерлерді халықтың сайлап қоюы, одақтар құруға, жиналыстар шақыруға толық бостандық берілуі, тағы сондайлар) қайсысы болса да империализмге республикадан гөрі кемірек қайшы келеді (керек десеңіз — оған көбірек «ұнайды») деп П. Киевский еш уақытта да дәлелдей алмайды.

Ақырында тезистерде пақ *біз* талап еткен қағида келіп шығады: империализм саяси демократия *біткеннің бәріне* қайшы келеді, «логикалық тұрғыдан» қайшы келеді. Біздің бұл қағидамыз П. Киевскийге «ұнамайды», өйткені бұл қағида оның логикасыз пайымдауларының шырқын бұзады, бірақ не істеу керек? Сонда, белгілі қағидаларды бейне бір теріске шығарғансып, ал іс жүзінде «империализмге республика ұнамайды» деген сөздер арқылы сол қағидалардың өзін жымысқылап жүзеге асыруға шынымен көну керек болғаны ма?

Одан соң. Империализмге республика неліктен ұнамайды? және империализм өзінің экономикасын республикамен қалай «сыйыстырады»?

П. Киевский бұл туралы ойланбаған. Біз Энгельстің төмендегі сөздерін оның есіне салып өтейік. Әңгіме демократиялық республика туралы болып отыр. Мәселе былай қойылып отыр: басқарудың осы формасы тұсында байлық үстемдік ете ала ма? яғни атап айтқанда мәселе экономика мен саясат арасындағы «қайшылық» туралы болып отыр.

Энгельс былай деп жауап береді: «...Демократиялық республика байлық жағынан» (азаматтар арасындағы) «айырмашылық туралы ресми түрде дәнеңе де білмейді. Республика тұсында байлық өзінің өктемдігін жанамалап жүргізеді, бірақ оның есесіне сенімдірек етіп жүргізеді. Бір жағынан, чиновниктерді тура параға сатып алу түрінде» («мұның классикалық үлгісі — Америка»), «екінші жағынан, үкімет пен биржаның одақтасуы түрінде жүргізеді...»[48]

Міне, сізге капитализм тұсында демократияның «жүзеге асатындығы» туралы мәселе жөніндегі экономикалық талдаудың үлгісі; империализм тұсында өзін өзі билеудің «жүзеге асатындығы» туралы мәселе де осы мәселенің бір бөлегі болып табылады!

Демократиялық республика «логикалық тұрғыдан» капитализмге қайшы келеді, өйткені ол бай мен кедейді «ресми» теңейді. Мұның өзі экономикалық құрылыс пен саяси қондырманың арасындағы қайшылық болып табылады. Республиканың империализммен де қайшылығы бар, еркін бәсекенің орнын монополияның басуы саяси бостандық атаулының жүзеге асырылуын одан бетер «қиындататындықтан» бұл қайшылық тереңдей немесе шиеленісе түседі.

Капитализм демократиямен қалайша сыйысады? Капиталдың өктемдігін жанамалап жүзеге асыру арқылы сыйысады! Бұл үшін екі түрлі экономикалық шара бар: 1) тікелей параға сатып алу; 2) үкіметтің биржамен одақтасуы. (Біздің тезистерімізде бұл: буржуазиялық құрылыстың тұсында финанс капиталы «кез келген үкіметті және чиновниктерді еміп-еркін сатып алады және параға сатып алады» деген сөздермен берілген.)

Товар өндірісі, буржуазия үстем болып отыр екен,

ақшаның өктемдігі — параға сатып алу (тікелей және биржа арқылы) басқарудың кез келген формасы тұсында да, кез келген демократия тұсында да «жүзеге асырылады».

Мынадай сұрақ туады: капитализмді империализммен, яғни монополизмге дейінгі капитализмді монополистік капитализммен алмастырғанда, осы қарастырып отырған мәселе жағынан не өзгереді?

Мұнда өзгеретіні: биржаның өктемдігі күшейеді! Өйткені, финанс капиталы дегеніміз — ең ірі, монополияға дейін өсіп жетілген, банк капиталымен бірігіп кеткен өнеркәсіптік капитал. Ірі банктер биржамен қосылып, оны жұтып қояды. (Империализм туралы әдебиетте биржа ролінің құлдырауы туралы айтылады, бірақ әрбір орасан зор банктің өзі биржа деген мағынада айтылады.)

Одан соң. Егер «байлық» үшін параға сатып алу және биржа арқылы қандай демократиялық республикаға болса да үстемдікті әбден жүзеге асыру жалпы мүмкін болатын болса, онда П. Киевский адам күлерлік «логикалық қайшылыққа» ұрынбайынша, миллиардтарды билеп-төстеп отырған трестер мен банктердің асқан мол байлығы бөтен, яғни саяси тәуелсіз, республикаға финанс капиталының билігін «жүргізе» алмайды деп қалай айта алады??

Қалай болғаны? бөтен мемлекеттің чиновниктерін параға сатып алу «жүзеге аспайтыны ма»? әлде «үкіметтің биржамен одағы» тек өз үкіметінің ғана одағы болғаны ма?

* *
*

Оқушы мәселені анықтап, көпшілікке түсіндіру үшін он жол шатаққа қарсы 10 баспа табақ қағаз жазу керек екенін осының өзінен көріп отыр. П. Киевскийдің әрбір пікірін — оның шатаспай айтылған бірде-бір пікірі жоқ! — біз егжей-тегжейлі талдап жата алмаймыз, шынында ең бастысы талданып көрсетілген соң, оның қажеті де жоқ. Қалғанын қысқаша көрсетіп өтеміз.

4. НОРВЕГИЯНЫҢ МЫСАЛЫ

Норвегия бейне бір жүзеге аспайды-мыс деп есептелетін өзін өзі билеу правосын 1905 жылы, нағыз құтырынған империализм заманында «жүзеге асырды». Сондықтан «жүзеге аспайтындық» жөнінде сөз қылу теориялық жағынан ғана мағынасыздық емес, сонымен қатар ерсі нәрсе.

П. Киевский ашумен бізді «рационалистер» деп атап, мұны теріске шығармақшы болады (мұнысы не дегені? рационалист құр пікір айтумен, оның үстіне жалаң пікірмен тынады, ал біз ең нақты фактіні көрсеттік қой! П. Киевский «рационалист» деген шетелдік сөзді қолданғанда... қалайша биязылап айтсақ екен?.. өзінің мақаласының басында, өз пікірлерін «экстрактивтік түрде» ұсынып, сол «экстрактивтік» деген сөзді қолданғанындай «сәтті» қолданып отырған жоқ па?).

П. Киевский бізді кінәлағанда сіздер үшін «құбылыстардың шын мәні емес, тек сырт көрінісі ғана маңызды» деп кінәлайды. Енді сол шын мәнге көз салып көрейікші.

Теріске шығаруы мынадан — трестерге қарсы заң шығарылу фактісі трестерге тыйым салудың жүзеге аспайтындығын дәлелдей алмайды деген мысалдан басталады. Әділ-ақ. Тек мысалы сәтті емес, өйткені ол П. Киевскийге *қарсы* шығады. Заң дегеніміз — саяси шара, саясат. Экономиканы ешқандай саяси шарамен тыюға болмайды. Польша мейлі патшалық Россияның немесе Германияның бір бөлегі болсын, немесе автономиялы облыс не тәуелсіз саяси мемлекет болсын, Польшаның ешқандай саяси формасы арқылы оның империалистік державалардың финанс капиталына тәуелді болуына, оның кәсіпорындары акцияларын әлгі капиталдың сатып алуына тыйым салуға да, оны жоюға да болмайды.

Норвегияның тәуелсіздігі 1905 ж. тек саяси жағынан ғана «жүзеге асырылды». Экономикалық тәуелділік мәселесін көтеруді ол ойлаған да жоқ және көтере де алмайтын еді. Біздің тезистеріміз міне нақ осыны айтып отыр. Біз атап айтқанда мынаны атап көрсеттік:

өзін өзі билеудің саясатқа ғана қатысы бар, сондықтан экономикалық жағынан жүзеге аспайтындық жөнінде тіпті мәселе қоюдың өзі дұрыс емес. Ал П. Киевский экономикаға қарсы саяси тыйым салудың күші болмайтыны туралы мысал келтіріп, бізді «теріске шығарады»! «Теріске шығарғаныңа» болайын!

Одан соң.

«Маркстің капитализм дамуының жалпы барысы өндірістің шоғырлануымен де, орталықтануымен де қатар жүріп отырады деген дұрыс тезасын теріске шығару үшін ірі кәсіпорындарды ұсақ кәсіпорындардың жеңуі туралы бір немесе тіпті көптеген мысалдар келтірудің өзі де жеткіліксіз болады».

Таластың шын мәнісінен назарды (оқушы мен автордың назарын) басқа жаққа аударып жіберу үшін таңдап алынған бұл дәлелдің мәні тағы да сәтсіз *мысал* келтіргендікте.

Біздің тезисіміз былай дейді: өзін өзі билеудің экономикалық жағынан жүзеге аспайтындығы жөнінде айтқанда оны капитализм тұсында жұмысшы ақшасының жүзеге аспайтындығы мағынасында айту дұрыс емес. *Мұндай* жүзеге асушылықтың бірде-бір «мысалы» болуы мүмкін емес. П. Киевский бұл пункт жөнінде біздің пікіріміздің дұрыстығын үндемей ғана мойындайды, өйткені ол «жүзеге аспайтындықты» *басқаша* түсіндіруге көшеді.

Мұны ол неге тура істемейді? Ол: «өзін өзі билеу капитализм тұсындағы экономикалық жағынан мүмкіндігі мағынасында жүзеге аспайтын болғандықтан, ол дамуға қайшы келеді, сондықтан реакцияшыл немесе тек ерекшелік болып табылады» деп *өзінің* тезисін неге ашық және дәл тұжырымдап бермейді? Оның себебі — контртезисін ашық тұжырымдаса, онда автор бірден әшкереленіп қалады, сондықтан оның бой тасалауына тура келеді.

Экономикалық шоғырлану, ірі өндірістің ұсақ өндірісті жеңуі заңын біздің программамыз да, Эрфурт программасы да мойындаған болатын. П. Киевский саяси немесе мемлекеттік шоғырлану заңының еш жерде мойындалмаған фактісін жасырады. Егер бұл

да сондай заң болса немесе ол да заң болса, онда П. Киевский оны баяндап бермейтіні, біздің программамызды толықтыруды ұсынбайтыны несі? Ол өзі мемлекеттік шоғырланудың осы жаңа заңын, практикалық маңызы бар заңды аша отырып, бізді нашар, шала-шарпы программамен қалдыруы оның тарапынан әділеттілік пе? өйткені бұл заң біздің программамызды қате қорытындылардан құтқарған болар еді ғой.

П. Киевский заңның ешқандай тұжырымын бермейді, біздің программамызды толықтыруды ұсынбайды, өйткені онда өзінің күлкі болатынын көмескі болса да сезеді. Егер «империалистік экономизм» көзқарасы сыртқа біліні қалса, сөйтіп ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығару заңының қатарына ұсақ мемлекеттерді ірі мемлекеттердің ығыстырып шығаруы туралы *«заң»* (сонымен байланысты не сонымен қатар) қойылған болса, онда бұл ерсі «империалистік экономизмге» жұрттың бәрі де қарқылдап күлер еді!

Мұны түсіндіру үшін П. Киевскийге жалғыз-ақ сұрақ қоюмен шектелейік: тырнақшасыз экономистер қазіргі трестердің немесе ірі банктердің «бөлшектенуі» туралы, сондай бөлшектенудің мүмкіндігі және оның жүзеге асатындығы туралы неге айт*пайды?* не себепті тіпті тырнақшадағы «империалистік экономист» те ірі мемлекеттердің бөлшектенуінің және жалпы бөлшектенуінің ғана емес, оның үстіне, мәселен, «шағын халықтардың» (мұны есте ұстаңыз!) Россиядан бөлінуінің (П. Киевскийдің мақаласының 2-тарауындағы § *д*) мүмкіндігі мен жүзеге асатындығын мойындауға мәжбүр болып отыр?

Ақырында, біздің авторымыздың ауызы неге дейін барып отырғанын одан да бетер көрнекілеу етіп түсіндіру үшін және оны сақтандыру үшін төмендегіні көрсетіп өтейік: ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстырып шығару заңын біз бәріміз де ашық айтамыз және «ұсақ кәсіпорындардың ірі кәсіпорындарды жеңуінің» жеке «мысалдарын» реакциялық құбылыс деп атаудан ешкім де тайсалмайды. Норвегияның Швециядан бөлініп шығуын өзін өзі билеуге қарсылардың *ешқайсысының да* реакцияшыл деп атауға әзірше батылы барған

жоқ, ал біз бұл мәселені әдебиетте 1914 жылдан бастап көтерген болатынбыз*.

Егер, мәселен, қол станоктары сақталатын болса, онда ірі өндіріс жүзеге аспайды; механикаландырылған фабриканың жұмыс қолмен атқарылатын шеберханаларға «бөлшектенуі» туралы ойлау барып тұрған өрескел ой. Ірі империя құруға ұмтылатын империалистік тенденцияның жүзеге асуы әбден мүмкін және практикада, сөздің саяси мағынасында алғанда, дербес және тәуелсіз мемлекеттердің империалистік одағы түрінде жиі жүзеге асып та отырады. Мұндай одақтың болуы мүмкін және ол тек екі елдің финанс капиталының экономикалық қабысуы түрінде ғана емес, сонымен қатар империалистік соғыста әскери «ынтымақтастық» түрінде де кездеседі. Ұлттық күрес, ұлттық көтеріліс, ұлттың бөлініп шығуы әбден «жүзеге асарлық» нәрселер және іс жүзінде империализм *тұсында* кездесіп отырады, тіпті күшейе де түседі, өйткені империализм капитализмнің дамуын және халық бұқарасы ішіндегі демократиялық тенденциялардың өсуін тоқтатпайды, қайта осы демократиялық талпынулар мен трестердің антидемократиялық тенденцияларының арасындағы антагонизмді *шиеленістіре* түседі.

Империалистік саясаттың, мәселен, мынадай өзіндік ерекшелігі бар құбылысын тек «империалистік экономизм», яғни карикатураға айналдырылған марксизм тұрғысынан ғана елемеуге болады: бір жағынан, қазіргі империалистік соғыс саяси тәуелсіз, ұсақ мемлекетті финанс байланыстары мен экономикалық мүдделердің күші арқылы ұлы державалар арасындағы күреске қалай тартуға болатындығының мысалдарын бізге көрсетіп отыр (Англия мен Португалия). Екінші жағынан, өздерінің империалистік «қамқоршыларына» қарағанда әлдеқайда әлсіз (экономикалық жағынан да, саясат жағынан да) ұсақ ұлттар жөнінде демократизмді бұзу не көтеріліс туғызады (Ирландия), не тұтас полктардың жау жағына шығып кетуін туғызады (чехтар). Істің

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 320—326-беттер. *Ред.*

жайы осылай болып отырғанда трестер үшін, *олардың* империалистік саясаты үшін, *олардың* империалистік соғысы үшін, «өздерінің» соғыс қимылдарын бүлдіріп алу қаупіне душар болмауды көздеп, *жеке* ұсақ ұлттарға демократиялық бостандықты мүмкін болғанынша көбірек беру, тіпті тәуелсіз мемлекет етуге дейін бару финанс капиталы тұрғысынан қарағанда «жүзеге асырылуы» мүмкін екендігі былай тұрсын, тіпті *кейде* тікелей *пайдалы* да. Саяси және стратегиялық арақатынастардың ерекшеліктерін ұмытып, тек жаттап алған жалғыз ауыз «империализм» деген сөзді орынды да, орынсыз да қайталай беру — әсте де марксизм емес.

Норвегия туралы П. Киевский бізге, 1-ден, ол «әрқашан да дербес мемлекет болды» дейді. Бұл теріс, ал мұндай терістікті тек автордың буршикоздық салақтығынан және саяси мәселелерге зейін қоймайтындығынан деп түсіндірмейінше, басқаша түсіндіру мүмкін емес. Норвегия 1905 жылға дейін дербес мемлекет болған *емес,* ол тек өте кең автономиямен ғана пайдаланып келді. Норвегияның мемлекеттік дербестігін Швеция өзінен Норвегия бөлініп шыққаннан *кейін* ғана мойындады. Егер Норвегия «әрқашан дербес мемлекет болған болса», онда швед үкіметі 1905 ж. 26 октябрьде Норвегияны енді тәуелсіз ел деп танитындығын шетел державаларына хабарламаған болар еді.

2-ден, П. Киевский Норвегияның батыс жаққа, ал Швецияның шығыс жаққа қарап келгендігін, бірінде көбінесе ағылшын финанс капиталы, екіншісінде неміс финанс капиталы «жұмыс істегендігін», тағы басқаларды дәлелдеу үшін бірқатар үзінді көшірмелер келтіреді. Осыдан келіп: «бұл мысал» (Норвегия) «біздің схемамызға бүтіндей сыйысады» деген маңызды қорытынды шығарылады.

Міне, сіздерге «империалистік экономизм» логикасының үлгісымағы! Біздің тезистерімізде: финанс капиталы «қай елде болса да», «тіпті тәуелсіз елде де» үстемдік ете алады, сондықтан финанс капиталы тұрғысынан қарағанда өзін өзі билеудің «жүзеге аспайтындығы» туралы пікірлердің бәрі де бастан-аяқ

шатасқандық делінген. Бізге Норвегия бөлініп шыққанға *дейін де,* бөлініп шыққаннан *кейін де* ондағы бөтен ел финанс капиталының ролі туралы біздің қағидамызды *дәлелдейтін* деректерді келтіреді,— келтіргенде мұның өзі біздің пікірімізді *теріске шығарады* деген пішінмен келтіріледі!!

Финанс капиталы туралы сөз етіп, осының негізінде саяси мәселелерді *ұмыту* — осы да саясат туралы пікір айту болғаны ма?

Жоқ. «Экономизмнің» логикалық қателерінен саяси мәселелер жойылып кеткен жоқ. Норвегияда ағылшын финанс капиталы Норвегия бөлініп шыққанға дейін де, бөлінгеннен кейін де «жұмыс істеді». Польша Россиядан бөлінгенге дейін онда неміс финанс капиталы «жұмыс істеді» және ол капитал Польша *қандай* саяси жағдайда *болса да* «жұмыс істей» береді. Бұл енді әліппедей анық нәрсе, оны қайталап жатудың өзі де ыңғайсыз, бірақ жұрт әліппені ұмытып отырса, не істеу керек?

Бұдан келіп Норвегияның белгілі бір жағдайы туралы саяси мәселе жойыла ма? оның Швецияға қарайтындығы туралы мәселе жойыла ма? бөліну туралы мәселе көтерілгенде жұмысшылардың пиғылы туралы мәселе жойыла ма?

П. Киевский бұл мәселелерден жалтарды, өйткені бұл мәселелер «экономистерге» қатты тиеді. Бірақ өмірде бұл мәселелер қойылған, қойылып та отыр. Өмірде мынадай мәселе қойылды: Норвегияның бөліну правосын мойындамайтын швед жұмысшысы эсдек бола ала ма? *Бола алмайды.*

Швед аристократтары Норвегияға қарсы соғысуды жақтады, мұны поптар да жақтады. Бірақ П. Киевский норвег халқының тарихынан бұл фактыны оқып білуді «ұмытып кеткенімен», ол факты жойылып кеткен жоқ. Швед жұмысшысы, эсдек бола тұра, норвегтерге бөлінуге қарсы дауыс беріңдер деп ақыл айта алатын еді. (Норвегияда бөліну туралы мәселе жөнінде халықтың дауыс беруі 1905 жылы 13 августа болды, мұның өзінде, дауыс беруге правосы барлардың 80 проценті қатысып, 368 200 дауыс бөлінуді жақтап,

184 адам қарсы дауыс берді). Бірақ швед аристократтары мен буржуазиясы сияқты, бұл мәселені шведтерсіз, шведтердің еркінен тыс, норвегтердің өздерінің шешу правосын теріске шығарған швед жұмысшысы *социал-шовинист* болған болар еді, *социал-демократиялық партияда төзуге болмайтын жексұрын* болған болар еді.

Міне, біздің партия программасының 9-параграфының қолданылуы осындай болуы керек, ал біздің «империалистік экономист» міне осы параграфтан *қарғып өтуге тырысты*. Қарғи алмайсыздар, мырзалар, қарғысаңыздар шовинизмнің құшағына түсесіздер!

Ал норвег жұмысшысы ше? Интернационализм көзқарасы тұрғысынан қарағанда, ол бөлінуді *жақтап* дауыс беруге міндетті ме еді? Ешқандай міндетті емес еді. Эсдек бола тұрып, ол қарсы дауыс бере алатын еді. Ол Норвегияның бөліну *еріктілігіне* қарсы шыққан қаражүздік швед жұмысшысына жолдастық қолын созған жағдайда ғана социал-демократиялық партияның мүшесі ретіндегі өзінің борышын бұзған болып табылар еді.

Норвег жұмысшысы мен швед жұмысшысының жағдайындағы осы қарапайым айырмашылықты кейбір адамдардың көргісі келмейді. Бірақ ең нақты саяси мәселелердің ішіндегі біз оларға тура қойып отырған осы ең бір нақты саяси мәселеге *соқпай өткенде* олар өздерін өздері әшкерелейді. Үндемейді, жалтарады, сонысымен өздерінің позицияларын қолдарынан береді.

«Норвег» мәселесі Россияда да тууы мүмкіндігін дәлелдеу үшін біз әдейі мынадай тезис ұсындық: *таза* соғыстық және стратегиялық сипаты бар жағдайларда айрықша поляк мемлекетінің *қазірде де* жүзеге асуы әбден мүмкін. П. Киевский «айтысқа түскісі» келеді — бірақ үндемейді!!

Бұған қосатынымыз: Финляндияның да *таза* соғыстық және стратегиялық тұрғыдан, *осы* империалистік соғыс белгілі бір нәтижемен аяқталған (мәселен, Швецияның немістерге қосылуы және олардың жартылай жеңуі) жағдайында, финанс капиталының бірде-бір

операциясының «жүзеге асуын» бүлдірмей-ақ, Финляндия темір жолдарының және басқа да кәсіпорындарының акцияларын сатып алуды «жүзеге аспайтын» етпей-ақ, жеке мемлекет болуы әбден *ықтимал**.

П. Киевский өзіне ыңғайсыз тиетін саясат мәселелерінен қашып, өзінің күллі «пікіріне» айрықша тән мынадай тамаша сөздердің тасасына тығыла қояды: ...«Әрбір минут сайын»... (I тараудың *в* параграфының аяғында дәл осылай тұр)... «Дамокл семсері түсіп кетіп, «дербес» шеберхананың желкесін қиюы мүмкін» (кішкентай Швеция мен Норвегияны «меңзегені»).

Міне, сірә, нағыз марксизм осы болуға тиіс: норвегтердің жеке мемлекеті бас-аяғы 10 жыл-ақ өмір сүріп отыр, оның Швециядан бөлінуін *швед* үкіметі «революциялық шара» деп атаған еді. Бірақ біз, Гильфердингтің «Финанс капиталын» оқып, оны — қылышты сермеген соң қиып түсу керек қой! — ұсақ мемлекет «әрбір минут сайын» жойылып кетуі мүмкін деген мағынада «түсінген» соң, әлгі айтқанымыздан туатын *саяси* мәселелерді талдап қараудың қанша қажеті бола қояр екен? Марксизмді біздің «экономизмге» бұрмалағанымызға, ал өз саясатымызды нағыз орыс шовинистерінің сөздерін қайталауға айналдырғанымызға назар аударудың керегі бола қояр ма екен?

1905 жылы республиканы талап еткенде орыс жұмысшылары қандай қателескен болу керек десеңізші: өйткені финанс капиталы Францияда да, Англияда да және басқаларда да сол кездің өзінде-ақ республикаға

---

* Егер қазіргі соғыс бір нәтижемен аяқталған жағдайда, империализмнің даму шарттары мен оның күшін титтей де бұзбай,— қайта, керісінше, финанс капиталы ықпалының, байланыстарының, қысымының *күшеюі* арқылы — Европада жаңа мемлекеттердің, поляк, финн, т. с. мемлекеттерінің құрылуы әбден «жүзеге асатын» нәрсе болса,— ал соғыс екінші бір нәтижемен аяқталған жағдайда венгр, чех, т. с. жаңа мемлекеттерінің құрылуы да *сондай-ақ* «жүзеге асуы» мүмкін. Ағылшын империалистері осы екінші нәтижені өздері жеңе қалсақ деп қазірден-ақ белгілеп отыр. Империалистік заман дүние жүзілік империалистік аранқатынастар *шеңберінде* ұлттардың саяси тәуелсіздікке талпынуын да, осы талпыныстардың «жүзеге асу мүмкіндігін» де жоймайды. Ал бұл шеңберден *тыс* Россияда республика болуы да, дүние жүзінде ешбір жерде жалпы қандай да болсын бір өте ірі демократиялық өзгерістің болуы да бірқатар революцияларсыз «жүзеге аспайды» және социализмсіз берік те болмайды. П. Киевский империализмнің демократияға көзқарасын тіпті, тіпті де түсіне алмаған.

қарсы жұмылдырылған еді ғой, сондықтан республика туа қалған күнде «Дамокл семсерімен» оны «әрбір минутта» шауып түсіруі мүмкін еді ғой!

* *
*

«Ұлттардың өзін өзі билеу талабы... минимум программадағы бос қиял емес: ол қоғам дамуына қайшы келмейді, өйткені ол талаптың жүзеге асуы бұл дамуды бөгемес еді». П. Киевский өз мақаласының нақ Норвегия туралы «үзінділер» келтірген параграфында Мартовтың осы цитатына қарсы таласады, бұл «үзінділерде» ол Норвегияның «өзін өзі билеуі» мен бөлінуі финанс капиталының жалпы дамуын *да,* соның ішінде оның операцияларының өсуін *де,* ағылшындардың Норвегияны көтере сатып алуын *да тоқтата алмады* деген жалпыға мәлім фактіні қайта-қайта *дәлелдейді!* Бізде Мартовтың айтқаны *дәл* дұрыс болып отырған *кезде* Мартовпен таласқан, мәселен, 1908—1910 жылдары Алексинский сияқты, большевиктер талай болған еді! Мұндай «одақтастардан» құдай сақтасын!

5. «МОНИЗМ МЕН ДУАЛИЗМ» ТУРАЛЫ

Бізді «талапқа дуалистік мағына береді» деп кінәлап, П. Киевский былай деп жазады:

«Интернационалдың монистік *әрекеті* дуалистік *насихатпен* алмастырылады».

Бұл мүлде маркстік, материалистік болып шығады: біртұтас болып табылатын әрекетке «дуалистік» болып табылатын насихат қарсы қойылады. Амал не, жақынырақ таныса келіп, мұның өзі Дюрингтің «монизмі» қандай болса, нақ сондай *сөз жүзіндегі* «монизм» екендігін айтуға тиіспіз. Дюрингтің «монизміне» қарсы Энгельс былай деп жазды: «Біз етік щеткасын сүт қоректілермен *біртұтас* категорияға жатқызғанымызбен, одан етік щеткасына желін пайда болмайды»[49].

Мұның мәнісі, тек объективті шындықта *біртұтас* бо-

лып отырған заттарды, қасиеттерді, құбылыстарды, әрекеттерді ғана «біртұтас» деп *жариялауға* болады деген сөз. Біздің авторымыз нақ осы *«ұсақ»* нәрсені ұмытып кеткен!

Ол біздің «дуализмімізді», 1-ден, біздің езілген ұлттардың жұмысшыларынан ең алдымен талап ететінімиздің — әңгіме тек ұлт мәселесі туралы болып отыр — езуші ұлттардың жұмысшыларынан талап ететінімізден *басқаша* екендігінде деп біледі.

Бұл арада П. Киевскийдің «монизмі» Дюрингтің «монизмі» емес пе екен дегенді тексеріп көру үшін істің жайы *объективті шындықта* қандай екенін қарастыру керек болар.

Ұлт мәселесі тұрғысынан қарағанда езуші ұлттар мен езілген ұлттардың ішіндегі жұмысшылардың *шын* жағдайы бірдей ме?

Жоқ, бірдей емес.

(1) *Экономикалық* жағынан айырмашылығы сол, езуші елдердегі жұмысшы табының бір бөлегі езуші ұлттар буржуасының қашан да езілген ұлттар жұмысшыларының екі қабат терісін сыдырып өндіріп отыратын *үстеме пайдасынан* болмашы үлес алады. Оның үстіне, экономикалық деректер мынаны көрсетеді: езілген ұлттардың жұмысшыларынан гөрі езуші ұлттардың жұмысшыларының «мастероктерге» *көбірек* проценті өтеді,— жұмысшы табының *аристократиясына көбірек* проценті көтеріледі*. Бұл факт. Езуші ұлттың жұмысшылары *өз* буржуазиясының езілген ұлттың жұмысшыларын (және халық бұқарасын) талау ісіне *белгілі бір дәрежеде* қатысып отырады.

(2) *Саяси* жағынан айырмашылығы сол, езуші ұлттардың жұмысшылары саяси өмірдің бірқатар салаларында езілген ұлттардың жұмысшыларына қарағанда *пұрсатты* жағдайда болады.

(3) *Идеялық* немесе рухани жағынан айырмашылығы сол, езуші ұлттардың жұмысшылары мектепте де, өмірде де әр уақытта езілген ұлттардың жұмысшыла-

* Мәселен, Гурвичтің Америкадағы жұмысшы табының жайы және иммиграциясы туралы ағылшын тілінде жазған кітабын қараңыз («Immigration and Labor») («Иммиграция және еңбек». *Ред.*).

рын жек көру немесе менсінбеу рухында тәрбиеленеді. Мәселен, великоростардың арасында өмір сүрген немесе тәрбиеленген великоростың қай-қайсысы да мұны *басынан кешірді.*

Сонымен, объективті шындықта *барлық жағынан да* айырмашылық болып шықты, яғни объективті дүниеде жеке адамдардың еркі мен санасынан тәуелсіз «дуализм» бар болды.

Осыдан кейін П. Киевскийдің «Интернационалдың монистік әрекеті» туралы сөзіне қалай қарауға болады?

Бұл — бос сылдыр сөз, одан басқа еш нәрсе де емес. *Өмірде* езуші ұлттарға және езілген ұлттарға жататындар болып *бөлініп* отырған жұмысшылардан құрылған Интернационалдың әрекеті *біртұтас болуы үшін*, бұл үшін екі жағдайдың екеуінде де насихат *ұқсас бір түрде* жүргізілмеуі қажет: шын (дюрингтік емес) «монизм» тұрғысынан қарағанда, Маркстің материализмі тұрғысынан қарағанда міне осылай пайымдау керек!

Мысал ше? Мысалды біз бұрын (жария баспасөзде бұдан 2 жылдан астам бұрын!) — Норвегия жайында келтірген болатынбыз және де біздің пікірімізді теріске шығаруға ешкім де тырысқан емес. Норвег және швед жұмысшыларының *әрекеті* осы нақты және өмірден алынған ретте *тек* швед жұмысшылары Норвегияның бөлінуге еріктілігін *сөзсіз* жақтап, ал норвег жұмысшылары бұл бөліну туралы мәселені *шартты* түрде қойғандығынан *ғана,* содан ғана, соншалықты ғана «монистік», біртұтас, интернационалистік болды. Егер швед жұмысшылары норвегтердің бөлінуге еріктілігін *сөзсіз* жақтамаған болса, онда олар *шовинистер* болған болар еді, Норвегияны күшпен, соғыс арқылы, «ұстап қалғысы» келген швед помещиктері шовинизмінің серіктестері болған болар еді. Егер норвег жұмысшылары бөліну туралы мәселені *шартты* түрде *қоймаса,* яғни социал-демократиялық партияның мүшелері де бөлінуге қарсы дауыс беріп, насихат жүргізе алады демесе, онда норвег жұмысшылары интернационалистердің борышын бұзған болар

еді, сөйтіп өрісі тар, *буржуазиялық* норвег ұлтшылдығына бой ұрған болар еді. Неге? неге десеңіз, бөлінуді жүргізген пролетариат емес, *буржуазия!* неге десеңіз, норвег буржуазиясы (барлық өзге буржуазия сияқты) *әрқашан да* өз елінің және «бөтен елдің» жұмысшыларын жікке бөлуге тырысады! неге десеңіз, демократиялық талаптың қандайы болса да (соның ішінде өзін өзі билеу де) саналы жұмысшылар үшін социализмнің ең жоғарғы мүдделеріне *бағындырылады*. Мәселен, егер Норвегияның Швециядан бөлінуі Англия мен Германияның арасында соғыс шығуын ықтимал немесе мүмкін етсе, онда *осы себеп бойынша* норвег жұмысшылары бөлінуге қарсы болуға тиісті болар еді. Ал швед жұмысшылары мұндай жағдайда, олар Норвегияның бөлінуге *еріктілігі* жолында швед үкіметіне *қарсы* жүйелі, дәйекті, ұдайы күрес жүргізіп келген күнде *ғана*, өздері социалист болып қала отырып, бөлінуге қарсы үгіт жүргізуге право және мүмкіндік алған болар еді. Бұлай болмаған жағдайда норвег жұмысшылары мен норвег халқы швед жұмысшыларының айтқан ақылының адалдығына *сенбес еді*, сене де *алмас еді*.

Ұлттардың өзін өзі билеуіне қарсы адамдардың бар қырсығы — олар шын өмірден алынған мысалдың тым болмаса біреуін ақырына дейін талдап шығудан *қорқып*, жалаң абстракциямен құтылмақшы болады. Біздің тезистерімездегі поляктың жаңа мемлекетін *қазір*, тек қана соғыстық, стратегиялық жағдайларды белгілі бір түрде ұштастырған жағдайда ғана әбден «жүзеге асыруға болады»* деген нақты пікірімізге поляктар тарапынан да, П. Киевский тарапынан да ешбір қарсылық болған жоқ. Бірақ біздің айтқанымыздың дұрыстығын осылайша үндемей мойындаудан қандай қорытынды шығады дегенді ешкім де *ойлағысы* келмеді. Ал бұдан шығатын айқын қорытынды мынадай: егер интернационалистердің насихаты орыстар мен поляктарды «біртұтас қимылға» баулығысы келсе, онда

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 280—281-беттер. *Ред.*

бұл екеуінің арасында ол насихаттың бірдей *болуы мүмкін емес*. Великоросс (және неміс) жұмысшысы Польшаның бөлінуге еріктілігі жағында сөзсіз болуға міндетті, өйткені бұлай болмаған күнде ол *іс жүзінде, қазір* — II Николайдың немесе Гинденбургтің малайы. Поляк жұмысшысы бөліну жағында т е к шартты түрде ғана *бола алар еді*, өйткені екі империалистік буржуазияның біреуінің жеңуі жөнінде айла-шарғы жасау (фракилер сияқты) — *оның* малайы болу деген сөз. Интернационалдың «монистік әрекетінің» шарты болып табылатын бұл айырмашылықты ұқпау, айталық, Москва түбіндегі патша армиясына қарсы «монистік әрекет» жасау үшін Нижнийден шыққан революциялық әскер неліктен батысқа қарай жүруге тиіс екендігін, ал Смоленскіден шыққан әскер неліктен шығысқа қарай жүруге тиіс екендігін ұқпаумен бірдей.

* *
*

2-ден, Дюринг монизмінің жаңа жақтаушысы бізді әлеуметтік төңкеріс тұсында «Интернационалдың әр түрлі ұлттық секцияларын ұйымдық жағынан тығыз топтастыру» туралы қамқорлық жасамайды деп кінәлайды.

Социализм тұсында өзін өзі билеу керексіз болып қалады, өйткені ол кезде мемлекет те керексіз болады, деп жазады П. Киевский. Бұл біздің пікірімізді бейне бір теріске шығару үшін жазылған сияқты! Бірақ бізде *үш* жолда — тезистеріміздің бірінші параграфының соңғы үш жолында — «демократия да мемлекет формасы, мемлекет құрыған кезде ол да құруға тиіс»* деп дәлме-дәл, айқын айтылған болатын. П. Киевский өзінің *с* параграфының (I тарау) *бірнеше бетінде* — әрине, біздің пікірімізді «теріске шығару үшін»! — дәл осы ақиқатты қайталайды, оның үстіне *бұрмалап* қайталайды. Ол былай деп жазады: «Біз социалистік құрылысты шаруашылықтың нағыз демо-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 280-бет. *Ред.*

кратиялық (!!?) жолмен орталықтандырылған системасы деп, халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне үстемдік етуінің аппараты болған мемлекет бұл системаның тұсында құриды деп түсінеміз және әрқашан да осылай түсініп келдік». Бұл — шатасқандық, өйткені демократия *да* «халықтын бір бөлегінің екінші бөлегіне» үстемдік етуі, ол *да* мемлекет. Социализм жеңіп шыққаннан кейін мемлекеттің *құруының* мәнісі неде болатындығын және бұл процестің шарттары қандай болатындығын автор мүлде түсінбеген.

Бірақ ең бастысы — оның әлеуметтік революция заманына қатысты «қарсылықтары». Бізді «өзін өзі билеудің талмудистері» деген өте сұмдық сөзбен сөге келіп, автор: «Бұл процесті (әлеуметтік төңкерісті) біз буржуазиялық (!!) мемлекеттің шекараларын қиратын, шекара бағаналарын алып тастайтын» («шекаралардың қирауына» қарамай-ақ па?), «ұлттық бірлікті қопарып тастап (!!), таптық бірлікті орнататын барлық (!!) елдер пролетарларының біріккен қимылы деп түсінеміз»,— деп жазады.

«Талмудистердің» қатал төрешісін ызаландыру үшін айтып отырғанымыз жоқ,— оның айтқанында бос сөз көп те, «мағына» дегеннен еш нәрсе жоқ.

Жер жүзіндегі елдердің көпшілігі мен халықтардың көпшілігі осы күнге дейін капиталистік дамудың сатысына әлі тіпті түскен жоқ немесе капиталистік даму сатысының тек басталуы кезеңінде тұр, міне осындай қарапайым себепке байланысты әлеуметтік төңкеріс *барлық* елдер пролетарларының біріккен қимылы бола алмайды! Бұл туралы біз тезистеріміздің 6-параграфында айтқан болатынбыз*, ал бұл параграфты біздің текке қоймағанымызды, қайта марксизмді карикатура етіп бұрмалаушылықты теріске шығару үшін әдейі қойғанымызды П. Киевский әншейін көңіл қоймағандықтан немесе ойлай білмегендіктен «байқамаған». Социализм үшін батыстың және Солтүстік Американың алдыңғы қатарлы елдері *ғана* пісіп жетілді, ал

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 287—289-беттер. *Ред.*

«барлық елдер пролетарларының біріккен қимылын» армандау — социализмді грек календіне дейін, яғни, «ешқашанға» дейін кейінге қалдыру болып табылады деген — құр уәдедегі емес, шын — *«пікірдің»* нақты көрінісін П. Киевский Энгельстің Каутскийге жазған хатынан («Социал-Демократ жинағы») оқи алар еді.

Социализмді барлық елдердің пролетарлары емес, капитализм дамуының *алдыңғы* сатысына жеткен азғана елдердің пролетарлары біріккен қимылмен жүзеге асырады. П. Киевскийдің қатесін нақ осыны түсінбеушілік туғызып отыр. *Осы* алдыңғы қатарлы елдерде (Англия, Франция, Германия, тағы басқалар) ұлт мәселесі әлдеқашан шешілген, ұлттық бірлік дәурені әлдеқашан өткен, *объективті* түрде алғанда «жалпы ұлттық міндеттер» жоқ. Сондықтан да ұлттық бірлікті тек осы елдерде ғана *қазірде-ақ* «қопарып», таптық бірлікті орнатуға болады.

Әлі *дамымаған* елдерде, біз (тезистеріміздің 6-параграфында) 2-және 3-қатарға бөліп шығарған елдерде, яғни Европаның бүкіл шығысында және барлық отарлар мен жартылай отарларда істің жайы басқаша. Бұл елдерде, жалпы ереже ретінде, езілген, капиталистік тұрғыдан алғанда дамымаған ұлттар *әлі де* бар. Мұндай ұлттарда *объективті* түрде жалпы ұлттық міндеттер әлі де болса бар, атап айтқанда *демократиялық* міндеттер, *бөтен ұлттың езгісін құлату* міндеттері бар.

Энгельс нақ осындай ұлттардың үлгісі ретінде Индияны мысалға келтіріп, жеңген социализмге қарсы оның революция жасауы мүмкін дейді,— өйткені Энгельс алдыңғы қатарлы елдерде жеңіп шыққан пролетариат «өзінен-өзі», белгілі бір *демократиялық* шараларсыз-ақ, жер-жердің бәрінде де ұлттың езілуін жояды деп қиялдайтын кісі күлерлік «империалистік экономизмнен» мүлде аулақ еді. Жеңіп шыққан пролетариат өзі жеңген елдерді қайта құрады. Мұны бірден істеп тастауға болмайды, буржуазияны да бірден «жеңуге» болмайды. Мұны біз өз тезистерімізде әдейі баса айтқан болатынбыз, ал ұлт мәселесімен байла-

нысты біз мұны *неліктен* баса айтқанымызды П. Киевский тағы да ойламаған.

Алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты буржуазияны құлатып, оның контрреволюциялық әрекеттеріне тойтарыс беріп жатқан уақытта,— дамымаған және езілген ұлттар күтіп отырмайды, өмір сүруін тоқтатпайды, құрып кетпейді. Егер бұл ұлттар империалистік буржуазияның, 1915—1916 жылдардағы соғыс сияқты, әлеуметтік революцияға қарағанда мүлде кішкентай дағдарысын көтерілістер үшін (отарлар, Ирландия) пайдаланып отырса, онда алдыңғы қатарлы елдердегі азамат соғысының *ұлы дағдарысын* бұл ұлттардың көтерілістер жасау үшін одан да артығырақ пайдаланатынында күмән жоқ.

Әлеуметтік революция алдыңғы қатарлы елдердегі пролетариаттың буржуазияға қарсы азамат соғысын дамымаған, артта қалған және езілген ұлттардағы *толып жатқан* демократиялық және революциялық қозғалыстармен, соның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстарымен ұштастыратын заман түрінде ғана өтеді, басқаша түрде өтпек емес.

Неге? Неге десеңіз, капитализм әркелкі дамиды және де объективті шындық бізге, жоғары дамыған капиталистік ұлттармен қатар экономика жағынан өте нашар дамыған және мүлдем дамымаған толып жатқан ұлттардың бар екендігін көрсетіп отыр. П. Киевский әлеуметтік революцияның *объективті* жағдайларын әр түрлі елдердің экономикалық кемелденуі тұрғысынан мүлде ойластырмаған, сондықтан, оның *бізді:* өзін өзі билеуді қайда қолдану керектігін «ойдан шығарады» деп кінәлауы шындығында ауру бастың сақинасын сау басқа телігендік болып шығады.

П. Киевский, адамзатты қайсыбір әлеуметтік апаттардан құтқарудың шараларын біз «бастан ойлап шығара салмай, бас арқылы нақты материалдық жағдайлардан табуымыз» керек деген тақырыпта Маркс пен Энгельстен цитаттарды бұдан гөрі тәуірірек жерге қолдануға лайықты ықыласпен үстемелеп қайталай береді. Бұл қайталанған цитаттарды оқығанда, Россия-

да капитализмнің жеңуі туралы өздерінің «ашқан жаңалығын» іш пыстырарлықтай етіп... мыжи берген сорлы «экономистерді» еске түсірмей өте алмаймын. П. Киевский бұл цитаттармен бізді «қайран қалдырғысы» келеді, өйткені біз империалистік заманда ұлттардың өзін өзі билеу правосын қолдану шарттарын ойдан шығара салсақ керек! Бірақ нақ сол П. Киевскийдің өзінен біз мынадай бір «аңғал мойындауды» оқимыз:

«Біздің отан қорғауға *қарсы* (курсив автордыкі) екендігіміздің өзі-ақ ұлттық көтерілісті жаныштау әрекетінің қандайына болса да біздің белсенді түрде қарсы тұратындығымызды айдан-айқын көрсетеді, өйткені осынымызбен біз өзіміздің қас жауымызға — империализмге қарсы күрес жүргізетін боламыз» (П. Киевский мақаласының II тарауы, *§ с*).

Мақаласының басты-басты қағидаларын болса да түгел келтірмейінше, белгілі авторды сынауға болмайды және оған *жауап қайтаруға* болмайды. Ал П. Киевскийдің қағидасының тіпті біреуін-ақ түгел келтірсең болғаны, оның кез келген сөйлемінен марксизмді бұрмалайтын 2—3 қатені немесе үстірттікті әрқашан табасың!

1) Ұлттық көтерілістің *өзі де* «отан қорғау» екендігін П. Киевский байқамаған! Ал шынында мұның дәл осылай екендігіне сәл ғана ойланған адамның көзі жетеді, өйткені «көтеріліс жасаушы ұлттың» *қай-қайсысы да* өзін езуші ұлттан «қорғайды», өзінің тілін, өзінің өлкесін, өзінің отанын қорғайды.

Ұлттық езгінің қандайы болсын халықтың *қалың бұқарасы* ішінде қарсылық тугызып отырады, ал езілген ұлт халқының әрбір қарсылық көрсету *тенденциясы* ұлттық көтеріліс болып табылады. Егер біз езілген ұлттардың буржуазиясы ұлттық көтеріліс туралы *тек* былшылдап қана жүргенін, ал іс жүзінде өз халқының сыртынан *және* оған *қарсы* езуші ұлттың буржуазиясымен реакциялық мәмлеге баратынын жиі (әсіресе Австрия мен Россияда) көріп отырсақ, онда мұндай реттерде революцияшыл марксистердің сыны ұлттық қозғалысқа қарсы бағытталмауы керек, қайта қозғалысты бөлшектеуге, оның өңін айналдыруға, ұсақ

жанжалсымаққа бұрмалауға қарсы бағытталуы тиіс. Айта кетейік, Австрия мен Россия социал-демократтарының көбісі-ақ мұны естен шығарады, сөйтіп көшенің аты жарнаманың жоғарғы жағында қай тілде, төменгі жағында қай тілде жазылуы керектігі үшін таласу, жанжалдасу сияқты ұсақ, пасық, түкке тұрғысыз ұлт араздығын *заңды* түрде жек көрушіліктерін,— осыларды өздерінің заңды түрде жек көрушіліктерін ұлттық күресті қолдауды теріске шығаруға айналдырады. Біз қайдағыбір Монако князьдігіндегі республика жөніндегі комедия ойынын немесе оңтүстік Американың ұсақ мемлекеттеріндегі немесе Тынық мұхиттың қайдағыбір аралындағы «генералдардың» «республикалық» авантюраларын «қолдамаймыз», бірақ бұдан байсалды демократиялық және социалистік қозғалыстар үшін республика ұранын ұмытуға болады екен деген мағына шықпасқа тиіс. Біз Россия мен Австриядағы ұлттардың түкке тұрғысыз ұлт араздығы мен ұлттық ұсақшылдықты келемеж етеміз және келемеждеуге тиістіміз де, бірақ бұдан ұлттық көтерілісті қолдаудан немесе ұлттық езгіге қарсы шыққан әрбір елеулі, жалпы халықтық күресті қолдаудан бас тартуға болады деген мағына шықпайды.

2) Егер «империалистік заманда» ұлттық көтерілістер мүмкін болмайтын болса, онда П. Киевскийдің ол көтерілістер туралы сөз көтеруге де правосы жоқ. Егер ол көтерілістер мүмкін болатын болса, онда П. Киевскийдің «монизм» туралы, империализм тұсында ұлттардың өзін өзі билеуі мысалдарын біздің «ойдан шығарғандығымыз» туралы, тағы басқалар, тағы сол сияқтылар туралы ұшы-қиыры жоқ бос сөздерінің — осының *бәрінің* күлі көкке ұшады. П. Киевский өзін өзі соққылайды.

Егер «біз» «ұлттық көтерілісті» «басып-жаншу әрекетіне белсенді түрде қарсылық жасасақ»,— П. Киевскийдің *«ө з і»* болуы мүмкін оқиға ретінде алған жағдай — онда мұның мәнісі не болады?

Мұның мәнісі *әрекет* екі жақты болып шыққандық, егер философиялық терминді біздің автордың орынсыз қолданғаны сияқты, соншалықты орынсыз қолдансақ,

«дуалистік» болып шыққандық болады. (а) 1-ден, езуші ұлтқа *қарсы* езілген ұлттың пролетариаты мен шаруаларының езілген ұлт буржуазиясымен *бірлескен* «қимылы»; (б) 2-ден, езуші ұлттың буржуазиясына және оның соңынан ерген барлық элементтерге *қарсы* езуші ұлттағы пролетариаттың немесе оның саналы бөлегінің «қимылы».

«Ұлттық блокқа» қарсы, ұлттық «жалған үміттерге» қарсы, ұлтшылдық «уына» қарсы, «ұлттық өшпенділікті қоздыруға» қарсы, тағы сондайларға қарсы ұшықиыры жоқ бос сөздер — П. Киевскийдің түйдектеткен бос сөздері — түкке тұрмайтын бос сөздер болып шықты, өйткені езуші елдердің пролетариатына (автордың бұл пролетариатты елеулі күш деп санайтындығын естен шығармайық) «ұлттық көтерілісті басып-жаншу әрекетіне белсенді түрде қарсылық жасау керек» деп ақыл бере отырып, автор осынысымен ұлттық өшпенділікті *қоздырады,* автор осынысымен езілген елдер жұмысшыларының «буржуазиямен блок жасауын» *қолдайды.*

3) Егер империализм тұсында ұлттық көтерілістер мүмкін болатын болса, онда ұлттық соғыстар да мүмкін болғаны. Саяси жағынан қарағанда бұл екеуінің арасында ешбір елеулі айырма жоқ. Соғысты зерттеуші әскери тарихшылардың көтерілістерді де соғысқа жатқызуы әбден дұрыс. Ойланбағандықтан П. Киевский өзіне соққы бергені былай тұрсын, империализм тұсында ұлттық соғыстардың болу *мүмкіндігін* теріске шығаратын Юниусқа да, «Интернационал» тобына да соққы берді. Ал бұл теріске шығарушылық империализм тұсында ұлттардың өзін өзі билеуін теріске шығаратын көзқарас үшін бірден-бір мүмкін теориялық негіз болып табылады.

4) Өйткені — «ұлттық» көтеріліс дегеніміз не? Ол — езілген ұлттың *саяси* тәуелсіздікке жетуге яғни *өз алдына* ұлттық мемлекет орнатуға талаптанған көтерілісі.

Егер езуші ұлттың пролетариаты елеулі күш болса (автор империализм заманы үшін солай жориды, солай жоруға тиісті де), онда бұл пролетариаттың «ұлт-

тық көтерілісті басып-жаншу әрекетіне белсенді түрде қарсылық жасауға» бел байлауы — өз алдына ұлттық мемлекет құруға *жәрдемдескені болып табылмай ма?* Әрине, жәрдемдескені болады!

Ұлттардың өзін-өзі билеуінің «жүзеге асатындығын» теріске шығарушы сабазымыз алдыңғы қатарлы елдердің саналы пролетариаты осы «жүзеге аспайтын» шараны жүзеге асыруға *жәрдемдесуі* тиіс дегенді де айтып салды!

5) «Біз» *неліктен* ұлттық көтерілісті басып-жаншу әрекетіне «белсенді түрде қарсылық жасауға» тиістіміз? П. Киевский бір ғана дәлел келтіреді: «өйткені мұнымызбен біз өзіміздің ең қас жауымыз — империализмге қарсы күрес жүргізетін боламыз». Бұл дәлелдің бар *күші* «ең қас» деген *күшті* сөзсымақта; жалпы алғанда, автор дәлелдердің күшті болуы орнына ащы, лепірме сөздердің күшін, «буржуазияның қалтыраған денесіне қазық қағуды» және стильді Алексинскийше осылайша әшекейлеуді жұмсайды.

Бірақ П. Киевскийдің бұл дәлелі *дұрыс емес*. Бізге капитализм қандай ең қас дұшпан болса, империализм де сондай «ең қас» дұшпан. Бұл солай. Бірақ капитализмнің феодализмге қарағанда прогрестік екенін, ал империализмнің монополиялық капитализмге дейінгі капитализмге қарағанда прогрестік екенін марксистердің бірде-біреуі естен шығармайды. Демек, біз империализмге қарсы күрестің бәрін *бірдей* қолдай беруге праволы емеспіз. Реакцияшыл таптардың империализмге қарсы күресін біз қолда*маймыз*, реакцияшыл таптардың империализм мен капитализмге қарсы көтерілістерін біз қолда*маймыз*.

Демек, егер автор езілген ұлттардың көтерілісіне көмектесудің қажеттігін мойындайтын болса (көтерілісті басып-жаншуға «белсенді түрде қарсылық жасау» көтеріліске көмектесу деген сөз), онда автор мұнысымен ұлттық көтерілістің *прогрестігін*, бұл көтеріліс сәтті болып шыққан күнде, өз алдына дербес, жаңа мемлекет құрудың, жаңа шекаралар белгілеудің т. т. *прогрестігін* мойындаған болады.

Автор тіпті өзінің саяси пікірінің *бірде-біреуінің* бас-аяғын ұштастырып, түйіндей алмайды!

Реті келгесін айта кетейік, біздің тезистеріміз «Vorbote»-нің 2-номерінде жарияланғаннан кейін, 1916 жылы болған ирланд көтерілісі ұлттық көтерілістердің *тіпті* Европада да болуы мүмкін екені туралы далаға айтылмағандығын дәлелдеді!

6. П. КИЕВСКИЙ ҚОЗҒАҒАН ЖӘНЕ БҰРМАЛАҒАН БАСҚА ДА САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Біз өз тезистерімізде отарлардың азат етілуі ұлттардың өзін өзі билеуі болып табылады деп мәлімдедік. Отар халықтар *да* ұлт екенін европалықтар көбінесе ұмытып кетеді, ал мұндай «ұмытшақтыққа» көну — шовинизмге көну деген сөз.

П. Киевский бұған былай деп «қарсы шығады»:

> Таза типтегі отарларда «сөздің өз мағынасымен айтқанда пролетариат *жоқ*» (II тараудың *c* параграфының соңы). «Онда кімге бола «өзін өзі билеу» мәселесін көтермекпіз? Отар буржуазиясы үшін бе? Феллахтар үшін бе? Шаруалар үшін бе? Әрине, бұлар үшін емес. *Социалистердің* (курсив П. Киевскийдікі) отарлар жөнінде өзін өзі билеу ұранын қоюы сорақылық болады, өйткені жұмысшылары жоқ елдер үшін жұмысшы партиясының ұрандарын қоюдың өзі жалпы сорақы нәрсе».

Біздің көзқарасымызды «сорақы» деп жариялаған П. Киевскийдің ашуы қаншама қаһарлы болса да, дегенмен біз оның дәлелдері қате екенін сыпайы түрде ғана өзіне көрсетіп өтуге батылдық жасамақпыз. «Жұмысшы партиясының ұрандары» *тек қана* жұмысшылар үшін қойылады деп бейшара «экономистер» ғана ойлаушы еді*. Жоқ, бұл ұрандар бүкіл еңбекші жұрт үшін, бүкіл халық үшін қойылады. Программамыздың демократиялық бөлімін — бұл бөлімнің маңызы туралы П. Киевский «жалпы» ойламаған — біз әдейі бүкіл ха-

---

* П. Киевскийге А. Мартынов пен К°-нің 1899—1901 жылдардағы жазғандарын оқып шығуға кеңес береміз. Ол одан «өзінің» көптеген дәлелдерін таба алады.

лыққа арнаймыз, сондықтан да программаның бұл бөлімінде «халық» туралы айтамыз*.

Біз отар және жартылай отар халықтарға 1000 миллион халықты жатқыздық, ал біздің осы ең нақты мәлімдемемізді П. Киевский жоққа шығаруға тырысқан жоқ. 1000 миллион халықтың 700 миллионнан астамы (Қытай, Индия, Персия, Египет) жұмысшылары *бар* елдерге жатады. Бірақ жұмысшылары жоқ, тек құл иелері мен құлдары және т. с. бар тіпті отар елдер үшін де «өзін өзі билеуді» ұсыну сорақы *емес* екені былай тұрсын, қайта қандай марксист үшін болса да *міндетті* нәрсе. Азырақ ойланғаннан кейін П. Киевский, бәлкім, мұны түсінетін болар, сол сияқты ол «өзін өзі билеудің» әрқашан да *екі* ұлт «үшін»: езілген және *езуші* ұлт үшін ұсынылатынын да түсінер.

П. Киевскийдің екінші «қарсылығы»:

«Сондықтан біз отар елдер жөнінде теріс ұранмен, яғни социалистердің өз үкіметтеріне қоятын «отарлардан тайып тұрыңдар!» деген талабымен шектелеміз. Капитализм шеңберінде іске аспайтын бұл талап империализмге қарсы күресті күшейтеді, бірақ дамуға қайшы келмейді, өйткені социалистік қоғамның отарлары болмайды».

Саяси ұрандардың теориялық мазмұны туралы автордың аз да болса ойлануға қабілетсіздігі немесе ойланғысы келмейтіндігі тура адам таңданарлық! Біз теориялық жағынан дәл саяси терминнің орнына үгіт сөзін қолданғаннан істің жайы өзгеретін болғаны ма? «Отарлардан тайып тұрыңдар» деушілік — нақ сол теориялық талдаудан қашып, үгіт сөзінің тасасына жасырынғандық болып табылады екен! Біздің партиямыздың кез келген үгітшісі Украина, Польша, Финляндия және басқасы туралы сөз қылғанда, патша өкіметіне («өз үкіметіне»): «Финляндиядан, т. б. тайып тұр» деп айтуға праволы, бірақ пайымды үгітші тек «күшейте беру» үшін ғана теріс те, оң да ұрандарды

* «Ұлттардың өзін өзі билеуіне» кейбір сөлекет қарсы шығатындар бізге: «ұлттар» таптарға бөлінген ғой дегенді дәлел етіп қарсы шығады! Бұл карикатураға айналдырылған марксистерге әдетте біз программамыздың демократиялық бөлімінде «халық самодержавиесі» туралы айтылатындығын көрсетіп өтеміз.

қоя беруге болмайтынын түсінеді. Тек Алексинский типтес адамдар ғана «қара Думадан тайып тұрыңдар» деген «теріс» ұранды белгілі бір кесапатқа қарсы күресті «күшейтуге» тырысушылықпен ақтауға болады деп талап ете алады.

Күресті күшейте беру деген субъективистердің құр бос сөздері, бұлар марксизмнің қандай да болсын ұранды ақтау үшін *экономикалық* шындыққа да, *саяси* жағдайға да, сол ұранның *саяси* маңызына да дәлме-дәл талдау жасалуын талап ететіндігін ұмытып кетеді. Мұны ежіктеп айтып жатудың өзі ыңғайсыз, бірақ осыған мәжбүр етіп отырса амал қайсы?

Теориялық мәселе жөніндегі теориялық айтысты үгіттік айқай-шумен үзіп жіберу — біз Алексинскийдің осы қылығына дағдыланғанбыз, бірақ бұл жаман қылық. «Отарлардан тайып тұрыңдар» деген ұранның саяси және экономикалық мазмұны біреу, тек біреу ғана: отар ұлттардың бөлінуге еріктілігі, бөлек мемлекет құруға еріктілігі! Егер П. Киевскийдің ойлағанындай, империализмнің *жалпы* заңдары ұлттардың өзін өзі билеуіне бөгет жасайтын болса, оны утопия, жалған үміт, тағы сондай ететін болса, онда, ойлапбастан, дүние жүзіндегі ұлттардың *көпшілігі* үшін қалайша осы жалпы заңдардан ерекше бір нәрсе туғызуға болады? П. Киевскийдің «теориясы» теорияға жасалған карикатура екені анық.

Товар өндірісі мен капитализм, финанс капиталының байланыс желілері отар елдердің орасан көпшілігінде бар. Егер «отарлардан тайып тұрыңдар» деу товар өндірісі, капитализм және империализм *тұрғысынан* «ғылыми емес», Ленчтің, Куновтың *өздері* және басқалар «теріске шығарған», «утопиялық» талап болса, онда империалистік елдердің мемлекеттері мен үкіметтерінен «отарлардан тайып тұруды» қалай талап ете аласыз?

Автордың пайымдауларында *ой* дегеннің жұрнағы да сезілмейді!

Отарларды азат ету «орындалмайтын іс» дегеннің мәні «бірқатар революциялар жасалмайынша орындалмайтын іс» деген мағына *ғана* екені жайында автор

ойланбаған. Мұның Европада болатын социалистік революциямен *байланысты* орындалатындығы туралы ол ойланбаған. *Тек* отарлар ғана емес, сонымен қатар езілген ұлт *атаулы да* «социалистік қоғамның иелігінде болмайтындығы» туралы ол ойланбаған. Біз қарастырып отырған мәселеде Россияның Польшаны немесе Түркістанды «иеленуінде» экономикалық та, саяси да айырмашылық *жоқ* екені туралы ол ойланбаған. «Социалистік қоғамның» «отарлардан тайып кеткісі» келгенде оларға *әсте де бөлінуді ұсыну* мағынасында емес, ерікті түрде бөліну *правосын* беру мағынасында *ғана* кетуді тілейтіні туралы ол ойланбаған.

Бөліну правосы туралы мәселені біз бөлінуді ұсынамыз ба деген мәселеден осылай ажыратқапымыз үшін П. Киевский бізді «сиқыршылар» деп сөгіп, осы пікірін жұмысшылар алдында «ғылыми негіздеу» үшін, ол былай деп жазады:

> «Дербес болу» (яғни Украинаның саяси дербестігі туралы) «мәселесіне пролетар қалай қарауы керек деп насихатшыға берген сұрағына: социалистер бөліну правосын талап етеді және бөлінуге қарсы насихат жүргізеді деген жауап алған жұмысшы не ойлап қалады?»

Бұл сұраққа мен айтарлықтай дәл жауап бере аламын ғой деп ойлаймын. Атап айтқанда: менің ойымша, кез келген пайымды жұмысшы П. Киевский *ойлай білмейді екен* деп *ойлап қалады.*

Кез келген пайымды жұмысшы былай деп «ойлайды»: міне, нақ сол П. Киевский бізге, жұмысшыларға: «отарлардан тайып тұрыңдар» деп айқай салуды үйретіп отыр ғой. Демек біздер, великорус жұмысшылары, Монғолиядан, Түркістаннан, Персиядан тайып тұр деп өз үкіметімізден талап етуге тиісті екенбіз ғой, ал ағылшын жұмысшылары Египеттен, Индиядан, Персиядан тайып тұр деп ағылшын үкіметінен талап етуге тиісті екен ғой, т. т. Бірақ бұдан *біздер,* пролетарлар, Египет жұмысшылары мен феллахтарынан, Монғол немесе Түркістан болмаса Индия жұмысшылары мен шаруаларынан бөлініп кетуді *тілейміз* деген

ұғым шыға ма? Бұдан *біз* отарлардағы еңбекші бұқараға Европаның саналы пролетариатынан «бөлініп кетуге» кеңес беруіміз керек деген ұғым шыға ма? Ондай ешқандай ұғым шықпайды. Біз әрқашан да алдыңғы қатарлы елдердегі саналы жұмысшылар мен *барлық* езілген елдердегі жұмысшылардың, шаруалардың, құлдардың ең тығыз жақындасуын және бірігуін жақтап келдік, жақтап отырмыз, келешекте де осыны жақтайтын боламыз. Біз әрқашан да барлық езілген елдердің, оның ішінде отарлардың да, барлық езілген таптарына бізден бөлініп *кетпеуге,* қайта бізге барынша тығыз жақындасуға және бірігуге кеңес беріп келдік және әрқашан да осындай кеңес беретін боламыз.

Егер біздер өз үкіметтерімізден отарлардан тайып тұруларын,— яғни үгіттік даурықпамен емес, дәл саяси тілмен айтқанда,— отарлардың бөлінуіне толық *еркіндік берулерін, өзін өзі билеуге* шын *право берулерін* талап етіп отырсақ,— егер біз өкімет билігін жеңіп алған бойда осы правоны міндетті түрде жүзеге асырып, осындай ерік беретін болсақ, біз мұны қазіргі үкіметтен талап етеміз және өзіміз үкімет болғанда мұны *істегенде тіпті де* бөлініп кетуді «ұсыну» үшін емес, қайта, керісінше: ұлттардың *демократиялық* жолмен жақындасуы мен бірігуін оңайлату, тездету үшін істейміз. Біз монғолдармен, парсылармен, үнділермен, египеттіктермен жақындасып, бірігу үшін бар күшімізді саламыз, мұны істеуді біз өзіміздің борышымыз, *өзіміздің мүддеміз* деп білеміз, өйткені бұлай болмаған күнде, Европада социализм *баянды болмайды.* Біз өзімізге қараганда анағұрлым артта қалған, езілген осы халықтарға, поляк социал-демократтарының тамаша тауып айтқанындай, «қалтқысыз мәдени көмек» көрсетуге тырысамыз, яғни олардың машиналарды қолдануына, еңбекті жеңілдетуіне, демократияға, социализмге көшуіне көмектесуге тырысамыз.

Егер біз монғолдардың, парсылардың, египеттіктердің және түгелдей *барлық* езілген, толық праволы емес ұлттардың бөлініп шығуына ерік берілуін талап етсек, мұны *біз* тіпті де олардың *бөлініп шығуын жақтайтындығымыздан* емес,— қайта мұны біз олардың

күшпен емес, *тек қана еркін түрде, өз еріктерімен* жақындасуы және бірігуі жағында болғандығымыздан талап етеміз. *Тек қана* осы себепті!

Міне бұл жөнінде монғол немесе египет мужигі мен жұмысшысының және поляк немесе финн мужигі мен жұмысшысының арасындағы *бірден-бір* айырмашылық мынада деп білеміз: соңғылары великоростардан гөрі әлдеқайда көзі ашық, саяси жағынан анағұрлым тәжірибелі, экономикалық жағынан дайындығы анағұрлым мол, тағы сондай айырмашылықтары бар адамдар, сондықтан да олар великоростарды жендет ролін атқарып отырғаны үшін қазір заңды түрде жек көретін өз халықтарына осындай жек көріп қараушылықты *социалист* жұмысшылар мен социалистік Россияға қолданудың орынсыз екендігін, экономикалық есеп, сондай-ақ интернационализм мен демократизмнің инстинкті мен санасы барлық ұлттарды тезірек социалистік қоғамда жақындастырып, біріктіруді талап ететіндігін *өте тез арада-ақ* ұғындыра алатын болар. Поляктар мен финляндиялықтар жоғары мәдениетті адамдар болғандықтан, олар осы пікірдің дұрыстығын, сірә, өте тез-ақ ұғынатын болар, сондықтан Польша мен Финляндияның бөлініп шығуы социализм жеңгеннен кейін онша ұзаққа созылмайтын болар. Мәдениеті әлдеқайда кем феллахтар, монғолдар, парсылар ұзағырақ уақытқа бөлініп шығуы мүмкін, бірақ біз, жоғарыда айтып өткеніміздей, қалтқысыз мәдени жәрдем көрсетіп, бұл уақытты қысқартуға тырысамыз.

Біздің поляктар мен монғолдарға көзқарасымызда *ешқандай* басқаша айырмашылық жоқ және болуы да мүмкін емес. Ұлттардың бөлініп шығуға ерікті болуын насихаттау мен *өзіміз* үкімет болғаннан кейін, осы еріктілікті жүзеге асыруға берік бел байлауымыз және ұлттардың жақындасуы мен бірігуін насихаттауымыз арасында *ешқандай* «қайшылық» жоқ және болуы да мүмкін емес. — — —

— — — Біздің ойымызша, кез келген пайымды жұмысшы, шын социалист, шын интернационалист, біздің

П. Киевскиймен арадағы таласымыз жөнінде міне осылай «ойлайды»*.

Дамудың бәрі ұлттардың *бірігуіне* бет алып отыр екен, онда ұлттардың *бөлініп шығуға* ерікті болуын уағыздаудың, ал өзіміз өкімет басында болған кезде — жүзеге асырудың не қажеті бар? деген негізгі түсінбеушілік П. Киевский мақаласының өн бойынан айқын көрініп отырады. Бұған біз: дамудың бәрі қоғамның бір бөлегінің екінші бөлегіне күшпен үстемдік етуін жоюға бет алған болса да, біз пролетариат диктатурасын уағыздап және өзіміз өкімет басында болған кезде жүзеге асыруымыз қандай қажет болса, бұл да сондай қажет деп жауап қайырамыз. Диктатура дегеніміз қоғамның бір бөлегінің барлық қоғамға үстемдік етуі, оның бер жағында тікелей күштеуге сүйенген үстемдік. Ақырына дейін бірден-бір революцияшыл тап болып табылатын пролетариаттың диктатурасы буржуазияны құлату үшін және оның контрреволюциялық әрекеттеріне тойтарыс беру үшін қажет. Пролетариат диктатурасы туралы мәселенің маңыздылығы соншa — мұны теріске шығаратын немесе тек сөз жүзінде ғана мойындайтын адам социал-демократиялық партияның мүшесі болуы мүмкін емес. Бірақ кейбір жағдайларда, ерекшелік ретінде, мәселен, қайсыбір кішкентай мемлекетте, көршілес үлкен мемлекет әлеуметтік революция жасағаннан кейін, егер қарсыласудан енді түк шықпайтынына көздері жетсе және

* Сірә, П. Киевский «отарлардан тайып тұрыңдар» деген ұранды кейбір неміс және голланд марксистеріне еріп жай *қайталай салған,* бұл ұранның теориялық мазмұны мен маңызы туралы ғана емес, сонымен қатар Россияның нақты ерекшеліктері туралы да ойланбай қайталаған. «Отарлардан тайып тұрыңдар» деген ұранмен қанағаттануды голланд, неміс марксисіне — белгілі дәрежеде — кешіруге болады, өйткені, 1-ден, ұлттарды езуде *Батыс* Европа елдерінің көпшілігіне нақ отарларды езу *ерекше тән* жағдай болып табылады, ал. 2-ден, Батыс Европа елдерінде «отар» деген ұғым әсіресе анық, көрнекі, өмірге байланысты болып келеді.

Ал Россияда ше? Россияның ерекшелігінің өзі нақ мынада — *«біздің»* «отарларымыз» бен «біздің» езілген ұлттарымыздың айырмашылығы көмескі, нақты емес, өмірге байланыссыз!

Россияның *осы* ерекшелігін ұмытуды, айталық, немісше жазып отырған марксистке қаншалықты кешіруге болады десек, мұны П. Киевскийге соншалықты кешіруге болмайды. Тек *қайталауды* ғана емес, сонымен қатар *ойлағысы* да келегін орыс социалисіне Россия үшін езілген ұлттар мен отарлар арасын пәлендей бір елеулі айырмашылықпен бөлу әрекетінің мүлдем қисынсыз екені анық болуға тиіс.

өз басын аман сақтап қалуды артық деп тапса, буржуазияның өкіметті бейбіт түрде беруі *мүмкін* екенін бекерге шығаруға болмайды. Кішкене мемлекеттерде де азамат соғысынсыз социализмнің жүзеге *асырылмайтындығы,* әрине, анағұрлым ықтималдырақ, міне сондықтан біздің мұратымызда адамға деген зорлыққа орын болмаса да, интернационалдық социал-демократияның *бірден-бір* программасы мұндай соғысты мойындау болуға тиіс. Нақ осының өзін — mutatis mutandis (*тиісті* өзгерістерімен) ұлттарға да қолдануға болады. Біз ұлттардың бірігуін жақтаймыз, бірақ бөлініп шығуға ерікті болмайынша *қазірде* күшпен бірігуден, аннексиядан өз еріктерімен бірігуге көшу мүмкін емес. Біз экономикалық фактордың басты фактор екенін мойындаймыз — бұл өте дұрыс,— бірақ оны П. Киевский à la түсіндіру — марксизмге карикатура жасағандық деген сөз. Тіпті осы заманғы империализмнің трестері де, банктері де, дамыған капитализм тұсында мұның екеуі де болмай қалмайтын болса да, өздерінің нақты түрінде түрлі елдерде бірдей емес. Алдыңғы қатарлы империалистік елдердегі — Америкадағы, Англиядағы, Франциядағы, Германиядағы, саяси формалар, негізінде бір тектес болуына қарамастан, одан да бетер бірдей емес. Адамзаттың бүгінгі империализмнен ертеңгі социалистік революцияға қадам басатын жолында да осындай әр түрлілік болады. Барлық ұлттар да социализмге жетеді, бұл даусыз, бірақ бұлардың бәрі дәл бірдей болып жетпейді, олардың әрқайсысы демократияның белгілі бір формасына, пролетариат диктатурасының белгілі бір түріне, қоғам өмірінің әр түрлі салаларына социалистік өзгеріс енгізудің белгілі бір қарқынына өзіндік өзгешелік енгізеді. «Тарихи материализмге бола» келешекті *бұл* жөнінен бір түсті сұрғылт бояумен суреттеуден асқан ешқандай теориялық бейшаралық, практикада күлкіге ұшыраушылық болмайды: келешекті бұлай суреттеу суздальдықтар салған сатпақ бірдеңе болар еді де, одан артық түк те болмас еді. Ал егер тіпті шындық, социалистік пролетариаттың алғашқы жеңісіне *дейін* қазіргі езіліп отырған ұлттардың не бары $^{1}/_{500}$ бөлегі азаттық

алып, бөлініп шыққанын, жер жүзінде социалистік пролетариаттың ақырғы жеңісіне *дейін* де (яғни басталып кеткен социалистік революцияның аласапыраны тұсында) езіліп келген ұлттардың не бары $^1/_{500}$ бөлегі бөлініп шыққанын, онда да ең аз уақытқа бөлінгенін көрсете қалса да,— *тіпті* осылай болған күнде де біздің жұмысшыларға: езуші ұлттар социалистерінің *барлық* езілген ұлттардың бөлініп шығу бостандығын мойындамайтынын және оны уағыздамайтынын қазірдің өзінде өздеріңіздің социал-демократиялық партияларыңыздың босағасынан қаратпаңдар деп кеңес беруіміз теория жағынан да, практика-саясат жағынан да дұрыс болған болар еді. Өйткені демократия *формалары* мен социализмге өту *формаларының* алуан түріне өз үлестерін қосу үшін езіліп келген ұлттардың іс жүзінде қаншасына бөлініп шығу қажет болатынын біз шынында білмейміз және біле де алмаймыз. Ал бөлініп шығу бостандығын теріске шығару қазіргі күнде шегі жоқ теориялық алдау екенін және езуші ұлттардың шовинистеріне практика жүзінде қызмет ету екенін біз білеміз, мұны күн сайын көріп, сезіп отырмыз.

П. Киевский осы біз келтірген жеріне берген ескертуінде былай деп жазады: «Біз «зорлықпен жасалған аннексияға қарсы» талапты әбден қолдайтынымызды баса көрсетеміз...».

Біздің мұндай «талап» өзін өзі билеуді мойындаумен бірдей, «аннексия» деген ұғымды өзін өзі билеу мәселесімен ұштастырмайынша, оған дұрыс анықтама беруге болмайды деген мүлде айқын мәлімдемеміз туралы автор жұмған аузын ашпайды! Ол, сірә, айтыс үшін қағидалар мен талаптар қоюдың өзі жетіп жатыр, ал оларды дәлелдеудің қажеті жоқ деп ойлайтын болу керек!

«...Жалпы алғанда,— дейді ол бұдан әрі,— пролетариаттың санасын империализмге қарсы қайрайтын бірқатар талаптарды олардың *теріс* тұжырымдалған түрінде, біз әбден қабыл аламыз, оның бер жағында тиісті *оң* тұжырымдарды саралап алуға, қазіргі құрылыс негізінде қалып отырғанда, ешқандай мүмкіндік жоқ. Соғысқа қарсы болуымыз керек, бірақ демократиялық бітімді де жақтамауымыз керек...»

Бұл — басынан аяғына дейін теріс. Автор біздің «пацифизм және бейбітшілік ұраны» деген қарарымызды оқыған («Социализм және соғыс»* деген кітапшаның 44—45-беттері), тіпті оны, сірә, мақұлдаған да, бірақ оны мүлде түсінбеген. Біз демократиялық бітімді *жақтаймыз*, біз жұмысшыларды тек мұндай бітім қазіргі, буржуазиялық, үкіметтер тұсында, қарарда айтылғанындай, «бірқатар революциялар жасалмай-ақ» болуы мүмкін деген алдаудан сақтандырамыз. Біз бітімді «абстрактылы» уағыздауды, яғни соғысып жатқан елдердің *қазіргі* үкіметтерінің шын таптық табиғатымен, анығырақ айтқанда: империалистік табиғатымен сана*спайтын* уағыздауды жұмысшыларды ақымақ етушілік деп жарияладық. Біз «Социал-Демократ» газетінің (№ 47) тезистерінде: біздің партия, егер оны революция нақ қазіргі соғыс кезінде өкімет басына қойған болса, барлық соғысушы елдерге дереу демократиялық бітім ұсынған болар еді деп анық мәлімдеген болатынбыз**.

Ал П. Киевский «тек қана» өзін өзі билеуге қарсымын, жалпы демократия атаулыға әсте де қарсы емеспін деп өзін де, өзгелерді де сендіруге тырыса отырып, сіздер «демократиялық бітімді жақтамайсыздар» дегенді айтуға дейін барды. Ал осы сорақылық емес пе?

П. Киевскийдің бұдан былайғы мысалдарының бас-басына тоқталып жатудың қажеті жоқ, өйткені әрбір оқушыны езу тартқызатын соншалықты аңғал логикалық қателерді теріске шығару үшін қағаз шығын қылып жатудың керегі жоқ. Социал-демократияның тек «пролетариаттың санасын империализмге қарсы қайрау» үшін ғана қызмет етіп, бірақ сонымен қатар социал-демократияның өзі өкімет басына келгенде тиісті мәселені *қалай* шешетініне тиімді жауап бермей өтетін бірде-бір «теріс» ұраны жоқ және болуы да мүмкін емес. Белгілі бір оң шешіммен байланыстырылмаған «теріс» ұран сананы «қайрамайды», қайта топастан-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 175-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 56-бет. *Ред.*

дыра түседі, өйткені ондай ұран құр кеуек, жалаң айқай, мазмұнсыз тақпақ болады.

Саяси апаттар мен *экономикалық* апаттарды «теріске шығаратын» немесе масқаралайтын ұрандардың арасындағы айырмашылық П. Киевскийде түсініксіз болып қалған. Бұл айырмашылық мынада: белгілі бір экономикалық апаттар, капитализмнің қандай саяси қондырмасы тұсында болмасын, капитализмге жалпы тән нәрсе, сондықтан капитализмді жоймайынша бұл апаттарды жою экономикалық тұрғыдан *мүмкін емес* және мұндай жою жөнінде бір де мысал тауып келтіруге болмайды. Мұның керісінше, саяси апаттар дегеніміз демократизмнен кейін шегіну болып табылады, ал демократизм «қазіргі құрылыс негізінде», яғни капитализм тұсында экономикалық тұрғыдан әбден мүмкін нәрсе және осы капитализм тұсында, кейбір мемлекеттерде оның бір бөлегі, екінші бір мемлекеттерде — екінші бір бөлегі, ерекшелік түрінде жүзеге асырылып та жүр. Сөйтіп, автор жалпы демократияның тегінде жүзеге асатындығының ортақ шарттарының өзін тағы да ұқпаған!

Ажырасу туралы мәселе де дәл осылай. Бұл мәселені *ұлт* мәселесі жөніндегі айтыста тұңғыш рет Роза Люксембургтің қозғағанын оқушыға ескерте кетейік. Роза Люксембург: мемлекет (облыс немесе өлке және т. б.) ішінде автономия болуын қорғай келе біздер, централист социал-демократтар ретінде, аса маңызды деген мемлекеттік мәселелерді жалпы мемлекеттік өкіметтің, жалпы мемлекеттік парламенттің шешуін қолдауымыз керек, *ажырасу* туралы заң да осындай мәселелердің санатына жатады деген әділ пікір айтқан еді. Ажырасу мысалы — ажырасу жөнінде толық бостандық болуын қазірдің өзінде-ақ талап етпейінше, демократ және социалист болуға болмайтындығын айқын көрсетеді, өйткені мұндай бостандық болмауы езіліп келген жынысты, әйелдерді, барынша қыса түсу болып табылады,— бұл жерде еркектен кету *бостандығын* мойындаудың барлық әйелдерді ерлерінен кетуге *шақыру* емес екенін ұғу тіпті де қиын емес қой деймін!

П. Киевский былай деп «қарсы шығады»:

«Егер *мұндай* жағдайларда» (әйел ерінен кетуді *тілегенде)* «әйел бұл правоны» (ажырасу правосын) «іске асыра *алмайтын* болса, онда ол право қандай болып шығар еді? Немесе бұл правоның іске асырылуы *үшінші* бір адамдардың еркіне байланысты болса, яки, одан да бетер, сол әйелге «көңілі» кетіп жүргендердің еркіне байланысты болса ше? Сонда біз *осындай* правоның жариялануын талап еткен болар ма едік? Әлбетте, жоқ!»

Мұндай қарсылық *жалпы* демократия мен капитализм арасында орын алып отырған қатынасты тіпті ешқандай түсінбейтіндікті корсетеді. Езілген таптардың өздерінің демократиялық праволарын «іске асыруына» мүмкіндік болмау жағдайы капитализм тұсында некен-саяқ емес, кәдуілгі әдетке айналған нәрсе. Ажырасу правосы капитализм тұсында көп жағдайларда іске асырылмай қалады, өйткені езілген жыныс экономика жағынан жаншылған, ойткені әйел қандай демократия тұсында болса да капитализм жағдайында «үйдегі күң» болып, жататын бөлмеге, балалар бөлмесіне, ас үйге қамалған күң болып қала береді. «Өздерінің» халық судьяларын, чиновниктерін, мұғалімдерін, қорғаушы адвокаттарын, т. т. сайлау правосы да, жұмысшылар мен шаруалардың нақ сол экономикалық жағынан жаншылғандығы себепті, капитализм тұсында көп жағдайда жүзеге аспайды. Демократиялық республика жайында да осыны айтуға болады: біздің программамыз оны «халық самодержавиесі» деп «жариялайды», алайда капитализм тұсында ең демократиялық республиканың өзі тек буржуазияның чиновниктерді параға сатып алуына және биржа мен үкіметтің одақтасуына әкеліп соқтыратынын барлық социал-демократтар өте жақсы біледі.

Ойлауға ешқандай қабілеті жоқ немесе марксизмнен мүлде бейхабар адамдар ғана бұдан: демек, республиканың керегі жоқ, ажырасу бостандығының керегі жоқ, демократияның керегі жоқ, ұлттардың өзін өзі билеуінің керегі жоқ деген қорытынды шығарады! Ал марксистер мынаны анық біледі: демократия таптық езушілікті жой*майды*, тек тап күресін тазарақ,

кеңірек, ашығырақ, айқынырақ етеді; бізге керегінің өзі де осы. Ажырасу бостандығы неғұрлым кең болса, әйелге өзінің «үйдегі күңдігінің» басты себебі теңсіздік емес, капитализм екендігі анығырақ бола түседі. Мемлекет құрылысы неғұрлым демократиялық болса, кесапаттың түп негізі теңсіздік емес, капитализм екендігі жұмысшыларға анығырақ бола түседі. Ұлттық тең праволылық неғұрлым толығырақ болса (ол бөлініп шығу бостандығынсыз толық *болмайды*), істің түйіні правосыздықта емес, капитализмде екені езілген ұлттың жұмысшыларына анығырақ бола түседі. Тағысын тағылар.

Тағы, тағы да айтамын: марксизмнің әліппесін егжей-тегжейлі тәптештей беру қолайсыз-ақ, бірақ П. Киевский оны білмесе қайтпекшіміз?

П. Киевский ажырасу туралы пайымдағанда,— әлі есімде, Париждегі «Голоста»,— Ұйымдастыру Комитетінің шетелдегі секретарьларының бірі Семковскийдің пайымдағаны тәрізді пайымдайды[50]. Рас, ол: ажырасу бостандығы барлық әйелдерді ерлерінен кетуге шақыру емес қой, дегенмен әйелге, ханым, еркек біткеннің бәрі де сіздің еріңізден жақсы деп дәлелдесек, істің аяғы осыған әкеліп соғады ғой!! — деп пайымдаған еді.

Бұлай пайымдағанда Семковский қалжыңбастық — социалист пен демократтың міндеттерін бұзушылық емес екенін естен шығарған. Егер Семковский әйелдердің қайсысына болса да, еркек біткеннің бәрі сол әйелдің ерінен жақсы екенін дәлелдей бастаса, оның бұл ісін ешкім де демократтың міндеттерін бұзушылық деп таппаған болар еді; ең әрісі олар: үлкен партияның ішінде үлкен қалжыңбас та болуы керек қой десер еді! Ал егер Семковский ажырасу бостандығын теріс дейтін адамды, мәселен, ажырасамын деген әйеліне қарсы сотты немесе полицияны немесе шіркеуді пайдаланған адамды қорғап, оны демократ деп атайтын болса, онда Семковскийдің *тіпті* шетелдік секретариат жағынан әріптестерінің көпшілігі де, өздері нашар ғана социалист болғандарымен де, Семковскиймен пікірлес болудан бас тартқан болар еді!

Семковский де, П. Киевский де ажырасу туралы «сөз

қозғады», мәселені түсінбейтінін көрсетті, істің мәнін орағытып кетті: түгелдей басқа да *барлық* демократиялық праволар сияқты, ажырасу правосының да капитализм тұсында жүзеге асуы қиын, шартты, тежеулі, ресми-тар шеңберлі, бірақ солай бола тұрса да бірдебір жөні түзу социал-демократ бұл правоны теріс деушілерді социалист деп қана емес, тіпті демократ деп те есептемейді. Істің бар мәні міне осында. *Бүкіл* «демократия» капитализм тұсында өте кем және өте шартты түрде жүзеге асырылатын «праволарды» жариялап, жүзеге асыруда болып отыр, ал осыларды жарияламайынша, осы праволар үшін дерсу, қазірден бастап күреспейінше, бұқараны осындай күрес рухында тәрбиелемейінше социализмнің де болуы *мүмкін емес*.

Осыны түсінбегендіктен, П. Киевский өзінің мақаласында өзінің арнаулы тақырыбына жататын басты мәселені де, атап айтқанда: біздер, социал-демократтар, ұлттық езгіні *қалай* жоямыз? деген мәселені орағытып кетті. П. Киевский дүние жүзі қалай «қанға боялатын» болады деген, т. с. (мұның іске ешқандай қатысы жоқ) бос сөздермен жалтарып кетті. Істің мәнісіне келгенде бір-ақ амал қалды: социалистік революция бәріп де шешіп береді! Немесе, П. Киевскийдің пікірін жақтаушылардың кейде айтатынындай: өзін өзі билеу капитализм тұсында мүмкін емес, социализм тұсында — керексіз.

Бұл — теориялық жағынан мағынасыз, практика-саясат жағынан шовинистік көзқарас. Бұл көзқарас — демократияның маңызын түсінбегендік. Демократиясыз социализмнің болуы екі түрлі мағынада мүмкін емес: (1) егер пролетариат демократия жолындағы күрес арқылы социалистік революцияға дайындалмаған болса, онда ол социалистік революцияны жасай алмайды; (2) демократияны толық жүзеге асырмайынша, жеңген социализм өзінің жеңісін ұстап тұра алмайды және адамзатты мемлекеттің құруына жеткізе алмайды. Сондықтан кімде-кімнің: социализм тұсында демократия керексіз деуі қандай мағынасыздық, қандай бей-

шаралық лағу болса, социализм тұсында өзін өзі билеу керексіз деушілік те сондайлық мағынасыздық, сондайлық бейшаралық лағу болып табылады.

Жалпы демократия капитализм тұсында қапшалықты мүмкін емес болып, социализм тұсында *қаншалықты* керексіз болса, өзін өзі билеудің мүмкін еместігі де *соншалық*, керексіздігі де *соншалық*.

Экономикалық төңкеріс саяси езгінің *барлық* түрлерін жою үшін қажетті алғы шарттарды туғызады. Міне, сондықтан да, ұлттық езгіні *қалай* жою керек? деген сұрақ қойылғанда, экономикалық төңкеріске сілтеу арқылы жалтару қисынсыз, дұрыс емес. Ұлттық езгіні экономикалық төңкеріссіз жоюға болмайды. Бұл даусыз. Бірақ осымен ғана *шектеліп қалу* — адам күлерлік, бейшаралық «империалистік экономизмге» салыну болып шығады.

Ұлттық тең *праволылықты* жүзеге асыру керек; барлық ұлттардың тең «праволы» болуын жариялау, тұжырымдау және жүзеге асыру керек. Мұны жұрттың *бәрі* де мақұлдайды, мүмкін, тек П. Киевский ғана мақұлдамас. Ал нақ осы жерге келгенде жұрттың бәрі орағытып кетіп жүрген мынадай сұрақ туады: өзінің ұлттық мемлекеті болу *правосын* теріске шығару тең праволылықты теріске шығару емес пе?

Әрине, теріске шығару. Ал бұл правоны дәйекті, *яғни* социалистік демократия ғана жариялап, тұжырымдап, жүзеге асырады, бұл право болмайынша, ұлттардың толық ерікті түрде жақындасуына және бірігуіне жол жоқ.

7. ҚОРЫТЫНДЫ. АЛЕКСИНСКИЙДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

Біз П. Киевскийдің пайымдауларының біразын ғана талдап өттік. Оның *барлығын* талдау үшін бұл мақаладан бес есе үлкен мақала жазу керек болар еді, өйткені оның бірде-бір дұрыс пікірі жоқ. Оның *дұрыс* жері — егер цифрларында қате болып жүрмесе — банктер туралы мәліметтер беретін жалғыз ғана ескертуі. Қалғанының бәрі де қайдағы бір шиеленісіп жатқан шатасушылық, олары: «қалтыраған денеге қазық қағу»,

«жеңіп шығатын батырларды біз соттап қана қоймаймыз, оларды өлімге, көзін жоюға кесеміз», «жаңа дүние жанды қатты қинап барып туады», «әңгіме грамоталар мен праволар жайында емес, халықтар бостандығын жариялау жайында емес, шын ерікті қатынастар орнату туралы, ғасырлар бойы келе жатқан құлдықты қирату туралы, жалпы алғанда әлеуметтік езгіні, жекелеп алғанда ұлттық езгіні жою туралы болады» деген т. т., т. с. сияқты жел сөздермен әшекейленген.

Бұл жел сөздер екі «нәрсені» бүркемелейді және білдіреді: 1-ден, бұларының негізінде *«империалистік экономизмнің»* «идеясы» — 1894—1902 жылдардағы бейшара «экономизм» қандай болса, марксизмді дәл сондай сорақы түрде бұрмалап, карикатураға айналдырудың, социализмнің демократияға қарым-қатынасын дәл сондай толық түсінбеушіліктің «идеясы» жатыр.

2-ден, бұл жел сөздерден біз Алексинскийдің тәсілдерін қайталау бар екенін айқын көреміз, бұған ерекше тоқталып өтуге тура келеді, өйткені П. Киевский өз мақаласының ерекше біртұтас параграфын (II тарау, *е* параграфы: «Еврейлердің айрықша жағдайы») *тек қана* осы тәсілдерден құраған.

Бір кездерде, 1907 жылғы Лондон съезінің өзінде, теориялық дәлелдерге жауап бергенде Алексинский үгітші тәрізді тұрып алып, тақырыпқа ешқандай байланысы жоқ, қанаушылық пен езушілік түрлерінің біреуін іліп алып, соған қарсы айқайлап сылдыр сөздерді шұбата жөнелген кезде, большевиктер Алексинскийден іргелерін аулақ салған еді. Ондай кездерде біздің делегаттар: «Ал, енді айқай басталды» — деуші еді. Сол «айқай» Алексинскийді жақсылыққа жеткізген жоқ.

Нақ сондай «айқайды» біз П. Киевскийден де көріп отырмыз. Тезистерде қойылған бірқатар теориялық мәселелер мен пікірлерге қалай жауап берерін білмегендіктен, ол үгітші болғансып, еврейлердің езілгендігі туралы даурығып, жел сөзге басады, ал жалпы еврейлер туралы мәселенің де, П. Киевскийдің бүкіл «ай-

қайының» да тақырыпқа тіпті ешқандай қатысы жоқ екені азды-көпті ойлай алатын адамның қай-қайсысына болса да анық.

Алексинскийдің тәсілдері жақсылыққа бастамайды.

1916 ж.
августа — октябрьде жазылған

Бірінші рет 1924 ж.
«Звезда» журналының
1 және 2-номерлерінде басылған
Қол қойған: В. Ленин

Машинкада басылып,
Ленин түзеген көшірмемен
салыстырылып, қолжазба
бойынша басылып отыр

ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ СОҒЫС ПРОГРАММАСЫ[51]

Қазіргі империалистік соғыста «отанды қорғау» туралы социал-шовинистердің өтірігіне қарсы Голландияда, Скандинавияда, Швейцарияда күресіп отырған революцияшыл социал-демократтар арасынан социал-демократиялық программа-минимумның: милиция немесе «халықты қаруландыру» деген ескі пунктін «қарусыздандыру» деген жаңа пунктпен ауыстыруды жақтайтын үндер естілуде. «Jugend-International»[52] бұл мәселе жөнінде айтыс ашып, 3-номерінде қарусыздандыруды жақтаған редакциялық мақала басты. Амал не, сондай-ақ біз «қарусыздандыру» идеясымен келіскендікті Р. Гриммнің ең жаңа тезистерінен де кездестіріп отырмыз[53]. «Neues Leben»[54] және «Vorbote» журналдарында айтыс ашылған.

Қарусыздандыруды қорғаушылардың позициясын қарастырып көрелік.

I

Негізгі дәлел: қарусыздандыруды талап ету милитаризм атаулыға және соғыс атаулыға қарсы күрестің ең айқын, ең батыл, ең дәйекті көрінісі болып табылатынында.

Бірақ қарусыздандыруды жақтаушылардың негізгі адасуы да пақ осы негізгі дәлелде болып отыр. Социа-

лист болудан қалғысы келмесе, социалистер соғыс атаулыға бірдей қарсы бола алмайды.

Біріншіден, социалистер ешқашан революциялық соғыстарға қарсы болған емес және қарсы бола алмайды. «Ұлы» империалистік державалардың буржуазиясы әбден реакцияшыл болып алды, сондықтан қазір *осы* буржуазия жүргізіп отырған соғысты біз реакциялық, құл иеленушілік және қылмысты соғыс деп білеміз. Ал сонда осы буржуазияға *қарсы* соғыстың жайы қалай болмақ? Мәселен, осы буржуазия езіп отырған және оған тәуелді болып отырған халықтардың немесе отар халықтардың өздерінің азаттығы жолындағы соғыс жағдайы қалай болмақ? «Интернационал» тобы тезистерінің 5-параграфынан біз мынаны оқимыз: «Осы құтырынған империализм заманында енді ешқандай ұлттық соғыстар болмақ емес» — бұл көрінеу дұрыс емес.

XX ғасыр тарихы, осы «құтырынған империализм» ғасырының тарихы, отаршылдық соғыстарға толы. Бірақ, біздердің, европалықтардың, империалистік жолмен дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігін езушілердің, өзімізге тән европалық пасық шовинистікпен «отаршылдық соғыстар» деп жүргендеріміздің өзі көбіне әлгі езілген халықтардың ұлттық соғыстары немесе ұлттық көтерілістері. Империализмнің ең негізгі қасиеттерінің бірі дәл мынада: ол нағыз артта қалған елдерде капитализмнің дамуын тездетеді, сөйтіп осы арқылы ұлттық езгіге қарсы күресті ұлғайтып, шиеленістіре түседі. Бұл — факт. Міне империализм көп жағдайларда ұлттық соғыстарды туғызуға тиіс деген қорытынды осыдан сөзсіз туады. Жоғарыда айтылған «тезистерді» өз кітапшасында қорғаушы *Юниус* империализм заманында империалистік ұлы державалардың біріне қарсы жүргізілген ұлттық соғыстың қандайы болса да, әлгі бірінші державамен бәсекелесіп отырған, сондай басқа бір империалистік ұлы державаның араласуына әкеліп соғады, сөйтіп ұлттық соғыстың қандайы болса да империалистік соғысқа айналады дейді. Бірақ бұл дәлел де дұрыс емес. Осылай болуы *мүмкін*, бірақ әрдайым бұлай бола бермейді. 1900—1914 жыл-

дардағы көптеген отаршылдық соғыстар бұл жолмен жүрген жоқ. Сондықтан, мысалы, егер қазіргі соғыс соғысушы елдердің өлердей титықтауымен аяқталатын болса, осы соғыстан кейін, айталық, Индиямен, Персиямен, Сиаммен, тағы басқалармен одақтасқан Қытай тарапынан ұлы державаларға қарсы «ешқандай» ұлттық, прогрестік, революциялық соғыстар болуы «мүмкін емес» десек, онымыз тек қана кісі күлерлік сорақылық болар еді.

Империализм тұсында ұлттық соғыстардың болуы мүмкіндігінің бәрін теріске шығару теория жағынан теріс, тарихи жағынан көрінеу қате, ал практика жағынан европалық шовинизмге тең: Европада, Африкада, Азияда, тағы басқа жерлерде жүз миллиондаған адамдарды езуші ұлттардан шыққан біздер езілген халықтарға: сіздердің «біздің» ұлттарға қарсы соғысуыңыз «мүмкін емес» деп мәлімдеуге тиісті болып шығамыз.

Екіншіден. Азамат соғыстары да соғысқа жатады. Кімде-кім тап күресін мойындаса, ол азамат соғыстарын мойындамауы мүмкін емес; азамат соғыстары таптық қоғамның қандайында болсын тап күресінің табиғи, белгілі бір жағдайларда сөзсіз кездесетін жалғасы, дамуы және шиеленісуі болып табылады. Ұлы революциялардың бәрі осыны растап отыр. Азамат соғыстарын теріске шығару немесе оларды ұмыту — шектен тыс оппортунизмге салыну, сөйтіп социалистік революциядан безу болып шығар еді.

Үшіншіден, бір елде жеңген социализм жалпы соғыс біткенді бірден тіпті де жоя алмайды. Қайта, керісінше, социализм сондай соғыстар болады деп есептейді. Капитализмнің дамуы әр түрлі елдерде мейлінше әркелкі болып отырады. Товар өндірісі тұсында басқаша болуы мүмкін де емес. Мұнан мынадай даусыз қорытынды туады: социализм *барлық* елде бір мезгілде жеңе алмайды. Ол әуелі бір немесе бірнеше елде жеңеді де, басқалары біраз уақыт бойына буржуазиялық немесе буржуазиялыққа дейінгі қалпында қала тұрады. Мұның өзі егес туғызатыны былай тұрсын, сонымен қатар басқа елдер буржуазиясының социалистік мем-

леккеттің жеңімпаз пролетариатын талқандауға тікелей ұмтылуын да туғызуға тиіс. Мұндай жағдайда біздің тарапымыздан болатын соғыс заңды және әділетті соғыс болар еді. Бұл социализм үшін, басқа халықтарды буржуазиядан азат ету үшін жүргізілетін соғыс болар еді. Энгельстің 1882 жылы 12 сентябрьде Каутскийге жазған хатында *жеңіске жеткен* социализмнің «қорғаныс соғыстары» болуы мүмкін деп тура мойындауы өте дұрыс еді. Оның айтайын дегені — дәл осындай жеңген пролетариаттың басқа елдердің буржуазиясынан қорғануы.

Біз тек бір елде ғана емес, бүкіл дүние жүзінде буржуазияны құлатып, біржола жеңгеннен және экспроприациялағаннан кейін ғана соғыстың шығу мүмкіндігі жойылады. Сондықтан егер біз нақ неғұрлым маңызды нәрсені: буржуазияның қарсылығын басуды, социализмге *өтудегі* неғұрлым қиын, неғұрлым күрес тілейтін нәрсені орағытып кететін немесе бүркемелейтін болсақ, онымыз ғылыми тұрғыдан мүлдем теріс және мүлдем революциялық емес қылық болады. «Әлеуметшіл» поптар мен оппортунистер болашақ бейбіт социализмді арман етуге әрқашан әзір тұрады, бірақ олардың революцияшыл социал-демократтардан айырмашылығы сонда — олар осы тамаша болашақтың жүзеге асуына керекті кескілескен тап күресі мен таптық *соғыстар* туралы ойлағысы да, бас ауыртқысы да келмейді.

Бізді сөзбен алдау торына түсірмек болған әрекетке біз жол бермеуге тиіспіз. Мәселен, «отанды қорғау» деген ұғым көп адамға жексұрын көрінеді, өйткені ашық оппортунистер мен каутскийшілдер буржуазияның *қазіргі* жыртқыштық соғыстағы өтірігін осы ұғыммен бүркемелеп, көлегейлеп отыр. Бұл факт. Бірақ мұнан біз саяси ұрандардың мәнін ойластыруды тоқтатуымыз керек деген мағына тумайды. Қазіргі соғыста «отанды қорғауды» мойындау дегеніміз ол соғысты «әділ», пролетариаттың мүддесіне сай келетін соғыс деп есептеу деген сөз,— дәл солай болады, тағы да дәл солай болады, өйткені ешбір соғыста басып кіру болмай қоймайды. Империалистік ұлы державаларға *қарсы* езілген

халықтар *тарапынан* болатын соғыста, немесе буржуазиялық мемлекеттің қайсыбір Галифесіне қарсы жеңген пролетариаттың *өз* тарапынан болатын соғыста «отан қорғауды» теріс деу тура есуастық болар еді.

Соғыс атаулының бәрі саясаттың тек өзге құралдармен жүргізілген жалғасы екенін, қазіргі империалистік соғыс ұлы державалардың екі тобының империалистік саясатының жалғасы болып табылатынын, ал бұл саясатты империалистік заман қатынастарының жиынтығы тудырып, сол нәр беріп отырғанын ұмыту теория жағынан мүлдем қате болар еді. Бірақ дәл осы заманның өзі ұлттық езгіге қарсы күрес саясаты мен пролетариаттың буржуазияға қарсы күрес саясатын да туғызады, соған нәр береді, сондықтан да, біріншіден, революциялық ұлттық көтерілістер мен соғыстарды, екіншіден, пролетариаттың буржуазияға *қарсы* соғыстары мен көтерілістерін, үшіншіден, революциялық соғыстардың екі түрінің бірігуін, тағы сондайлардың болуын мүмкін және даусыз етеді.

II

Бұған тағы да төмендегі жалпы пікір қосылады.

Қару меңгеруді үйренуге, қаруға ие болуға ұмтылмайтын езілген тап, мұндай езілген тап оған құлдар ретінде қарауга ғана лайықты болар еді. Буржуазиялық пацифистерге немесе оппортунистерге айналып кетпейік демесек, біз таптық қоғамда өмір сүріп отырғанымызды және одан құтылудың тап күресінен басқа жолы жоқ екендігін және болмайтындығын ұмыта алмаймыз ғой. Қандай таптық қоғамда болса да,— мейлі ол құлдыққа, крепостниктікке немесе, қазіргідей, жалдама еңбекке негізделген болсын,— езуші тап қаруланған болады. Қазіргі тұрақты әскер ғана емес, қазіргі милиция да — тіпті ең демократиялық буржуазиялық республикаларда, мәселен, Швейцарияда — буржуазияның пролетариатқа *қарсы* қарулануы болып табылады. Бұл — мейлінше түсінікті ақиқат, оған ерекше тоқталып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Барлық капиталистік елдерде әскердің стачка-

шыларға қарсы жұмсалатынын еске салса да жеткілікті.

Буржуазияның пролетариатқа қарсы қарулануы осы замандағы капиталистік қоғамның ең ірі, негізгі, өте маңызды фактілерінің бірі. Осындай фактінің алдында тұрғанда революцияшыл социал-демократтарға олардың «қарусыздандыру» «талабын» қоюы ұсынылады! Мұның өзі тап күресі көзқарасынан толық бас тартумен, революция туралы ойдың қандайынан болса да безумен барабар. Біздің ұранымыз: буржуазияны жеңу, экспроприациялау және қарусыздандыру үшін пролетариатты қаруландыру болуға тиіс. Бұл — революцияшыл таптың болуы мүмкін бірден-бір тактикасы, капиталистік милитаризмнің бүкіл *объективті дамуынан* туатын, осы даму тудырып отырған тактика. Пролетариат буржуазияны қарусыздандырғаннан *кейін* ғана, өзінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи міндетіне опасыздық етпестен, жалпы қару біткенді қиратып лақтыра алады және пролетариат мұны, сөз жоқ, істейді, бірақ одан *ешбір ерте емес, тек сонда ғана* істейді.

Егер қазіргі соғыс реакцияшыл христиан социалистерінің, жылауық ұсақ буржуаның *тек* құтын қашырып, қорқынышын тудырса, қару қолданудың қандайына болса да, қан төгіске, өлімге және т. б. тек жиркенішін тудырса, онда біз мынаны айтуға тиіспіз: капиталистік қоғам әрқашан *ұшы-қиырсыз сұмдық* болып келді және солай болып табылады. Ал егер қазір бұл қоғамға барлық соғыстардың ішіндегі осы ең реакцияшыл соғыс *сұмдық өлім* әзірлеп жатса, онда біздің торығуға ешқандай дәлеліміз жоқ. Ал қарусыздандыруды «талап ету» — дұрысырақ айтқанда: барлық жұрттың көз алдында буржуазияның өзінің күштерімен бірден-бір заңды және революциялық соғыс, атап айтқанда: империалистік буржуазияға қарсы азамат соғысы әзірленіп жатқан кезде қарусыздандыруды арман ету, өзінің объективті маңызы жағынан нақ сол торығудың белгісі, одан басқа түк емес.

Кімде-кім бұл өмірден қол үзген теория десе, біз мынадай бүкіл дүние жүзілік-тарихи екі фактіні оның есіне саламыз; бұлар: бір жағынан, трестердің және

әйелдердің фабрикадағы жұмысының ролі, екінші жағынан, 1871 жылғы Коммуна мен Россиядағы 1905 жылғы декабрь көтерілісі.

Буржуазияның ісі — трестерді дамыту, балалар мен әйелдерді фабрикаларға айдап тығу, онда оларды азаптау, азғындату, адам айтқысыз мұқтаждыққа ұшырату. Біз мұндай дамуды «талап етпейміз», оны «қолдамаймыз», біз оған қарсы күресеміз. Бірақ *қалай* күресеміз? Трестер және әйелдердің фабрикадағы жұмысы прогресс екендігін біз білеміз. Біздің қол өнерге қарай, монополистікке дейінгі капитализмге қарай, әйелдердің үйде жұмыс істеуіне қарай кері кеткіміз келмейді. Трестер және басқалар арқылы ілгері жылжып, олардан әрі социализмге қарай алға басқымыз келеді!

Бұл пікірді тиісті өзгерістермен халықтың қазіргі милитарландырылуына да қолдануға болады. Бүгін таңда империалистік буржуазия бүкіл халықты ғана емес, сонымен қатар жастарды да милитарландыруда. Ертең ол, сірә, әйелдерді милитарландыруға кірісетін шығар. Бұл жөнінде біз былай деуге тиіспіз: соғұрлым жақсы! Тезірек алға! Неғұрлым тезірек болса, капитализмге қарсы қарулы көтеріліске соғұрлым жақындай түсеміз. Социал-демократтар Коммунаның мысалын ұмытпаған болса, жастарды милитарландырумен және т. с. өздерін қорқытуға олар қалайша жол бере алады? Бұл — «өмірден қол үзген теория» емес, арман емес, факт. Егер социал-демократтар, барлық экономикалық және саяси фактілерге қарамастан, империалистік заман мен империалистік соғыстардың мұндай фактілердің қайталануына апарып соқпай қоймайтындығына күмәндана бастаса, мұның өзі шынында да мүлде жаман болған болар еді.

Коммунаның буржуазиялық бір байқаушысы 1871 жылы майда ағылшынның бір газетінде былай деп жазды: «Егер француз ұлты тек қана әйелдерден құралған болса, бұл қандай сұмдық ұлт болған болар еді!». Коммуна кезінде әйелдер мен жасы 13-ке келген балалар еркектермен қатар күресті. Буржуазияны құлату жолындағы болашақ шайқастарда да басқаша

болуы мүмкін емес. Жақсы қаруланған буржуазияның нашар қаруланған немесе қаруланбаған жұмысшыларды қалай атқылап жатқанына пролетар әйелдер селқос қарап отыра алмайды. 1871 жылдағыдай олар қолға қару алады, сөйтіп қазіргі құты қашқан ұлттардан — дұрысырағы: үкіметтерден гөрі оппортунистер көбірек шырқын бұзған қазіргі жұмысшы қозғалысынан — революцияшыл пролетариаттың «сұмдық ұлттарының» интернационалдық одағы, ерте болсын, кеш болсын, өсіп жетілетіндігі күмәнсыз, мүлде күмәнсыз.

Қазір милитарлану бүкіл қоғамдық тұрмысқа кеулеп кіруде. Империализм дегеніміз ұлы державалардың дүниені бөлісу және қайта бөлісу жолындағы қиянкескі күресі болып табылады,— сондықтан ол барлық елдерде, бейтарап елдерде де, кішкентай елдерде де, будан әрі милитарлануға сөзсіз бастауға тиіс. Сонда пролетар әйелдер бұған қарсы не істеуі керек?? Сонда істейтіні соғыс атаулыны, соғысқа қатыстының бәрін қарғап-сілеп, тек қарусыздандыруды талап ету ғана болмақ па? Шын революцияшыл езілген таптың әйелдері мұндай масқара рольге еш уақытта көнбейді. Олар өздерінің ұлдарына былай дейтін болады: «Сен әлі-ақ ер жетесің. Саған қару береді. Соны ал да, әскери өнерге әбден жетіл. Бұл ғылым пролетарларға керек,— керек болғанда, қазіргі соғыста істеліп жатқанындай және социализмге опасыздық жасаушылардың саған кеңес беріп жүргеніндей, өз бауырларыңа, басқа елдердің жұмысшыларына қарсы оқ ату үшін емес,— қайта өз еліңнің буржуазиясына қарсы күресу үшін, ізгі тілектер арқылы емес, буржуазияны жеңіп, оны қарусыздандыру арқылы қанаушылыққа, қайыршылыққа және соғыстарға тыйым салу үшін керек».

Егер қазіргі соғысқа байланысты осындай насихатты, нақ осындай насихатты жүргізуден бас тартылатын болса, онда халықаралық революциялық социал-демократия туралы, социалистік революция туралы, соғысқа қарсы соғыс туралы үлкен сөздерді мүлде айтпағанның өзі жақсы.

III

Қарусыздандыруды жақтаушылардың «халықты қарулаидыру» деген программалық пунктке қарсылығының себебі, былайша айтқанда, мынадай: бұл соңғы талап оппортунизмге жеңілдік жасауды оңайлатадымыс. Біз жоғарыда ең маңыздысын: қарусыздандырудың тап күресіне және әлеуметтік революцияға қатынасын қарастырдық. Енді қарусыздандыру талабының оппортунизмге қатынасы туралы мәселені қарастырайық. Бұл талапты қабылдауға болмайтындығының өте маңызды себептерінің бірі, атап айтқанда, мынада: бұл талап және одан туатын жалған үміттер оппортунизмге қарсы біздің күресімізді нашарлатпай және әлсіретпей қоймайды.

Күмән жоқ, бұл күрес — Интернационалдың басты кезекті мәселесі. Империализмге қарсы күрес оппортунизмге қарсы күреспен тығыз байланыстырылмаса — құр бос сөз немесе алдаушылық. Циммервальд пен Кинтальдың[55] басты кемшіліктерінің бірі, III Интернационалдың бұл бастамаларының сәтсіздікке ұшырауы мүмкін болуының негізгі себептерінің бірі, дәл мынада: оппортунизмге қарсы күресу мәселесін оппортунистермен қатынасты үзу керектігі мағынасында шешу туралы айтпағанның өзінде, бұл мәселе тіпті ашық қойылған да жоқ. Оппортунизм европалық жұмысшы қозғалысының ішінде — уақытша — жеңді. Ірі-ірі елдердің бәрінде оппортунизмнің басты екі сарыны қалыптасты: біріншіден, Плехановтар, Шейдемандар, Легиндер, Альберт Тома және Самбалар, Вандервельделер, Гайндмандар, Гендерсондар сияқты мырзалардың және тағы сондайлардың ашық, арсыз, сондықтан онша қауіпті емес социал-империализмі. Екіншіден, бүркемеленген, каутскийшілдік сарын: Германияда Каутский — Гаазе және «Социал-демократиялық еңбек тобы»[56]; Францияда Лонге, Прессман, Майерас және басқалар; Англияда Рамсей Макдональд және «Тәуелсіз жұмысшы партиясының»[57] басқа да көсемдері; Россияда Мартов, Чхеидзе және басқалар; Италияда Тревес және басқа солшыл реформист дейтіндер.

Ашық оппортунизм революцияға, басталып келе жатқан революциялық қозғалыстар мен дүмпулерге ашықтан-ашық және тікелей қарсы шығуда, үкіметтермен тікелей одақтасуда, ал бұл одақтың формалары алуан түрлі — министрлікке қатысудан басталып, әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысумен (Россияда)[58] аяқталады. Бүркемеленген оппортунистер, каутскийшілдер, жұмысшы қозғалысы үшін анағұрлым зияндырақ және қауіптірек, өйткені олар өздерінің ашық оппортунистермен жасаған одағын қорғауын жылы естілетін «маркстік»-сымақ сөздермен және пацифистік ұрандармен жасырады. Үстем болып отырған оппортунизмнің осы екі формасына қарсы күрес пролетарлық саясаттың *барлық* салаларында жүргізілуге тиіс: парламентаризм, кәсіптік одақтар, стачкалар, әскери іс және т. т. Үстем болып отырған оппортунизмнің осы *екі* формасын өзгешелейтін басты ерекшелік мынада: *қазіргі соғыстың революциямен байланыстылығы* туралы нақты мәселе, *революцияның басқа да нақты мәселелері* айтылмайды, бүркемеленеді немесе полициялық тыйымдарға алаңдай қараумен баяндалады. Соғыстан бұрын нақ *осы* болашақ соғыстың пролетарлық революциямен байланыстылығы ресми емес түрде де, Базель манифесінде[59] ресми түрде де сансыз көп рет көрсетілгендігіне қарамастан осылай болып отыр. Ал қарусыздандыру талабының басты кемшілігінің өзі нақ мынада: мұнда революцияның барлық нақты мәселелері сырт қалады. Әлде қарусыздандыруды жақтаушылар қарусыз революцияның мүлдем жаңа түрін жақтай ма екен?

Содан соң. Біз реформалар жолында күресуге ешбір қарсы емеспіз. Егер бұқаралық толқудың және бұқаралық наразылықтың көптеген дүмпулеріне қарамастан және біздің күш жұмсауымызға қарамастан, осы соғыстан революция өсіп шықпаса, онда адамзат — ең жаман дегенде — тағы да екінші империалистік соғысты басынан кешіруі мүмкін өкінішті жағдайды біздің елеусіз қалдырғымыз келмейді. Біз реформалар программасын, бірақ *сонымен бірге* оппортунистерге қарсы бағытталуға тиісті реформалардың программасын

жақтаймыз. Егер біз реформалар жолында күресуді оппортунистердің бір өзіне қалдырып, өзіміз өкінішті шындықтан қашып құтылмақшы болып, қайдағы бір «қарусыздандырудың» қиялдағы дүниесіне жалт берсек, олар бұған тек қуанар еді. «Қарусыздандыру» — жаман шындықтан қашқандықтың нақ өзі, бірақ әсте оған қарсы күрескендік емес.

Мұндай программада біз шамамен айтқанда былай дер едік: «1914—1916 жж. империалистік соғыста отанды қорғау ұраны және отан қорғауды мойындау дегеніміз жұмысшы қозғалысын буржуазиялық өтірікпен тек азғындату ғана болады». Нақты сұрақтарға осындай нақты жауап қарусыздандыруды талап етуден және отанды қорғау «атаулыдан» бас тартудан гөрі теориялық жағынан дұрысырақ, пролетариат үшін көп пайдалы, ал оппортунистерге төзгісіз болар еді. Біз былай деп қоса алар едік: «Барлық империалистік ұлы державалардың, Англияның, Францияның, Германияның, Австрияның, Россияның, Италияның, Жапонияның, Құрама Штаттардың буржуазиясының реакцияшыл болғаны соншалық, дүние жүзілік үстемдікке ұмтылуға құныққаны соншалық, *бұл* елдердің *буржуазиясы* тарапынан болатын соғыс *атаулының бәрі* тек қана реакциялық соғыс болады. Пролетариат мұндай соғыс атаулыға қарсы болып қана қоймай, сонымен бірге мұндай соғыстарда «өз» үкіметінің жеңілуін тілеуге тиіс және оның жеңілуін, егер соғысқа кедергі жасау мақсатымен көтеріліс жасауға реті келмесе, революциялық көтеріліс үшін пайдалануға тиіс».

Милиция туралы мәселе жөнінде біз мынаны айтуға тиіс болар едік: біз буржуазиялық милицияны жақтамаймыз, тек пролетарлық милицияны ғана жақтаймыз. Сондықтан тіпті Құрама Штаттар немесе Швейцария, Норвегия сияқты және т. с. елдерде де тұрақты әскерге ғана емес, буржуазиялық милицияға да «бір тиын ақша, бірде-бір адам» берілмесін. Оның үстіне, біз ең еркін деген республикалық елдерде (мәселен, Швейцарияда) милицияның барған сайын, әсіресе 1907 және 1911 жылдары неғұрлым пруссактануын, стачкашыларға қарсы әскер жұмсау үшін милицияның сатыл-

ғыш болып бара жатқандығын көріп отырмыз. Біз офицерлерді халықтың сайлап қоюын, әскери юстиция атаулыны жоюды, шетел жұмысшылары мен жергілікті жұмысшылардың праволарын теңестіруді (шетел жұмысшыларын правосыз қалдырып, оларды барған сайын көп, барған сайын ұятсыз қанайтын Швейцария секілді империалистік мемлекеттер үшін ерекше маңызды пункт), бұдан соң: белгілі бір елдің, айталық, әрбір жүз адам тұрғынының бүкіл әскери өнерді үйрену үшін еркін одақтар құру, нұсқаушыларды еркін сайлау, олардың еңбегіне қазына есебінен ақы төлеу және т. с. правосын талап ете аламыз. Осындай жағдайларда ғана пролетариат әскери өнерді өзінің құл иеленушілері үшін емес, шын мәнінде *өзі* үшін үйрене алар еді және пролетариаттың мүдделері осылай үйренуді сөзсіз талап етеді де. Революциялық қозғалыстың қандай да болса табысы, тіпті ішінара табысы да,— мәселен, белгілі бір қаланы, белгілі бір фабрикалық поселкені, армияның кейбір бөлімін жеңіп алу,— жеңген пролетариатты нақ осындай программаны жүзеге асыруға сөзсіз *мәжбүр ететіндігін* орыс революциясы дәлелдеді.

Ақырында, оппортунизмге қарсы бір ғана программалар арқылы күресуге болмайтындығы, ол программалардың шын мәнінде жүзеге асырылуын мүлтіксіз бақылау арқылы ғана күресуге болатындығы өзінен өзі түсінікті. Банкрот болған II Интернационалдың ең ірі, мерт қылған қатесі: сөздің іске сай келмегендігі, екі жүзділікке, революцияшылсынған арсыз жел сөзге әдеттенуге тәрбиелеу болды (Каутский мен К⁰-нің Базель манифесіне қазіргі көзқарасын қараңыз). Қарусыздандыру, әлеуметтік идея ретінде,— яғни белгілі бір әлеуметтік жағдай туғызатын және жеке адамның зауқы болып қалмай, белгілі бір әлеуметтік ортаға әсер ете алатын идея ретінде,— соғыстардың дүние жүзілік қанқұйлы жолынан едәуір ұзақ уақыт тысқары болған және сол қалпында тысқары қалуға үміттенетін жеке ұсақ мемлекеттердің, тегінде, ерекшелік ретіндегі айрықша «тыныш» тұрмыс жағдайларынан туған болу керек. Бұған көз жеткізу үшін, мәселен, қарусыздандыруды

жақтаушы норвегтердің дәлеліне ой жүгірту жеткілікті: «біз кішкентай елміз, біздің әскеріміз азғантай, біз ұлы державаларға қарсы ештеме істей алмаймыз» (ал сондықтан ұлы державалардың белгілі бір тобымен империалистік *одақ* жасасуға күштеп тартылуға қарсыласуға да дәрменсізбіз) ...«біз өзіміздің шалғайдағы түкпірімізде тыныш қалыпта қалуды, түкпірлік саясатты жүргізе беруді, қарусыздандыруды, міндетті аралық соттарды, тұрақты» («тұрақты» — бельгиялық сияқты болуға тиіс?) «бейтараптылықты талап етуді және т. с. тілейміз».

Ұсақ мемлекеттердің тасада қалуға ұсақ талпынушылығы, дүние жүзілік тарихтың ұлы шайқастарынан аулақ болуды, өздерінің біршама-монополиялық жағдайын томаға-тұйық енжарлықта болу үшін пайдалануды ұсақ буржуазиялық тұрғыдан тілеушілік — қарусыздандыру идеясының кейбір кішкентай мемлекеттерде белгілі бір түрде табысты болуын және оның белгілі бір түрде етек алуын қамтамасыз ете алатын *объективті* қоғамдық жағдай міне осы. Әлбетте, бұл талпынушылық реакцияшыл және түгелдей жалған үміттерге негізделген, өйткені империализм ұсақ мемлекеттерді бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың және дүние жүзілік саясаттың шеңберіне қайтсе де тартып отырады.

Мәселен, Швейцарияның империалистік жағдайы оған объективті жағынан жұмысшы қозғалысының *екі* бағытын теліп отыр: оппортунистер буржуазиямен одақтасып, империалистік буржуазияның туристерінен пайда алу үшін Швейцариядан республикалық-демократиялық монополиялық одақ жасауға, сөйтіп осы «тыныш» монополиялық жағдайды мүмкін болғанынша тиімді, мүмкін болғанынша тыныш пайдалануға ұмтылып отыр.

Швейцарияның шын социал-демократтары Швейцарияның біршама бостандығы мен «халықаралық» жағдайын Европаның жұмысшы партиялары революциялық элементтерінің тығыз одағының жеңіп шығуына көмектесу үшін пайдалануға тырысуда. Швейцария, құдайға шүкір, «өзінің дербес» тілінде емес, дүние жү-

зілік үш тілде және нақ өзімен шектес соғысушы елдердің тілдерінде де сөйлейді.

Егер Швейцария партиясының 20 000 мүшесі «төтенше соғыс салығы» ретінде апта сайын 2 сантим жарна төлесе, онда біз жылына 20 000 франк алар едік, бұл — бас штабтардың тыйым салуына қарамастан, жұмысшылардың ашу-ызасы қайнап келе жатқандығы туралы, олардың окоптарда бауырласуы туралы, олардың «өз» елдерінің империалистік буржуазиясына қарсы өздерінің қаруды революциялық жолмен пайдалануға үмітті екені және т. т. туралы шындықты білдіретін нәрсенің бәрін соғысушы елдердің жұмысшылары мен солдаттарына үш тілде дүркін-дүркін басып шығаруға және таратуға артығымен жетіп жатыр.

Мұның бәрі жаңалық емес. «La Sentinelle», «Volksrecht»[60], «Berner Tagwacht» сияқты маңдай алды газеттер дәл осыны істеуде, бірақ, амал не, жеткіліксіз мөлшерде істеуде. Аарауда өткен партейтагтың[61] тамаша қаулысы жай ғана тамаша қаулы болумен бірге осындай қызметпен үлкен іске айнала алады.

Біздің көңілімізді аулап отырған мәселе қазір былай қойылып отыр: қарусыздандыру талабы швейцар социал-демократтары арасындағы революциялық бағытқа сәйкес келе ме? Сірә, сәйкес келмейді. Объективті түрде алғанда, «қарусыздандыру» ұсақ мемлекеттердің ең ұлттық, ерекше-ұлттық программасы, әсте интернационалдық революциялық социал-демократияның интернационалдық программасы емес.

1916 ж. сентябрьде неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1917 ж. сентябрьде және октябрьде «Jugend-Internationale» газетінің 9 және 10-номерлерінде басылған
Қол қойған: N. Lenin

Орыс тілінде бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуында басылған, XIX том

Газеттің тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ҮШ ҚАРАҒАЙДЫҢ АРАСЫНДА АДАСТЫ

Бунд «Бюллетенінің»[62] 1-ші номерінде (сентябрь, 1916) бір бундшылдың 1916 ж. 26 февральда Петербургтен жазған хатынан мынаны оқимыз:

«Қорғаныс формуласын қабылдау қиындығының біз үшін сан есе күшейе түсіп отырғандығының себебі мынадан: біздің орыс жолдастардың осы уақытқа дейін істеп отырғанындай, біз шынында поляк мәселесі жөнінде қайткен күнде де үндемей отыра алмаймыз ғой». (Ұмытпалық, бұл мырзаның «жолдастары» Потресов пен К°.) «Сондай-ақ тіпті біздің ортамыздағы қорғампаздардың «аннексиясыз» деген формуланы Россия жөнінде қолдануды тілемей отырған жағдайының өзі қазір қорғанысты психологиялық жағынан қабылдай алмайтындардың көз алдында қорғанысқа қарсы күшті дәлел болып табылады, өйткені олар мысқылмен: сонда сіздер нені қорғап жүрсіздер?— деп сұрайды. Ал Польшаның тәуелсіздігі идеясын жоғарғы топтар мойындауда».

(Қандай жоғарғы топтар екені айқын емес.)

Біз 1915 жылғы қарарда Бундта германофильдық шовинизм басым* деп мәлімдегенімізде, Косовский мырза мен К° тек балағатпен ғана жауап бере алды. Енді дәл солардың органында дәл солардың партиясындағы әріптесі біздің мәлімдемемізді қуаттап отыр! Өйткені егер «қорғампаз» бундшылдар *«Россия жөнінде»* (байқап қойыңыздар, Германия туралы бір ауыз сөз жоқ!) «аннексиясыз» деген формуланы қолдану-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 176-бет. *Ред.*

ды тілемесе, онда шынына келгенде мұның германофильдық шовинизмнен қандай айырмашылығы бар?

Егер бундшылдардың ойлағысы келсе және ойлай білсе, олар аннексия туралы мәселеде өздерінің адасқандығын көрген болар еді. Адасудан және шым-шытырық шатасудан құтылудың жолы біреу: 1913 жылдың өзінде-ақ түсіндірілген біздің программамызды қабылдау*. Атап айтқанда: аннексияны теріске шығару саясатын байыпты ойластырып, адал ниетпен жүргізу үшін езілген ұлттардың социалистері мен демократтары езуші ұлттардың (великоростар немесе немістер болсын, украиндар жөнінде поляктар және т. т. болсын, бәрібір) *өз ұлты* езіп отырған (немесе зорлықпен ұстап отырған) басқа ұлттардың бөлініп шығу бостандығын дәйекті және сөзсіз қорғамайтын социалистерін өздерінің бүкіл насихаты мен үгітінде жексұрындар деп жариялауға тиіс.

Егер бундшылдар осы қорытындыны қабылдамай отырса және қабылдамаса, онда Россияда Потресовтармен, Германияда Легиндермен, Зюдекумдермен және тіпті Ледебурлармен (ол Эльзас-Лотарингияның бөлініп шығу бостандығын *жақтамай* отыр), Польшаның ұлтшылдарымен, дұрысында, социал-шовинистерімен және т. т. араздасқысы келмегендіктен *ғана* осылай етіп отыр.

Несін айтасыз, дәлелді-ақ себеп!

1916 ж. сентябрьде — октябрьде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 243—250 беттер. *Ред.*

ИТАЛЬЯН СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[63]

Қымбатты жолдастар!

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Комитеті атынан мен итальян социалистік партиясының съезін құттықтаймын және оның өз жұмысында табысты болуын тілеймін.

Егер социализмге опасыздық істемесе және буржуазияның жағына шығып кетпесе, соғысып жатқан мемлекеттердің барлық социалистік партиялары істей алатын және істеуге тиісті істі, атап айтқанда: «отандық» әскери цензураның, әскери бастықтардың қолы жетпейтін, соғысқа социалистік көзқарасты еркін талқылап, пікір айтуға болатын еркін елде өзінің съезін, кеңесін немесе конференциясын шақыру ісін соғысушы елдердің социалистік партияларының ішінде Итальян социалистік партиясының *бірінші болып* істеуінің сәті түсті. Итальян социалистік партиясының еркін — патриоттық тұмылдырықтардан сау — съезі барлық дерлік европалық социалистік партиялардың социализмге жасап отырған опасыздығына қарсы күресу үшін осы уақытқа дейін бүкіл итальян социалистік партиясы істеген істердей көп және одан да артық жұмыс істей алады деп үміт етуіме рұқсат етіңіздер.

Біздің партиямыздың өкілдері Циммервальдта және Кинтальда сіздердің партияңыздың өкілдерімен бірге жұмыс істеді. Біздерді ажыратқан бір ғана елеулі алауыздық болды, біздердің арамызда, ол социал-шовинистерден, яғни сөз жүзінде социалистер, іс жүзінде

шовинистерден, атап айтқанда: қазіргі империалистік соғыста «отанды қорғауды» жақтайтындардың немесе ақтайтындардың бәрінен, отарларды бөлісуге бола және дүние жүзінде үстемдік етуге бола жүргізіліп жатқан осы реакциялық, қарақшылық соғыста «өзінің» үкіметі мен «өзінің» буржуазиясын тікелей немесе жанамалай қолдайтындардың бәрінен бөлінудің сөзсіздігі және қажеттігі туралы алауыздық еді. Біз социал-шовинистерден бөлінуді тарихи жағынан сөзсіз және пролетариаттың социализм жолындағы шын күресі, сөз жүзіндегі наразылықтармен шектелмейтін революциялық күресі үшін қажет деп санаймыз. Сіздердің партияңыздың өкілдері социал-шовинистерден («sciovinisti») *бөлінбей*-ақ пролетариаттың оларды жеңетіндігіне әлі үміттенуге болады деген көзқараста болып келді.

Бүкіл дүние жүзілік социализмдегі оқиғалардың дамуы біздердің арамыздағы бұл алауыздықтың негізін барған сайын жойып келе жатқандығына біздің сенгіміз келеді.

Бір жағынан, бүкіл дүние жүзінде, тек соғысушы елдерде ғана емес, сонымен қатар басты-басты бейтарап елдерде, мәселен, алдыңғы қатарлы капиталистік елде, Америка Құрама Штаттарында, жұмысшы қозғалысы қазіргі империалистік соғыста және келешек империалистік соғыстарда «отанды қорғауды» жақтаушылар және оған қарсылар болып барған сайын *іс жүзінде* екіге бөлінуде; ал ол келешек соғыстарды қазіргі замандағы барлық «ұлы» держава дейтіндердің бүкіл саясаты әзірлеп, пісіруде.

Екінші жағынан, біз жақында социалистік партияның орталық органы *«Avanti!»*[64]-де «La chiusura della conferenza socialista tedesca»* деген редакциялық мақаланы өте-мөте сүйсініп оқыдық. Неміс социалистік партиясының бұл конференциясы бүкіл дүние жүзілік социализмде соңғы айлардың ішінде болған ең көрнекті оқиғалардың бірі, өйткені бұл конференцияда тек неміс социализмінің ғана емес, сонымен қатар *бүкіл*

* — «Неміс социалистері конференциясының жабылуы». *Ред.*

дүние жүзілік социализмнің де басты *үш* бағыты соқтығысты: 1-ден, ашық социал-шовинистердің, Германиядағы Легин, Давид және К^0, Россиядағы Плеханов, Потресов, Чхенкели, Франциядағы Ренодель мен Самба, Италиядағы Биссолати мен оның партиясы сияқтылардың бағыты; 2-ден, социал-шовинизмнің негізгі идеясына, атап айтқанда: осы соғыста «отанды қорғауға» қосылатын және осы идеяны шын социализммен және интернационализммен ымыраластыруды тілейтін бағыт, Гаазе — Каутский бағыты, 3-ден, Германиядағы «Интернационал» және «Германияның интернационалдық социалистері» топтарының шын социалистік және интернационалистік бағыты.

Осы үш бағытқа баға бере келіп, *«Avanti!»* жоғарыда аталған мақалада (№ 269, 27. IX. 1916) былай деп жазды:

«...il proletariato tedesco finirà indubbiamente per trionfare contro i Legien, gli Ebert ed i David, che anno preteso di compromettere la sua azione di classe nei tristi patteggiamenti coi Bethmann-Hollweg e gli altri fautori della guerra. Di questo noi abbiamo la più schietta certezza».

Noi abbiamo la medesima certezza.

«Piuttosto,— дейді одан әрі «Avanti!»,— la conferenza dei socialisti tedeschi ci lascia incerti circa l'atteggiamento prossimo di una parte della opposizione, quella che ebbe per esponente principale l'Haase».

«Il gruppo «Internazionale» con Liebknecht, con Mehring, con Clara Zetkin, con Rosa Luxemburg — con tutti gli altri «sabotatori e traditori della patria» è perfettamente a posto».

...*«Meno conseguente ci è parso Haase»**.

---

* — «Бетман-Гольвегтермен және соғысты басқа да жақтаушылармен түкке тұрғысыз мәмлеге келу арқылы неміс пролетариатының тап күресінің беделін түсіруге тырысқан Легиндерді, Эберттер мен Дэвидтерді неміс пролетарларының ақыр-аяғында жеңіп шығатындығы күмәнсыз. Бұған біздің шын көзіміз жетеді».

Бұған біздің де көзіміз жетеді.

«Дегенмен,— дейді бұдан соң «Avanti!»,— басты өкілі Гаазе болып табылатын оппозиция бөлегінің бұдан былайғы әрекеті қандай болатындығына неміс социалистерінің конференциясы бізде сенім туғызбай отыр».

«Либкнехт, Меринг, Клара Цеткин, Роза Люксембург кіретін «Интернационал» тобы — барлық басқа «саботажшылармен және отанға опасыздық жасағандармен» бірге — өз постында тапжылмастан қалып отыр».

...*«Біздің байқауымызша, ең дәйексізі Гаазе» Ред.*

Сөйтіп «Avanti!» Гаазе мен оның тобының — біз өз баспасөзімізде бүкіл дүние жүзілік социализмнің *каутскийшілдік* бағыты деп атайтын топтың — «дәйекcіздігін» мынадан байқайтындығын түсіндіреді —

«essi non accettano le logiche e naturali conseguenze cui sono giunti Liebknecht e compagni».*

«Avanti!» осылай деп жазады.

Біз «Avanti!»-дің бұл мәлімдемелерін шын жүректеп құттықтаймыз. «Avanti!»-дің осы сөздері жөнінде неміс социал-демократтарының орталық органы және каутскийшілдік бағыттың басты органы «Vorwärts»-тың 1916 ж. 7 октябрьдегі номерінде былай деп жазғанда қателескендігіне біздің көзіміз жетеді:

«dass der «Avanti!» über die Parteiverhältnisse und Parteivorgänge in Deutschland *nicht ganz zutreffend informiert ist»**.*

«Avanti!»-дің «ganz zutreffend»*** хабардар екеніне және оның Гаазе тобы дұрыс емес, Либкнехт тобы дұрыс деп отырғаны кездейсоқ емес екеніне біз сенеміз. Сондықтан Итальян социалистік партиясы Либкнехттің принциптері мен тактикасын қорғауы арқылы халықаралық социализмде көрнекті орын ала алатындығына біз үміттіміз.

Біздің партиямыз итальян партиясына қарағанда әлдеқайда қиын жағдайда болып отыр. Біздің бүкіл баспасөзіміз тұншықтырылған. Бірақ Россиядағы жолдастарымыздың күресіне біздің эмиграциядан да көмектесуімізге мүмкіндік болды. Россиядағы біздің партиямыздың соғысқа қарсы бұл күресі шын алдыңғы қатарлы *жұмысшылардың* және жұмысшы *бұқарасының* күресі болғандығына мына екі факт дәлел: 1-ден, біздің партиямыздың Россияның ең өнеркәсіпті губернияларының жұмысшыларынан сайланған жұ-

* — «Либкнехттің жолдастарымен бірге жеткен логикалық және табиғи қорытындыларын олар қабылдамай отыр». *Ред.*

** ««Avanti!» Германиядағы партияның өмірі мен істері туралы *әбден дерлік дұрыс хабардар емес». Ред.*

*** — «әбден дұрыс». *Ред.*

мысшы депутаттары Петровскийді, Шаговты, Бадаевты, Самойловты және Мурановты соғысқа қарсы революциялық насихаты үшін патша үкіметі Сибирьге жер аударды[65]. 2-ден, олар жер аударылғаннан кейін көп уақыт өткен соң, Петербургте біздің партиямызға жататын алдыңғы қатарлы жұмысшылар әскери-өнеркәсіптік комитеттерге қатысудан үзілді-кесілді бас тартты.

1917 ж. январьда Entente-Sozialisten[66] конференциясы шақырылады. Біз бір жолы Лондонда осы сияқты конференцияға қатысуға тәжірибе жасап көрдік, бірақ біздің өкіліміздің европалық социалистердің опасыздығы туралы шындықты айтуға тәуекел етуі-ақ мұң екен, оны сөйлетпей қойды[67]. Сондықтан біз мұндай конференцияларда тек Биссолати, Плеханов, Самба мырзаларға және tutti quanti* ғана орын бар деп ойлаймыз. Сондықтан біз конференцияға барудан бас тартпақшымыз және социал-шовинистердің халықты алдауын әшкерелеп Европаның жұмысшыларына хат жазбақшымыз.

Итальян социалистік партиясының съезін тағы да құттықтаймын және оның жұмысында табысты болуын тілеймін.

1916 ж. октябрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — солар сияқтыларға. *Ред.*

«ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ» ҰРАНЫ ТУРАЛЫ

Толып жатқан елдерде, көбінесе кішкентай және қазіргі соғыстан сырт қалып отырған елдерде, мәселен, Швецияда, Норвегияда, Голландияда, Швейцарияда, социал-демократиялық программа-минимумның: «милиция» немесе «халықты қаруландыру» деген ескі пункттін «қарусыздандыру» деген жаңа пунктпен ауыстыруды жақтайтын үндер естілуде. Жастардың халықаралық ұйымының органы «Jugend-Internationale»-нің («Жастар Интернационалы») 3-номерінде қарусыздандыруды жақтаған редакциялық мақала басылды. Р. Гриммнің Швейцария социал-демократиялық партиясының съезі үшін жазылған соғыс мәселесі жөніндегі «тезистерінде» «қарусыздандыру» идеясына келіскендікті көреміз. Швейцарияның 1915 ж. «Neues Leben» («Жаңа Өмір») журналында Роланд-Гольст екі талапты «бітістіруді» жақтаған болады, іс жүзінде дәл әлгіндей келісушілікті жақтайды. Халықаралық солшылдар органы «Vorbote»-нің («Жаршы») 2-номерінде голланд марксисі Вайнкоптың халықты қаруландыру жөніндегі ескі талапты жақтайтын мақаласы басылды. Скандинавиялық солшылдар, төменде басылып отырған мақалаларға қарағанда, «қарусыздандыруды» қабыл алуда, бірақ кейде онда пацифизм элементі бар деп мойындайды[68].

Қарусыздандыруды қорғаушылардың позициясын қарастырып көрелік.



Россійская Соціаль-Демократическая Рабочая Партія

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

СБОРНИКЪ СОЦІАЛЬ-ДЕМОКРАТА

Центральнаго Органа Россійской Соціаль-Демократической Рабочей Партіи

Декабрь 1916

№ 2

Цѣна 1 франкъ

Изданіе Центральнаго Комитета Р. С.-Д. Р. П.

««Социал-Демократ» жинағының» мұқабасы, № 2.— 1916.

Кішірейтілген

I

Қарусыздандыруды жақтайтын негізгі тиянақтардың бірі кейде төтесінен айтылмайтын мына пікір болып табылады: біз соғысқа қарсымыз, жалпы алғанда соғыс атаулыға қарсымыз, ал біздің бұл көзқарасымыздың тиянақты, айқын, анық көрінісі қарусыздандыру талабы болып табылады.

Бұл пікірдің дұрыс еместігіне біз Юниустың кітапшасы туралы мақалада тоқталғанбыз, сондықтан оқушыға соны оқуды ұсынамыз*. Социалист болудан қалғысы келмесе, социалистер соғыс атаулыға бірдей қарсы бола алмайды. Қазіргі империалистік соғыстың өзіңді адастыруына ырық беруге болмайды. Империалистік заман үшін «ұлы» державалардың арасында нақ осындай соғыстардың болуы дағдылы жағдай, бірақ демократиялық соғыстар мен көтерілістердің де, мәселен, езілген ұлттардың өздерін езушілерге қарсы езгіден азат болу жолындағы соғыстары мен көтерілістерінің болуы мүмкін емес деп әсте айтуға болмайды. Пролетариаттың буржуазияға қарсы социализм жолындағы азамат соғыстарының болуы сөзсіз. Бір елде жеңген социализмнің басқа, буржуазиялық немесе реакциялық елдерге қарсы соғыстарының болуы мүмкін.

Қарусыздандыру — социализмнің мұраты. Социалистік қоғамда соғыстар болмайды, ендеше, қарусыздандыру жүзеге асырылады. Бірақ кімде-кім социализмнің әлеуметтік революциядан және пролетариат диктатурасынан *тыс* жүзеге асырылуын күтсе, ол социалист емес. Диктатура дегеніміз тікелей *зорлыққа* сүйенетін мемлекеттік өкімет. XX ғасыр заманында,— жалпы алғанда цивилизация заманында,— зорлық дегеніміз жұдырық емес, шоқпар емес, *әскер*. Программаға «қарусыздандыруды» енгізу деген сөз жалпы алғанда: біз қару қолдануға қарсымыз деген сөз. Егер біз: зорлықты қолдануға қарсымыз дейтін болсақ, оны-

* Қараңыз: осы том, 1—18-беттер. *Ред.*

мызда зәредей марксизмнің болмайтыны сияқты, мұнда да зәредей де марксизм жоқ!

Айта кетейік, бұл мәселе жөніндегі халықаралық айтыс тек қана неміс тілінде демеген күнде, негізінен неміс тілінде жүргізілді. Ал немісше екі сөз қолданылады, олардың арасындағы айырмашылықты орысша айтып жеткізу оңай емес. Біреуі тура «қарусыздану» деген сөз де, оны, мәселен, Каутский мен каутскийшілдер қару-жарақты қысқарту мағынасында қолданады. Екіншісі тура «қарусыздандыру» деген мағынаны білдіреді және мұны көбінесе солшылдар милитаризмді жою, милитаристік (соғыс) система атаулыны жою мағынасында қолданады. Біз бұл мақалада кейбір *революцияшыл* социал-демократтардың арасында дағдылы болған *екінші* талап туралы айтамыз.

Империалистік ұлы державалардың нақ қазіргі үкіметтеріне арналған «қарусыздандыру» жөніндегі каутскийшілдік уағыз — тілі тәтті каутскийшілердің «игі тілектеріне» қарамастан — *іс жүзінде* жұмысшылардың назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға қызмет ететін ең жексұрын оппортунизм, буржуазиялық пацифизм. Өйткені мұндай уағыз жұмысшыларға империалистік державалардың қазіргі, буржуазиялық үкіметтері финанс капиталының мыңдаған бұғаулары және ондаған немесе жүздеген соған сәйкес (яғни империалистік соғыс әзірлейтін тонаушылық, қарақшылық) *құпия шарттар арқылы* өзара шырмаулы *емес* деген пікірді ұғындырады.

II

Қару меңгеруді үйренуге, қаруға ие болуға ұмтылмайтын езілген тап оған құлдар ретінде қарауға ғана лайықты болар еді. Буржуазиялық пацифистерге немесе оппортунистерге айналып кетпейік демесек, біз таптық қоғамда өмір сүріп отырғанымызды және одан құтылудың тап күресінен, үстем таптың өкіметін құлатудан басқа жолы жоқ екендігін және болмайтындығын ұмыта алмаймыз ғой.

Қандай таптық қоғамда болса да,— мейлі ол құл-

дыққа, крепостниктікке немесе, қазіргідей, жалдама еңбекке негізделген болсын — езуші тап қаруланған болады. Қазіргі тұрақты әскер ғана емес, қазіргі милиция да — тіпті ең демократиялық буржуазиялық республикаларда, мәселен, Швейцарияда — буржуазияның пролетариатқа *қарсы* қарулануы болып табылады. Бұл — мейлінше түсінікті ақиқат, оған ерекше тоқталып жатудың қажеті бола қояр ма екен. Әскердің (соның ішінде республикалық-демократиялық милицияның) стачкашыларға қарсы жұмсалатынын еске салса да жеткілікті, ал мұның өзі капиталистік елдердің бәріне түгелдей ортақ жағдай. Буржуазияның пролетариатқа қарсы қарулануы осы замандағы капиталистік қоғамның ең ірі, негізгі, өте маңызды фактілерінің бірі.

Осындай фактінің алдында тұрғанда революцияшыл социал-демократтарға олардың «қарусыздандыру» «талабын» қоюы ұсынылады! Мұның өзі тап күресі көзқарасынан толық бас тартумен, революция туралы ойдың қандайынан болса да безумен барабар. Біздің ұранымыз: буржуазияны жеңу, экспроприациялау және қарусыздандыру үшін пролетариатты қаруландыру болуға тиіс. Бұл — революцияшыл таптың болуы мүмкін бірден-бір тактикасы, капиталистік милитаризмнің бүкіл *объективті дамуынан* туатын, осы даму тудырып отырған тактика. Пролетариат буржуазияны қарусыздандырғаннан *кейін* ғана, өзінің бүкіл дүние жүзіліктарихи міндетіне опасыздық етпестен, жалпы қару біткенді қиратып лақтыра алады және пролетариат мұны, сөз жоқ, істейді, бірақ одан ешбір ерте емес, тек сонда ғана істейді.

Егер қазіргі соғыс реакцияшыл христиан социалистерінің, жылауық ұсақ буржуаның *тек* құтын қашырып, қорқынышын тудырса, қару қолданудың қандайына болса да, қан төгіске, өлімге және т. б. тек жиіркенішін тудырса, онда біз мынаны айтуға тиіспіз: капиталистік қоғам әрқашан *ұшы-қиырсыз сұмдық* болып келді және солай болып табылады. Ал егер қазір бұл қоғамға барлық соғыстардың ішіндегі осы ең реакцияшыл соғыс *сұмдық өлім* әзірлеп жатса, онда біздің торығуға ешқандай дәлеліміз жоқ. Ал қарусыз-

дандыруды «талап ету» — дұрысырақ айтқанда: барлық жұрттың көз алдында буржуазияның өзінің күштерімен бірден-бір заңды және революциялық соғыс, атап айтқанда: империалистік буржуазияға қарсы азамат соғысы әзірленіп жатқан кезде қарусыздандыруды арман ету, өзінің объективті маңызы жағынан нақ сол торығудың белгісі, одан басқа түк емес.

Кімде-кім бұл өмірден қол үзген теория десе, біз мынадай бүкіл дүние жүзілік-тарихи екі фактіні оның есіне саламыз; бұлар: бір жағынан, трестердің және әйелдердің фабрикадағы жұмысының ролі, екінші жағынан, 1871 ж. Коммуна мен Россиядағы 1905 ж. декабрь көтерілісі.

Буржуазияның ісі — трестерді дамыту, балалар мен әйелдерді фабрикаларға айдап тығу, онда оларды азаптау, азғындату, адам айтқысыз мұқтаждыққа ұшырату. Біз мұндай дамуды «талап етпейміз», оны «қолдамаймыз», біз оған қарсы күресеміз. Бірақ *қалай* күресеміз? Трестер және әйелдердің фабрикадағы жұмысы прогресс екендігін біз білеміз. Біздің қол өнерге қарай, монополистікке дейінгі капитализмге қарай, әйелдердің үйде жұмыс істеуіне қарай кері кеткіміз келмейді. Трестер және басқалар арқылы ілгері жылжып, олардан әрі социализмге қарай алға басқымыз келеді!

Дамудың *объективті барысын* есепке алатын бұл пікірді тиісті өзгерістермен халықтың қазіргі милитарландырылуына да қолдануға болады. Бүгін таңда империалистік буржуазия бүкіл халықты ғана емес, сонымен қатар жастарды да милитарландыруда. Ертең ол, сірә, әйелдерді милитарландыруға кірісетін шығар. Бұл жөнінде біз былай деуге тиіспіз: соғұрлым жақсы! Тезірек алға! Неғұрлым тезірек болса, капитализмге қарсы қарулы көтеріліске соғұрлым жақындай түсеміз. Социал-демократтар Коммунаның мысалын ұмытпаған болса, жастарды милитарландырумен және т. с. өздерін қорқытуға олар қалайша жол бере алады? Бұл — «өмірден қол үзген теория» емес, арман емес, факт. Егер социал-демократтар, барлық экономикалық және саяси фактілерге қарамастан, империалистік заман мен империалистік соғыстардың мұндай фактілердің қайтала-

нуына апарып соқпай қоймайтындығына күмәндана бастаса, мұның өзі шынында да мүлде жаман болған болар еді.

Коммунаның буржуазиялық бір байқаушысы 1871 жылы майда ағылшынның бір газетінде былай деп жазды: «Егер француз ұлты тек қана әйелдерден құралған болса, бұл қандай сұмдық ұлт болған болар еді!». Коммуна кезінде әйелдер мен жасы 13-ке келген балалар еркектермен қатар күресті. Буржуазияны құлату жолындағы болашақ шайқастарда да басқаша болуы мүмкін емес. Жақсы қаруланған буржуазияның нашар қаруланған немесе қаруланбаған жұмысшыларды қалай атқылап жатқанына пролетар әйелдер селқос қарап отыра алмайды. 1871 жылдағыдай олар қолға қару алады, сөйтіп қазіргі құты қашқан ұлттардан — дұрысырағы: үкіметтерден гөрі оппортунистер көбірек шырқын бұзған қазіргі жұмысшы қозғалысынан — революцияшыл пролетариаттың «сұмдық ұлттарының» интернационалдық одағы, ерте болсын, кеш болсын, өсіп жетілетіндігі күмәнсыз, мүлде күмәнсыз.

Қазір милитарлану бүкіл қоғамдық тұрмысқа кеулеп кіруде. Империализм дегеніміз ұлы державалардың дүниені бөлісу және қайта бөлісу жолындағы қиянкескі күресі болып табылады,— сондықтан ол барлық елдерде, бейтарап елдерде де, кішкентай елдерде де, бұдан әрі милитарлануға сөзсіз бастауға тиіс. Сонда пролетар әйелдер бұған қарсы не істеуі керек?? Сонда істейтіні соғыс атаулыны, соғысқа қатыстының бәрін қарғап-сілеп, тек қарусыздандыруды талап ету ғана болмақ па? Шын революцияшыл езілген таптың әйелдері мұндай масқара рольге еш уақытта көнбейді. Олар өздерінің ұлдарына былай дейтін болады:

«Сен әлі-ақ ер жетесің. Саған қару береді. Соны ал да, әскери өнерге әбден жетіл. Бұл ғылым пролетарларға керек,— керек болғанда, қазіргі соғыста істеліп жатқанындай және социализмге опасыздық жасаушылардың саған кеңес беріп жүргеніндей, өз бауырларыңа, басқа елдердің жұмысшыларына қарсы оқ ату үшін емес,— қайта өз еліңнің буржуазиясына қарсы күресу үшін, ізгі тілектер арқылы емес, буржуазияны

жеңіп, *оны* қарусыздандыру арқылы қанаушылыққа, қайыршылыққа және соғыстарға тыйым салу үшін керек».

Егер қазіргі соғысқа байланысты осындай насихатты, нақ осындай насихатты жүргізуден бас тартылатын болса, онда халықаралық революциялық социал-демократия туралы, социалистік революция туралы, соғысқа қарсы соғыс туралы үлкен сөздерді мүлде айтпағанның өзі жақсы.

III

Қарусыздандыруды жақтаушылардың «халықты қаруландыру» деген программалық пунктке қарсылығының себебі, былайша айтқанда, мынадай: бұл соңғы талап оппортунизмге жеңілдік жасауды оңайлатадымыс. Біз жоғарыда ең маңыздысын: қарусыздандырудың тап күресіне және әлеуметтік революцияға қатынасын қарастырдық. Енді қарусыздандыру талабының оппортунизмге қатынасы туралы мәселені қарастырайық. Бұл талапты қабылдауға болмайтындығының өте маңызды себептерінің бірі, атап айтқанда, мынада: бұл талап және одан туатып жалған үміттер оппортунизмге қарсы біздің күресімізді нашарлатпай және әлсіретпей қоймайды.

Күмән жоқ, бұл күрес — Интернационалдың басты кезекті мәселесі. Империализмге қарсы күрес оппортунизмге қарсы күреспен тығыз байланыстырылмаса — құр бос сөз немесе алдаушылық. Циммервальд пен Кинтальдың басты кемшіліктерінің бірі, III Интернационалдың бұл бастамаларының сәтсіздікке (қатерге, күйреушілікке) ұшырауы мүмкін болуының негізгі себептерінің бірі дәл мынада: оппортунизмге қарсы күресу мәселесін оппортунистермен қатынасты үзу керектігі мағынасында шешу туралы айтпағанның өзінде, бұл мәселе тіпті ашық қойылған да жоқ. Оппортунизм европалық жұмысшы қозғалысының ішінде — уақытша — жеңді. Ірі-ірі елдердің бәрінде оппортунизмнің басты екі сарыны қалыптасты: 1-ден, Плехановтар, Шейдемандар, Легиндер, Альберт Тома және

Самбалар, Вандервельделер, Гайндмандар, Гендерсондар сияқты мырзалардың және тағы сондайлардың ашық, арсыз, сондықтан онша қауіпті емес социал-империализмі. Екіншіден, бүркемеленген, каутскийшілдік сарын: Германияда Каутский — Гаазе және «Социал-демократиялық еңбек тобы»; Францияда Лонге, Прессман, Майерас және басқалар; Англияда Рамсей Макдональд және «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» басқа да көсемдері; Россияда Мартов, Чхеидзе және басқалар; Италияда Тревес және басқа солшыл реформист дейтіндер.

Ашық оппортунизм революцияға, басталып келе жатқан революциялық қозғалыстар мен дүмпулерге ашықтан-ашық және тікелей қарсы шығуда, үкіметтермен тікелей одақтасуда, ал бұл одақтың формалары алуан түрлі — министрлікке қатысудан басталып, әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысумен аяқталады. Бүркемеленген оппортунистер, каутскийшілдер, жұмысшы қозғалысы үшін анағұрлым зияндырақ және қауіптірек, өйткені олар өздерінің ашық оппортунистермен жасаған одағын қорғауын жылы естілетін «маркстік»-сымақ сөздермен және пацифистік ұрандармен жасырады. Үстем болып отырған оппортунизмнің осы екі формасына қарсы күрес пролетарлық саясаттың *барлық* салаларында жүргізілуге тиіс: парламентаризм, кәсіптік одақтар, стачкалар, әскери іс және т. т.

Үстем болып отырған оппортунизмнің осы *екі* формасын өзгешелейтін басты ерекшелік неде?

Ол мынада: *Қазіргі соғыстың революциямен байланыстылығы* туралы нақты мәселе, *революцияның басқа да нақты мәселелері* айтылмайды, бүркемеленеді немесе полициялық тыйымдарға алаңдай қараумен баяндалады. Соғыстан бұрын нақ *осы* болашақ соғыстың пролетарлық революциямен байланыстылығы ресми емес түрде де, Базель манифесінде ресми түрде де сансыз көп рет көрсетілгендігіне қарамастан осылай болып отыр.

Ал қарусыздандыру талабының басты кемшілігінің өзі нақ мынада: мұнда революцияның барлық нақты

мәселелері сырт қалады. Әлде қарусыздандыруды жақтаушылар қарусыз революцияның мүлдем жаңа түрін жақтай ма екен?

IV

Содан соң. Біз реформалар жолында күресуге ешбір қарсы емеспіз. Егер бұқаралық толқудың және бұқаралық наразылықтың көптеген дүмпулеріне қарамастан және біздің күш жұмсауымызға қарамастан, осы соғыстан революция өсіп шықпаса, онда адамзат — ең жаман дегенде — тағы да екінші империалистік соғысты басынан кешіруі мүмкін өкінішті жағдайды біздің елеусіз қалдырғымыз келмейді. Біз реформалардың программасын, бірақ *сонымен бірге* оппортунистерге қарсы бағытталуға тиісті реформалардың программасын жақтаймыз. Егер біз реформалар жолында күресуді оппортунистердің бір өзіне қалдырып, өзіміз өкінішті шындықтан қашып құтылмақшы болып, қайдағы бір «қарусыздандырудың» қиялдағы дүниесіне жалт берсек, олар бұған тек қуанар еді. «Қарусыздандыру» — жаман шындықтан қашқандықтың нақ өзі, бірақ әсте оған қарсы күрескендік емес.

Айтпақшы: мәселен, кейбір солшылдардың отанды қорғау туралы мәселені қойысындағы ірі кемшіліктердің бірі — жауаптың жеткілікті нақты еместігінде. Отанды қорғау «атаулыға» қарсы «жалпы» қағида ұсынғаннан гөрі *осы* империалистік соғыста отанды қорғау — буржуазиялық-реакциялық алдаушылық болып табылады деу теориялық жағынан анағұрлым дұрыс және практикалық жағынан өлшеусіз маңыздырақ. Ал «жалпы» қағида әрі дұрыс емес, әрі жұмысшылардың жұмысшы партиялары ішіндегі тікелей жауларына: оппортунистерге «соққы болып» тимейді.

Милиция туралы мәселе жөнінде біз, нақты және практикалық жағынан керекті жауапты белгілей отырып, мынаны айтуға тиіс болар едік: біз буржуазиялық милицияны жақтамаймыз, тек пролетарлық милицияны ғана жақтаймыз. Сондықтан тіпті Құрама Штаттар немесе Швейцария, Норвегия сияқты және

т. с. елдерде де тұрақты әскерге ғана емес, буржуазиялық милицияға да «бір тиын ақша, бірде-бір адам» берілмесін. Оның үстіне, біз ең еркін деген республикалық елдерде (мәселен, Швейцарияда) милицияның барған сайын неғұрлым пруссактануын, стачкашыларға қарсы әскер жұмсау үшін милицияның сатылғыш болып бара жатқандығын көріп отырмыз. Біз офицерлерді халықтың сайлап қоюын, әскери юстиция атаулыны жоюды, шетел жұмысшылары мен жергілікті жұмысшылардың праволарын теңестіруді (шетел жұмысшыларын правосыз қалдырып, оларды барған сайын көп, барған сайын ұятсыз қанайтын Швейцария секілді империалистік мемлекеттер үшін ерекше маңызды пункт), бұдан соң: белгілі бір елдің, айталық, әрбір жүз адам тұрғынының бүкіл әскери өнерді үйрену үшін еркін одақтар құру, нұсқаушыларды еркін сайлау, олардың еңбегіне қазына есебінен ақы төлеу және т. с. правосын талап ете аламыз. Осындай жағдайларда ғана пролетариат әскери өнерді өзінің құл иеленушілері үшін емес, шын мәнінде *өзі* үшін үйрене алар еді және пролетариаттың мүдделері осылай үйренуді сөзсіз талап етеді де. Революциялық қозғалыстың қандай да болса табысы, тіпті ішінара табысы да,— мәселен, белгілі бір қаланы, белгілі бір фабрикалық поселкені, армияның кейбір бөлімін жеңіп алу,— жеңген пролетариатты нақ осындай программаны жүзеге асыруға сөзсіз *мәжбүр ететіндігін* орыс революциясы дәлелдеді.

Ақырында, оппортунизмге қарсы бір ғана программалар арқылы күресуге болмайтындығы, ол программалардың шын мәнінде жүзеге асырылуын мүлтіксіз бақылау арқылы ғана күресуге болатындығы өзіненөзі түсінікті. Банкрот болған II Интернационалдың ең ірі, мерт қылған қатесі: сөздің іске сай келмегендігі, революцияшылсынған арсыз жел сөзге әдеттенуге тәрбиелеу болды (Каутский мен К^{0}-ның Базель манифесіне қазіргі көзқарасын қараңыз). Қарусыздандыру талабына осы жағынан қарағанда, біз ең алдымен оның *объективті* маңызы туралы мәселе қоюымыз керек. Қарусыздандыру, әлеуметтік идея ретінде,— яғни белгілі

бір әлеуметтік жағдай туғызатын және жеке адамның немесе үйірменің зауқы болып қалмай, белгілі бір әлеуметтік ортаға әсер ете алатын идея ретінде,— соғыстардың дүние жүзілік қанқұйлы жолынан едәуір ұзақ уақыт тысқары болған және сол қалпында тысқары қалуға үміттенетін жеке ұсақ мемлекеттердің, тегінде, ерекшелік ретіндегі айрықша «тыныш» тұрмыс жағдайларынан туған болу керек. Бұған көз жеткізу үшін, мәселен, қарусыздандыруды жақтаушы норвегтердің дәлеліне ой жүгірту жеткілікті: «біз кішкентай елміз, біздің әскеріміз азғантай, біз ұлы державаларға қарсы ештеме істей алмаймыз» (ал сондықтан ұлы державалардың белгілі бір тобымен империалистік *одақ* жасасуға күштеп тартылуға қарсыласуға да дәрменсізбіз!), «біз өзіміздің шалғайдағы түкпірімізде тыныш қалыпта қалуды, түкпірлік саясатты жүргізе беруді, қарусыздандыруды, міндетті аралық соттарды, тұрақты» («тұрақты»— бельгиялық сияқты болуға тиіс пе?) «бейтараптылықты талап етуді және т. с. тілейміз».

Ұсақ мемлекеттердің тасада қалуға ұсақ талпынушылығы, дүние жүзілік тарихтың ұлы шайқастарынан аулақта болуды, өздерінің біршама-монополиялық жағдайын томаға-тұйық енжарлықта болу үшін пайдалануды ұсақ буржуазиялық тұрғыдан тілеушілік қарусыздандыру идеясының кейбір кішкентай мемлекеттерде белгілі бір түрде табысты болуын және оның белгілі бір түрде етек алуын қамтамасыз ете алатын *объективті* қоғамдық жағдай міне осы. Әлбетте, бұл талпынушылық реакцияшыл және түгелдей жалған үміттерге негізделген, өйткені империализм ұсақ мемлекеттерді бүкіл дүние жүзілік шаруашылықтың және дүние жүзілік саясаттың шеңберіне қайтсе де тартып отырады.

Мұны Швейцарияның мысалы арқылы түсіндірейік. Оның империалистік жағдайы объективті жағынан оған жұмысшы қозғалысының *екі* бағытын теліп отыр. Оппортунистер буржуазиямен одақтасып, империалистік буржуазияның туристерінен пайда алу үшін Швейцариядан республикалық-демократиялық моно-

полиялық одақ жасауға, сөйтіп осы «тыныш» монополиялық жағдайды мүмкін болғанынша тиімді, мүмкін болғанынша тыныш пайдалануға ұмтылып отыр. Іс жүзінде бұл саясат пұрсаттылық жағдайға қойылған шағын елдің жұмысшыларының пұрсаттылық жағдайдағы шағын тобының пролетариат бұқарасына *қарсы* өз елі буржуазиясымен одақ жасау саясаты болып табылады. Швейцарияның шын социал-демократтары Швейцарияның біршама бостандығын, оның «халықаралық» жағдайын (анағұрлым жоғары мәдениетті елдердің көршілестігі, одан кейін, құдайға шүкір, Швейцарияның «өзінің дербес» тілінде емес, дүние жүзілік үш тілде сөйлейтіндігі) бүкіл Европа пролетариатының революциялық элементтерінің *революциялық* одағын кеңейту, нығайту, күшейту үшін пайдалануға тырысады. Өз буржуазиямыздың Альпінің кереметтерімен тым-тырыс сауда-саттық жасауға монополиялық жағдайын ұзағырақ ұстап тұруына көмектесейік, бәлкім, біздерге де тиын-тебен түсіп қалар — Швейцария оппортунистері саясатының *объективті* мазмұны міне осы. Буржуазияны құлату үшін француздардың, немістердің, итальяндардың арасында революциялық пролетариаттың одағына көмектесейік — Швейцария революциялық социал-демократтары саясатының объективті мазмұны міне осы. Амал қанша, бұл саясатты Швейцарияда «солшылдардың» жүзеге асыруы әлі мүлдем жеткіліксіз, сондықтан олардың партиясының 1915 жылы Аарауда өткен съезінің тамаша шешімі (революциялық бұқаралық күресті мойындаушылық) әзірге көбінесе қағаз жүзінде қалып отыр. Бірақ әңгіме бізде қазір бұл туралы болып отырған жоқ.

Біздің көңілімізді аулап отырған мәселе қазір былай қойылып отыр: қарусыздандыру талабы Швейцария социал-демократтарының арасындағы революциялық бағытқа сәйкес келе ме? Сірә, сәйкес келмейді. Объективті түрде алғанда, қарусыздандыруды «талап ету» жұмысшы қозғалысының оппортунистік, ұлттық-тарөрісті кішкентай мемлекеттің ой-өрісімен шектелген бағытына сәйкес келеді. Объективті түрде алғанда «қарусыздандыру» ұсақ мемлекеттердің ең ұлттық, ерекше-

ұлттық программасы, әсте интернационалдық революциялық социал-демократияның интернационалдық программасы емес.

P. S. Оппортунистік «Тәуелсіз жұмысшы партиясының» органы — ағылшынның «Социалистік Шолуының» — «The Socialist Review»[69] (сентябрь, 1916) соңғы номерінде, 287-бетінде, бұл партияның Нью-Кастль конференциясының қарарына тап боламыз: *қандай* үкіметтің болсын *қандай* соғысын *болса да*, тіпті ол «номиналды» түрде «қорғаныс» соғысы болса да, қолдаудан бас тарту. Ал, 205-бетте, редакциялық мақалада мынадай мәлімдемені кездестіреміз: «Біз син-фенилердің көтерілісін мақұлдамаймыз» (Ирландиядағы 1916 жылғы көтеріліс). «Милитаризм мен соғыстың ешқандай басқа формасын мақұлдамайтынымыз сияқты, біз ешқандай қарулы көтерілісті де мақұлдамаймыз».

Бұл «антимилитаристер», шағын елдегі емес, үлкен державадағы қарусыздандырудың *мұндай* жақтаушылары барып тұрған оппортунистер екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Ал теориялық жағынан алғанда олардың қарулы көтерілісті де милитаризм мен соғыс «формаларының бірі» деп карауы әбден дұрыс қой.

1916 ж. октябрьде жазылған

1916 ж. декабрьде «Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМНІҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ

Империализмнің және Европадағы жұмысшы қозғалысын оппортунизмнің (социал-шовинизм түрінде) сұмдық жиіркеніштi жеңуiнiң арасында байланыс бар ма?

Бұл қазіргі замандағы социализмнің негізгі мәселесі. Сондықтан біз, 1-ден, заманымыздың және қазіргі соғыстың империалистік сипатын, 2-ден, социал-шовинизмнің оппортунизммен ажырағысыз тарихи байланысын, сол сияқты олардың идеялық-саяси мазмұны бір екенін партиялық әдебиетімізде әбден айқындап алғаннан кейін осы негізгі мәселені талдауға көшуге болады және көшу керек.

Империализмге мүмкін болғанынша неғұрлым дәл және толық анықтама беруден бастауға тура келеді. Империализм дегеніміз капитализмнің ерекше тарихи сатысы. Бұл ерекшелік үш түрлі: империализм дегеніміз (1) — монополистік капитализм; (2) — паразиттік немесе іріп-шіріп бара жатқан капитализм; (3) — өліп бара жатқан капитализм. Еркін бәсекенің орнын монополияның басуы — империализмнің түбегейлі экономикалық белгісі, *мәні.* Монополизм басты-басты 5 түрде көрінеді: 1 картельдер, синдикаттар мен трестер; өндірістің шоғырлануы капиталистердің осы монополистік одақтарын тудыру сатысына жетті; 2) ірі банктердің монополиялық жағдайы: 3—5 алып банк Американың, Францияның, Германияның бүкіл экономикалық өмірін билеп-төстеп отыр; 3) трестердің және

финанс олигархиясының (финанс капиталы дегеніміз банк капиталымен қосылып кеткен монополистік өнеркәсіп капиталы) *шикізат* көздерін басып алуы; 4) халықаралық картельдердің дүние жүзін бөлісуі (экономикалық бөлісуі) *басталды*. Бүкіл дүние жүзілік рынокты иеленуші және оны «өзара жарасып» бөлісуші мұндай халықаралық картельдер саны — дүние жүзілік рынокты соғыс *қайта* бөлмей тұрғанда — қазірдің өзінде *жүзден* астам! Монополистік емес капитализм тұсында шетке товар шығаруға қарағанда ерекше сипатты құбылыс ретінде шетке капитал шығару дүние жүзін экономикалық және саяси-территориялық жағынан бөлісумен тығыз байланысты. 5) Дүние жүзін территориялық жағынан бөлісу (отарлар) *аяқталды*.

Америка мен Европаның, ал одан кейін Азияның да капитализмінің жоғарғы сатысы ретінде империализм 1898—1914 жылдары толық қалыптасты. Испан-американ (1898), ағылшын-бур (1899—1902), орыс-жапон (1904—1905) соғыстары және Европадағы 1900 жылғы экономикалық дағдарыс — дүние жүзілік тарихтың жаңа дәуірінің басты-басты тарихи кезеңдері, міне осылар.

Империализмнің паразиттік немесе іріп-шіріп бара жатқан капитализм екендігі ең алдымен оның іріп-шіру тенденциясынан көрінеді, бұл тенденция өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік тұсында монополия *атаулының* ерекшелігі болып табылады. Республикалық-демократиялық және монархиялық-реакциялық империалистік буржуазияның арасындағы айырмашылықтың өшіп бара жатқандығының себебі нақ мынадан: мұның екеуі де тірілей іріп-шіруде (бұл өнеркәсіптің жеке салаларында, жеке елдерде, жеке кезеңдерде капитализмнің ғажап тез өркендеуін ешбір жоймайды). 2-ден, капитализмнің іріп-шіруі *рантьелердің*, «купондар қырқумен» өмір сүруші капиталистердің орасан зор тобы құрылуынан көрінеді. Алдыңғы қатарлы төрт империалистік елде, Англияда, Солтүстік Америкада, Франция мен Германияда бағалы қағаз есебімен алғандағы капитал 100—150 *миллиард*

франктен болып отыр, мұның өзі — әр елге жыл сайын кемінде 5—8 миллиардтан кіріс келеді деген сөз. 3-ден, шетке капитал шығару — еселенген паразитизм. 4-ден, «финанс капиталы бостандық беруге емес, үстемдік орнатуға ұмтылады». *Барлық* бағыттағы саяси реакция — империализмге тән қасиет. Орасан етек алған сатылғыштық, параға сатып алушылық, барлық түрдегі панама. 5-ден, езілген ұлттарды қанау — аннексиямен тығыз байланысты қанау және әсіресе ат төбеліндей «ұлы» державалардың отарларды қанауы «цивилизациялы» дүниені цивилизацияланбаған жүздеген миллион халықтардың денесіндегі паразитке барған сайын айналдыра түседі. Рим пролетары қоғамның есебінен күн көрген еді. Қазіргі қоғам қазіргі пролетардың есебінен күн көріп отыр. Сисмондидің бұл терең мағыналы ескертпесін Маркс ерекше атап көрсетті[70]. Империализм істің жайын біраз өзгертіп отыр. Империалистік державалардағы пролетариаттың пұрсатты тобы цивилизацияланбаған жүздеген миллион халықтардың есебінен ішінара күн көреді.

Империализмнің неліктен социализмге *өтетін, өліп бара жатқан* капитализм екендігі түсінікті: капитализмнің *ішінен* өсіп шығатын монополия *қазірдің өзінде-ақ* капитализмнің өлуі, оның социализмге өтуінің басы болып табылады. Империализмнің еңбекті орасан зор *қоғамдастыруы* да (мұны апологеттер — буржуазияшыл экономистер «ұштасу» деп атайды) нақ соны көрсетеді.

Империализмнің осындай анықтамасын ұсына отырып, біз К. Каутскиймен толық қайшылыққа келеміз, ол империализмді «капитализмнің фазасы» деп танудан бас тартады және империализмге финанс капиталы «жөн көретін» *саясат*, «өнеркәсіпті» елдердің «аграрлы» елдерді аннексиялауға ұмтылуы деген анықтама береді*. Каутскийдің бұл анықтамасы теориялық жағынан түгелдей жалған. Империализмнің ерекшелігі —

* «Империализм — жоғары дәрежеде дамыған өнеркәсіпті капитализмнің жемісі. Оның мәнісі — қандай да болса өнеркәсіпті капиталистік ұлттың қандай ұлт мекендеп отырғанына қарамастан *аграрлы* облыстарды үсті-үстіне көп бағындырып алуға және қосып алуға ұмтылатындығында» (Каутский «Neue Zeit»-те, 11/IX. 1914).

нақ өнеркәсіптік *емес,* қайта финанс капиталының үстемдігі, нақ аграрлы елдерді ғана *емес,* қайта *қандай* елді *болса да* аннексиялауға ұмтылу. Каутский «қарусыздану», «әсіре империализм» сияқты өзінің жексұрын буржуазиялық реформизміне және сол сияқты сандыраққа жол ашу үшін империализмнің саясатын оның экономикасынан *айырып алады,* саясаттағы монополизмді экономикадағы монополизмнен айырып алады. Бұл теориялық жалғандықтың мағынасы мен мақсаты тек қана мынаған: империализмнің *ең терең* қайшылықтарын көмескілеуге, сөйтіп империализм апологеттерімен, ашық социал-шовинистермен және оппортунистермен «бірлесу» теориясын ақтауға келіп саяды.

Каутскийдің марксизмнен бұл қол үзуіне біз бұдан бұрын «Социал-Демократта» да, «Коммунисте»[71] де жеткілікті тоқталып өткенбіз. Біздің россиялық каутскийшілдер, Аксельрод пен Спектатор бастаған «окистер», Мартовты және едәуір дәрежеде Троцкийді қоса алғанда,— бағыт ретіндегі каутскийшілдік туралы үндемей орағытып кетуді жөн көрді. Каутскийдің соғыс кезінде жазғанын қорғаудан олар қорықты, не Каутскийді әншейін мақтаумен (Аксельрод Ұйымдастыру комитеті орысша басып шығаруға *уәде еткен* өзінің немісше кітапшасында), не Каутскийдің жеке адамдарға жазған хаттарымен (Спектатор) сытылып шықты; бұл хаттарында Каутский оппозиция қатарында екендігіне сендіреді және өзінің шовинистік мәлімдемелерін жоққа шығаруға екіжүзділікпен әрекет етеді.

Ескертіп өтейік, өзінің империализмді «түсінуінде»,— онысы империализмді боямалаумен бірдей,— Каутский Гильфердингтің «Финанс капиталымен» салыстырғанда ғана емес (Гильфердингтің өзі қазір Каутскийді және социал-шовинистермен «бірлікті» қаншама жан-тәнімен қорғаса да!), тіпті *социал-либерал* Дж.-А. Гобсонмен салыстырғанда да кері шегініп отыр. Марксист атанудан титтей де дәменбейтін бұл ағылшын экономисі өзінің 1902 жылғы шығармасын-

да* империализмге неғұрлым терең анықтама беріп, оның қайшылықтарын ашық көрсетеді. Империализмнің паразиттігі туралы ерекше маңызды мәселе жөнінде бұл жазушы (ал одан Каутскийдің барлық пацифистік және «бітістірушілік» пасықтықтарын түгел дерлік табуға болады) міне былай деп жазды:

Гобсонның пікірінше, ескі империялардың күшін екі түрлі жағдай 1) «экономикалық паразитизм» және 2) тәуелді халықтардан әскер құрғандық әлсіреткен. «Бірінші жағдай экономикалық паразитизмнің салты болып табылады, бұл салт бойынша үстем мемлекет өзінің провинцияларын, отарларын және тәуелді елдерді өзінің билеп-төстеуші табын байытуға және өздерінің төменгі таптарының тыныш отыруы үшін оларды сатып алуға пайдаланады». Екінші жағдай жөнінде Гобсон былай деп жазады:

«Империализмнің соқырлығының неғұрлым оғаш белгілерінің бірі» (империалистердің «соқырлығы» туралы социал-либерал Гобсонның аузынан шыққан бұл әуендер «марксист» Каутскийдікінен гөрі орындырақ) «Великобританияның, Францияның және басқа империалистік ұлттардың бұл жолға түскендегі бейқамдығы болып табылады. Великобритания бәрінен де асып түсті. Индия империясын жеңіп алғанымызда біз жүргізген шайқастардың көпшілік бөлегін жергілікті халықтардан құралған әскерлеріміз жүргізді; Индияда, сол сияқты соңғы уақытта Египетте де үлкен тұрақты армияларды британдықтар басқарып отыр; Африканың, оның оңтүстік бөлегінен басқасын, біздің бағындыруымызға байланысты болған соғыстардың бәрін дерлік біз үшін жергілікті халықтар жүргізді».

Гобсонның Қытайды бөлісу перспективасы туралы экономикалық жағынан баға беруі мынадай: «Ол кезде Батыс Европаның көпшілік бөлегі мына елдердің бір бөлектерінің қазіргі түрі мен сипатында болар еді, олар: Англияның оңтүстігі, Ривьера, Италия мен Швейцарияның туристер көп келетін және байлар, атап айтқанда: қиырдағы Шығыстан дивидендтер мен пенсия алушы бай аристократтардың шағын топтары, кәсіпқой қызметшілер мен саудагерлердің біраз едәуір тобы және үй қызметкерлерінің, тасымал өнеркәсібіндегі, фабрикаттарды түпкілікті өңдеуші өнеркәсіптегі жұмысшылардың едәуір көпшілігі мекендеген жерлері. Ал өнеркәсіптің басты салалары жоғалған болар еді, сөйтіп көпшілікке керекті азық-түлік өнімдері, көпшілікке керекті жартылай фабрикаттар

* J. A. Hobson. «Imperialism», London, 1902 (Дж.-А. Гобсон. «Империализм», Лондон, 1902. *Ред.*).

алым ретінде Азиядан және Африкадан ағылып келіп жатар еді». «Батыс мемлекеттерінің неғұрлым кең одағы, ұлы державалардың европалық федерациясы біздің алдымызға, міне осындай мүмкіндік ашады: оның бүкіл дүние жүзілік цивилизация ісін ілгері бастырмайтыны былай тұрсын, қайта батыс паразитизмінің аса зор қауіп төндіретінін көрсеткен болар еді: жоғарғы таптары Азия мен Африкадан орасан мол алым алатын және сол алымның жәрдемімен сол кездің өзінде көпшілікке керекті егіншілік және өнеркәсіп өнімдерін шығарумен шұғылданбай, жаңа финанс аристократиясының бақылауымен жеке адамға қызмет ететін немесе екінші дәрежелі өнеркәсіп жұмысымен шұғылданатын, айтқанды екі етпейтін көптеген қызметшілер мен үй қызметкерлерін ұстайтын алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті ұлттардың бір тобы бөлініп шығар еді. Мұндай теорияны» (перспективаны деп айту керек еді) «қарастыруға тұрмайды деп оған қол сілтеуге әзір адамдар қазіргі оңтүстік Англияның сондай жағдайға жеткізілген округтерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларына ой жіберіп көрсін. Олар мынаны ойлап көрсін: егер Қытай финансистердің, «капитал орналастырушылардың» (рантьелердің) «әлгіндей топтарының, олардың дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген аса зор потенциалды резервуардан, Европада тұтыну мақсатына жұмсау үшін, пайданы сығып алатын саяси және саудаөнеркәсіп қызметшілерінің әлгіндей топтарының экономикалық бақылауына бағындырылған болса, ондай система қандай зор кеңіген болар еді. Әлбетте, болашақ жөніндегі осы немесе қандай да болсын басқа түсінікті тек бір бағытта өте ықтимал ету үшін жағдай тым күрделі, дүние жүзілік күштердің қимыл-әрекетін есепке алу тым қиын. Бірақ қазіргі уақытта Батыс Европаның империализмін басқарып отырған ықпалдар осы бағытпен келе жатыр және егер олар қарсы қимылға кездеспесе, егер олар басқа жаққа алаң етілмесе, олар процесті нақ осы бағытта аяқтау жолымен жұмыс істейтін болады».

Бұл «қарсы қимылды» *тек* революцияшыл пролетариат қана және әлеуметтік революция түрінде *ғана* көрсете алатынын социал-либерал Гобсон көрмейді. Оның социал-либерал екендігі де сондықтан! Бірақ ол 1902 жылдың өзінде-ақ «Европа Құрама Штаттарының» маңызы туралы мәселеге де (каутскийшіл Троцкийдің есінде болсын!), әр түрлі елдердің *екіжүзді каутскийшілдері* көмескілеп жүргенінің бәріне де, атап айтқанда: *оппортунистердің* (социал-шовинистер) Азия мен Африканың иығына міну арқылы *нақ* империалистік Европа құру бағытында империалистік буржуазиямен бірге жұмыс істеп отырғандығына, *оппортунистердің* объективті жағынан ұсақ буржуазия-

ның бір бөлегі және жұмысшы табының империалистік үстеме пайда қаражатына *сатып алынған,* капитализмнің *қарғылы төбеттеріне,* жұмысшы қозғалысын *аздырушыларға* айналдырылған кейбір тобы болып табылатындығын тамаша айтып берді.

Нақ империалистік буржуазияның қазір жұмысшы қозғалысын жеңген (ұзаққа барар ма екен?) оппортунизммен осы экономикалық, неғұрлым терең байланысын біз мақалаларда ғана емес, партиямыздың қарарларында да талай рет көрсеткенбіз. Айтар болсақ, социал-шовинизммен жікке бөліну сөзсіз деген қорытындыны біз осыдан шығарған едік. Біздің каутскийшілдер мәселені орағытып кеткенді жөн көрді! Мәселен, Мартов өзінің рефераттарында-ақ софизмді қолданды, бұл софизм «Известия Заграничного Секретариата ОК-де»[72] (№ 4, 10 апрель, 1916 ж.) былайша білдірілді:

— — «...Егер ой өрісі жағынан «интеллигенцияға» неғұрлым жақындаған және неғұрлым маманданған жұмысшы топтары социал-демократиядан оппортунизмге лажсыздан кетіп жатса, революциялық социал-демократияның ісі өте нашар, тіпті үміт артқысыз болар еді...»

«Лажсыздан» деген ақымақтық сөз арқылы және біраз «өңін айналдырып жіберу» арқылы жұмысшылардың *белгілі бір* бөлегінің оппортунизмге және империалистік буржуазияға *кету фактісі орағытып өтілген!* Ал Ұйымдастыру комитетінің софистеріне осы фактіні *орағытып өту* керек те болатын! Олар қазір каутскийшіл Гильфердинг те және көптеген басқалар да мақтан ететін «үстіртін оптимизммен» жалтарып кетіп жүр: объективті жағдайлар пролетариаттың бірлігіне және революциялық ағымның жеңетіндігіне кепілдік береді деседі! пролетариат жөнінде біз «оптимистерміз» деседі!

Ал іс жүзінде олар, осы каутскийшілдердің бәрі, Гильфердинг, окистер, Мартов және К°,— *оппортунизм* жөніндегі... *оптимистер.* Мәселенің мәні осында!

Пролетариат капитализмнің — тек европалық қана емес, тек империалистік қана емес, дүние жүзілік капи-

тализмнің перзенті. Дүние жүзілік көлемде, 50 жыл бұрын немесе 50 жыл кейін — *осы* көлемнің тұрғысынан қарағанда бұл жеке мәселе — «пролетариат», әрине, біртұтас «болады», сөйтіп оның ішінде революциялық социал-демократия «сөзсіз» жеңіп шығады. Мәселе мұнда емес, каутскийшіл мырзалар, қайта мынада: *сіздердің* қазір Европаның империалистік елдерінде оппортунистердің алдында *малай болып отырғандықтарыңызда,* ал оппортунистер тап ретіндегі пролетариатқа *жат,* олар буржуазияның малайлары, агенттері, ықпалын жүргізушілері болып табылады, бұлардан *құтылмайынша* жұмысшы қозғалысы *буржуазиялық жұмысшы қозғалысы* болып қала береді. Сіздердің оппортунистермен, Легиндермен және Давидтермен, Плехановтармен немесе Чхенкелилермен және Потресовтармен және т. б. «бірлікті» уағыздауларыңыз, объективті жағынан алғанда, империалистік буржуазияның жұмысшы қозғалысындағы өзінің таңдаулы агенттері арқылы жұмысшыларды *құлдыққа салуын* қорғау болып табылады. Революциялық социал-демократияның дүние жүзілік көлемде жеңуі әбден сөзсіз, бірақ ол жеңіс тек сіздерге *қарсы* бара жатыр және қарсы барады, қарсы болып отыр және қарсы аяқталады, сіздерді *жеңген* жеңіс болады.

Қазіргі жұмысшы қозғалысындағы, 1914—1916 жылдары бүкіл дүние жүзінде көрінеу-көзге екі айрылған екі тенденцияны, тіпті *екі* партияны *Энгельс пен Маркс Англияда,* шамамен алғанда 1858 жылдан 1892 жылға дейінгі *ондаған жылдар* бойы *қадағалап* отырған болатын.

Маркс те, Энгельс те дүние жүзілік капитализмнің ерте дегенде 1898—1900 жылдарда басталған империалистік дәуірін көре алмай кетті. Бірақ XIX ғасырдың жартысынан бастап-ақ Англияның ерекшелігі — онда империализмнің кемінде өте ірі *екі* ерекше белгісі нақты болған еді: (1) ұлан-байтақ отарлар және (2) монополиялық пайда (дүние жүзілік рыноктағы монополиялық жағдайының арқасында). Осы екеуі жөнінен Англия ол кезде капиталистік елдердің арасында ерекше жағдайда болатын, сондықтан Маркспен бірге

Энгельс те, осы ерекшелікке талдау жасай келіп, оның ағылшын жұмысшы қозғалысында оппортунизмнің жеңуімен (уақытша жеңуімен) *байланысты* болғанын мейлінше айқын да анық көрсеткен болатын.

1858 жылы 7 октябрьде Маркске жолдаған хатында Энгельс былай деп жазды: «Ағылшын пролетариаты іс жүзінде барған сайын буржуазиялануда, сөйтіп барлық ұлттардың ішіндегі осы ең буржуазияшыл ұлт, сірә, ақыр аяғында, буржуазиямен *қатар* буржуазиялық аристократияның және буржуазиялық пролетариаттың болуына жетуді көздесе керек. Әрине, бүкіл дүние жүзін қанап отырған ұлттың тарапынан бұл белгілі дәрежеде заңды»[73]. 1872 жылы 21 сентябрьде Зоргеге жазған хатында Энгельс Интернационалдың федерациялық советінде Хейлздің (Hales) үлкен жанжал шығарып, Маркстің «ағылшындардың жұмысшы көсемдері сатылып кетті»[74] деген сөздері үшін оны айыптау вотумын өткізгендігін хабарлайды. Маркс 1874 жылы 4 августа Зоргеге былай деп жазады: «Мұндағы (Англиядағы) қала жұмысшыларына келетін болсақ, көсемдердің бүкіл бандасының парламентке өтпегеніне өкінуге тура келеді. Өте қалған күнде, бұл — сол оңбағандардан құтылудың ең дұрыс жолы болатын еді»[75]. Энгельс 1881 ж. 11 августа Маркске жазған хатында «буржуазия сатып алған немесе ең болмағанда буржуазия ақы төлейтін адамдардың басшылық етуіне жол беріп отырған ең нашар ағылшын тред-юниондары» туралы айтады[76]. 1882 ж. 12 сентябрьде Каутскийге жолдаған хатында Энгельс былай деп жазды: «Сіз менен: отаршылдық саясат туралы ағылшын жұмысшылары не ойлайды?— деп сұрайсыз. Олар жалпы саясат туралы не ойласа, соны ойлайды. Мұнда жұмысшы партиясы жоқ, консерваторлық және либералдық радикалдар ғана бар, ал жұмысшылар солармен бірге Англияның отаршылдық монополиясын және оның дүние жүзілік рыноктағы монополиясын қаннен қаперсіз пайдаланып отыр»[77].

1889 ж. 7 декабрьде Энгельс Зоргеге былай деп жазады: «...Мұндағы (Англиядағы) ең жиркеніштi нәрсе — жұмысшылардың сүйегі мен қанына сіңіп қалған

буржуазияға «құрметшілдік» (respectability)... тіпті мен олардың ішіндегі ең тәуірі деп санайтын Том Манның өзі ертеңгі асты лорд-мэрмен бірге ішемін деп сүйсіпе айтады. Мұнымен француздарды салыстырсаң,— революция дегеннің пе екепін көресің»[78]. 1890 ж. 19 апрельдегі хатында былай деп жазады: «қозғалыс (Англиядағы жұмысшы табының қозғалысы) *төменде* алға басып келеді, барған сайын қалың топтарды және оның үстіне көбінесе осы уақытқа дейін қозғаусыз жатқан *ең төменгі* (курсив Энгельстікі) бұқараның арасындағы топтарды көбірек қамтып отыр, сөйтіп бұл бұқараның *өзін өзі танитын*, атап айтқанда, осы аса зор қозғалушы бұқара оның өзі екендігі оған айқын болатын күн алыс емес». 1891 жылы 4 мартта былай деп жазады: «докерлердің ыдырап кеткен одағының сәтсіздігі, *бай* және нақ сондықтан қорқақ «байырғы», кертартпа тред-юниондар ұрыс майданында жалғыз қалып қойды...» 1891 ж. 14 сентябрьде былай деп жазады: тред-юниондардың Ньюкаслдегі конгресінде 8 сағаттық жұмыс күніне қарсы шығушы байырғы юнионистер жеңілді «және буржуазиялық газеттер *буржуазиялық жұмысшы партиясының* жеңілгенін мойындауда» (барлық жерде курсив Энгельстікі)...[79]

Ондаған жылдар бойына қайталанған бұл пікірін Энгельстің жұрт алдында да, баспасөз бетінде де айтқандығын 1892 жылы оның «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» екінші рет басылғанда жазған алғы сөзі дәлелдейді[80]. Онда «жұмысшы табының ішіндегі аристократия» туралы, «жұмысшылардың қалың бұқарасына» қарама-қарсы «жұмысшылардың пұрсатты азшылығы» туралы айтылады. Жұмысшы табының «шағын, пұрсатты, қорғаулы азшылығының» тек бір өзі ғана Англияның 1848—1868 жылдардағы пұрсатты жағдайынан «ұзақ пайда» көрді, «қалың бұқара ең мықтағанда қысқа мерзімді жақсартуға ғана ие болды»... «Англияның өнеркәсіп монополиясының күйреуімен бірге ағылшын жұмысшы табы өзінің пұрсаттылығынан айрылады»... «Жаңа» юниондардың, оқып-үйретілмеген жұмысшылар одақтары мүшелерінің «өлшеусіз бір артықшылығы бар: олардың психикасы

жақсырақ жағдайдағы «байырғы юнионистерді» есінен жаңылдыратын, мұра болып қалған «құрметті» буржуазиялық соқыр сенімдерден мүлдем сау, әлі кіршіксіз тың негіз болып табылады»... Англияда «жұмысшы өкілдері дейтіндер» деп «жұмысшы табына жататындығы кешірілетін, өйткені өздерінің бұл қасиетін өздері өз либерализмінің мұхитына тұншықтыруға әзір отырған...» адамдар аталады.

Біз Маркс пен Энгельстің тікелей мәлімдемелерінен едәуір толық үзінділерді оқушылардың оларды *тұтас* оқып үйрене алатын болуы үшін әдейі келтірдік. Ал оларды оқып-үйрену керек, оларға мұқият ой жіберуге тұрады. Өйткені империалистік дәуірдің объективті жағдайлары жұмысшы қозғалысында қолдануды ұсынып отырған тактиканың *түйіні* осында.

Каутский бұл арада да «суды лайлауға» және марксизмді оппортунистермен жымысқы ымыраласушылықпен ауыстыруға тырысып бақты. Германия тарапынан соғысты Англияның монополиясын бұзушылық деп ақтаушы ашық және аңғал социал-империалистермен (Ленч сияқты) айтыста Каутский бұл айқын жалғандықты басқа бір сондай айқын жалғандық арқылы *«түзетеді»*. Арсыз жалғандықтың орнына ол жымысқы жалғандықты қояды! Англияның *өнеркәсіп* монополиясы әлдеқашан талқандалған, дейді ол, әлдеқашан күйретілген, оның күйрететін ештеңесі қалған жоқ, сондықтан оны күйретуге болмайды.

Бұл дәлелдің жалғандығы неде?

1-ден, Англияның *отаршылдық* монополиясы орағытып кетілгенінде. Ал Энгельс, біздің жоғарыда көргеніміздей, 1882 жылдың өзінде-ақ, бұдан 34 жыл бұрын, мұны әбден айқын көрсетті! Егер Англияның өнеркәсіп монополиясы күйретілген болса, отаршылдық монополиясының қалғаны былай тұрсын, қайта өте-мөте шиеленісті, өйткені барлық жер қазірдің өзінде-ақ бөлініп қойған! Өзінің жымысқы өтірігімен Каутский «соғысуға себеп жоқ» деген буржуазиялық-пацифистік және оппортунистік-мещандық идеясымағын тықпалайды. Мұның керісінше, қазір *капиталистердің* соғысуына себеп бар екені былай тұрсын, егер капи-

тализмді сақтағысы келсе, соғыспауына да *болмайды*, өйткені отарларды күшпен қайта бөліспейінше, *жаңа* империалистік елдер неғұрлым ескі *(және күші азырақ)* империалистік державалардың пайдаланып отырған пұрсаттылығына ие бола алмайды.

2-ден. Англияда оппортунизм жеңуінің (уақытша) себебі — Англияның монополиясы болатындығы неліктен? Себебі, монополия *үстеме пайда*, яғни бүкіл капиталистік пайда дүниесіндегі қалыпты, дағдылы пайданың үстіне артық пайда береді. Осы үстеме пайданың бір бөлегін (және тіпті едәуір бөлегін!) капиталистер *өз* жұмысшыларын сатып алу үшін, одақ тәрізді бірдеңені (Веббтер сипаттаған ағылшын тред-юниондарының өз қожайындарымен атақты «альянстарын» еске түсіріңіздер) — сол ұлт жұмысшыларының басқа елдерге *қарсы* өз капиталистерімен одағын құру үшін бөле алады. Англияның өнеркәсіп монополиясы XIX ғасырдың аяқ шенінде-ақ күйреді. Бұл даусыз. Бірақ бұл күйреу *қалай* болып өтті? Монополия *атаулы* жоғалатындай болып өтті ме?

Егер осылай болса, Каутскийдің ымыраласу (оппортунистермен ымыраласу) «теориясы» белгілі бір дәрежеде ақталған болар еді. Бірақ әңгіменің мәні мұның бұлай *емес* екендігінде болып отыр. Империализм *дегеніміз* монополистік капитализм. Әрбір картель, трест, синдикат, әрбір алып-ірі банк *дегеніміз* монополия. Үстеме пайда жойылған жоқ, қайта сақталып қалды. Пұрсатты, финанс жағынан бай бір елдің қалған елдердің *бәрін* қанауы сақталып қалды және күшейе түсті. Ат төбеліндей азғана бай елдер — егер дербес және шын алып-ірі, «қазіргі» байлық туралы айтатын болсақ, ондай ел төртеу: Англия, Франция, Құрама Штаттар жәпе Германия — осы ат төбеліндей азғана елдер монополияларын ұшан-теңіз көлемде дамытты, миллиардтап болмаса да, жүз миллиондап *үстеме* пайда алады, басқа елдердің әлденеше жүз миллиондаған халқының «мойнына мініп келеді», тым сәнді, тым майлы, тым оңай олжаны бөлісу үшін өзара күресіп келеді.

Империализмнің экономикалық және саяси мәні дәл осында жатыр, ал оның аса терең қайшылықтарын Каутский ашпайды, қайта көмескілей түседі.

«Ұлы» империалистік державаның буржуазиясы *экономикалық* жағынан «өз» жұмысшыларының жоғарғы топтарын сатып *ала алады*, бұған жылына бірекі жүз миллион франк жұмсай алады, өйткені оның *үстеме* пайдасы, сірә, бір миллиардқа жуық болар. Жұмысшы-министрлердің, «жұмысшы-депутаттардың» (Энгельстің бұл ұғымды тамаша талдауын еске түсіріңіздер), әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысушы жұмысшылардың, жұмысшы-чиновниктердің, тар өрісті-цехтық одақтарға ұйымдасқан жұмысшылардың, қызметшілердің, т. т. және т. с. арасында бұл болымсыз садақаның қалай бөлінетіндігі туралы мәселе — екінші дәрежедегі мәселе.

1848—1868 жылдары және біраз кейінірек тек Англияның ғана монополиясы болды; *сондықтан* онда ондаған жылдар бойына оппортунизм жеңе алды; не орасан бай отарлары, не өнеркәсіп монополиясы бар басқа ел *болған жоқ*.

XIX ғасырдың соңғы үштен бір бөлігі жаңа империалистік дәуірге өту бөлігі болды. Бір *емес*, бірнеше, өте аз, ұлы державалардың финанс капиталының монополиясы болды. (Жапония мен Россияда соғыс күшінің, ұлан-байтақ жердің немесе бұратана халықтарды, Қытайды және басқаларын тонаудың ерекше қолайлылығының монополиясы қазіргі, ең жаңа финанс капиталы монополиясының бір жағынан орнын толтырады, бір жағынан оны ауыстырады). Бұл айырмашылықтан шығатын қорытынды — Англия монополиясына ондаған жылдар бойы ешкім *таласа алмауы ықтимал* еді. Қазіргі финанс капиталының монополиясына құтырынған талас жүріп жатыр; империалистік соғыстар дәуірі басталды. Ілгергі кезде *бір* елдің жұмысшы табын сатып алуға, ондаған жылдарға аздыруға болатын еді. Қазір бұл ақылға сыймайды, бәлкім, мүмкін де болмас, бірақ оның есесіне «жұмысшы аристократиясының» бұрынғыдан *аз* (1848—1868 жылдардағы Англиядағыдан аз) топтарын *әрбір* империа-

листік «ұлы» держава сатып ала алады және сатып алып та отыр. Ілгергі кезде, Энгельстің тамаша терең мағыналы пікірі бойынша, *«буржуазиялық жұмысшы партиясы»* тек бір елде ғана қалыптаса алған еді, өйткені тек бір елдің, бірақ оның есесіне ұзақ уақытқа монополиясы болған еді. Қазір *«буржуазиялық жұмысшы партиясы» барлық* империалистік елдер үшін *болмай қоймайтын* және оларға тән нәрсе, бірақ ол елдердің олжаны бөлісу жолындағы жанталасқан күресі себепті мұндай партияның бірқатар елдерде ұзақ уақытқа жеңе алуы мүмкін емес. Өйткені трестер, финанс олигархиясы, қымбатшылық және басқалары ат төбеліндей азғана жоғарғы топтарды сатып алуға *мүмкіндік бере отырып,* пролетариат пен жартылай пролетариат *бұқарасын* барған сайын қатты жаныштап, езіп, тұншықтырып, азапқа салып отыр.

Бір жағынан, буржуазияның және оппортунистердің ат төбеліндей азғана аса бай, пұрсатты ұлттарды қалған адамзаттың тәніндегі «мәңгілік» паразиттерге айналдыру, негрлерді, үнділерді және басқаларын қырып-жойғыш ғажайып техникамен жабдықталған ең жаңа милитаризмнің жәрдемімен бағынышты ұстап, оларды қанаудың «рақатына масаттану» тенденциясы. Екінші жағынан, бұрынғыдан гөрі күштірек езгіге салынып отырған және империалистік соғыстардың барлық азабын тартып отырған *бұқараның* осы езгіні лақтырып тастап, буржуазияны құлату тенденциясы. Ендігі жерде жұмысшы қозғалысының тарихы осы екі тенденцияның арасындағы күресте өрістейтін болады. Өйткені бірінші тенденция кездейсоқ тенденция емес, қайта экономикалық жағынан «негізделген» тенденция. Буржуазия қазірдің өзінде-ақ *барлық* елдерде социал-шовинистердің «буржуазиялық жұмысшы партияларын» туып, ауыздандырып, өзін өзі қамтамасыз етті. Қалыптасқан партияның, мәселен, Италиядағы толық социал-империалистік Биссолати партиясының және, айталық, Потресовтардың, Гвоздевтердің, Булкиндердің, Чхеидзелердің, Скобелевтердің және К⁰-нің жартылай қалыптасқан партиясымағының арасындағы айырмашылық,— міне, бұл айырмашылық болма-

шы нәрсе. Маңыздысы сол — жұмысшы аристократиясы тобының буржуазияға қарай бөлініп шығуы экономикалық жағынан пісіп жетті және аяқталды, ал бұл экономикалық факт, таптар арасындағы қатынастардың бұл ауысуы өзіне белгілі бір саяси форманы онша «қиналмай-ақ» тауып алады.

Жоғарыда көрсетілген экономикалық негізде ең жаңа капитализмнің саяси мекемелері — баспасөз, парламент, одақтар, съездер және басқалары — бас игіш, момақан, реформистік және патриот қызметшілер мен жұмысшылардың экономикалық пұрсаттылықтары мен садақаларына сәйкес *саяси* пұрсаттылықтар мен садақалар тағайындады. Министрліктегі немесе әскери-өнеркәсіп комитетіндегі, парламенттегі және әр түрлі комиссиялардағы, «салиқалы» жария газеттердің редакцияларындағы немесе салиқалылығы одан кем соқпайтын, «буржуазиялық-тілалғыш» жұмысшы одақтарының басқармаларындағы табысы мол, және тыныш орындар — империалистік буржуазия «буржуазиялық жұмысшы партияларының» өкілдері мен жақтаушыларын өзіне, міне, осылар арқылы тартып, осылармен сыйлап отыр.

Саяси демократияның айла-шарғысы да дәл сол бағытта әрекет жасап отыр. Біздің ғасырымызда сайлаусыз тіршілік етуге болмайды; бұқарасыз күн қараң, ал кітап басу және парламентаризм дәуірінде кең тармақтанған, үздіксіз жүргізілген, берік жабдықталған жәдігөйлік, жалғандық, алаяқтық жүйесі болмайынша, сәнді және ұғымды сөзсымақтармен арбамайынша, жұмысшыларға,— олар тек буржуазияны құлату жолындағы революциялық күрестен бас тартса болғаны,— қандай реформалар мен қандай игіліктерді болса да оңды-солды уәде етпейінше бұқараны ертіп алуға *болмайды*. Мен бұл жүйені «буржуазиялық жұмысшы партиясының» классикалық еліндегі осы жүйенің ең озық және епті өкілдерінің бірі, ағылшын министрі Ллойд-Джорджның есімімен ллойд-джорджизм деп атар едім. Алдына жан салмайтын буржуазиялық епшіл және саяси алаяқ, жұмысшы аудиториясының алдында не тілесең соны, тіпті ррреволюциялық сөздер-

ді де айта білетін, тілалғыш жұмысшыларға әлеуметтік реформалар түрінде (қауіпсіздендіру және т. т.) едәуір садақалар беруді жүзеге асыра алатын танымал шешен Ллойд-Джордж буржуазияға ғажап қызмет көрсетіп отыр* және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет көрсетіп, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиынырақ жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отыр.

Ал Ллойд-Джордж бен Шейдемандардың, Легиндердің, Гендерсондар мен Гайндмандардың, Плехановтардың, Ренодельдердің және К^0-нің арасында айырмашылық үлкен бе? Соңғылардың ішінен кейбіреулері Маркстің революциялық социализміне қайтып орала-ды деп бізге қарсылық айтушылар болар. Бұл мүмкін, бірақ мәселені саяси, яғни бұқаралық көлемде алып қарасақ, бұл — дәреже жағынан болымсыз айырмашылық. Қазіргі социал-шовинистік көсемдерден жекелеген адамдар пролетариатқа қайтып оралуы мүмкін. Бірақ социал-шовинистік немесе (бұл да сол) оппортунистік *ағым* жоғала да алмайды, революцияшыл пролетариатқа «қайтып орала» да алмайды. Жұмысшылардың арасында марксизм кең тараған жерде бұл саяси ағым, бұл «буржуазиялық жұмысшы партиясы» Маркстің атын атап ант-су ішіп, қарғанады. Сауда фирмасының қандай айдар тағып, қандай маңдайша жазуына, қандай жарнаманы болса да қолдануына тыйым салуға қандай болмайтын болса, бұлардың онысына тыйым салуға да сондай болмайды. Езілген таптардың арасында атағы кең тараған революцияшыл көсемдер қайтыс болғаннан кейін олардың есімдерін езілген таптарды алдау үшін жауларының иемденіп өздеріне алуға тырысқан кездері тарихта әрқашан болған.

Факт мынадай: «буржуазиялық жұмысшы партиялары», саяси құбылыс ретінде, қазірдің өзінде-ақ *барлық* алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде құрыл-

* Жақында бір ағылшын журналынан мен Ллойд-Джордждың саяси дұшпаны торидің: «Ллойд-Джордж торилердің тұрғысынан қарағанда» деген мақаласын ұшыраттым. Осы Ллойд-Джордж буржуазияның қандай тамаша приказчигі екендігіне соғыс әлгі дұшпанның көзін ашыпты! Торилер онымен татуласқан!

ды, бұл партияларға — немесе, бәрібір, топтарға, ағымдарға жәпе т. т.— қарсы барлық бағытта бірдей үзілдікесілді, аяусыз күрес жүргізбейінше, империализмге қарсы күресу туралы да, марксизм туралы да, социалистік жұмысшы қозғалысы туралы да сөз болуы мүмкін емес. Россиядағы Чхеидзе фракциясы[81], «Наше Дело», «Голос Труда»[82], шетелдегі «окистер» — *сондай* партиялардың бір түрінен басқа ештеңе де емес. Бұл партиялар әлеуметтік революцияға *дейін* жоғалып кетуі мүмкін деп ойлауға біздің титтей де дәлеліміз жоқ. Мұның керісінше, бұл революция неғұрлым жақын болса, ол неғұрлым күшті орши түссе, ол революцияның процесінде отулер мен секірулер неғұрлым шұғыл жәпе күшті болса, жұмысшы қозғалысында революциялық — бұқаралық тасқынның оппортунистік — мещандық тасқынға қарсы күресі соғұрлым үлкен роль атқарады. Бұқара ішінде де, буржуазия жағына көшкен пұрсатты топтың ішінде де тамыр жаймағандықтан, каутскийшілдік ешқандай дербес ағым болып табылмайды. Бірақ каутскийшілдіктің қауіптілігі мынада: ол өткеп заманның идеологиясын пайдалана отырып, пролетариатты «буржуазиялық жұмысшы партиясымен» ымыраластыруға, пролетариаттың онымен бірлікте болуына қол жеткізуге, сөйтіп ол «буржуазиялық жұмысшы партиясының» беделін арттыруға күш салады. Ашық социал-шовинистердің соңынан бұқара қазірдің өзінде ермей отыр: Ллойд-Джорджды Англияда жұмысшы жиналыстарында ысқырып сөйлетпей тастады, Гайндман партиядан кетті, Ренодельдер мен Шейдемандарды, Потресовтар мен Гвоздевтерді полиция қорғап отыр. Социал-шовинистерді каутскийшілдердің жасырын қорғауы бәрінен де қауіптірек.

Каутскийшілдіктің ең етек алған софизмдерінің бірі — «бұқараны» тілге тиек ету. Біздің бұқарадан және бұқаралық ұйымдардан қол үзгіміз келмейді!— деседі. Бірақ бұл мәселені Энгельстің қалай қойғанын ойластырып қараңыз. Ағылшын тред-юниондарының «бұқаралық ұйымдары» XIX ғасырда буржуазиялық жұмысшы партиясының жағында болды. Маркс пен Энгельс солай екен деп опымен ымыраға келгеп жоқ,

қайта оны әшкерелеп отырды. Олар (1) тред-юниондардың ұйымдары тікелей алғанда *пролетариаттың азшылығын* қамтитындығын ұмытқан жоқ. Ол кезде Англияда да, қазір Германияда да пролетариаттың көп дегенде $^1/_5$ бөлігі ұйымдарда тұрады. Капитализм тұсында ұйымдарға пролетарлардың көпшілігін енгізу мүмкін деп шындап ойлауға болмайды. 2-ден,— және бұл бастысы — мәселе ұйым мүшелерінің санында ғана емес, одан да гөрі оның саясатының нақтылы, объективті маңызында: бұл саясат бұқараның атынан жүргізіле ме, бұқараға, яғни бұқараға капитализмнен азаттық әперуге қызмет ете ме, немесе азшылықтың мүдделерін, оның капитализммен ымыраласуын көздей ме? Нақ осы соңғысы XIX ғасырда Англия үшін дәл келетін еді, қазір Германия үшін дәл келіп отыр.

Ескі тред-юниондардың «буржуазиялық жұмысшы партиясынан», пұрсатты азшылықтан Энгельс «*төменгі* бұқараны», шын көпшілікті ажыратады, «буржуазияға құрмет көрсетушілікке» *шалдықпаған* сол көпшілікке сүйенеді. Маркстік тактиканың мәні, міне, осында!

Социал-шовинистер мен оппортунистердің соңына пролетариаттың нақ қандай бөлегі еріп келе жатқандығын және еретіндігін біз есептеп шығара алмаймыз және ешкім де есептеп шығара алмайды. Мұны тек күрес көрсетеді, мұны тек социалистік революция түпкілікті шешеді. Бірақ империалистік соғыста «отанды қорғаушылар» азшылықтың ғана *өкілдері* екендігін біз әбден анық білеміз. Сондықтан, егер біз социалист болып қалғымыз келсе, біздің борышымыз — *төменірек* және *тереңірек*, нағыз бұқараға бару: оппортунизмге қарсы күрестің барлық маңызы және бұл күрестің барлық мазмұны осында. Оппортунистер мен социал-шовинистер іс жүзінде бұқараның мүдделеріне опасыздық істеп, оның мүдделерін сатып кетіп жүргендігін, олар жұмысшылар азшылығының уақытша пұрсаттылықтарын қорғайтындығын, олар буржуазиялық идеялар мен ықпалды жүргізетіндігін, олар іс жүзінде буржуазияның одақтастары мен агенттері екендігін әшкерелей отырып,— біз осы арқылы бұқараны әлгі-

лердің шын саяси мүдделерін тануға, империалистік соғыстар мен империалистік уақытша бітімдердің барлық, ұзақ, азапты шырғаландары арқылы социализм жолында, революция жолында күресуге үйретеміз.

Бұқараға оппортунизмнен бөлінудің сөзсіздігін және қажет екенін түсіндіру, оппортунизмге қарсы аяусыз күрес жүргізу арқылы оны революцияға тәрбиелеу, национал-либералдық жұмысшы саясатының барлық жексұрындықтарын бүркемелеу үшін емес, қайта ашып көрсету үшін соғыстың тәжірибесін ескеріп отыру,— дүние жүзінің жұмысшы қозғалысындағы бірден-бір маркстік бағыт, міне, осы.

Келесі мақалада біз каутскийшілдікке қарама-қарсы бұл бағыттың басты-басты айрықша ерекшеліктерін қорытуға тырысып көреміз.

1916 ж. октябрьде жазылған

1916 ж. декабрьде «Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІНДЕ 1916 ж. 4 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[83]

Жақында Швейцария социал-демократиялық партиясы өзіне даниялық ресми социал-демократиялық партияның көсемі министр Staунинг мырзаның ашуызасын тудырып алды. Ол екінші бір — бұл да quasi*-социалистік — министр Вандервельденің атына биылғы жылы 15 сентябрьде жазған хатында тәкаппарлықпен: «Итальян және Швейцария партияларының инициативасы бойынша Циммервальд қозғалысы дейтіннің жүзеге асырып жатқан ұйымдық-зиянды жікшілдік жұмысынан біз (даниялық партия) батыл және біржолата безіп шықтық» — деп мәлімдеді.

РСДРП Орталық Комитетінің атынан Швейцария социал-демократиялық партиясының съезін құттықтай отырып, мен сонымен бірге бұл партия революцияшыл социал-демократтардың халықаралық бірлестігін бұдан былай да қолдап отыратын болар деп үміттенемін; бұл бірлестік Циммервальдта басталған болатын және социализмнің министр және социал-патриот сатқындарынан оның толық қол үзуімен аяқталуға тиіс.

Бұл жікке бөліну дамыған капитализм елдерінің бәрінде пісіп жетіліп келеді. Германияда Карл Либкнехттің пікірлесі Отто Рюле жолдас жікке бөліну болмай қоймайды деп герман партиясының орталық органында («Vorwärts», 12 январь, 1916 ж.) мәлімдегенде, оппортунистердің және центр дейтіннің шабуылына

* — жалған. *Ред.*

ұшырады. Бірақ фактілер мынаны барған сайын айқын көрсетіп отыр: Рюле жолдастікі дұрыс, Германияда шынында екі партия бар: біреуі тонаушылық соғысты жүргізуде буржуазия мен үкіметке көмектесіп отыр, өзінің жұмысын көбінесе құпия жүргізетін екінші партия нағыз бұқараның арасында нағыз социалистік үндеу хаттар таратып, бұқаралық демонстрациялар мен саяси ереуілдер ұйымдастырып жүр.

Францияда «Халықаралық байланыстарды қалпына келтіру комитеті»[84] жақында «Циммервальд социалистері және соғыс» деген кітапша жариялады, одан біз Францияда партияның ішінде басты үш бағыт өсіп шықты дегенді оқимыз. Көпшілік болып отырған бірінші бағыт кітапшада біздің тап жауларымызбен «қасиетті бірлестікке» кірген социалист-ұлтшылдар, социал-патриоттар деп масқараланған. Бұл кітапшаның деректеріне қарағанда, екінші бағыт — азшылық, ол — аса маңызды мәселелерде көпшілікпен бірге және сансыз түрде көпшіліктің диірменіне су құятын, паразы элементтердің социалистік ұжданын нашарлату арқылы оларды өзіне тартатын және оларды партияның ресми саясатын басшылыққа алуға мәжбүр ететін депутаттар Лонге мен Прессманның жақтастары. Үшінші бағыт ретінде кітапша циммервальдистерді көрсетеді. Циммервальдистер Франция Германия тарапынан соғыс жарияланғандықтан соғысқа кинәлі емес, қайта өзінің шарттары мен заемдары арқылы өзін Россияға қосақтаған империалистік саясатының нәтижесінде кинәлі деп санайды. Бұл үшінші бағыт *«отанды қорғау социалистік іс емес»* деп бүкпесіз жариялайды.

Сол сияқты бізде, Россияда да, сондай-ақ Англияда да, бейтарап Америка Құрама Штаттарында да, қысқасы, бүкіл дүние жүзінде шын мәнінде нақ сондай үш бағыт құрылды. Осы бағыттардың күресі жұмысшы қозғалысының таяу уақыттағы тағдырын белгілейді.

Менің тағы бір пункт жөнінде бірер сөз айтуыма рұқсат етіңіздер, ол туралы осы күні өте көп айтылып жүр және ол жөнінде біздердің, орыс социал-демократтарының, ерекше мол тәжірибеміз бар; ол — террор туралы мәселе.

Австрияның революцияшыл социал-демократтары жайынан біздің әзірше ешқандай хабарымыз жоқ, ал олардың онда да бар екені анық, бірақ олар туралы мәліметтер жалпы мүлде жарытымсыз. Осы себепті, Фриц Адлер жолдастың Штюргкті өлтіруі бұқараның революциялық күресіне байланыссыз саяси мақсатпен кісі өлтірушілікті ұдайы ұйымдастыру тактикасы ретінде террорды қолданушылық болып табыла ма немесе бұл кісі өлтірушілік Австрияның отан қорғауды жақтайтын ресми социал-демократтарының социалистік емес, оппортунистік тактикасынан революциялық бұқаралық қимыл тактикасына өтуде жасалған тек жеке қадам болып табыла ма, мұны біз білмейміз. Осы екінші жорамал, сірә, жағдайға неғұрлым сәйкес келетін болар, сол себептен итальян партиясы Орталық Комитетінің Фриц Адлерге жолдаған және 29 октябрьде «Avanti!»-де жарияланған құттықтауы толық тілектестік білдіруге лайық.

Қайткен күнде де, Россиядағы революция мен контрреволюцияның тәжірибесі біздің партиямыздың тактика ретінде террор қолдануға қарсы 20 жылдан астам уақыт жүргізген күресінің дұрыстығын дәлелдегеніне біздің көзіміз жетті. Бірақ мынаны ұмытпау керек: бұл күрес езілген таптардың тарапынан езушілерге қарсы күш қолдану атаулыны қабылдамауға бейім болған оппортунизмге қарсы аяусыз күреспен тығыз байланысты жүргізілді. Біз бұқаралық күресте де, осы күреске байланысты да күш қолдануды әрқашан жақтап келдік. Екіншіден, терроризмге қарсы күресті біз қарулы көтерілісті көп жыл бойы насихаттаумен — 1905 жылдың декабрінен көп жыл бұрын басталған насихатпен байланыстырдық. Қарулы көтерілісті біз үкімет саясатына пролетариаттың ең жақсы жауабы ғана емес, сонымен қатар социализм мен демократия жолындағы тап күресі дамуының сөзсіз нәтижесі деп те білдік. Үшіншіден, біз күш қолдануды принцип жүзінде мойындаумен және қарулы көтерілісті насихаттаумен ғана шектеліп қалған жоқпыз. Мәселен, біз бұқара тарапынан өзін езушілерге қарсы, әсіресе көше демонстрациялары кезінде күш қолданылуын револю-

циядан тіпті төрт жыл бұрын қолдадық. Біз мұндай әрбір демонстрацияның сабағын бүкіл елдің ұғынып алуына ұмтылдық. Біз бұқараның полиция мен армияға ұстамды және үздіксіз қарсыласуын ұйымдастыруды, осы қарсыласу арқылы армияның мүмкін болғанынша көпшілік бөлегін пролетариат пен үкімет арасындағы күреске тартуды, шаруалар мен әскерді осы күреске саналы түрде қатысуға тартуды көбірек ойластыра бастадық. Біз терроризмге қарсы күресте қолданған және, біздің кәміл сенуімізше, сәтті болып шыққан тактика осы.

Мен, жолдастар, Швейцария социал-демократиялық партиясының съезін құттықтайтындығымды қайталаумен және сіздердің жұмыстарыңызға табыс тілеумен сөзімді аяқтаймын. (Қол шапалақтау.)

1916 ж. мына кітапта басылған: «Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei der Schweiz vom 4. und 5. November 1916 abgehalten im Gesellschaftshaus «z. Kaufleuten» in Zürich»

Орыс тілінде бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4-номерінде басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

СЕПАРАТТЫҚ БІТІМ ТУРАЛЫ

Россия мен Германияның арасында қазірдің өзінде-ақ сепараттық бітім туралы келіс сөз жүргізіліп жатыр. Бұл — ресми келіс сөздер және басты мәселеде екі держава түсінісіп те үлгерді.

Жақында Берннің социалистік газетінде оның қолында бар мәліметтер негізінде осындай мәлімдеме басылып шықты[85]. Берндегі орыс елшілігі мұны ресми түрде бекерге шығаруға асыққанда, ал француз шовинистері бұл лақаптың таралуын «немістің пасықтығы» деп соларга жапқанда, социалистік газет ол хабарды теріс деушілікке қандай да болса маңыз беруден бас тартты, сөйтіп өзінің мәлімдемесін қуаттап, Швейцарияда нақ қазір немістің де (Бюлов), орыстың да «мемлекеттік адамдары» (Штюрмер, Гирс және Испаниядан келген бір дипломат) жүр, Швейцарияның сауда топтарында Россияның сауда топтарынан алынған осындай растаушы мәліметтер бар деген фактіні тағы дәлелге келтірді.

Әлбетте, сепараттық бітім туралы келіс сөз жүргізіліп жатқандығын мойындай алмайтын Россияның тарапынан да, келіс сөз жүргізіліп жатқан-жатпағандығына және оның қаншалықты сәтті болып отырганына қарамастан Россияны Англиямен араздастыруға тырыспай отыра алмайтын Германияның тарапынан да алдаушылық болуы бірдей мүмкін.

Сепараттық бітім туралы мәселенің анығына жету үшін қазір Швейцарияда не болып жатқаны жайлы лақаптар мен хабарларга сүйенбеуіміз керек, оны шын

мәнісінде тексеру де мүмкін емес, қайта соңғы онжылдықтар ішіндегі *саясаттың* сөзсіз анықталған *фактілеріне* сүйенуіміз керек. Қазір Пуришкевич пен Милюков жанында марксист сымақтанған малайлар немесе сайқымазақтар ролін атқарып жүрген Плеханов, Чхенкели, Потресов және $К^0$ мырзалар «Германияның кінәлылығын» және Россия тарапынан соғыстың «қорғаныстық сипатын» дәлелдеп қызыл өңеш бола берсін,— бұл сайқымазақтарды саналы жұмысшылар тыңдаған жоқ және тыңдамайды да. Соғысты ұлы державалардың арасындағы империалистік қатынастар, яғни олжаны бөлісу үшін, пәлендей отарлар мен ұсақ мемлекеттерді кімнің қылғып қоюы үшін күрес туғызды, оның бер жағында бұл соғыста бірінші орында *екі* қақтығыс тұрады. Біріншісі — Англия мен Германияның арасында. Екіншісі — Германия мен Россияның арасында. Осы үш ұлы держава, үлкен жолдың бойындағы осы үш ұлы қарақшы қазіргі соғыстағы басты тұлғалар, қалғандары — дербес емес одақтастар.

Осы екі қақтығысты да әлгі державалардың соғыс алдындағы *бірнеше онжылдық* ішіндегі *бүкіл* саясаты әзірледі. Англия Германияның отарларын тонау үшін және өзінің басты бәсекелесін күйзелту үшін соғысып жатыр, өйткені бәсекелесі оны өзінің тамаша техникасымен, ұйымшылдығымен, саудадағы жігерлілігімен аяусыз соққылады, соққылап, есеңгіретіп тастағаны сондай, Англия соғыс ашпайынша өзінің дүние жүзілік үстемдігін қорғап *қала алмайтын* болды. Германияның соғысып жатқан себебі, оның капиталистері өздерін отарлар мен тәуелді елдерді тонауда дүние жүзінде бірінші орын алуға «қасиетті» буржуазиялық правомыз бар деп есептейді — және олары әбден әділетті,— атап айтқанда Балқан елдері мен Түркияны өзіне бағындыру үшін соғысып жатыр. Россия Галиция үшін соғысып жатыр, мұны иелену Россияға украин халқын тұншықтыру үшін өте-мөте керек (бұл халықтың Галициядан басқа, әрине, біршама, бостандық түкпірі жоқ және болуы да мүмкін емес), Армения үшін және Константинополь үшін, содан кейін Балқан елдерін бағындыру үшін де соғысып жатыр.

Россия мен Германияның қарақшылық «мүдделерінің» қақтығысуымен қатар, Россия мен Англияның арасында — одан артық болмаса, кем соқпайтын — терең қақтығыс бар. Ұлы державалардың ғасырлар бойғы бақталастығы мен объективтік халықаралық арақатынасы белгілейтін Россияның империалистік саясатының мақсатын қысқаша былай деп білдіруге болады: Австрияны тонау үшін (Галицияны тартып алу) және Түркияны тонау үшін (Арменияны және әсіресе Константинопольді тартып алу) Англия мен Францияның жәрдемімен Европада Германияны талқандау. Ал содан кейін *бүкіл* Персияны тартып алып, Қытайды бөлісуді ақырына дейін жеткізу және т. т. үшін Жапонияның *және нақ сол* Германияның жәрдемімен Азияда Англияны талқандау.

Константинопольді жаулап алуға да, Азияның неғұрлым көп бөлегін жаулап алуға да патша өкіметі ғасырлар бойы ұмтылып келді, үздіксіз соған сәйкес саясат жүргізіп, сол үшін ұлы державалардың арасындағы әр түрлі қайшылықтар мен қақтығыстарды пайдаланып отырды. Бұл талаптарға Англия Германиядан гөрі ұзақ, одан гөрі табанды, одан гөрі күшті дұшпан болып шықты. 1878 жылдан,— орыс әскерлері Константинопольге таяп барып, ағылшын флоты орыстар «Царьградта» көрінісімен-ақ, оларды атқылаймыз деп қорқытып Дарданелл алдына келген кезінен,— 1885 жылға дейін, Орта Азиядағы олжаны бөлісуге бола (Ауғанстан; орыс әскерлерінің Орта Азия ішіне қарай тереңдеп кіруі ағылшындардың Индиядағы үстемдігіне қауіп туғызды) Россия Англиямен соғысуға сәл-ақ қалғанға дейін — және 1902 жылға дейін, Англия Жапонияның Россияға қарсы соғысын әзірлеп, онымен одақ жасасқан кезге дейін — осы ұзақ уақыттың ішінде Англия Россияның қарақшылық саясатының ең күшті жауы болды, өйткені Россия Англияның бірқатар бөтен халықтарға үстемдігін нашарлату қаупін туғызды.

Ал қазір ше? Қазіргі соғыста не болып жатқанына көз жіберіңіздерші. Пролетариаттан буржуазия жағына шығып кеткен және бұл соғыста Россияның тара-

пынан «отанды қорғау» туралы немесе «елді сақтап қалу» туралы (Чхеидзе) айтып жүрген «социалистерді» тыңдауға адам төзіп болмайды. Демократиялық бітім туралы оны қазіргі және жалпы буржуазиялық үкіметтер жасай *алады-мыс* деп жүрген Каутский мен К^0-нің жымысқы сөздерін тыңдауға адам төзіп болмайды. Өйткені іс жүзінде бұл үкіметтер өзара, өздерінің одақтастарымен және өздерінің одақтастарына *қарсы құпия шарттар* торымен шырмалған, оның бер жағында бұл шарттардың мазмұны кездейсоқ емес, «тағдырдың тәлкегімен» ғана белгіленген емес, қайта империалистік сыртқы саясаттың бүкіл барысына және дамуына байланысты. Бөтен елдерді тонау жөніндегі *өз* үкіметінің *құпия* шарттарын *әшкерелемей*, жалпы алғанда, жақсы нәрселер (отан қорғау, демократиялық бітім) туралы пасықтық сөздерімен жұмысшылардың көзін бояп, миын ашытып жүрген «социалистер»,— ондай «социалистер» социализмге барынша опасыздық жасап жүр.

Социалистер лагерьлерінен жап-жақсы бітім туралы сөздер шыққаны германның да, ағылшынның да, орыстың да үкіметіне тек қана тиімді, өйткені мұнымен, біріншіден, қазіргі үкімет тұсында мұндай бітім жасасу мүмкіндігіне сенім тудырылады, ал екіншіден, сол үкіметтердің қарақшылық саясатынан жұрттың назары басқа жаққа аударылады.

Соғыс — саясаттың жалғасы. Сондықтан соғыс *кезінде* саясат та «жалғаса» береді! Германияның олжаны бөлісу туралы Болгариямен және Австриямен құпия шарттары бар және сондай келіс сөздер жүргізуде. Россияның Англиямен, Франциямен және т. б. құпия шарттары бар және олардың *бәрі талау* мен *тонауға*, Германияның отарларын тонауға, Австрияны тонауға, Түркияны бөлісуге және сондайларға арналған.

Істің жайы осындай болып отырғанда халықтар мен үкіметтерге жап-жақсы бітім туралы айтатын «социалист» шіркеуде көз алдында бірінші қатарда отырған, ымы-жымы бір, жезөкшелер үйін ұстаушы әйел мен становой приставты көріп, оларға және халыққа жақынды жақсы көруді, христиан дінінің өсиеттерін

орындап отыруды «уагыздайтын» попқа әбден ұқсайды.

Күмән жоқ, Россия мен Англияның арасында, басқасын былай қойғанда, Константинополь туралы құпия шарт бар. Россияның оны алуға үмітті екені, Англияның оны бергісі келмейтіні, ал егер берсе, не кейін тартып алуға тырысып бағатыны, не бұл «келісім» жөнінде Россияға қарсы бағытталған шарттар қоятыны мәлім. Құпия шарттың тексті мәлім емес, бірақ Англия мен Россияның арасындағы күрестің нақ осы мәселе төңірегінде болып жатқаны, қазір де болып жатқаны тек мәлім ғана емес, сонымен қатар ешбір күмән да туғызбайды. Сонымен қатар, Россия мен Жапонияның арасында олардың бұрынғы шарттарына (мәселен, Жапонияның Кореяны «жалмап қоюына», ал Россияның Монголияны жалмап қоюына ерік берген 1910 жылғы шартқа) қосымша қазіргі соғыстың кезінде-ақ Қытайға ғана қарсы емес, оның үстіне *белгілі дәрежеде Англияға да қарсы* бағытталған *жаңа* құпия шарт жасалғаны да мәлім. Шарттың тексті мәлім болмаса да, бұл күмәнсыз. Жапония Англияның жәрдемімен 1904—1905 жылы Россияға соққы берді, ал қазір Россияның жәрдемімен Англияға соққы беру мүмкіндігін сақтықпен әзірлеп жатыр.

Россияда «билеп-төстеуші топтарда» — Қанқұйлы Николайдың сарайы маңындағы шайкада, дворяндар арасында, армияда және т. б.— немісшіл партия бар. Германияда соңғы уақытта барлық бағытта буржуазияның (ал оған ілесе социалист-шовинистердің де) орысшылдыққа, Россиямен сепараттық бітім жасасуға, Россияның көңілін аулап, барлық күшпен Англияға соққы беруге қарай бет бұрысы байқалады. Германияның тарапынан бұл жоспар айқын және күмән туғызбайды. Россияның тарапынан істің жайы мынадай: патша өкіметі, әрине, мүмкін болғанынша көп «алу» үшін, бүкіл Галицияны да, бүкіл Польшаны да, бүкіл Арменияны да, Константинопольді де алып, Австрияны «жермен жексен ету» үшін және т. т. үшін әуелі Германияны толық талқандағанды жөн көрген болар еді. Сонда Жапонияның жәрдемімен Англияға қарсы

бет бұру қолайлырақ болар еді. Бірақ, сірә, күш жетпейтін болса керек. Мәселенің түйіні осында жатыр.

Егер бұрынғы социалист Плеханов мырза істі Россиядағы реакционерлер жалпы алғанда Германиямен бітім жасасуды, ал «прогресшіл буржуазия» «Пруссия милитаризмін» талқандауды және «демократиялық» Англиямен достықты тілейді деп көрсетіп отырса, онда бұл — саяси нәрестелердің дәрежесіне бейімделген балалық ертегі. Іс жүзінде патша өкіметінің *де*, Россиядағы барлық реакционерлердің *де*, бүкіл «прогресшіл» буржуазияның *да* (октябристер мен кадеттер) тілейтіні *біреу:* Европада Германияны, Австрияны, Түркияны тонау,— Азияда Англияға соққы беру (бүкіл Персияны, бүкіл Монголияны, бүкіл Тибетті тартып алу және т. т.). Бұл «сүйкімді достар» өз араларында Германияға қарсы күрестен Англияға қарсы күреске *қашан және қалай* бет бұру керек дегенге бола ғана дауласып жатыр. Тек қашан және қалай дегенге бола ғана!

Ал сүйкімді достардың арасындағы осы, бірден-бір даулы мәселенің шешімі *әскери және дипломатиялық пікірлерге* байланысты, бұл пікірлер *тек* патша үкіметіне ғана толық мәлім, ал Милюковтар мен Гучковтарға оның төрттен бірі ғана мәлім.

Германия мен Австриядан бүкіл Польша тартып алынсын! Патша өкіметі осыны *жақтайды*, бірақ күш жете ме? және Англия мүмкіндік бере ме?

Константинополь мен бұғаздар тартып алынсын! Австрия жермен жексен етіліп, бөлшектенілсін! Патша өкіметі толығынан осыны жақтайды. Бірақ күш жете ме? және Англия мүмкіндік бере ме?

Нақ қанша миллион солдаттың жер жастанғанын және халықтан *тағы* қанша солдат алуға болатынын, нақ қанша снарядтың жұмсалып отырғанын және тағы қанша қосуға болатынын патша өкіметі біледі (Қытаймен екі арада соғыс қаупі төніп тұрған жағдайда және соғыстың басталуы әбден мүмкін болып отырғанда Жапония енді снаряд *бермейді*!). Константинополь туралы, Салоникидегі, Месопотамиядағы ағылшын әскерлерінің күші туралы Англиямен құпия

келіс сөздердің қалай жүргізіліп келгенін, қазір қалай жүріп жатқанын және басқаларын патша өкіметі біледі. Патша өкіметі осының бәрін біледі, қолында барлық карталары бар және күмәнділік, анықталмағандық ролі, «әскери бақыттың» ролі ерекше зор болатын мұндай істерде жалпы алғанда дәлме-дәл білу қаншалықты ойға сыйымды болса, соншама дәл есептеп отыр.

Ал Милюковтар мен Гучковтар неғұрлым аз білсе, соғұрлым босқа көкіп жүр. Ал Плехановтар, Чхенкелилер, Потресовтар патша өкіметінің құпия келісімдері туралы түк білмейді, тіпті бұрын білгендерін ұмытып жүр, шетел баспасөзі бойынша білуге болатынды зерттемейді, патша өкіметінің соғыстан бұрынғы сыртқы саясаты барысының байыбына бармайды, *оның* соғыс кезіндегі барысын қадағаламайды, сондықтан да әншейін социалистік Иванушкалардың ролін атқарып жүр.

Тіпті либералдық қоғам тарапынан барынша жәрдем болған жағдайда, әскери-өнеркәсіп комитеттерінің барынша күш салуы жағдайында, снарядтарды көбейтудің игілікті ісіне Плеханов, Гвоздев, Потресов, Булкин, Чиркин, Чхеидзе («елді аман сақтап қалу», ойпамаңыздар!), Кропоткин мырзалардың және басқа малайлардың барынша көмектесуі жағдайында,— тіпті осының бәрінде, барлық мүмкін болған және соғысқа тартылған одақтастардың әскери күштерінің (немесе әскери әлсіздігінің) қазіргі жағдайында бұдан артыққа жетуге *болмайтындығына*, Германияны *мықтаңқырап* жеңуге болмайтындығына немесе ол жеңістің шамадан тыс қымбатқа түсетіндігіне (мәселен, *тағы да,* он миллиондап орыс солдаты шығын болатынына, солдатқа алуға, оларды үйретуге және жабдықтауға тағы да пәлен миллиард қаржы және пәлен жыл соғыс керек болатынына) патша өкіметінің көзі жетсе, онда патша өкіметі Германиямен сепараттық бітім жасасу жолын *іздестірмей тұра алмайды.*

Егер «біз» Европада тым көп олжаның қызығына түсіп кетсек, онда «біз» «өзіміздің» әскери ресурстарымызды біржолата титықтату, Европада ештеңе де

алмай құралақан қалу және Азияда «өз» үлесімізді алу мүмкіндігінен айрылу қаупіне ұшыраймыз — патша өкіметі осылай пайымдайды және империалистік мүдделер тұрғысынан *дұрыс* пайымдап та отыр. Буржуазиялық және оппортунистік сөзуарлар Милюковтардан, Плехановтардан, Гучковтардан, Потресовтардан гөрі *дұрысырақ* пайымдап отыр.

Тіпті Румыния мен Грецияны (бұдан «біз» ала алатынымыздың бәрін алдық) қосып алғаннан кейін де Европада одан артықты алуға болмаса, онда мүмкін болғанын аламыз! Англия «бізге» қазір ештеңе бере *алмайды*. Германия бізге, мүмкін, Курляндияны да, Польшаның бір бөлегін де қайтарып берер және, бәлкім, шығыс Галицияны берер — бұл «бізге» өте маңызды, өйткені украин қозғалысын, тарихи жағынан осы уақытқа дейін әлі ұйқыда болып келген сан миллион халықтың бостандыққа және ана тіліне ұмтылған қозғалысын тұншықтыру үшін маңызды,— бәлкім, түрік Армениясын да берер. Осыны *қазір* ала отырып, біз соғыстан *күшейіп* шыға аламыз, ал сонда *ертеңгі күні* біз Жапонияның және Германияның жәрдемімен, ақылды саясат жүргізген жағдайда және Милюковтардың, Плехановтардың, Потресовтардың сүйікті «отанды аман сақтап қалу» ісінде бұдан былайғы жәрдемі жағдайында Англияға қарсы соғыста Азиядан тәп-тәуір үлес алып қала аламыз (бүкіл Персияны және ашық мұхитқа шығатып жолы бар Персия шығанағын; бұл тек Жерорта теңізіне шығатып, онда да Англия оп-оңай алып қойып, бекінісін нығайта алатын, сөйтіп «бізді» ашық теңізге шығатын жолдың қандайынан болса да мақұрым қалдыратын аралдар арқылы өтетін жолы бар Константинопольдей болмайды) және т. т.

Патша өкіметі нақ осылай пайымдап отыр және, қайталап айтамыз, ол өресіз-монархиялық тұрғыдан ғана емес, жалпы империалистік тұрғыдан да дұрыс пайымдап отыр, ол либералдардан және Плеханов пен Потресовтардан гөрі көбірек біледі және әріректі көреді.

Сондықтан ертең немесе бүрсігүні ұйқыдан оянғанымызда үш монархтың: «сүйікті халықтардың үніне құ-

лақ қойып, біз оларды бейбітшіліктің игілігімен бақытты етуге, уақытша бітім жасасуға және жалпы европалық бейбітшілік конгресін шақыруға ұйғардық» деген манифесін алуымыз әбден мүмкін. Бұл арада үш монархтың Вандервельде, Плеханов, Каутский сөздерінен бірнеше үзінділерді қайталап: қару-жарақты қысқарту туралы және «баянды» бейбітшілік орнату және т. т. туралы мәселені талқылауға «уәде береміз» дегенді айтып әжептәуір әзілдеулері де мүмкін, ал уәде беру тіпті адам айтқысыз қымбатшылық заманында да бірден-бір арзан нәрсе. Ал бейбітшілік конгресі мәжіліс құратын қаланың дәл өзінде «социалистер» конгресін шақыруға бір жағынан Вандервельде, Плеханов, Каутскийлер де мәймөңкелеп жүгіреді; игі тілек, жымысқы сөз, «отан қорғау» қажеттігіне сенім беру барлық тілде шексіз көп айтылатын болады. Германияға қарсы ағылшын-орыс империалистік одағынан Англияға қарсы дәл сондай герман-орыс одағына көшуді бүркемелеу үшін жағдай жаман болмайды!

Бұл соғыс таяу болашақта осылай аяқтала ма немесе Россия Германияны жеңуге және Австрияны көбірек тонауға ұмтылуында біраз ұзағырақ «шыдай ма», сепараттық бітім туралы келіс сөздер айлакер шантажшының айла-шарғысының ролін атқара ма (патша өкіметі Англияға Германиямен жасалатын шарттың әзір жобасын көрсетеді де: пәлендей миллиард сом және пәлендей жеңілдіктер не кепілдіктер бересің, әйтпесе мен күні ертең осы шартқа қол қоямын, дейді) — *қайткен күнде де, егер* соғыс пролетариаттың буржуазияға қарсы социализм жолындағы азамат соғысына айналдырылмаса, империалистік соғыс империалистік бітімнен басқа ешқандай бітіммен аяқтала *алмайды.* Қайткен күнде де, соғыс азамат соғысына айналдырылмаған жағдайда, империалистік соғыс өте күшті үш империалистік державаның, Англияның, Германияның, Россияның, әйтеуір біреуінің әлсіз елдер (Сербия, Түркия, Бельгия және басқалары) есебінен күшеюіне апарып соғады, оның бер жағында бұл үш қарақшының *бәрі* тонап алғандарын (отарларды, Бельгияны, Сербияны, Арменияны) бөлісіп, күшейіп алуы әбден

мүмкін, сонда барлық дау *осы* олжаны қандай пропорциямен бөлісу туралы ғана болады.

Қайткен күнде де, біртұтас және ашық социал-шовинистер де, яғни осы соғыста «отанды қорғауды» тура мойындайтын субъектілер де, бүркемеленген, жартыкеш социал-шовинистер де, яғни «жеңгендер мен жеңілгендерсіз» «бітім» *атаулыны* уағыздайтын каутскийшілдер және т. с. қалай да, сөзсіз, күмәнсыз ақымақтанып, масқараланады. Осы соғысты бастаған нақ сол немесе сондалықты буржуазиялық үкіметтер жасасқан бітімнің қандайы болса да әлгі социалистердің қай-қайсысының да империализмнің жағымпаз малайларының ролін қалай атқарғандығын барлық халықтарға айқын көрсетеді.

Бұл соғыстың ақыры қандай болса да, бұдан құтылудың бірден-бір социалистік жолы пролетариаттың социализм жолындағы азамат соғысы түрінде мүмкін дегендердің айтқаны дұрыс болып шығады. Патша өкіметінің жеңілуі, оның соғыста толық талқандалуы «қайткен күнде де» онша жаман болмас еді деген орыс социал-демократтарының айтқаны дұрыс болып шығады. Өйткені тарих еш уақытта бір орында тұрмайды, ол қазіргі соғыс кезінде де алға басып отыр; ал егер Европаның пролетариаты социализмге қарай ілгерілеуге қазір көше алмаса, империалистік бірінші ұлы соғыс кезінде социал-шовинистер мен каутскийшілдердің бұғауын лақтырып тастай алмаса, патша өкіметі соғыста толық талқандалып, одан жартылай феодалдық тұрпаттағы империалистік саясатты қолданудың *қандай да болса* мүмкіндігі тартып алынған күнде ғана, шығыс Европа мен Азия демократияға қарай алып адыммен ілгерілеген болар еді.

Соғыс осалдың бәрін, соның ішінде социал-шовинизм мен каутскийшілдікті де өлтіріп, жаныштап тастайды. Империалистік бітім *бұл* осалдықты бұрынғыдан да айқын, бұрынғыдан да масқара, бұрынғыдан да жиркенішті етеді.

«Социал-Демократ» № 56,
6 ноябрь, 1916 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ТАБАНДАТҚАН ОН «СОЦИАЛИСТІК» МИНИСТР

Халықаралық социал-шовинистік бюроның[86] секретары Гюисманс Данияның бейне бір «социал-демократиялық» партиясының көсемі, Данияның портфельсіз министрі Стаунингке былай деп құттықтау телеграмма жіберген:

«Сіздің министр болып тағайындалғаныңызды газеттен көріп отырмын. Шын жүректен құттықтаймын. Сонымен, бүкіл әлемде қазірдің өзінде біздің социалистік он министріміз бар. Ісіміз алға басып барады. Ізгі сәлем».

Сөз жоқ, іс алға басып барады. Екінші Интернационал национал-либералдық саясатпен толық бірігуге қарай жедел жүріп барады. Немістің әсіре оппортунистері мен социал-шовинистерінің жауынгер органы, Хемництегі «Халық Үні»[87], осы телеграмманы келтіреді де, мысқылмен былай деп ескерте кетеді. «Халықаралық социалистік бюроның секретары социал-демократтың министрлік қызметті қабылдауын қалтқысыз құттықтап отыр. Ал соғыстың алдында ғана барлық партия съездері және халықаралық конгрестер бұған қатты қарсы шыққан еді! Заман өзгереді, көзқарастар да өзгереді — осы пункт жөнінде де өзгереді».

Хейльмандар, Давидтер, Зюдекумдер Гюисманстардың, Плехановтардың, Вандервельделердің арқасынап жиіркенішпен қағуға толық праволы...

Стаунинг жуырда Вандервельдеге өзінің хатын, немісшіл социал-шовинистің француз социал-шовинисіне қарсы мысқылға толы хатын жариялады. Айта кетелік,

Стаунинг осы хатында: «Итальян және Швейцария партияларының инициативасы бойынша Циммервальд қозғалысы дейтіннің жүзеге асырып жатқан, ұйымдықзиянды жікшілдік жұмысынан біз (даниялық партия) батыл және біржолата безіп шықтық» деп мақтанады. Тұп-тура осылай дейді!

Данияда ұлттық мемлекет XVI ғасырда құрылған. Данияның халық бұқарасы буржуазиялық-азаттық қозғалысты әлдеқашан жасаған. Данияда халықтың $^{96}/_{100}$ бөлігінен астамы осы Данияда туған датчандардан құралады. Германиядағы датчандар екі жүз мыңға да жетпейді. (Данияның халқы 2,9 миллион.) Сондықтан даниялық буржуазияның, күн тәртібінде тұрған міндет ретінде, «дербес ұлттық мемлекет» туралы тақырыпқа арналған сөздері қандай буржуазиялық дөрекі алдау болып табылады деген қорытынды жасауға болады! Мұны XX ғасырда айтып отырғандар, халқының саны Германиядағы датчандардың санына тең деуге болатын *отарларды иеленіп* отырған және қазір сол отарлардың өзін Дания үкіметі *саудаға салып* отырған, Дания буржуасы мен монархистері.

Біздің заманда адаммен сауда жасамайды дегенді кім айтып жүр? Сауда жасағанда қандай. Дания Америкаға пәлен миллионға (әлі саудаласып болған жоқ) үш аралды сатқалы отыр — әрине, бұлардың бәрінде де халық бар.

Оның үстіне, Дания империализміне тән ерекше белгі — сүт және ет өнімдері рыногының монополиялықтиімді жағдайының нәтижесінде: дүние жүзінің ең ірі рыногы Лондонға ең арзан теңіз жолымен апарып өткізу нәтижесінде үстеме пайда алу. Осының арқасында Дания буржуазиясы мен Данияның бай шаруалары (орыс халықшылдарының алып-қашты сөздеріне қарамастан, нағыз буржуа) ағылшын империалистік буржуазиясының «гүл-гүл жайнаған» жатып ішеріне айналды, оның айрықша жанға жайлы және өте қомақты пайдасын қосылып жеушілерге айналды.

Оң қанатты, неміс социал-демократиясының оппортунистерін, жан сала жақтап келген және жақтап отырған даниялық «социал-демократиялық» партия

осы интернационалдық жағдайға түгелдей беріліп кетіп отыр. Дания социал-демократтары «бейтараптықты қорғау үшін» деген қолайлы сылтаумен кредитті жақтап, буржуазиялық-монархистік үкіметке дауыс берді. 1916 жылғы 30 сентябрьдегі съезде $^9/_{10}$ бөлегі болған көпшілік министрлікке қатысуды, үкіметпен мәмлеге келуді жақтап шықты! Берн социалистік газетінің тілшісі Данияда Герсон Трир және редактор И. П. Сундбо министриализмге оппозицияда болды деп хабарлайды. Трир өзінің тамаша сөзінде революциялық-маркстік көзқарастарды қорғады, ал партия министрлікке қатыспақшы болып ұйғарған кезде, *буржуазиялық* партияның мүшесі болғысы келмейтінін мәлімдеп, Орталық Комитеттен де, партиядан да шығып кетті. Соңғы жылдары даниялық «социал-демократиялық» партияның буржуазияшыл радикалдардан ешқандай айырмашылығы болған жоқ.

Г. Трир жолдасқа сәлем! «Ісіміз алға басып барады», Гюисманс дұрыс айтады,— революцияшыл пролетариат *бұқарасының* өкілдері революцияшыл марксистердің және *«көсемдер»* көпшілігіне ие болып отырған, бірақ езілушілер бұқарасының мүддесін емес, буржуазия жағына кетіп жатқан, азшылық пұрсатты жұмысшылардың мүддесін көздейтін плехановшыл-потресовшыл-гюисмансшыл одақтастардың, империалистік буржуазия агенттерінің арасындағы айқын, анық, саяси жағынан адал, социалистік жағынан қажет бөлінуге қарай ілгері басып барады.

Орыстың саналы жұмысшылары — Сибирьге айдалып кеткен депутаттарды сайлағандар, империалистік соғысты қолдау үшін құрылған әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға қарсы дауыс бергендер, міне, осылар *он* министрдің «Интернационалында» болғысы келе ме екен? *Стаунингтердің* Интернационалында болғысы келе ме екен? *Трирлер* шығып кетіп жатқан Интернационалда болғысы келе ме екен?

«Социал-Демократ» № 56, 6 ноябрь, 1916 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНДАҒЫ СОЛШЫЛ ЦИММЕРВАЛЬДИСТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ[88]

Швейцария социал-демократиялық партиясының Цюрихтегі съезі (4—5. XI. 1916) Циммервальдқа қосылу туралы және *революциялық бұқаралық күресті* мойындау туралы осы партия шешімінің (1915 жылғы Аараудағы съездің қарары) тек қағаз жүзінде қалып отырғанын, сөйтіп партия ішінде «центрдің», яғни Германиядағы Каутскийдің — Гаазенің және «Arbeitsgemeinschaft»-тың[89], Франциядағы Longuet — Pressemanne және К⁰-нің бағытына сәйкес бағыттың әбден қалыптасқанын біржола дәлелдеп берді. Р. Гримм бастап отырған бұл «центр» «солшыл» мәлімдемелерді «оңшыл», яғни оппортунистік практикамен біріктіріп отыр.

Сондықтан Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеті Аараудағы съездің шешімі өлі әріп болып қалмайтындай рухта партияға үнемі ықпал жасап отыру үшін өз күштерін дереу және сөзсіз топтастыру болып табылады. Міне сондықтан да солшыл циммервальдистер күштерінің осылай топтасуы өте-мөте қажет, өйткені Аарау съезі де, Цюрих съезі де Швейцария пролетариатының революциялық және интернационалистік тілектестігіне ешбір күмән қалдырмайды. Либкнехтке тілектестік қарарлар қабылдау жеткіліксіз; оның қазіргі социал-демократиялық партия *қалпына келтіруді* (Regeneration)[90] қажет етіп отыр деген ұранын шындап қабылдау керек.

Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің платформасы шамамен айтқанда төмендегідей болуға тиіс:

I. СОҒЫСҚА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АЛҒАНДА БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ҮКІМЕТКЕ КӨЗҚАРАС

1. Қазіргі империалистік соғыста да, әзірленіп жатқан жаңа империалистік соғыстарда да Швейцария тарапынан «отан қорғау» дегеніміз халықты буржуазиялық алдаудан басқа түк те емес, өйткені Швейцарияның қазіргі соғысқа және басқа да осындай соғыстарға қатысуы іс жүзінде тіпті де «азаттық», «демократия», «тәуелсіздік» жолындағы т. с соғысқа емес, империалистік коалициялардың *бірінің* жағына шығып*, тонаушылық және реакциялық соғысқа қатысқандық қана болар еді.

2. Швейцария социал-демократиялық партиясының Швейцария буржуазиялық үкіметіне және Швейцарияның барлық буржуазиялық партияларына көзқарасы толық сенбеушілік көзқарас болуға тиіс. Өйткені бұл үкімет — (a) «ұлы» империалистік державалардың буржуазиясымен экономика және финанс жағынан мейлінше тығыз байланыста және соған толығынан тәуелді үкімет; (b) ол үкімет көптен бері-ақ және қай бағытта болса да халықаралық істер мен ішкі істерде (саяси полиция; европалық реакция мен европалық монархиялардың алдында құрдай жорғалау, т. т.) саяси реакцияға қарай бұрылып кеткен; (c) ол үкімет өзінің барған сайын мейлінше реакцияшыл швейцариялық әскери партия мен әскери топтың қолындағы ойыншығына айналып бара жатқандығын өзінің толып жатқан жылдар бойындағы бүкіл саясатымен (1907 жылғы әскери қайта ұйымдастыру, т. т.; Эглидің, де-Лоның «істері» және басқалар) дәлелдеді.

3. Осы себепті Швейцариядағы социал-демократиялық партияның ең көкейтесті міндеті — империалистік

---

* Қолжазбада «жағына шығып» деген сөздердің үстіне «одақтасып» деп жазылған. *Ред.*

буржуазияның және соғыс құмарлардың алдында құрдай жорғалайтын үкіметтің шын сипатын әшкерелеу, демократия және басқалар туралы бос сөздер арқылы оның халықты алдап отырғанын ашып көрсету, бұл үкіметтің (Швейцарияны билеп-төстеп отырған барлық буржуазиямен келісіп) швейцария халқының мүдделерін белгілі бір империалистік коалицияға сатып кетуі әбден мүмкін екенін түсіндіру.

4. Сондықтан Швейцария осы соғысқа тартылған жағдайда социал-демократтардың міндеті — «отан қорғауды» сөзсіз қабылдамау және осы ұран арқылы халықтың алдапып отырғанын әшкерелеу. Мұндай соғыста жұмысшылар мен шаруалар өз мүдделері үшін емес және демократия үшін емес, империалистік буржуазияның мүддесі үшін қырылған болар еді. Басқа да алдыңғы қатарлы елдердің социалистері сияқты, Швейцария социалистері де отан социалистік жолмен қайта құрылғанда *ғана* отанды әскер күшімен қорғауды, яғни буржуазияға қарсы пролетарлық, социалистік революцияны қорғауды мойындай алады және мойындауға тиіс.

5. Бейбіт кезде де, соғыс кезінде де социал-демократиялық партия және оның депутаттары соғыс кредитін жақтап дауыс беру «бейтараптықты қорғау» және басқалар туралы алдамшы сөздердің қандайымен ақталып отырса да, ондай кредитті жақтап дауыс бере алмайды.

6. Пролетариат тарапынан соғысқа берілетін жауап буржуазияның үстемдігін құлату, саяси өкіметті жеңіп алу және адамзатты бір өзі ғана соғыстардан құтқаратын социалистік құрылысты жүзеге асыру мақсатымен революциялық бұқаралық қимылдарды насихаттау, әзірлеу және жүзеге асыру болуға тиіс, ал социалистік құрылысты жүзеге асыруға бел байлағандық *барлық* елдердің жұмысшылары санасында бұрын болып көрмеген тездікпен пісіп-жетіліп келеді.

7. Революциялық қимылдардың ішінде демонстрациялар мен бұқаралық стачкалар болуға тиіс, бірақ әскери қызметтен бас тартушылық ешбір болмауы керек. Керісінше, қолға қару алудан бас тарту емес, сол

қаруды *өз* буржуазиясына қарсы жұмсау ғана пролетариаттың міндеттеріне жауап бере алады және интернационализмнің таңдаулы өкілдерінің, мәселен, К. Либкнехттің, ұрандарына сай келе алады.

8. Соғыстың алдында немесе соғыс кезінде саяси бостандықты жою немесе оған қысым жасау жөнінде үкіметтің жасайтын титтей де болсын әрекеті социал-демократиялық жұмысшылардың құпия ұйымдар құруына жеткізуге тиіс; бұл ұйымдар құрбандықтар жасаудан да қаймықпайтын, ұдайы, табанды түрде соғысқа қарсы соғыс ашуды насихаттауды және бұқараға соғыстың шын сипатын түсіндіруді мақсат етеді.

II. ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БҰҚАРАНЫҢ ТӨЗГІСІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

9. Соғысушы елдерде ғана емес, сонымен бірге Швейцарияда да соғыс ат төбеліндей байлардың құлақ естімеген сұмдық баюына және қымбатшылықтың салдарынан, тіршілік қорларының жеткіліксіздігі салдарынан бұқараны орасан мұқтаждыққа әкеліп соқтырды. Социал-демократиялық партияның басты міндеті осы апатқа қарсы реформистік емес, революциялық күрес жүргізу,— күрес болғанда ылажсыз болатын уақытша қиыншылықтар мен жеңілістерден қаймықпайтын, ұдайы және табанды күрес жүргізу, осындай күресті насихаттау және әзірлеу болуға тиіс.

10. Финанс реформаларының толып жатқан буржуазиялық жобаларына жауап ретінде социал-демократиялық партияның басты міндеті мобилизация мен соғыстың ауыртпалықтарын жұмысшылар мен кедей шаруалардың мойнына артпақшы болатын буржуазияның әрекеттерін әшкерелеу болуға тиіс.

Социал-демократия ешбір жағдайда және ешбір сылтауларға қарамастан жанама салықтарға келісім бере алмайды. Социал-демократияның жанама салықтарға келісім беруіне болады деп тапқан Аарау съезінің (1915) шешімі де, Цюрих съезіндегі (1916) Huber — Grimm қарары да бұзылуға тиіс. Барлық социал-демократиялық ұйымдар партияның 1917 жылы февральда

Бернде болатын съезіне мейлінше жігерлі түрде дереу әзірлене бастауы керек және съезге әлгілерді бұзуға келісетін делегаттарды ғана сайлауға тиіс.

Капиталистік құрылысты сақтай отырып, яғни бұқараның мұқтаждығын мәңгілік ете отырып, қазіргі қиыншылықтардан буржуазиялық үкіметтің сытылып шығуына жәрдемдесу — қандай жағдайда да революциялық социал-демократияның міндеті емес, либерал чиновниктердің міндеті.

11. Социал-демократтар бұқара алдында мүлкіне жәпе табысына қарай салынатын, ставкалары жоғары және үстемелеп өсе беретін бірыңғай федералдық салықтың өте-моте қажет екендігін мүмкін-қадерінше кеңінен насихаттауға тиіс, салық төмендегіден *аз болмауы* керек:

Мүлкі	Табысы	Салық проценті
20 000 фр.—	5 000 —	салықтан босатылады
50 000 » —	10 000 —	10% салық
100 000 » —	25 000 —	40% »
200 000 » —	60 000 —	60% »
		және т. т.

Пансиондармен пайдаланатындарға салық:

Күніне 4 фр. дейін	— салықтан босатылады
» 5 » »	— 1%
» 10 » »	— 20%
» 20 » »	— 25 және т. т.

12. Мүлкіне қарай салынатын салық пен табыс салығының революциялық-жоғары ставкаларын насихаттаудың «практикалық маңызы жоқ» дейтін буржуазиялық өтірікке, өтірік болғанда социал-демократиялық партиялардың ішіндегі көптеген оппортунистер де таратып жүрген өтірікке қарсы социал-демократтар аяусыз күресуге тиіс. Керісінше, мұның өзі бірден-бір практикалық және бірден-бір социал-демократиялық саясат, өйткені, 1-ден, біз байларға «қолайлы» нәрсеге бейімделмеуіміз керек, қайта біз социал-демократиялық партияның нақ реформистік және оппортунистік

сипатта болуы себепті оған едәуір дәрежеде немқұрайды қарайтын немесе сенімсіздікпен қарайтын кедейлер мен дәулетсіздердің қалың бұқарасына сөзімізді арнауымыз керек. 2-ден, буржуазиядан жеңілдік алудың бірден-бір әдісі онымен «мәмлеге келуде» емес, оның мүдделеріне немесе оның соқыр сенімдеріне «бейімделуде» емес, қайта оған *қарсы* бұқараның революциялық *күштерін* әзірлеуде. Біз салықтың революциялық-жоғары ставкаларының әділдігіне және оларды күреспен жеңіп алудың қажеттігіне халықтың неғұрлым көпшілігін сендіре білсек, буржуазия жеңілдік жасауға соғұрлым тезірек көнетін болады, ал біз әрбір мейлі тіпті кішкентай жеңілдіктің өзін буржуазияны толық экспроприациялау жолында табандылықпен күресе беру үшін пайдаланамыз.

13. Барлық қызметшілер мен чиновниктер үшін, Bundesräte* және басқалар үшін, семья мүшелерінің санына қарай жылына 5—6 мың франк мөлшерінде ақының ең максимумын белгілеу керек. Басқа табыстар жинаудың қандайына да тыйым салу, бұл орындалмаса, түрмеге қамаласың және осы табыстарың конфискелепеді деп қорқыту.

14. Фабрикалар мен заводтарды — ең алдымен халықтың тіршілік мұқтаждарын өтеу үшін қажеттілерін — сондай-ақ 15 *ha*-дан астам (40 «Jucharten»**-нен астам) жері бар ауыл шаруашылық кәсіпорындарын (Швейцарияда мұндай кәсіпорындар 252 мыңнан не бары 22 мың, яғни барлық ауыл шаруашылық кәсіпорындарының $^1/_{10}$ бөлігінен азырақ) күштеп иеліктен айыру. Осындай өзгерістер негізінде азық-түлік заттарын өндіруді арттыру үшін және халықты арзан өніммен қамтамасыз ету үшін үнемі шаралар қолданып отыру.

15. Швейцарияның барлық су күштерін мемлекет пайдасына дереу күшпен иеліктен айыру, иеліктен айырғанда, басқалар сияқты бұған да мүлкіне қарай салынатын салық пен табыс салығының жоғарыда көрсетілген ставкалары қолданылсын.

---

* — Одақтық советтің мүшелері. *Ред.*
** — «акр». *Ред.*

III. МЕЙЛІНШЕ КӨКЕЙТЕСТІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫСТАР ЖӘНЕ САЯСИ КҮРЕС ПЕН ПАРЛАМЕНТАРИЗМДІ ПАЙДАЛАНУ

16. Парламенттік трибунаны және инициатива мен референдум правосын реформистік жолмен пайдаланбай, яғни буржуазияға «қолайлы», сондықтан да бұқараның басты және негізгі күйзелушілік халін жоюға дәрменсіз реформаларды қорғау үшін пайдаланбай, қайта Швейцарияны социалистік жолмен қайта құруды насихаттау үшін пайдалану керек; бұл қайта құрылыс экономикалық жағынан әбден жүзеге асатын нәрсе және төзгісіз қымбатшылық пен финанс капиталының езгісі салдарынан да, соғыс тудырып отырған және бүкіл Европа пролетариатын революция жолына итермелеп отырған халықаралық қатынастардың салдарынан да барған сайын мейлінше қажет болып отыр.

17. Еркектердің праволарымен салыстырғанда әйелдердің саяси праволарына шек қоюшылықтың *бәрін* түгелдей жою. Соғыс пен қымбатшылық халықтың қалың бұқарасын толғандырып отырған және әсіресе әйелдердің мүдделері мен көңілін саясатқа бұрып отырған осындай уақытта мұндай қайта құрылыстың мейлінше көкейтесті екендігін бұқараға түсіндіру.

18. Шетелдіктерді ешқандай шығынсыз, Швейцария азаматтығын алуға (Zwangseinbürgerung) еріксіз көшетін ету. Швейцарияда 3 ай тұрған әрбір шетелдік, егер ол ерекше дәлелді себептерге байланысты мерзімін әрі дегенде 3 ай кейінге қалдыра тұруды өтінбесе, Швейцарияның азаматына айналады. Жалпы демократиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар Швейцарияның империалистік жағдайы оны бүкіл Европада шетелдіктерінің проценті ең көп мемлекет еткендіктен де, Швейцария үшін бұл реформаның айрықша қажет екендігін бұқараға түсіндіру. Бұл шетелдіктердің $^9/_{10}$ бөлігі Швейцарияның 3 тілінің бірінде сөйлейді. Шетелдік жұмысшылардың саяси правосыздығы және бұлардың оқшауланып бөлінушілігі онсыз да өршіп бара жатқан саяси реакцияны күшейтеді және пролетариаттың интернационалдық ынтымағын әлсіретеді.

19. 1917 жылғы Nationalrat* сайлауында социал-демократиялық партияның кандидаттары саяси платформаны, әсіресе соғысқа және отан қорғауға көзқарас туралы мәселені және қымбатшылыққа қарсы реформистік немесе революциялық күрес жүргізу туралы мәселені сайлаушылардың алдында алдын ала және жан-жақты толық талқылау негізінде ғана ұсынылатын болу үшін үгіт жұмысына дереу кірісу.

IY. ПАРТИЯЛЫҚ НАСИХАТТЫҢ, ҮГІТТІҢ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ

20. Бұқараға социал-демократиялық ықпалды ұлғайту жолында ұдайы және қажырлы жұмыс жүргізбейінше, еңбекші және қаналушы бұқараның *жаңа* топтарын қозғалысқа тартпайынша, бұқараның революциялық күресі туралы Аарау шешімін шындап жүзеге асыру мүмкін емес. Әлеуметтік революция үшін жүргізілетін насихат пен үгіт капитализм тұсында пролетариаттың және жалпы алғанда езілген таптардың әрқашан азшылығы болып отыратын ұйымдасқан жұмысшыларға ғана емес, сонымен қатар капитализмнің сұмдық езгісі себебінен ұдайы ұйымдасып отыра алмайтын қаналған көпшілікке де түсінікті болу үшін неғұрлым нақтылы, айқын, практикаға тікелей байланысты түрде жүргізілуге тиіс.

21. Партия неғұрлым қалың бұқараға ықпал етуі үшін революцияшыл пролетариаттың Швейцарияны социалистік жолмен қайта құру жолында күресетінін, бұл қайта құрылыс халықтың $^{9}/_{10}$ бөлігіне қажет және осылардың мүдделеріне сай екенін бұқараға түсіндіруге арналған, тегін таратылатын жедел листоктарды неғұрлым ұдайы шығарып тұруға көшуге тиіс. Осындай листоктарды тарату ісінде партияның барлық секцияларының, әсіресе жастар ұйымдарының ашық жарысын ұйымдастыру, көше-көшенің бойында, үй-үйде, пәтерлерде үгіт жүргізу; село жұмысшыларының, батырақтардың және күндікшілердің арасында, сондай-ақ

* — Ұлттық совет. *Ред.*

шаруалардың жалдама жұмысшыларды қанамайтын және қымбатшылықты пайдаланып байымайтын, қайта қымбатшылықтан өздері азап шегіп отырған аса кедей бөлегінің арасында үгіт жүргізуге көңіл бөлуді күшейтіп, көп күш сіңіру. Партияның парламенттегі өкілдерінен (National-, Kantons-, Groβ- және басқа Räte) олардың өздерінің ерекше тиімді саяси жағдайын жұмысшылардың заңды түрде ішін пыстыратын және сенбеушілігін туғызатын парламенттегі реформистік бөспе сөздер үшін емес, қалада, әсіресе деревняда пролетариат пен жартылай пролетариаттың *негұрлым артта қалған* топтарының арасында социалистік революцияны уағыздау үшін пайдалануын талап ету.

22. Жұмысшы табының, қызметшілердің және т. т. экономикалық ұйымдарының «бейтараптылығы» теориясынан үзілді-кесілді қол үзу. Соғыс әсіресе айқын дәлелдеген ақиқатты, атап айтқанда: «бейтараптық» дейтіннің буржуазиялық алдау немесе екіжүзділік екенін, іс жүзінде мұның өзі буржуазияға және оның империалистік соғыс тәрізді мейлінше жексұрын іс-әрекеттеріне *самарқау* бағыну болып табылатынын бұқараға түсіндіру. Жұмысшы табының және ұсақ буржуазияның немесе қызметшілердің ең кедей топтарының барлық және кез келген одақтарының арасында социал-демократиялық жұмысты күшейту, барлық осындай одақтардың ішінде социал-демократтардың ерекше топтарын құру, осы одақтардың бәрінде революциялық социал-демократия көпшілік болатын және басқару тізгіні соның қолында болатын жағдайды үнемі әзірлеп отыру. Революциялық күрестің табысты болуы үшін бұл шарттың айрықша маңыздылығын бұқараға түсіндіру.

23. Жастар әскер қатарына кірер алдында да, сонда қызметін атқарып жүрген кезде де әскер арасында социал-демократиялық жұмысты кеңейту және күшейту. Барлық әскер бөлімдерінде социал-демократиялық топтар құру. Бірден-бір заңды соғыста, атап айтқанда, адамзатты жалдама құлдықтан азат ету жолындағы пролетариаттың буржуазияға қарсы соғысында қару қолданудың, социализм тұрғысынан алғанда, тарихи

болмай қоймайтындығын және заңдылығын түсіндіру. Әскердің революцияшыл бөлегі күресін пролетариаттың және жалпы халық ішіндегі қаналушылардың кең қозғалысымен байланыстыру мүддесі үшін, оқшауланған *аттентаттарға* (қастандықтарға) қарсы насихат жүргізу. Ольтень шешімінің әскерді стачкашыларға қарсы жұмсаған кезде солдаттарды бағынбауға шақыратын бөлімін насихаттауды, сондай-ақ бағынудан енжарлықпен бас тартып қана қоймаудың қажет екенін насихаттауды күшейту[91].

24. Жоғарыда дамытылып айтылған, дәйекті түрде революциялық-социал-демократиялық бағытта жүргізілетін практикалық жұмыстың және қазіргі жұмысшы қозғалысының *барлық* цивилизациялы елдерде қалыптасқан, сондай-ақ Швейцарияда (әсіресе 1916 жылғы Цюрих съезінде) біржола орын тепкен *басты-басты үш* бағыты арасында үнемі жүріп жатқан *принциптік* күрестің арасында тығыз байланыс бар екендігін бұқараға түсіндіру. Бұл үш бағыт мынадай: 1) социал-патриоттар, яғни 1914—1916 жылдардағы осы, империалистік, соғыста «отан қорғауды» ашықтан-ашық мойындаушылар. Бұл — жұмысшы қозғалысындағы буржуазия агенттерінің оппортунистік бағыты; 2) солшыл циммервальдистер, бұлар империалистік соғыста «отан қорғауды» принципті түрде мойындамайды, буржуазияның агенттері саналатын социал-патриоттардан бөлінуді жақтайды және бұқараның революциялық күресін насихаттауға, әзірлеуге сәйкес социал-демократиялық тактиканы *толығынан* қайта құруға байланысты бұқараның революциялық күресін жақтайды; 3) «центр» дейтіндер (Германияда Каутский мен Гаазе, «Arbeitsgemeinschaft»; Францияда Longuet — Pressemanne)*, бұлар 1 және 2-бағыттардың бірлігін жақтайды. Мұндай «бірлік» революциялық социал-демократияның тек қолын байлайды, оның жұмысты өрістетуіне мүмкіндік бермейді және партияның принциптері мен оның практикасының ара-

* Неміс социал-демократиялық баспасөзінде «центрді» кейде «циммервальдистердің» *оң* қанатына теңейді, мұның өзі мейлінше әділ де.

сында толық тығыз байланыстың болмауы арқылы бұқараны азғындатады.

Швейцария социал-демократиялық партиясының 1916 жылғы Цюрихтегі съезінде Nationalratsfraktion* туралы мәселе жөнінде сөйленген үш сөзде, атап айтқанда Платтеннің, Нэннің және Грейлихтің сөздерінде, Швейцария социал-демократиялық партиясының ішінде социал-демократиялық саясаттың әр алуан бағыттарының күресі *әлдеқашан-ақ фактіге айналғандығын* мойындау ерекше айқын көрінді. Платтен революциялық социал-демократиялық рухта жұмыс жүргізуді дәйекті түрде жақтау қажеттігі туралы айтқанда, делегаттар көпшілігінің іш тартушылық ниеті көрінеу көзге Платтен жағында болды. Nationalratsfraktion ішінде үнемі екі бағыт күрес жүргізіп отыр, сондықтан Nationalrat-қа революциялық бағытты жақтайтын бірімен-бірі шын ынтымақтас адамдарды жіберу туралы жұмысшы ұйымдарының өздері қамқорлық жасауға тиіс деп Нэн тура, дәл, айқын мәлімдеді. Грейлих партия өзінің бұрынғы «сүйіктілерін» (Lieblinge) тастап, жаңа «сүйіктілер» тауып отыр дегенде, ол тағы да сол әр алуан бағыттардың бар екендігін және олардың арасында күрес болып жатқандығын мойындады. Бірақ «сүйіктілер теориясымен» бірде-бір саналы және ойлауға қабілетті жұмысшы келіспейді. Бағыттар арасындағы болмай қоймайтын және қажетті күрес азғындап барып «сүйіктілердің» бәсекесіне, жеке адамдардың тартысына, ұсақ күдіктерге, ұрыс-керіске айналып кетпес үшін де, нақ осы үшін социал-демократиялық партияның барлық мүшелері социал-демократиялық саясаттың әр алуан бағыттарының арасында *ашық принципті* күрес болуын ойластыруға міндетті.

25. Швейцар топырағындағы *буржуазиялық* жұмысшы саясаты тенденцияларының, атап айтқанда: оппортунизмнің, реформизмнің, социал-патриотизмнің, бұқараны буржуазиялық-демократиялық жалған үміттермен азғындатудың айқын көрінісі ретінде, *принциптік* тұрғыдан Grütli-Verein[92]-ге қарсы күресті күшейту.

* — Ұлттық советтің фракциялары. *Ред.*

Grütli-Verein-нің нақтылы қызметін мысалға алып, социал-патриотизм мен «центр» саясатының барлық кателігін және барлық зияндылығын бұқараға түсіндіру.

26. Партияның февральда (1917 ж.) Бернде болатын съезіне сайлаудың әзірлігіне дереу кірісу, кірiскенде ол сайлау әрбір партия ұйымында принципті және нақтылы-саяси платформаларды талқылау негізінде ғана өтетіндей етіп кірісу. Дәйекті революцияшыл интернационалист социал-демократтардың мұндай платформасы осы платформа болуға тиіс.

Партияның барлық басшы орындарына, Presskommission*-ға, барлық өкілдік мекемелерге, барлық басқармаларға және басқаларға қызмет адамдарын сайлау платформаларды нақ әлгіндей талқылау негізінен басқаша жүргізілмеуге тиіс.

Жалпы алғанда тек социал-демократиялық көзқарастар мен тактиканы жүргізу тұрғысынан ғана емес, қайта нақ осы социал-демократиялық саясаттың *дәл белгіленген платформасы* тұрғысынан әрбір жергілікті ұйым жергілікті партиялық баспасөз органын мұқият бақылап отыруға тиіс.

V. ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

27. Швейцария социал-демократтарының интернационализмді мойындауы еш нәрсеге міндеттемейтін бос сөз болып қалмауы үшін,— «центрді» жақтаушылардың және жалпы алғанда II Интернационал дәуіріндегі социал-демократтардың әрқашан шектеліп қалатын бос сөзі сияқты бос сөз болып қалмауы үшін,— осы үшін, 1-ден, шетелдік жұмысшылар мен швейцариялық жұмысшылардың ұйымдық жағынан жақындасып, бір одаққа бірігуі жолында және олардың толығынан (азаматтық және саяси жағынан) тең правода болуы жолында дәйекті түрде, табанды күрес жүргізу қажет. Швейцариядағы империализмге тән ерекше өзгешелік Швейцария буржуазиясының правосыз шетел-

* — Баспасөз істері жөніндегі комиссияға. *Ред.*

дік жұмысшыларды қанауының күшейіп бара жатқанында болып отыр; Швейцария буржуазиясы жұмысшылардың осы екі тобының бір-бірінен оқшаулануына үміт артады.

2-ден, Швейцарияның неміс, француз және итальян жұмысшыларының арасында француздың да (романдық Швейцарияның), немістің де, итальянның да социал-патриотизміне қарсы бірдей батылдықпен, бірдей принципшілдікпен күрес жүргізетін *бірыңғай*, іс жүзінде, жұмысшы қозғалысының бүкіл *практикасында*, бірыңғай *интернационалистік* бағыт жасалуы үшін барлық күшті салу қажет. Бұл платформа Швейцарияда тұратын *барлық* басты-басты *үш* ұлттың немесе ондағы үш тілдің ортақ және бірыңғай платформасының негізіне алынуға тиіс. Революциялық социал-демократия жағында тұрған жұмысшылар осылай бірікпейінше Швейцарияның барлық ұлттарында интернационализм дегеніміз бос сөз болып шығады.

Осындай бірігу ісін жүзеге асыруды оңайлату үшін Швейцарияның барлық социал-демократиялық газеттеріне (және жұмысшылардың, қызметшілердің, т. т. экономикалық одақтарының барлық органдарына) қосымшалар шығып тұратын ету керек (апталық (әрайлық) және алғашқы кезде тек қана 2 беттік болса да), бұл қосымшалар *үш тілде* қайта басылып, әрбір күнгі саясатқа байланысты, осы платформаны дамытып отыратын болулары керек.

28. Швейцария социал-демократтары барлық басқа социалистік партиялардың ішінде Циммервальд солшылдарының негізін жақтайтын революцияшыл-интернационалистік элементтерді *ғана* қолдауға тиіс, оның үстіне бұл қолдау бос сөз болып қалмауға тиіс. Германияда, Францияда, Италияда үкіметке қарсы жасырын түрде басылатын үндеу хаттарды Швейцарияда қайта бастырып шығарудың, оларды барлық 3 тілге аударып, Швейцарияның пролетариаты арасында да, барлық көрші елдердің пролетариаты арасында да тарату әсіресе маңызды.

29. Швейцария социал-демократиялық партиясы Берндегі съезде (февраль, 1917) Кинталь конферен-

циясының шешімдеріне қосылуды, оның үстіне сөзсіз қосылуды жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар социализм мүдделеріне бітіспес жау оппортунизм мен социал-патриотизмнің тірегі болып табылатын, Гаагадағы I. S. В.-дан ұйымдық жағынан дереу, толығынан ажырасуды өз тарапынан талап етуге тиіс.

30. Европаның алдыңғы қатарлы елдеріндегі жұмысшы қозғалысында болып жатқан істермен танысу үшін және осы жұмысшы қозғалысының революциялық элементтерін біріктіру үшін мейлінше қолайлы жағдайға ие болып отырған Швейцария социал-демократиялық партиясы жұмысшы қозғалысының ішіндегі ішкі күрестің дамуын тек қол қусырып күтіп отырмастан, осы күрестің *алдыңғы сапында жүріп отыруға* тиіс. Атап айтқанда: ол Циммервальд солшылдарының жолымен жүруге тиіс, бұл жолдың дұрыстығы Германияның, Францияның, Англияның, Құрама Штаттардың және жалпы алғанда барлық цивилизациялы елдердің социализмінде болып жатқан оқиғалардың барысынан күн сайын айқын аңғарылып отыр.

1916 ж. октябрьдің аяғында — ноябрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1918 ж. француз тілінде жеке кітапша болып басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ СОҒЫСҚА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[93]

1. Қазіргі дүние жүзілік соғыс империалистік соғыс болып табылады, ол соғыс дүние жүзін саяси және экономикалық жағынан қанау мақсатымен, өнім өткізу рыноктары, шикізат көздері үшін және капитал жұмсаудың жаңа аймақтарына ие болу, әлсіз халықтарды езу, т. т. үшін жүргізіліп жатыр.

Соғысушы екі коалицияның да «отан қорғау» туралы сылдыр сөздері халықтарды буржуазиялық алдаудан басқа ештеңе де емес.

2. Швейцария үкіметі швейцария буржуазиясының іс басқарушысы болып табылады, ол буржуазия халықаралық финанс капиталына түгелдей тәуелді және ұлы державалардың империалистік буржуазиясымен мейлінше тығыз байланысты.

Сондықтан Швейцария үкіметінің күннен-күнге — және ондаған жылдардың бойында осылай болып келеді — халықтың демократиялық праволары мен бостандығын ығыстырып, бұзып, барған сайын неғұрлым реакциялық саясат пен құпия дипломатия жүргізіп отырғандығы, әскери топтың алдында құрдай жорғалап, халықтың қалың бұқарасының мүдделерін ат төбеліндей финанс шонжарларының мүдделеріне үнемі және ұятсыздықпен құрбан етіп отырғандығы кездейсоқ нәрсе емес, қайта осы экономикалық фактілердің қажетті нәтижесі.

Швейцария буржуазиялық үкіметінің финанс олигархиясының мүдделеріне осындай тәуелділігі себепті,

сондай-ақ белгілі бір империалистік державалар коалицияларының қатты қысым жасауы себепті Швейцарияның қазір кез келген уақытта осы соғысқа тартылуы мүмкін.

3. Сондықтан Швейцария жөнінде де «отан қорғау» қазір екіжүзділік бос сөзден басқа ештеңе де емес, өйткені шындығында әңгіме демократияны, халықтың қалың бұқарасының тәуелсіздігі мен мүдделерін, т. т. қорғау жайында болып отырған жоқ, қайта, мұның керісінше, буржуазияның монополиясы мен пұрсаттылықтарын сақтап қалу мақсатын көздеп, жұмысшылар мен ұсақ шаруаларды қырғынға әзірлеу жайында, капиталистердің үстемдігі мен саяси реакцияны күшейту жайында болып отыр.

4. Осы фактілерге сүйене отырып, Швейцария социал-демократиялық партиясы «отан қорғауды» принципті түрде қабылдамайды, дереу демобилизация жүргізуді талап етеді және жұмысшы табын швейцария буржуазиясының соғысқа әзірленуіне, сондай-ақ, егер соғыс бола қалған жағдайда, соғысқа да пролетарлық тап күресінің мейлінше қатал шараларымен жауап беруге шақырады.

Осындай шаралар ретінде әсіресе мыналарды атап көрсету керек:

(a) Ешқандай азаматтық татулық болмауға тиіс; барлық буржуазиялық партиялармен, сондай-ақ, жұмысшы қозғалысының ішіндегі буржуазия агенттерінің одағы ретіндегі грютлилік одақпен де, нақ осы сияқты социалистік партияның ішіндегі грютлилік тенденциялармен де принципті күресті күшейту.

(b) Бейбіт кезде де, соғыс кезінде де, қандай сылтаумен сұралып отырғанына қарамастан, барлық соғыс кредиттерін қабылдамау.

(c) Соғысушы елдердің жұмысшы табының соғысқа қарсы және өз үкіметтеріне қарсы барлық революциялық қозғалысын және барлық күресін қолдау.

(d) Швейцарияның ішіндегі революциялық бұқаралық күреске жәрдемдесу, буржуазияға қарсы стачкаларға, демонстрацияларға, қарулы көтеріліске жәрдемдесу.

(e) Әскер ішінде ұдайы насихат жүргізу, осы мақсатпен армияда, сондай-ақ әскерге шақырылатын жастардан да ерекше социал-демократиялық топтар құру.

(f) Үкіметтің саяси бостандықты тежеуінің немесе жоюының қандайына болса да қарсы жауап ретінде жұмысшы табының өзі құпия ұйымдар құруы керек.

(g) Жұмысшылар мен қызметшілердің барлық ұйымдарына түгелдей басшылық ету жұмысы соғысқа қарсы жоғарыда көрсетілген күресті мойындайтын және жүргізе алатын адамдардың қолына көшуі үшін қажетті жағдайды жоспарлы түрде жұмысшыларға түсіндіру арқылы ұдайы әзірлей беру.

5. Аараудағы 1915 жылғы партия съезінің өзінде-ақ мойындалған революциялық бұқаралық күрестің мақсаты ретінде партия Швейцарияда социалистік төңкеріс жасауды ұсынады. Бұл төңкеріс экономикалық жағынан дереу жүзеге асырылуы мүмкін. Мұның өзі бұқараны қымбатшылық пен ашаршылықтың сұмдықтарынан құтқарудың бірден-бір дұрыс жолы болып табылады. Қазір бүкіл Европаның бастан кешіріп отырған дағдарысының нәтижесі ретінде бұл төңкеріс жақындап келеді, төңкеріс милитаризмді және барлық соғыс атаулыны толық жою үшін әбден қажет.

Партия былай деп мәлімдейді: осы мақсатты және осыған жетудің революциялық жолдарын мойындамайынша, милитаризмге және соғыстарға қарсы буржуазиялық-пацифистік және социалистік-пацифистік бос сөздердің бәрі де жалған үміт немесе алдаушылық болып табылады, бұл сөздер капитализмнің негіздеріне қарсы елеулі күрес атаулының бәрінен жұмысшы табының назарын бұрып әкетуге ғана әкеп соғады.

Жалдама құлдардың жағдайын жақсарту жолындағы күресті тоқтатпай, партия жұмысшы табы мен оның өкілдерін бұқаралық үгіт, парламенттік сөздер, инициативалы ұсыныстар, т. т. арқылы Швейцарияда дереу социалистік төңкеріс жасауды насихаттау ісін күн тәртібіне қоюға шақырады, мұнда буржуазиялық үкіметті кедей халық бұқарасына сүйенетін пролетарлық үкіметпен ауыстыру қажеттігін дәлелдеу керек

жэне банктер мен ірі кэсіпорындарды экспроприациялау, барлық жанама салықтарды жою, ірі табыстар үшін революциялық-жоғары ставкалар қойылған бірыңғай тура салық енгізу, т. т. сияқты шаралардың айрықша қажет екендігін түсіндіру керек.

1916 ж. декабрьдің басында неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

СОҒЫС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ПРИНЦИПТІ ҚАҒИДАЛАР

Швейцарияның солшыл социал-демократтарының арасында нақ осы соғысқа байланысты отан қорғау принципін қабылдамау қажеттігі туралы мәселе жөнінде толық бірауыздылық бар. Пролетариат, немесе, ең болмағанда, оның таңдаулы элементтері де отан қорғауға қарсы пиғылда.

Сөйтіп, жалпы алғанда қазіргі социализмнің және жеке алғанда Швейцария социалистік партиясының ең көкейтесті мәселесі жөнінде, сірә, қажетті бірауыздылық болса керек. Ал егер мәселеге үңіле түсіп қарасақ, бұл бірауыздылық тек *сырт көрініс* қана деген қорытындыға лажсыз келеміз.

Шындығында, отан қорғауға теріс көзқарас туралы мәлімдеменің өзі жеке алғанда революциялық сапаға, сондай-ақ осы көзқарасты жариялаушы партияның революциялық қабілеттілігіне — әрине, мұндай мәлімдеме бос сөзге саймайтын болған жағдайда — *айрықша жоғары талап* қоятын іс екендігі жөнінде — пікір бірлігі туралы айтпағанның өзінде — мүлдем айқындық жоқ. Егер өзінің не істеп отырғанын аңғармай, яғни ел қорғаудан бас тартудың нені талап ететінін түсінбей, *бүкіл насихат, үгіт, ұйымдастыру* жұмыстары, бір сөзбен айтқанда, партияның бүкіл қызметі түп-тамырымен өзгеруі, «жаңаруы» (Карл Либкнехттің сөзін қолданғанда) және ең *жоғарғы* революциялық міндеттерге бейімделуі тиіс екендігін анықтап алмай, ел қорғаудан бас тарту әншейін жариялана салатын болса, онда бұл мәлімдеме бос сөзге айналады.

Егер біз отан қорғауға *елеулі маңыз* беріп, шынында да *жүзеге асырылуға* тиісті саяси ұран деп қарағымыз келсе, одан бас тарту дегеннің өзі шындығында не нәрсе екенін дұрыстап ойланып көрейікші.

Біріншіден. Біз барлық соғысушы елдердің және соғыс қаупі төніп отырған барлық елдердің пролетарлары мен қаналғандарына отан қорғауды қабылдамауды ұсынамыз. Енді біз бірнеше соғысушы елдің тәжірибесінен қазіргі соғыста отан қорғауды қабылдамау дегеннің *шындығында* не екенін әбден айқын білеміз. Мұның өзі осы заманғы буржуазиялық қоғамның барлық негізін теріске шығару және теория жүзінде ғана емес, «жалпы алғанда» ғана емес, практикада, тікелей, нақ қазір осы заманғы қоғамдық құрылыстың түп-тамырына балта шабу деген сөз. Біз капитализмді социализмге айналдыру үшін оның қазірдің өзінде толық пісіп жетілгендігі жөнінде мейлінше берік теориялық сенімге жай келіп қана қоймай, біз осы социалистік төңкерістің, яғни социалистік революцияның практикада, тікелей, дереу жүзеге асырылатынын мойындаған жағдайда *ғана* біздің мұны орындай алатындығымыз айқын емес пе?

Бірақ отан қорғаудан бас тарту туралы айтқанда әрқашан дерлік осының өзі ұмыт қалады. Ең жақсы дегенде капитализм қазірдің өзінде социализмге айналу үшін пісіп жетілді дегенді «теория жағынан» мойындауға келіседі, *бірақ* партияның бүкіл қызметін *тікелей алда тұрған социалистік революцияның рухында дереу, түп-тамырымен өзгерту туралы — бұл туралы естігісі де келмейді!*

Халық бұған әзір емес тәрізді!

Бірақ бұл адам күлерлік дәйексіздік. Екінің бірі. Не ел қорғаудан дереу бас тартуды жариялауымыздың түкке қажеті жоқ,— не болмаса біз социалистік революцияны тікелей жүргізу жөнінде ұдайы насихаттау жұмысын *дереу* өрістетуіміз керек немесе өрістете бастауымыз керек. Белгілі бір мағынада алғанда «халық», әрине, ел қорғаудан бас тартуға *да*, социалистік революцияға *да* әзір емес, бірақ мұнан осындай ұдайы әзірлік жұмысының басталуын екі жыл — — —

екі жыл!— —бойы кейінге қалдыра тұруға біздің хақымыз бар деген қорытынды тумайды!

Екіншіден. Отан қорғау және азаматтық татулық саясатына не нәрсе қарсы қойылып отыр? 1915 жылғы Аараудағы партия съезінің қарарында мойындалғандай, соғысқа қарсы революциялық күрес, «революциялық бұқаралық қимылдар» қарсы қойылып отыр. Мұның өзі, күмән жоқ, тамаша шешім, бірақ... бірақ сол партия съезінен бергі уақыттағы партия тарихы, партияның *шын* саясаты мұның *қағаз жүзіндегі* шешім болып қалғанын дәлелдеп отыр!

Революциялық бұқаралық күрестің *мақсаты* не? Партия бұл жайында ресми түрде ештеңе айтқан жоқ және бұл жайында жалпы ештеңе де айтпайды. Не бұл мақсаттың *«социализм»* екендігі өзінен-өзі аян деп есептейді немесе осылай деп тура мойындайды. Капитализмге (немесе империализмге) социализмді қарама-қарсы қояды.

Бірақ нақ осының өзі мейлінше (теориялық жағынан) қисынсыз, ал практикалық жағынан мағынасыз. Қисынсыз болатын себебі, мұның өзі *тым* жалпылама, тым бұлдыр. Жалпы алғанда «социализмнің», мақсат ретінде, капитализмге (немесе империализмге) қарсы қойылуын қазір каутскийшілдер және социал-шовинистер ғана емес, сонымен қатар көптеген буржуазиялық әлеуметтік саясатшылар да мойындайды. Бірақ қазіргі уақытта әңгіме әлеуметтік екі системаны жалпылама қарама-қарсы қою жайында емес, қайта *нақты* қырсыққа қарсы, атап айтқанда *бүгінгі күнгі* қымбатшылыққа, *бүгінгі күнгі* соғыс қаупіне немесе *қазіргі* соғысқа қарсы нақты «революциялық бұқаралық күрестің» *нақты* мақсаты жайында болып отыр.

1889—1914 жылдардағы бүкіл II Интернационал социализмді жалпы капитализмге қарсы қойып келді және *нақ осы* тым жалпылама «қорытудан» ол банкрот болды. Атап айтқанда, ол өз дәуіріне тән ерекше қырсықты елемеді, ал мұны Фридрих Энгельс осыдан 30 жыл бұрын дерлік, 1887 жылғы 10 январьда, мынадай сөздермен сипаттаған еді:

«...Социал-демократиялық партияның өзінде, бұған рейхстаг фракциясын да қосып айтқанда, ұсақ буржуазиялық социализмнің белгілі бір сорты орын теуіп отыр. Ол онан қазіргі социализмнің негізгі көзқарастары және барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдыру талабы дұрыс деп танылатын, бірақ *мұны жүзеге асыру практикалық жағынан белгісіз, алыс болашақта ғана мүмкін деп танылатын* формада бейне табады. *Осының өзі арқылы қазіргі уақыттың міндеті жай әлеуметтік жамап-жасқау ретінде ғана белгіленеді...* («Тұрғын үй мәселесі жөнінде», Алғы сөз)[94].

Жалпы «социализм» *емес*, социалистік *революцияның нақты* шаралары ғана «революциялық бұқаралық күрестің» нақты мақсаты бола алады. Осы нақты шараларды — голланд жолдастардың мұны «Интернационалдық Социалистік Комиссия Бюллетенінің» 3-номерінде (Берн, 29 февраль, 1916 ж.) басылған өз программасында: мемлекеттік борыштарды жою, банктерді экспроприациялау, барлық ірі кәсіпорындарды экспроприациялау деп істегеніндей,— дәл белгілеу ұсынылып отырғанда, нақ осындай нақты шараларды партияның ресми қарарына енгізу және бұларды жиналыстарда, парламентте сөйленген сөздерде, инициативалы ұсыныстарда күнделікті партиялық насихат пен үгіт арқылы барынша ұғымды формада үнемі түсіндіріп отыру ұсынылса,— онда бұл жерде тағы да халық бұған әлі де әзір емес т. т. деген баз-баяғы бір сөзбұйдалық немесе жалтарма, бастан-аяқ софистік жауап айтылады!

Бірақ істің өзі осы әзірлікті нақ қазірдің өзінде бастауда және оны бұлжытпай жүргізуде ғой.

Үшіншіден. Партия революциялық бұқаралық күресті «мойындады». Тамаша-ақ. Бірақ партия бұл тәрізді нәрсені орындай *ала* ма? Ол осыған әзірленіп жатыр ма? Ол *осы* мәселелерді зерттеп отыр ма, тиісті материалдар жинай ма, *тиісті* органдар мен ұйымдар құрып отыр ма, халық арасында, халықпен бірге, тиісті мәселелерді талқылай ма?

Тіпті де олай емес! Партия тұтасынан және бүтіндей өзінің ескі, тек қана парламенттік, тек қана тред-юниондық, тек қана реформистік, тек қана жария жолында тапжылмастан қалып отыр. Партия революциялық бұқаралық күреске жәрдемдесуге және оған басшылық етуге көрінеу-көзге *қабілетсіз* күйінде қалып отыр, ол бұған көрінеу-көзге мүлдем дайындық жасамай отыр. Бұрынғы кертартпалық әлі үстем, сондықтан «жаңа» сөздер (отан қорғаудан бас тарту, революциялық бұқаралық күрес) — *тек сөз күйінде* қалып отыр! Ал солшылдар мұны түсінбейді және осы қырсықпен күресу үшін барлық жерде де, партиялық жұмыстың барлық саласында да өз күштерін ұдайы, табандылықпен жинап отырған жоқ.

Соғыс туралы мәселе жөніндегі Гримм тезистерінде айтылған төмендегі сөзді (соңғы сөзді) оқығанда таңырқамасқа болмайды:

> «Партия органдары, елдің кәсіптік ұйымдарымен бірлесіп, бұл жағдайда (яғни соғыс қаупі төнген жағдайда темір жол қызметшілерін бұқаралық ереуілге шақыру, т. т.) барлық қажетті шараларды қолдануға тиіс».

Бұл тезистер үстіміздегі жылдың жазында жарияланған, ал 1916 ж. 16 сентябрьде редакторлар: О. Шнееберген мен К. Дюррдің аттарымен қол қойылған «Schweizerische Metallarbeiterzeitung»[95]-тың бетінде төмендегі сөздерді (мен: Гриммнің тезистеріне немесе ізгі ниетті тілектеріне төмендегі *ресми жауапты* дей жаздадым) оқуға болар еді:

> «...Бүкіл Европа жұмысшыларының басым көпшілігі міне екі жыл бойы, өз отанының «жауларына» қарсы соғыс даласында буржуазиямен қоян-қолтық ілн тіресіп тұрған жағдайда, үйінде қалғандар, мұқтаждыққа және жоқшылыққа қарамастан, «шығысы» келіп отырған жағдайда «жұмысшының отаны жоқ» деген сөз өте насық... сөз. *Жат жердің шабуылына ұшыраған жағдайда біз, күмән жоқ, Швейцарияда да осы жағдайды көрген болар едік!!!*»

Бір жағынан, партия «кәсіптік ұйымдармен бірлесіп» революциялық бұқаралық ереуілдерге шақыруға тиіс деген қарарлар ұсынып, ал, екінші жағынан, *грютли-*

шілдік, яғни социал-патриоттық, реформистік, барынша жария, *бағыттарға* қарсы және партия мен кәсіптік одақтардағы олардың жақтастарына қарсы ешқандай күрес жүргізбей отырғанда, мұның өзі, «каутскийшілдік» саясат, дәрменсіз бос сөздің, солшыл тақпақтардың және оппортунистік практиканың саясаты емес пе?

Егер «басшы» жолдастар О. Шнеебергер, К. Дюрр, П. Пфлюгер, Г. Грейлих, Губер және *көптеген* басқалары *нақ осындай* социал-патриоттық көзқарастарды ұстап отырғандығын және іс швейцариялықтар туралы емес, *Германияның немістері туралы* болып жатқанда Гриммнің сондайлық «ерлікпен» әшкерелеп, аяусыз сынап отырғанындай социал-патриоттық саясаттың *нақ өзін* жүргізіп отырғандығын бұқараға айтып, *күнбе-күн* дәлелдеп отырмайтын болса, мұның өзі бұқараны «тәрбиелеу» бола ма немесе оны азғындату және берекесін кетіру болып шыға ма? Шетелдіктерді — балағаттау, «өзінің» «елдес азаматтарын» — бүркемелеу... осы да «интернационалистік» пе? осы да «демократияшылдық» па?

Герман Грейлих швейцариялық жұмысшылардың жағдайын, Швейцария социализмінің дағдарысын, сондай-ақ социалистік партияның *ішіндегі* грютлишілдік саясаттың *мәнін* төмендегі сөздермен сипаттады:

«...Тұрмыс дәрежесі аздап қана жақсарды, онда да пролетариаттың тек жоғарғы топтары үшін (тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!). Жұмысшылар бұқарасы бұрынғысынша мұқтаждықта, әбігершілікте, жоқшылықта күнелтеді. Сондықтан осы күнге дейін біздің жүріп келген жолымыз дұрыс па деген күдік оқтын-оқтын пайда болып отырады. Сыншылар жаңа жолдар іздейді және неғұрлым батыл қимылдарға мейлінше үміт артады. Осы бағытта әрекеттер істеліп бағады, бірақ бұлар, әдетте (?), орындалмай қалады (??), сөйтіп тағы да ескі тактикаға қайта оралуды жаңа күшпен туғызады» (осы жерде де тілек ой атасы болып отырған жоқ па?)... «Міне енді дүние жүзілік соғыс басталды... Бұрын қалайда біршама қанағаттанарлық күнелтіп келген топтардың тұрмыс дәрежесінің айрықша төмендеп, мұқтаждық күйге түсуі революциялық пиғылды күшейтеді» (тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!)... «Шынында да, партияға басшылық оның алдында тұрған міндеттердің өресіне сай бол-

мады және қызғын жандардың (солай ма? солай ма?) ықпалына тым беріліп кетті (??)... Грютлишілдік одақтың Орталық комитеті «практикалық ұлт саясатын» жүргізуді өз міндетіне алып отыр, ол бұл саясатты партиядан тыс жүргізбекші... Ол мұны партия ішінде не себепті істемеді?» (тыңдаңыздар! тыңдаңыздар!) «Ол әсіре радикалдармен күрес жүргізуді әрқашан дерлік не себепті маған артып қойды?» («Готтинген грютлишілдік одағына ашық хат», 26 сентябрь, 1916 ж.).

Грейлих осылай дейді. Демек, істің мәні, олардың айтып жүргеніндей, бірнеше «жаман ойлы шетелдіктердің» (партиядағы грютлишілдер өз іштерінен осылай деп ойлайды немесе баспасөзде осылай ишара жасайды, ал партиядан тыс грютлишілдер мұны ашық айтады) өздерінің жеке бастарының шыдамсыздығынан барып, өздері «шетелдіктер көзілдірігі» арқылы қарайтын жұмысшы қозғалысына революциялық рух енгізгісі келетіндігінде емес екен. Жоқ. Басқа емес, нақ Герман Грейлихтің өзі,— оның саяси ролі шындығында кішкене демократиялық республиканың буржуазиялық еңбек министрінің роліне тең,— жұмысшылардың тек жоғарғы топтарының ғана жағдайы ептеп жақсарып отыр, ал *бұқара* мұқтаждық көруде, сондықтан «революциялық пиғылдың күшеюі» қарғыс атқан шетелдік «арандатушылардан» болып отырған жоқ, қайта «тұрмыс дәрежесінің тым нашарлауынан» болып отыр, дейді бізге.

Ал сонымен?

Сонымен, егер біз былай десек, онымыз сөзсіз дұрыс болып шығады:

> *Не* швейцария халқы ашығатын болады, ашыққанда әрбір апта сайын сұмдық ашыға түседі, сөйтіп күнбе-күн империалистік соғысқа тартылып кету қаупіне, яғни капиталистердің мүдделері жолында өліп кету қаупіне ұшырайды, *немесе* ол өз пролетариатының таңдаулы бөлігінің кеңесін тыңдайды да, өзінің барлық күшін жинап, социалистік революция жасайды.

Социалистік революция? Утопия ғой! «Практикалық жағынан белгіленбейтін, алыс» мүмкіндік қой!..

Мұның утопиялылығы осы соғыста отан қорғауды теріске шығарудан немесе осы соғысқа қарсы революциялық бұқаралық күрес жүргізуден ешбір артық емес. Сөз жаңғырығы құлағыңды тұндырып тастамасын, сөздерге беріліп үрейлену болмасын. Соғысқа қарсы революциялық күресті мойындауға әркім дерлік әзір, бірақ революция арқылы осындай соғысқа тыйым салу міндетінің орасан зор екендігіне ден қойып көрсінші! Жоқ, бұл утопия емес. Революция барлық елде де *өршіп* келеді, сондықтан *ендігі жерде* мәселе: біршама тыныш өмір сүре беру керек немесе авантюраға шығу керек, деп қойылып отырған жоқ. Керісінше, *бөгде мүддsuccessful мүдделер үшін, бөтендердің мүдделері* үшін ашығу, қырғынға бару керек, немесе социализм үшін, адамзаттың $^{9}/_{10}$ бөлігінің мүдделері үшін асқан зор құрбандықтарға бару керек, мәселе қазір осылай қойылып отыр.

Социалистік революция бейнебір утопия тәрізді! Бірақ швейцария халқының, құдайға шүкір, «дербес» немесе «тәуелсіз» тілі жоқ, ол шекаралас соғысушы мемлекеттер сөйлейтін, дүние жүзілік үш тілде сөйлейді. Сөйтіп, осы мемлекеттерде не болып жатқанын швейцария халқының жақсы білетіндігіне таңырқайтын түк те жоқ. Германияда *66 миллион адамның* шаруашылық өміріне *бір орталықтан* басшылық етуге қол жетіп отыр, 66 миллион адамның халық шаруашылығын бір орталықтан ұйымдастыруға қол жетіп отыр, орасан зор құрбандықтар халықтың басым көпшілігіне жүктеліп отыр және осының бәрі соғыстан түскен миллиардтаған пайданы «жоғарғы 30 000» адамның қалтасына салып алуы үшін және ұлттың осы «ең ізгі де абзал» өкілдерінің пайдасына бола миллиондаған жанның қырғынға ұшырауы үшін істеліп отыр. Осындай *фактілер* бола отырып, осындай *тәжірибе* бола отырып, не монархиясы, не юнкерлері жоқ, капитализмнің өте жоғары сатысында тұрған, бәлкім, тіпті басқа капиталистік елдердің бәрінен де гөрі әр алуан одақтарға жақсы ұйымдасқан кішкене халық — міне, осындай халық *өзін ашаршылықтан және соғыс қаупінен сақтау үшін* Германияның іс жүзінде бастан

кешіргенінің *дәл өзін* істесе, шынымен-ақ «утопия» деп есептеуге бола ма екен, әрине, Германиядан мұның айырмасы мынадай: Германияда азын-аулақ адамды байыту үшін, Бағдатты өзіне қарату үшін, Балқан елдерін жаулап алу үшін миллиондаған адамды қырып, мүгедекке айналдырып жатқан болса, ал Швейцарияда ең көп дегенде 30 000 буржуаны экспроприациялау керек, яғни оларды өлім халіне жеткізбеу керек, бірақ «сұмдық» тағдырға ұшырату керек, олар *«тек»* 6—10 мың франк табыс алып, қалғанын, халықты ашаршылықтан және соғыс қаупінен сақтау үшін социалистік жұмысшы үкіметіне тапсыруы керек.

Бірақ ұлы державалар социалистік Швейцарияға еш уақытта төзіп отыра алмайды ғой, сондықтан Швейцариядағы социалистік революцияның алғашқы бастамасын-ақ осы державалардың орасан басым күші жаныштап тастайтын болады!

Егер, біріншіден, Швейцарияда революцияның бастамасы шекаралас елдерде таптық ынтымақтастық қозғалысын *тудырмай-ақ* мүмкін болса, екіншіден, егер осы ұлы державалар, ең шыдамды деген халықтардың шыдамын қазірдің өзінде-ақ титықтатып бітті деуге болғандай «титығына жеткенше соғысудың» тұйығына тіреліп отырмаған болса, мұның өзі, күмән жоқ, солай болар да еді. Ал қазір біріне-бірі жау ұлы державалардың тарапынан әскери жолмен қол сұғу бүкіл Европада революцияның тұтанып кетуінің прологы ғана болар еді.

Мүмкін, сіздер мені жұртты «үгіттеп көндіру арқылы» социалистік революция тәрізді мәселені шешуге болады деп сенетін, сондай бір аңғал екен деп ойларсыздар?

Жоқ. Мен тек, егер *отан қорғаудан бас тарту* туралы мәселеге шынымен байыпты қарағымыз келсе, партияның бүкіл насихат жұмысында қандай *өзгерістер* болуға тиіс деген *сипаттама* және оның бер жағында *жеке бір мәселе* жөнінде ғана *сипаттама* бергім келеді! Бұл *тек* бір жеке мәселеге берілген сипаттама *ғана* — мұнан үлкенірек нәрсеге дәмеленіп те отырғаным жоқ.

Социалистік революция жолында тікелей күрес жүргізу үшін реформалар жолындағы күресті тастай саламыз немесе тастауға тиістіміз деп ұйғару мүлдем теріс болар еді. Тіпті де олай емес. Табысқа қаншалық тез жетерімізді, *бұл* революцияның болуына объективті жағдайлардың қаншалықты тез арада мүмкіншілік беретінін біз біле алмаймыз. Біз бұқараның экономикалық жағдайының да, саяси жағдайының да қандайлық болсын жақсаруын, шын жақсаруын қолдауға тиіспіз. Біздің реформистерден (яғни Швейцариядағы грютлишілдерден) айырмашылығымыз реформаға біздің қарсы болып, ал олардың мұны жақтайтындығында емес. Тіпті де бұлай емес. Олар реформалармен шектеліп қалады, сөйтіп, соның салдарынан олар, «Schweizerische Metallarbeiterzeitung»-тің (№40) бір (сирек кездесетін!) революцияшыл қызметкерінің өте тауып айтқанындай, «капитализмнің ауру күтушісінің» қарапайым роліне дейін төмендейді. Біз жұмысшыларға: пропорциялы, т. с. сайлауды жақтап дауыс беріңіздер, бірақ өз қызметтеріңізді мұнымен ғана шектемеңіздер, қайта дереу социалистік революция жасау идеясын ұдайы таратуды бірінші кезекке қойыңыздар, соған әзірленіңіздер және қай жағынан да болсын партияның бүкіл қызметіне тиісінше түбегейлі өзгерістер енгізіңіздер дейміз. Буржуазиялық демократияның жағдайлары бізді толып жатқан ұсақ және өте ұсақ реформалар жөнінде белгілі бір позиция ұстауға өте жиі мәжбүр етеді, бірақ реформа үшін позицияны *сондай* ұстай білу немесе ұстауды (сондай түрде) үйрене білу керек, біз,— неғұрлым айқын болу үшін біршама оңайлатып айтқанда,— әрбір жарты сағаттық сөзде 5 минут реформалар туралы, ал 25 минут алдағы революция туралы айтатын болайық.

Көптеген құрбандықтар болатын революциялық бұқаралық ауыр күрес болмайынша, социалистік революция жасау мүмкін емес. Бірақ революциялық бұқаралық күресті, соғыстың дереу аяқталуына ұмтылуды мойындай отырып, сонымен қатар социалистік революцияны дереу жасауды қабылдамау дәйексіздік болар

еді! Екіншісі болмайынша, біріншісі түк те емес, бос сөз.

Партия ішінде де ауыр *күрес* болмай тұрмайды. Бірақ біз Швейцария социал-демократиялық партиясында жалпы алғанда «ішкі татулық» үстем *бола алады* деп ойлайтын болсақ, онымыз тек бұраландау, екіжүзділік, түйе құстың мещандық саясаты ғана болар еді. Мәселе: не «ішкі татулық», не «ішкі партиялық күрес» деп қойылып отырған жоқ. Мұндай жорамалдың мейлінше жалған екенін көру үшін Герман Грейлихтің жоғарыда айтылған хатын оқу және соңғы бірнеше жылда партия ішінде болған оқиғаларды шолып шығу жеткілікті.

Шынында мәселе былай қойылып отыр: *не* бұқараны азғындатуға әсер ететін, ішкі партиялық күрестің *қазіргі* жасырын *формалары* болады, *не* интернационалистік-революциялық ағым мен партия ішіндегі және одан тыс грютлишілдік бағыттың арасындағы ашық принципті күрес болады.

Мұндай «ішкі күрес» — Г. Грейлих «әсіре радикалдарға» немесе «қызғын жандарға», бұл құбыжықтарды дәл атамай, олардың саясатын дәл анықтап алмай, шүйлігіп жататын, ал Р. Гримм «Berner Tagwacht»-та оқушылардың $^{99}/_{100}$ бөлігіне мүлдем түсініксіз, ишараттарға лық толы мақалалар басып, онда «шетелдіктердің көзілдірігі» немесе Гриммге ұнамайтын қарарлар жобасының «іс жүзіндегі айыпкерлері» балағатталып жататын күрес — мұндай ішкі күрес бұқараны *азғындатады*, сөйтіп бұқара мұны, *шын мәніне келгенде әңгіменің не жөнінде болып отырғанын түсінбей*, «көсемдер арасындағы» өзінше бір «кикілжің» деп біледі немесе солай деп жорамалдайды.

Ал мұндай күрес, партияның *ішіндегі* грютлишілдік бағыт — партиядан тысқары бағыттан мұның өзі анағұрлым зор, анағұрлым қауіпті,— солшылдарға қарсы *ашық* күресуге мәжбүр болатын, екі *бағыттың* екеуі де қай жерде болсын өздерінің дербес көзқарастарымен және өздерінің саясатымен қимыл жасайтын, сөйтіп маңызды принципті мәселелердің шешуін «көсемдерге» ғана емес, *шын мәнінде* партиядағы жолдастардың

бұқарасына тапсырып, бірімен бірі *принципті түрде* күресетін күрес,— мұндай күрес қажет те пайдалы, бұл күрес *бұқараны* дербестікке және өздерінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи революциялық міндетін орындауға қабілетті етіп *тәрбиелейді*.

1916 ж. декабрьде неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ОТАН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ

Буржуазия және жұмысшы қозғалысындағы оның жақтастары, грютлишілдер, әдетте мәселені былайша қояды:

не біз отан қорғау борышын принципті түрде мойындаймыз, не біз елімізді қорғаусыз қалдырамыз.

Мәселені бұлай қою түп-тамырымен теріс.

Шынында мәселе былай қойылып отыр:

не біз империалистік буржуазияның мүдделері үшін басымызды өлімге тігеміз, не азын-аулақ құрбандықтар жасап, банктерді басып алу үшін, буржуазияны экспроприациялау үшін, жалпы алғанда, қымбатшылық пен соғыстарды жою үшін қапалгапдардың көпшілігін және өзімізді де ұдайы әзірлей береміз.

* *
*

Мәселенің бірінші түрде қойылуы социалистік емес, бастан-аяқ буржуазиялық түрде қою болып табылады. Онда біздің империализм дәуірінде өмір сүріп отырғандығымыз, қазіргі соғыстың империалистік соғыс екендігі, Швейцария қандай жағдайда болсын осы соғыстың тұсында империализмге *қарсы* шайқаспай, қайта белгілі бір империалистік державалар коалициясы *жағында* болатыны, яғни іс жүзінде ол белгілі бір жыртқыш ірі державаның шабарманы болатыны, Швейцария буржуазиясы ірі банктердің өзара қарым-қатынас жүйесі және «өзара қатысуы» арқылы бола

ма, капитал экспорты арқылы бола ма әлде туристерге байланысты және шетелдік-миллионерлердің есебінен өмір сүретін өнеркәсіп арқылы бола ма, немесе правосыз шетелдік жұмысшыларды арсыздықпен қанау, т. т. арқылы бола ма, бәрі бір, әлдеқашаннан-ақ империалистік мүдделерге мыңдаған арқаулар арқылы байланып отырғандығы ескерілмейді.

Бір сөзбен айтқанда, социализмнің барлық негізгі қағидалары, барлық социалистік идеялар ұмытылып отыр, жыртқыштық империалистік соғыс боямаланып, өзінің «төл» буржуазиясы қойдан да жуас сияқты, ал қазіргі Швейцарияның алаяқ банк директорлары батыр Вильгельм Телльдер сияқты бейнеленіп отыр, оның бер жағында отандық және шетелдік банктер мен дипломаттардың арасындағы құпия келісімдерді көрмегенсіп отыр, сөйтіп буржуазиялық өтіріктің осы адам айтқысыз қоқсығының бәрі халықты есеңгірететін, «отан қорғау» деген «кең тараған» сұлу сөзбен бүркемеленіп отыр!

1916 ж. декабрьде неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 1 августа «Правда» газетінің 174-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ЖАСТАР ИНТЕРНАЦИОНАЛЫ

(ЗАМЕТКА)

Осы атпен 1915 жылғы 1 сентябрьден бастап Швейцарияда неміс тілінде «жастардың социалистік ұйымдары халықаралық одағының жауынгерлік және насихат органы» шығып келеді. Бұл басылымның қазір не бары 6 номері шықты; мұны асылы атап көрсете кету қажет, сонан соң шетелдегі социал-демократиялық партиялармен және жастар ұйымдарымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі бар біздің партияның барлық мүшелерінің мықтап назар аударуына ұсыну керек.

Европаның ресми социал-демократиялық партияларының көпшілігі қазір ең жиіркенішті, пасық социал-шовинизм мен оппортунизм позициясын ұстап отыр. Неміс, француз партиялары, Англиядағы фабийлік партия[96] мен «жұмысшы» партиясы[97], швед, голланд (Трульстра партиясы), датчан, австриян партиялары және басқалары — осындай партиялар. Швейцария партиясында әсіре оппортунистер партиядан *тыс* «Грютли-одақ» болып бөлінгеніне (жұмысшы қозғалысының зор бақытына қарай) қарамастан, социал-демократиялық партияның өз ішінде партияның ісіне *зор* ықпалы бар, оппортунистік, социал-шовинистік және каутскийшілдік сарындағы көптеген көсемдер қалып отыр.

Европада істің жайы осындай болып отырғанда, жастардың социалистік ұйымдарының одағына орасан зор, ардақты — бірақ оның есесіне қиып да — міндет жүктеледі, ол — империалистік буржуазия жағына

шығып кеткен, етек алған оппортунизмге қарсы революциялық интернационализм *үшін*, шынайы социализм *үшін* күрес міндеті. «Жастар Интернационалында» революциялық интернационализмді жақтайтын бірқатар жақсы мақалалар басылған және бүкіл басылым қазіргі соғыста «отанды қорғап», социализмге опасыздық етіп отырғандарға қатты өшпенділік көрсетудің тамаша рухына толы, халықаралық жұмысшы қозғалысын опы жегідей жеп отырған шовинизм мен оппортунизмнен тазартуға барынша адал талпыну ниетіне толы.

Әлбетте, жастар органында теориялық айқындылық пен беріктік *әлі* жоқ, мүмкін, еш уақытта болмас та, атап айтқанда оның болмайтын себебі, бұл орган — аса қызу қанды, буырқанған, ізденімпаз жастардың органы. Бірақ *мұндай* адамдардың теориялық анық ұғымының жеткіліксіздігіне мүлде басқаша қарау керек,— біздің «окистердің», «социал-революционерлердің», толстойшылдардың, анархистердің, бүкіл европалық каутскийшілдердің («центрдің»), т. т. бастарындағы теориялық былыққа, жүректерінде революциялық дәйектіліктің жоқтығына қалай қарауымыздан — қалай қарауға тиістілігімізден — басқаша қарауымыз керек. Басқаларды бастаудан, үйретуден дәмеленетін, пролетариатты жолдан адастыратын ересек адамдар бір басқа: оларға қарсы *аяусыз* күресу қажет. Біз әлі оқып-үйренудеміз, біздің негізгі ісіміз — социалистік партияларға қызметкерлер даярлау деп ашық мәлімдеп отырған *жастар* ұйымдары — басқа нәрсе. Мұндай адамдарға барынша жәрдемдесу керек, олардың қателеріне мүмкіндігінше шыдамдылықпен қарап, оларды бірте-бірте түзетуге және күресу жолымен емес, көбінесе *көзін жеткізу* арқылы түзетуге тырысу керек. Егде тартқан, қарт буынның өкілдері кейде жастарға дұрыстап жанаса *білмейді*, ал жастар амалсыздан социализмге басқа жолмен, олардың әкелерінің жүрген жолындай *емес, ондай формада емес, ондай* жағдайда *емес, басқаша* жолмен жақындауға мәжбүр болып отыр. Сондықтан, айта кетелік, біз жастар одағының *ұйымдық дербестігін* сөзсіз қолдауымыз

керек *және* бұл дербестіктен оппортунистердің қорқатындығынан *ғана емес*, істің мәні тұрғысынан қарап қолдауымыз керек. Өйткені жастар толық дербес болмайынша өздерін жақсы социалистер етіп даярлай да *алмайды*, социализмді *ілгері* бастыра беруге әзірлене де *алмайды*.

Жастар одақтарының толық дербестігін жақтау керек, сонымен қатар олардың қателерін жолдастық сынға салуға да толық бостандық болуы керек! Біз жастарды бет алды мақтамауға тиістіміз.

Біз айтып отырған тамаша органның қателеріне алдымен мына үш қате жатады:

1) Қарусыздану (яки «қаруды тастау») туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстаған; оны біз жоғарыда, жеке мақалада* сынап отырмыз. Қателік, социалистік революцияда азамат соғыстарының ролін ұмытып, «милитаризмді толық жоюға» (бұл әбден дұрыс) ұмтылудың қажеттігін баса көрсетем деген жақсы талаптан ғана туған деп ойлауға негіз бар.

2) Социалистер мен анархистердің мемлекетке көзқарастары жағынан олардың айырмашылығы туралы мәселе жөнінде Nota-Bene жолдастың мақаласында (№ 6) өте ірі қате жіберілген (сол сияқты, басқа бірнеше мәселе жөнінде, мәселен, біздің «отан қорғау» ұранына қарсы күресімізді *дәлелдеу* туралы мәселе жөнінде қате кеткен). Автор (империалистік қарақшы мемлекет туралы түсінік берумен қатар) «жалпы алғанда мемлекет туралы анық түсінік» бергісі келеді. Ол Маркс пен Энгельстің бірнеше мәлімдемесін цитатқа келтіреді. Сөйтіп ол, былайша айтқанда, мынадай екі қорытындыға келеді:

а) «...Социалистер мен анархистердің арасындағы айырмашылықты біріншісінің мемлекетті жақтайтындығынан, екіншісінің мемлекетке қарсы екендігінен іздеу мүлде қате. Шынында айырмашылық мынада: революциялық социал-демократия жаңа қоғамдық өндіріс ұйымдастырғысы келеді, орталықтанған, яғни техника жағынан анағұрлым прогресшіл өндіріс ұйым-

---

* Қараңыз: осы том, 170—182-беттер. *Ред.*

дастырғысы келеді, ал орталықтанбаған анархистік өндіріс ескі техникаға, кәсіпорындардың ескі формасына қарай бір қадам шегінудің дәл өзі болар еді». Бұл дұрыс емес. Автор социалистер мен анархистердің *мемлекет* жөніндегі көзқарастарында айырмашылық неде екендігі туралы мәселені қояды да, бұл мәселеге жауап *бермей*, олардың болашақ қоғамның экономикалық негізі жөніндегі көзқарастарының айырмашылығы неде деген *басқа* мәселеге жауап береді. Бұл, әрине, өте маңызды, қажетті мәселе. Бірақ бұдан социалистер мен анархистердің мемлекетке көзқарастарының айырмашылығындағы *басты* нәрсені ұмытуға болады деген мағына тумайды. Социалистер осы замандағы мемлекетті және оның мекемелерін жұмысшы табын азат ету жолындағы күресте пайдалануды жақтайды, сол сияқты мемлекетті капитализмнен социализмге өтудің ерекше формасы ретінде пайдаланудың қажеттігін жақтайды. Мұндай өту формасы — пролетариат диктатурасы, *ол да* мемлекет.

Анархистер мемлекетті «жойғысы», Nota-Bene жолдастың бір жерде айтқанындай, оны «қопарғысы» («sprengen») келеді; ал бұл көзқарас қатеден социалистерге таңылады. Социалистер — амал не, автор Энгельстің бұған оншалық толық қатысты емес сөздерін цитатқа келтірген — мемлекеттің буржуазияны экспроприациялағаннан *кейін* «құруын», бірте-бірте «ұйқыға кетуін» мойындайды.

б) «Бұқараның тәрбиешісі болып табылатын немесе қалай да солай болуға тиісті социал-демократия өзінің мемлекетке принципті түрде қарсы екендігін қазір қай уақыттағыдан болса да көбірек баса көрсетуге тиіс... Қазіргі соғыс мемлекеттіктің тамырлары жұмысшылардың бойына қаншалықты терең сіңгендігін көрсетті». Nota-Bene жолдас осылай деп жазады. Мемлекетке «принципті түрде қарсы екендікті» «баса көрсету» үшін оны шындығында «айқын» ұғыну керек, ал авторда нақ осы айқындық жоқ. Ал «мемлекеттіктің тамырлары» туралы сөз — маркстік емес, социалистік те емес, мүлде шатасқан сөз. Мемлекеттікті теріске шығарумен қақтығысып отырған «мемлекеттік» емес,

қайта оппортунистік саясат (яғни мемлекет жөніндегі оппортунистік, реформистік, буржуазиялық көзқарас) революциялық социал-демократиялық саясатпен (яғни буржуазиялық мемлекет жөніндегі және буржуазияны құлату үшін мемлекетті буржуазияға қарсы пайдалану жөніндегі революциялық социал-демократиялық көзқараспен) қақтығысып отыр. Бұлар — тіпті, мүлде әр түрлі нәрселер. Бұл мейлінше маңызды мәселеге біз бөлек бір мақалада қайта оралармыз деп сенеміз[98].

3) «Секретариаттың жобасы» ретінде 6-номерде басылған «жастардың социалистік ұйымдары халықаралық одағының принципті мәлімдемесінде» жекелеген дәл емес жерлер аз емес, ал *басты* мәселе: қазір бүкіл дүние жүзілік социализмде күресіп отырған түбегейлі *үш* бағытты (социал-шовинизм; «центр»; солшылдар) айқын салыстыру мүлде жоқ.

Тағы да айтамын: жастар ұйымдарымен қарым-қатынас жасаудың, жақындасудың жолын бар күшті сала іздестіріп, оларға барынша көмектесе отырып, бұл қателерді көрсетіп беру керек, түсіндіру керек, бірақ жастарға *білгірлікпен* жақындаса білу керек.

1916 ж. декабрьде
««Социал-Демократ» жинағының»
2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша
басылып отыр

ОППОРТУНИЗМДІ АҚТАУҒА ӘРЕКЕТТЕНУ

Патша өкіметіне жарамсақтанушы француз үкіметі жақында жауып тастаған Париждегі «Наше Слово» (жабу сылтауы: Марсельде бүлік шығарған орыс солдаттарынан «Наше Словоның» кейбір даналары табылған!) депутат Чхеидзенің «аянышты» роліне ызалапды. Өкімет орындарының рұқсаты бойынша Чхеидзе Кавказда көпшілік жиналыстарында сөз сөйлеп, халықты «толқулар» (дүкендерді қирату және басқаларды) жасамауға, қайта кооперативтер, т. т. құруға шақырған. Социал-демократ*сымақтың* «губернатордың, полковниктің, поптың және приставтың қол астында ұйымдастырылған» («Наше Слово» № 203) бұл сапары жақсы-ақ екен.

Л. Мартов бундшылдардың «Бюллетенінде» дереу осы «Чхеидзені оянып келе жатқан революциялық рухты сөндіруші біреу етіп» (?? «біреу етіп» емес, «барлық жойымпаздар сияқты етіп») «көрсетушілікке» қарсы игі ниетті наразылық білдіруге асықты. Мартовтың Чхеидзені қорғауы екі бағытта: іс жүзінде және принцип жүзінде болып отыр.

Іс жүзіндегі наразылығы мынадай: «Наше Слово» Кавказдың қаражүздік газетінен цитат келтіріп отыр, Чхеидземен қатар сөйлегендердің ішінде Миколадзе отставкадағы офицер, «өз уезінде белгілі радикал қоғам қайраткері», ал священник Хундадзе «социал-демократиялық қозғалысқа қатысқаны үшін 1905 ж. жауапқа тартылған» («грузин социал-демократиялық

қозғалысына селолық священниктердің қатысуы едәуір дағдылы құбылыс»,— деп қосады Мартов).

Мартовтың Чхеидзені «қорғауы» осындай. Қорғауы өте-мөте нашар. Егер Чхеидзенің поппен қатар сөйлеуі туралы қаражүздік газет жазған болса, мұның өзі *фактіні* ешбір теріске шығармайды, сөз сөйленгенін Мартовтың өзі де мойындап отыр.

Хундадзенің «1905 ж. жауапқа тартылуы» тіпті еш нәрсені де дәлелдемейді, өйткені ол кезде Гапон да, Алексинский де «жауапқа тартылған». *Қазір* Хундадзе мен Миколадзе қандай партияға жатады немесе тілектес, олар *қорғампаздар* емес пе екен,— Мартов «атбекеттік» жасамай, шындықты іздегісі келсе, міне, осыны анықтауы керек еді. «Өз уезінде белгілі радикал қоғам қайраткері»— мұндай сөз бізде, біздің баспасөзде, екінің бірінде кәдімгі либерал помещикті көрсетеді.

«Наше Слово» «мүлде жалған суреттеді» деп айқайлап, Мартов өзі зәредей де теріске шығара алмаған *шындықты* өз айқайымен көлегейлегісі келеді.

Бірақ ең бастысы бұл емес. Бұл тек гүлі ғана, ал жемісі алда. Чхеидзенің қылығы «аянышты» екенін іс жүзінде бекер деу арқылы теріске шығара алмаған Мартов оны өзінің *принципті* қорғауы арқылы *растап берді.*

«Мына нәрсе күмәнсыз болып отыр: жолдас Чхеидзе» (?? Потресовтың және К°-нің жолдасы ма?),— деп жазады Мартов.—«Кавказдағы толқулардың реакциялық бағыт алуына бұл бағыт қаражүздіктердің ықпалына түскендіктен» (? олар түскен шығар?) «қарсы шығуды қажет деп есептемеген, сонымен қатар оның қиратушы формаларына да (дүкендерді қирату, көпестерге күш қолдану) қарсы шығуды қажет деп санаған; жалпы айтқанда, халықтың наразылығы реакциялық ықпалдардан тыс та осындай формаларға түсуі мүмкін». Ескеріп қойыңыз: «күмәнсыз болып отыр»!

Сөйтіп Мартов В. Маклаковтан бетер бұлбұлдай сайрайды: бұқараның дәрменсіздігі, бытыраңқылығы, «сасқалақтығы, ол түгіл тіпті санасының кемдігі»... «бұл сияқты бүліктер» жолына түсу мақсатқа жеткізбейді және сайып келгенде пролетариаттың мүдделері

тұрғысынан қарағанда зиянды»... Бір жағынан, «туып отырған қозғалыста стихиялық және мақсатқа сай емес қимылдар болып отырғандықтан, одан сырт айналатын революциялық партия — жаман партия», екінші жағынан, «мақсатқа сай емес қимылдар ретіндегі осы оқиғаларға қарсы күрестен бас тартуды өзінің революциялық борышы деп есептейтін партия жаман партия болар еді»... «Біздің Россияда... соғысқа қарсы күрестің ұйымдасқан науқаны әлі басталмағандықтан (?), пролетариаттың саналы элементтерінің бытыраңқылығы біздің жағдайымызды 1904—1905 жылдар түгіл, тіпті 1914—1915 жылдармен де (?) салыстыруға мүмкіндік бермейтіндіктен,— сондықтан қымбатшылық, т. т. себепті туып отырған халық толқулары, өте маңызды *симптомдар* болса да, біздің міндетіміз болып табылатын қозғалыстың *тікелей* (?) негізі бола алмайды (?). Оларды дұрыс «пайдалапу» дегеніміз соларда көрінетін наразылықты қандай болсын бір ұйымдасқан күрестің арнасына салу болуы мүмкін; мұндай күрестен тыс бұқараның революциялық міндеттер қоюы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Сондықтан, тіпті (!!) бұқараның талапкерлігін дамыту негізінде кооперативтер ұйымдастыруға, бағаны тұрақты ету мақсатымен қалалық думаларға қысым жасауға, т. с. паллиативтерге шақыру да мәймөңкелеуден гөрі анағұрлым революциялық (ха-ха!) және жемісті іс болып табылады... жеңілтектік жалдаптықтар «тура қылмыс», т. т.

Бұл сорақы сөздерді оқығанда байсалдылық сақтау да қиын. Тіпті бундтық редакция да Мартовтың алаяқтық істеп отырғанын, сірә, сезсе керек, сөйтіп оның мақаласына қоса «тағы да қайта оралу керек...» деген екіұшты уәде берді.

Мәселе айдан анық. Чхеидзе өзі дұрыс емес деп есептеген формадағы толқулар жайында айтты делік. Оның правосы және революционерлік міндеті *мақсатқа сай емес* формаға қарсы күресу болғаны анық... не үшін? мақсатқа сай *революциялық* қимылдар үшін бе? әлде мақсатқа сай *либералдық* күрес үшін бе?

Бар гәп осында! Ал Мартов нақ осыны шатастырып отыр!

Чхеидзе мырза революциялық түрде көрінген «бұқараның наразылығын» мақсатқа сай *революциялық* күрестің арнасына емес, *либералдық* күрестің *«арнасына»* «салды» (тек бейбіт кооперативтер, тек жария түрде, губернатор мақұлдаған соң ғана қалалық думаларға қысым жасау, т. т.). Істің мәні осында, ал Мартов сөзді судай сапырып, либералдық саясатты қорғап отыр!

Революцияшыл социал-демократ былай дейді: дүкенді қирату дұрыс емес, ең болмаса Баку, Тифлис, Питер жұмысшыларымен бір мезгілде байсалдырақ демонстрация жасайық, өзіміздің өшпенділігімізді үкіметке қарсы жұмсайық, әскердің бейбітшілікті тілейтін бөлегін өзімізге тартайық. Чхеидзе мырзаның айтқаны *осылай ма?* Жоқ, ол *либералдарға қолайлы* «күреске» шақырды!

Мартов «революциялық бұқаралық қимылдарды»[99] ұсынатын «платформаны» жасай қойды,— өзін жұмысшылар алдында революционер етіп көрсетуі керек қой!— ал жергілікті жерде, Россияда, осы қимылдардың алғашқы бастамасы болып жатқан кезде, ол барлық өтірік-шынды араластырып, «солшыл»-*либерал* Чхеидзені қорғай бастайды.

«Россияда соғысқа қарсы күрестің ұйымдасқан науқаны әлі басталған жоқ...» 1-ден, бұл өтірік. Ол Питерде прокламациялар, митингілер, стачкалар, демонстрациялар арқылы болса да басталды. 2-ден, *егер* ол қайсыбір провинцияда басталмаса, *оны бастау керек*, ал Мартов Чхеидзе мырзаның «бастап отырған» либералдық науқанын «анағұрлым революциялық» науқанға балап отыр.

Мұның өзі оппортунистік пасықтықты ақтау емес пе?

1916 ж. декабрьде «„Социал-Демократ" жинағының» 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

ЧХЕИДЗЕ ФРАКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РОЛІ

Чхеидзе мен К^0 мырзалар социал-демократиялық пролетариаттың өкілдері *еместігін* және нағыз социал-демократиялық жұмысшы партиясының бұл фракциямен ешқашан да ымыраласпайтынын, бірікпейтінін біз әрқашан көрсетіп келдік. Біздің дәлелдеріміз мынадай даусыз фактілерге сүйенді: 1) Чхеидзе қолданып жүрген «елді аман сақтап қалу» формуласының мәні жағынан қорғампаздықтан ешбір айырмашылығы жоқ; 2) Потресов мырза мен К^0-ге, тіпті Мартов қарсы шыққан кезде де, Чхеидзе фракциясы оған еш уақытта қарсы шыққан жоқ; 3) әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға — шешуші факт — бұл фракция қарсы шыққан жоқ.

Бұл фактілер жөнінде ешкім дауласуға тырысқан да емес. Чхеидзенің жақтастары олар туралы әншейін үндемейді.

«Наше Слово» мен Троцкий, бізді «фракцияшылдық» жөнінде балағаттай отырып, фактілердің қысымымен барған сайын Ұйымдастыру комитеті мен Чхеидзеге қарсы күреске ойыса берді; бірақ нашесловошылдар нақ сол «қысыммен» (біздің сынның және фактілер сынының қысымымен) ғана бір позициядан екінші позицияға шегіне берді, ал үзілді-кесілді сөзін *әлі күнге дейін айтқан жоқ*. Чхеидзе фракциясымен бірлік жасау керек пе әлде жікке бөліну керек пе?— олар бұл туралы ойлауға әлі де болса қорқады!

«Бундтың Шетелдік Комитеті Бюллетенінің» 1-номерінде (сентябрь, 1916) 1916 жылы 26 февральда Питерден жазылған хат бар. Бұл хат — біздің берген бағамызды әбден растайтын құнды документ. Хаттың авторы «меньшевизмнің өзінің лагеріндегі күмәнсыз дағдарысты» ешбір жалтақсыз ашық мойындайды, оның үстіне — бұл ерекше сипатты нәрсе — әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға *қарсы меньшевиктер* туралы ол *мүлде ештеңе де айтпайды!* Ол Россияда оларды көрмеген және олар туралы естімеген!

Ол: Чхеидзе фракциясының бес мүшесінің үшеуі «қорғаныс позициясына» (Ұйымдастыру комитетіне де) қарсы, *екеуі жақтайды* деп мәлімдейді.

«Фракцияға қызмет етуші адамдар,— деп жазады ол,— фракцияның көпшілігін ұстаған позициясынан қозғай алмай жүр. Фракцияның көпшілігіне қорғаныс позициясын теріске шығаратын жергілікті «инициативалық топ»[100] жәрдемдесіп отыр».

Қызмет етуші адамдар — өздерін социал-демократтар деп атайтын Потресов, Маслов, Ортодокс және К° типтес либерал интеллигент мырзалар. *Интеллигенттердің* бұл тобы — оппортунизм мен либералдық жұмысшы саясатының «ошағы» деп біздің талай рет көрсеткенімізді *енді бундист растап отыр.*

Ол мұнан әрі былай деп жазады: «Өмір... жаңа органды, барған сайын жұмысшы қозғалысының орталығына айналып келе жатқан жұмысшы тобын туғызды (Пуришкевич пен Гучков туғызған жоқ па?). (Автор Гучковтық немесе, бұрынғы терминді қолданғанда, столыпиндік жұмысшы қозғалысы туралы айтып отыр: басқа қозғалысты ол мойындамайды!) *«Жұмысшы тобын сайлауда мынадай мәмлеге келісті: қорғаныс және өзін өзі қорғау емес, елді аман сақтап қалу; бұлай дегенде неғұрлым кең мағынадағы бірдеңе көзделді».*

Чхеидзені және ол жөнінде Мартовтың айтқан өтірігін *бундистің* әшкерелеуі, міне, осындай! Чхеидзе мен Ұйымдастыру комитеті, әскери-өнеркәсіп комитеттеріне гучковшіл сабаздарды (Гвоздевті, Брейдоны және басқаларды) сайлағанда, *мәмлеге келді.* Чхеидзенің

қолданып отырған формуласы — Потресовпен және Гвоздевтермен мәмлеге келу!

Мартов мұны жасырды, жасырып та отыр.

Мәмлеге келу мұнымен біткен жоқ. Декларация да мәмлеге келу жолымен жасалды; мұны *бундист* былай деп сипаттайды:

> *«Айқындық құрыды».* «Фракция көпшілігінің және «инициативалық топтың» өкілдері наразы болған күйінде қалды, өйткені қайткен күнде де бұл декларация — қорғаныс позициясын тұжырымдау мағынасында алға басқан зор қадам». *«Мәмлеге келу — шын мәнінде неміс социал-демократиясының позициясы, бірақ Россияға қолдануға лайық».*

Бундист осылай деп жазады.

Мәселе айқын болса керек? Бір партия — окистік, чхеидзелік, потресовтік партия. Онда екі қанат күресіп отыр және *келісім жасасып*, мәмлеге келіп, бір партияда қалып отыр. Әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысу *негізінде* мәмлеге келіп отыр. Тек «дәлелдерін» тұжырымдау жөнінде (яғни жұмысшыларды алдау әдісі жөнінде) таласуда. Мәмлеге келудің қорытындысында «шын мәнінде неміс социал-демократиясының позициясы» келіп шығады.

Сонымен не болды? Ұйымдастыру комитетінің партиясы социал-шовинистік партия деп біздің айтқанымыз дұрыс болып шықпады ма? Партия ретінде, Ұйымдастыру комитеті мен Чхеидзе Германиядағы Зюдекумдер тәрізді емес пе?

Олардың Зюдекумдермен ұқсас екенін тіпті бундист те мойындауға мәжбүр болып отыр!

Чхеидзе мен $К^0$ де, Ұйымдастыру комитеті де, мәмлеге келуге «наразы» болғанымен, еш жерде, ешқашан да оған қарсы шыққан емес.

1916 ж. февральда істің жайы осылай еді, ал 1916 ж. апрельде Мартов «инициативалық топтың» мандатымен Кинтальға келіп, *бүкіл* Ұйымдастыру комитетінің, *жалпы* алғанда Ұйымдастыру комитетінің өкілі болды.

Бұл Интернационалды алдау емес пе?

Енді не болып отырғанын қараңызшы! Потресов, Маслов, Ортодокс *өздерінің* ашық қорғампаздық орга-

ны «Делопы»[101] құрып, Плехановты *жазып тұруға шақырып отыр*, Дмитриев, Череванин, Маевский, Гр. Петрович және т. б. мырзаларды, жойымпаздықтың тірегі болған интеллигенттердің бүкіл компаниясын топтастырып отыр. Большевиктердің атынан *1910 ж. майда* («Дискуссионный Листок»[102]) *тәуелсіз-жарияшылдар тобының** түпкілікті топтасуы туралы менің айтқаным әбден расталып отыр.

«Дело» арсыздықпен шовинистік және реформистік позиция ұстап отыр. Мынаған назар салсақ та болады: «Ортодокс ханым Маркстi бұрмалап, үндемеу арқылы оны Гинденбургпен одақтасуға ыңғайластырады («философиялық» дәлелдер келтіреді, ойпамаңыз!), Маслов мырза барлық жағынан реформизмді жақтайды (әсіресе «Делоның» 2-номері), Потресов мырза Аксельрод пен Мартовты «максимализм» және анархо-синдикализм жөнінде айыптайды, бүкіл журнал қорғаныс міндетін «демократия» ісі деп көрсетеді, Галицияны, Арменияны және басқаларды тұншықтыру үшін осы реакциялық соғысты тонаушылық мақсатпен жүргізіп отырған патша өкіметі емес пе деген жағымсыз мәселені сыпайы ғана орағытып өтеді.

Чхеидзе фракциясы мен Ұйымдастыру комитеті үндемейді. Скобелев «барлық елдердің Либкнехттеріне» сәлем жолдауда, ал *нағыз* Либкнехт *өз* Шейдемандары мен өз каутскийшілдерін аяусыз әшкерелеп, оларды масқаралап отырса да, Скобелев орыс Шейдемандарымен де (Потресов пен $К^0$, Чхенкели және басқалар), орыс каутскийшілдерімен де (Аксельрод және басқалар) үнемі бірге болып, достық орнатып отыр.

Мартов «Голостың»[103] 2-нөмерінде (Самара, 20 сентябрь, 1916) өзінің атынан да, шетелдік достары атынан да «Делоға» жазып тұрудан бас тартады *және сонымен қатар* Чхеидзені ақтаумен шұғылданады, *сонымен қатар* («Известия» № 6, 12. IX. 1916) Россиядағы буржуазиялық революцияның болуын теріске шығару туралы «троцкистік» идеяға бола Троцкиймен және

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 306—320-беттер. *Ред.*

«Наше Словомен» ажырастым деп жұртты сендірмек болады, ал мұның өтірік екенін, Мартовтың «Наше Словодан» кеткенін, кеткен себебі — Ұйымдастыру комитетін Мартовтың ақтауына «Наше Словоның» төзе алмауы болғанын жұрттың бәрі біледі! Нақ сол «Известияда» Мартов өзінің неміс жұртшылығын алдағандығын, тіпті Роланд-Гольсті де ызаландырған, немісше кітапша шығару арқылы жасаған алдауын *қорғайды*; бұл кітапшада Питер мен Москва меньшевиктері декларациясының әскери-өнеркәсіп комитеттеріне *қатысуға* олардың *келісуі* туралы айтылған бөлімі, *дәл сол бөлімі* алып тасталған![104].

Мартовтың редакциядан шығуы алдында болған «Наше Словодағы» Троцкий мен Мартовтың айтысын еске түсіріңізші. Мартов Троцкийді үзілді-кесілді кезеңде Каутскийге еретін-ермейтініңді әлі күнге дейін білмейсің деп кінәлады. Троцкий Мартовқа: сенің ролің — революцияшыл жұмысшыларды Потресовтардың оппортунистік және шовинистік партиясына, сонан соң Ұйымдастыру комитетіне, т. т. қарай «тартқылап», «алдап түсіру» ролі деді.

Таласушының екеуі де *біздің* дәлелдерімізді қайталады. Сондықтан екеуі де дұрыс айтты.

Чхеидзе мен К° туралы шындықты қанша жасырғанмен де, бұл шындық саңлау тауып шығып отыр. Чхеидзенің ролі — көмескі немесе «солшыл» дерлік сөздермен оппортунистік және шовинистік саясатты *бүркемелеп*, Потресовтармен мәмлеге келу. Ал Мартовтың ролі — Чхеидзені ақтау.

1916 ж. декабрьде «Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақтың» тексті бойынша басылып отыр

ШТУТГАРТ КОНГРЕСІНДЕ БЕБЕЛЬДІҢ ҚАРАРЫНА ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ[105]

Бұл түзетуді ең соңғы рет редакциялаудың алдында Бебельмен біздің арамызда ұзақ уақыт тікелей келіс сөздердің жүргізілгені менің есімде жақсы сақталған. Алғашқы редакцияда революциялық үгіт пен революциялық қимылдар туралы анағұрлым тура айтылған еді. Біз оны Бебельге көрсеттік; ол былай деп жауап берді: қабылдамаймын, өйткені прокурорлық билік онда біздің партия ұйымдарымызды таратып жібереді, ал біз оған бара алмаймыз, әзірге әлі елеулі ештеңе жоқ. Мамандығы юрист кісілермен кеңескеннен кейін және жоғарыдағы пікірді жария түрде білдіру үшін текстi әлденеше рет қайта жөндегеннен кейін түпкілікті формула табылды, ол формуланы қабылдауға Бебель келісті.

1916 ж. декабрьде жазылған

1916 ж. декабрьде «„Социал-Демократ" жинағының» 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Жинақ» текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАЦИФИЗМ МЕН СОЦИАЛИСТІК ПАЦИФИЗМ[106]

Бірінші рет 1924 ж.
Лениннің II жинағында басылған
Қол қойған: Н. Л.

Қолжазба бойынша басылып отыр

I МАҚАЛА (НЕМЕСЕ ТАРАУ)

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК САЯСАТТАҒЫ БЕТ БҰРЫС

Мұндай бет бұрыстың болып отырғандығының немесе болып келе жатқандығының белгілері бар. Атап айтқанда: бұл — империалистік соғыстан империалистік бітімге бет бұрыс.

Империалистік екі коалицияның да күдіксіз мықтап титықтағандығы; соғысты мұнан әрі жалғастырудың қиындығы; масқара «соғыс» пайдалары түрінде халықтардан сыдырып алынған екі-үш қабат теріден басқа тағы да азды-көпті бірдеңе сыдырып ала қоюдың жалпы капиталистер үшін, әсіресе финанс капиталы үшін қиын екендігі; бейтарап елдердің, Құрама Штаттардың, Голландияның, Швейцарияның және басқалардың финанс капиталының — соғыс тұсында орасан байып алған және шикі материал мен тамақ қорларының жеткіліксіз болуы себепті өзінің бұл «пайдалы» шаруашылығын бұдан былайғы жерде жүргізе беру оңай тимей отырған финанс капиталының шамадан тыс молаюы; өзінің империалистік ірі бәсекелесі Англияның белгілі бір одақтасын айырып алуға Германияның барынша әрекет етуі; герман үкіметінің, ал оған ілесе бірқатар бейтарап елдер үкіметтерінің де пацифистік қимылдары,— міне, бұл белгілердің ең бастылары осылар.

Соғысты тез арада аяқтау үшін мүмкіндік бар ма, жоқ па?

Бұл сұраққа мүмкіндік бар деп жауап беру өте қиын. Біздің пікірімізше, екі мүмкіндік едәуір айқын аңғарылып отыр:

Біріншісі — Германия мен Россияның арасында, әдеттегідей жазбаша ресми шарт формасында болмағанымен де, сепараттық бітім жасалды. Екіншісі — мұндай бітім жасалған жоқ, Англия және оның одақтастары шынында әлі де бір-екі жыл шыдап тұра алады, т. т. Бірінші жағдайда соғыстың, қазір болмағанымен де, ең таяу уақытта тоқталатындығы сөзсіз және оның барысында елеулі өзгерістер болады деп күтуге болмайды. Екінші жағдайда соғыстың белгісіз ұзақ уақытқа созыла беруі мүмкін.

Бірінші жағдайға тоқталайық.

Германия мен Россияның арасында сепараттық бітім туралы келіс сөздер жуырда ғана жүргізілгендігіне, II Николайдың өзінің де немесе сарай маңындағы аса ықпалды шайканың да мұндай бітімді жақтайтындығына, бүкіл дүние жүзілік саясатта Россия мен Англияның Германияға қарсы империалистік одағынан Россия мен Германияның Англияға қарсы онан кем соқпайтын империалистік одағына қарай бет бұрудың болып отырғандығына,— осының бәріне күмәндануға болмайды.

Штюрмердің орнына Треповтың отыруы, патша өкіметінің жұрт алдында Россияның Константинопольді қаратып алу «правосын» барлық одақтастар мойындады деп мәлімдеуі, Германияның ерекше поляк мемлекетін құруы — бұл белгілер сепараттық бітім туралы келіс сөздердің сәтсіз аяқталғанын көрсететін тәрізді. Мүмкін, патша өкіметі бұл келіс сөздерді жүргізгенде Англияны *тек қана* бопсалау үшін, оған Қанқұйлы Николайдың Константинопольді қаратып алу «правосын» екіұшты емес, ресми түрде мойындату үшін және осы правоға белгілі бір «елеулі» кепілдік алу үшін жүргізген шығар?

Осы империалистік соғыстың басты, негізгі мазмұны — басты-басты империалистік үш бақталастың, үш қарақшының, Россияның, Германия мен Англияның, арасында олжа бөлісу болып табылатындықтан, бұлай деп жорамалдауда мүмкін емес ештеңе де жоқ.

Екінші жағынан, патша өкіметі үшін Польшаны қайтарып алудың, Константинопольді жаулап алудың,

Германияның мұқият теңестіріп, ықшамдап отырған және өзінің Румыниядағы соңғы жеңістерімен нығайтып алған темірдей берік герман майданын бұзудың іс жүзінде, соғыс арқылы мүмкін еместігі неғұрлым көбірек аңғарылған сайын, патша өкіметі Германиямен сепараттық бітім жасасуға, *яғни* Германияға қарсы Англиямен империалистік одақ жасасудан Англияға қарсы Германиямен империалистік одақ жасасуға көшуге соғұрлым *мәжбүр болып отыр.* Неге ойтпеске? Екі державаның Орта Азиядағы олжаны бөлісу жөніндегі империалистік бәсекесінің салдарынан Россия Англиямен соғысудың аз-ақ алдында болып еді ғой! 1898 жылы Англия мен Германияның арасында Россияға *қарсы* одақ жасасу туралы келіс сөздер жүргізіліп еді ғой, оның үстіне Англия мен Германия сол кездің өзінде-ақ Португалия өзінің финанс жөніндегі міндеттемелерін орындамаған «жағдайда» оның отарларын өзара бөлісіп алуға құпия түрде келісіп қойып еді ғой!

Германияның империалистік билеуші топтарының Англияға қарсы Россиямен одақ жасасуға күш салған пиеті бұдан бірнеше ай бұрын-ақ байқалған болатын. Одақтың негізі, сірә, Галицияны (украин үгіті мен украин бостандығының орталығын тұншықтыру патша өкіметі үшін өте маңызды), Арменияны және, *мүмкін, Румынияны* да бөлісу болар! Неміс газеттерінің бірінде Австрия, Болгария және Россия болып Румынияны бөлісіп алуға болар еді деген «емеурін» көрініп те қалды емес пе! Германия Англияға қарсы Россиямен, мүмкін, оның үстіне Жапониямен де, әйтеуір бір одақ жасасу үшін патша өкіметіне тағы да басқа «аздаған жеңілдіктер» жасауға көнер еді.

Сепараттық бітім II Николай мен II Вильгельмнің арасында құпия түрде жасалған болар еді. Ешкім де білмеген, тіпті 2—3 адамнан басқа, министрлер де білмеген құпия шарттардың болған мысалдары дипломатия тарихынан белгілі. «Ұлы державалар» «жалпы европалық» конгреске барарда, басты-басты бақталастар болып басты мәселелер жөнінде жасырын түрде күні бұрын келісіп алып барған мысалдар да дипломатия

тарихынан белгілі (мысалы, 1878 жылғы Берлин конгресінің алдында Россия мен Англияның Түркияны тонау туралы құпия түрде келісуі). Егер патша өкіметі үкіметтердің ресми сепараттық бітімін қабылдамаса, оның бер жағында, Россия қазіргі халде тұрғанда оның үкіметі басына Милюков пен Гучков немесе Милюков пен Керенский отырып қалар еді деген пікірмен қабылдамаса, бірақ сонымен қатар «келісуші жоғары мәртебелі екі жақтың» екеуі де болашақ бейбітшілік конгресінде бірлесе отырып *пәлендей* бағытты ұстайды деп Германиямен ресми болмаса да, «беріктігі» одан кем соқпайтын құпия шарт жасасса, мұнда таңданарлық ештеңе де болмас еді!

Бұл жорамал дұрыс па, жоқ па, оны шешуге болмайды. Бірақ қалай дегенмен де, қазіргі үкіметтер арасында, жалпы алғанда буржуазиялық үкіметтер арасында аннексияны, т. т. мойындамау негізінде бітім болады деген ұшы-қиырсыз жылы сөздерден гөрі, бұл жорамалда *шындық, бар нәрсенің* сипаты мың есе көп. Бұл бос сөздер — не бейкүнә тілек, не ақиқатты жасыру үшін істеліп отырған екіжүзділік пен өтірік. Осы уақыттың, осы соғыстың, бітім жасасу әрекетіндегі осы кезеңнің ақиқаты — *империалистік олжаларды бөлісу*. Істің мәні осында; ал бұл ақиқатты ұғыну, оны айтып беру, «бар нәрсені айтып беру»,— социалистік саясаттың түбегейлі міндеті осындай, бұл саясаттың әлгі ақиқатты жасыруды, боямалауды басты мақсат етіп қоятын буржуазиялық саясаттан айырмашылығы да осында.

Империалистік коалицияның екеуі де едәуір олжаға кенелді, оның бер жағында, нақ ең күшті, басты-басты екі жыртқыш, Германия мен Англия, бәрінен де көбірек кенеліп отыр. Англия өз жері мен өз отарларының бір сүйемін де жоғалтпай, неміс отарларына және Түркияның бір бөлегіне (Месопотамияға) «ие болды». Германия өз отарларының бәрінен дерлік айрылып қалды, бірақ Европадағы аса бағалы территорияларға ие болды, Бельгияны, Сербияны, Румынияны, Францияның бір бөлегін, Россияның бір бөлегін және басқаларды басып алды. Әңгіме осы олжаны бөлісуде болып отыр, оның бер жағында әрбір қарақшылар шай-

касының «атаманы», яғни Англия да, Германия да, өз одақтастарына азды-көпті мөлшерде үлес беруге тиіс; ол одақтастарының Болгариядан және аздаған мөлшерде Италиядан басқасы өте-мөте көп шығынға ұшырады. Ең әлсіз одақтастар бәрінен де көбірек шығынға ұшырады: ағылшын коалициясында Бельгия, Сербия, Черногория, Румыния жанышталды, герман коалициясында Түркия Армениядан және Месопотамияның бір бөлегінен айрылды.

Осы уақытқа дейін Германияның олжасы Англияның олжасынан күмәнсыз көп және әлдеқайда көп. Германия осы уақытқа дейін жеңіп келді, соғысқа дейін кімнің болса да жорамалдап жүргенінен ол әлдеқайда күштірек болып шықты. Сондықтан мүмкін болғанынша тез арада бітім жасасу Германияға тиімді болатындығы түсінікті, өйткені оның бақталасы өзіне ең қолайлы-ау деген жағдайда (оншама ықтимал болмаса да) рекруттарының мол запасын, т. т. қаптата алар еді.

Объективті жағдай осындай. Империалистік олжаны бөлісу жолындағы күрестің қазіргі кезеңі осындай. *Бұл* кезеңнің әсіресе герман коалициясындағы, одан кейін бейтарап елдердегі буржуазия мен үкіметтер арасында пацифистік ниеттерді, мәлімдемелер мен қимылдарды тудырғандығы әбден табиғи нәрсе. Сондай-ақ, империалистік бітімнің жиіркенішті сорақылығын, тоналып алынған олжаларды бөлісуді бүркемелеп, демократиялық бітім туралы, шағын халықтардың бостандығы туралы, қару-жарақты қысқарту, т. т. туралы бос сөздер арқылы, бастан-аяқ өтірік сөздер арқылы халықты ақымақ етуге буржуазия мен *оның* үкіметтерінің амалсыздан жанталаса тырысып отырғандығы да табиғи нәрсе.

Ал егер буржуазияның халықты ақымақ етуге тырысуы табиғи нәрсе болса, онда социалистер өз міндетін қалай орындап отыр? Бұл туралы келесі мақалада (немесе тарауда) айтылады.

II МАҚАЛА (НЕМЕСЕ ТАРАУ)
КАУТСКИЙ МЕН ТУРАТИДІҢ ПАЦИФИЗМІ

Каутский — II Интернационалдың ең беделді теоретигі, Германиядағы «маркстік центр» дейтіннің ең көрнекті көсемі, рейхстагта ерекше фракцияны — «Социал-демократиялық еңбек тобын» (Гаазе, Ледебур және басқалар) құрған оппозицияның өкілі. Германияның бірқатар социал-демократиялық газеттерінде қазір Каутскийдің бітім шарттары туралы мақалалары басылып отыр; бұл мақалаларында ол герман үкіметінің бітім туралы келіс сөз жүргізуді ұсынған белгілі нотасы жөнінде «Социал-демократиялық еңбек тобы» жасаған ресми мәлімдемені қайталап айтқан. Бітім жасасудың белгілі бір шарттарын ұсынуды үкіметтен талап ете отырып, бұл мәлімдемеде, айта кету керек, мынадай бір ерекше сөздер айтылған:

> «...Бұл нота (герман үкіметінің нотасы) бітімге жеткізетін болуы үшін бөтен облыстарды аннексиялау туралы, басқа бір мемлекеттік өкіметтің қол астындағы қай халықты болса да саяси, шаруашылық жағынан немесе әскери күшпен бағындыру туралы ой барлық елдерде сөзсіз қабылданбауы қажет...»

Бұл қағиданы басқа сөзбен қайталап айтып және нақтылай түсіп, Каутский өзінің мақалаларында Константинополь Россияның қолына берілмеуге тиіс және Түркия ешкімнің де вассал мемлекеті болмауға тиіс деп егжей-тегжейлі «дәлелдейді».

Каутскийдің және оның пікірлестерінің осы саяси ұрандары мен дәлелдерін зер сала қарастырып көрелік.

Россия жайындағы, яғни Германияның империалистік бақталасы жайындағы мәселеге келгенде, Каутский абстрактылы, «жалпы» талап қоймайды, қайта мейлінше нақты, дәл, айқын талап қояды: Константинополь Россияның қолына берілмеуі керек дейді. Ол мұнысымен Россияның... *шын* империалистік ниетін *әшкерелейді.* Ал Германия жайындағы, яғни Каутскийді өз мүшеміз деп санайтын (және Каутскийді өзінің ең басты, жетекші, теориялық органы «Neue Zeit»-ке ре-

дактор етіп тағайындаған) партияның көпшілігі империалистік соғысты жүргізуге жәрдемдесіп отырған буржуазия мен үкіметтің елі жайындағы мәселеге келгенде, Каутский *өз* үкіметінің *нақты* империалистік ниетін *әшкерелемейді,* қайта «жалпы» тілекпен немесе қағидамен ғана шектеледі: Түркия ешкімнің де вассал мемлекеті болмауға тиіс дейді!!

Англия мен Россияның жаулап алғалы отырған елдері немесе халықтары жөнінде «жалпы» тілектермен немесе қағидалармен құтылып, Германияның нақты империалистік қадамын тура әшкерелейтін, Галицияның, Арменияның, Африкадағы отарлардың басып алынуы туралы түк үндемей, Бельгияның, Сербияның басып алынуы туралы даурығатын Франция мен Англияның, былайша айтқанда, сойқанды социал-шовинистерінің (яғни сөз жүзінде социалистер де, іс жүзінде шовинистердің) саясатынан Каутский саясатының, шын мазмұны жағынан, айырмашылығы неде?

Іс жүзіне келгенде, Каутский мен Самба — Гендерсонның саясаты *өздерінің* империалистік үкіметіне бірдей дәрежеде жәрдемдеседі; көбінесе назарын бақталастары мен жауының зұлымдық істеріне аударады да, *«өз»* буржуазиясының *нақ сондай* империалистік қадамдарын жалпы күңгірт сөздердің, жақсы тілектердің бұлдыр пердесімен бүркемелейді. Ал біз жалпы жақсы сөздің қайырымдылығын, былайша айтқанда, христианша сезінумен ғана шектеліп, ол сөздердің *шын* саяси мәнін ашпасақ, онда біз де марксист болудан қалар едік, тіпті социалист болудан қалар едік. Барлық империалистік державалар дипломатиясының жайсаң жанды «жалпы» сөздермен, «демократиялық» мәлімдемелермен маңғазданып, солары арқылы ұсақ халықтардың тоналып, зорлық көріп, тұншығуын *бүркемелеп отырғанын* біз әрдайым көріп жүрген жоқпыз ба?

«Түркия ешкімнің де вассал мемлекеті болмауға тиіс»... Егер мен осыны ғана айтатын болсам, сырт қарағанда мен Түркияның толық бостандығын жақтаушы болып көрінемін. Бірақ іс жүзінде мен әдетте неміс дипломаттары да айтып жүрген сөзді ғана қайталаған

болып шығамын; неміс дипломаттары Германияның *қазіргі кезде* Түркияны өзінің *әрі* финанс вассалына, *әрі* әскери вассалына айналдырып алғаны жөніндегі *фактіні* осы бос сөздермен бүркемелей отырып, *көрінеу* өтірік айтып, екіжүзділікке салынып жүр! Ал егер мен неміс социалисі болсам, опда герман дипломатиясына менің «жалпылама» сөздерім тек *тиімді* ғана болады, өйткені ондай сөздердің шын мәні герман империализмін *боямалай* түседі.

«...Аннексиялау туралы,... қай халықты болса да,... шаруашылық жағынан бағындыру туралы ой барлық елдерде қабылданбауы қажет...».

Неткен жайсаң жандылық! Аннексия туралы және әлсіз халықтарды финанс жағынан тұншықтыру туралы «ойды» империалистер мың мәрте «қабылдамады», ал мұнымен Германияның, Англияның, Францияның, Құрама Штаттардың ірі банктерінің қай-қайсысының болса да ұсақ халықтарды *«бағындырып» ұстап отырғандығын* көрсететін *фактілерді* салыстырған жөн емес пе екен? Бай елдің қазіргі буржуазиялық үкіметі, әлсіз халықтардың темір жолдарына және басқа кәсіпорындарына миллиард-миллиард қаржы жұмсалып отырғанда, аннексияны және басқа халықтарды шаруашылық жағынан бағындыруды *іс жүзінде* қабылдамай тастай ала ма?

Аннексияларға, т. т. қарсы шындап күресіп отырған кім,— объективтік маңызы тәж-тақты және капиталистік қарақшыларға бүркетін христиандық қасиетті сумен мүлде пара-пар жайсаң жанды сөздерді айтқанда желдей есетіндер ме, әлде империалистік буржуазияны және оның үкіметтерін құлатпайынша аннексиялар мен финанс жағынан тұншықтыруды тоқтатуға мүмкін еместігін жұмысшыларға түсіндіріп жүргендер ме?

Каутский уағыздап жүрген пацифизмнің итальяндық тағы бір үлгісі, міне, мынадай.

Итальян социалистік партиясының орталық органы «Avanti!»-де («Алға!») 1916 ж. 25 декабрьде белгілі реформист Филипп Турати «Абракадабра» деген тақырыппен мақаласын бастырды. 1916 ж. 22 ноябрьде,—

деп жазды ол,— Италияның парламенттегі социалистік тобы парламентке бітім туралы ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысында ол топ «Англия мен Германияның өкілдері жариялаған принциптердің, жасалуы мүмкін бітімнің негізі болуға тиісті принциптердің сәйкестігін атап көрсетіп, үкіметті Құрама Штаттар мен басқа да бейтарап елдер арқылы бітім туралы келіс сөздерді бастауға шақырды». Социалистік ұсыныстың мазмұнын Туратидің өзі осылайша баяндайды.

1916 ж. 6 декабрьде палата социалистік ұсынысты талқылауды «кейінге қалдырып», оны «біржола жерлейді». Италия социалистерінің істегісі келген нәрсені 12 декабрьде рейхстагта герман канцлері өз тарапынан ұсынады. 22 декабрьде Вильсон өзінің нотасын баяндап сөз сөйлеп, Ф. Туратидің сөзімен айтқанда, «социалистік ұсыныстың идеялары мен дәлелдерін басқа сөздермен айтып, қайталайды». 23 декабрьде өзге бейтарап мемлекеттер Вильсонның нотасын басқа сөздермен қайталап шыға келеді.

Сендер Германияға сатылып кеттіңдер деп бізді жұрт кінәлайды, деп лепіреді Турати. Германияға Вильсон да, бейтарап мемлекеттер де сатылып кеткен жоқ па екен?

17 декабрьде Турати парламентте сөз сөйледі; ол сөзінің бір жері ерекше — және лайықты — дүрбелең туғызды. «Avanti!»-дің берген есебіне қарағанда, ол дүрбелең туғызған жері мынау:

«...Германияның бізге ұсынып отырған талқылауы тәрізді талқылау Бельгияны, Францияны эвакуациялау, Румынияны, Сербияны және, тіпті керек десеңіз, Черногорияны да қалпына келтіру сияқты мәселелерді негізгі жақтарынан алғанда шеше алады делік; мен сіздің мұныңызға даусыз Италияға тиісті және стратегиялық сипаттағы кепілдіктерге сай келетін нәрселер жөнінде Италия шекараларын түзеу істерін қосамын»... Осы арасына келгенде буржуазиялық және шовинистік палата Туратидің сөзін бөліп жібереді; жан-жақтан мынадай дауыстар шығады: «Өте тамаша! Демек, мұның бәрін сіз де тілейді екенсіз ғой! Жасасын Турати! Жасасын Турати...»

Турати буржуазияның бұл масаттануынан, сірә, ұнамсыз бір нәрсені сезген болса керек, сөзін «жөндеуге» немесе «түсіндіруге» әрекет жасайды:

«...Мырзалар,— дейді ол,— орынсыз әзілдің керегі не. Әрқашан өзіміз мойындап келген ұлт бірлігі правосымен келісу және оны орынды деу бір басқа да, осы мақсатқа бола соғыс туғызу немесе соғысты ақтау бір басқа».

Туратидің бұл «түсіндіруі» де, «Avanti!»-дің оны қорғаған мақалалары да, Туратидің 21 декабрьдегі хаты да, Цюрихтегі «Volksrecht»-те басылған *«bb»* деген біреудің мақаласы да істі ешбір «жөндей» алмайды және *Туратидің тұтылғандығы* фактісін жоққа шығара алмайды!.. Ал дұрысын айтқанда: Турати тұтылған жоқ, Каутский де, біз төменде көретініміздей, француз «каутскийшілдері» де өкілі болып отырған бүкіл социалистік пацифизм тұтылып отыр. Италияның буржуазиялық баспасөзінің Турати сөзінің осы жерін іліп әкетіп, бұл жөнінде мәз-мейрам болуы орынды.

Турати «ұлттардың өзін өзі билеу правосы» туралы ғана айтты ғой деп, жоғарыда айтылған *«bb»* оны қорғауға әрекет жасайды.

Нашар қорғау! Жұрттың бәріне мәлім, марксистердің программасында *езілген* халықтарды қорғауға қатысты — және халықаралық демократияның программасында әрқашан соған қатысты болған — «ұлттардың өзін өзі билеу правосының» бұл арада қандай қатысы бар? Империалистік соғысқа, яғни отарларды бөлісу үшін, бөтен елдерді *езу* үшін болып жатқан соғысқа, бөтен халықтарды *кім көбірек* езуі керек екендігі жөнінде тонаушы, езуші державалардың *арасында* болып жатқан соғысқа оның қандай қатысы бар?

Ұлттық соғысты емес, империалистік соғысты ақтау үшін ұлттардың өзін өзі билеуін тілге тиек етудің — мұның, сірә, қазіргі соғыстың әсте республиканизмнің монархиялық негізбен қақтығысуынан болып жатпағаны, қайта империалистік екі коалицияның арасында отарларды және басқаларды бөлісу үшін болып жатқаны жұрттың бәріне мәлім бола тұрса да, Германиядағы монархияға қарама-қарсы тұрған Франциядағы *республиканы* тілге тиек ететін Алексинскийдің, Эрвенің, Гайндманның сөздерінен қандай айырмашылығы бар?

Турати өзінің соғысты *әсте* «ақтап» *отырмағанын* түсіндіріп, өзін өзі ақтамақ болды.

Реформист Туратиге, Каутскийді жақтаушы Туратиге, оның *ниеті* соғысты ақтау еместігіне сенелік. Бірақ саясатта адамның ниеті емес, іс есепке алынатынын кім білмейді? игі тілектер емес, фактілер есепке алынатынын кім білмейді? қиялдағы нәрсе емес, шындық есепке алынатынын кім білмейді?

Мейлі Турати соғысты ақтағысы келмеген-ақ болсын, мейлі Каутский Германияның неміс империализміне Түркияның вассалдық қатынаста болуын орнатуын ақтағысы келмеген-ақ болсын. Бірақ *іс жүзіне* келгенде қайырымды екі пацифистің екеуінікі де *нақ соғысты ақтағандық болып шықты!* Гәп, міне, осында. Егер Каутский мұндай сөзді: «Константинополь Россияның қолына түспеуге тиіс, Түркия ешкімнің де вассал мемлекеті болмауға тиіс» деген сөзді, сондай көңілсіз, тіпті ешкім де оқымайтын журналдың бетінде айтпай, парламент трибунасынан, еті тірі, сезімтал, оңтүстік адамының қызба қандылығы бар буржуа жұрттың алдында айтса, онда тапқыр буржуаның: «Өте тамаша! Дұрыс-ақ! Жасасын Каутский!» — деп шу көтеруінің таңданарлық еш нәрсесі де болмас еді.

Турати іс жүзінде,— мұны өзі істегісі келген-келмегеніне, сезген-сезбегеніне қарамастан,— империалистік жыртқыштардың арасында тату-тәтті мәмле жасалуын ұсынушы буржуазиялық маклердің көзқарасын ұстады. Австрияның қол астындағы итальян жерлерін «азат ету» *іс жүзінде* империалистік алып коалицияның империалистік соғысына қатысқандығы үшін итальян буржуазиясына сыйлық бергендікті жасыру болар еді, Африкадағы отарларды, Далмация мен Албаниядағы ықпал өрістерін бөлісуге болмашы ғана қосымша болар еді. Буржуазиялық көзқараста болу реформист Туратиге, бәлкім, табиғи нәрсе болар, бірақ Каутскийдің іс жүзінде Туратиден ешбір айырмашылығы жоқ болып отыр.

Империалистік соғысты дәріптемеу үшін, буржуазияның мұндай соғысты ұлттық соғыс деп, халықтарды азаттыққа жеткізетін соғыс деп көріне-көзге өтірік айтуына жәрдемдеспеу үшін, буржуазиялық реформизмнің позициясына түсіп кетпеу үшін, Каутский мен

Туратидің айтқанынша айтпай, Карл Либкнехт сияқты айту керек еді; ұлт азаттығы туралы сөз еткенде буржуазия екіжүзділікке салынатынын, егер пролетариат «қаруды» *өз* үкіметтеріне қарсы «бұрмаса», демократиялық бітімнің, осы соғысқа байланысты, мүмкін еместігін *өз* буржуазиясына мәлімдеу керек еді.

Буржуазияшыл реформист емес, шын марксистің, шын социалистің позициясы осындай және тек қана осындай болар еді. Демократиялық бітімнің пайдасына шын қызмет ететіндер — пацифизмнің жалпылама, еш нәрсені де көрсетпейтін, еш нәрсеге де міндеттемейтін, ізгі тілектерін қайталаушылар емес, қайта осы соғыстың да, осы соғыс әзірлеп жатқан империалистік бітімнің де империалистік сипатын әшкерелеп, халықтарды қылмысты үкіметтерге қарсы революция жасауға шақырушылар.

Кейбіреулер: үкіметке «емеурін білдірудеп» әрі жария түрде қарсы шығуға болмайтын еді, ал мұндай «емеурін білдіру» бұл сияқты пацифистерде бар дегенді айтып, кейде Каутский мен Туратиді қорғауға тырысып жүр. Бірақ бұған былай деп жауап беру керек: біріншіден, шындықты жария түрде айтудың мүмкін еместігі — шындықты жасыруға пайдасын тигізетін дәлел емес, қайта, құпия, яғни полиция мен цензураға тәуелсіз ұйым мен баспасөздің қажеттігін жақтайтын дәлел болып табылады; екіншіден, социалистен жариялылықтың қандайынан болса да қол үзу *талап етілетін* тарихи кезеңдер болады; үшіншіден, тіпті крепостниктік Россияның өзінде де Добролюбов пен Чернышевский біресе 1861 жылғы 19 февральдағы манифест туралы түк үндемеу арқылы, біресе сол кездері нақ Каутский мен Туратидің сөздері сияқты сөздер сөйлеген либералдарды мысқылдап, қара бет ету арқылы шындықты айта білген еді.

Біз келесі мақалада Францияның жұмысшы және социалистік ұйымдарының таяуда ғана болып өткен екі конгресінің қарарларында көрінген француз пацифизміне көшеміз.

III МАҚАЛА (НЕМЕСЕ ТАРАУ)

ФРАНЦУЗ СОЦИАЛИСТЕРІ МЕН СИНДИКАЛИСТЕРІНІҢ ПАЦИФИЗМІ

Француз C. G. T. (Confédération générale du Travail, Кәсіптік жұмысшы одақтарының жалпы одағы)[107] мен француз социалистік партиясының [108] конгрестері таяуда ғана аяқталды. Нақ осыларда социалистік пацифизмнің қазіргі кезеңдегі шын мәні мен шын ролі ерекше айқын көрінді.

Синдикалдық конгрестің қарары, жұрттың бәрі, жаман атағы шыққан Жуо (Jouhaux) бастаған нағыз шовинистердің көпшілігі де, анархист Брутшу де және... «циммервальдист» Мергейм... де *бірауыздан* қабылдаған қарар, міне, мынадай:

«Ұлттық корпорациялық федерациялардың, синдикаттар одақтарының (кәсіптік одақтардың), еңбек биржаларының конференциясы, Құрама Штаттар президентінің «қазіргі кезде бірбірімен соғысып жатқан ұлттардың бәрін соғыс пәлендей шарттар бойынша бітер еді деген көзқарастарын жұрт алдында айтып беруге шақырған» нотасын еске алып,—

француз үкіметінің осы ұсыныспен келісуін сұрайды;

бітім жасасу сәтін тездету үшін үкіметті өз одақтастары алдында нақ осы секілді мәлімдеме жасау жөніндегі инициативаны өзіне алуға шақырады;

түпкілікті бітімге келу кепілінің бірі болып табылатын ұлттар федерациясы барлық ұлттардың, шағын ұлттардың да, ірі ұлттардың да, тәуелсіз болған, территориясына қол сұқпаған, саясат, экономика жағынан еркін болған жағдайында ғана қамтамасыз етіледі деп мәлімдейді.

Жұмысшы табы әрқашан да қарсы күресіп келген құпия дипломатияға ғана пайдалы болып табылатын күңгірт, екіұшты жағдайды жою үшін, конференцияға қатысушы ұйымдар бұл идеяны қолдап, жұмысшылар бұқарасының арасына таратуды өз міндетіне алады».

Нағыз Каутскийдің рухындағы «таза» пацифизмнің,— марксизмге ешбір қатысы жоқ, көпшілігі шовинистерден құралған ресми жұмысшы ұйымы мақұлдаған пацифизмнің үлгісі, міне, осындай. Біздің көріп отырғанымыз — шовинистер мен «каутскийшілдердің» пацифистік бос сөз платформасына негізделген *саяси бірлігінің* мейлінше мықтап көңіл бөлуге тұрарлық

көрнекті документі. Егер біз бұдан бұрынғы мақаламызда шовинистер мен пацифистердің, буржуа мен социалистік реформистердің көзқарастарындағы бірліктің *теориялық* негізі неде екенін көрсетуге тырысқан болсақ, енді біз бұл бірліктің басқа бір империалистік елде *практикада* жүзеге асқанын көріп отырмыз.

Циммервальдта 5—8. IX. 1915 ж. өткен конференцияда Мергейм былай деп мәлімдеді: «Le parti, les Jouhaux, le gouvernement, ce ne sont que trois têtes sous un bonnet» («партия, Жуо мырзалар, үкімет — бір қалпақтың астындағы үш бас», яғни бұлардың түбі бір). C. G. T. конференциясында 1916 жылы 26 декабрьде Мергейм, *Жуомен бірге*, пацифистік қарарға дауыс береді. 1916 жылы 23 декабрьде герман социал-империалистерінің ең ашық, ең әсіре органдарының бірі, Хемництің «Volksstimme» газеті: «Буржуазиялық партиялардың ыдырауы және социал-демократиялық бірліктің қалпына келтірілуі» деген редакциялық мақала басады. Бұл мақалада Зюдекумнің, Легиннің, Шейдеманның және К°-нің, герман социал-демократиялық партиясының бүкіл көпшілігінің, сондай-ақ герман үкіметінің бейбітшілдігі өзінен-өзі дәріптеледі, сөйтіп «партияның соғыстан кейін шақырылған бірінші конгресі партия жарналарын төлеуден бас тартушы азғана фанатиктерді» (яғни Карл Либкнехтті жақтаушыларды!) «былай қойғанда, партияның бірлігін — партия басқармасының, рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның және кәсіптік одақтардың саясатына негізделген партия бірлігін қалпына келтіруге тиіс» деп жарияланады.

Бұл арада Германияның ашық социал-шовинистерінің Каутскиймен және К°-мен, «Социал-демократиялық еңбек тобымен» жасаған «бірлігі»,— пацифистік бос сөздерге негізделген бірлік,— Францияда 1916 ж. 26 декабрьде Жуо мен Мергеймнің арасында жүзеге асырылған «бірлік» жөніндегі идея мен саясат ашықтан-ашық айтылып, жарияланып отыр!

Итальян социалистік партиясының орталық органы

«Avanti!» 1916 ж. 28 декабрьдегі редакциялық заметкасында былай деп жазады:

«Егер Биссолати мен Зюдекум, Бономи мен Шейдеман, Самба мен Давид, Жуо мен Легин буржуазиялық ұлтшылдық лагеріне шығып кетіп, өздері шын адал ниетпен қызмет етеміз деп уәде берген интернационалистердің идеялық бірлігін сатып кетсе (hanno tradito, опасыздық жасаса), онда біз өзгермеген, ауытқымаған Либкнехт, Ледебур, Гофман, Мейер сияқты неміс жолдастарымызбен, Мергейм, Блан, Бризон, Раффэн-Дюжанс сияқты француз жолдастарымызбен бірге қала береміз».

Қандай былық болып шыққанын қараңызшы:

Биссолати мен Бономи, реформистер және шовинистер ретінде, соғыстан бұрын-ақ итальян социалистік партиясынан *шығарылған.* «Avanti!» бұларды Зюдекум мен Легиннің қатарына қосып отыр, мұнысы, әрине, әбден дұрыс та, бірақ Зюдекум, Давид және Легин Германияның бейнебір социал-демократиялық, ал іс жүзінде социал-шовинистік партиясының басында отыр, сөйтіп нақ сол «Avanti!» бұлардың партиядан шығарылуына, бұлардан айрылысуға, III Интернационалдың құрылуына қарсы шығып отыр. «Avanti!» Легин мен Жуоны буржуазиялық ұлтшылдық лагеріне шығып кеткендер деп әбден дұрыс мәлімдей отырып, оларға Либкнехт пен Ледебурды, Мергейм мен Бризонды қарама-қарсы қояды. Бірақ біз мынаны көріп отырмыз: Мергейм *Жуомен бірге дауыс береді*, ал Легин,— Хемництің «Халық Үні» арқылы,— *тек* Либкнехттің пікірлестерін былай қойғанда, партия бірлігінің, яғни Ледебур мүшесі болып саналатын «Социал-демократиялық еңбек тобымен» (Каутский де осының ішінде) *бірлескен* «бірліктің» қалпына келтірілуіне өзінің сенетіндігін жариялап отыр!!

Бұл былық мынадан болып отыр: «Avanti!» буржуазиялық пацифизмді революциялық социал-демократиялық интернационализммен шатастырады, ал Легин мен Жуо сияқты тәжірибелі саясатқұмарлар социалистік пацифизм мен буржуазиялық пацифизмнің бір-біріне *ұқсастығын* жақсы түсінеді.

Жуо мырза және оның шовинистік газеті «La Bataille»[109], біз толық күйінде келтіріп өткен, бірауыздан қабылданған қарарда *іс жүзінде* буржуазиялық-пацифистік бос сөзден басқа еш нәрсе де жоқ болып отырғанда, революциялық сапаның *жұрнағы да, ешбір* социалистік ой да жоқ болып отырғанда, Жуо мен Мергеймнің «бірауыздылығы» жөнінде қалайша мәз-мейрам болмасын!

Буржуазиялық үкіметтер құлатылмай және буржуазия экспроприацияланбай тұрғанда, бұл «экономикалық бостандықтың» өзі де, *жалпы* алғанда азаматтардың, ұсақ шаруалар мен байлардың, жұмысшылар мен капиталистердің қазіргі қоғамдағы «экономикалық бостандығы» туралы бос сөздер сияқты, халықты құр *алдау* екендігін ауызға алмай отырып, «барлық ұлттардың, шағын ұлттардың да, ірі ұлттардың да, экономикалық бостандығы» туралы сөз қылу кісі күлерлік нәрсе емес пе?

Жуо мен Мергейм бірауыздан дауыс берген қарар бастан-аяқ және түгелдей «буржуазиялық ұлтшылдық» идеяларына толы; «Avanti!» Жуоның мұндай ұлтшылдығын әділ атап көрсетеді, бірақ «Avanti!»-дің Мергеймге келгенде мұндай ұлтшылдықты көре *алмайтыны* ғажап.

Буржуазияшыл ұлтшылдар *жалпы* алғанда «ұлттар федерациясы» туралы, «барлық ұлттардың, ірі ұлттардың да, шағын ұлттардың да, экономикалық бостандығы» туралы «жалпы» сөздерді әрқашан және барлық жерде судай сапырып келді. Буржуазияшыл ұлтшылдардан өзгеше, социалистер: әлі *кейбір* ұлттар (мәселен, Англия мен Франция) *он-ондаған миллиард франк капиталын* шетелдерге орналастырып отырғанда, яғни шағын және артта қалған ұлттарға өсімқорлық процентпен қарыз беріп отырғанда, ал шағын және әлсіз ұлттар оларға кіріптар болып отырғанда, «ірі және шағын ұлттардың экономикалық бостандығы» туралы шешендікке салыну жиркенішті екіжүзділік болып табылады деп келді, қазірде де солай деп отыр.

Жуо мен Мергейм бірауыздан дауыс берген қарардың *бірде-бір сөзін* социалистер батыл қарсылық жаса-

май қалдыра алмас еді. Социалистер бұл қарарға тура қарама-қарсы былай деп мәлімдеген болар еді: Вильсонның сөйлеген сөзі көрінеу өтірік және екіжүзділік, өйткені Вильсон — соғыстан миллиардтаған олжа тапқан буржуазияның өкілі, империалистік *екінші* ұлы соғысты көрінеу көзге мақсат етіп, Құрама Штаттардың қаруланyуын сұрапыл дәрежеге жеткізіп отырған үкіметтің басшысы; — өзі құлы болып отырған финанс капиталы арқылы және Англиямен, Россиямен, т. б. жасалған құпия империалистік, түгелдей тонаушылық және реакциялық шарттар арқылы қол-аяғы матаулы француз буржуазиялық үкіметі демократиялық және «әділ» бітім туралы мәселе жөнінде әлгіндей өтіріктен басқа, еш нәрсе айта да алмайды, еш нәрсе істей де алмайды; — мұндай бітім жолындағы күрес жалпы сөздерді, құрғақ сөздерді, еш нәрсені де көрсетпейтін, еш нәрсеге де міндеттемейтін, іс жүзінде империалистік арам ниетті ғана әрлендіретін, пацифистік қайырымды, жылымшы сөздерді қайталай беруде емес, қайта халыққа *шындықты* мәлімдеуде, халыққа нақ былай деп мәлімдеуде: демократиялық және әділ бітімге жету үшін барлық соғысушы елдердегі буржуазиялық үкіметтерді құлату керек, бұл үшін миллиондаған жұмысшылардың қаруланyуын, сондай-ақ бүкіл халық бұқарасының тұрмыстың қымбатшылығына, империалистік соғыстың сұмдықтарына ашынғандығын пайдалану керек.

Жуо мен Мергеймнің қарарының орнына социалистер міне осыларды айтуға тиіс еді.

Француз социалистік партиясы С. G. Т. конгресімен қатар Парижде болып өткен өзінің конгресінде мұны айтпағаны былай тұрсын, қайта, 20 дауыс қалыс қалып, 109 дауысқа қарсы 2838 дауыспен, яғни социалшовинистердің (Ренодель және К^0, «мажоритерлер» дейтіндер, көпшілікті жақтайтындар) және *лонгетистердің* (Лонгені жақтаушылардың, француз каутскийшілдерінің) блогы болып, *одан да сорақы* қарар қабылдады!! Оның үстіне циммервальдист Бурдерон мен кинталист (kinthalien, Кинталь конференциясына қа-

тысушы) Раффэн-Дюжапс та осы қарарды жақтап дауыс берді!!

Біз бұл қарардың текстін келтіріп жатпаймыз, өйткені ол шамадан тыс шұбалаңқы және мүлде қызықсыз: онда бітім туралы қайырымды, жылымшы сөздер Франциядағы «отан қорғау» дейтінді мұнан былай да қолдауға әзір екендігін білдірген мәлімдемемен, яғни Англия мен Россия сияқты одан бетер аса ірі және күшті қарақшылармен одақтасып, Францияның жүргізіп отырған империалистік соғысын қолдауға дайын екендігін білдірген мәлімдемемен *қатар қойылған.*

Демек, Францияда социал-шовинистердің пацифистермен (немесе каутскийшілдермен) және циммервальдистердің бір бөлегімен бірігіп кеткендігі С. G. Т-да ғана емес, сонымен қатар социалистік партияда да факт болып отыр.

IV МАҚАЛА (НЕМЕСЕ ТАРАУ)
ЦИММЕРВАЛЬД ЖОЛ АЙЫРЫҒЫНДА

28 декабрьде Бернге С. G. Т. конгресі туралы есеп басылған француз газеттері келді, ал 30 декабрьде Берн мен Цюрихтің социалистік газеттерінде Циммервальд бірлестігінің атқару органы Берн I. S. K.-ның («Internationale Sozialistische Kommission») — Халықаралық социалистік комиссияның жаңа үндеу хаты шықты. 1916 жылғы декабрьдің аяғы деп көрсетілген бұл үндеу хатта Германияның, сондай-ақ Вильсонның және басқа бейтарап елдердің тарапынан бітім ұсынылғандығы айтылған, оның бер жағында үкіметтердің бұл ұсыныстарының бәрі де «бітім жөніндегі комедиялы ойын», «өз халықтарын ақымақ ету ойыны», «дипломаттардың екіжүзділік пацифистік айлалары» деп аталған және солай аталуы, әлбетте, әбден әділ де.

Бұл комедиялар мен өтіріктерге, бітімді және басқаларды жүзеге асыра алатын «бірден-бір күш» ретінде, халықаралық пролетариаттың «күрес қаруын өз бауырларына қарсы жұмсамай, өз еліндегі жауға қарсы жұмсауға» «берік жігері» қарсы қойылған.

Келтірілген цитаттар бізге осыған дейін Циммервальд бірлестігінің ішінде сыйысып келген сияқты болған, ендігі жерде түпкілікті айрылысып отырған, түбірінен әр түрлі екі саясатты айқын көрсетеді.

Бір жағынан, Германияның, Вильсонның, т. с. ұсыныстары итальян «социалистік» пацифизмін *«басқа сөздермен қайталау»* ғана болып табылғанын Турати айқын әрі әбден әділ айтып отыр; неміс социал-шовинистерінің мәлімдемесі және француз социал-шовинистерінің дауыс беруі — бұлардың екеуінің де *өз* саясаттарын пацифистік әдіспен бүркемелеудің пайдасын тамаша бағалағанын көрсетеді.

Екінші жағынан, Интернационалдық социалистік комиссияның үндеу хаты барлық соғысушы және бейтарап үкіметтердің пацифизмін комедия, екіжүзділік деп атайды.

Бір жағынан, Жуо Мергеймен, Бурдерон, Лонге және Раффэн-Дюжанс Ренодельмен, Самбамен, Томамен қосылып отыр; ал неміс социал-шовинистері, Зюдекум, Давид, Шейдеман жуық арада Каутскиймен және «Социал-демократиялық еңбек тобымен» «социал-демократиялық бірліктің қалпына келтірілетінін» жариялап отыр.

Екінші жағынан, Интернационалдық социалистік комиссияның үндеу хаты «социалистік азшылықтарды» «өз үкіметтеріне» қарсы «және олардың социал-патриоттық малайларына» (Söldlinge) қарсы жігерлі күрес жүргізуге шақырады.

Екінің бірі.

Буржуазиялық пацифизмнің мағынасыздығын, сорақылығын, екіжүзділігін әшкерелеу керек пе *әлде* оны «социалистік» пацифизмге айналдырып «басқа сөздермен қайталау» керек пе? Үкіметтердің «малайлары» ретіндегі Жуоларға, Ренодельдерге, Легиндерге, Давидтерге қарсы күресу керек пе *әлде* француз немесе неміс үлгісіндегі пацифистік тақпақтар арқылы олармен бірігу керек пе?

Социал-шовинистерден ажырасуға әрқашан да бар күшін салып қарсы тұрып келген Циммервальд оңшылдары мен Циммервальдта-ақ жұрт алдында оңшылдар-

дан іргесін аулақ салып, конференцияда да, конференциядан кейін де баспасөз бетінде ерекше платформа ұсынуға тегіннен-тегін бармаған Циммервальд солшылдарының арасындағы су айрығы қазір осы бағытта болып отыр. Бітімнің жақындай түсуі немесе тым болмаса кейбір буржуазиялық элементтердің бітім туралы мәселені қызу талқылауы бұл екі саясаттың арасындағы ерекше айқын алшақтықты, кездейсоқ емес, қайта еріксіз туғызды. Өйткені буржуазиялық пацифистерге және олардың «социалистік» еліктеушілеріне немесе олардың жырын жырлаушыларына бітім әрқашан да принципті айырмашылығы бар бірдеңе тәрізді болып көрінді және солай болып көрінуде, мұның мәнісі мынау: «соғыс — бейбітшілік саясатының жалғасы, бейбітшілік — соғыс саясатының жалғасы» деген идея пацифистердің екі сарынының екеуіне де әрдайым түсініксіз болып қала берді. 1914—1917 жылдардағы империалистік соғыс 1898—1914 жылдардағы,— егер одан әлдеқайда бұрынырақ кезеңдегі саясаттың жалғасы болмаса,— империалистік саясаттың жалғасы екенін буржуа да, социал-шовинистер де көргісі келмеді, көргісі келмей отыр. Егер буржуазиялық үкіметтер революциялық жолмен құлатылмаса, *ендігі* бітім — империалистік соғысты соза түсетін империалистік бітім ғана болуы мүмкін екенін буржуазиялық пацифистер де, социалистік пацифистер де көрмей отыр.

Қазіргі соғысқа баға беруге жалпы алғанда шабуыл жасау немесе қорғану туралы мағынасыз, тұрпайы, тоғышарлық бос сөздер тұрғысынан қалай қаралып келсе, сондай-ақ нақты тарихи жағдай, империалистік державалар арасындағы күрестің нақтылы шындығы ұмытылып, бітімге баға беруге де дәл сондай филистерлік жалпылама сөздер тұрғысынан қаралып жүр. Ал социал-шовинистердің — үкіметтер мен буржуазияның жұмысшы партиялары ішіндегі осы агенттерінің — соғыс арқылы ашылып қалған өз реформизмінің, өз оппортунизмінің терең сырын *бүркеу* үшін, өздерінің ойсыраған ықпалын түзеп, бұқараға қайта ықпал жүргізу үшін, әсіресе бітімді жақындатамыз дегенге, тіпті бітім туралы сөз қозғаушылыққа жармаса түскен-

дігі табиғи нәрсе. Сондықтан социал-шовинистер, жоғарыда көргеніміздей, Германияда да, Францияда да «оппозицияның» табансыз, принципсіз, пацифистік бөлегімен «бірігуге» күш сала тырысып отыр.

Циммервальд бірлестігінің ішінде де, сірә, саясаттың бітіспейтін екі бағытының арасындағы пікір алалығын бүркемелеуге әрекет жасалатын болса керек. Мұндай әрекеттің екі түрін жорамалдауға болады. «Іскерсымақтық» ымыраласудың мәні революциялық даурықпа сөздерді (мәселен, Интернационалдық социалистік комиссияның үндеу хатындағы сияқты сөздерді) оппортунистік және пацифистік практикамен әншейін қоса салушылықта болады. II Интернационалда осылай болған еді. Гюисманс пен Вандервельденің үндеу хаттарындағы және конгрестердің кейбір қарарларындағы әсіре революциялық сөздер европалық партиялардың көпшілігінің әсіре оппортунистік практикасын тек бүркемелеп отырды, ол практиканы қайтадан құрмады, оны әлсіретпеді, онымен күреспеді. Циммервальд бірлестігінің ішінде бұл тактиканың қайтадан сәті түседі деу күмәнды.

«Принципті бітістірушілер» марксизмді, мәселен, төмендегіше пайымдау рухында бұрмалау үшін әрекет істеп көреді: реформалар революцияны жоққа шығармайды, ұлттардың шекараларын немесе халықаралық правоны, немесе қаруланууға жұмсалатын бюджетті, т. т. белгілі бір дәрежеде «жақсарта» отырып, революциялық қозғалыспен қатар, бұл қозғалысты «өрістетудің бір кезеңі» ретінде, империалистік бітімнің болуы мүмкін, тағысын-тағылар, тағы сол сияқтылар.

Мұның өзі марксизмді бұрмалау болар еді. Әрине, реформалар революцияны жоққа шығармайды. Алайда, қазір мәселе мұнда болып отырған жоқ, мәселе мынада болып отыр: революционерлер реформистер алдында *өздерін* жоққа шығармауы керек, яғни социалистер өздерінің революциялық істерін реформистік істерге айырбастамауы керек. Европа революциялық жағдайды басынан кешіріп отыр. Соғыс пен қымбатшылық бұл жағдайды шиеленістіруде. Соғыстан

бейбітшілікке көшу революциялық жағдайды әсте сөзсіз жоя қоймайды, өйткені мұнан қазір қолында тамаша қаруы бар миллиондаған жұмысшылар, К. Либкнехттің берген кеңесін орындаудың орнына, яғни қаруды *өз* буржуазиясына қарсы жұмсаудың орнына, өздерін буржуазияның «бейбіт түрде қарусыздандыруына» қалай да, сөзсіз көне қояды деген мағына ешбір тумақ емес.

Мәселе пацифистердің, каутскийшілдердің: не реформистік саяси науқан, не реформалардан бас тарту деп қойғанындай түрде қойылып отырған жоқ. Бұл — мәселені буржуазияша қойғандық. Мәселе іс жүзінде былайша қойылып отыр: не революциялық күрес, ал мұның оншама сәті түспеген күнде, оның қосымша нәтижесі реформалар болады (мұны бүкіл дүние жүзіндегі революциялардың бүкіл тарихы дәлелдеді), не реформалар туралы әңгімелер мен реформалар жөніндегі уәделерден басқа еш теңе де болмайды.

Каутскийдің, Туратидің, Бурдеронның қазіргі уақытта пацифизм формасында көрініп отырған реформизмі революция туралы мәселені сырт қалдырып қана қоймайды (осының *өзі-ақ* социализмге опасыздық ету), революциялық жүйелі де қажырлы жұмыстың қандайынан болса да практика жүзінде бас тартып қана қоймайды, сонымен қатар көше демонстрациясы авантюра деп мәлімдеуге дейін де барады (1915 ж. 26 ноябрьде «Neue Zeit»-те Каутскийдің айтқаны), революциялық күреске ашықтан-ашық, үзілді-кесілді қарсы адамдарды, Зюдекумдерді, Легиндерді, Ренодельдерді, Томаларды және басқа сондайларды қорғап, олармен бірлік жасауды жүзеге асыруға дейін де барады.

Европадағы қазіргі революциялық жағдайды революцияны тікелей уағыздау үшін, буржуазиялық үкіметтерді құлату үшін, қаруланған пролетариаттың өкіметті жеңіп алуы үшін жан-жақты пайдалануға міндетті, революция жолындағы күресті дамыту үшін революция барысында да реформаны пайдаланудан ешбір безбеуге, бас тартпауға міндетті революциялық

марксизммен бұл реформизм ешқандай ымыраға келмейді.

Жалпы алғанда Европадағы оқиғалардың барысы, әсіресе реформизм-пацифизмнің революциялық марксизммен күресі, соның ішінде Циммервальд бірлестігінің екі бөлегінің күресі де қалай өрістейтінін ең таяу болашақ көрсетеді.

Цюрих, 1 январь, 1917 ж.

БОРИС СУВАРИНГЕ АШЫҚ ХАТ[110]

Азамат Суварин өзінің хатын менің атыма да арнағанын мәлімдейді. Оның мақаласы халықаралық социализмнің аса маңызды мәселелерін қозғайтын болғандықтан да, мен оған зор ықыласпен жауап қайтарамын.

Суварин «отан қорғау» социализммен сыйыса алмайды деп ойлайтындардың көзқарасын «бейпатриоттық» көзқарас деп есептейді. Сөйтіп, ол өз тарапынан, соғыс кредиттеріне қарсы дауыс беретін және өздерін «отан қорғаудың» жақтастарымыз деп мәлімдейтін Туратидің, Ледебурдың, Бризонның көзқарастарын, яғни «центр» (мен одан да «батпақ» деген болар едім) дейтін бағыттың немесе — осы бағыттың басты теориялық және әдеби өкілі Карл Каутскийдің атымен — каутскийшілдік дейтін бағыттың көзқарасын «қорғайды». Реті келгенде айта кетейін, Суваринның «олар (яғни II Интернационалдың күйреуі туралы айтып жүрген орыс жолдастар) Каутский, Лонге, т. с. секілді адамдарды... Шейдеман және Ренодель типтес ұлтшылдарға балайды» деуі дұрыс емес. Мен де, мен мүше болып отырған партия да (РСДРП Орталық Комитеті) социал-шовинистердің көзқарасын ешқашан да «центрдің» көзқарасына балаған емеспіз. Партиямыздың ресми мәлімдемелерінде, Орталық Комитеттің 1914 жылы 1 ноябрьде жариялаған манифесінде және 1915 жылы мартта қабылданған қарарларда* (бұл документтер-

* Қараныз: Шығармалар толық жинағы, 26 том, 13—23 және 170—177-беттер. *Ред.*

дің екеуі де біздің *«Социализм және соғыс»* деген, Суваринге таныс кітапшамызда *in extenso** келтірілген) біз социал-шовинистер мен «центрдің» арасындағы айырмашылықты әрқашан да көрсетіп келдік. Біріншілер, біздің пікірімізше, буржуазия жағына шығып кетті. Бұлар жөнінде біз күрес жүргізуді ғана емес, олардан бөлінуді де талап етеміз. Ал екіншілері — өздерінің социалистік бұқараны шовинистік көсемдермен біріктіруге күш салуы арқылы пролетариатқа көбірек зиян келтіріп жүрген тартыншақ, ауытқушы адамдар.

Суварин «фактілерді маркстік көзқарас тұрғысынан қарастырғым келеді» дейді.

Бірақ маркстік көзқарас тұрғысынан алғанда «бейпатриотизм» сияқты жалпы және дерексіз анықтамалардың түк құны жоқ. Отан, ұлт — тарихи категориялар. Егер соғыс кезінде әңгіме демократияны қорғау жайында немесе ұлтты езіп жатқан езгіге қарсы күрес жайында болса, онда мен мұндай соғысқа мүлдем қарсы емеспін және «отан қорғау» деген сөздер осы тектес соғысқа немесе көтеріліске қатысты айтылса, бұл сөздерден қорықпаймын. Социалистер әрқашан езілгендерді жақтайды, демек, олар езушілікке қарсы демократиялық немесе социалистік күресті мақсат ететін соғыстарға дұшпан бола алмайды. Сөйтіп, 1793 жылғы соғыстардың, Францияның реакцияшыл европалық монархияларға қарсы соғыстарының немесе Гарибальди соғыстарының т. т. заңдылығын теріске шығару тұптура кісі күлерлік болар еді... Езілген халықтардың өздерінің езушілеріне қарсы соғыстарының, қазіргі уақытта тұтанып кетуі мүмкін, мысалы, ирландықтардың Англияға қарсы көтерілісінің, немесе Марокконың Францияға қарсы, Украинның Россияға қарсы, т. т. көтерілісінің заңдылығын мойындағысы келмеу де нақ сондай кісі күлерлік болар еді...

Маркстік көзқарас тұрғысынан алғанда әрбір жеке жағдайда, әрбір соғыстың саяси мазмұнын өз алдына бөлек анықтап алу қажет.

---

* — толығынан. *Ред.*

Бірақ соғыстың саяси мазмұнын қалай анықтау керек?

Соғыс атаулының бәрі — саясаттың жалғасы ғана. Қазіргі соғыс қандай саясаттың жалғасы болып отыр? Ол 1871 жылдан 1914 жылға дейін Францияда, Англияда және Германияда социализм мен демократияның бірден-бір өкілі болған пролетариат саясатының жалғасы болып табыла ма? Немесе бұл, бәрінен гөрі, империалистік саясаттың, құлдырауға бет алған, өліп бара жатқан, реакцияшыл буржуазияның отарларды тонау, әлсіз халықтарды езушілікке салу саясатының жалғасы ма?

Әбден анық жауап алу үшін сұрақты тек айқын әрі дұрыс қойса болғаны: қазіргі соғыс — империалистік соғыс, бұл өздерінің жұмыс малы үшін араздасып қалған және құлдықты ығайтқысы келетін, оны мәңгі сақтап қалғысы келетін құл иеленушілердің соғысы. Бұл соғыс — 1899 жылы Жюль Гед айтқан, сонымен өзінің болашақтағы опасыздығын күні бұрын айыптаған, «капиталистік қарақшылық». Гед онда былай деген болатын:

«Күнде туып жататын... басқа бір соғыстар болады, бұл — өнім өткізу рыноктары үшін болатын соғыстар. Бұл жағынан алғанда соғыс жойылмайтыны былай тұрсын, қайта үздіксіз болу қаупі бар. Бұл — көбінесе капиталистік соғыс, пайда табу үшін, біздің қанымызды төгіп, дүние жүзілік рыноктарға ие болу үшін барлық елдер капиталистерінің арасында болатын соғыс. Міне, енді Европаның капиталистік елдерінің әрқайсысында тонау үшін болатын осы сияқты өзара қырғынның басында социалист отыр екен деңізші! Пролетарларды біріне-бірін қарсы қойып, осы капиталистік қарақшылыққа тартып жатқан француз Мильеранына қоса ағылшын Мильеранын, итальян Мильеранын, неміс Мильеранын көзге елестетіп көріңіздерші! Сонда, жолдастар, сіздерден сұрап тұрмын, халықаралық ынтымақтан не қалар еді? Мильеранизм жалпы құбылыс болған күні-ақ интернационализм атаулыға «кешір» деп, сіз де, мен де ондай болуға ешқашан келіспейтін ұлтшыл болып шыға келу керек болар еді» (қараңыз: Жюль Гед, «Күзетте!» («En Garde!») Париж, 1911, 175—176-беттер).

1914—1917 жылдардағы осы соғыста Франция бостандық үшін, ұлттық тәуелсіздік үшін, демократия және т. т. үшін күресіп жатыр деу дұрыс емес... Ол өзі-

нің отарларын сақтап қалу үшін, Англияның отарларын сақтап қалуы үшін күресіп жатыр, ал Германияның — әрине, буржуазиялық право тұрғысынан қарағанда — осы отарларға правосы анағұрлым артық болар еді. Ол Россияға Константинопольді әперу үшін күресіп жатыр, т. т. ...Демек, бұл соғысты жүргізіп жатқан демократиялық және революциялық Франция емес, 1792 жылғы Франция емес, 1848 жылғы Франция емес және Коммуна Франциясы емес. Соғысты жүргізіп жатқан буржуазиялық Франция, реакциялық Франция, патша өкіметінің одақтасы және досы, өзінің олжасын, отарларға өзінің «қасиетті правосын», әлсіз немесе онша бай емес халықтарға қарызға беріп қойған миллиардтарының жәрдемімен бүкіл дүние жүзін «еркін» қанау правосын қорғап жатқан «бүкіл дүние жүзілік өсімқор» (бұл — менің сөзім емес, «L'Humanité»[111]-нің қызметкері Лизистің сөзі).

Революциялық соғыстарды реакциялық соғыстардан ажырату қиын дегенді айтпаңыз. Сіз менің жоғарыда келтірген ғылыми критерийден басқа, жұрттың бәріне түсінікті, таза практикалық критерийді келтіргенімді қалайсыз ба?

Ол мынадай: азды-көпті елеулі соғыстың қандайы болсын күні бұрын әзірленеді. Революциялық соғыс әзірленіп жатқанда, демократтар мен социалистер мұндай соғыста өздерінің «отан қорғау» жағында болатынын *күні бұрын мәлімдеуден қорықпайды.* Ал енді, керісінше, реакциялық соғыс әзірленіп жатқанда, бірде-бір социалистің *күні бұрын,* яғни соғыс жарияланғанға дейін, мұндай соғыста өзінің «отан қорғау» жағында болатынын белгілеуге *батылы бармайды.*

Маркс пен Энгельс 1848 және 1859 жылдары неміс халқын Россияға қарсы соғысқа шақырудан қорыққан жоқ.

Оның бер жағында, керісінше, Базельде, 1912 жылы, болатынын өздері күні бұрын білген және 1914 жылы шынында да басталған соғыста «отан қорғау» туралы айтуға социалистердің батылы бармады.

Біздің партия Ирландияның Англияға қарсы, Марокконың, Алжирдің, Тунистің Францияға қарсы, Три-

полидің Италияға қарсы, Украинаның, Персияның, Қытайдың Россияға қарсы және т. т. бастай алатын соғыстарын немесе көтерілістерін тілектестікпен қарсы алатынын жұрт алдында ашық мәлімдеуден қорықпайды.

Ал социал-шовинистер ше? Ал «центристер» ше? Егер, мысалы, Жапония мен Құрама Штаттардың арасында соғыс басталса, сан миллион адамдарға қатер туғызатын және ондаған жылдар бойына әзірленіп келе жатқан нағыз империалистік соғыс басталып кетсе, «отан қорғау» жағындамыз деп немесе осы жағында боламыз деп ашықтан-ашық және ресми мәлімдеуге бұлардың батылы бара ма? Мәлімдеп көрсін! Мен бәс тігуге бармын, бұлар мұны істемейді, өйткені егер олар бұған бел байласа жұмысшы бұқарасына күлкі болатынын, бұқара бұларды келеке қылып, социалистік партиялардан қуып шығатынын өте жақсы біледі. Міне, сондықтан да социал-шовинистер мен «центристер» бұл мәселе жөнінде ашық мәлімдеме жасаудың қандайынан болсын қашады және бұлталаққа салумен, өтірік айтумен, мәселені шатастырумен болады, сөйтіп 1915 жылы француз партиясының соңғы конгресінде қабылданған: «Шабуылға душар болған елдің қорғануға правосы бар» деген тәрізді софизмдермен құтылуға тырысады.

Әңгіменің түйіні *соғыстың себептері қандай, оның алдына қойып отырған мақсаттары қандай, оны жүргізіп отырған қай таптар* дегенде емес, *кімнің алдымен тиіскенінде* сияқты. Мысалы, социалистер, есі бүтін, дені дұрыс бола тұрып, 1796 жылы, революциялық француз әскерлері ирландтармен бауырласа бастағанда, «отан қорғау» правосы Англия жағында деп мойындайды деуге болар ма еді? Ал оның бер жағында, ол кезеңде Англияға барып тиіскен нақ французлар еді ғой және француз армиясы тіпті Ирландияға десант түсіруге де әзірленбеп пе еді. Ал ертеңгі күні, Россия мен Англия Германиядан сабақ алғаннан кейін, бұларға Индиямен, Қытаймен және өзінің 1789 жылы мен өзінің 1793 жылын жасап жатқан Азияның басқа да революциялық халықтарымен одақтасқан Персия тисе-

тін болса, «отан қорғау» правосы Россия мен Англия жағында деп мойындауға болар ма еді?

Бізді Толстойдың идеяларына қосылады деп, бізге тағылған тура кісі күлерлік айыпқа менің айтар жауабым осы. Біздің партия социалистер қазіргі соғыста оны пролетариаттың буржуазияға қарсы, социализм үшін азамат соғысына айналдыруға ұмтылуы тиіс деп мәлімдеп, толстойлық ілімді де, пацифизмді де қабылдамай тастады.

Егер сіз маған мұны утопия дейтін болсаңыз, мен сізге былай деп жауап беремін: сірә, Францияның, Англияның және т. т. буржуазиясы сіздің пікіріңізге қосылмайтын болса керек, өйткені ол, әрине, егер революцияның болмай коймайтынын және дамылсыз өршіп келе жатқанын, оның жуырда боларын күні бұрын сезбеген, күні бұрын көрмеген болса, «пацифистерді» түрмеге қамауға және мобилизациялауға дейін барып, мазақ боларлық, пасық роль атқармаған болар еді ғой.

Бұл мені Суварин де көтеріп отырған жікке бөліну туралы мәселеге әкеліп отыр. Жікке бөліну! Бұл құбыжық, социалистік көсемдер онымен басқаларды қорқытуға тырысады және одан олардың өздері де қорқады! *«Ендігі жерде* жаңа Интернационалды құру қандай пайда келтірер еді?» — дейді Суварин.— «Оның ісі нәтижесіздікке душар болар еді, өйткені ол сан жағынан өте әлсіз болар еді».

Бірақ нақ Франциядағы Прессман мен Лонгенің, Германиядағы Каутский мен Ледебурдың «қызметтері» нәтижесіздік кеселіне ұшырап отыр ғой, *мұны күнделікті фактілер дәлелдеп отыр, оның себебі нақ мынада: олар жікке бөлінуден қорқады!* Ал Германиядағы К. Либкнехт пен О. Рюле жікке бөлінуден нақ қорықпағандығы себепті оның *қажеттігін* ашық мәлімдеді (қараңыз: Рюленің 1916 жылғы 12 январьда «Vorwärts»-ке жазған хаты) және оны жүзеге асырудан тайсалған жоқ — *олар сан жағынан әлсіз бола тұрса да,* бұлардың ісінің пролетариат үшін соншалық орасан зор маңызы бар. Либкнехт пен Рюле — 108-ге қарсы тек 2 ғана. Бірақ бұл екеуі миллиондаған адам-

дардың, қаналған бұқараның, халықтың орасан көпшілігінің өкілдері, адамзаттың болашағының, күн сайын өршіп, пісіп келе жатқан революцияның өкілдері. 108 — пролетариат ішіндегі буржуазия малайларының азғана тобының жағымпаздық рухының ғана өкілі. Бризон центрдің немесе батпақтың әлсіздігін жақтаған кезде оның ісі нәтижесіздік кеселіне шалдығады. Ал, керісінше, Бризон «бірлікті» іс жүзінде қиратып, парламентте «жойылсын соғыс!» деп ерлікпен дауыстағанда немесе ол одақтастар Константинопольді Россияға әперу үшін жағаласып жатыр деп жұрт алдында шындықты айтқанда, Бризонның ісі нәтижесіз болудан қалады, оның ісі пролетариатты ұйымдастырады, оны оятады, сілкіндіреді.

Шын революцияшыл интернационалистер сан жағынан әлсіз бе? Сөздеріңе болайын! Мысал ретінде 1780 жылғы Францияны және 1900 жылғы Россияны алайық. Бірінші жағдайда буржуазияның — сол дәуірдегі революцияшыл таптың — өкілдері болған,— ал екінші жағдайда қазіргі уақыттағы революцияшыл таптың — пролетариаттың — өкілдері болған саналы және батыл революционерлер сан жағынан өте-мөте әлсіз болды. Бұлар өз табының көп дегенде $^{1}/_{10\,000}$ немесе тіпті $^{1}/_{100\,000}$ бөлегі, бірлі-жарым адамдар ғана еді. Ал бірнеше жыл өткен соң, нақ осы бірлі-жарым адамдар, сондайлық болмашы деп жүрген нақ осы азшылық, бұқараны, миллиондаған және он миллиондаған адамдарды соңынан ертіп әкетті. Неліктен? Өйткені бұл азшылық осы бұқараның мүдделерін шынымен жоқтады, өйткені бұл азшылық алдағы революцияға сенді, өйткені бұл азшылық оған жан-тәнімен қызмет етуге әзір болды.

Сан жағынан әлсіздік? Бірақ қашаннан бері революционерлер өз саясатын өздерінің көпшілік не азшылық болу фактісіне тәуелді ететін болып еді, 1914 жылы ноябрьде біздің партия оппортунистермен жікке бөлінудің қажеттігін жариялап*, бұл жікке бөліну оппортунистердің 1914 жылғы августағы опасыздығына бірден-бір дұрыс әрі лайықты жауап болады деп мә-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 13—23-беттер. *Ред.*

лімдегенде, бұл мәлімдеме көптеген адамдарға өмірден және өмір шындығынан біржола қол үзген кісілердің сектанттық есуастығы ғана болып көрінген еді. Сонап бері екі жыл өтті, енді не болып жатқанына қараңыздаршы. Англияда жікке бөліну — жүзеге асқан факт; социал-шовинист Гайндман партиядан кетуге тиіс болды. Германияда жікке бөліну барша жұрттың көз алдында өсіп келеді. Берлин, Бремен және Штутгарт ұйымдары тіпті партиядан... кайзер малайларының партиясынан, неміс мырзалары Ренодельдердің, Самбалардың, Томалардың, Гедтердің және К^{0}-нің партиясынан шығарылу абыройына ие болды. Ал Францияда ше? Бір жағынан, бұл мырзалардың партиясы өзіп «отан қорғаудың» жақтаушысы болып қалады деп мәлімдеді; екінші жағынан, циммервальдистер өздерінің «Циммервальд социалистері және соғыс» деген кітапшасында «отан қорғау» социалистік іс емес деп жариялап отыр. Бұл жікке бөліну емес пе екен?

Осы дүние жүзілік аса ұлы дағдарыстың екі жылынан кейін пролетариаттың қазіргі тактикасының ең маңызды мәселесіне тура қарама-қарсы жауап беретін адамдар қалайша бір партияның ішінде қоян-қолтық адал жұмыс істей алмақшы?

Америкаға да — оның үстіне бейтарап елге де — қараңыздаршы. Онда да жікке бөліну басталмады ма екен: бір жағынан, Евгений Дебс, осынау «американ Бебелі», социалистік баспасөзде соғыстың бір ғана түрін, социализм жеңісі жолындағы азамат соғысын ғана мойындаймын деп мәлімдеп, Американың соғыс шығындарына тіпті бір цент те жұмсауына дауыс бергеннен гөрі мен өзімді атып тастағанды артық көрер едім деп отырғанда (қараңыз: «Appeal to Reason»[112] № 1032, 11 сентябрь, 1915 ж.), нақ сол кезде, екінші жағынан, американ Ренодельдері мен Самбалары «отан қорғауды» және «соғысқа әзірлікті» жариялап отыр. Ал американ Лонгелері мен Прессмандары — бейшаралар-ай!— социал-шовинистерді революцияшыл интернационалистермен ымыраластыруға тырысады.

Екі Интернационал қазірдің өзінде бар. Біреуі — Самба-Зюдекум-Гайндман-Плеханов және К^{0}-нің Интернационалы, екіншісі — К. Либкнехттің, Маклиннің (жұмысшылардың тап күресін қолдағаны үшін ағылшын буржуазиясы каторгаға кескен шотланд мұғалімі), Хёглундтың (соғысқа қарсы революциялық үгіті үшін каторгаға кесілген, Циммервальдта «Циммервальд солшылдарының» негізін салғандардың бірі болған швед депутаты), соғысқа қарсы үгіт жүргізгені үшін Сибирьге мәңгіге жер аударылуға кесілген Мемлекеттік думаның бес депутатының және т. б. Интернационалы. Мұның өзі, бір жағынан, *өз үкіметтеріне империалистік соғысты жүргізуге жәрдемдесушілердің* Интернационалы, екінші жағынан, *осы соғысқа қарсы революциялық күрес жүргізушілердің* Интернационалы. Парламенттік мылжыңдардың майын тамызған сөздері де, социализмнің «мемлекеттік адамдарының» «дипломатиясы» да бұл екі Интернационалды біріктіре алмайды. Екінші Интернационалдың заманы өткен. Үшінші Интернационал қазірдің өзінде туды. Ал егер II Интернационалдың бас священниктері мен папалары бұған әлі-ақ батасын бермеген болса, қайта, керісінше, оны қарғаған болса (Вандервельде мен Таунингтің сөздерін қараңыз), солай бола тұрса да, мұның күн санап жаңа күш ала беруіне оның бөгеті жоқ. Үшінші Интернационал пролетариаттың оппортунистерден құтылуына мүмкіндік береді және пісе-жетіліп, жақындап келе жатқан әлеуметтік революцияда бұқараны жеңіске жеткізетін де нақ сол.

Аяқтаудан бұрын мен Suvariнің жеке басқа қатысты айтысына бірер сөзбен жауап бере кетуге тиіспін. Ол (Швейцарияда тұратын социалистерден) Бернштейнге, Каутскийге, Лонгеге және т. т. қарсы айтылған жекеше сынды іркуді өтінеді... Мен өз тарапымнан бұл өтінішке келісе алмайтындығымды айтуға тиіспін. Менің Суваринге алдымен айтатыным, менің «центристерге» қарсы айтатын сыным жеке басқа қатысты сын емес, саяси сын. Зюдекум, Плеханов, т. б. мырзалардың бұқараға ықпалын енді сақтап қала алмайсың: қазірдің өзінде-ақ олардың беделдері түскені соншa-

лық, енді оларды полицияның қай жерде де қорғай жүруіне тура келіп отыр. Бірақ «центристер» өздерінің «бірлікті» және «отан қорғауды» насихаттауымен, өздерінің келісімге тырысуымен, мейлінше тереңдеп кеткен пікір алалығын сөзбен бүркемелеуге күш салуымен жұмысшы қозғалысына орасан зор нұқсан келтіреді, социал-шовинистердің моральдық беделінің біржола күйреуін кешеуілдетіп, бұл арқылы олардың бұқараға ықпалын демеп, II Интернационал оппортунистерінің өлексесін жандандырады. Барлық осы пікірлер бойынша, Каутскийге және «центрдің» басқа да өкілдеріне қарсы күресу мен үшін социалистік борыш болып табылады деп санаймын.

Суварин басқалармен бірге «Гильбога, Лепинге, «шайқастан аулақ» тұру артықшылығымен пайдаланатын, социализм адамдары мен істері туралы екінің бірінде дұрыс пікір айтуға мүмкіндік беретін, бірақ сонымен бірге, мүмкін, бірқатар қолайсыздығы да бар артықшылықтармен пайдаланатын адамдардың бәріне де өз сөзін арнайды».

Ишараты көрініп-ақ тұр. Циммервальдта Ледебур біздерді, «солшыл циммервальдистерді», шетелден бұқараға революциялық ұрандар тастайды деп айыптап, бұл пікірді ешбір жалтақсыз айтқан болатын. Мен Циммервальдта Ледебурге айтқанымды Суварин азаматқа да қайталап айтамын. Россияда мен қамауға алынған кезден бері 29 жыл өтті. Осы 29 жылдың ішінде мен бұқараға революциялық ұрандар тастауымды тоқтатқан емеспін. Мен мұны түрмеде отырып та, Сибирьден де, кейін — шетелде жүріп те істей бердім. Патша прокурорларының сөзіндегі сияқты «ишараттарды», мені адалдығы жетпейді, өйткені шетелде жүріп, Россиядағы бұқараға революциялық ұрандар таратады деп кінәлайтын «ишараттарды» социалистік баспасөзде мен жиі кездестірдім. Патша прокурорларының тарапынан айтылатын бұл «ишараттар» ешкімді де таңдандырмайды. Бірақ мен Ледебурдың тарапынан басқаша дәлелдер күткенімді мойындауым керек. Маркс пен Энгельс 1847 жылы өздерінің атақты «Коммунистік манифесін» жазған кезде, олар да гер-

ман жұмысшыларына өздерінің революциялық ұрандарын шетелден жолдаған болатын, Ледебур, сірә, мұны ұмытса керек! Революционерлер эмиграцияға кетпейінше, революциялық күрес жүргізу екінің бірінде мүмкін бола бермейді. Франция бұл тәжірибені әлденеше рет бастан кешірген. Сондықтан Суварин азаматтың Ледебур мен патша прокурорларының жаман әнегесінен тәлім алмағаны тәуір болар еді.

Суварин тағы «біз (француз азшылығы) Интернационалдың шеткері солшылдарының ең шеткері элементтерінің бірі деп есептеп жүрген» Троцкийді «Ленин жайдан-жай шовинист деп кінәлайды. Бұл арада біраз асыра айтушылық бар екенін, мойындау керек» дейді.

Иә, әрине, «бұл арада біраз асыра айтушылық бар», бірақ менің тарапымнан емес, Сувариннің тарапынан асыра айтылған. Өйткені мен Троцкийдің позициясын ешқашан шовинистік позиция деп кінәлаған емеспін. Мен оны кінәласам — оның Россияда «центрдің» саясатын тым жиі жақтап жүргендігін кінәладым. Фактілер мынадай. 1912 жылғы январьдан бастап РСДРП-да ресми түрде жікке бөліну бар[113]. Біздің (Орталық Комитеттің төңірегіне топтасқан) партия басқа топты, Ұйымдастыру комитетін, оппортунизмі үшін айыптайды, бұл топтың ең белгілі көсемдері — Мартов пен Аксельрод. Троцкий Мартовтың партиясында болды және одан тек 1914 жылы ғана кетті. Сол кезде соғыс басталды. Біздің бағыттың бес мүшеден (Муранов, Петровский, Шагов, Бадаев, Самойлов) тұратын Думадағы фракциясы Сибирьге айдалды. Біздің жұмысшылар Петроградта әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуға *қарсы* дауыс берді (біз үшін бұл ең маңызды практикалық мәселе; Францияда үкіметке қатысу туралы мәселе сияқты, Россия үшін бұл мәселе де сондайлық маңызды). Екінші жағынан, Ұйымдастыру комитетінің ең белгілі және ең ықпалды әдебиетшілері — Потресов, Засулич, Левицкий және басқалар — «отан қорғауды» және әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуды жақтап шықты. Мартов пен Аксельрод наразы болып, бұл комитеттерге қатысуға қарсылық

білдірді, бірақ өз партиясынан қол үзбеді, ал бұл партияның шовинистік фракцияға айналған бір фракциясы қатысуға келісті. Сондықтан да тұтас алғанда Ұйымдастыру комитетінің өкілі болғысы келгені үшін біз Мартовты Кинтальда кінәлағанбыз, ал шынында ол сол бағыттың бір фракциясының ғана өкілі бола алушы еді. Бұл партияның Думадағы өкілдігі (Чхеидзе, Скобелев және басқалар) бөлінді. Бұл депутаттардың бір бөлегі — «отан қорғауды» жақтады, екінші бөлегі — қарсы болды. Бұлардың бәрі де әскери-өнеркәсіп комитеттеріне қатысуды жақтады және олар «отанды сақтап қалудың» қажеттігі туралы екіұшты формуланы қолданды, мұнысы, шындығында, Зюдекум мен Реподельдің «отан қорғау» ұранын тек басқа сөздермен айту ғана болатын. Ол ол ма, бұлар Потресовтың позициясына ешбір қарсылық білдірмейді (шынында мұның позициясы Плехановтың позициясына ұқсас; Мартов Потресовқа ашық қарсылық білдірді және оның журналына жазып тұрудан бас тартты, өйткені Потресов өз журналына жазып тұруға Плехановты шақырған еді).

Ал Троцкий ше? Ол Мартовтың партиясынан қол үзіп, бізді жікшілдерсіңдер деп әлі де кінәлаумен жүр. Ол аз-аздап солға қарай жылжып келеді және тіпті орыс социал-шовинистерінің көсемдерінен ажырасуды ұсынады, бірақ Чхеидзе фракциясы жөнінде бірлік болсын дей ме немесе жікке бөлінейік дей ме, мұны ол бізге үзілді-кесілді айтпайды. Ал мұның өзі нақ ең маңызды мәселелердің бірі. Шынына келгенде, күні ертең бейбітшілік орнаса, арғы күні бізде Думаға жаңа сайлау болады. Содан соң, дереу біздің алдымызда Чхеидземен бірге жүреміз бе немесе оған қарсы жүреміз бе деген мәселе келіп туады. Біз бұл одаққа қарсымыз. Мартов — жақтайды. Ал Троцкий ше? Белгісіз. Редакторының бірі Троцкий болып табылатын, Парижде шығатын орыс газеті «Наше Словоның» 500-номерінде үзілді-кесілді сөз айтылған емес. Міне, сондықтан да біз Троцкиймен келіспейміз.

Бірақ мәселе біз туралы ғана емес. Циммервальдта Троцкий «Циммервальд солшылдарына» қосылғысы

келмеді. Троцкий Г. Роланд-Гольст жолдаспен бірге «центрдің» өкілі болды. Ал қазір Роланд-Гольст жолдас социалистік голланд газеті «Трибунада»[114] (1916 жылғы 23 августағы 159-номері), міне былай деп жазып отыр: «Троцкий мен оның тобы сияқты, империализмге қарсы революциялық күрес жүргізгісі келетіндер, көбінесе адамның жеке басына қатысты болған және шеткері солшылдарды біріноп бірін айырған эмиграттың алауыздықтардың зардаптарын жеңулері керек, сойтіп лениншілдерге қосылуы тиіс. «Революциялық центр» — мүмкін емес».

Троцкиймен және Мартовпен арамыздағы қарым-қатынас туралы осыншалық көп айтқаныма кешірім сұраймын, бірақ социалистік француз баспасөзі бұл туралы едәуір жиі айтып жүр және де оның оқушыларға беретін информациясы екінің бірінде тіпті дәл емес. Россиядағы социал-демократиялық қозғалысқа қатысты фактілер жөнінде француз жолдастардың жақсырақ хабардар болғаны керек.

Ленин

1916 ж. декабрьдің екінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1918 ж. 27 январьда «La Vérité» газетінің 48-номерінде қысқартылып басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1929 ж. «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде толық басылған

Газеттің корректуралық оттискісінен басылып отыр
Француз тілінен аударма

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОМИССИЯҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮНДЕУ ТЕЗИСТЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖОБАСЫ[115]

1. Дүние жүзілік саясаттың империалистік соғыстан бірқатар буржуазиялық үкіметтердің империалистік бітімді ашық жақтауына қарай бет бұрысына қазір дүние жүзілік социализмнің дамуындағы бет бұрыс тура келіп отыр.

2. Бірінші бет бұрыс пацифистік, қайырымды және елжірек құрғақ сөздердің, емексітулердің, уәде берудің тасқынын туғызды, империалистік буржуазия мен империалистік үкіметтер осылар арқылы халықтарды ақымақ етуге және оларды тонаушылық соғыс үшін зардап шегуге көнбістік қалыпқа «бейбіт» көшіруге, миллиондаған пролетарларды бейбіт қарусыздандыруға тырысуда, жарым-жарты жеңілдіктер арқылы отарларды бөлісу жөніндегі және әлсіз ұлттарды финанс жағынан (оңтайы келген жағдайда саяси жағынан да) тұншықтыру жөніндегі әзірленіп жатқан келісімдерді,— болашақ империалистік бітімнің мазмұны болып табылатын және соғысушы империалистік *екі* коалицияның да *барлық* державалары арасында қазір бар және әсіресе соғыс кезінде жасалған тонаушылық құпия шарттардың тура жалғасы болып табылатын келісімдерді — бүркемелеуге күш салуда.

3*. Екінші бет бұрыс социализмге опасыздық жасап, буржуазиялық ұлтшылдықтың немесе империализмнің жағына өтіп кеткен социал-шовинистерді, ағым ретінде, Германияда Каутский және К⁰, Италияда Турати

---

* — 4-параграфпен біріктіру керек. *Ред.*

және К°, Францияда Лонге-Прессман-Merrheim және т. б. өкілдері болып отырған *циммервальдистердің оң қанатымен* «ымыраластыруда» болып отыр. Бос, мағынасыз, ешбір міндет жүктемейтін, іс жүзінде империалистік саясат пен империалистік бітімді *бүркемелейтін,* бұларды әшкерелеудің орнына қайта оларды *боямалап* көрсететін пацифистік құрғақ сөздердің негізінде бірігіп, бұл екі ағым жұмысшыларды оңдырмай алдауға қарай, социалистік құрғақ сөздермен бүркемеленген буржуазиялық жұмысшы саясатының, жұмысшы табының соғысты «отан қорғау» деп көрсетіп, үкіметтер мен буржуазияның тонаушылық империалистік соғыс жүргізуіне көмектескен көсемдерінің және оның пұрсатты топтарының осындай саясатының жұмысшы қозғалысындағы үстемдігін нығайтуға қарай батыл қадам жасап отыр.

4. Европаның басты-басты елдерінің социалистік партияларында қазір басым болып отырған социал-пацифистік саясат немесе социал-пацифистік сөздер саясаты (қараңыз: неміс социал-демократиялық баспасөзінде Каутскийдің пацифистік бес мақала жариялауы және мұнымен бір мезгілде Chemnitzer «Volksstimme»-де социал-империализм көсемдерінің пацифистік сөздер негізінде каутскийшілдермен бітісіп, бірлікке келуге өздерінің толық әзір екенін мәлімдеуі; герман каутскийшілдік оппозициясының 1917 жылғы 7 январьдағы пацифистік манифесі; Францияда социалистік партияның съезінде лонгетистердің және Ренодель мен К°-нің бірге дауыс беруі; Жуо мен Мергеймнің, сондай-ақ Брутшудың Confédération Générale du Travail* съезінде халықты алдайтын пацифистік бос сөздерден құралған қарарды *жақтап* дауыс беруі; Туратидің 1916 жылғы 17 декабрьдегі нақ осы тектес пацифистік сөзі және оның позициясын бүкіл итальян социалистік партиясының қорғауы),— бұл саясат қазіргі, яғни империалистік коалициялардың *екеуінің де буржуазиялық* үкіметтері арасындағы әзірленіп жатқан бітімнің *барлық мүмкін* шарттары жағдайында социалистік және

* — Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясы. *Ред.*

синдикалистік (Жуо мен Мергейм) ұйымдардың үкіметтік әзәзілдік әрекеттер мен жасырын империалистік дипломатияның *құралына* айналғанын көрсетеді.

5. Империалистік коалициялардың екеуінің де буржуазиялық үкіметтері қазір әзірлеп жатқан бітімнің мүмкін шарттары іс жүзінде *күштердің* арасалмағына соғыс жасаған не соғыс жасай алатын *өзгерістерге* қарай белгіленеді. Негізгі және басты белгілерін алғанда, бұл өзгерістер төмендегілер: (а) осы күнге дейін герман империалистік коалициясы өзінің бәсекелесінен анағұрлым күшті болып шығып отыр, ал герман және онымен одақтастар әскерлерінің басып алған жерлері дүние жүзін (отарларды, әлсіз елдерді, финанс капиталының ықпал өрістерін, т. т.) қайтадан империалистік бөліске салған кезде бұлардың қолындағы *кепіл* болып табылады, бұл бөлісті бітім тек формальді түрде ғана бекітетін болады; (б) ағылшын империалистік коалициясы өзінің соғыстағы жағдайын көктемге қарай жақсартамыз деп дәмеленеді; бірақ (в) соғыстан туған титықтаушылық және *ең бастысы* — финанс олигархиясына құлақ естімеген «соғыс пайдалары» арқылы тонаудан *да гөрі* халықтарды көбірек тонаудың қиыншылығы, пролетарлық революциядан қорқуға байланысты, кейбір буржуазиялық топтарды империалистік қарақшылардың екі тобының арасындағы келісіммен соғысты тезірек бітіре салуға ұмтылдырып отыр; (г) дүние жүзілік саясатта Германияға қарсы ағылшын-орыс коалициясынан Англияға қарсы герман-орыс коалициясына (нақ сондай империалистік сипаттағы) қарай бет бұрыс көрініп отыр, бұл коалиция мынаған негізделген — Франциямен, Англиямен, Италиямен және т. б. жасасқан құпия шарттарда уәде етілген Константинопольді патша өкіметінің жаулап алуға шамасы келмейді, сондықтан ол шығындардың есесін Галиция мен Арменияны және, бәлкім, Румынияны, т. т. бөлісіп алу, сондай-ақ Азияны тонау үшін Англияға қарсы Германиямен одақтасу арқылы толтыруға тырысады; (д) дүние жүзілік саясаттағы тағы бір ірі бет бұрыс Европаның есебінен Америка Құрама Штаттары финанс капиталының орасан байы-

ғандығында болып отыр; Америка Құрама Штаттары ең соңғы кезде өзінің қару-жарағын (анағұрлым әлсіз болса да, жапон империализмі сияқты) құлақ естімеген дәрежеде көбейтіп алды және ол «өз» жұмысшыларының назарын осы қаруланудан *...Европа жөніндегі* пацифистік арзан сөздер арқылы бұрып әкете алса, мұнысына дән риза!

6. Пролетарлық революциядан қорқатын буржуазия осы объективті саяси жағдайды, осы империалистік өмір шындығын қалай да бүркемелеуге, боямалауға, жұмысшылардың назарын мұнан басқа жаққа аударуға, оларды ақымақ етуге мәжбүр болып отыр, ал мұның ең жақсы амалы ешқандай міндет жүктемейтін, екіжүзді, өтірікке белшесінен батқан дипломатия үшін дағдыға айналған «демократиялық» бітім туралы, «жалпы» шағын халықтардың бостандығы, «қарулануды тежеу», т. с. туралы құрғақ сөздер болып табылады. Халықтарды осылай ақымақ етуді империалистік буржуазия сондайлық оңай істейді, ойткені, мысалы, «аннексиясыз бітім» дегенде, буржуазияның *қайсысы болсын* өз *бәсекелесінің* аннексиясы туралы айтады да, *өзінің жасап та қойған* аннексиясы туралы «сыпайыгершілікпен үн қатпайды». Германдықтар *іс жүзінде* өзінің Константинопольді, Белградты, Бухаресті, Брюссельді ғана емес, сонымен қатар Эльзас-Лотарингияны, Шлезвигтің бір бөлегін, пруссиялық Польшаны, т. т. да аннексиялап отырғанын «ұмытады». Патша өкіметі және оның малайлары, Россияның империалистік буржуасы (соның ішінде Плеханов пен Потресов және олардың К^{0}-сі, яғни Россиядағы Ұйымдастыру комитеті партиясының көпшілігі) Россияның Эрзерум мен Галицияның бір бөлегін ғана емес, сонымен қатар Финляндияны, Украинаны, т. т. да аннексиялап отырғанын «ұмытады». Француз буржуасы ағылшындармен бірлесіп, Германияның отарларын тонап алғанын «ұмытады». Итальян буржуасы өзінің Триполиді, Далмацияны, Албанияны, т. т. ұшы-қиырсыз тонап жатқанын «ұмытады».

7. Объективті жағдай осындай болып отырғанда шын социалистік саясат атаулының, адал пролетарлық

саясат атаулының (саналы-маркстік саясатты айтпай-ақ қойғанның өзінде) айқын және сөзсіз міндеті ең алдымен және бәрінен бұрын *өз үкіметі* мен *өз буржуазиясының пацифистік және демократиялық екіжүзділігін* дәйекті түрде, әрдайым, батыл және сөзсіз *әшкерелеу* болып табылады. Мұнсыз социализм, синдикализм, интернационализм туралы сөздердің бәрі де халықты бастан-аяқ алдау, өйткені өздерінің империалистік бәсекелестерінің аннексиясын әшкерелеу (осы соңғылар тура айтыла ма, немесе «жалпы» аннексияға қарсы құрғақ сөздер арқылы өз пікірлерін жасырудың осы секілді басқа да «дипломатиялық» әдістері арқылы іштей ғана ұғыныла ма, бәрібір) *барлық* сатқын журналистердің, барлық империалистердің, соның ішінде социалистердің тонын жамылған Шейдеман және К°, Самба және К°, Плеханов және К°, тағы басқалары тәріздəлердің тікелей мүддесі және өздерінің бас пайдасын көздеушілігі болып табылады.

8. Халықаралық социализмде тұтас бір ағым болып табылатын және *іс жүзінде, объективті жағынан,*— бұлардың ізгі ниеттері қандай болған күнде де,— әрқайсысы «өздерінің» империалистік буржуазиясының халықтарды *ақымақ етуіне*, оның империалистік мақсаттарын *боямалауына* көмектесіп отырған Турати және К°, Каутский және К°, Лонге мен Мергейм және К° өздерінің осы тікелей міндетін мүлдем түсінбеген. Христиан поптары жақынга мейірбандық туралы және Христостың өсиеттері туралы құрғақ сөздермен езуші таптардың, құл иеленушілердің, феодалдардың, капиталистердің саясатын дәріптеп, олардың үстемдік жасауына езілген таптарды *көндіріп,* ғасырлар бойы қандай роль атқарып келген болса, әлгі социал-пацифистер, яғни сөз жүзінде социалистер болып, іс жүзінде буржуазиялық-пацифистік екіжүзділікті жүргізіп отырғандар, қазір нақ сондай роль атқарып отыр.

9. Жұмысшыларды алдамайтын, қайта олардың көзін ашатын саясат төмендегідей болуға тиіс:

(а) Әрбір елдің социалисі нақ қазіргі кезде, бітім туралы мәселе күн тәртібіне қойылып отырғанда, *өз* үкіметін және *өз* буржуазиясын жалпы әшкерелеген-

дегіден гөрі жігерлірек әшкерелеуге тиіс, *олардың* отарларды бөлісу туралы, ықпал өрістерін бөлісу туралы, басқа елдердегі бірлескен финанс әрекеттері туралы, акциялар сатып алу туралы, монополиялар, концессиялар, т. т. туралы *өздерінің* империалистік одақтастарымен жасасқан не жасасып жатқан құпия шарттарын жігерлірек әшкерелеуге тиіс.

Өйткені әзірленіп жатқан империалистік бітімнің жалған емес, нақты, шын *негізі*, мәні осында, *тек қана* осында, ал қалғанының бәрі халықты алдау. Аннексиясыз, т. т. демократиялық бітімді жақтайтын адам — бұл сөздерді қайталап айтып, қарғанып, ант-су ішетін адам емес, *нақ өз* буржуазиясын, өздерінің *істерімен* шынайы социализмнің және шынайы демократияның ұлы принциптерін қиратып жатқан буржуазияны *іс жүзінде* әшкерелейтін адам.

Өйткені әрбір парламентарий, редактор, жұмысшы одағының секретары, журналист, қоғам қайраткері үкімет пен финансистер жасырып отырған империалистік келісімдердің нақтылы негіздері туралы *шындықты* айтатын материалды *қашан да* жинап ала *алады*, ал социалистердің бұл борышын *орындамауы* олардың тарапынан социализмге *опасыздық* жасағандық болады. *Бірде-бір* үкімет нақ қазіргі уақытта өзінің шын саясатын, оның шарттарын, финанс келісімдерін, т. т. әшкерелейтін нәрсені еркін бастыруға жол бермейді, бұған күмән жоқ. Бұл әшкерелеуден бас тартуға дәлел емес. Бұл цензураға құлдық ұрып бағынудан еркін, яғни цензурасыз, яғни құпия баспаға көшу қажет екендігіне дәлел.

Өйткені *басқа* елдің социалисі «оның» ұлтымен соғысып жатқан мемлекеттің үкіметі мен буржуазиясын әшкерелей алмайды, халықтың тілін, тарихын, ерекшеліктерін және басқаларын білмегендіктен ғана емес, *мұндай* әшкерелеу *интернационалистік* борыш болмай, *империалистік* әзәзілдік әрекет болып табылатындықтан да олай ете алмайды.

Мен интернационалиспін деп қарғанып, ант-су ішетін адам интернационалист емес, *өз* буржуазиясына, *өз* социал-шовинистеріне, *өз* каутскийшілдеріне қарсы

шын интернационалистше күресетін адам ғана интернационалист.

(б) Әрбір елдің социалисі енді өзінің үгітінде *өз* үкіметінің әрбір саяси сөзіне ғана емес, *іс жүзінде* осы үкіметке қызмет ететін *өз* социал-шовинистерінің әрбір саяси сөзіне де мүлдем сенбеу қажеттігін бәрінен де гөрі баса айтуы қажет.

(в) Әрбір елдің социалисі ендігі жерде бітімді қазіргі *емес* және жалпы алғанда *буржуазиялық* үкіметтер *емес*, буржуазияның үстемдігін құлатып, оны экспроприациялауға кіріскен *пролетарлық* үкіметтер жасаған жағдайда *ғана* шын баянды және шын демократиялық (аннексиясыз, т. т.) бітім жасасуға болады деген даусыз ақиқатты бұқараға бәрінен де гөрі көбірек түсіндіруге тиіс.

Социализмнің қазіргі уақытта буржуазия жағына шығып кеткен барлық көсемдері соғысқа дейін қайталап айтумен келген ақиқатты, атап айтқанда, қазіргі капиталистік қоғам, әсіресе* алдыңғы қатарлы елдерде, социализмге өту үшін пісіп-жетілді деген ақиқатты соғыс айқын және оның үстіне практикалық жағынан дәлелдеп берді. Егер тонаушылық соғыс үшін халық күштерін жұмылдыру мүддесін көздеп, мысалы, Германияға 66 миллион халықтың бүкіл шаруашылық өмірін, бір-екі жүз финанс алпауыттарының немесе дворянсымақтардың, монархияның және $К^0$ мүдделеріне бола *бір орталық мекемеден* басқарып отыруға тура келген болса, онда *осы нәрсені* халықтың $^9/_{10}$ бөлігінің мүдделері үшін дәулетсіз бұқара әбден істей алады, егер бұқараның күресін социал-империалистердің және социал-пацифистердің ықпалынан арылған саналы жұмысшылар басқаратын болса мұны әбден істей алады.

Социализм жолындағы үгіттің бәрі абстрактылы және жалпы үгіттен нақты және тікелей практикалық үгітке айналдырылуға тиіс: банктерді экспроприациялап, бұқараға сүйене отырып және соның мүдделері

---

* Қолжазбада «әсіресе» деген сөздің үстіне «ең болмағанда» деген сөздер жазылған. *Ред.*

үшін, Германияда *WUMBA**-ның істеп жатқанының *нақ өзін* істеңіздер!

(г) Әрбір елдің социалисі бұқараға мына даусыз ақиқатты түсіндіруге тиіс: егер «демократиялық бітім» туралы сөздерді *империалистік* бітімді бүркемелейтін, *христиандық* жалған сөздер ретінде қолданбай, ден қойып, шын, адал ниетпен алатын болсақ, онда жұмысшылар мұндай бітімді шын мәнінде *нақ қазір тек* бір *ғана* әдіспен шын мәнінде жүзеге асыра алар еді, атап айтқанда: *қаруды өз үкіметіне қарсы жұмсау* әдісімен жүзеге асыра алар еді (яғни Карл Либкнехттің айтқан кеңесін орындай отырып жүзеге асыра алар еді; бұл кеңесі үшін ол каторгаға кесілді; ол біздің партияның 1914 жылғы 1 ноябрьдегі өз манифесінде империалистік соғысты пролетариаттың буржуазияға қарсы социализм жолындағы азамат соғысына айналдыру** деп атаған нәрсесін басқаша сөздермен айтқан болатын).

Барлық социалистік партиялар қол қойған, *нақ осы соғыс* жөнінде айтылған 1912 жылғы 24 ноябрьдегі Базель манифесі үкіметтерді нақ таянып келе жатқан соғысқа байланысты *«пролетарлық революциямен»* қорқытқанда, Париж Коммунасына меңзегенде, бұл манифест шындықты айтқан еді, ал қазір социализмге опасыздық еткендер бұл шындықтан үрейлене безіп отыр. Өйткені 1871 жылы Париж жұмысшылары III Наполеон өзінің цезарьлық мақсаттары үшін бұлардың қолына ұстатқан тамаша қаруды бүкіл дүние жүзінің социалистері мадақтарлықтай ерлік істер істеу әрекетіне, буржуазияны құлатып, социализмді жүзеге асыру үшін өкіметті жеңіп алуға тырысу әрекетіне пайдалана алған болса,— онда қазіргі уақытта, бірнеше елдің онан анағұрлым көп, анағұрлым ұйымдасқан, анағұрлым сапалы жұмысшыларының қолында онан анағұрлым жақсы қару болып отырғанда және соғыстың барысында бұқара күн сайын көзі

---

* — Waffen und Munitionbeschaffungsamt — Қару-жарақпен және оқ-дәрімен жабдықтау ведомствосы. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 13—23-беттер. *Ред.*

ашылып, революцияшылданып келе жатқанда, мұндай әрекеттің жүзеге асуы, мүмкіндігі 1000 есе артық және ойдағыдай болады деген үміт тудырады. Ал барлық елдерде осы рухта ұдайы жүргізілетін насихат және үгіт жұмысының басталуына ендігі жерде басты кедергі болып отырған әсте «бұқараның шаршағандығы» емес,— ал Шейдемандар оған қоса Каутский «бұқараның шаршағандығын» өтіріктен-өтірік тілге тиек етеді,— «бұқара» оқ атудан әлі шаршаған жоқ және, егер олардың тап жаулары Түркияны, Румынияны, Арменияны, Африканы және басқаларын бөлісіп алу жөнінде тіл табыса алмаса, олар алдағы көктемде мұнан да көбірек ататын болады,— басты кедергі саналы жұмысшылардың бір бөлегінің социал-империалистерге және социал-пацифистерге *сенуі* болып отыр, сондықтан бұл ағымдарға, *идеяларға, саясат* түрлеріне осы сенуді күйрету бүгінгі күннің басты міндеті болуға тиіс.

Ең қалың бұқараның *пиғылы* тұрғысынан қарағанда мұндай әрекеттің қаншалықты жүзеге аса алатындығын жер-жердің бәрінде жаңағыдай үгіт пен насихатқа барынша батыл, барынша қажырлы кірісу ғана *дәлелдей* алады, бұқараның барған сайын өршіген ашу-ызасының барлық революциялық көріністерін, Россияда буржуазия өкілдерін революцияның келе жатқандығын тура мойындауға мәжбүр еткен және рейхстагта Гельферихты: «Потсдам алаңында өліктер жатқанын көргеннен гөрі солшыл социал-демократтарды түрмеде ұстаған артық» дегізген, яғни солшылдар үгітінің бұқара арасында негізі *бар* екенін мойындатқан стачкалар мен демонстрацияларды барынша шын ниетпен, жанқиярлықпен қолдау ғана *дәлелдей* алады.

Қалай болған күнде де, социалистер бұқара алдына былай деп екінің бірін қалауды айқын қоюға тиіс: не капиталистердің пайдаларына бола бір-бірімізді соққылап, қымбатшылыққа, ашаршылыққа, миллиардтаған борыштың езгісіне және империалистік *уақытша бітімнің* демократиялық, реформистік әмексітумен бүр-

келген мазағына төзе беру керек, не буржуазияға қарсы көтеріліс жасау керек.

Революциялық партия, басталып отырған нақ *осындай* соғыс бола қалған күнде, «пролетарлық революция» болатынын ашық айтып, бүкіл дүние жүзі алдында үкіметтерді қорқытқан партия, егер бұқара тамаша қаруланып отырғанда, соғыс өнеріне тамаша үйреніп алып отырғанда және өздері осы күнге дейін көмектесіп келген империалистік қырғынның сорақылығын, қылмыстылығын ұғынып әбден шырығып отырғанда, жұмысшылар мен бұқараға барлық ниеттерің мен күш-жігерлеріңді көтеріліске жұмсауларың керек деп кеңес бермесе, ол партия моральдық жағынан өзін өзі өлтіреді.

(д) Социалистер реформизмге қарсы күресті өз жұмысының өзекті мәселесі етіп қоюға тиіс, ал реформизм революциялық жұмысшы қозғалысын әрқашан да буржуазиялық идеялармен азғындатып келді және қазір біршама ерекше форма алып отыр. Атап айтқанда: реформизм буржуазияның соғыстан кейін жүргізуіне тиісті реформаларына «сүйенеді»! ол мәселені былай қойды: пролетариаттың пролетарлық революциясын уағыздаймыз, насихаттаймыз, әзірлейміз деп жүргенде біз «практикалық нәрсені» «естен шығарады» екенбіз, реформаларға жету мүмкіншіліктерінен «айрылып қалады» екенбіз.

Мәселені бұлай қоюдың бәрі социал-шовинистер үшін де, көше демонстрацияларын «авантюра» деп атауға дейін барған Каутскийдің жақтастары үшін де дағдылы нәрсе, мүлдем ғылыми емес, жалған нәрсе, буржуазиялық өтірік.

Соғыс кезінде дүние жүзілік капитализм жалпы шоғырландыруда ғана емес, жалпы алғанда монополиялардан *мемлекеттік капитализмге* қарай бұрынғыдан да зор мөлшерде көшуде бір адым ілгері басты. Бұл бағытта экономикалық реформалар болмай қоймайды.

Саясат саласында империалистік соғыс мынаны дәлелдеді: нақ империалистердің тұрғысынан қарағанда, соғыс кезінде ирланд немесе чех «жанжалдарына» (яғ-

ни көтерілістерге немесе тұтас полктардың жау жағына өтіп кетуіне) тәуекел еткеннен гөрі саяси жағынан дербес, финанс жағынан тәуелді, шағын ұлтпен одақтас болу *кейде* анағұрлым тиімді болып шығады. Сондықтан империализм ешқашан үзілді-кесілді бас тарта алмайтын саясатпен — ұсақ ұлттарды тікелей тұншықтыру саясатымен бірге, ол кейбір жағдайларда ұлттық шағын жаңа мемлекеттермен немесе Польша тәрізді жарымжан мемлекеттермен «ерікті түрде» (ягни тек финанс жағынан тұншықтырудан туған) одақтасу саясатын жүргізуі әбден мүмкін.

Мұнан социал-демократтар, өздеріне өздері опасыздық жасамай-ақ, империалистердің мұндай «реформаларын» жақтап «дауыс бере» алады екен немесе соларға қосыла алады екен деген қорытынды тіпті де тумайды.

Істің *шындығына* келгенде Каутский, Турати, Мергейм солардың позициясына көшіп отырған буржуазияшыл реформистер ғана мәселені: *не* революциядан бас тарту керек, онда реформалар болады, *немесе* ешқандай реформалар керек емес, деп қояды.

Дүние жүзілік тарихтың бүкіл тәжірибесі, сондай-ақ 1905 жылғы орыс революциясының тәжірибесі де, бізді бұған керісінше үйретіп отыр: *не* революциялық тап күресін жүргізу керек, мұның қосымша нәтижесі *әрқашан* да реформалар болады (революция толық жеңбеген жағдайда), *не* ешқандай реформалар керек емес.

Өйткені өзгерістер жасауға мәжбүр ететін *бірден-бір нағыз* күш бұқараның революциялық күш-жігері ғана, күш-жігер болғанда II Интернационалда болғанындай, тек қағаз жүзінде қалатын күш-жігер емес, революцияның соңында салпақтамай, оны бастап отыратын партиялардың өздері жүргізетін жан-жақты революциялық насихатқа, үгітке және бұқараны ұйымдастыруға бастайтын бұқараның революциялық күш-жігері.

Дүние жүзілік тарихтың қазіргідей *«қысылшаң»* замандарында социал-демократия революцияны ашық жариялау арқылы ғана, революцияға қарсы адамдар-

дың бәрін немесе революция болса болып қалар деп «сенімсіздікпен» қарайтындарды жұмысшы партияларынан аластау арқылы ғана, партияның *бүкіл* жұмысын революциялық жұмыс ету арқылы ғана бұқараға мынадай кепілдік бере алады: революцияны қалың көпшілік бұқара қолдаған жағдайда бұқараның істеген ісі әбден табысты болады деп, немесе революция онша табысты болмаған жағдайда реформалар болады, яғни буржуазия кеңшіліктер жасайтын болады деп кепілдік бере алады.

Әйтпесе, Шейдемандар мен Каутскийлердің саясаты жағдайында, реформалар ақырында барып жоққа саймайды деуге, немесе революция жолында қайта күреске шыққанда пролетариаттың мұнан былай сол реформаларды сүйеніш етуіне мүмкіндікті *жоятын*, полициялық-реакциялық шектеу жағдайында жүзеге асады демеуге *ешқандай* кепілдік жоқ.

(е) Социалистер Карл Либкнехттің ұрандарын жүзеге асыру үшін шындап қабылдауға тиіс. *Бұқараның* бұл есімге іш тартуы революциялық жұмыстың мүмкіндігі мен сенімділігі *кепілдіктерінің* бірі. Шейдеман мен К°-нің, Каутский мен К°-нің бұл есімге көзқарасы — *сөз жүзінде* «барлық елдердің Либкнехттеріне» бас иіп, *іс жүзінде* Либкнехттің тактикасына қарсы күресетін, екіжүзділіктің үлгісі.

Либкнехт Шейдемандармен (Ренодельдермен, Плехановтармен, Биссолатилермен) ғана емес, Каутскийдің (Лонгенің, Аксельродтың, Туратидің) *ағымымен* де байланысты үзді.

Либкнехт *1914 жылы 2 октябрьде* Parteivorstand*-қа жазған хатының өзінде-ақ былай деп жариялаған-ды:

«Ich habe erklärt, daß die deutsche Partei, nach meiner innersten Ueberzeugung, von der Haut bis zum Mark *regeneriert* werden muß, wenn sie das Recht nicht verwirken will, sich sozialdemokratisch zu nennen, wenn sie sich die jetzt gründlich verscherzte Achtung der Welt wiedererwerben will» («Klassenkampf gegen den Krieg!

---

* — Партия басқармасы. *Ред.*

Material zum «Fall Liebknecht»». Seite 22). (Geheim gedruckt in Deutschland: «Als Manuskript gedruckt!»)*.

Барлық партиялар Либкнехттің осы ұранын қабылдауға тиіс және, әрине, Шейдемандарды, Легиндерді, Ренодельдерді, Самбаларды, Плехановтарды, Вандервельделерді және $К^0$-ні партиядан шығармайынша немесе Каутскийдің, Туратидің, Лонгенің, Мергеймнің бағытына кеңшілік жасау саясатынан қол үзбейінше, бұл ұранды жүзеге асыру мүмкін деп ойлау кісі күлерлік болар еді.

* *
*

10. Сондықтан біз циммервальдистер конференциясын шақыруды ұсынамыз және бұл конференцияға төмендегі ұсыныстарды қоямыз:

(1) Белгілі бағыттың: Лонге-Мергеймнің, Каутскийдің, Туратидің және т. т. Кинтальда-ақ принципті түрде қабылданылмай қалған және *ағымдардың* аты аталған өкілдерінің нақты қорғауында қабылданылмауға тиісті бағыттың социалистік пацифизмін (жоғарыда баяндалған тезистер негізінде), буржуазиялық реформизм ретінде, үзілді-кесілді және ешбір сөзсіз қабылдамау керек.

(2) Социал-шовинизмпен ұйымдық жағынан да нақ осындай батыл түрде ажырасуды жариялау керек.

(3) Бұқараның соғысқа және буржуазияның пацифистік жылымшы сөздерінің жалғандығына төзімінің нақ сарқылып бітуіне байланысты жұмысшы табына оның тікелей және кезек күттірмейтін революциялық міндеттерін көрсету керек.

(4) Нақ пацифизм жолына түскен итальян социалистік партиясы саясатының да, сондай-ақ, Цюрихте

---

* — «Мен, егер герман партиясы өзінің социал-демократиялық партия деп аталу правосынан айрылғысы келмесе; егер ол дүние жүзі алдында қазіргі кезде өзінің әбден құлдырап кеткен қадірін қалпына келтіру ниетінде болса, онда герман партиясына, менің өзімнің кәміл сенімім бойынша, бастан-аяқ *регенерация* керек деп мәлімдедім» («Соғысқа қарсы тап күресі! «Либкнехт ісі» жөніндегі материалдар». 22-бет). (Германияда жасырын түрде басылған: «Қолжазба ретінде басылған»). *Ред.*

1916 жылғы 4 ноябрьде жанама салыққа келісім беруге барған, «центршіл» Р. Гриммнің социал-патриоттар Грейлихпен, Г. Мюллермен және K^0-мен одақтасуы арқасында, 1917 жылғы 7 январьда соғыс мәселесін талқылау үшін партияның 1917 жылғы 11 февральға тағайындалған арнаулы съезін белгісіз уақытқа кейінге қалдыруға қаулы алған, сөйтіп партия отан қорғауды қабылдамайтын болса, мандаттарымыздан бас тартамыз деп ашықтан-ашық қорқытқан нақ сол социал-патриоттық көсемдердің ультиматумына үн-түнсіз шыдап отырған Швейцария социал-демократиялық партиясы саясатының да Циммервальд пен Кинтальдың бүкіл рухынан және барлық қаулыларынан толық ажырасқандығын ашық мойындап, айыптау керек.

Жалпы сөздермен тұжырымдалған, «жалпылама» революциялық шешімдер *іс жүзінде* реформистік практикамен қосарласып отыратын практиканың, интернационализмді дәріптеу интернационалдық бірлестіктің бір бөлегі болып табылатын әрбір жеке партия тактикасының түбегейлі мәселелерін шын мәнінде *бірлесіп* интернационалистік тұрғыдан талқылаудан бас тартумен қосарласып отыратын практиканың өте-мөте зияндылығын II Интернационалдың күйінішті тәжірибесі жеткілікті түрде көрсетіп берді.

Біздің партия Циммервальдтың алдында-ақ және Циммервальдтағы конференцияда пацифизмді, бітімді абстрактылы түрде уағыздауды буржуазиялық алдау ретінде біздің біржола айыптайтынымызбен жолдастарды таныстыруды өзінің борышы деп білді (біздің партияның қарары, ол Циммервальдта неміс тілінде «Социализм және соғыс» деген кітапшада және қарарлардың француз тіліндегі аудармасымен бірге листокта таратылған болатын*). Құрылуына өзіміз қатысқан *Циммервальд солшыл* тобы нақ сол Циммервальдта өз алдына ұйымдасқанда, біздің Циммервальд бірлестігін қолдағанда, бұл бірлестік социал-шовинизмге қарсы күресетін *болғандықтан* қолдайтындығымызды көрсету үшін ұйымдасқан.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 170—177-беттер. *Ред.*

Біздің кәміл сеніміміз бойынша, Циммервальдтағы көпшілік немесе Циммервальд оңшылдары, социал-шовинизммен күрес жүргізуге қарай емес, қайта барлық позицияларын беруге, онымен пацифистік бос сөздердің платформасында қосылуға қарай *толық* бет бұрғандығы нақ қазір біржола аңғарылып отыр. Сондықтан Циммервальдтың бірлігі және оның III Интернационал үшін күресетіндігі жөніндегі жалған үмітті қолдау мұндай жағдайда жұмысшы қозғалысына орасан зор зиян келтіреді деп ашық мәлімдеуді біз өзіміздің борышымыз деп білеміз. «Қорқыту» ретінде емес және «ультиматум» ретінде емес, ал өз шешімімізді ашық хабарлау ретінде, біз бұл жағдай өзгермей қалатын болса, Циммервальд бірлестігінде өзіміздің мүше болып қалмайтындығымызды мәлімдейміз.

1916 ж. 25 декабрьден (1917 ж. 7 январьдан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БЕРНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОМИССИЯНЫҢ МҮШЕСІ ШАРЛЬ НЭНГЕ АШЫҚ ХАТ

Қадірлі жолдас! Ұлттық кеңесші Роберт Гримм мырзаның осы жылы 7 январьда партия басқармасының мәжілісінде барлық социал-ұлтшылдармен бірге және едәуір дәрежеде соларды бастап, партия съезін кейінге қалдыру туралы қарарды *жақтап* сөз сөйлеуі шыдамды тауысады және ұлттық кеңесші Р. Гримм мырзаны біржола әшкерелейді.

Халықаралық социалистік комиссияның Циммервальдта сайланған председателі, Циммервальд және Кинталь конференцияларының председателі, бүкіл Циммервальд бірлестігінің бүкіл дүние жүзі алдындағы ең «беделді» өкілі, социал-патриоттармен бірге және оларды бастап, Циммервальдқа тура опасыздық жасап отыр, империалистік соғыста отан қорғау туралы мәселені шешу үшін әлдеқашан және әдейі арнап — ең ерікті деген және, орнына, уақытына қарағанда, Европаның ең интернационалдық ықпалды деген елінде — тағайындалған партия съезін болдырмай тастау ұсынысын қойып отыр!!

Үндемей қалуға бола ма? ұлттық кеңесші Р. Гримм мырзаның бет пердесін жұлмаған күнде бүкіл Циммервальд қозғалысын мәңгі-бақи масқара етерлік, оны мәңгі-бақи мазақ етерлік фактіні көре-тұра жайбарақат қалуға бола ма?

Швейцария социалистік партиясы европалық социалистік партиялардың ішінен бірден-бір партия болып тура және ресми түрде, ашық съезде, әскери цензура-

ның және әскери өкімет орындарының бөгетінсіз Циммервальдқа қосылды, оны қолдады, Халықаралық социалистік комиссияның екі мүшесін берді, соғыс жағдайының езгісі салдарынан анағұрлым қиын жағдайға түскен итальян партиясын айтпасақ, бүкіл дүние жүзі алдында Циммервальд қозғалысының ең басты өкілі ретінде көрінді. Енді, міне, Швейцария социалистік партиясында, 1916 жылғы 4—5 ноябрьде, өзінің Цюрихтегі съезінде,— сөз арасында айта кетелік, тек 1916 жылдың күзінде ғана партиядан Grütli — Verein* болып өз алдына бөлініп шыққан ашық социал-патриоттарға қарсы күрестен туған созбұйдалардан кейін — соғыс мәселесін және отан қорғау туралы мәселені шешу үшін 1917 жылы февральда Бернде арнайы съезд шақырмақ болып біржола шешкен осы партияда бұл съезге жол бермеуге, оны болдырмай тастауға, соғыс құмарларға және отан қорғауға көзқарас туралы мәселені жұмысшылардың *өздерінің* талқылап шешуіне, оның үстіне нақ соғыс кезінде талқылап шешуіне жол бермеуге ұйғарған адамдар табылып отыр.

Бүкіл Циммервальд қозғалысын беттен соққылайтын саясатты ұстаушы адамдарды бастап отырған Халықаралық социалистік комиссияның председателі болып шықты!

Мұның өзі Циммервальдқа толық опасыздық жасау емес пе? Мұның өзі бүкіл Циммервальд шешімдерін *масқара ету* емес пе?

Бұл шараның бүкіл мәнін түсіну үшін съезді кейінге қалдыруды ресми түрде түсіндірген дәлелдердің кейбіреулерін болса да қарастырып шығуға тұрады.

Бұл мәселені шешу үшін, «көремісіздер, жұмысшылар әлі әзір емес» деседі!

Циммервальд пен Кинтальдің барлық манифестерінде, барлық қарарларында империалистік соғыста, империалистік екі коалицияның арасындағы соғыста, отарларды тонау және әлсіз ұлттарды тұншықтыру үшін жүргізіліп жатқан соғыста отан қорғау дегеннің

* — Грютли-одақ. *Ред.*

өзі, бұл «ұлы державаларға» қатысты ма немесе белгілі бір кезеңге дейін өзінің бейтараптығын сақтап келген шағын ұлттарға қатысты ма, бәрібір, социализмге опасыздық жасау болады деп талай рет айтылған. Циммервальд пен Кинтальдің барлық ресми документтерінде осы ой сан сақта қайталанып айтылған. Швейцарияның барлық социалистік газеттері және әсіресе ұлттық кеңесші Р. Гримм мырза редакциялап отырған «Berner Tagwacht» газеті жүздеген мақалалары мен заметкаларында осы ойды ежіктеген үстіне ежіктеген болатын. К. Либкнехтке, Хёглундке, Маклинге, т. т. тілектестік мәлімдемелерде барлық циммервальдистерге ортақ сенім, *бұқараның* жағдайы мен мүдделерін бұлардың *дұрыс* түсінгені, нақ *бұқараның*, яғни езілгендер мен қаналғандар көпшілігінің тілектестігі *солардың* жағында екені, пролетарлар өздерінің таптық түйсігімен — барлық жерде де, соғысып жатқан «ұлы» Германияда да, кішкентай бейтарап Швецияда да — империалистік соғыста отанды қорғау *социализмге опасыздық* жасау болып табылады деген ақиқатты ұғатындығы жүздеген рет атап көрсетілген болатын.

Ал енді Халықаралық социалистік комиссияның председателі Швейцария социалистік партиясының ішіндегі социал-патриотизмнің *белгілі* өкілдерінің: H. Greulich-тің, P. Pflüger-дің, Huber-дің, Manz-Schäppi-дің т. т. және т. с. бәрінің масаттана мақұлдап, қызу қолдауымен, партия съезі кейінге қалдырылады-мыс, өйткені «жұмысшылар әзір емес» деген екіжүзділік әрі жалған дәлелдерді айтып отыр.

Бұл — ашындыратын, адам төзгісіз екіжүзділік және өтірік. Съездің кейінге қалдырылып отырған себебі, жоғарыда аталған социал-патриоттар жұмысшылардан *қорқады*, отан қорғауға қарсы жұмысшы шешімінен *қорқады*, егер отан қорғаудан бас тарту туралы шешім шығарылатын болса, ұлттық-ратада мандатымыздан бас тартамыз деп *қорқытады*, бұл жұрттың бәріне мәлім және *«Grütlianer»*[116] газеті осы күйінішті шындықты ашықтан-ашық жазып та отыр. Швейцария социалистік партиясының осы кезге дейін, соғыс басталғаннан бері $2^1/_2$ жыл өткеннен кейін де,

«отан қорғауды», яғни белгілі бір коалицияның империалистік буржуазиясын *қорғауды* жақтап отырған социал-патриоттық «көсемдері», осы көсемдер *съезді болдырмай тастамақ* болды, Швейцария социалистік жұмысшыларының дегенін болдырмай, соғыс кезінде олардың өздерінің соғысқа көзқарасын, «отан қорғаушыларға», яғни империалистік буржуазияның малайлары жөніндегі көзқарасын талқылап, белгілеуіне жол бермей тастамақ болып ұйғарды.

Съезді кейінге қалдырудың жұртқа әбден мәлім шын себебі, міне, осы, Швейцарияның саналы жұмысшыларына *қарсы,* Швейцария социалистік партиясының ішіндегі социал-патриоттар жағына қашып шыққан Халықаралық социалистік комиссия председателінің Циммервальдқа жасаған опасыздығы, міне, осында!

Ашық-социал-патриоттық «Grütlianer»-дің айтып та қойған күйінішті шындығы, міне, осында; сөз арасында айта кетейік: *грютлилік* көсемдердің, Грейлихтің, Пфлюгердің, Huber-дің, Manz-Schäppi-дің және К⁰-нің, социалистік партияның *ішінде* не ойлап, не істеп жатқандығынан әрқашан да жақсы хабардар «Grütlianer» — оның бер жағында, 1917 жылғы 7 январьдағы мәжілістен *үш күн бұрын* былай деп жазған:*

Съезді кейінге қалдырудың басқа бір «ресми» дәлелі: соғыс мәселесі жөнінде қарар жазу үшін 1916 жылы декабрьде немесе тіпті ноябрьде арнайы сайланған комиссия «бірауызды пікірге келмеген»!!

Егер Швейцария социалистік партиясында Грейлих, Пфлюгер, Г. Мюллер, Губер, Манц-Шеппи, Отто Ланг және басқалар сияқты, «Грютли-одақтың» социал-патриоттық көзқарасына *толық* қосылатын және өздерінің *социалистік* партияға қатысуымен социалистік жұмысшыларды тек қана *алдап жүрген* «көсемдер», социал-патриоттық грютли-партиясына ауыспай, Швейцария социалистік партиясында қалып қоятын болса, бұл партияда осындай мәселе жөнінде

* Қолжазбаның осы жерінде цитат үшін орын қалдырылған. *Ред.*

бірауыздылықтың болуы *мүмкін еместігін* Гримм және К⁰ бұрын мүлдем білмеген секілді!

Гримм және К⁰ 1916 жылдың жазында отан қорғау мәселесі жөнінде бірауыздылық болмағанын және бола да алмайтынын айқын көрмеген секілді, өйткені 1916 жылдың жазында Пфлюгердің, Г. Мюллердің және басқалардың *социал-патриоттық* тезистері басылған болатын, ал Гримм, әлбетте, National-Rath'-тағы социал-демократиялық фракция мүшелері көпшілігінің болмаса Грейлих пен К⁰-нің социал-патриоттық көзқарастарын *National-Rath'-та көрмеуі мың мәрте мүмкін емес.*

Гримм мен К⁰ Швейцарияның социалистік жұмысшыларын алдағылары келеді. Сондықтан олар комиссияны тағайындай тұрып, оның мүшелерінің аттарын *жарияламады.* Ал «Grütlianer» болса, бұлардың аттарын жариялап және өзінен-өзі түсінікті нәрсе ретінде, *мұндай* комиссия бірауызды шешім шығара алмайды деген *ақиқатты,* жұрттың бәріне белгілі осы ақиқатты қоса айтып, *шындықты* айтып салды!

Жұмысшыларды алдау үшін Гримм мен К⁰ жұмысшылардан шындықты *жасырып,* комиссияның қарарларын *дереу* жариялау керек деген қаулы *алмады.* Ал қарарлар әлдеқашан дайын болатын *және тіпті құпия түрде басылып та қойылған еді!!*

Huber-дің, Pflüger-дің, Klöti-дің, G. Müller-дің есімдері «отан қорғауды» *мойындайтын,* яғни империалистік сипаты 1000 қайтара әшкереленген соғыс кезінде *социализмге опасыздық жасауды* ақтайтын қарардың соңында аталған, мұның осылай боларын күту де керек еді!! Nobs-тің, Affolter-дің, Schmid-тің, Naine-нің, Graber-дің есімдері «отан қорғауды» *мойындамайтын* қарардың соңында аталған.

Гримм мен социал-патриоттардың социалистік жұмысшыларға қандай ұятсыз, ардан безген амал-айла жасап жүргендерін қараңыздаршы:

Олар жұмысшылар әзір емес деп айғайлайды және де *дайын тұрған қарарларды* жұмысшылардан осы көсемдердің *өздері* жасырып отырған

кезде осылай деп айғайлайды; ал бұл қарарлар жұмысшылардың алдына идеялардың екі тобын, бір-бірімен ымыраға келмейтін *екі* саясатты социал-патриоттық саясатты және циммервальдтық саясатты айқын қояды!!

Гримм мен социал-патриоттар — жұмысшыларды арсыздықпен алдаушылар, өйткені съезді болдырмауды ұйғарған нақ солар, қарарларды жарияламауды, екі саясаттың екеуін де жұмысшылардың ашықтан-ашық таразыға салып, талқылауына жол бермеуді ұйғарған нақ солар, жұмысшылар «әзір емес» деп айқай салушылар да нақ солардың өздері!

Съезді кейінге қалдырудың басқа «ресми» дәлелдері: қымбатшылықпен күресу керек, сайлау науқанын жүргізу керек, т. т.

Бұл дәлелдер — жұмысшыларды тура мазақ еткендік. Біздің — социал-демократтардың реформалар жолында күресуге қарсы *емес* екенімізді, бірақ біздің социал-патриоттардан, оппортунистерден және реформистерден айырмашылығымыз — *біз* реформалар жолындағы күреспен *шектеліп қалмай*, оны революция жолындағы күреске *бағындыратынымызды* кім білмейді? Циммервальд пен Кинталь манифестерінде нақ осы саясаттың талай рет қайталап айтылғанын кім білмейді? Біз сайлау өткізуге және қымбатшылықты бәсеңдету жолындағы реформаларға қарсы емеспіз, бірақ біз бұқараның алдына *шындықты*, атап айтқанда: банктер мен ірі кәсіпорындарды экспроприацияламайынша, яғни әлеуметтік революция жасамайынша қымбатшылықты жеңе *алмаймыз* деген шындықты, ашық мәлімдеуді *бірінші кезекке* қоямыз.

Ал Циммервальд бірлестігінің *әрбір* манифесі пролетариатты соғысқа *жауап* ретінде және соғысқа *байланысты* неге шақырып отыр?

Революциялық бұқаралық күреске, қаруды өз еліндегі жауға қарсы жұмсауға (Internationale Sozialistische Kommission-ның «An die Arbeiterklasse»*-ге 1916 ж. декабрьдің аяғындағы соңғы үндеуін қараңыз),

* — Халықаралық социалистік комиссияның «Жұмысшы табына». *Ред.*

яғни қаруды *өз* буржуазиясына, *өз* үкіметіне қарсы жұмсауға шақырып отыр.

Нақ отан қорғаудан *бас тарту* саясатының қымбатшылыққа қарсы шын революциялық, шын социалистік күреспен *байланысты* екендігі, сайлау науқанын буржуазиялық-реформистік жолмен емес, шын социалистік жолмен пайдалануға байланысты екендігі азды-көпті ойлай білетін адамның қайсысына болсын осыдан-ақ айқын емес пе?

Нақ социал-патриоттық саясаттың, империалистік соғыста «отан қорғау» саясатының, қымбатшылыққа қарсы социалистік күрестің, сайлау науқаны кезінде жүргізілетін күрестің саясаты *емес*, *реформизм* саясаты, яғни буржуазиялық-реформистік күрес саясаты екендігі айқын емес пе?

Қымбатшылықпен, т. т. күресу «сылтауымен» «отан қорғау» туралы (яғни социал-патриоттық саясат *пен* социалистік саясаттың *бірін* таңдау туралы) мәселені шешетін съезді қалайша *«кейінге қалдыруға»* болады?? Осы жалған, өтірік сылтаумен Гримм және социал-патриоттар қымбатшылықпен күресті де, сайлауды да, басқаларын да, Циммервальд рухында емес, буржуазиялық-реформистік рухта жүргізгісі келетіндігін жұмысшылардан *бүркемелегісі* келетіні түсінікті емес пе?

1916 жылы 6 августа Цюрихте Гримм 115 Arbeitervertrauensleute aus der ganzen Schweiz[117]-дің алдында сөз сөйлеп, олардың алдында қымбатшылықпен нақ осы буржуазиялық-реформистік, тек қана реформистік жолмен күресуді дамытып сөйледі! Гримм *өз мақсатына* қарай: социалистік жұмысшыларға *қарсы*, Циммервальдқа *қарсы*, социал-патриоттармен жақындасуға қарай «батыл беттеп» барады.

Бірақ бұл арада аса бір жиіркенішті нәрсе мынау: Гримм өзінің социал-патриоттар жағына шығуын *швейцариялық емес* социал-патриоттарды *өршелене* сөгуімен *бүркемелейді*. Гриммнің опасыздығының ең терең тамырларының бірі, міне, осында, 1917 жылғы 7 январь ашқан бүкіл алдау саясатының ең терең негіздерінің бірі, міне, осында.

«Berner Tagwacht»-қа қараңыздаршы: бұл газеттің орыс, француз, ағылшын, неміс, австриян, бір сөзбен айтқанда... швейцариялықтардан басқа барлық социал-патриоттардың атына айтпаған балағат сөздері қалған жоқ! Гримм неміс социал-патриоты, Герман социал-демократиялық партиясы Parteivorstand-ның мүшесі Эбертті «einen Rausschmeißer in einem Bordell»* (Berner Tagwacht» №... шыққан айы-...) деп атауға дейін барды.

Бұл Гримм дегеннің өзі өжет-ақ емес пе? Бұл Гримм дегеннің өзі неткен рыцарь жауынгер? Ол Бернде тұрып... Берлиндегі социал-патриоттарға қандай ерлікпен шабуыл жасайды десеңізші! Бұл рыцарь... *Берн мен Цюрихтегі* социал-патриоттар жайында қандай ізгілікпен *ештеңе айтпай* отыр десеңізші!

Бірақ Берлиндегі Эберттің Цюрихтегі Грейлихтен, Манц-Шеппиден, Пфлюгерден айырмасы қайсы? Берндегі Густав Мюллерден, Шнеебергерден, Дюррден айырмасы қайсы? *Түк айырмасы жоқ. Бұлардың бәрі де социал-патриоттар.* Бұлардың бәрі де мүлде бірыңғай принципті позицияда. Бұлардың бәрі де бұқараға социалистік *емес,* «грютлилік», яғни реформистік, ұлтшылдық, буржуазиялық идеяларды таратып жүр.

Гримм 1916 жылдың жазында соғыс мәселесі жөнінде өзінің тезистерін жасап, бұл тезистерін солшылдарды да, оңшылдарды да алдаймын деген үмітпен, бұл екеуінің алауыздығын «пайдаланамын» деген үмітпен әдейі шұбалаңқы, күңгірт етіп жасағанда, ол осы тезистерін мынадай сөздермен аяқтаған еді:

«Партия және кәсіптік одақтарының органдары» (соғыс қатері және революциялық бұқаралық қимылдардың қажеттігі туа қалған жағдайда) «бір-бірімен келісімге келулері керек».

Бірақ Швейцария кәсіптік одақтарын басқарып отырған кімдер? Айта кетелік, 1916 жылдың жазында «Schweizerische Metallarbeiterzeitung» газетіне редактор болып қолдарын қойған, өздерінің «отан қорғауды» *жақтайтынын тура* мәлімдеп, Циммервальдтың *бүкіл*

* — «жезөкшелер үйінен тентектік жасағандарды қуып шығатын қызметші». *Ред.*

саясатына қарсы *тура* бас көтеріп, бұл газетті реакциялық, реформистік, социал-патриоттық рухта жүргізген нақ Шнеебергер мен Дюррдің өздері емес пе?

Ал Швейцария социалистік партиясын социал-патриоттар Грейлих, Пфлюгер, Манц-Шеппи, Губер, т. т. және т. с. басқарып отыр, мұны 1917 жылғы 7 январь тағы да үсті-үстіне дәлелдеп берді.

Сонымен, не болып шықты?

Шыққаны сол, Гримм өзінің тезистерінде партияға мынаны: *соғысқа қарсы* революциялық бұқаралық қимылдарға басшылық етуді *нақ осы* социал-патриоттарға, Шнеебергерлерге, Дюррлерге, Грейлихтерге, Пфлюгерлерге және $К^0$-ге тапсыруды ұсынды! Осындай қимылдардың нақ *жауларына*, нақ *реформистерге* тапсыруды ұсынды!!

Енді, 1917 жылғы 7 январьдан кейін, Гриммнің бүкіл «тактикасы» толық әшкереленді.

Ол солшылдардың көсемі, Интернационалдық социалистік комиссияның председателі, циммервальдистердің өкілі және басшысы болып саналғысы келеді, ол қандай да бір «ррреволюциялық» бос сөздермен болса да жұмысшыларды алдайды, ал *іс жүзінде* ол мұнысымен партияның ескі, социал-патриоттық, буржуазиялық-реформистік практикасын *бүркемелейді*.

Ол К. Либкнехтке, Хёглундке, т. б. тілектеспін деп, *солардың* жағындамын, *солардың* саясатын жүргізіп отырмын деп құдайдың атын атап ант-су ішеді.

Бірақ К. Либкнехт Германияда, Хёглунд кішкентай бейтарап Швецияда, *шетелдік емес, қайта* өз социал-патриоттарына қарсы күресті, олар, басқа елдердегі емес, өз еліндегі Берлинде, өз еліндегі Стокгольмде реформистер мен ұлтшылдарға шабуыл жасады. Олар социал-патриоттарды аяусыз әшкерелеуімен *берлиндік* және *стокгольмдік* Грейлихтердің, Пфлюгерлердің, Шнеебергерлердің, Дюррлердің құрметті өшпенділігіне ие болды.

Француз шовинистері неміс Либкнехтті, ал неміс шовинистері ағылшын Маклинді мақтағанда, *басқаның* интернационализмін «интернационалистік» бос сөздермен мадақтау арқылы *өздерінің* ұлтшылдығын бүркемелегісі келіп, алаяқтық жасап жүргендігін түсіну шы-

нымен-ақ қиын ба? Швейцариядан *басқа* барлық елдердің социал-патриоттарын сөккенде, Гриммнің де дәл сол секілді әрекет жасайтынын және ол мұны өзінің швейцариялық социал-патриоттардың жағына шығып кеткенін нақ бүркемелеу үшін істейтінін түсіну шынымен-ақ қиын ба?

Гримм герман социал-патриоты Эбертті неміс жұмысшыларынан «Vorwärts»-ті ұрлап алғаны *үшін,*— жікке бөліну туралы байбалам сала жүріп, партиядан солшылдарды *айдап шыққандығы* және айдап шығып жатқандығы үшін «Rausschmeißer in einem Bordell» деп сөкті.

Ал Гримм өз үйінде, Швейцарияда, 1917 жылғы күйінішті 7 январьдың күйінішті сабаздарымен бірге не істеп жүр?

Ал Гриммнің өзі отан қорғау мәселесі жөнінде салтанатты түрде уәде еткен арнайы съезін Швейцария жұмысшыларынан ұрлап алып отырған жоқ па? Ал Гриммнің өзі жікке бөліну туралы байбалам сала жүріп, циммервальдистерді партиядан шығаруды әзірлеп жатқан жоқ па?

Балаша аңғал болмайықшы, шындықтың бетіне тура қарайықшы!

1917 жылғы 7 январьдағы жиналыста Гриммнің жаңа достары мен қамқоршылары, социал-патриоттар, онымен бірге жікке бөлінуге қарсы айғайлап бақты, айқай салғанда жікшілсіңдер деп әсіресе жастар ұйымын айыптады, ал бұлардың біреуі партияның секретары Платтенге: Платтен «er sei kein Parteisekretär, er sei Parteiverräter»* деп айқайлады.

Осындай нәрселер айтылып жатқанда және «көсемдер» осындай нәрселерді партиядан жасырғысы келіп отырғанда қалайша үндемей қалуға болады? Швейцариялық социалистік жұмысшылар мұндай тәсілдерге қалайша ашынбас екен?

Жастар ұйымы мен Платтеннің кінәсы неде? Олардың кінәсы тек мынада ғана: олар мансапқорлар емес,

---

* — «ол — партияның секретары емес; ол — партияның сатқыны». *Ред.*

Циммервальдтың шын жақтастары, шын Циммервальдистер. Кінәсы сол, олар съезді кейінге қалдыруға *қарсы.* Ал егер өсекшілер ерекше фракция ретінде циммервальд солшылдары ғана съезді кейінге қалдыруға қарсы, жалпы алғанда «ұлы мәртебелі Гриммге қарсы» деп айқайлайтын болса, мұның өсек екенін 1917 жылғы 7 январь дәлелдеген жоқ па? Жолдас Ш. Нэн, сіздің өзіңіз де, туралай да, жанамалап та, формальды түрде де, формальды емес түрде де Циммервальд солшылдарына ешқашан қосылмаған сіздің өзіңіз де, Гриммге қарсы шыққан жоқ па едіңіз?

Жікшілсіңдер деп айыптайды! Нағыз ерқашты айыптау, міне, осындай, мұны Либкнехттер мен Хёглундтарды *өздерінің* партиядан айдап шығып жатқандығын бүркемелеу үшін қазір барлық елдердің социал-патриоттарының нақ өздері елдердің бәрінде де қолданып жүр.

1916 ж. 26—27 декабрьде
(1917 ж. 8—9 январьда)
жазылған

Бірінші рет 1924 ж.
«Пролетарская Революция»
журналының 4-номерінде
басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОҒЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ЖӘНЕ ӨЗ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ ЖАҒЫНА ШЫҒЫП КЕТКЕН СОЦИАЛИСТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ҚОЛДАУШЫ ЖҰМЫСШЫЛАРҒА

Халықаралық жағдай барған сайын айқындалып, барған сайын қаһарлы болып барады. Соғыстың империалистік сипаты соғысушы екі коалицияның тарапынан да ең соңғы кездері ерекше айқын көрінді. Пацифистік құрғақ сөздерді, демократиялық бітім туралы, аннексиясыз бітім және т. т. туралы құрғақ сөздерді капиталистік елдердің үкіметтері, буржуазиялық және социалистік пацифистер қаншалық жанталаса қолданған сайын, бұл сөздердің барлық жалаңдығы мен жалғандығы соншалық тез әшкереленіп отыр. Германия өз олжасының бір бөлігін орасан зор көлемді отарларға айырбастамайынша, қолдан шығармасқа мейлінше бел байлап, бірнеше ұсақ ұлттарды темірдей табанының астына басып тұншықтырып отыр, сөйтіп өзінің империалистік бітімді дереу жасасуға әзір екенін екіжүзді пацифистік сөздермен бүркемелеп отыр.

Англия және оның одақтастары да, Константинопольді басып алу, Галицияны тұншықтыру, Австрияны бөлісіп алу, Германияны күйзеліске ұшырату үшін болып жатқан қырғынды ұшы-қиырсыз соза беруді «әділ» бітім жолындағы күрес деп атап, өздері басып алған неміс отарларын, Түркияның бір бөлігін және т. т. мықтап ұстап отыр.

Соғыс басталған кезде азғана адамдардың теориялық сенімі болған ақиқат, атап айтқанда: әрбір елдегі пролетариат бастаған бұқараның өз үкіметтеріне қарсы революциялық күресі болмайынша, буржуазиялық

үстемдікті құлатпайынша, социалистік төңкеріс жасамайынша, соғысқа қарсы елеулі күрес жүргізу туралы, соғыстарды жою және баянды бейбітшілік орнату үшін күрес жүргізу туралы сөз болуы да мүмкін еместігі барған сайын көбейіп келе жатқан саналы жұмысшыларға қолмен ұстап сезерліктей айқын болып келеді. Соғыстың өзі, халықтардың күш-жігер жұмсауын құлақ естімеген дәрежеге жеткізіп, мемлекеттік капитализм жолында ілгері қарай орасан зор адымдар жасауға мәжбүр ете отырып, капиталистердің мүдделері үшін емес, қайта солардың өздерін экспроприациялау жолымен, қазірде ашаршылықтан және соғыстың басқа да тауқыметтерінен қырғынға ұшырап жатқан бұқараның мүдделері үшін, революцияшыл пролетариаттың басшылығымен жоспарлы қоғамдық шаруашылықты қалай жүргізу керектігін және қалай жүргізуге болатындығын іс жүзінде көрсете отырып, адамзатты тұйықтан құтылудың осы бірден-бір жолына әкеліп отыр.

Бұл ақиқат айқындала түскен сайын, социалистік жұмыстың бір-бірімен ымыраласпайтын екі тенденциясының, екі саясатының, екі бағытының арасындағы тұңғиық соншалық терең ашылуда; біз мұны циммервальдтық солшыл топ ретінде сол Циммервальдтың өзінде-ақ ерекше айтып және Циммервальдтан кейін іле-шала осы солшыл топ атынан барлық социалистік партияларға және барлық саналы жұмысшыларға манифесімізде жариялап, атап көрсеткен болатынбыз. Бұл — бір жағынан, ресми социализмнің күйрегендігін, оның өкілдері буржуазия мен үкіметтер жағына шығып кеткенін, социализмге жасалған осы бүтіндей опасыздыққа бұқараны көндіргісі келген әрекеттерді бүркемелеуге тырысудың — ал, екінші жағынан, осы күйреудің бүкіл тереңдігін ашуға, пролетариат жағынан буржуазия жағына шыққан «социал-патриоттардың» буржуазиялық саясатын әшкерелеуге тырысудың, бұқараны олардың ықпалынан айырып алуға, соғысқа қарсы шындап күресу үшін мүмкіндік жасауға және ұйымдық негіз құруға тырысудың арасындағы тұңғиық.



Къ рабочимъ,
поддерживающимъ борьбу противъ войны
и противъ соціалистовъ, перешедшихъ на сторону своихъ правительствъ.

В. И. Лениннің «Соғысқа қарсы күресті және өз үкіметтерінің жағына шығып кеткен социалистерге қарсы күресті қолдаушы жұмысшыларға» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1916 ж.

Кішірейтілген

Циммервальдта көпшілік болған циммервальдтық оңшыл топ социал-патриоттардан бөліну туралы, III Интернационалдың негізін салу туралы ойлауға қарсы барлық күшін салып күресіп бақты. Сонан бергі уақыттың ішінде бұл бөліну Англияда айқын фактіге айналды, ал Германияда «оппозицияның» 1917 ж. 7 январьдағы соңғы конференциясы бұл елде де іс жүзінде бір-бірімен ымыраға келмейтін, бір-бірімен дұшпан екі жұмысшы партиясының тура қарама-қарсы бағытта жұмыс істеп отырғандығын екі көзін әдейі жұмып алмаған адамдардың бәріне де көрсетті; мұның бірі — едәуір дәрежеде жұмысты құпия істейтін және К. Либкнехт көсемдерінің бірі болып отырған социалистік партия, екіншісі — жұмысшыларды соғыспен және үкіметпен ымыраластырмақ болып отырған барынша буржуазиялық, социал-патриоттық партия. Дүние жүзінде осылайша бөліну байқалмай отырған бірде-бір ел жоқ.

Кинтальда циммервальдтық оңшыл топ *өзінің* саясатын жүргізе берерліктей көпшілік бола алмады; бұл оңшыл топ социал-патриоттық Халықаралық социалистік бюроға қарсы қарарға, осы бюроны барынша мықтап айыптаған қарарға және социал-пацифизмге қарсы қарарға, пацифистік сөздер қандай социалистік әшекейлермен безендірілсе де, бұл сөздерден жұмысшыларды сақтандыратын қарарға дауыс берді. Буржуазияны құлатпай және социализмді ұйымдастырмай *тұрғанда* бітімнен үміт етудің жалғандығын жұмысшыларға айқындамайтын социалистік пацифизм — жұмысшыларды буржуазияға сендіруге тырысатын, империалистік үкіметтерді және олардың өзара мәмлеге келуін боямалап көрсететін, оқиғалар барысында күн тәртібіне қойылып отырған, пісіп жетілген социалистік революциядан бұқараның көңілін басқа жаққа аударатын буржуазиялық пацифизмді қайталау ғана болып табылады.

Сонымен, не болып шықты? Кинтальдан кейін циммервальдтық оңшыл топ бірқатар ірі елдерде, Францияда, Германияда, Италияда жаңағы Кинтальда айыпталған, қабылданбай тасталған социал-пацифизмге қарай толығынан және түгелдей сырғып түсті! Италияда социалистік партия өзінің парламенттік фракция-

сының және өзінің негізгі шешені Туратидің пацифистік сөздеріне үн-түнсіз көніп отыр; ал оның бер жағында Германияның да, Антантаның да, буржуазиясы соғыстан сұмдық байыған немесе байып жатқан бірқатар бейтарап елдердің буржуазиялық үкіметтері өкілдерінің де дәл сондай пацифистік сөздер сөйлеуі, пацифистік сөздердің барлық алдамшылығы нақ қазір айдан айқын ашылып отыр. Пацифистік сөздер іс жүзінде империалистік олжаны бөлісу үшін күрестегі жаңа бет бұрысты бүркемелеу болып шықты!

Германияда циммервальдтық оңшыл топтың басшысы, Каутский, ешбір мәні жоқ, еш нәрсеге міндеттемейтін, іс жүзінде жұмысшыларды буржуазиядан үміттенуге және жалған елестерге сендіретін дәл сондай пацифистік манифест жариялады, шын социалистер, Германияның шын интернационалистері, іс жүзінде Карл Либкнехттің тактикасын жүргізіп отырған «Интернационал» тобы мен «Германияның интернационалшыл социалистерінің» тобы бұл манифестен ресми түрде бас тартуға тиіс болды.

Францияда Циммервальдқа қатысушылар Мергейм мен Бурдерон және Кинтальға қатысушы Раффэн-Дюжанс мейлінше жалаң және өзінің объективтік мәні жағынан бүтіндей пацифистік жалған қарарларды *жақтап* дауыс беріп отыр, істің қазіргі жағдайында бұл қарарлардың империалистік буржуазияға *тиімділігі* соншалық, Циммервальд пен Кинтальдың әрбір мәлімдемесінде социализмге опасыздық жасады деп айыпталған Жуо да, Ренодель де бұл қарарларға дауыс берді!

Мергеймнің Жуомен бірге, Бурдерон мен Раффэн-Дюжанстың Ренодельмен бірге бұл дауыс беруі кездейсоқ нәрсе емес, некен-саяқ жағдай емес, қайта, интернационалшыл социалистерге *қарсы* социал-патриоттардың социал-пацифистермен қазірдің өзінде барлық жерде дайындалған *бірігуінің* ең айқын белгісі.

Толып жатқан империалистік үкіметтердің ноталарындағы пацифистік сөздер, Каутскийдің, Туратидің, Бурдеронның және Мергеймнің дәл осы секілді пацифистік сөздері,— мұның екеуіне де Ренодельдің дос-

тықпен созған қолы — *шын* саясатта пацифизмнің әшкереленуі, оның халықты *жұбату* деп, мұнан былайғы империалистік қырғында үкіметтердің бұқараны момақан етіп ұстауын *жеңілдету* құралы деп әшкереленуі осындай!

Ал циммервальдтық оңшыл топтың бұл толық күйрегендігі циммервальдистердің еркін жиналуына болатын және бұлардың өз базасы бар Европаның бірден-бір елі Швейцарияда анағұрлым күшті байқалып отыр. Соғыс кезінде үкімет тарапынан ешқандай кедергісіз өздерінің съездерін өткізіп тұрған және неміс, француз, итальян жұмысшыларының соғысқа қарсы интернационалдық бірігуіне жәрдемдесуге басқалардың бәрінен гөрі мүмкіндігі көп болған Швейцария социалистік партиясы формальды түрде Циммервальдқа қосылды.

Ал бұл партия көсемдерінің бірі, Циммервальд пен Кинтальдағы конференциялардың председателі, Берндегі Интернационалдық социалистік комиссияның аса көрнекті мүшесі және өкілі, ұлттық кеңесші Р. Гримм, Швейцария социалистік партиясының 1917 жылғы 7 январьдағы Partei-Vorstand-ның мәжілісінде отан қорғау туралы және Кинтальдың социал-пацифизмді айыптаған шешімдеріне көзқарас туралы мәселені шешу үшін арнайы шақырылмақшы болған съезді белгісіз уақытқа *кейінге қалдыру туралы* шешімді өткізіп, пролетарлық партия үшін шешуші мәселеге келгенде өз елінің социал-патриоттары *жағына шығып кетті!*

Internationale Sozialistische Kommission қол қойған және 1916 ж. декабрь деп көрсетілген үндеуде Гримм үкіметтердің пацифистік сөздерін екіжүзділік деп атайды да, Мергейм мен Жуоны, Раффэн-Дюжанс пен Ренодельді біріктіріп отырған социалистік пацифизм туралы үн қатпайды. Бұл үндеуде Гримм социалистік азшылықты үкіметтерге және олардың социал-патриоттық малайларына қарсы күреске шақырады және де сөйте тұрып швейцария партиясының ішіндегі «социал-патриоттық малайлармен» бірге партия съезін *жерлейді;* мұның өзі Швейцарияның барлық саналы және

шын интернационалист жұмысшыларының әбден орынды ашу-ызасын туғызды.

Ешқандай сылтаулар мына фактіні жасыра алмайды: Partei-Vorstand-тың 1917 ж. 7 январьдағы шешімінің швейцария социал-патриоттарының швейцариялық социалистік жұмысшылар *жөнінде,* Циммервальдқа швейцариялық қарсылардың Циммервальд *жөнінде* нақ толық жеңіске жеткенін көрсететін маңызы бар.

Буржуазияның жұмысшы қозғалысы ішіндегі дәйекті және ашықтан-ашық малайларының газеті «Grütlianer»: Грейлих, Пфлюгер сияқты социал-патриоттар, бұларға Зейдельді, Huber-ді, Lang-ті, Schneeberger-ді, Dürr-ді, т. т. қосуға болады және қосу керек те, съезге жол бергісі келмейді, жұмысшылардың отан қорғау туралы мәселені шешуіне жол бергісі келмейді, съезд шақырылған күнде және ол Циммервальд рухында шешім қабылдаған күнде мандатымыздан *бас тартамыз* деп қорқытады дегенде, барша жұртқа мәлім шындықты айтып отыр.

Гримм Partei-Vorstand-тың мәжілісінде де, 8. I. 1917 жылы өзінің «Berner-Tagwacht» газетінде де съездің кейінге қалдырылуын жұмысшылардың әзір еместігімен, қымбатшылыққа қарсы науқан жүргізу қажеттігімен, «солшылдардың» өздері де кейінге қалдыруға келіскендігімен, т. т. ақтағанда, ол ыза келтірерлік, төзуге болмайтын өтірікті айтты[118].

Іс жүзінде нақ солшылдар, яғни адал циммервальдистер, бір жағынан, болған күнде залалдың неғұрлым аз болуы үшін, ал екінші жағынан, социал-патриоттардың және олардың жаңа досы Гриммнің шын ниетін әшкерелегісі келіп, *мартқа* дейін кейінге қалдыруды ұсынды, *майға* дейін кейінге қалдыруға дауыс берді, кантондық басқармалар үшін мерзімді *июльге* дейін қалдырайық деп ұсыныс жасады, бірақ Циммервальд және Кинталь конференцияларының председателі Р. Гримм бастаған «отан қорғаушылар» бұл ұсыныстардың *б ә р і н* қабылдамай тастады!!

Іс жүзінде мәселе нақ былай қойылған болатын: Берндегі Internationale Sozialistische Kommission-ның және Гримм газетінің *шетел* социал-патриоттарын жау-

дырта балағаттауына және алғашында өзінің үндемей қалуымен, ал одан кейін Р. Гриммнің басқа жаққа қашып шығуымен *швейцария* социал-патриоттарын *бүркемелеуіне* төзу керек пе, немесе адал интернационалистік саясат жүргізу керек пе, алдымен *өз* елінің социал-патриоттарымен күресу керек пе.

Іс жүзінде мәселе былай қойылған болатын: швейцария партиясының ішіндегі социал-патриоттардың және реформистердің үстемдігін революциялық сылдыр сөзбен бүркемелеу керек пе немесе қымбатшылыққа қарсы күрес туралы мәселе жөнінде де, соғысқа қарсы күрес туралы, социалистік революция үшін күрес жүргізуді күн тәртібіне қою туралы мәселе жөнінде де, оларға *революциялық* программамен және революциялық тактикамен қарсы шығу керек пе.

Іс жүзінде мәселе былай қойылған болатын: масқара болып күйреген II Интернационалдың *жаман* дәстүрлерін Циммервальдта қайталауға, жұмысшы бұқарасы көсемдерінің Partei-Vorstand-та не шешіп, не айтқандарын олардың бұқарадан жасырғанына, революциялық сылдыр сөздердің социал-патриоттық және реформистік зұлымдықты бүркемелеуіне төзу керек пе, немесе *іс жүзінде* интернационалист болу керек пе.

Іс жүзінде мәселе нақ былай қойылған болатын: бүкіл циммервальдтық бірлестік үшін швейцария партиясының бірінші дәрежелі маңызы болып отырғандықтан, Швейцарияда да социал-патриоттар мен интернационалистердің арасында, буржуазияшыл реформистер мен революционерлердің арасында, социалистік революция жасауда пролетариатқа көмектесіп отырған оның кеңесшілері мен реформалар арқылы немесе реформалар жасаймыз деп уәделер беру арқылы жұмысшылардың көңілін революциядан басқа жаққа аударғысы келетін буржуазия агенттерінің немесе «малайларының» арасында, грютлиліктер мен социалистік партияның арасында айқын, принциптік, саяси адал бөлініс болуын талап ету керек *пе,— немесе* социалистік партияның ішінде социалистік партияның өз қатарындағы грютлиліктердің, социал-патриоттардың нақ «грютлилік»

саясатын жүргізіп, жұмысшылардың санасына шатасушылық және азғындық енгізу керек пе.

Швейцариялық социал-патриоттар, партия ішінде грютли саясатын, яғни өзінің ұлт буржуазиясы саясатын жүргізгісі келетін осы «грютлиліктер», міне осылар шетелдіктерді мейлі балағаттай берсін, басқа партиялардың тарапынан швейцария партиясының «сыналуға тиісті еместігін» мейлі қорғай берсін, ескі, буржуазиялық-реформистік саясатты, 1914 ж. 4 августа немістің және басқаларының партияларын тура күйреуге әкеліп соқтырған саясат сияқты саясатты мейлі қорғай берсін,— біздер, Циммервальдты жақтаушылар, сөз жүзінде емес, ал іс жүзінде, интернационализм деп басқа нәрсені түсінеміз.

Біржола көрініп отырған және Циммервальд пен Кинталь конференциялары председателінің өзі қасиеттеп құптаған, шіріген европалық социализмде бәрін де бұрынғысынша қалдыруға тырысушылыққа және К. Либкнехтті жай екіжүзділікпен мақұлдағансып, интернационалдық жұмысшылардың осы көсемінің шын ұранын, оның ескі партияларды «бастан-аяқ регенерация жасау» жөнінде жұмыс істеуге шақырған сөздерін *орағытып кетуге* үн-түнсіз қарап отырумен келісе алмаймыз. Біз К. Либкнехтті және оның тактикасын бүкіл дүние жүзінде зор қуанышпен құттықтаған барлық саналы жұмысшылардың өз жағымызда екеніне кәміл сенеміз.

Біз буржуазиялық-реформистік пацифизм жағына шығып кеткен циммервальдтық оңшылдарды ашық әшкерелеп отырмыз.

Біз Р. Гриммнің тарапынан Циммервальдқа жасалған опасыздықты ашық әшкерелеп отырмыз және оны Internationale Sozialistische Kommission-ның мүшелігі қызметінен алу үшін конференцияның шақырылуын талап етеміз.

Циммервальд деген сөз интернационалдық социализмнің және революциялық күрестің ұраны болып табылады. Бұл сөз социал-патриотизм мен буржуазиялық реформизмге жамылғы болмауға тиіс.

Ең алдымен өз елінің социал-патриоттарына қарсы

күрес жүргізуді талап ететін шын интернационализм үшін! Социализм мен революцияшыл жұмысшыларға *қарсы* социал-патриоттармен келісімге барған жағдайға төзбейтін шын революциялық тактика үшін!

1916 ж. декабрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

1905 ЖЫЛҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА[119]

Жас достар және жолдастар!

Бүгін орыс революциясының басы деп әбден орынды түрде саналатын «Қанды Жексенбінің» он екі жылдығы.

Мыңдаған жұмысшылар,— оның бер жағында социал-демократ емес, ал дінге сенуші, құлшылық етуші адамдар,— священник Гапонның бастауымен қаланың тұс-тұсынан астананың орталығына, Қысқы сарай алдындағы алаңға қарай, патшаға өздерінің петициясын тапсыру үшін ағылып жатты. Жұмысшылар иконалар ұстап келе жатты, ал олардың сол кездегі көсемі Гапон патшаның жеке басының қауіпсіздігі қамтамасыз етілетіндігіне хат жүзінде патшаға кепілдеме беріп, оның халық алдына шығуын өтінген болатын.

Әскер шақыртылады. Уландар мен казактар қылыштарын жалаңдатып, жиналған жұртқа тап берді, патшаға жіберіңдер деп казактарға тізе бүгіп жалынған қарусыз жұмысшыларға оқ атты. Полицияның мәліметтері бойынша, сол жолы мыңнан аса адам өлген, екі мыңнан астамы жаралы болған. Жұмысшыларды кернеген ашу-ызаны айтып жеткізу қиын.

1905 жылғы 22 январьдың — «Қанды Жексенбінің» — барынша жалпылама бейнесі міне осындай.

Бұл оқиғаның тарихи маңызы сіздерге айқын болуы үшін мен жұмысшылар петициясының бірнеше жерін оқып берейін. Петиция былай басталады:

«Біздер, жұмысшылар, Петербургтің тұрғындары, Саған келдік. Біз — бақытсыз, жәбірленген құлдарың, деспотизм мен озбырлықтан қан қақсаудамыз. Төзіміміз әбден таусылып біткен соң, біз жұмысты тоқтаттық та, өз қожайындарымыздан бізге онсыз өмір азапқа айналатын, ең қажетті нәрсені ғана беруді өтіндік. Бірақ оның бәрі қабылданбады, фабриканттарға мұның бәрі де заңсыз болып көрінді. Мұнда келген сан мың адам біздердің, бүкіл орыс халқы сияқты, ешқандай адамдық правомыз жоқ. Сенің чиновниктеріңнің арқасында біз құлға айналдық».

Петицияда төмендегі талаптар тізілген: амнистия, қоғамдық бостандықтар, дұрыс жалақы, жерді біртіндеп халыққа беру, жалпыға бірдей және тең сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру, сойтіп ол мына сөздермен аяқталады:

«Патша ағзам! Өз халқыңа жәрдемдесуден бас тартпа! Өзің мен өз халқыңның арасындағы қорғанды бұз! Біздің өтінішіміз орындалсын деп әмір ет, ант іш, сонда Сен Россияны бақытты етесің; олай етпесең, онда біз дәл осы арада өлуге әзірміз. Біздің екі ғана жолымыз бар: азаттық пен бақытқа жету немесе көрге кіру».

Патриархтық священник бастаған, білімсіз, сауатсыз жұмысшылардың осы петициясын *енді* келіп оқығанда бойыңды таңданарлық сезім билейді. Осы аңғал петиция мен социал-пацифистердің, яғни социалистер болғысы келетін, ал іс жүзінде тек қана буржуазиялық созуарлар болып табылатын адамдардың осы күнгі бейбітшіл қарарларының арасындағы ұқсастық еріксіз келіп туады. Революциядан бұрынғы Россияның санасыз жұмысшылары патша *үстем таптың*, нақ ірі буржуазиямен мыңдаған арқаулар арқылы байланысып болған және өздерінің монополиясын, пұрсаттылықтарын және пайдаларын зорлықтың барлық құралдарымен қорғауға әзір тұрған ірі жер иелері табының басшысы екенін білмеген. Қазіргі социал-пацифистер,— ешқандай әзіл-күлкісі жоқ! — «жоғары білімді» адамдар болып көрінгісі келетін социал-пацифистер, қанқұйлы патшаны бейбіт петициялар арқылы демократиялық реформаларға көндірем деген пікір қандайлық сорақылық болса, империалистік жыртқыштық соғыс жүргізіп жатқан буржуазиялық үкіметтер-

ден «демократиялық» бітім күту де сондайлық соракылық екендігін білмейді.

Бірақ, солай бола тұрса да, бұлардың арасындағы үлкен айырмашылық мынада: қазіргі социал-пацифистер көбіне көп жылы сөздермен халықтың көңілін революциялық күрестен бұрып әкеткісі келетін екіжүзділер, ал революциядан бұрынғы Россияның білімсіз орыс жұмысшылары саяси санасы алғаш рет оянып келе жатқан турашыл адамдар екенін іспен дәлелдеген еді.

1905 жылғы 22 январьдың тарихи маңызы міне нақ осы орасан көп халық бұқарасының саяси санаға және революциялық күреске ояна бастағандығында болды.

Орыс либералдарының сол кездегі көсемі және ол кезде шетелде құпия, еркін орган шығарып тұрған Петр Струве мырза «Қанды Жексенбіден» *екі күн бұрын* «Россияда әлі революцияшыл халық жоқ» деп жазған болатын. Сауатсыз шаруалар елі революцияшыл халықты тудыра алады деген идея буржуазияшыл реформистердің осынау «жоғары білімді», менменсінген, барып тұрған ақымақ көсеміне сондайлық соракылық болып көрініпті! Шын революцияның мүмкін еместігіне сол кездегі,— сондай-ақ қазіргі кездегі де,— реформистердің сенімі сондайлық күшті болғанын қайтерсің!

1905 жылдың 22 (ескіше 9) январына дейін Россияның революциялық партиясы бір шоғыр адамдардан ғана тұратын — ол кездегі реформистер (тұп-тура қазіргілер сияқты) мазақ етіп бізді «секта» деп атайтын. Бірнеше жүз революцияшыл ұйымдастырушылар, жергілікті ұйымдардың бірнеше мың мүшелері, көбінесе шетелдерде шығарылып, контрабандалық әдіспен, орасан қиыншылықтармен, көптеген құрбандықтармен Россияға жіберіліп тұратын, жиі дегенде айына бір-ақ рет шығатын бес-алты революциялық листок болатып,— Россиядағы революциялық партиялар және ең алдымен революциялық социал-демократия 1905 жылғы 22 январьға дейін осындай еді. Осы жағдай өресі тар және менменсінген реформистердің Россияда әлі



Jugendgenossen;
Parteigenossen u. Parteigenossinnen!

Wir feiern heute den zwölften Jahrestag des „Blutigen Sonntags", der mit Recht als Beginn der russischen Revolution betrachtet wird.

Tausende von Arbeitern — wohlgemerkt keine Sozialdemokraten, sondern religiösfromme, kaisertreue Leute — unter der Führung des Priesters Gapon gehen von allen Stadtteilen aus zum Zentrum der Hauptstadt, zum Platze vor dem Winterpalast, um dem Zaren eine Petition zu überreichen. Die Arbeiter gehen mit Heiligenbildern und ihr damaliger Führer Gapon versicherte den Zaren schriftlich, er bürge ihm für die Unverletzlichkeit seiner Person und bitte ihn vor dem Volke zu erscheinen.

Das Militär wird aufgeboten. Ulanen und Kosaken greifen die Menge mit der blanken Waffe an, es wird geschossen gegen die waffenlosen Arbeiter, die auf den Knieen die Kosaken flehten, sie zum Kaiser zu lassen. Nach polizeilichen Mitteilungen gab es mehr als (1000) Tausend Tote, mehr als zwei Tausend verwundete. Die Erbitterung der Arbeiter war unbeschreiblich.

Das ist das allgemeine Bild des 22-ten Januars 1905, des Blutigen Sonntags.

Um Ihnen die geschichtliche Bedeutung dieses Ereignisses anschaulicher zu machen, werde ich einige Stellen aus der Arbeiterpetition verlesen. Die Petition beginnt folgendermaßen:
„Wir, Arbeiter, Einwohner von Petersburg, kommen zu Dir

В. И. Ленинніц «1905 жылғы революция туралы баяндама» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1917 ж.

Кішірейтілген

революцияшыл халық жоқ деуіне формальды право берген болатын.

Алайда бірнеше айдың ішінде жағдай мүлде өзгерді. Жүздеген революцияшыл социал-демократтар «кенеттен» мың-мың болып өсіп шықты, мыңдаған адамдар екі миллионнан үш миллионға дейін жететін пролетарлардың көсемдеріне айналды. Пролетарлық күрес елу-жүз миллиондаған шаруа бұқарасының қалың ортасында үлкен толқу, ішінара революциялық қозғалыс та тудырды, шаруалар қозғалысы армияға әсер етті, солдаттар көтерілісіне, армияның бір бөлегі мен екінші бөлегінің арасындағы қарулы соқтығыстарға бастады. Сонымен, 130 миллион халқы бар ұлан-байтақ ел революцияға аяқ басты, сөйтіп мүлгіген Россия революцияшыл пролетариат пен революцияшыл халықтың Россиясына айналды.

Бұл айналуды зерттеп, оның мүмкіндігін, оның, былайша айтқанда, әдістері мен жолдарын түсіну қажет.

Бұл айналудың ең басты құралы *бұқаралық стачка* болды. Орыс революциясының ерекшелігі нақ мынада: ол өзінің әлеуметтік мазмұны жағынан *буржуазиялық-демократиялық*, бірақ күрестің құралы жағынан *пролетарлық* революция болды. Ол буржуазиялық-демократиялық революция болды, өйткені тікелей ұмтылған мақсаты және өзіне тән күштерімен тікелей жете алатын мақсаты демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, орасан зор ірі дворяндық жер иеліктерін конфискелеу болды,— 1792 және 1793 жылдары Францияда буржуазиялық революция толық көлемде дерлік жүзеге асырған шаралардың бәрі осы болатын.

Орыс революциясы сонымен бірге пролетарлық революция да болды, болғанда пролетариаттың жетекші күш болғандығы, қозғалыстың авангарды болғандығы мағынасында ғана емес, сонымен қатар күрестің ерекше пролетарлық құралдары, атап айтқанда стачка, бұқараны қозғаудың басты құралы және шешуші оқиғалардың толқын іспетті өршуіне неғұрлым тән құбылыс болғандығы мағынасында да орыс революциясы пролетарлық революция болды.

Орыс революциясы дүние жүзі тарихында бұқаралық саяси стачка айрықша зор роль атқарған *бірінші* ұлы революция болып табылады, бірақ ол, күмән жоқ, соңғы революция болмайды. Егер *ереуілдердің статистикасы* бойынша бұл оқиғалардың және формалардың бұл ауысуының *негіздері* зерттелмесе, орыс революциясының оқиғаларын және олардың саяси формаларының ауысуын тіпті түсіну де мүмкін емес деуге болады.

Ауызша баяндамада статистикалық құрғақ цифрлардың қаншалықты қолайсыз екендігін, олар тыңдаушыны қаншалық жалықтырып жіберетіндігін мен өте жақсы білемін. Бірақ, дегенмен, бүкіл қозғалыстың шын объективтік негіздерін сіздердің бағалауыңызға мүмкіндік болу үшін мен жинақталған бірнеше цифр келтірмей тұра алмаймын. Россияда революцияның алдындағы 10 жылдың ішінде ереуілшілердің жылдық орташа цифры 43 мың еді. Демек, революцияның алдындағы барлық он жыл ішінде ереуілшілердің жалпы саны 430 мың болған. 1905 жылы январьда, революцияның алғашқы айында, ереуілшілердің саны 440 мың болды. Олай болса, тек *бір* айдың *ішінде* соның алдындағы барлық он жылдағыдан *артық* болған!

Дүние жүзіндегі капиталистік елдің ешқайсысында да, тіпті Англия, Америка Құрама Штаттары, Германия секілді ең алдыңғы қатарлы елдерде де, 1905 жылғы Россиядағыдай орасан зор стачкалық қозғалысты дүние жүзі көрген емес. Ереуілшілердің жалпы саны 2 миллион 800 мыңға жетті, мұның өзі фабрикалардағы жұмысшылардың жалпы санынан екі есе көп! Бұл, әрине, Россияның қаладағы фабрика жұмысшылары Батыс Европадағы өздерінің бауырластарынан гөрі білімдірек болды немесе күштірек немесе күреске неғұрлым бейімдірек болды дегенді дәлелдемейді. Нақ керісіншесі дұрыс болады.

Бірақ мұның өзі пролетариаттың мүлгіп келген жігері қаншалық аса зор бола алатындығын көрсетеді. Бұл революциялық заманда,— мен мұны тіпті де асырып айтып отырғаным жоқ, орыс тарихының мейлінше дәл мәліметтерінің негізінде айтып отырмын,— проле-

тариат дағдылы тыныштық уақыттағыдан гөрі өзінің күрес жігерін *жүз есе* артық дамыта *алатындығын* көрсетеді. Бұл, егер шынымен ұлы мақсаттар үшін күресу керек болса, шын революциялық тұрғыдан күресу керек болса, онда пролетариаттың күш-қуаты қандайлық ұлы, қандайлық аса зор дәрежеге жете алатындығын және жететіндігін адамзат 1905 жылға дейін білмегендігін көрсетеді!

Орыс революциясының тарихы бізге жалдама жұмысшылардың нақ осы авангарды, таңдаулы элементтері күресті мейлінше зор табандылықпен және мейлінше ұлы жанқиярлықпен жүргізгенін көрсетіп отыр. Заводтар неғұрлым ірі болған сайын, ереуілдер де соғұрлым табанды өтті, сол бір жылдың өзінде ереуілдер соғұрлым жиі қайталанып отырды. Қала неғұрлым үлкен болған сайын, күресте пролетариаттың ролі соғұрлым зор болды. Ең саналы және ең көп жұмысшылар тұрған үш ірі қалада, Петербургте, Ригада және Варшавада, деревня туралы айтпай-ақ қойғанның өзінде, жұмысшылардың жалпы санына шаққандағы ереуілшілердің саны барлық басқа қалалардағылардан анағұрлым көп болды*.

Россияда металлистер пролетариаттың алдыңғы қатарлы отряды болып табылады,— сірә, басқа капиталистік елдерде де осылай болу керек. Міне біз осы жерде мынадай тағлым аларлық фактіні аңғарамыз: Россиядағы фабрика жұмысшыларының әрбір жүзінен жалпы алғанда 1905 жылы 160 ереуілші шығып отырды. Ал енді *металлистердің* әрбір жүзінен нақ сол жылы 320 ереуілші шыққан! Есеп бойынша 1905 жылы фабрикадағы әрбір орыс жұмысшысы ереуілдердің салдарынан орта есеппен 10 сомнан жоғалтқан,— соғысқа дейінгі ақша курсы бойынша 26 франк шамасы,— былайша айтқанда, мұны күрес үшін құрбан еткен. Ал егер тек қана металлистерді алатын болсақ, бұл соманың *үш есе көп болғанын* көреміз! Жұмысшы табының ең маңдай алды элементтері ауытқушыларды соңына ерте, ұйқыдағыларды оята және әлсіздерді сергіте алда жүріп отырды.

---

* Бұл абзац қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

Революция кезінде экономикалық және саяси ереуілдердің жымдасып ұштасуы өте-мөте ерекше болды. Стачкалардың осы екі түрінің арасындағы ең тығыз байланыс қана қозғалыстың зор күшіне кепіл болғандығында күмән жоқ. Егер қаналғандардың қалың бұқарасы өнеркәсіптің түрлі салаларындағы жалдама жұмысшылардың өз жағдайын жақсартуға капиталистерді қолма-қол, дереу қалай мәжбүр еткен мысалдарын күн сайын көріп отырмаса, бұл бұқараны революциялық қозғалысқа ешбір тартуға да болмас еді. Осы күрестің арқасында бүкіл орыс халқы бұқарасы ішінде жаңа жігердің лебі есті. Тек енді ғана крепостниктік, аюша ұйқыда жатқан, патриархтық, тәубәшіл, момақан Россия ертедегі Адаматаны өз жолынан сыпырып тастады; тек енді ғана орыс халқы шын демократиялық, шын революциялық тәрбие алды.

Егер буржуазиялық мырзалар және олардың епітемені талғамайтын жандайшаптары, социалистік реформистер, бұқараны «тәрбиелеу» туралы сондайлық менмендікпен айтатын болса, онда әдетте олардың тәрбие деп түсінетіні мектептік, педанттық тәрбие, бұқараны аздыратын, оған буржуазиялық соқыр сенімдерді сіңіретін тәрбие.

Бұқараны шын тәрбиелеу бұқараның өзінің дербес саяси және әсіресе революциялық күресінен ешқашан бөліп алынуы мүмкін емес. Қаналған тапты тек күрес қана тәрбиелейді, тек күрес қана оның күшінің шамасын өзіне аңғартады, оның ой-өрісін кеңітеді, оның қабілетін көтереді, оның ақыл-ойын саралайды, оның ерік-жігерін шыңдайды. Сондықтан да тіпті реакционерлердің өзі 1905 жыл, күрес жылы, «құтырған жыл», патриархтық Россияны біржола жерледі деп мойындауға тиіс болды.

1905 жылғы стачкалық күрес кезінде Россияда металлистер мен тоқымашылардың арасында болған арақатынасты жақынырақ қарастырып көрелік. Металлистер ең жақсы ақы төленетін, неғұрлым саналы, неғұрлым мәдениетті пролетарлар болып табылады. Россияда 1905 жылы металлистердің санынан саны екі жарым есе артық болған тоқымашы жұмысшылар ең

артта қалған, ақы басқалардың бәрінен де гөрі нашар төленетін, деревнядағы өздерінің шаруа туыстарымен байланысын көбінесе әлі біржола үзіп кете қоймаған бұқара болатын. Сөйтіп бұл арада да біз мынадай өте маңызды жағдайды көреміз.

Бүкіл 1905 жыл бойы металлистердің ереуілінде саяси ереуілдер экономикалық ереуілдерден басым болды, алайда жыл басында бұл басымдылық жыл аяғындағыдай әлі оншама зор емес еді. Мұның керісінше, біз тоқымашыларда 1905 жылдың басында экономикалық ереуілдердің орасан басым болғанын байқаймыз, бұл басымдылық тек жыл аяғында ғана саяси ереуілдердің басымдылығымен ауысады. Мұнан шығатын айқын қорытынды: тек экономикалық күрес қана, өздерінің тұрмыс жағдайын дереу, қолма-қол жақсарту жолындағы күрес қана қаналған бұқараның неғұрлым артта қалған топтарын сілкіндіре алады, оларға шын тәрбие беріп, оларды — революциялық заманда — аздаған айлардың ішінде саяси күрескерлердің армиясына айналдырады.

Әрине, бұл үшін жұмысшылардың алдыңғы қатарлы отряды, реформистердің екінің бірінде жұмысшыларға ұғындыруға тырысып келгеніндей, жоғарғы шағын топтың мүдделері үшін жүргізілетін күресті тап күресі деп түсінбеуі қажет болды, қайта пролетарлар қаналған көпшіліктің шын авангарды ретінде бой көрсетуі қажет болды, осы көпшілікті, 1905 жылы Россияда болғандағыдай, күреске тартулары қажет болды және мұның өзі Европадағы болашақ пролетарлық революцияда осылай болуға тиіс және, ешбір күмән жоқ, осылай болады да*.

1905 жылдың басы бүкіл елде стачкалық қозғалыстың ең алғашқы зор толқынын туғызды. Осы жылдың көктемінде-ақ біз Россияда *шаруалардың* ең алғашқы ірі, экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси *қозғалысының* ояна бастағанын байқаймыз. Россияда шаруалар тек 1861 жылы ғана ең ауыр крепостниктік тәуелділіктен азаттық алғанын, шаруалардың көпші-

* Осының алдындағы төрт абзац қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

лігі сауатсыз екенін, адам айтқысыз мұқтаждықта өмір кешетінін, помещиктердің езуінде, поптардың алдауында, бір-бірінен орасан шалғайда, қатынайтын жөнді жолы да жоқ дерлік жағдайда оқшауланып жатқандығын еске түсірген адам ғана тарих үшін бұл бет бұрыс фактісінің қапшалық зор маңызы бар екендігін түсіне алады.

1825 жылы Россия патша өкіметіне қарсы революциялық қозғалысты алғаш рет көрді, ал бұл қозғалысқа қатысушылар тек қана дворяндар дерлік болды. Сол кезеңнен бастап, 1881 жылға дейін, II Александрды террористер өлтіргенге дейін, қозғалыстың басында орта сословиеден шыққан интеллигенттер болып келді. Бұлар асқан жанқиярлық көрсетті және өздерінің қаһармандық террористік күрес әдісімен бүкіл дүние жүзін таңырқатты. Бұл құрбандықтардың босқа кетпегені күмәнсыз, олардың — тікелей немесе жанамалай — орыс халқының сонан былайғы революциялық тәрбиесіне жәрдемдескені күмәнсыз. Бірақ олар өздерінің тікелей мақсатына, халық революциясының оянуына жетпей кетті және жете де алмайтын еді.

Бұған тек пролетариаттың революциялық күресі ғана жетті. Империалистік орыс-жапон соғысының қатал сабақтарына байланысты бүкіл елді шарпыған бұқаралық стачкалар толқындары ғана қалың шаруа бұқарасын ұзақ ұйқыдан оятты. «Ереуілші» деген сөз шаруалар арасында мүлде жаңа мазмұнға ие болды: бұрын «студент» деген сөзбен айтылып жүрген бұл сөз бүлікшіл, революционер деген тәрізді мағына алды. Бірақ «студент» орта сословиеге, «зиялыларға», «мырзаларға» жататын болғандықтан ол халыққа жат еді. Енді, керісінше, «ереуілшінің» өзі халық ішінен шыққан, оның өзі қаналғандардың санатына жатады; Петербургтен жер аударылған ол екінің бірінде деревняға қайтып оралып, өзінің деревнядағы жолдастарына қалаларды қамтып отырған, капиталистерді де, дворяндарды да жоюға тиісті өрт туралы әңгіме қозғады. Орыс деревнясында жаңа тұлға — саналы жас шаруа пайда болды. Ол «ереуілшілермен» араласты, ол газет оқыды, ол шаруаларға қалалардағы оқиғалар туралы

әңгімеледі, ол деревнядағы жолдастарына саяси талаптардың маңызын түсіндірді, ол оларды ірі жер иесі дворяндарға, поптар мен чиновниктерге қарсы күреске шақырды.

Шаруалар топ-топ болып жиналып, өз хал-жайын талқылады, сөйтіп бірте-бірте күреске тартылды: олар топ-тобымен ірі жер иелеріне қарсы аттанды, олардың сарайлары мен қора-қопсыларын өртеді немесе олардың жинаған байлықтарын тартып алды, астықты және басқа тұрмысқа керекті жабдықтарын басып алып жатты, полицейлерді өлтірді, орасан зор дворян поместьелері жерінің халыққа берілуін талап етті.

1905 жылғы көктемде шаруалар қозғалысы енді ғана басталып келе жатқан еді, ол тек уездердің азшылығын, шамамен айтқанда олардың жетіден бірін ғана қамтыды.

Бірақ патша өкіметінің ең «берік» және ең соңғы тірегін шайқалту үшін қалалардағы пролетарлардың бұқаралық стачкаларының деревнядағы шаруалар қозғалысымен бірігуі жеткілікті болды. Мен бұл арада *армияны* айтып отырмын.

Флот пен армияда *әскери көтерілістер* кезеңі басталды. Революция кезінде стачкалық және шаруалар қозғалысы толқынының әрбір өрлеуі Россияның барлық түкпір-түкпірінде солдаттардың көтерілісімен ұштасып отырды. Бұлардың ішінде ең белгілісі Қара теңіздегі «Князь Потемкин» броненосецінде болған көтеріліс, бұл броненосец көтерілісшілердің қолына көшіп, Одессадағы революцияға қатысты, ал революция жеңіліске ұшырап, басқа порттарды (мәселен, Қырымдағы Феодосия портын) басып алмақ болған әрекеттері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Констанцтағы румын өкімет орындарының қолына берілді.

Оқиғалардың ең жоғары дәрежеде қалай дамығандығы сіздерге айқын болу үшін Қара теңіз флотындағы осы көтерілістің кішкене бір оқиғасын егжей-тегжейлі баяндап беруіме рұқсат етіңіздер:

«Революцияшыл жұмысшылар мен матростардың жиналыстары болып жатты; бұлар барған сайын жиі болып тұрды. Әскери адамдарды жұмысшылар митингілеріне жібермегендік-

теп, жұмысшылар топ-тобымен әскери митингілерге қатыса бастады. Жұрт мың-мыңдап жиналатын болды. Бірлесіп бас көтеру идеясын жұрт қызу қолдады. Неғұрлым саналы роталарда депутаттар сайланды.

Сол кезде әскери бастықтар шара қолдануды ұйғарды. Кейбір офицерлердің митингілерде «патриоттық» сөздер сөйлемек болған әрекеттері ең аянышты нәтижелерге апарып соқтырды: айтысқа машықтанып қалған матростар өз бастықтарын масқара болып қашып құтылатын халге түсірді. Осындай сәтсіздіктерге байланысты митингіге жалпы тыйым салу ұйғарылды. 1905 жылы 24 ноябрьде таңертең флот казармаларының қақпасы алдына шабуылға әзір қарулы рота қойылды. Контр-адмирал Писаревский бүкіл жұртқа естіртіп: «Казармадан ешкім шығарылмасын! Бағынбаған күнде оқ атылсын» деген бұйрық берді. Осы бұйрық берілген ротадан матрос Петров ілгері шығып, бүкіл жұрттың көз алдында мылтығын оқтады да, Белосток полкының штабс-капитаны Штейнді атып өлтірді, екінші атқанда контр-адмирал Писаревскийді жаралады. «Қамаңдар мынаны!» деп офицер команда берді. Ешкім орнынан тапжылмады. Петров мылтығын жерге лақтырып тастады. «Неге тұрсыңдар? Ұстаңдар мені!» Ол қамауға алынды. Тұс-тұстан дүрліге жиналған матростар оның босатылуын талап етті, ол үшін өздерінің кепіл болатындығын айтты. Жұрттың өрекпуі әбден шегіне жетті.

— Петров, мылтық аңдаусызда атылып кетті ғой, солай емес пе?— деп сұрады офицер, бұл жағдайдан құтылып шығудың жолын іздеп.

— Қалайша аңдаусызда болушы еді! Мен ілгері шықтым, мылтығымды оқтадым, көздедім, осы да аңдаусызда болушы ма еді?

— Мыналар сені босатуды талап етіп тұр ғой...

Сонымен, Петров босатылды. Бірақ матростар мұнымен қанағаттанбады, кезекші офицерлердің бәрі қамауға алынды, қару-жарағы сыпырылып, кеңсеге апарылды... Матростардың 40 адамға жуық делегаты түн бойы кеңесті. Офицерлерді босатуды, бірақ оларды енді казармаға жібермеуді ұйғарды...»

Осы кішігірім оқиға әскери көтерілістердің көпшілігінде оқиғалардың қалай өрістегенін айқын көрсетеді. Халық ішіндегі революциялық толқушылық әскерді де қамтымай қоймады. Ерекше бір жағдай, қозғалыстың көсемдері әскери флот пен армияның көбінесе өнеркәсіп жұмысшылары арасынан солдатқа алынған және техникалық дайындығы неғұрлым жоғары болуын талап ететін *элементтерден*, мәселен, саперлерден шықты. Бірақ қалың бұқара әлі де болса тым аңғал, тым жуас, тым самарқау, тым христианшыл райда бол-

ды. Бұлар өте оңай лап етіп тұтанып отырды, қандай бір әділетсіздік жағдай бола ма, офицерлер тым дөрекі қарай ма, тамақ нашар бола ма және т. с. жағдайлар оп-оңай ашу-ыза тудырып отырды. Бірақ ұстамдылық жетпеді, міндетті айқын түсінушілік болмады: қарулы күресті мейлінше жігерлі жүргізу ғана, барлық әскери және азаматтық өкімет орындарын жеңу ғана, үкіметті құлату ғана және бүкіл мемлекетте өкіметті басып алу ғана революцияның сәтті болуының бірден-бір кепілі болатындығын жете түсінбеді.

Матростар мен солдаттардың қалың бұқарасы оп-оңай бүлік шығарып отырды. Бірақ олар қамауға алынған офицерлерді босатып жіберетін аңғал ақымақтықты да оп-оңай істеп отырды; олар бастықтардың уәделеріне және үгіттеріне жұбанып қала берді; сөйтіп бастықтар аса қымбат уақыт жағынан ұтып, қосымша күш алып, көтерілісшілердің күшін талқандап отырды, ал осының артынан оларды аяусыз жаныштау, көсемдерін атып-асу болып жатты.

Россиядағы 1905 жылғы әскери көтерілістерді 1825 жылғы декабристердің әскери көтерілісімен салыстыру айрықша қызғылықты. Ол кезде саяси қозғалыстың басшылығы тек қана дерлік офицерлердің қолында, атап айтқанда дворян офицерлердің қолында болған еді; олар Наполеон соғыстары кезінде Европаның демократиялық идеяларынан әсер алған еді. Ол кезде әлі крепостной шаруалардан құралатын солдат бұқарасы керенау болатын.

1905 жылдың тарихы бізге мүлдем керісінше жағдайды көрсетеді. Офицерлер, бірен-сарандары ғана демесе, ол кезде не буржуазиялық-либералдық, реформистік немесе тіпті тура контрреволюциялық райда болды. Әскер киіміндегі жұмысшылар мен шаруалар көтерілістердің дем берушісі болды; қозғалыс халықтық қозғалысқа айналды. Россия тарихында алғаш рет қозғалыс қаналғандардың көпшілігін қамтыды. Бұл қозғалыста жетпей жатқан нәрсе, бір жағынан, сенгіштік дерті жайлап алған бұқараның ұстамдылығы мен батылдығы болды, екінші жағынан, әскери мундир киген революцияшыл социал-демократиялық жұмыс-

шылардың ұйымы жетпеді: бұлардың басшылықты өз қолына алуға, революциялық армияны басқаруға және үкімет билігіне қарсы шабуылға көшуге білімі жетпеді.

Айта кетелік,— мұның өзі біз ойлағандағыдан гөрі мүмкін баяу түрде болар, бірақ оның есесіне дұрыс,— бұл екі кемшілік капитализмнің жалпы дамуымен ғана емес, қазіргі соғыспен де жойылады...*

Милитаризмді халық армиясының бір бөлігінің оның екінші бөлігіне қарсы жеңімпаз күресі арқылы ғана болмаса, ешқашан және ешбір жағдайда басқа бір түрлі әдіспен жеңуге, жоюға болмайтындығын, қалай дегенмен, 1871 жылғы Париж Коммунасының тарихы сияқты, орыс революциясының тарихы да бізге айқын үйретіп отыр. Милитаризмді тек қана әшкерелеу, қарғап-сілеу, «теріске шығару», оны сынап, зияндылығын дәлелдеу жеткіліксіз, әскери қызметтен жайбарақат бас тарту орынсыз,— міндет: пролетариаттың революциялық санасын жоғары деңгейде ұстау керек, оның үстіне жалпылама түрде ғана емес, оның ең таңдаулы элементтерін халық ішіндегі наразылық әбден күшейген кезеңде революциялық армияның басында болуға нақты әзірлеу керек.

Капиталистік мемлекеттің қайсысының болсын күнбе-күнгі тәжірибесі бізге осыны үйретіп отыр. Осындай мемлекеттің бастан кешіріп отырған әрбір «кішігірім» дағдарысы үлкен дағдарыс тұсында қалай да зор көлемде қайталануға тиісті ұрыстардың элементтері мен бастамаларын бізге шағын мөлшерде көрсетіп отырады. Мәселен, стачканың қайсысы болсын капиталистік қоғамның кішігірім дағдарысы болмағанда нәмене? Пруссияның ішкі істер министрі фон Путткамер мырза: «Әрбір ереуілде революцияның аждаһасы бар» деген өзінің белгілі нақыл сөзін шынында дұрыс-ақ айтқан емес пе. Барлық, тіпті — осылай деп айтуға болатын болса — ең бейбіт, ең «демократияшыл» капиталистік елдердің өзінде ереуілдер кезінде солдаттардың жасаған қыр көрсетуі нағыз *үлкен* дағдарыстар-

* Осының алдындағы үш абзац қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

дың тұсында істің жайы *қалай* болатындығын бізге көрсетіп отырған жоқ па.

Әйтседе тағы да орыс революциясының тарихына қайта оралайыншы.

Мен сіздерге жұмысшы стачкалары бүкіл елді және қаналғандардың ең қалың, ең артта қалған топтарын қалай сілкіндіргенін, шаруалар қозғалысының қалай басталғанын, әскери көтерілістердің онымен қалайша ұштаса жүргізілгенін суреттеп беруге тырыстым.

1905 жылдың күзінде күллі қозғалыс өзінің шегіне жетті. 19(6) августа өкілдік мекеме құру туралы патша манифесі шықты. Булыгин думасы дейтін Дума сайлау заңының негізінде құрылуға тиіс болды, ал бұл заң сайлаушылар санының адам күлерліктей аз болуын көздеді және осы ерекше «парламентке» ешқандай заң шығару правосын бермей, тек *кеңесші*, консультациялық право берді!

Буржуазия, либералдар, оппортунистер зәресі ұшқан патшаның бұл «сыйлығына» қос қолдап жабысуға әзір еді. Барлық реформистер сияқты, біздің 1905 жылғы реформистер де реформалар, әсіресе реформалар жасауға уәде беру, *тек қана* бір мақсатты көздейтінін: халықтың наразылығын басуды, күресті тоқтатуға немесе ең болмағанда бәсеңдетуге революцияшыл тапты мәжбүр етуді көздейтін тарихи жағдайлар болып тұратынын түсіне алмады.

Россияның революциялық социал-демократиясы бұл алдаушылықтың, 1905 жылғы августа жалған конституция сыйлаудың шын сипатын жақсы түсінді. Сондықтан да социал-демократия бір минут та кідіріп тұрмастан мынадай ұран тастады: кеңесші Дума жойылсын! Думаға бойкот жасалсын! Патша үкіметі жойылсын! Бұл үкіметті құлату мақсатымен революциялық күресті жүргізе берейік! Россиядағы тұңғыш шын халықтық өкілдікті, патша емес, уақытша революциялық үкімет шақыруға тиісті!

Тарих революцияшыл социал-демократтардың дұрыс істегендігін *Булыгин Думасының* мүлде шақырылмай қалғандығы арқылы дәлелдеді. Дума шақырылып болмай жатып революциялық дауыл оны сыпырып

тастады; осы дауыл патшаны жаңа, сайлаушылардың санын едәуір көбейткен сайлау заңын шығаруға және Думаның заң шығарушылық сипатын мойындауға мәжбүр етті*.

1905 жылғы октябрь мен декабрь Россия революциясының шарықтау жолының ең жоғарғы шегі болды. Халықтың революциялық күштерінің барлық көздері бұрынғыдан анағұрлым кең ашылды. 1905 жылғы январьда, жоғарыда мен өздеріңізге айтқандай, 440 мың болған ереуілшілер саны 1905 жылғы октябрьде жарты миллионнан асты (байқайсыздар ма, тек бір айдың ішінде!). Ал *тек* фабрика жұмысшыларын ғана қамтитын осы санға тағы да бірнеше жүз мың темір жол жұмысшыларын, почта-телеграф қызметкерлерін, т. с. қосу керек.

Россия темір жолшыларының жаппай ереуілі темір жол қатынасын тоқтатты, сөйтіп үкіметтің күшін мейлінше қатты әлсіретті. Университеттердің есіктері ашылды, сөйтіп бейбіт уақытта кафедрадан айтылған профессорлық ақылгөйлікпен жастардың басын айналдыруға және оларды буржуазия мен патша өкіметінің құрдай жорғалайтын малайларына айналдыруға ғана арналған аудиториялар енді саяси мәселелерді ашық және еркін талқылаған мың-мыңдаған жұмысшылардың, қол өнершілердің, қызметшілердің жиналыс орындарына айналды.

Баспасөз бостандығына қол жетті. Цензура жалпы жойылды. Ешбір баспа иесі өкімет орындарына басылымның міндетті данасын беріп отыруға бата алмады, ал бұған қарсы қандай бір шара қолдануға өкімет орындарының батылы бармады. Орыс тарихында алғаш рет Петербургте және басқа қалаларда революциялық газеттер еркін шыға бастады. Бір Петербургтің өзінде ғана тиражы 50 мыңнан 100 мың данаға дейін жететін социал-демократиялық күнделікті үш газет шығып тұрды.

Пролетариат қозғалыстың басында болды. Ол революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін жеңіп алу-

* Осының алдындағы төрт абзац қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

ды өзіне міндет етіп қойды. Ол кезде Петербург пролетариатының айбынды ұраны: *«8 сағаттық жұмыс күні және қару!»* болды. Барған сайын көбейіп келе жатқан жұмысшы бұқарасына революцияның тағдырын тек қарулы күрес қана шеше алатындығы және шешетіндігі айқын бола бастады.

Күрестің от-жалыны үстінде ерекше бұқаралық ұйым: аты әйгілі *жұмысшы депутаттарының Советтері,* барлық фабрикалардан сайланған делегаттардың жиналыстары құрылды. Осы *жұмысшы депутаттарының Советтері* Россияның бірнеше қаласында уақытша революциялық үкіметтің ролін, көтеріліс органдары мен басшыларының ролін барған сайын көбірек атқара бастады. Солдат және матрос депутаттары Советтерін ұйымдастыруға және оларды жұмысшы депутаттарының Советтерімен біріктіруге әрекеттер жасалды.

Россияның кейбір қалалары сол күндері түрліше жергілікті кіші-гірім «республикалардың» дәуірін бастан кешірді, бұларда үкіметтік билік орындары құлатылды, жұмысшы депутаттарының Советі жаңа мемлекеттік өкімет ретінде шын мәнісінде қызмет атқарды. Амал не, бұл дәуірлер тым қысқа болды, «жеңістер» тым әлсіз, бір-бірінен тым оқшау еді.

1905 жылдың күзінде шаруалар қозғалысы бұрынғыдан да үлкен мөлшерге жетті. Бүкіл елдегі уездердің *үштен бірінен көбін* ол кезде «шаруалар тәртіпсіздігі» дейтін және нағыз шаруалар көтерілістері қамтыды. Шаруалар 2 мыңға тарта усадьбаларды өртеп, дворян жыртқыштардың халықтан тонап алған тіршілік жабдықтарын өзара бөлісіп алды.

Амал не, бұл жұмыс тым шала-шарпы жүргізілді! Амал не, шаруалар ол кезде дворян усадьбаларының жалпы санының он бестен бір бөлегін ғана, орыс жеріндегі феодалдық ірі жер иелігінің масқаралығын жермен жексен ету үшін олардың жоюға *тиісті* болғанының тек он бестен бірін ғана жойды. Амал не, шаруалар тым бытыраңқы, ұйымдаспаған күйде, онша тегеурінді емес түрде қимылдады, революцияның жеңілуінің негізгі себептерінің бірі осында.

Россияның езілген халықтары арасында азаттық ұлттық қозғалыс бұрқ ете түсті. Россияда халықтың *жартысынан көбі, бестен үшке жуығы (дәл айтқанда: 57 проценті)* ұлттық езгіге душар болуда, олар тіпті ана тілінің еркіндігімен де пайдаланбайды, оларды күштеп орыстандырып отыр. Мәселен, Россияның ондаған миллион халқы болып отырған мұсылмандар таңқаларлық жеделдікпен сол кезде мұсылман одағын құрды — бұл кез жалпы алғанда түрлі ұйымдардың орасан зор өскен заманы болып еді.

Сол кездегі Россияда ұлт-азаттық қозғалысының жұмысшы қозғалысына байланысты қалай көтерілгенінің мысалын жиналысқа, әсіресе жастарға көрсету үшін мен сіздерге бір кішкене ғана мысал келтірейін.

1905 жылы декабрьде жүздеген мектептерде поляк оқушы балалары барлық орыс кітаптарын, картиналарын және патшаның портреттерін өртеп жіберді, мектептерден орыс мұғалімдерін және орыс жолдастарды: «Әне, Россияңа кет!» — деген айқай-шумен, ұрып-соғып, қуып шыққан. Орта мектептердегі поляк оқушыларының талаптары, айта кетелік, мына төмендегідей болды: «1) барлық орта мектептер жұмысшы депутаттарының Советіне бағынуы тиіс; 2) мектеп үйлерінде оқушылар мен жұмысшылардың біріккен жиналыстары шақырылсын; 3) болашақ пролетарлық республикаға жататындығымыздың белгісі ретінде гимназияларда қызыл жейде киіп жүруге рұқсат етілсін», т. т.

Қозғалыс толқындары неғұрлым жоғары өрлеген сайын, реакция революцияға қарсы күресу үшін соғұрлым еселеген жігермен және батылдықпен қарулана түсті. 1902 жылы «Әлеуметтік революция» деген кітабында К. Каутскийдің жазғаны Россиядағы 1905 жылғы революцияда расталды (ол, айта кетелік, ол кезде, қазіргісіндей социал-патриоттар мен оппортунистердің қорғаушысы емес, әлі революцияшыл марксист еді). Ол былай деп жазған:

«...Алдағы революция... үкіметке қарсы тұтқиылдан басталатын көтеріліске аз ұқсайтын болады, көбінесе ұзаққа созылған *азамат соғысына* ұқсас болады».

Солай болып шықты да! Алдағы европалық революцияда да осылай болатыны күмәнсыз!

Патша өкіметінің өшпенділігі әсіресе еврейлерге қарсы бағытталды. Бір жағынан, еврейлер революциялық қозғалыстың көсемдері процентін (еврей халқының жалпы санымен салыстырғанда) әсіресе көп беріп отырды. Айта кетелік, еврейлер қазірде де басқа халықтарға қарағанда интернационалистік ағым өкілдерінің процентін біршама көп беріп, еңбек сіңіріп отыр. Екінші жағынан, патша өкіметі халықтың ең надан топтарының барынша жексұрын соқыр сенімін еврейлерге қарсы шебер пайдалана білді. Полиция тікелей басшылық етпесе де, көпшілік реттерде ол қолдаған *ойрандар* осылай туды,— осы уақыттың ішінде 100 қалада өлтірілгендердің есебі 4000-нан асты, мүгедек етілгендердің есебі 10 000-нан асты,— бейбіт еврейлерді, олардың әйелдері мен балаларын осылай сұмдық ойранға ұшырату бүкіл цивилизациялы дүниеде сондайлық жиреніш туғызды. Мен бұл арада, әрине, бүкіл цивилизациялы дүниенің шын демократиялық элементтерінің жиренішін айтып тұрмын, ал мұндай элементтер *тек қана* социалистік жұмысшылар мен пролетарлар болып табылады.

Батыс Европаның ең ерікті, тіпті республикалық елдерінің буржуазиясы «орыстардың айуандығы» туралы өздерінің екіжүзді сылдыр сөздерін ақша жөніндегі барынша ар-ұятсыз келісімдермен, әсіресе патша өкіметін финанс жағынан қолдаумен және капитал экспорты, т. с. арқылы Россияны империалистік қанаумен тамаша ұштастыра біледі.

1905 жылғы революция Москвадағы декабрь көтерілісінде шарықтау шегіне жетті. Азын-аулақ көтерілісшілер, атап айтқанда ұйымдасқан және қаруланған жұмысшылар — бұлар *сегіз мыңнан* аспаған еді — 9 күн бойы патша үкіметіне қарсылық көрсетті; патша үкіметі Москва гарнизонына сене алмады, қайта, оны қамаулы жағдайда ұстауға мәжбүр болды, сөйтіп Петербургтен Семенов полкының келуі арқасында ғана көтерілісті баса алды.

Буржуазия Москва көтерілісін жасанды бірдеңе деп атап, оны күлкі етуді ұнатады. Мәселен, «ғылыми» неміс әдебиеті дейтінде профессор Макс Вебер мырза Россияның саяси дамуы туралы өзінің үлкен еңбегінде Москва көтерілісіп «бүлік» деп атаған. «Ленин тобы,— деп жазды осы «аса білімдар» профессор мырза,— және эсерлердің бірсыпырасы осы *мағынасыз* көтерілісті коптен-ақ әзірлеген болатын».

Су жүрек буржуазияның осы профессорлық ақылгөйлігін лайықты түрде бағалау үшін стачкалар статистикасының жалаң цифрларын еске түсіргеннің өзі-ақ жеткілікті. 1905 жылы январьда Россияда 123 мың ғана таза саяси стачкашы болды, октябрьде — 330 мың, *декабрьде максимумге жетті,* атап айтқанда таза саяси стачкашылар бір айдың ішінде *370 мың* болды! Революцияның, шаруалар мен солдаттар көтерілісінің өршіп дамуын еске түсірсек, біз сол сәтте: буржуазиялық «ғылымның» декабрь котерілісі туралы пікірінің қисынсыз екені былай тұрсын, ол пікір пролетариатты өзінің ең қауіпті тап жауы деп білетін, су жүрек буржуазия өкілдерінің соз жүзіндегі жалтаруы болып табылады деген сенімге келеміз.

Шынында орыс революциясының бүкіл дамуы патша үкіметі мен таптық жағынан саналы пролетариат авангардының арасындағы қарулы шешуші ұрыстарға сөзсіз итермеледі.

Өзімнің жоғарыда баяндалған ойларымда орыс революциясын уақытша жеңіліске ұшыратқан оның әлсіздігі неде екендігін мен атап өткен болатынмын.

Декабрь көтерілісін басып тастаудан былай қарай революцияның бәсеңдеу жолы басталады. Бұл дәуірдің өзінде де аса қызғылықты кезеңдер бар; жұмысшы табының ең айбынды элементтерінің революцияның шегінуін тоқтатып, жаңа шабуыл әзірлеуге екі рет талаптанғанын еске түсірсек те болады.

Бірақ менің уақытым тіпті бітіп те қалды, сондықтан менің тыңдаушылардың сабыр-шыдамына қиянат жасағым келмейді. Ал орыс революциясын түсіну үшін ең маңызды нәрсе: оның таптық сипаты және оның қозғаушы күштері, оның күрес құралдары; мұншама

орасан үлкен тақырыпты қысқаша баяндамада қаншалықты сарқып айтуға болатындай дәрежеде суреттеп бердім ғой деп ойлаймын*.

Енді орыс революциясының дүние жүзілік маңызы жөнінде тағы да бірнеше қысқаша ескертпелер айту ғана қалды.

Россия географиялық, экономикалық және тарихи жағынан Европаға ғана емес, Азияға да жатады. Сондықтан да біз Россия революциясының Европаның ең ірі және ең артта қалған елін ұйқыдан біржола оятып қана қоймай, сонымен бірге революцияшыл пролетариат басшылық етіп отырған революцияшыл халықты қалыптастырғандығын да көріп отырмыз.

Революция бұған ғана жетіп қойған жоқ. Орыс революциясы бүкіл Азияға қозғау салды. Түркиядағы, Персиядағы, Қытайдағы революциялар 1905 жылғы тегеуріндi көтеріліс терең із қалдырғанын және *жүз* миллиондаған адамдардың шабуылды қимылынан көрініп отырған оның әсерін жоюға болмайтындығын дәлелдейді.

Орыс революциясы батыста орналасқан елдерге де жанамалай болса да өзінің әсерін тигізді. Мынаны ұмытпау керек: 1905 жылы 30 октябрьде патшаның конституциялық манифесі жөніндегі телеграмма Венаға келіп жетісімен-ақ Австрияда жалпыға бірдей сайлау правосының біржола жеңіп шығуына бұл хабардың шешуші ролі болды.

Австрия социал-демократиясы съезінің мәжілісі кезінде, Элленбоген жолдас — ол кезде бұл әлі социал-патриот емес еді, ол кезде бұл әлі жолдас еді — саяси стачка туралы баяндама жасап тұрғанда, оның алдына столға осы телеграмма әкеліп қойылған болатын. Жарыс сөздер дереу тоқтатылды. Біздің орнымыз көше! — Австрия социал-демократиясы делегаттарының мәжіліс залында міне осындай ұран жаңғырықты. Осыдан кейінгі күндер көп ұзамай-ақ Венадағы аса ірі көше демонстрацияларын және Прагадағы баррикадаларды

* Қолжазбада текст «Ал» деген сөзден бастап абзацтың аяғына дейін сызылып тасталған. *Ред.*

көрді. Австрияда жалпыға бірдей сайлау правосының жеңісі шешілді.

Орыс революциясы туралы: осы артта қалған елдегі оқиғалардың, оның қатынастары мен күрес құралдарының Батыс европалық қатынастарға ұқсастығы мүлдем аз, сондықтан да олардың пәлендей бір практикалық маңызы бола қояр ма екен деп пайымдайтын батыс европалықтар өте жиі кездеседі.

Бұдан асқан қате пікір жоқ.

Алдағы европалық революциядағы болашақ шайқастардың формалары мен себептері көп жағынан орыс революциясының формаларынан басқаша болатындығында күмән жоқ.

Бірақ бұған қарамастан, орыс революциясы — атап айтқанда өзінің пролетарлық сипаты арқасында, бұл сөздің жоғарыда мен айтқан айрықша мағынасында,— алдағы европалық революцияның *прологы* болып қала бермек. Күмән жоқ, осы алдағы революция тек қана пролетарлық революция бола алады және оның үстіне бұл сөздің одан да гөрі терең мағынасында: өзінің мазмұны жағынан да пролетарлық, социалистік революция болады. Осы алдағы революция, бір жағынан, тек сұрапыл ұрыстар ғана, атап айтқанда азамат соғыстары ғана адамзатты капиталдың езгісінен азат ете алатындығын, екінші жағынан, таптық жағынан саналы пролетарлар ғана қаналғандардың орасан көпшілігінің көсемдері ретінде шыға алатындығын және шығатындығын бұрынғыдан да айқын көрсетеді.

Европадағы қазіргі жым-жырт тыныштық бізді алдамасқа тиіс. Европа революцияға дайын тұр. Империалистік соғыстың адам айтқысыз сұмдықтары, қымбатшылық азаптары революциялық пиғылды барлық жерде тудырады, ал үстем таптар — буржуазия және де олардың итаршылары — үкіметтер барған сайын жиі-жиі тұйыққа тірелуде, ұлы сілкіністерсіз олар мұнан тегі жол тауып шыға алмақ емес.

1905 жылы демократиялық республиканы жеңіп алу мақсатымен Россияда патша үкіметіне қарсы пролетариаттың басшылығымен халық көтерілісінің басталғаны сияқты, жақын арадағы жылдар нақ осы

жырткыштык соғысқа байланысты Европада финанс капиталының өктемдігіне қарсы, ірі банктерге қарсы, капиталистерге қарсы пролетариат бастап шығатын халық көтерілісіне алып келеді, сөйтіп бұл сілкіністер буржуазияны экспроприациялаумен ғана, социализмнің жеңісімен ғана аяқталмайынша, басқаша аяқталуы мүмкін емес.

Біздер, карттар, алда тұрған осы революцияның шешуші шайқастарын, бәлкім, көре алмаспыз. Бірақ мен Швейцарияның және бүкіл дүние жүзінің социалистік қозғалысында соншама тамаша жұмыс істеп жатқан жастар күресу бақытына ие болып қана коймай, алдағы пролетарлық революцияда жеңіп те шығатындығын зор сеніммен айта аламын ғой деп ойлаймын.

Неміс тілінде 1917 ж. 9(22) январьдан ертерек жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 22 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

Г. ГРЕЙЛИХТІҢ ОТАН ҚОРҒАУДЫ ҚОРҒАУЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОН ЕКІ ТЕЗИС[120]

1. Г. Грейлих өзінің бірінші мақаласының бас жағында қазіргі кезде «юнкерлік және буржуазиялық үкіметтерге сенетін» «социалистер» (сірә, ол *жалған* социалистер туралы айтып отырған болар) бар дейді.

Қазіргі «социализмнің» *бір* бағытын, атап айтқанда социал-патриотизмді бұл айыптау, әрине, дұрыс. Бірақ Г. Грейлих жолдастың барлық төрт мақаласы оның өзі де Швейцарияның «буржуазиялық үкіметіне» *көз жұмып* «сенін» отырғандығын дәлелдемегенде, енді нені дәлелдейді?? Ол тіпті Швейцарияның «буржуазиялық үкіметінің» швейцариялық банк капиталының толып жатқан байланыстары арқасында, «буржуазиялық үкімет» қана емес, сонымен бірге *империалистік* буржуазиялық үкімет те болып отырғанын ұмытады.

2. Г. Грейлих бірінші мақаласында бүкіл халықаралық социал-демократияда басты *екі* ағым бар екендігін мойындайды. Бұлардың бірін (әрине, *социал-патриоттық* ағымды) ол әбден дұрыс сипаттайды, оны жақтаушыларды буржуазиялық үкіметтердің «агенттері» деп айыптайды.

Бірақ Грейлихтің, біріншіден, швейцариялық социал-патриоттар да швейцариялық буржуазиялық үкіметтің агенттері екендігін, екіншіден, Швейцарияны дүние жүзілік рыноктың байланыстары жүйесінен жалпы жұлып алуға болмайтыны сияқты, жоғары дамыған және мейлінше байыған қазіргі буржуазиялық Швей-

царияны да империалистік дүние жүзілік байланыстар жүйесінен жұлып алуға болмайтындығын, үшіншіден, отан қорғауды жақтаған дәлелдер мен бұған қарсы дәлелдерді нақ сол бүкіл халықаралық социал-демократия көлемінде алып және әсіресе нақ осы империалистік, финанс-капиталистік дүние жүзілік қарым-қатынастарға байланысты қараған дұрыс болар еді дегенді, төртіншіден, бүкіл халықаралық социал-демократиядағы осы басты екі ағымды ымыраластыру мүмкін еместігін, сондықтан да швейцариялық партия өзінің қай бағытпен кеткісі келетіндігін *таңдауға* тиіс екендігін ұмытатындығы таңданарлық.

3. Г. Грейлих екінші мақалада: «Швейцария шапқыншылық соғысты жүргізе алмайды» дейді.

Болуы мүмкін *екі* жағдайда да — атап айтқанда, Англияға қарсы Швейцария Германиямен одақтасқан жағдайда да, Германияға қарсы Англиямен одақтасқан жағдайда да — осы *екі* жағдайда да Швейцарияның империалистік соғысқа, тонаушылық соғысқа, шапқыншылық соғысқа қатысатынын, осы даусыз және айқын фактіні Грейлихтің ұмытатындығы таңданарлық.

Буржуазиялық Швейцария ешбір жағдайда қазіргі соғыстың сипатын өзгерте алмайды, жалпы алғанда антиимпериалистік соғысты жүргізе алмайды.

Грейлих «факт саласын» есепке алмайды деуге (оның төртінші мақаласын қараңыз) және *осы* соғыс туралы айтудың орнына, қайдағы бір қиялдағы соғысты айтып отыр деуге бола ма?

4. Г. Грейлих екінші мақалада былай дейді:

«Бейтараптық пен отан қорғау Швейцария үшін тепе-тең нәрсе. Кімде-кім отан қорғауды қабылдамаса, ол бейтараптыққа қатер туғызады. Мұны ұғып алу керек».

Грейлих жолдасқа қарапайым екі сұрақ қоямыз:

Біріншіден, бейтараптықты жариялауға және оны осы соғыста сақтау ниетіне сену дегеннің өзі *өзінің* «буржуазиялық үкіметіне» және *басқа* «буржуазиялық үкіметтерге» көз жұмып сенгендік қана емес, сонымен бірге тура кісі күлерлік нәрсе болып табылатындығын ұғып алған жөн болмас па екен?

Екіншіден, шынында істің жайы мына төмендегідей екендігін ұғып алу керек болмас па екен:

Кімде-кім бұл соғыста отан қорғауды мойындайтын болса, ол *«өзінің»* ұлттық буржуазиясының жәрдемшісіне айналады; ұлттық буржуазия Швейцарияда да бастан-аяқ империалистік буржуазия, өйткені ол финанс жағынан ұлы державалармен байланысты және империалистік дүние жүзілік саясатқа тартылып отыр.

Кімде-кім бұл соғыста отан қорғауды мойындамайтын болса, ол пролетариаттың буржуазияға сенімін жояды және буржуазияның үстемдігіне *қарсы* күрес жүргізуде халықаралық пролетариатқа *көмектеседі.*

5. Г. Грейлих екінші мақаланың аяғында былай дейді:

«Швейцарияда милицияны жойғанмен, біз әлі ұлы державалардың арасындағы соғысты жоя алмаймыз».

Социал-демократтар армия *атаулыны* (демек, милицияны да) жою тек жеңімпаз әлеуметтік революциядан *кейін* ғана болады деп ойлайтынын Грейлих жолдас неліктен ұмытады? *барлық* ұлы державалардың интернационалистік-революциялық азшылығымен одақтаса отырып, әлеуметтік революция жолында күрес жүргізу нақ қазір қажет екендігін неліктен ұмытады?

«Ұлы державалардың арасындағы соғыстарды» жоюды Грейлих *кімнен* күтеді? Төрт миллион халқы бар кішкене ғана буржуазиялық мемлекеттің милициясынан шынымен-ақ күте ме екен?

Біздер, социал-демократтар, «ұлы державалардың арасындағы соғыстарды» жоюды *барлық* ұлы және *кіші* державалар пролетариатының революциялық қимылдарынан күтеміз.

6. Грейлих үшінші мақалада швейцариялық жұмысшылар «демократияны» «қорғауға» тиіс дейді!!

Бұл соғыста Европаның *бірде-бір* мемлекеті демократияны қорғап жатпағандығы және қорғай алмайтындығы Грейлихке шынымен-ақ белгісіз бе екен? Қайта, бұл империалистік соғысқа қатысу — *барлық* мемлекеттер үшін, ұлылары үшін де, кішілері үшін де, демократияны *тұншықтыру,* демократияны реакция-

пың жеңуі деген сөз. Англиядан, Германиядан, Франциядан және т. т. мұның мыңдаған мысалдарын Грейлих шынымен-ақ көрмеді ме екен? Әлде Грейлих жолдас швейцариялық, яғни өзінің, «буржуазиялық үкіметіне» шынында да күшті «сенетіні» соншалық, ол Швейцарияның барлық банк директорлары мен миллионерлерін нағыз Вильгельм Телльдер деп есептей ме екен?

Империалистік соғысқа қатысу емес, бейтараптықты қорғау үшін дегенсіп мобилизацияларға қатысу емес, *барлық* буржуазиялық үкіметтерге қарсы революциялық күрес — осы, тек осы ғана социализмге жеткізе алады, ал социализмсіз демократияға еш нәрсе *кепіл* бола алмайды!

7. Грейлих жолдас үшінші мақалада былай деп жазады:

«Швейцария пролетариаттан ол «империалистік шайқастарда өзімен-өзі шайқасады» деп күтіп отырған жоқ па?»

Бұл сұрақ Грейлих жолдастың екі аяғымен бірдей ұлттық негізде тұрғандығын дәлелдейді, бірақ, амал не, қазіргі соғыста Швейцария үшін мұндай негіз *жоқ*.

Мұны пролетариаттан күтіп отырған Швейцария емес, барлық цивилизациялы елдерде, басқа елдердегі сияқты, Швейцарияда да *империалистік* капитализмге айналған капитализм күтіп отыр. Буржуазияның үстемдігі қазір *барлық* елдердің пролетариатынан ол «империалистік шайқастарда өзімен-өзі шайқасады» деп күтеді — Грейлих міне осыны ұмытып отыр. Өзін осындай жағдайдан қорғау үшін ендігі жерде буржуазияға қарсы интернационалдық революциялық тап күресінен басқа жол жоқ!

1912 ж. Интернационалдың Базель манифесі-ақ, біріншіден, *империалистік* капитализм болашақ соғыстың негізгі сипатын белгілейтіндігін мойындағанын, екіншіден, сол манифестің өзінде *пролетарлық революция* туралы *н а қ осы* соғысқа байланысты айтылғандығын Грейлих неліктен ұмытады?

8. Грейлих үшінші мақалада былай деп жазады:

«Демократиялық праволарды пайдаланудың орнына» революциялық бұқаралық күрес деген «өте-мөте түсініксіз ұғым» болып табылады.

Мұның өзі Грейлихтің тек буржуазиялық-реформистік жолды ғана мойындайтындығын, ал *революцияны* оның мойындамайтындығын немесе елемейтіндігін дәлелдейді. Бұл ешбір жағдайда да социал-демократқа емес, грютлишілге лайық нәрсе.

«Революциялық бұқаралық күрес» *болмайынша* революциялардың болуы мүмкін емес. Мұндай революциялар ешқашан болған жоқ. Қазірде басталып отырған империалистік заманда Европада да революциялар болмай қоймайды.

9. Грейлих жолдас төртінші мақалада: егер партия отан қорғауды *принципті* түрде қабылдамайтын болса, өзінің Ұлттық советтегі өкілдігін оның тастайтыны «өзінен-өзі түсінікті» екенін тура мәлімдейді. Ол бұған тағы да мұндай қабылдамаушылық «біздің бірлігімізді бұзғандық» болады дегенді қосады.

Мұндай мәлімдеме Ұлттық советтің социал-патриоттық мүшелерінің партияға қойған айқын ультиматумы болып табылады, оны қалайша түсіндіргенде де жасырып жабуға болмайды. *Не* партия социал-патриоттық көзқарастарды мойындауға тиіс, *не* «біздер» (Грейлих, Мюллер, т. т.) өз өкілдіктерімізді тастаймыз.

Бірақ, шынын айтқанда, қандай «бірлік» жайында сөз етуге болады? Әрине, социал-патриоттық көсемдердің Ұлттық советтегі *өздерінің* мандаттарымен «бірлігі» туралы ғана болмаса, басқа не туралы болушы еді?!

Принциптік пролетарлық бірлік мүлде басқа бір нәрсе болып шығады: социал-патриоттар, яғни «отан қорғаушылар» социал-патриоттық, басынан аяғына дейін буржуазиялық грютлилік одақпен «бірлікте» болуға тиіс. Отан қорғауды мойындамаушылар, социал-демократтар, социалистік пролетариатпен «бірлікте» болуға тиіс. Бұл әбден айқын нәрсе.

Біз Грейлих жолдас масқара болғысы келмейтін шы-

ғар және социал-патриоттардың, буржуазиялық үкіметтердің «агенттерінің», социалистік пролетариатпен «бірлігі» толық бейберекетсіздіктен, азғындаудан, екіжүзділіктен, жалғаншылықтан басқа ештеңеге әкеп соқтырмайтынын (Англияның, Германияның, Швецияның және т. т. тәжірибесіне қарамастан) дәлелдеуге тырыса қоймас деп қатты үміттенеміз.

10. Ұлттық совет мүшелерінің отанның тәуелсіздігін қорғауға «ант етуі», Грейлихтің пікірінше, ел қорғаудан бас тартумен «сыйыспайды».

Жарайды! Бірақ қандай да болсын революциялық қызмет капиталистік мемлекеттердің заңдарын қорғау «антымен» «сыйыса ала ма» екен?? Грютлишілдер, яғни буржуазияның малайлары, принцип жағынан тек заңды жолды ғана мойындайды. Бұған дейін революцияны мойындамаған немесе буржуазиялық заңдарды қорғау «антымен» «сыйыса алатын» революцияларды ғана мойындайтын бірде-бір социал-демократ болған емес.

11. Швейцарияның «осы сөздің абсолюттік мағынасында» «буржуазиялық таптық мемлекет» екендігін Грейлих теріске шығарады. Ол (төртінші мақаланың аяғында) социализмге анықтама бергенде, онда әлеуметтік революция да, революциялық әрекет атаулы да мүлдем жоғалып кететіндей етіп анықтама береді. Әлеуметтік революция — бұл өзі «утопия», Грейлихтің барлық шұбалаңқы сөздерінің немесе мақалаларының қысқаша мағынасы осы.

Жарайды! Бірақ бұл социализм емес, нағыз айқын грютлишілдік қой. Бұл социализм емес, буржуазиялық реформизм ғой.

Грейлих жолдас 1912 жылғы Базель манифесінен «пролетарлық революция» туралы сөзді өшіріп тастау керек деп неге тура ұсыныс жасамайды? немесе 1915 жылғы Аарау шешімінен «революциялық бұқаралық қимылдар» туралы сөзді өшіріп тастау керек деп неге тура ұсыныс жасамайды? немесе Циммервальд және Кинталь қарарларының бәрін өртеп жіберу керек деп неге тура ұсыныс жасамайды?

12. Грейлих жолдас екі аяғымен бірдей ұлттық негізде — буржуазиялық-реформистік, грютлишілдік негізде тұр.

Ол қазіргі соғыстың империалистік сипатын да, қазіргі швейцариялық буржуазияның империалистік байланыстарын да қасарысып елемейді. Ол бүкіл дүние жүзі социалистерінің социал-патриоттар және революцияшыл интернационалистер болып бөлінгенін елемейді.

Швейцария пролетариатының алдында шындығында екі *ғана* жол бар екендігін ол ұмытады:

Бірінші жол. Өзінің ұлттық буржуазиясының қарулануына көмектесу, бейтараптықты қорғау мақсатымен дегенсіп мобилизацияны қолдау, сөйтіп күн сайын империалистік соғысқа тартылу қаупіне ұшырау. Мұндай соғыста «жеңіп» шыққан күнде — ашығу, 100 000 кісінің өлгендігін тіркеу, соғыс пайдасынан түскен жаңа миллиардтарды швейцариялық буржуазияның қалтасына салу, оның капиталды шетелдерге тағы да пайда келетіндей етіп орналастыруын қамтамасыз ету және өзінің империалистік «одақтастарына» — ұлы державаларға — жаңадан финанстық тәуелділікке түсу.

Екінші жол. Барлық ұлы державалардың интернационалшыл революцияшыл азшылығымен тығыз одақтаса отырып, барлық «буржуазиялық үкіметтерге» қарсы және ең алдымен — *өзінің* «буржуазиялық үкіметіне» қарсы батыл күрес жүргізу, жалпы алғанда өзінің буржуазиялық үкіметіне де, оның бейтараптықты қорғау туралы сөздеріне де ешқандай «сенім» көрсетпеу және сыпайыгершілікпен социал-патриоттарды грютлилік одаққа тайып тұруға шақыру.

Жеңе қалған күнде қымбатшылықтан, ашаршылықтан және соғыстардан мәңгі құтылып шығу, француз, неміс және басқа жұмысшылармен бірге социалистік революция жасау.

Бұл жолдардың екеуі де қиын, екеуі де құрбандықты керек етеді.

Швейцария пролетариаты осы құрбандықты Швейцария империалистік буржуазиясына және ұлы державалар коалицияларының біріне жасағысы келе ме әлде

адамзатты капитализмнен, ашаршылықтан, соғыстардан азат ету ісіне жасағысы келе ме — екінің бірін таңдауға тиіс.

Пролетариат таңдауға тиіс.

*Неміс тілінде 1917 ж.
13 және 17 (26 және 30)
январьдың аралығында
жазылған*

*1917 ж. 31 январьда
және 1 февральда
«Volksrecht» газетінің
26 және 27 номерлерінде
басылған
Қол қойған: — е —*

*Орыс тілінде бірінші рет 1931 ж.
Лениннің XVII жинағында
басылған*

*Қолжазба бойынша басылып
отыр
Неміс тілінен аударма*

БЕЙТАРАПТЫҚТЫ ҚОРҒАУ

Қазіргі соғыс империалистік соғыс, яғни екі ірі жыртқыштың арасында дүние жүзіне үстемдік ету және оны тонау жолында болып жатқан соғыс деген қағиданы мойындау швейцариялық отанды қорғауды мойындамау қажеттігін тіпті де дәлелдемейді. Біздер, швейцариялықтар, нақ өзіміздің бейтараптығымызды қорғаймыз, біз өзіміздің шекарамызға әскер қойғанда нақ осы жыртқыштық соғысқа қатыспау үшін қойдық!

Социалистік партиядағы және одан тысқары социал-патриоттар, грютлишілдер, осылай деп отыр.

Бұл дәлел үн-түнсіз қабылданып немесе білдірмей қыстырып жіберіліп жүрген төмендегі тиянақтарға негізделеді:

Өзінің таптық үстемдігін сақтау үшін буржуазияның айтқандарын және айтуға тиістілерін сын көзімен қарамай қайталаушылық.

Буржуазияға толығынан сену және пролетариат жөнінде толық сенімсіздік көрсету.

Барлық европалық елдердің арасындағы империалистік қатынастар негізінде қалыптасқан, ойдан шығарылмаған, шын халықаралық жағдайды және швейцариялық капиталистік таптың империалистік «байланыстылығын» елемеу.

Айталық, румын және болгар буржуазиясы өздерінің соғысқа дайындалуы «тек қана» бейтараптықты қорғаудан туып отыр-мыс деп бірнеше ай бойына нағыз салтанатты түрде сендіріп келген жоқ па еді?

Осы мәселе жөнінде жоғарыда аталған елдер буржуазиясы мен швейцариялық буржуазияның арасында *принциптік* айырмашылық жүргізу үшін елеулі, ғылыми негіздер бар ма?

Әрине, жоқ! Румыния мен Болгарияда буржуазия жаулап алушылыққа және аннексияларға белгілі бір дәрежеде құмар болып отыр, ал швейцариялық буржуазия жөнінде мұны айтуға болмайды дейтін болса, мұны *принциптік* айырмашылық деп есептеуге болмайды ғой. Империалистік мүдделер территория қосып алудан ғана көрінбей, сонымен қатар *финанстық* пайда көздеуден де көрінетіні жұрттың бәріне мәлім. Швейцариялық буржуазияның, ең аз дегенде, 3 миллиард франк капиталды экспортқа шығаратындығын, яғни артта қалған халықтарды империалистерше қанайтындығын естен шығармау керек. Факт осындай. Швейцариялық банк капиталының ұлы державалардың банк капиталымен мейлінше тығыз байланысып, жымдасып жатқандығы да, Швейцариядағы «Fremdenindustrie»*, т. т. ұлы державалар мен Швейцария арасында империалистік байлықты үнемі *бөлісіп* жатқандықты көрсететіндігі де факт. Оның үстіне, Румыния мен Болгарияға қарағанда Швейцария капиталистік дамудың анағұрлым жоғары сатысында тұр; Швейцарияда қандай бір «ұлттық» халықтық қозғалыс жөнінде тіпті сөз болуға да тиіс емес: тарихи дамудың бұл заманы Швейцарияда көптеген ғасыр бұрын-ақ аяқталған, ал жоғарыда аталған балқан мемлекеттерінің бірде-бірі жөнінде мұны айтуға болмайды.

Сонымен, халықты, қаналып отырғандарды буржуазияға сеніммен қарайтын етуге тырысу және «өз» буржуазиясының *шын* империалистік саясатын қолайлы құрғақ сөздермен бүркемелеуге тырысу буржуаға лайық нәрсе.

Ал социалистке лайықтысы мүлде басқа нәрсе. Атап айтқанда: ешқандай жалған елеске жол бермей, «өз» буржуазиясының шын саясатын аяусыз әшкерелеу. Пайда табу мүдделеріне қайшы келетін, сөздің шын

---

* — «Шетелдіктерге қызмет көрсету жөніндегі өнеркәсіп». *Ред.*

магынасындағы демократияны қорғаудан гөрі, державалардың белгілі бір империалистік коалициясына өз халқын *сату* сияқты, швейцариялық буржуазияның осы шын саясатын осылайша ілгері соза беру, көбінекөп ықтимал және көбіне-көп «табиғи» нәрсе болған болар еді (ягни осы буржуазияның табиғатына неғұрлым сай келген болар еді).

«Әркімнің өзіне лайық ісі бар»: мейлі грютлишілдер, буржуазияның малайлары және агенттері ретінде, «бейтараптықты қорғау» туралы құрғақ сөздермен халықты алдай берсін.

Ал социалистер, буржуазияға қарсы күрескерлер, швейцариялық буржуазиялық саясаттың бүкіл тарихы дәлелдеп отырған, «өз» буржуазиясының *сатып кету* қаупі әбден бар екендігіне халықтың көзін жеткізуге тиіс!

Неміс тілінде 1917 ж. январьда жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК САЯСАТТАҒЫ БЕТБҰРЫС

Пацифистердің көшесінде мейрам тәрізді бірдеме болып жатқандай. Бейтарап елдердің мейірбанды буржуасы шаттануда: «біз соғыс пайдалары мен қымбатшылықтан айтарлықтай-ақ оңай олжаға баттық; енді осы жетпей ме? бәрібір енді, сірә, пайда да түсіре алмассың, ал халық болса ақырына дейін төзбеуі де мүмкін ғой...»

Социал-пацифизмнің толығынан негізсіздігі туралы жуырда ғана Кинтальда ресми және салтанатты қарар қабылдаған итальяндық социалистік партияның пацифистік мәлімдемесін Вильсонның «өзі» «өз сөздерімен қайталап» айтып отырғанда олар неге шаттанбасын?

Өздерінің, «социалистік-сымақ» итальяндық пацифистік сөздерін Вильсонның осылай өз сөздерімен қайталағаны жөнінде Тұратидің «Avanti!»-де масаттануы таңырқарлық нәрсе ме? Француз социал-пацифистері мен каутскийшілдер өздерінің «Le Populaire»[121]-сінде Тұратимен және неміс социал-демократиялық баспасөзінде мейлінше сөкет пацифистік бес мақала жазған Каутскиймен өзеурей «бірігуі» таңырқарлық нәрсе ме? Каутскийдің бұл мақалалары да, әрине, оқиғалардың өзі күн тәртібіне қойып отырған игі ниетті демократиялық бітім туралы былшылды «басқа сөзбен қайталаушылық».

Ал бұл былшылдың қазіргі уақытта бұрынғы былшылдан шынында да айырмашылығы бар, ол айырмашылық нақ мынада: мұның белгілібір *объективтік* не-

гізі бар. Мұндай негіз дүние жүзілік саясатта халықтарды орасан зор ауыртпалықтарға душар еткен және оларға Плехановтардың, Альберт Томалардың, Легиндердің, Шейдемандардың және басқа мырзалардың социализмге масқара опасыздық жасауын сыйға тартқан *империалистік соғыстан* жылы сөздер, жарым-жарты реформалар, жарым-жарты жеңілдіктер және т. с. сыйламақшы болып отырған *империалистік бітімге* қарай болған бет бұрыстан туып отыр.

Бұл бет бұрыс басталды.

Бұл империалистік бітімнің нақ қай кезде болатынын, оған дейін соғыста қандай өзгерістердің болатынын, бұл бітімнің егжей-тегжейі қандай болатынын қазіргі кезеңде білуге болмайды, мұны империалистік саясат басшыларының өзі де, финанс корольдері де, тәж киген қарақшылар да дәлме-дәл кесіп айта алмайды. Бірақ мәнді нәрсе бұл да емес. Мәнді нәрсе бітімге қарай бет бұрыс жасалу *фактісі,* мәнді нәрсе бұл бітімнің *негізгі сипаты,* ал бұл екі жағдай оқиғалардың мұнан бұрынғы дамуымен жеткілікті түрде анықталған.

Соғыстың 29 айы ішінде империалистік коалициялардың екеуінің де ресурстары жеткілікті түрде анықталды, елеулі күш болып табылатын ең жақын «көршілердің» ішінен мүмкін-ау деген одақтастардың бәрі немесе бәрі дерлік қырғынға тартылды, армиялар мен флоттардың күштері сыналды және әбден-ақ сыналды, өлшенді және әбден-ақ өлшенді. Финанс капиталы миллиардтаған олжа тапты: тау-төбе соғыс борыштары жалдама құлдықтағы өздерінің миллиондаған бауырластарын империалистік олжаларды бөлісу жолындағы соғыста халықаралық буржуазияның рақымсыздықпен қырғынға ұшыратқаны үшін пролетариат пен дәулетсіз бұқараның ендігі жерде ондаған жылдар бойы сол буржуазияға төлеуге «тиісті» алым-салықтарының мөлшерін көрсетеді.

Бұл соғыстың көмегімен жалдама еңбек өгізінен мұнан артық тері сыдырып алуға, сірә, енді бола қоймас — қазіргі дүние жүзілік саясатта байқалып отырған бет бұрыстың терең экономикалық негіздерінің бірі

осында. Болмайтын себебі, жалпы алғанда ресурстардың өзі сарқылып келеді. Американ миллиардерлері және олардың Голландиядағы, Швейцариядағы, Даниядағы және басқа да бейтарап елдердегі кіші туыстары алтын бұлағының сарқылып келе жатқанын аңғара бастады,— бейтарап пацифизмнің өсуінің негізі осында, ал аңғал, бейшара, кісі күлерлік Туратидің, Каутскийдің және К⁰-нің ойлайтынындай, ізгі адамгершілік сезімде емес.

Ал оның үстіне бұқараның наразылығы мен ашу-ызасы өршіп келеді. Біз осының алдындағы номерде Гучков пен Гельферихтің[122] екеуінің де революциядан *қорқатындығын* корсететін дәлелдерін келтіргенбіз. Бірінші империалистік қырғынды аяқтайтын кез жеткен жоқ па екен?

Сойтіп, соғысты тоқтатуға мәжбүр етіп отырған объективтік жағдайлар соғыс пайдаларына белшесінен батқан буржуазияның таптық түйсігімен және таптық есебінің әсерімен толықтырылып отыр.

Осы экономикалық бет бұрыстың негізінде туған саяси бет бұрыс басты екі бағыт алып отыр: жеңген Германия өзінің басты жауынан, Англиядан, оның одақтастарын *бөліп алуда,* оған себеп, бір жағынан, ең ауыр соққы Англияға емес, оның нақ осы одақтастарына берілін отыр (мұнан былай да берілуі мүмкін), ал екінші жағынан, бұған себеп, өте-мөте көп тонаған герман империализмінің Англия одақтастарына жарым-жарты жеңілдіктер жасауға жағдайы келеді.

Германияның Россиямен сепараттық бітімді дегенмен *жасасып* қоюы да мүмкін. Бұл екі қарақшының арасындағы саяси мәмлеге келудің тек *формасы* ғана өзгерген. Патша Вильгельмге былай деуі мүмкін: «егер мен ашықтан-ашық сепараттық бітімге қол қоятын болсам, онда ертеңгі күні сенің, қайран менің шапағатты контрагентім, сірә, Милюков пен Керенскийдің үкіметімен болмаған күнде, Милюков пен Гучковтың үкіметімен істес болуыңа тура келеді. Өйткені революция өршіп барады, сондықтан мен армия үшін, генералдарымен Гучков хат жазысып жүрген, ал офицерлері қазір көбінесе кешегі гимназистерден шыққан армия

үшін, кепіл бола алмаймын. Мен өзімнің тағымды жоғалтатын, ал сен болсаң жақсы контрагентіңді жоғалтатын тәуекелге бас тігуде қандай есеп бар?».

Егер Вильгельмге мұндай нәрсе тура немесе жанамалай айтылған болса, ол: «әрине, онда есеп жоқ» деп жауап беруге тиіс. «Шынында да, ашықтан-ашық сепараттық бітім жасасу немесе жалпы қағазға жазылған бітім жасасу бізге не үшін керек? Соны басқаша, негұрлым жымысқы жолмен істеуге болмай ма? Мен бітім игіліктерімен бақытты етуге ұсыныс жасап, бүкіл адамзатқа ашық жар саламын. Мен: французтарға бүкіл немесе бүкіл дерлік Францияны және Бельгияны өздерінің Африкадағы отарларын «тәубешілдігімен» беруге көнгені үшін қайтарып беруге әзірмін деп, ал итальяндарға: Австрияның итальяндық «азын-аулақ» жерлеріне және бұған қосымша Балқаннан азын-аулақ жер алуға дәмелене аласыңдар деп астарлап сездіремін. Өзімнің ұсыныстарым мен жоспарларымды халықтарға мәлім ету менің қолымнан келеді: сонда ағылшындар мұнан былай өзінің батыс европалық одақтастарын ұстап тұра алар ма екен? Ал біз екеуміз Румынияны, Галицияны, Арменияны бөлісіп аламыз — ал Константинопольді, о менің шапағатты бауырым, бәрібір, түсіңде де көре алмайсың! Польшаны, о менің шапағатты бауырым, бәрібір, түсіңде де көре алмайсың!»

Мұндай әңгіменің болған-болмағанын білу қиын. Ал мұның өзі маңызды да емес. Маңыздысы, істің жайының *нақ осылай* бет алғандығында. Егер патша герман дипломаттарының дәлелдеріне келіспесе, онда Румыниядағы Макензен армиясының *«дәлелдері»* сенімдірек әсер етуге тиіс еді.

Ал Россия мен «төрт жақты одақтың» (яғни Германия одақтастарының, Австрияның және Болгарияның) Румынияны бөлісіп алу жоспары жайында империалистік герман баспасөзінде қазірдің өзінде *ашықтан-ашық* айтылып жүр! Ал аузында сөз тұрмайтын Эрве: егер халық біз Бельгия мен Францияны *табан аузында* қайтарып ала алатынымызды білсе, біз оларды соғысуға көндіре алмаймыз деп айтып та салды. Ал бейтарап

буржуазияның пацифистік ақымақтары қазірдің өзінде «іске» жегіле бастады: олардың аузына сөз салған Вильгельм! Ал социалистердің пацифистік... данышпандары, Италиядағы Турати, Германиядағы Каутский және толып жатқан басқалар болашақ империалистік бітімді *дәріптеу* үшін өздерінің адамгершілігін, өздерінің адамға жанашырлығын, өздерінің о дүниелік мейірбандылығын (және өзінің асқан ақылын) аямай жұмсап жанталасуда!

Бітім атаулының ішіндегі осы жақсы бітімнің барлық жағы тегі қалайша жақсы орайластырылған десеңші! Біздер, финанс корольдері мен тәж киген қарақшылар, империалистік тонау саясатында шатасыппыз, соғысуға тура келді — бірақ қайтуші еді? біз соғыстан бейбітшіліктегіден жаман байып жатқанымыз жоқ, қайта тіпті әлдеқайда жақсы байып жатырмыз! Ал біздің соғысты «азаттық» соғысы деп жариялау үшін бізде малайлар дегеніңіз, барлық осы Плехановтар, Альберт Томалар, Легиндер, Шейдемандар, және $К^0$ қанша керек болса сонша жетіп жатыр! Империалистік бітім жасаудың кезеңі келді ме?— қайтер дейсің? Соғыс борыштары дегеніңіз халықтардан біздің жүз еселеп алым-салық алу жөніндегі қасиетті правомызды қамтамасыз ететін міндеттеме емес пе? Ал бізде бұл империалистік бітімді *дәріптейтін*, тәтті сөздермен халықтарды алдап кететін оулекілер қанша керек болса да жетіп жатыр, тіпті Туратиді, Каутскийді және бүкіл дүние жүзілік социализмнің басқа да «көсемдерін» алсаңыздар да болады!

Турати мен Каутский сөздерінің қайғылы комедиясының өзі де нақ сонда, олар халықтарды революцияға көтерудің орнына, қайта оларды *жұбататын* попсымақтардың ролін, жалпы алғанда түрліше жақсы нәрселер жайында және әсіресе демократиялық бітім жайында көпірме сөздермен, халықтарды саудаға салып, елдерді оңды-солды турап бөліп жатқан империалистік бітімнің жиренішті жалаңаш бейнесін боямалап, жасырып, әшекейлеп, безендіріп жүрген *буржуазиялық адвокаттардың* ролін, шын, объективтік, тұрғыдан осындай саяси роль атқарып жүргенін түсінбейді.

Социал-шовинистер (Плехановтар мен Шейдемандар) мен социал-пацифистердің (Турати мен Каутский) *принциптік бірлігі* нақ сонда, бұлардың екеуі де *объективтік* жағынан империализмге *қызмет етіп* жүргендер: біреулері империалистік соғысқа «отан қорғау» деген ұғымды қолдапып, оны дәріптеу арқылы «қызмет» етеді, екіншілері жақындап және әзірленіп жатқан империалистік бітімді демократиялық бітім туралы құрғақ сөздермен боямалау арқылы *нақ сол* империализмге қызмет етеді.

Империалистік буржуазияға малайлардың екі түрі де немесе екі сарыны да керек: Плехановтар — «басқыншылар жойылсын» деген айқаймен қырғынды соза беруді көтермелеу үшін керек, Каутскийлер — бітімді тәтті сөздермен жырлап, тым ашу-ызалы бұқараны жұбату, тыныштандыру үшін керек.

Сондықтан да барлық елдердің социал-шовинистерінің социал-пацифистермен жалпы бірігуі,— Берндегі Халықаралық социалистік комиссияның бір үндеуінде[123] айтылған жалпы «социализмге қарсы «қастандық», біз әлденеше рет айтқан «жаппай кешірім»,— кездейсоқ нәрсе болмайды, қайта дүние жүзілік «социализм»-сымақтың *осы екі* бағытының принциптік бірлігінің көрінісі ғана болып табылады. Плехановтың бір уақыттың ішінде әрі Шейдеманның «опасыздығы» жайында жанталаса байбалам салуы, әрі уақыты келген шақта осы мырзалармен татуласып, бірлік жасауға ишарат білдіруі кездейсоқ нәрсе емес.

Бірақ империалистік бітім империалистік соғыстан «әйткенмен де тәуір» емес пе? түгелдей болмағанмен, «мүмкіндігінше», «бөлшектеп болса да» демократиялық бітім программасының жүзеге асуы мүмкін емес пе? тәуелсіз Польша орыс Польшасынан артық емес пе? Австрияның итальяндық жерлерін Италияға қосып беру бір адым ілгері басқандық емес пе?— осыларды ұмытуға бола ма деп, бәлкім, оқушылар қарсылық білдірер.

Турати мен Каутскийдің қорғаушылары өздерін осындай пайымдаулармен бүркемелейді де, осынысымен өздерінің революцияшыл марксистерден кәдуілгі

буржуазиялық реформистерге айналып отырғандығын байқамайды.

Ақыл-естен адаспайынша, бисмарктік Германия және оның заңдары 1848 жылдан бұрынғы Германиядан «тәуір» екендігін теріске шығаруға бола ма? Столыпин реформалары 1905 жылдан бұрынғы Россиядан «тәуір» екендігін теріске шығаруға бола ма? Неміс социал-демократтары осыған сүйеніп (ол кезде олар әлі социал-демократтар болатын) бисмарктік реформалар үшін дауыс беріп пе еді? Столыпин реформаларын, әрине, *солардың өз партиясының* мүшесі Мартовтың өзі қазірде жирене теріс айналып кетіп отырған Потресов, Маслов және К° мырзалар ғана болмаса, өзге орыс социал-демократтары дәріптеп пе еді, әлде ең болмағанда қолдап па еді?

Контрреволюциялар кезінде де тарих бір орында тұрмайды. Бұрынғы ондаған жылдардың империалистік саясатының *жалғасы* болған 1914—1916 жылдардағы империалистік қырғын кезінде де тарих ілгері басып отырды. Өткен ғасырдың 60—70 жылдары еркін бәсекенің алдыңғы қатарлы, прогресшіл күші болған, ал XX ғасырдың басында *монополистік* капитализмге, яғни империализмге айналып есейген дүние жүзілік капитализм соғыс кезінде финанс капиталының бұрынғыдан да артық шоғырлануына ғана емес, сонымен бірге *мемлекеттік капитализмге* айналуға қарай да мықтап *ілгері* басты. Бұл соғыста ұлттық байланыстылықтың күшін, ұлттық тілектестіктің маңызын, мәселен, империалистік бір коалицияда ирландықтардың пиғылы, екінші бірінде чехтардың пиғылы көрсетті. Империализмнің саналы көсемдері өздеріне былай дейді: біз, әрине, ұсақ халықтарды тұншықтырмайынша өз мақсаттарымызды жүзеге асыра алмаймыз, бірақ тұншықтырудың да екі тәсілі бар ғой. *Саяси* тәуелсіз мемлекеттер құру жолымен империалистік соғыста адал ниетті, тиянақты «отан қорғаушылар» жасап алу сенімдірек — және тиімдірек — болатын жағдайлар болады, ал бұл мемлекеттердің *финанс* жағынан тәуелділігі жөнінде «өзіміз» қам жейміз ғой! Тәуелді Ирландияның қожасы болғаннан да, тәуелсіз Болгария-

ның (империалистік державалардың елеулі соғысы кезінде) одақтасы болған тиімдірек! Ұлттық реформалар жөнінде аяқталмай қалған нәрсені аяқтау кейде империалистік коалицияны іштей ныгайтады да — мұны, мәселен, герман империализмінің ерекше жексұрын малайларының бірі — әлбетте, жалпы алғанда социал-демократиялық партиялардың «бірлігін» жақтайтын және әсіресе Шейдеманмен және Каутскиймен бірлік болуын жан сала жақтайтын К. Реннер дұрыс ескерген.

Жағдайдың объективтік барысы өз дегенін істемей қоймайды, 1848 және 1905 жылғы революцияларды тұншықтырушылар, белгілі бір мағынада, сол революциялардың әмірін орындаушылар болғаны сияқты, империалистік қырғынның дирижерлары да белгілі бір мемлекеттік-капиталистік, белгілі бір ұлттық реформалар жүргізуге *мәжбүр* болып отыр. Оның үстіне соғыстан және қымбатшылықтан ашу-ыза кернеген бұқараны болмашы жеңілдіктер жасау арқылы *тыныштандыру* да керек: «қару-жарақтарды азайтуға» неге уәде бермеске? (және ішінара осыны жүргізбеске — мұның өзі ешбір міндет жүктемейді ғой!). Бәрібір, соғыс дегеннің өзі орман шаруашылығы секілді «өнеркәсіп саласы» емес пе: үлкен ағаштардың ойдағыдай өсуі үшін ондаған жылдар керек болатыны сияқты... бақсақ, ойдағыдай көп, ересек «зеңбірек жемі» өсуіне де ондаған жылдар керек. Ал ондаған жылдардан кейін «бірыңғай» халықаралық социал-демократияның ішінде жаңа Плехановтар, жаңа Шейдемандар, тілі тәтті ымырашыл жаңа Каутскийлер өсіп жетілер деп үміттенеміз...

Буржуазияшыл реформистер мен пацифистер дегеніміз — капитализмнің үстемдігін жамап-жасқап нығайтқаны үшін, халық бұқарасының көзін бояғаны үшін және олардың көңілін революциялық күрестен басқа жаққа аударғаны үшін, жалпы ереже бойынша, белгілі бір формада, *ақы төленетін* адамдар. Социализмнің Турати мен Каутский секілді «көсемдері» тура мәлімдемелер жасау арқылы ма (осының бірін 1916 ж. 17 декабрьдегі өзінің әйгілі өкіпішті сөзінде Турати «айтып

салды»[124]) немесе *үндемей қалу арқылы* ма (бұған Каутский сондайлық шебер), әйтеуір буржуазиялық үкіметтерді *сақтай отырып,* империалистік дүние жүзілік арақатынастардың бүкіл жүйесіне қарсы революциялық көтеріліс жасамай-ақ демократиялық бітім, қазіргі империалистік соғыстан туатын демократиялық бітім жасалу мүмкін деген пікірге бұқараны сендірмекші болып жүргенде — біз мұндай уағыз халықты алдау екендігін, мұның социализмге ешбір қатысы жоқ екенін, мұның өзі *империалистік* бітімді боямалап көрсетуге саятынын айтуға міндеттіміз.

Біз демократиялық бітім *жағындамыз.* Сондықтан да біз халыққа Турати мен Каутский — әрине, ең игі ниеттермен және мейірбандық сезіммен! — айтып жүрген өтірікті айтқымыз келмейді. Біз: егер Англияның, Францияның, Германияның, Россияның революцияшыл пролетариаты буржуазиялық үкіметтерді құлатпаса, демократиялық бітім мүмкін емес деп, *шындықты* айтамыз. Егер революцияшыл социал-демократтар жалпы алғанда реформалар үшін, соның ішінде «мемлекеттік құрылыс» үшін де күресуден бас тартатын болса, біз мұны барып тұрған ағаттық деп есептейміз. Бірақ Европа *реформалар — революциялық тап күресінің жанама нәтижесі* деген ақиқатты әдеттегіден гөрі көп сезінуді керек ететін кезеңді нақ қазір бастан кешіріп отыр. Өйткені күн тәртібіне — біздің қалауымызша емес, біреулердің жоспары бойынша емес, ал жағдайдың объективтік барысы бойынша — іріп, құрып бара жатқан ескінің негізінде мәмлеге келу жолымен емес, бұқараның жаңа негіздер жасайтын, тура күш жұмсауы арқылы ұлы тарихи мәселелерді шешу алға қойылып отыр.

Нақ қазіргі уақытта, билеп-төстеуші буржуазия миллиондаған пролетарларды бейбіт түрде қарусыздандыруға және оларды қауіп-қатерсіз — ізгісымақ идеологиямен бүркемелеп және қалайда оларды пацифистік тәтті сөздердің қасиетті суымен бүркіп! — лас, сасық, жиіркенішті ұрыс траншеяларынан капиталистік фабрикалардың каторгасына, жүздеген миллиард мемлекеттік борыштарды жұмыспен өтейтін жеріне кө-

шіруге әзірленіп жатқанда, нақ осы кезде 1914 жылдың күзінде біздің партияның халыққа арнаған: империалистік соғысты социализм жолындағы азамат соғысына айналдыру керек! — деген ұранының* маңызы соғыстың бас кезіндегіден әлдеқайда артық маңыз алады. Каторгаға кесілген Карл Либкнехт рейхстагтың трибунасынан: қаруларыңды ел ішіндегі өздеріңнің тап жауларыңа қарсы жұмсаңдар! — дегенде, ол осы ұранға қосылды! Қазіргі қоғамның социализмге өтуге қаншалықты пісіп-жетілгенін, мұны нақ соғыс дәлелдеді, бұл соғыста халықтың күш-жігерін жұмылдыру ісі елу миллионнан астам адамның бүкіл шаруашылық өмірін *бір* орталықтан реттеуге көшуге мәжбүр етті. Егер ат төбеліндей юнкер-дворянсымақтардың басшылығымен азын-аулақ финанс шонжарларының мүдделері үшін осы нәрсені істеу мүмкін болған болса, онда аштаршылықтан және соғыстан қалжыраған халықтың оннан тоғызының мүдделері үшін саналы жұмысшылардың басшылығымен мұны істеу онан да гөрі мүмкін екендігі әбден ықтимал нәрсе.

Бірақ бұқараға басшылық ету үшін саналы жұмысшылар социализмнің Турати, Каутский және К⁰ секілді көсемдерінің әбден шіріп біткендігін түсінуге тиіс. Бұл мырзалар өздерін революцияшыл социал-демократтармыз деп санайды және де сендердің орындарың Биссолати, Шейдеман, Легин және К⁰ мырзалардың партиясында десе, бұлқан-талқан болып ашуланады. Бірақ Турати мен Каутский күн тәртібіне қойылған ұлы мәселелерді тек бұқараның революциясы ғана шешуге қабілетті екендігін түк ұқпайды, оларда революцияға деген тамшыдай да сенім жоқ, нақ осы соғысқа байланысты бұқараның санасы мен пиғылында революцияның пісіп-жетіліп келе жатқандығына олар зәрредей де назар аудармайды, көңіл қоймайды. Олардың назары бүтіндей реформаларға, үстем таптардың бөліктері арасындағы мәмлеге ауып кеткен, олар соларға сөз салады, соларды «көндірмекші болады», жұмысшы қозғалысын соларға бейімдегісі келеді.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 13—23-беттер. *Ред.*

Ал қазір барлық мәселе нақ мынада: пролетариаттың саналы авангарды өзінің барлық ой-ықыласын, өзінің күштерін өз үкіметтерін құлату жолындағы революциялық күреске бағыттап, жинастыруы керек. Турати мен Каутский мойындауға «әзір» отырған революциялар,— атап айтқанда, революцияның нақ қашан тұтанатынын, оның жеңу мүмкіндіктерінің нақ қаншалық екенін күні бұрын айтуға болатындай революциялар,— болмайды. Европада революциялық жағдай туып отыр. Бұқараның ашынған наразылығы, толқуы, ашу-ызаға булығуы күшті. Революцияшыл социал-демократтар өздерінің барлық күш-жігерін *осы тасқынды* күшейте беруге жұмсауға тиіс. Қозғалыс оншама табысты болмаған күнде, «уәде етілген» реформалардың қандай бөлігінің нақты жүзеге асатындығы және жұмысшы табының одан арғы күресіне қаншалықты пайда келтіретіндігі сол революциялық қозғалыстың күшіне байланысты болады. Қозғалыс табысты бола қалған күнде, Европада социализмнің жеңуі және Германияның Россия мен Англияға қарсы күресінің, Россия мен Германияның Англияға қарсы күресінің немесе Құрама Штаттарының Германия мен Англияға қарсы, т. с. күресінің арасындағы империалистік уақытша бітімнің емес, қайта шын мәнінде берік және нағыз демократиялық бітімнің жүзеге асуы да сол революциялық қозғалыстың күшіне байланысты болады.

«Социал-Демократ» № 58, 31 январь, 1917 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СТАТИСТИКА ЖӘНЕ СОЦИОЛОГИЯ[125]

АЛҒЫ СӨЗ

Оқушының назарына ұсынылып отырған очерктердің бір бөлегі әлі баспасөз бетінде жарияланбаған, енді бір бөлегі соғыстан бұрын кейбір мерзімді басылымдарда шыққан мақалалардың қайта басылуы. Очерктерде сөз болатын мәселенің — ұлттық қозғалыстардың маңызы мен ролі туралы, ұлттық және интернационалдық қозғалыстардың арақатынасы туралы мәселенің — қазір ерекше көңіл бөлуді керек етіп отырғандығы табиғи нәрсе. Бұл мәселе жөніндегі пайымдаудың бәрінен де жиі кездесетін, бәрінен де үлкенірек кемістігі тарихи көзқарастың, нақтылылықтың жоқтығы болып табылады. Жалпылама құрғақ сөздерді желеу етіп, түрліше контрабанданы өткізу тіпті дағдыға айналған. Сондықтан біз аздаған статистика тіпті де артық болмас деп ойлаймыз. Біздің соғыстан бұрын айтқанымызды соғыстың сабақтарымен салыстыру біздіңше пайдасыз емес секілді. Очерктер теорияның және көзқарастың бірлігімен байланысты.

Январь, 1917 ж. *Автор*

ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖАҒДАЙЫ

Факт — даусыз нәрсе дейді ағылшын мақалы. Бұл мақал «ұлттық принциптің» ұлылығы туралы, оның түрлі мағынасында, түрлі арақатынасында, кейбір жазушының бұлбұлша сайрағанын көргенінде әсіресе жиі

есіне түседі, оның үстіне, жерлеу процессиясын көргенде халық ертегісіндегі белгілі кейіпкердің: «қояр көбейсін» дегенінің қаншалық сәтті де орынды болғаны сияқты, бұл «принцип» те көбінесе соншалық сәтті қолданылады.

Бұл сияқты жазушылар дәл фактілерге, даусыз фактілерге әсіресе төзе алмайды; егер үнемі әдейі шатастырылып жүрген күрделі әрі қиын мәселені шындап талдауға көңіл қоятын болсақ, міне осы дәл, даусыз фактілер ерекше қажет. Бірақ фактілерді қалай жинап алу керек? Олардың байланыстылығын және өзара тәуелділігін қалай анықтау керек?

Қоғамдық құбылыстар саласында *жеке* фактісымақтарды үзіп-жұлып алудан, мысалдарды атүсті пайдаланудан артық көп тараған жәпе бұдан асқан негізсіз әдіс жоқ. Жалпы алғанда мысалдарды іріктеп алу ешбір қиындыққа түспейді, бірақ мұның ешбір маңызы да болмайды, немесе оның тура теріс мәні болады, өйткені істің барлық тетігі жеке оқиғалардың тарихи нақтылы жағдайында. Егер фактілерді *тұтасынан*, өзінің *байланыстарымен* алатын болсақ, олар «даусыз» екені былай тұрсын, сонымен бірге сөзсіз дәлелді де нәрсе. Егер фактісымақтар өзінің тұтастығынан тыс, байланыссыз алынатын болса, егер олар үзіп-жұлып, қалай болса солай алынатын болса, олар тек ойыншық болады, немесе онан да жаман бір нәрсе болып шығады. Мәселен, ертеректе байсалды болған және өзін солай деп санағанды ұнатқан жазушы монғол езгісінің фактісін алып, оны XX ғасырдағы Европада болған кейбір оқиғаларды түсіндірудің мысалы ретінде келтіретін болса, мұны тек атүстілік деп санауға бола ма, әлде мұны саяси шарлатандыққа жатқызған дұрысырақ па? Монғол езгісі — ұлт мәселесімен сөзсіз байланысты тарихи факт; XX ғасырдағы Европада да осы мәселемен сондай күмәнсыз байланысты бірсыпыра фактілер байқалады. Алайда французлар «ұлттық клоундар» деп атайтын адамдардың типіндегі кісілер, байсалды көрінуге дәмелене отырып, XX ғасырдағы Европада болып жатқан оқиғаларды монғол езгісінің «фактісімен» түсіндірмекші болатын адамдар аз болар.

Бұдан шығатын қорытынды айқын: дәлме-дәл және талассыз фактілерден туатын негізді — оған сүйенуге болатын, біздің заманымызда кейбір елдерде шектен асқан қиянатпен қолданылып жүрген, «жалпы» немесе «шамамен алынған» пайымдаулардың кез келгенін онымен салыстыруға болатын негізді — белгілеуге тырысу керек. Бұл өзі шын негіз болуы үшін, жеке фактілерді емес, қайта осы қарастырылып отырған мәселеге қатысты фактілердің, *бірде-бірін* қалдырмай, *барлық жиынтығын* алу керек, өйтпейінше фактілер әдейі іріктелініп немесе атүсті алынып отыр деген, тұтас тарихи құбылыстардың объективті байланысының, өзара тәуелділігінің орнына, мүмкін, тіпті жиіркенішті істі ақтау үшін «субъективті» қойыртпақ ұсынылып отыр деген күдік және де әбден заңды күдік сөзсіз туады. Мұндай нәрсе болып отырады... біз ойлағандағыдан да гөрі жиі болып отырады ғой.

Осындай ойға сүйене отырып, біз статистикадан бастауды ұйғардық; әрине, «сорақы ақиқаттардан» гөрі «бізді көлгірсітетін алдаушылықты» артық көретін кейбір оқушылардың да, сонымен қатар интернационализм, космополитизм, ұлтшылдық, патриотизм және сондайлар туралы «жалпы» пікірлерді желеу етіп, саяси контрабанданы өткізуді сүйетін кейбір жазушылардың да статистиканы мейлінше жек көретіндігін әбден біле тұра осылай ұйғарып отырмыз.

1 ТАРАУ

АЗДАҒАН СТАТИСТИКА

I

Ұлттық қозғалыстар жөніндегі деректердің *барлық* жиынтығын шындап шолып шығу үшін жер бетіндегі халықтардың *бәрін* алу керек. Бұл арада екі белгі мүмкіндігінше дәлірек анықталуы және мүмкіндігінше толығырақ қадағалануы керек: біріншіден, жеке мемлекеттердің ұлттық құрамының тазалығы немесе алақұлалығы; екіншіден, мемлекеттердің (немесе, анығында мемлекет туралы айтуға бола ма деген күмән

туған жағдайда, мемлекет тәріздес құрылымдардың) саяси жағынан дербес мемлекеттерге және саяси жағынан тәуелді мемлекеттерге бөлінуі.

1916 жылы жарияланған ең жаңа деректерді алайық, сөйтіп екі деректемеге сүйенетін болайық: бірі — немістікі, Отто Гюбнердің «Географиялық-статистикалық кестелері», ал енді біреуі — ағылшындықі, «Саяси Әржылдық» («The Statesman's Year-Book»). Бірінші деректемені негізге алуға тура келеді, өйткені ол біздің көңілімізді аударып отырған мәселе жөнінде анағұрлым толығырақ, ал екінші деректемені — тексеру үшін және кейбір, көбінесе жеке, түзетулер үшін пайдаланамыз.

Біз өзіміздің шолуымызды саяси жағынан дербес және ұлттық құрамының тұтастығы мағынасында алғанда, неғұрлым «таза» мемлекеттерден бастайық. Бұл арада біріпші орынға салған жерден *Батыс* Европаның бір топ мемлекеттері, яғни Россия мен Австрияның батыс жағында жатқан мемлекеттер шығады.

Бұл арада бізде барлығы 17 мемлекет бар, алайда бұлардың бесеуі, ұлттық құрамы жағынан өте таза болғанымен, көлемі өте кішкентай болғандықтан тура қуыршақ мемлекеттер. Бұл — Люксембург, Монако, Марино, Лихтенштейн және Андорра, бұлардың халықтары, бәрін қосып алғанда, не бары 310 мың адам. Бұларды мемлекеттердің санына жалпы қоспау анағұрлым дұрысырақ болатыны күмәнсыз. Қалған 12 мемлекеттің жетеуі — ұлттық құрамы жағынан мүлдем таза: Италияда, Голландияда, Португалияда, Швецияда, Норвегияда әр мемлекет халқының 99% бір ұлтқа жатады; Испания мен Данияның әрқайсысында — халықтың 96% бір ұлт. Сонсоң үш мемлекет: Франция, Англия, Германия ұлттық құрамы жағынан таза дерлік. Францияда халықтың не бары 1,3% итальяндар, бұларды халықтың еркін бұзып және бұрмалап III Наполеон аннексиялап алған болатын. Англияда Ирландия аннексия болып табылады, оның халқы 4,4 млн., барлық халықтың (46,8 млн.) оннан бірінен де аз. Германияда 64,9 млн. халықтың ұлт жағынан бөтен және Англиядағы ирландықтар сияқты бүтін-

дей дерлік ұлттық жағынан сонщалық езілген элементі поляктар (5,47%), даниялықтар (0,25%), эльзас-лотарингиялықтар (1,87 млн.) болып табылады, оның бер жағында, айта кететін нәрсе, кейінгілердің ішінен кейбір (атап айтқанда, дәл қанша бөлегі екені белгісіз) бөлегі тілі жағынан ғана емес, сонымен бірге экономикалық мүдделері жағынан, іш тартуы жағынан Германияға жақын. Жалпы алғанда, Германияның 5 миллионға жуық халқы бөтен, толық праволы емес, тіпті езілген ұлттарға жатады.

Батыс Европаның тек екі кішкене мемлекетінің ғана ұлттық құрамы ала-құла: Швейцария — оның төрт миллионға азғана жетпейтін халқының 69% немістер, 21% французлар, 8% итальяндар және Бельгия (8 миллионға жетпейтін халқы бар; шамамен алғанда, сірә, 53% шамасы фламандтар, 47% шамасы французлар болу керек). Алайда бұл арада атап корсететін бір нәрсе, бұл мемлекеттердің ұлттық құрамының ала-құлалығы қаншама зор бола тұрса да, ұлттардың езілуі жөнінде сөз етуге болмайды. Бұл мемлекеттердің екеуінің де конституциялары бойынша ұлттардың бәрі тең праволы; Швейцарияда бұл тең праволылық шынында да толық жүзеге асырылған; Бельгияда халықтың копшілігі бола тұрса да фламандтар жөнінде тең правосыздық бар, бірақ бұл тең правосыздық, мәселен, Германияда поляктардың бастан кешіргенімен немесе Англияда ирландықтардың бастан кешіргенімен салыстырғанда болмашы ғана; ал бұл қарастырылып отырған мемлекеттер тобына жатпайтын елдерде әдетте байқалатын нәрсе бұл арада сөз етіліп те отырған жоқ. Сондықтан, айта кетелік, «ұлттар мемлекеті» деген термин, ұлт мәселесіндегі оппортунистердің, австриялық жазушылар К. Реннер мен О. Бауэрдің жел беруімен айрықша тарап кеткен осы термин өте тар мағынада ғана дұрыс болып табылады, атап айтқанда, егер, бір жағынан, мұндай типтегі көпшілік мемлекеттердің ерекше тарихи орнын естен шығармасақ қана (бұл жөнінде бізге төменде тағы да сөз қозғауға тура келеді), екінші жағынан, ұлттардың шын тең праволылығы мен ұлттардың езілуінің арасындағы негізгі

айырмашылықты осы термин арқылы бүркеуге жол бермесек қана дұрыс болып табылады.

Қарастырылып отырған елдерді бірге қосып алғанда, бізде Батыс Европаның халқының жалпы саны 242 млн. болатын 12 мемлекетінің бір тобы келіп шығады. Осы 242 миллионның тек $9^1/_2$ млн. шамасы ғана, яғни не бары 4% езілген ұлттар (Англия мен Германияда). Егер осы мемлекеттердің бәріндегі негізгі мемлекеттік ұлттарға жатпайтын халықтардың барлық бөлегінің жиынтығын шығарсақ, онда 15 млн. шамасы, яғни 6% болып шығады.

Демек, жалпы және тұтас алғанда, мемлекеттердің бұл тобы мына белгілермен сипатталады: бұл өзі — экономика жағынан да, саяси жағынан да басқалардан гөрі артық дамыған, ең алдыңғы қатарлы капиталистік елдер. Бұлардың мәдени дәрежесі де анағұрлым жоғары. Бұл мемлекеттердің көпшілігі ұлт жағынан алғанда ұлттық құрамы мүлдем таза немесе мүлдем таза дерлік мемлекеттер. Ұлттық тең правосыздық, ерекше саяси құбылыс ретінде, тіпті болмашы роль атқарады. Біздің көріп отырғанымыз — адамзаттың жалпы капиталистік дамуында бұл типтің тарихи-шартты, өткінші сипатын көп реттерде ұмытып, жиі айта беретін «ұлт мемлекетінің» типі. Ал бұл жөнінде біз реті келгенде толығырақ айтатын боламыз.

Бұл тип Батыс Европа мемлекеттерімен шектеле ме? — деген сұрақ туады. Тегі, шектелмейтін болар. Бұл типтің негізгі белгілерінің бәрі, экономикалық (капитализмнің жоғары дәрежеде және ерекше шапшаң дамуы), саяси (өкілдік құрылыс), мәдени, ұлттық белгілері Америка мен Азияның алдыңғы қатарлы мемлекеттері: Құрама Штаттар мен Жапонияда да байқалып отыр. Жапонияның ұлттық құрамы әлдеқашан қалыптасқан және әбден таза; халқының 99%-тен астамы жапондар. Құрама Штаттарда халықтың тек 11,1% ғана негрлер (сонымен қатар мулаттар, үндістер), бұларды езілген ұлтқа жатқызу керек, өйткені 1861—1865 жылдардағы азамат соғысында жеңіп алынған және республиканың конституциясы қамтамасыз еткен теңдік іс жүзінде негрлер тұратын негізгі

аймақтарда (оңтүстікте) және 1860—1870 жылдардағы прогрестік, монополияға дейінгі капитализмнен ең жаңа заманның реакциялық, монополиялық капитализміне (империализмге) өтуге байланысты да көп жағынан барған сайын шектеле түсті; бұл ең жаңа заман Америкада 1898 жылғы испан-американ империалистік (яғни екі қарақшының арасында олжа бөлісуден туған) соғысымен ерекше айқын шектеледі.

Құрама Штаттардың 88,7% ақ нәсілді халқының 74,3% американдар, тек 14,4% шетелде туғандар, яғни басқа елдерден қоныс аударғандар. Жұртқа мәлім, Америкада капитализм дамуының айрықша қолайлы жағдайлары және бұл дамудың ерекше шапшаңдығы мұнда, дүние жүзінің ешбір жерінде болып көрмеген тездікпен және сондай түбегейлі түрде, орасан зор ұлт айырмашылықтарының араласып барып, бірыңғай «американ» ұлтына айналуын қамтамасыз етті.

Жоғарыда аталған батыс европалық елдерге Құрама Штаттар мен Жапонияны қоссақ, жалпы халқы 394 млн. адам болатын 14 мемлекет шығады, бұлардың халқынан ұлт жағынан правосы тең еместері 26 миллионға жуық, яғни 7%. Алдын ала айтсақ, нақ осы алдыңғы қатарлы 14 мемлекеттің көпшілігі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы дәуірде, яғни нақ капитализмнің империализмге айналу дәуірінде, отаршылдық саясат жолымен ерекше күшті ілгері ұмтылды, осы саясаттың нәтижесінде бұл мемлекеттер енді тәуелді, отар елдерде жарты миллиардтан астам халықты «иемденіп» отыр.

II

Шығыс Европа мемлекеттерінің бір тобы — Россия, Австрия, Түркия (соңғыны қазірде географиялық жағынан азиялық мемлекет, экономикасы жағынан «жартылай отар» деп санау дұрысырақ болады) және Балқандағы 6 кішкене мемлекет: Румыния, Болгария, Греция, Сербия, Черногория және Албания — алдыңғы топтағыдан мүлдем өзгеше жағдайды бірден көрсетеді. Ұлттық құрамы жағынан таза *бірде-бір* мемлекет жоқ! Тек Балқандағы кішкене мемлекеттерді ғана ұлт-

тық мемлекеттер деп атауға болады, алайда оларда да бөтен ұлт халқы 5%-тен 10%-ке дейін екенін, орасан көп (осы ұлт өкілдерінің барлық санымен салыстырғанда) румындар, сербтер «өз» мемлекетінен тыс жерде тұратындығын, жалпы алғанда Балқанда буржуазиялық-ұлттық бағыттағы «мемлекет құрылысы» аяқталып бітпегендігін, тіпті «кешегі» деп айтуға болатын, 1911—1912 жылдардағы соғыстар да аяқтамағандығын ұмытпау керек. Балқандағы кішкене мемлекеттердің арасында Испания, Швеция және солар *сияқты* бірде-бір ұлт мемлекеті жоқ. Ал Шығыс Европаның үлкен мемлекеттерінде, үшеуінде де, «өз» халықтарының және де оның үстіне негізгі ұлт халқының саны 43% қана болады. Бұл үлкен үш мемлекеттің әрқайсысында халықтарының жартысынан көбі, 57%, «бөтен ұлт» халықтарына (орыстың шынайы тілімен айтқанда бұратаналарға) жатады. Батыс Европа мемлекеттері тобы мен Шығыс Европа мемлекеттері тобының арасындағы статистикалық айырмашылық мынадай:

Бірінші топта біз 231 миллион халқы бар 10 таза немесе таза дерлік ұлт мемлекетін көрдік; ұлт жағынан «ала-құла» екі мемлекет қана бар, бұларда $11^1/_2$ млн. халық бар, бірақ ұлттарды езбейді, конституция жүзінде және іс жүзінде олардың тең праволылығы жүргізіліп отыр.

Екінші топта 6 мемлекет таза дерлік, бұларда 23 млн. халық бар; *үш* мемлекет «ала-құла» немесе «аралас», ұлттардың тең праволылығы жоқ, бұларда 249 миллион халық бар.

Жалпы және тұтас алғанда, Батыс Европада басқа ұлт халықтары (яғни әрбір жеке мемлекеттің негізгі ұлтына* жатпайтындар) 6% болады, егер Құрама Штаттар мен Жапонияны қоссақ, онда 7% болып шығады. Ал Шығыс Европада бұл процент — 53%!**

1917 ж. январьда жазылған
Қол қойған: П. Пирючев
Бірінші рет 1935 ж.
«Большевик» журналының
2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Россияда великорустар, Австрияда немістер мен мадьярлар, Түркияда — түріктер.

** Қолжазба осы жерде үзіледі. *Ред.*

ЖАЛҒАН БАТПАҚ ПА ӘЛДЕ ШЫН БАТПАҚ ПА?[126]

Р. Гримм жолдас өзінің көпшілік пен азшылық туралы мақаласында («Berner Tagwacht» және «Neues Leben») «батпақ, жалған партиялық центр» «бізде де ойдан шығарылып» отыр дейді.

Біз Гриммнің жоғарыда айтылған мақалада ұстаған позициясының дәл өзі центрге тән көзқарас болып табылатынын дәлелдеп береміз.

Гримм көпшілікпен айтыса келіп, былай деп жазады:

«Циммервальд пен Кинталь платформасында тұрған партиялардың *бірде-бірі* әскери қызметтен бас тарту ұранын және сонымен бірге өз мүшелеріне оны жүзеге асыруды міндет етіп ұсынған жоқ. Либкнехттің өзі әскери форма киіп, армия қатарына енді. Итальян партиясы соғыс кредиті мен азаматтық татулықты қабылдамаумен тынды. Франциядағы азшылық та осылай етті».

Біз таңырқап, көзімізді уқалаймыз. Гриммнің мақаласындағы осы маңызды абзацты тағы да қайталап оқимыз және оқушыға осыны ойластырып көруге кеңес береміз.

Ақылға сыймайды, бірақ бұл солай! Центр бізде ойдан шығарылды дегенді дәлелдеу үшін біздің осы центрдің өкілі, Гримм, солшыл интернационалистер (Либкнехт) мен оңшыл циммервальдистерді немесе центрді бір жерге үйе салады!!!

Гримм швейцар жұмысшыларын алдап, Либкнехт пен

итальян партиясы нақ бір бағытқа жатады деп сендіруге, бұлардың арасында *нақ* солшылдар мен центрді бөліп тұрғандай *айырмашылық* жоқ деп сендіруге шынымен-ақ үміт ете ме екен?

Өзіміздің дәлелдерімізді келтірелік:

Біріншіден, центрге де, солшылдарға да жатпайтын куәны тыңдап көрелік. Герман социал-империалисі Эрнст Гейльман 1916 жылы 12 августа «Glocke»-нің 772-бетінде былай деп жазды: ...«Die Arbeitsgemeinschaft*, *немесе циммервальдтық оңшыл топ,* оның теоретигі Каутский, ал саяси көсемдері Гаазе мен Ледебур»... Каутский — Гаазе — Ледебур центрдің нағыз өкілдері болып табылатындығына Гримм таласа алар ма екен?

Екіншіден. Циммервальдтық оңшыл топ немесе центр осы күнгі социализмде Гаагадағы ХСБ-дан, Халықаралық социалистік бюродан, *социал-патриоттар бюросынан* дереу ажырасуға *қарсы* шығатыны Гриммге мәлім болмауы мүмкін бе? солшыл топтың осы ажырасуды *жақтайтындығы* оған мәлім болмауы мүмкін бе? Кинтальдағы «интернационал» тобының — Либкнехт те дәл осы топқа жатады — ХСБ-ны шақыруға қарсы, одан ажырасуды жақтап күрескендігі оған мәлім болмауы мүмкін бе?

Үшіншіден. Кинталь қарарында тікелей айыпталған социал-пацифизмнің нақ қазір Францияда, Германияда, Италияда центрдің платформасы болып отырғанын Гримм ұмытқан ба? өзінің парламенттік тобының толып жатқан социал-пацифистік қарарлары мен мәлімдемелеріне де, Тұратидің 17 декабрьдегі масқаралық сөзіне де қарсылық білдірмеген бүкіл итальян партиясы социал-пацифизмнің платформасында тұрғанын Гримм ұмытқан ба? Германиядағы солшыл топтардың екеуі де, I. S. D. де («Германияның интернационалдық социалистері»), сол сияқты «Интернационал» да (немесе «Спартак» тобы, Либкнехт нақ осы топқа жатады) центрдің социал-пацифизмін *тура қабылдамай тастағанын* Гримм ұмытқан ба? Бұл арада Самба, Ре-

---

* — Еңбек ынтымағы. *Ред.*

подель және Жуо бастаған Францияның барып тұрған залым социал-империалистері мен социал-патриоттары *да* социал-пацифистік қарарларды жақтап дауыс бергендігін, сөйтіп осындай жолмен социал-пацифизмнің шын, объективті мәні әсіресе айқын ашылғанын ұмытуға болмайды.

Төртіншіден... бірақ енді жетер! Гримм, итальян партиясының істегеніндей, кредитті және азаматтық татулықты қабылдамаумен «қанағаттану» керек деп швейцариялық партияға кеңес бергенде, ол дәл центрдің көзқарасында болып отыр. Гримм көпшіліктің ұсынысын нақ центрдің тұрғысынан сынайды, өйткені бұл көпшілік *Либкнехттің* көзқарасына жақындағысы келеді.

Гримм айқындықты, туралықты, адалдықты қорғайды. Жақсы-ақ! Онда осы өте жақсы қасиеттер Либкнехттің көзқарасы мен тактикасының центрдің көзқарасы мен тактикасынан айырмашылығын айқын, ашық, адал белгілеудің керектігін, оларды бір жерге үйе салмау керектігін талап етпей ме?

Либкнехтпен бірге болу дегеннің мәнісі: (1) өзінің туған елінде негізгі жауға шабуыл жасау; (2) өзінің туған елінің (ғапу етіңіз, *шетелдік* қана емес, Гримм жолдас!) социал-патриоттарын әшкерелеу, солшыл радикалдарға қарсы социал-патриоттармен бірігу керек емес,— ғапу етіңіз, Гримм жолдас!— қайта олармен күресу керек; (3) өз еліндегі социал-патриоттардың осалдығын ғана емес, сонымен қатар социал-пацифистердің де, «центристердің» де осалдықтарын ашық сынау, әшкерелеу; (4) пролетариатты революциялық күреске, қаруды кері бұруға шақыру үшін парламент мінбесін пайдалану; (5) құпия әдебиет тарату, құпия жиналыстар ұйымдастыру; (6) пролетарлық демонстрация, мәселен, Либкнехт қамауға алынған Берлиндегі Потсдам алаңындағы сияқты демонстрация ұйымдастыру; (7) құпия прокламацияларында «Интернационал» тобы істегендей, соғыс өнеркәсібі жұмысшыларын ереуілдер жасауға шақыру; (8) реформистік қызметпен тынып жүрген қазіргі партиялардың толық «жаңартылуы» қажеттігін ашық дәлелдеу, сонымен

қатар Либкнехт қалай қимыл жасаса, солай қимыл жасау; (9) империалистік соғыста отан қорғауды сөзсіз қабылдамай тастау; (10) социал-демократияның ішінде реформизм мен оппортунизмге қарсы барлық бағытта күрес жүргізу; (11) барлық елдерде, әсіресе Германияда, Англия мен Швейцарияда, социал-патриотизм мен оппортунизмнің, т. т. авангарды болып отырған кәсіподақтық көсемдерге қарсы сондайлық аяусыз күрес жүргізу.

Осы тұрғыдан қарағанда көпшілік жобасындағы көп нәрсені сынау қажеттігі айқын. Бірақ бұл жөнінде ерекше мақалада ғана айтуға болады. Ал бұл арада қалай дегенмен де көпшілік *осы* бағытта кейбір шаралар ұсынып отырғандығын, ал Гримм осы көпшілікке сол жақтан емес, Либкнехттің тұрғысынан емес, қайта оң жақтан, центрдің тұрғысынан шабуыл жасап отырғандығын ғана атап көрсету қажет.

Гримм өзінің мақаласында принциптік айырмашылығы бар екі мәселені үнемі шатастыра береді: біріншіден, белгілі бір революциялық қимыл *қашан,* қандай кезеңде жүзеге асырылуға тиіс деген мәселе. Бұл мәселені күні бұрын шешуге тырысу — қисынсыз, сондықтан осыдан келіп Гриммнің көпшілікке қоятын кінәсы жұмысшыларды көпе-көрінеу алдау болып табылады.

Екінші мәселе: қазір үздіксіз, табанды және нақты жағдай қандай болса да шын революциялық күрес жүргізуге *қабілетсіз* партияны енді *осыған қабілетті* партияға *қалай* айналдыруға, қалай қайта құруға болады деген мәселе.

Бұл ең маңызды мәселе! Соғыс мәселесіндегі де, сондай-ақ ел қорғау туралы мәселедегі де барлық таластың, бағыттардың барлық күресінің *түп негізі* осында! Нақ осы мәселе жөнінде Гримм үндемей отыр, көлегейлеп және көмескілеп отыр. Ол ол ма: Гриммнің түсіндірулері бұл мәселені оның *теріске шығаруына* саяды.

Бәрі де бұрынғыша қала береді — Гримм мақаласының бүкіл арқауы міне осы; бұл мақала арқылы *центр* бейнелеп отыр дегендегі ең түбегейлі дәлел

осы. Бәрі де бұрынғыша қала берді: *тек* соғыс кредиттері мен азаматтық татулықты қабылдамау ғана! Ақылды буржуаның қайсысы болсын сайып келгенде мұның өзі буржуазия үшін де *қолайсыз еместігін* мойындамай тұра алмайды: бұл буржуазияның үстемдігіне қауіп туғыза қоймайды, оның соғысты жүргізуіне кедергі келтірмейді («мемлекет ішіндегі азшылық» ретінде «біз бағынамыз» — Гриммнің бұл сөздерінің өте-мөте үлкен саяси маңызы, алғаш қарағандағыдан гөрі әлдеқайда зор саяси маңызы бар!).

Соғысып жатқан елдердегі буржуазияның өзі және оның үкіметтері ең алдымен Англия мен Германияда Либкнехттің жақтастарын *ғана қуғындап*, центрдің өкілдеріне *төзіп* отырғаны халықаралық факт емес пе?

Тіпті кейбір социал-патриоттық көсемдердің көтуімен байланысты болса да алға қарай, солға қарай басалық! — қысқаша айтқанда, көпшілік ұсыныстарының саяси мағынасы осындай.

Циммервальдтан кейін қарай, оңға қарай, социал-пацифизмге, центрдің позициясына қарай, социал-патриоттық көсемдермен «татулыққа» қарай басалық, ешбір бұқаралық қимылдар, қозғалысты ешбір революцияландыру, партияны ешбір жаңарту деген болмасын! — Гриммнің көзқарасы міне осындай.

Бұл көзқарас, ақыр аяғында, өздерінің центристік позицияда екендігіне швейцариялық солшыл радикалдардың көзін жеткізер деп үміттенуге болады.

Неміс тілінде 1917 ж. январьдың аяғында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

СОҒЫС МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС[127]

1. Барлық соғыс талаптары мен кредиттерді қабылдамауды принципті түрде дәлелдеп, бұл туралы парламенттегі партия өкілдері міндеттеме алатын болсын. Демобилизация талап етілсін.

2. Ешбір азаматтық татулық болмасын; барлық буржуазиялық партияларға қарсы, сондай-ақ жұмысшы қозғалысы мен партияның ішіндегі ұлтшылдық-грютлишілдік идеяларға қарсы принциптік күрес күшейтілсін.

3. Армияда революциялық насихат ұдайы жүргізілсін.

4. Барлық соғысып жатқан елдерде барлық революциялық қозғалыстар және соғысқа қарсы, өз үкіметтеріне қарсы күрес қуатталып отырылсын.

5. Швейцарияның өзіндегі революциялық бұқаралық күрестің бәріне, стачкаларға, демонстрацияларға көмек көрсетілсін және олар ашық қарулы күреске айналдырылсын.

6. 1915 ж. Аараудағы партейтагтың өзінде мойындалған революциялық бұқаралық күрестің мақсатын партия Швейцарияны социалистік жолмен қайта құру болып табылады деп жариялайды. Бұл төңкеріс — жұмысшы табының қымбатшылық пен аштықтың сұмдықтарынан құтылуының бірден-бір және нағыз шын құралы, ол милитаризм мен соғысты толық жою үшін қажет.

1917 ж. 27 және 29 январьда (9 және 11 февральда) жазылған
Неміс тілінде 1917 ж. 14 февральда «Volksrecht» газетінің 38-номерінде басылған

Бірінші рет орыс тілінде 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Машинкаға басылған көшірме бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

БІР СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ КІШКЕНЕ БІР ДӘУІРДІҢ ТАРИХЫ

7. I. 1917. Швейцария социалистік партиясы басқармасының мәжілісі. «Центрдің» көсемі Р. Гримм социал-патриоттық лидерлермен бірігеді де, партейтагты белгісіз уақытқа кейінге қалдырады (партейтагта соғыс мәселесі талқылануға тиіс еді және ол 11. II. 1917 ж. белгіленген еді).

Бұған Нобс, Платтен, Нэн және басқалар қарсы шығады және қарсы дауыс береді.

Съезді кейінге қалдыруға қарсы саналы жұмысшылардың арасында орасан зор наразылық туды.

9. I. 1917. Көпшіліктің және азшылықтың қарарларын жариялау[128]. Көпшіліктің жобасында отан қорғауға *қарсы* айқын мәлімдеме *мүлдем* жоқ (Аффольтер мен Шмид бұған қарсы болды), бірақ дегенмен 3-параграфта мынадай талап бар: «Барлық соғыс талаптары мен кредиттерді қабылдамауды принципті түрде дәлелдеп, бұл туралы парламенттегі партия өкілдері міндеттеме алатын болсын». Мұны жақсылап есте сақтау керек.

23. I. 1917. Цюрихтегі «Volksrecht» референдумның дәлелдемесін басып шығарады[129]. Бұл дәлелдемеде кейінге қалдыру грютлишілдердің социализмді жеңгендігі болып табылады деп батыл түрде және де әбден дұрыс сипатталған.

Лидерлер бұл референдумға қарсы бұлқан-талқан болады. *Гримм* «Berner Tagwacht»-та, *Жак Шмид* (Ольтен) «Neue Freie Zeitung»[130]-те, *Ф. Шнейдер* «Basler

Vorwärts»[131]-те, онан соң, осы «центристерден» басқа, социал-патриот *Губер* с.-галлендік «Volksstimme»-де,— осылардың бәрі де референдумның инициаторларын балағаттайды, қорқытады.

Р. Гримм осы масқара жорықтың басшысы болып отыр, ол әсіресе «жастар ұйымын» қорқытуға тырысып, таяуда болатын партейтагта оған қарсы сөз сөйлеуге уәде етеді.

Неміс және француз Швейцариясында талай жүздеген жұмысшылар референдумның қол қоятын листогін шын ынталарымен толтыруда. Нэн Мюнценбергке кантондық секретариат референдумды жақтап шығуы әбден ықтимал деп телеграмма береді.

22. I. 1917. «Berner Tagwacht» пен «Volksrecht» Ұлттық советтің мүшесі *Густав Мюллердің* мәлімдемесін басып шығарады. Мюллер өз тобының атынан (ол «біздің топ» деп жазады) мен өзімнің Ұлттық советке мүшелік мандатымнан бас тартамын, өйткені «соғыс кредиттерін принципті түрде қабылдамай тастау» маған *қолайлы емес* деп мәлімдеп, партияға ресми ультиматум қояды.

26. I. 1917 *Грейлих* «Volksrecht»-тегі өзінің төртінші мақаласында, егер партейтаг *көпшілік қарарының 3-параграфын* қабылдаса, мен өз өкілдігімнен бас тартатыным «өзінен-өзі түсінікті» деп мәлімдеп, партияға нақ әлгіндей ультиматум қояды[132].

27. I. 1917 Э. Нобс («Референдум жөнінде» деген) редакциялық мақаласында референдумның дәлеліне *ешбір жағдайда* қосылмаймын деп мәлімдейді[133].

Платтен үн қатпайды.

31. I. 1917 секретариат партейтагты 1917 жылы 2 және 3 июньде шақырмақ болып шешеді (секретариат партейтагты 1917 ж. 11 февральда шақыру керек деп бұрын бір рет қаулы алғанын, бірақ бұл шешімді партия басқармасының бұзғанын ұмытпау керек!).

1. II. 1917 Ольтенде толық емес құрамда Циммервальд конференциясы жиналады. Оған Антанта социалистерінің конференциясына шақырылған ұйымдардың өкілдері қатысады (1917 ж. мартта).

Радек, Зиновьев, Мюнценберг, «Интернационалдың»

бір мүшесі (Германиядағы К. Либкнехт мүшесі болған «Спартак» тобы) Р. Гриммді жұрт алдында өлтіре сынайды, сөйтіп оның Швейцарияның социалистік жұмысшыларына *қарсы* социал-патриоттармен одақтасуы оны «саяси өлексеге» айналдырып отыр деп жариялайды.

Баспасөз бұл конференция жөнінде қасарысып үндемейді.

1. II. 1917 Платтен өзінің соғыс мәселесі жөніндегі бірінші мақаласын басып шығарады[134]. Бұл арада екі мәлімдемеге ерекше көңіл бөлу керек.

Біріншіден, Платтен дәл былай деп жазады:

> «Соғыс аяқталғанға дейін соғыс мәселесін *жылы жауып қоюды* жақтаған ақыл-есі айқын, батыл, дәйекті циммервальдтық күрескердің комиссияда болмағандығы, әрине, сезіліп тұрды».

Аты аталмаса да, бұл соққының кімге қарсы бағытталғанын аңғару қиын емес.

Екіншіден, Платтен нақ сол мақаласында принципті түрде былай дейді:

> «Соғыс мәселесі — *осы* мәселенің төңірегіндегі пікір таласы ғана емес, сонымен қатар партияның бұдан былайғы дамуындағы белгілі бір бағыт та, бұл партия ішіндегі оппортунизмге қарсы күрес, революциялық тап күресін жақтап, реформистерге қарсы шығу».

3. II. 1917 центристердің (Гримм, Шнейдер, Риматэ және басқалар) оңаша кеңесі болады, бұған Нобс пен Платтен де қатысады. Сондай-ақ Мюнценберг пен д-р Бронский де шақырылған, бірақ олар бұған қатысудан бас тартады.

Көпшіліктің қарарын «өзгертетін» қаулы алынады, сөйтіп бұл қарар, әсіресе *3-параграфтың* жоғалып, мүлдем айқын емес, тұрлаусыз сөздермен ауыстырылуының салдарынан едәуір *нашарлап,* «центристік қарарға» айналады.

6. II. 1917 Цюрихте социал-демократиялық партия мүшелерінің жалпы жиналысы болады. Ең маңызды пункт: комитет сайлау.

Халық, әсіресе жұмысшылар, аз жиналды.

Платтен мәжілісті кейінге қалдыруға ұсыныс енгізеді. Социал-патриоттар мен Нобс қарсы болады. Ұсыныс қабылданбайды.

Сайлау басталады. Д-р Бронскийдің сайланғандығы мәлім болғанда, социал-патриот *Бауман* комитеттің төрт мүшесінің атынан д-р Бронскиймен бірге жұмыс істеуден өзінің бас тартатындығын мәлімдейді.

Платтен бұл ультиматумды қабылдау (осыған бағыну) керек деген ұсыныс жасайды; өйткені ол сайлау атаулы болған жоқ (демократияға және заңға мүлдә қарама-қайшы) деп жариялап отыр. Бұл ұсыныс қабылданады!!!

9. II. 1917. Көпшіліктің «жаңа» қарарының жариялануы. Қол қойғандар: «центристер» Гримм, Риматэ, Шнейдер, Жак Шмид, т. б., онан соң Нобс пен Платтен. Қарар өте нашарлаған, ал *үшінші параграф*, жоғарыда айтқанымыздай, түсіп қалған[135].

Қарарда оппортунизм мен реформизмге қарсы күресудің керектігі жөнінде, Карл Либкнехттің тактикасын қолдану туралы берік тоқтамға келу жөнінде *ешқандай ишарат жоқ!*

Бұл нағыз центристік қарар, онда бейнебір «теориялық» секілді «жалпы» сөзуарлық басым, ал практикалық талаптардың әдейі нашар және бұлдыр тұжырымдалғаны сонішалық, Грейлих пен Г. Мюллер ғана емес, тіпті Бауман=Цюрих те өзінің ультиматумын, мүмкін, қайтып алуға келісер, ...сөйтіп партияға кешірім жасар деп үміт етуге болады.

Қорытынды: швейцариялық партияның лидерлері циммервальдизмді «батпаққа» салтанатпен батырып отыр.

Қосымша.

С.-галлендік *«Volksstimme»* (мұнда *Губер*=Роршах өте жиі жазады) 25. I. 1917 ж. былай деп жазды:

«Бұл ұятсыздыққа (яғни референдумның дәлеліне) мына фактіні қарсы қойса да жетіп жатыр: кейінге қалдыру жөнінде (7. I.) ұсынысты *Гримм* жолдас жасады, ал оны, айта кету керек, жігеріп сала қорғағандар *Манц, Грейлих, Мюллер, Аффольтер, Шмид* жолдастар болды».

«Basler Vorwärts» 1917 ж. 16 январьда: кейінге қалдыру жөніндегі ұсынысты (7. I.) мына жолдастар жасады деп хабарлайды:

«Гримм, Риматэ, Штудер, Мюнх, Ланг = Цюрих, Шнейдер = Базель, Кеель = С.-Галлен және Шнурренбергер» (солай ма!!? Мүмкін қате басылған болар? Шнеебергер деудің орнына емес пе екен?),

Осы *есімдерді* келтіргені үшін жұмысшылардың екі газетке де алғыс айтуға барлық дәлелі бар!..

Неміс тілінде 1917 ж. февральдың аяғында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ПОЛЯК СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ЦИММЕРВАЛЬД КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ[136]

P. S. D.-ның Циммервальдтағы осы декларациясынан поляк социал-демократтары ұлттардың өзін өзі билеу правосына қарсы шыққанда, тіпті де өздерінің айтып жүргенін айтқысы келіп отырмағаны көрініп тұр. Олар ұлттық тәуелсіздікті жақтаған қозғалыстың бәрі бірдей социал-демократтардың қолдауына лайықты бола бермейді дегенді айтқылары келіп отыр. Мұның өзі, тіпті де абсолют болмаса да, демократиялық талап атаулының бәрі пролетариаттың тап күресінің жалпы мүдделеріне бағынышты болатындығынан да, сондай-ақ ұлттарға үстемдік ету үшін болатын империалистік бәсекелер заманында езілген ел буржуазиясы мен езуші елдердің бірінің арасында ашық жәпе құпия одақтардың болуы мүмкін екендігі себепті де даусыз нәрсе.

1916 ж. июльде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМНІҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ*

Империализм және оппортунизм *(социализмнің жікке бөлінуі)*

1. Империализм деген не? (қарардың *анықтамасы* + қосымша).
2. *Іріп-шіру* тенденциясы (паразитизм).
3. **Гобсон** (1900).
4. Энгельс.
   { 1858 1892 } → әсіресе NB: *мамандығы жоқ жұмысшыларға* қарай, **бұқараға** *қарай төмен* түсу
   + эмиграция мен иммиграция салдарынан жұмысшылардың жікке бөлінуі (салыстырыңыз: Энгельс Америка туралы)
   + отар халықтардан әскер құру...
5. Каутский (бүркемелеу).
6. Германия vs Англия...
7. Оптимизм... оппортунизм жөнінде (Мартовта).
8. Біздің партиядағы оптимизм мен пессимизм. (2 vs 20 жыл?). Тактика?
9. Мерзімдері белгісіз (2 перспектива және екі бағыт)...
10. Демократия... *алдап соғуды* үйретеді

---

* Қараңыз: осы том, 183—201-беттер. *Ред.*

Жұмысшы партиялары және *социал-демократиялық* жел сөздер.

11. Жікке бөліну (Троцкийдің софизмдері).
    Оның өсуі ((Рюле 12. I. 1916.))
12. Оның сөзсіздігі.

A

Монополистік
(1) картельдер
(2) банктер
(3) шикізат көздері
(4) дүние жүзін бөлісу (халықаралық одақтар).
(5) » » территория жағынан.

Б

Паразиттік
(1) рантье
(2) «негрлер есебінен»
(3) реакция.



1. Экономикалық негіз: үстеме пайда.
2. Англия 1848—1868 (α) отарлар
   (β) монополия**
3. Отарлар (Франция etc.)
   басқа түрлі монополия = финанс капиталы
3. bis: ол кезде 1 ел, енді жікке бөліну барлық жерде
4. «негрлердің мойнына» мініп алу.
5. «Буржуазиялық жұмысшы партиясы»: «сатылып кетті»...
6. «Бұқара». Quid est?***
7. Төменге бару.
8. Бұқараның өкілі кім?
9. Бұқаралық қимылдар.

* — 4-пунктке. *Ред.*
** Бұдан арғы сөз танылмады. *Ред.*
*** Мұның өзі не нәрсе? *Ред.*

10. Бұл алдау. Ллойдджорджизм.

Рюле + Либкнехт Германияда. Англиядағы жікке бөліну.	+ Англия және империализм	1850—1890 1898—1914	ұқсастығы мен айырмашылығы

«Империалистік экономизм» ~ » ~ «шақырымпаздық»

«бере түсу»

+ + реформалар үшін және жария мүмкіншіліктерді пайдалану үшін күрес (бұлардың революциялық тактикадағы ролі).

1916 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет 1936 ж. Лениннің XXIX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ИМПЕРИАЛИЗМ ЖӘНЕ ОҒАН КӨЗҚАРАС» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ[137]

1

Империализм және оған көзқарас

1. Анықтама {{ экономикалық; саяси { реакция; ұлттық езгі; аннексия.

Империализм = капитализм

α) монополистік {
1) картельдер
2) ірі банктер
3) финанс олигархиясы ($>$100 миллиард Effektenkapital*)
4) отарлар және шетке капитал шығару (дүние жүзін бөлісу)

β) паразиттік {
1) шетке капитал шығару
2) 100 миллиард Effektenkapital.

γ) өліп бара жатқан («өтпелі»).

1a. Basel und Chemnitz}.

2. Contra** К. Каутский қайшылықтарды бәсеңдету, жасыру, Wegräsonnieren, etc. ***

---

* — қор капиталы. *Ред.*

** — Қарсы. *Ред.*

*** — жалт беруге ұмтылу, тағысын-тағылар. *Ред.*

3. Үш бағыт:

малайлар	дөрекі, ұятсыз оппортунистер	National-liberale* (Liebknecht)
реформистер	жымысқы, бүркеулі »	
революцияшыл социал-демократтар	марксистер	

4. Fabian + Vandervelde, Jaurès & C⁰ (1907)... [138] + «Sozialistische Monatshefte» + «Glocke» + Renner & C⁰ + Plechanow & Россиядағы «шәкірттер».
5.
   (1) Abrüstung...**
   (2) Европа Құрама Штаттары (империалистердің Kartell-i)...
   (салыстырыңыз: «Mitteleuropa»***)...[139]
   (3) Аннексиялар...
   (4) «Бітім» (социал-пацифизм)...
   (5) «Әсіре империализм»...
   (6) «Отан қорғау»...
   (7) Соғыстың империалистік сипаты...
   (8) Еркін сауда («friedlicher Verkehr»****)...
   (9) Отарлар (cf. 1907 және 1914—1916)... (Fort von Kolonien?)*****
   (10) Отарлардан түсетін пайда
   { Өз отарларына шығару және олардан әкету vs «еркін сауда» }
   (11) Империализм және оппортунизм (Stimmung vs Richtung******)
   (12) Оппортунистермен «бірлік».
   (13) 1889—1914 жж. халықаралық социал-демократиядағы Richtungen vs қазіргі ыдырау { Millerandismus[140] (Jaurès) Bernsteinismus[141] Englisch «liberal-labour» }

* — национал-либералдар. *Ред.*
** — қарусыздандыру.... *Ред.*
*** — «Орталық Европа». *Ред.*
**** — бейбіт қатынастар. *Ред.*
***** — (conter — салыстыр: 1907 және 1914—1916)... (Отарлардан тайып тұр?). *Ред.*
****** — бағыт орнына пиғыл. *Ред.*

(14) Кредиттерді жақтап дауыс беру.
(15) Massenaktionen = «Abenteuer»?*
(16) Früher (1909; 1910; 1911 К. Каутский vs 1914—1916) und später
(Worte und Taten)**.
(17) K. Kautsky vs Panneckoek 1912 Massenaktionen туралы...
(18) Eklektik vs Dialektik.
(19) Энгельс пен Marx ағылшын оппортунизмінің түп-тамырлары туралы.
(20) Vertuschung***
{ 4 August 1914
2 August 1914
және *Ultimatum* opposition**** }
(21) Sympathie für
K. Liebknecht
(überall)
(ob im Europa?)*****
(22) Zimmerwald und Haag.

1916 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет 1936 ж. Лениннің XXIX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Бұқаралық қимылдар = «авантюра»? *Ред.*
** — Бұрын (1909; 1910; 1914 К. Каутский 1914—1916 жөнінде) және кейінірек (сөздер мен істер). *Ред.*
*** — Бүркемелеу. *Ред.*
**** — оппозиция ультиматумы. *Ред.*
***** — К. Либкнехтке іш тарту (барлық жерде) (Европада?). *Ред.*

«ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНДАҒЫ СОЛШЫЛ ЦИММЕРВАЛЬДИСТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ»* ДЕГЕН ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ

1. Отан қорғау = буржуазиялық алдау

(қазіргі империалистік соғыста және әзірленіп жатқан жаңа соғыстарда алдау) [өйткені барлық империалистік державаларға қарсы емес, империалистік коалициямен одақтасып қорғалады.]

2. Буржуазиялық үкіметке (және Швейцария буржуазиялық партияларына) мүлдем сенім көрсетпеу
   (α) империалистік буржуазиямен мәмлеге келу және құрдай жорғалау
   (β) саяси реакция
   (γ) *с о ғ ы с п а р т и я с ы* алдында auf den Knieen **.

2 *b i s*. Халықтар бюджетті жақтайды.

3. Белгілі бір империалистік державаға немесе коалицияға халықты сатып кетудің әбден мүмкін екендігі.

4. Соғыс бола қалған күнде:
   4а)) буржуазиялық алдау ретінде отан қорғауды қабылдамау керек
   4б)) революциямен **және** үздіксіз революциялық жұмыспен жауап беру керек

---

* Қараңыз: осы том, 219—232-беттер. *Ред.*
** — бас иіп. *Ред.*

4г)) бейбіт кезде де, соғыс кезінде де соғыс кредиттерін сөзсіз қабылдамау керек

Ergreifen die Gewalt** 4д)) Dienstverweigerung* емес, қайта әскер ішінде де бұқаралық революциялық қимыл жасаумен жауап беру керек; әскери қимылдар

4е)) бостандыққа қысым жасауға немесе оны шектеуге жасалған титтей әрекетке де жауап ретінде құпия ұйым құру.

5 = *4 г.*

6. Teuerung***. Бұқараның төзгісіз халі.
   «Революциялық бұқаралық күрес» (Aarau) тек сөз жүзінде емес, қағаз жүзінде емес.
   ((Skandalöse Bereicherung der Reichen****.))

7. Финанс реформасы. Ешбір жағдайда *ешқандай* жанама салық болмасын.
   Aarau (1915) мен Zürich (1916) съездерінің шешімдерін бұзу.

8. Табыс және мүліктік Bundessteuer*****.

9. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттырып, кедейлерді арзан астықпен қамтамасыз ету үшін жалдама еңбекке негізделген егіншілік шаруашылықтарын Zwangsenteignung******.

10. Дереу және сөзсіз барлық Wasserkraft Zwangsenteignung*******.

11. Annullierung von Staatschulden********.

12. Жұмысты кеңейту: бұқара арасында, яғни халық-

* — әскери қызметтен бас тартумен. *Ред.*
** — күш жұмсауды қолдану. *Ред.*
*** — Қымбатшылық. *Ред.*
**** — Байлардың арсыздықпен баюы. *Ред.*
***** — Жалпы одақтық салық. *Ред.*
****** — Күштеп иеліктен айыру. *Ред.*
******* — Барлық су құралдарынан күштеп иеліктен айыру. *Ред.*
******** — Мемлекеттік борыштарды жою. *Ред.*

	тың мұқтаждықтағы, қайыршылықтағы көпшілігі арасында.
13. — — —	әскер арасында. Әскерге алу алдында, әскери қызмет кезінде.
14. — — —	село жұмысшылары мен кедей шаруалар арасында.
15. — — —	жұмысшылардың барлық түрдегі одақтары арасында — (Arbeitertage*) [«орындарынан алу»]

16. — Осы бұқара үшін Flugblätter және Wettbewerb секциялар мен Nationalräte**.
17. Фабрикалар мен заводтарды Zwangsenteignung.
18. Maximum ақы *6000* және жинақ жинауға тыйым салу.

19. Жастар ұйымдары: саяси ұйымдар бостандығы; қолдау
((бұларда айқын бағыттың жоқтығын сынау))

20. Партия ішінде барлық жағынан алғанда екі бағыт бар.
21. Grütli-Verein-ге қарсы принципті күрес.
22. 1917 ж. *Nationalrat* сайлауы және 1917 ж. II съезд сайлауы және Presskommission***, т. т. тек *платформа* бойынша.
23. 3 тілде 2 және 4 бет Beilage****.
24. Zwangseinbürgerung*****.

---

* — Жұмысшы съездері. *Ред.*

** — Осы бұқара үшін жедел листоктар және секциялар мен Ұлттық совет мүшелерінің жарысы. *Ред.*

*** — Баспасөз комиссиясы. *Ред.*

**** — Қосымша. *Ред.*

***** — Азаматтықты күштеп қабылдату. *Ред.*

25. Көрші елдердегі революцияны қолдау

α) 3 бағыт
β) листоктар
γ) контрибуция

26. *I. S. B.*-дан Bruch*.
27. Әйелдерге **толық** тең праволылық.
28. Парламенттік және басқа күресті *реформистік* тұрғыдан пайдаланбау **керек.**
29. *Циммервальдтық солшыл* топтың жолымен басқа партиялардың алдында жүріп отыру керек, аңысын аңдап отырмау керек.
30. Буржуазиялық реформаларды емес — социалистік қайта құрылыстарды насихаттап, әзірлеу үшін инициатива көтеріп, референдумдар жасау керек.
31. «Практикалық еместік» туралы дәлелге қарсы батыл күресу керек.

1916 ж. октябрьдің аяғында жазылған
Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Internationales Sozialistisches Bureau-дан Bruch — Халықаралық социалистік бюродан ажырасу. *Ред.*

ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ СОҒЫСҚА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР*

Практикалық бөлім

(1) Ел қорғауды соғыс тұрғысынан да, сондай-ақ саяси тұрғыдан да түгелдей қабылдамау және осы ұранды бүркеніп отырған буржуазиялық өтірікті аяусыз әшкерелеу керек.

(2) Бейбіт кезде де, соғыс кезінде де барлық соғыс кредиттері мен талаптарын сөзсіз қабылдамау, оның үстіне принципті дәлел келтіріп қабылдамау. Партияның парламенттегі, сондай-ақ басқа да барлық мемлекеттік мекемелердегі өкілдерін осыны істеуге міндеттеу керек.

(3) Барлық насихат пен үгітте барлық әскери мекемелерге қарсы күрес жүргізу, буржуазиялық таптық мемлекеттің барлық әскери міндеттерін партияның қабылдамауы, атап айтқанда — практикалық қызметте бірінші қатарға қою.

(4) Практикалық жұмыста реформизммен шектелудің орнына, партияның барлық бағытта революциялық күрес пен революциялық тактикаға үнемі көшіп отыруы керек.

(5) Соғысқа қарсы және барлық соғыстарға қарсы шынымен күрес жүргізуші бірден-бір интернационалдық қызметтің үлгісі ретінде Карл Либкнехттің және Германиядағы бүкіл «Спартак» тобының қызметі мен жұмысын қабылдап, солардың үлгісін басшылыққа алу керек.

---

* Қараңыз: осы том, 233—236-беттер. *Ред.*

(6) Швейцария социалистік партиясындағы социал-патриоттар (яғни «отан қорғаушылар») мен реформистерге (яғни күрестің революциялық құралдарын дереу қолданудың дұшпандарына) қарсы насихат, үгіт және ұйымдастыру құралдары арқылы күрес жүргізу керек.

(7) Бұқараға мынаны түсіндіру керек: партияның құрылысы мен оның қызметінде толық өзгерістер жасалмайынша, социалистік-саяси ұйымдарда, сондай-ақ кәсіптік, тұтынушылар ұйымдары мен басқа да барлық жұмысшы ұйымдарында барлық қызмет орындарын социал-патриотизм мен реформизмнің батыл дұшпандары қолға алмайынша, милитаризм мен соғыстарға қарсы салтанатты мәлімдемелердің бәрі, сөз жоқ, әншейін бос сөздерге айналады.

(8) Соғыстардан құтылудың бірден-бір құралы ретіндегі пролетарлық революция мақсатында аса жігерлі революциялық бұқаралық күресті (демонстрациялар, ереуіл *және тағысын-тағылар,* жалпы революциялық күрестің өсуіне қарай) насихаттап, әзірлеу керек.

(9) Бұқараға мынаны түсіндіру керек: әлгіндей күрес үшін бұқараның өздері соғыс уақытының ауыр жағдайларына бейімделген арнаулы ұйымдарды қажет болған жағдайда төменнен құруға тиіс.

(10) Партияның қымбатшылыққа, соғыстарға, т. б. қарсы күрестегі революциялық міндеттері партиядан тыс тұрған барлық қаналғандар топтарына белгілі және айқын болуын қамтамасыз ету керек.

(11) Әскерге алынуға дейінгі жастар арасында, сондай-ақ армия, т. б. ішінде жоғарыда көрсетілген мағынада үнемі насихат жүргізу керек.

1916 ж. ноябрьдің аяғы — декабрьдің басында неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ШВЕЙЦАРИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНДАҒЫ СОЛШЫЛ ЦИММЕРВАЛЬДИСТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТЫС ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ[142]

I. 1. Кіріспе.

Атап айтқанда, Швейцария партиясының мүшелері — орыс социал-демократтары үшін.

Интернационалдық тұрғыдан талқылау (Зиммель).

Айтысты өрістету.

II. 2. Финанс реформасы.
3. Жанама салықтар үшін бе?
4. Штемпель салығы бұқараға «ауыртпалық етпей ме»?
5. «Әлеуметтік мақсаттар үшін» «3 тезис»?
6. Азын-аулақ нашарлаумен салыстырғанда зор нашарлаушылық.
7. Прогресшіл буржуазиямен салыстырғанда реакцияшыл буржуазия.
8. Социализм өкілі кім болады?
9. Саяси келісімдер (бүркелген)
(еркін ойлаушы сол қанат — жас радикалдар).
10. Буржуазиялық баспасөз «Frankfurter Zeitung»
«Neue Züricher Zeitung»
«Luzerner Tageblatt»
(Wettstein?).
11. «Basler Vorwärts»-тегі айтыс.

III. 12. Тікелей салықтар? қымбатшылыққа қарсы күрес орнына.

13. Ірі заводтар мен ірі табыстарды экспроприациялау. (Көрнекі түрде.)
14. Утопиялық па?
15. Және — елді қорғауды қабылдамау?
16. Тек «орыстық»?
17. Голландия.
18. Америка.
19. «Революциялық бұқаралық күрес» *жақтай* ма?
20. Объективтік жағдайлар. «Grütlianer» революциямен қорқытады.

IV. 21. Соғыс мәселесі.

22. Гриммнің тезистері қанағаттанғысыз, кіруге де, шығуға да жол ашық (тағы да оппортунистер үшін).
23. «Жалпы алғанда».
24. Буржуазиялық пацифизм бе? Тек буржуазиялық қана ма?
25. Швейцария үшін — интернационалдық па??
26. «Шартпен бе?»
27. Дәл және анық жауап — жоқ.
28. «Grütlianer» Гриммнің тезистері туралы.
29. Солшылдардың дербес (тезистері). Жоба.

V. 30. Грютлилік одақ.

31. О. Ланг: «біздер әдепті болдық».
32. Принципті күрес.
33. «Frankfurter Zeitung» «Грютлилік одақ» туралы.
34. Грейлих осы туралы 26. IX. 1916.
35. Бұқараны тәрбиелеу ше? «Жалпы алғанда» тек социал-патриотизмге қарсы.
36. Грютлилік одақтың қамалдары мен әдістері.

VI. 37. Швейцариядағы интернационал.
38. Гильбо оқиғасы.

VII. 39. Кәсіптік одақтар.
40. Бейтарап па әлде партиялық па?
41. Құбыжық — жікке бөліну.
42. Қазірдің өзінде-ақ бағыттар күресі.

43. «Metallarbeiter Zeitung»-тегі айтыс.
44. Гриммнің тезистері, § 9 *соңында*.

VIII. 45. Практикалық шаралар ше?

46. Бәрі ме? — — платформа
кеңестер.
одақ (cf. * Mandl)
Баспа.

47. Мұны шеше алатын және бұл туралы *пікір* айта алатын тек швейцариялықтардың өздері. Тек айтысты өрістету керек.

IX. 48. Тым тез бе?
Либкнехтті салыстыр. Оның ұлылығы неде?

1916 ж. декабрьдің басында неміс тілінде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

---

* Бұл жерде сөз ажыратылмады. *Ред.*

МАКСИМАЛИЗМ ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР[143]

6-бет (2-абзац). Бұл жерде былай деп қосу қажет: қазір Потресов реформизмді принципті түрде теріске шығаратын осы қағидалардан (Каутскийдікі + Гильфердингтікі etc.) *іс жүзінде* бас тартты. Потресов реформист болып алды.

(Мұнда «біздің дәлелдеп жатқымыз да келген жоқ» деп мәлімдеумен шектелуге болмайды: мұны *дәлелденген* нәрсе етіп қою керек те, Потресовқа сес көрсету керек: іс жүзінде, бірақ қорғалақтап, үн-түнсіз, Сіз және әсіресе Маслов және тұтас алғанда «Дело» К° *осы позициядан* реформизмге көштіңіздер деу керек.)

7-бет (§ I соңы) «бұқаралық қимылдар»?? Мұны басқаша және бұл сөзсіз айтса болар еді, бұл сөздің кемшілігі сол, оны *едәуір дәрежеде неміс* цензурасы туғызғандықтан *(революцияның* бүркеншік аты) *революция* ұғымын күңгірттейді. (Бұл жөнінде Паннекукпен + Радекпен және К°-мен әлі санасуға тура келеді!! Мысалдардың бірі: Швейцарияда герман цензурасы жоқ, сондықтан мұнда «бұқаралық қимылдар» деген терминнің өзі реформистер үшін *қазірдің өзінде* пайдалы түсініспеушіліктер туғызуда.)

Бірақ бастысы бұл емес, бастысы Сіздің «оның (минимум программаның) талаптары... жиынтығында принцип жағынан басқа қоғамдық құрылысқа *көшуді* береді»-міс деген *түбірінен теріс* идеяңызда (7-бет, § II *және басқалар)* (9-бет те солай).

Ал бұл мүлде теріс!! Минимум программаның белгілі талаптары *да* («оның талаптары»), минимум про-

грамма талаптарының *күллі жиынтығы да* ешқашан «принцип жағынан басқа қоғамдық құрылысқа көшуді» *бермейді.* Бұлай деп ойлау принцип жағынан алғанда реформизм позициясына көшу және социалистік революция көзқарасын тастап кету деген сөз.

Программа-минимум дегеніміз принцип жағынан капитализммен *сыйысатын*, оның шеңберінен *шықпайтын* программа.

Мүмкін, Сіз қоғам социализм үшін объективті түрде пісіп-жетілген жағдайда программа-минимум талаптарының *күллі* жиынтығын жүзеге асыру социализмді *берген болар еді* дегіңіз келген болар? Бірақ бұл да олай емес. Программа-минимумның *ірі-ірі* талаптары үшін жүргізілетін елеулі күрестің қандайынан болса да социализм үшін күрес *жалындай* түсуі практикада *бәрінен де гөрі ықтималырақ* және *біз* қалай болғанда да соған ұмтыламыз деп айтуға ғана болады.

Паннекук+Радек ұмытып отырған нәрсені де, атап айтқанда: империализм дегеніміз жүз миллиондаған тәуелді ұлттарды азын-аулақ аса бай ұлттардың қанауы екенін де ұмытпау керек. Осыдан келіп тәуелді ұлттар жөнінде аса бай ұлттың үстемдігі *сақталған жағдайда* аса бай ұлттың ішінде толық демократияның *болу мүмкіндігі* туады. Ежелгі Грецияда құлдық негізінде осылай болды. Енді Жаңа Зеландия мен Англияда осылай болып отыр.

(Атап айтқанда: 8-бет жақсы емес. Мұны бұлай *айтпау* керек еді. Мысалы, империализм мен қымбатшылық дәуірінде *бір ғана* реформалармен нақ «астықты» ала алмайсың.

| = 8-бет — Потресовтың айыптауынан қорғану. Шынында қорғанбау керек, қайта шабуыл жасау керек: Россиядағы 1904 жылғы либералдар сияқты *сіздер* реформалармен *шектеліп отырсыздар.)*

| = 10-бет — 1905 ж. либералдар реформалармен *шектелді;* біз революцияны талап еттік, уағыздадық, әзірледік және т. т. Бұл арада мәселе

қандай революцияның болсын «нақтылылығында» емес, негізгі принципінде (мәнінде): ескі тапты тайдыру, *жаңа* таптың *«бүкіл өкіметті»* (*der* Macht) жеңіп алуы.

(10-бет соңында: Сіздің: «революциялар»!! деп айтқыңыз келсе де, мәселе пролетарлық «реформа» туралы сұмдық аңғырт және олақ айтылып отыр. «1904 ж. сияқты Россияда реформалар емес, *реформа»* тәрізді бірдеме.)

11-бет түгелдей өте-мөте теріс. *Империализм* 8 сағаттық жұмыс күнін де, «халықты қаруландыруды» да социалистік революцияға *қарсы* береді. Күрес нақ осыған бола *өрістемейді,* жалпы алғанда программа-минимум үшін өрістемек емес.

Империализм «Булыгиндік Думаларды», реформаларды революцияға *қарсы* беретін болады. Біз революцияны жақтайтын боламыз.

«Қазіргі заманның неғұрлым маңызды мәселелері» болатын және болып табылатын Сіз атаған мәселелер *емес,* қайта қымбатшылық (1)+(2) империалистік сипаттағы соғыстар.

Реформалар 1904—1905 жылдары Россияда самодержавиеге қарсы қандай дәрменсіз болса, қымбатшылыққа қарсы да (трестер және басқалар жағдайында) сондай дәрменсіз.

Сіз реформалар туралы, программа-минимум туралы да, демократия туралы да мәселені теріс қойғансыз.

Мен қайта жазуға, *әзірге* («Вопросы Страхования» үшін, шағын мақала үшін) қарама-қарсы қоюмен шектелуге өте-мөте кеңес берер едім: Сіз, Потресов мырза, нағыз реформиссіз. Сіз «реформалармен» шектелесіз, Сіз ««реформалар» емес, «реформа»» деген «формуланың» мәні мен мағынасын, Каутскийдің+Гильфердингтің+Бауэрдің etc. цитатқа келтірілген мәлімдемелерінің мәні мен мағынасын *ұмытқансыз*. «Дело» = *реформизмнің,* буржуазиялық жұмысшы партиясының идея жағынан толық қалыптасқан органы.

«Үш кит» реформа үшін күресті революцияға *дейін*

кеңейту еді. Циммервальдтық солшыл топтың манифесінде де мәселе осылай: реформа жолындағы әрбір күресті революция жолындағы *күреске* аудару, айналдыру керек деп қойылған.

Менің ше, ұлттардың өзін өзі билеуін жалпы алғанда «аса маңызды нәрсе» деп қоюға болмайды: мұнымен Сіз біздің осы кезге дейін айтып келгенімізден он есе әрі барасыз. Бұлай ету арқылы Сіз мені Өзіңізге қарсы — ой, сұмдық-ай! — Бухаринмен бірігуге мәжбүр етер едіңіз!!!

Мақаланы á la ※ қайта жазып, бұл мәселені әзірге кейінге қалдыру — және Бюроға, т. т. жіберу үшін программа-минимумға etc. көзқарас туралы тезистер тәрізді бірдемені жасап шығару жақсы болмас па екен?

※ «Максимализм» туралы жел сөздер *революционерлерге* (цензура үшін «реформизмнің принципті қарсыластарына») *реформистің* шабуылынан басқа ештеңе де емес. Жалпы алғанда *мұндай* мәселені цензураға лайықтап баяндау ерекше қиын нәрсе және heikle sehr heikle Sache!!*

1916 ж. 7(20) декабрьден кешірек жазылған — *Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр*

---

* — сыпайылықты, өте сыпайылықты керек ететін іс!! *Ред.*

«СТАТИСТИКА ЖӘНЕ СОЦИОЛОГИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

Статистика және социология

1

А) Ұлттық қозғалыстардың тарихи жағдайлары.
Б) Ұлттық қозғалыстарға қатысты кейбір теориялық мәселелер.
В) Ұлттардың өзін өзі билеу правосы және Роза Люксембург.
Г) Мәдени-ұлттық автономия...

А) Ұлттық қозғалыстардың тарихи жағдайлары...

замандардың ауысуы; елдердің типтері — осы ауысудың тарихи сатылары...

Б) Кейбір теориялық мәселелер
[Some unsettled questions?****] ұлттық қозғалыстарға қатысты.

А. *Ұлттық қозғалыстардың тарихи жағдайы* (2-бет**)
1-тарау. Аздаған статистика... *4-бет.* I және II 8-бет***
2. Елдердің үш «типі»...
(Типтер = тарихи сатылар).
«Ұлттар мемлекеті?» [аяқталған ұлттық қозғалыстар сатысы...]
3. Империализм және дүние жүзін бөлісу... (диаграмма?)

* Қараңыз: осы том, 388—395-беттер. *Ред.*
** Бұл арада кітапша қолжазбасының 2-беті айтылып отыр (қараңыз: осы том, 388—390-беттер). *Ред.*
*** Қараңыз: осы том, 390—394 және 394—395-беттер. *Ред.*
**** — кейбір шешілмеген мәселелер? *Ред.*

Б.

(1) Жүзеге асатындық ұғымы туралы

1. Өзін өзі билеудің «жүзеге асатындығы».

4. Ереже: езуші және езілген ұлттар...
5. «Мемлекеттер системасы...»

ұлттық мемлекеттер системасы
империалистік мемлекеттер системасы

(2) 2 bis: «Дуализм» және монизм...

2. Империализм «дәуіріндегі» ұлттық соғыстар
Гильфердинг[144]. «Дәуір» ұғымы.
Patouillet[145].
Junius.

ad A.→6.*

(3) Аннексиялар және отарлар

3. Аннексиялар және өзін өзі билеу.
4. Отарлар және өзін өзі билеу.

7. Империалистік және ұлттық соғыстарды қосу...
Америка 1783— «мүмкіндігі бар нәрсе» және реалды нәрсе.

(4) Ленчтің дәлелдері

5. Ленч vs Струве. Ленчтің «дәлелдері»... [146]
6. Энгельс 1866 ж. шарт туралы (бөлек парақ)...

(5)
7. Империалистік экономизм және «әсіре империализм»...

(6)
8. Мемлекет және мемлекеттік құрылыс.
9. Демократия және социализм.
10. Minimum және maximum.

(7)
11. Өзін өзі билеу және империализм туралы мәселеде социал-шовинизм vs каутскийшілдік.

* — A, 6-пунктіне. *Ред.*

(8) Европа Құрама Штаттары:...

Patouillet (II Вильгельм)... Отарлар.

(9) Социал-пацифизм — империализмді дәріптеу (К. Каутский. XII. 1916) [147]

2

Езу*ші* елдер мен езіл*ген* елдердің айырмашылығы

+ Marx *1869 ж.* Ирландия туралы (Beiträge zur Biographie[148]-деп)	Европа мемлекеттері мен отарлар 18*76* және 19*16 жж.* «Негрлерді азат етудің қажеті жоқ еді» (Wirth). Marx мемлекет туралы: «*der heutige* Staat*?? (NB)
+ Энгельс 1866 ж. шарт туралы және оны бұзу туралы (жеке парақ).	Мемлекеттік шогырландыру «заңы»????
+ Ленчтің «дәлелдері» (оның 2 мақаласы)...	Езілген ұлттардың ұлттық ерекшеліктері (Wirth Ирландия туралы). Энгельс Американың Англиямен соғыса қалған жағдайында Ирландия туралы. «Neue Zeit» 1915—1916?
	...«Империалистік экономизм»... «Әсіре империализм»... } Екі ақымақтық
«Ұлттық соғыстар заманы» (Patouillet және Юниус)	Империалистік «дәуірде» «ұлттық соғыстардың болуы мүмкін емес». (Қатты болуы үшін!) «Дәуір» ұғымы...

* — «*Қазіргі заманғы* мемлекет». *Ред.*

3

Ұлт мәселесі жөніндегі ескі және жаңа этюдтер:

Ad А:

1. Елдердің 3 «типі».
2. «Типтер» = тарихи сатылар.
3. Дамудың әркелкілігі.

{{ «Ұлттар мемлекеті». Бұл ұғымның толық еместігі. }}

Ad Б { Реформаларды жылжыту: Бисмарк vs 1848
1914—1917 жж. империалистік соғыс vs 1848 (!!!)
Империализм және дүние жүзін бөлісу
Құлдық негізіндегі империалистік соғыстар etc.
Империалистік соғыстарды ұлттық соғыстармен қосу.

Ұлттық қозғалыстардың тарихи жағдайлары

Etwa**: { *А.* Аздаған статистика. (Фактілер are stubborn things *.)
Б. Кейбір марксистердің ұлт мәселесі жөніндегі пайымдауларының теориялық қателері.
В. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы және Роза Люксембург
Г. Мәдени-ұлттық автономия } ескі этюдтер...

Ad Б:

Империализм және ұлт мәселесі.
Ұлттың өзін өзі билеуінің *«ж ү з е г е а с а т ы н д ы ғ ы»*.
Аннексиялар және ұлттың өзін өзі билеуі.
Отарлар және ұлттың өзін өзі билеуі.
Мемлекет және мемлекеттік құрылыс.
Ұлт мәселесіндегі «дуализм» мен «монизм».

* — даусыз нәрсе. *Ред.*
** — Шамамен алғанда. *Ред.*

Бір мақсатқа ұмтылған қозғалыстардың әр түрлілігі.
«Отарлардан тайып тұрыңдар»??
Социализм және отарлар (Engels 1882).
Еврейлер — ұлт?
Ұлттардың қосылуы?

1917 ж. январьда жазылған

Бірінші рет 1937 ж. Лениннің XXX жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯДАҒЫ АҒЫМ РЕТІНДЕГІ «ЦЕНТРДІҢ» БЕЛГІЛЕРІ[149]

Гриммде:

Халықаралық социал-демократиядағы ағым ретіндегі *«центрдің» белгілері:*

\+ 1. Түбегейлі принциптер жөнінен де, ұйымдық жағынан да *өз* елінің социал-патриоттарынан қол үзбеу керек; осыдан келіп 2-ші шығады.

\+ 2. Жікке бөлінуге қарсы.

(+—) 3. Отан қорғау туралы мәселеде жалтарушылық.

\+ 4. Циммервальд пен Кинтальды мойындау — I. S. B. *-ден және халықаралық социал-патриотизмнен бөлініп шықпай мойындау.

\+ 5. Реформизмнен қол үзбеу: оны сөз жүзінде ғана сынау («passiver Radikalismus» **).

\+ 6. Болашақтағы революцияға *(осы соғысқа байланысты) аңысын аңдап* қарау (солшылдар сияқты белсене *емес*, инициатива көрсету түрінде *емес*).

\+ (ΣΣ ***)

7. ΣΣ = белгілі бір әдістермен белгілі бір дәре-

(?=п. 1) жеде социал-патриотизмді боямалау (және қорғау) — «центрдің» *мәні* (wesen) осындай...

---

* — Internationales Sozialistisches Bureau — Халықаралық социалистік бюродан. *Ред.*

** «енжар радикализм». *Ред.*

*** — Summa summarum — Жалпы қорытынды. Ред.

+ 8. Қазіргі социал-демократиялық партиялар мен кәсіптік одақтарды ешқандай қайта құру болмасын, Либкнехттің «төменнен жоғарыға дейін Regeneration»*-ы сияқты ештеңе болмасын. Бұл туралы мәселені кейінге қалдыра тұру.

(–) 9. Социал-пацифизм программа мен тактика ретінде.

+ 10. Қазіргі соғысқа байланысты революцияны үнемі насихаттау деген болмасын.

+ 11. Мұндай революция үшін ұйымдар etc. ешбір әзірленбесін.

– α) «Avanti!» 6. III. 1916

β) Morgary швейцария газетінде

γ) социал-пацифизм

+ αα) тек қана социал-патриоттар

ββ) жастар.

Либкнехт пен Итальян социалистік партиясын қатар қойып, Гримм центрді солшылдармен шатастырады.

Гримм революциялық міндетті (соғысқа қарсы күресті) реформистік шаралармен шешкісі келеді («schwächen», erschweren etc. **).

Жанама салық 4/5. XI. 1916.

Қымбатшылыққа қарсы реформистік күрес (6. VIII. 1916).

Айтыс... мен*** («Sozialismus tut not» ****).

Idem реформизм || Швейцария социалистік партиясындағы социал-патриотизм жөнінде үндемеу. Оған қарсы күрестің болмауы.

Idem кәсіптік қозғалыста (Schneeberger & Dürr).

NB || Революциялық қимылдардың *кезеңі* туралы мәселе жалпы алғанда революциялық қимылдардың мүмкіндігін үнемі насихаттау, үгіттеу және ұйымдастыру жағынан әзірлеу туралы мәселемен *шатастырылады*.

* — «Қайта жаңғырту». *Ред.*

** — нашарлату, шиеленістіру, т. т. *Ред.*

*** — будан арғы сөз ажыратылмады. *Ред.*

**** — «Социализм қажет». *Ред.*

Entwaffnung* жөніндегі жалған, ар-ұятсыз жалтарулар (оның өзінің «тезистерін» салыстырыңыз). Idem Diensterweigerung **.

Мына мәселе жөніндегі жалтарулар: was heißt *«verweigern»* die «Leipziger Volkszeitung»? Verzerrung der Frage *seitens* Grütli-Verein ***.

NB: Циммервальд + Кинтальды *«сөз жүзінде»* мойындау, ал іс жүзінде *бәрі бұрынғысынша!!*

13-бет. Жалпы алғанда «центр» тұрғысынан Швейцарияда отан қорғауды *жақтау дәйектілік* болған болар еді!!!****.

1917 ж. январьда жазылған

Бірінші рет 1940 ж. «Большевик» журналының 3-номерінде ішінара басылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

---

* — қарусыздандыру. *Ред.*

** — Бұл да әскери қызметтен бас тарту. *Ред.*

*** — «Лейпциг Халық Газеті» нені *«бас тарту»* деп атайды? Грютли-одақ *тарапынан* мәселені бұрмалау. *Ред.*

**** — осымен қолжазба үзіледі. *Ред.*

«СОҒЫС САБАҚТАРЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ[150]

Соғыс сабақтары

Etwa *:

1. Империализмнің анықтамасы.
2. Соғыстың империалистік сипаты әшкереленді.
3. Монополистік капитализмнің мемлекеттік капитализмге бет алуы.
4. «Жоқшылық» үйретеді. Ашаршылық etc.
5. Әйел еңбегі. «Arbeitszwang» etc. «Kriegssozialismus»? **
6. Социал-патриотизм немесе социал-шовинизм. Халықаралық маңызы.
7. Каутскийшілдік немесе центризм немесе социал-пацифизм.
8. Солшылдар.
8. *bis*. Basler Manifest. *Қабылданбады ма?*
9. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарау. «Not kennt kein Gebot» ***. Не социализм, не ашаршылық (idem Neutrale ****).
10. Wie's gemacht wird? «Wumba» *****.
11. Саяси міндеттер: революция.
12. Азамат соғысы. Waffen umkehren. («Entwaffnung der Arbeiter»?) ******

* — Шамамен алғанда. *Ред.*
** — «Ықтиярсыз еңбек», т. т. «Әскери социализм»? *Ред.*
*** — «Жоқшылық ешқандай заңды мойындамайды». *Ред.*
**** — бұл да бейтарап. *Ред.*
***** — Бұл қалай істеледі? «Вумба» (Қару-жарақпен және оқ-дәрімен жабдықтау ведомствосы). *Ред.*
****** — Қаруды кері бұру. («Жұмысшыларды қарусыздандыру ма»?) *Ред.*

13. «Ескі мемлекеттік» машинаны «қирату» (Kautsky gegen Panneckoek).
14. «Пролетариат диктатурасы». 1871 және 1905.
15. Ескі, «дайын» мемлекеттік өкімет пе әлде *жаңасы ма?*
16. «Жұмысшы депутаттарының Советтері». Парламентаризм бе?
17. *Жаңа* демократияның ролі және оның жойылуы.
17. *bis*. «Жаңа» демократия («neue Schöpfung» *) = жұмыс істеуші, социалистік, пролетарлық, *коммунистік* демократия.
18. Революцияға бет бұрыстың кезеңдері, элементтері, белгілері.

M. Capy, urb. Gohier
R. Rolland

«The North American Review» **.
«The Atlantic Monthly»?***

Тақырыптар: A. Империализм және империалистік соғыс (1—2).
B. Халықаралық социализмдегі 3 бағыт (6—8).
C. Экономиканың алға басуы (3—5).
D. Социализмнің «жүзеге асатындығы» және көкейтестілігі.
E. Саяси революция (11—17).
F. «Der Sturm naht» **** (18).

1917 ж. февральда жазылған

Бірінші рет 1939 ж. «Пролетарская революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — «Жаңа творчество». *Ред.*
** — «Солтүстік-Америкал шолуы». *Ред.*
*** — Атлантика Өрайлығы»? *Ред.*
**** — «Шабуыл жақындап келеді». *Ред.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль, 1916 — февраль, 1917)

1916 ж.

М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

М. М. Литвинов 1916 жылы 1(14) сентябрьде В. И. Ленинге жазған жауап хатында былай деп хабарлаған: «Қымбатты Владимир Ильич, Сіздің жіберген открытканызға қатты қуанып қалдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ОТКРЫТКА

В. И. Ленинге жазған жауап хатында Л. Б. Каменев былай деп хабарлаған: «...Сіздің 26/IX-дегі открытканызды алдым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

П. ЛЕВИГЕ ХАТ

Н. К. Крупская 1916 жылы 26 сентябрьде (8 октябрьде) В. А. Карпинскийге жазған хатында В. И. Лениннің хатын П. Левидің алған-алмағанын сұрап білуді өтінген (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Я. БЕЛЕНЬКИЙГЕ ХАТТАР

В. И. Ленин бұл хаттарды 1916 жылғы сентябрьден 1917 жылғы февральға дейінгі кезеңде жазған. Г. Я. Беленький бұл хаттарды алғаны жөнінде В. И. Ленинге жазған жауап хаттарында хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

С. Г. БУАЧИДЗЕГЕ (НОЙҒА) ХАТ

В. И. Ленин бұл хат жөнінде 1916 жылғы октябрьдің бас кезінде былай деп жазған: «Мен Сізді жүріп кетті ғой деп ойлап едім, сондықтан швейцариялық істер туралы хатты тек Нойға

ғана жібердім. Бірақ хат Сізге *де арналған*» (Шығармалар, 35-том, 212—213-беттер).

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТ

Бұл хат 1916 жылғы октябрьде жазылған. 1916 жылғы 8(21) октябрьде В. И. Ленинге жолданған хатта Н. И. Бухарин былай деп жазған: «Сіздің хатыңызды пароходтың кетуіне екі сағат қалғанда алдым». Лениннің хатында тапсырмалар берілген, ол тапсырмаларды Н. И. Бухарин Америкада орындауға тиіс еді. 1916 жылғы ноябрьде В. И. Ленинге жолдаған басқа бір хатында Н. И. Бухарин былай деп жазған: «Біздер (Александра Михайловна да) маған жазған хатыңызда Сіз айтқан шаралар рухында бірқатар нәрселер істеп жатырмыз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

А. СИНИЦЫНГЕ (АНДРЕЙГЕ) ХАТ

А. Синицын 1916 жылғы 18 ноябрьдегі (1 декабрьдегі) хатында В. И. Ленинге былай деп хабарлаған: «Сіздің хатыңызды алдық, біз де, барлық солшылдар да Сіздің жағдайыңыз жөнінде өте-мөте қынжыламыз, ал оның үстіне Надежда Константиновнаның науқастанып қалғанына қамығудамыз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

К. Б. РАДЕККЕ ХАТ

Бұл хат Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының соғыс мәселесі қаралуға тиісті партияның Төтенше съезін шақыруды кейінге қалдыру туралы 1917 жылғы 7 январьдағы қаулысына байланысты жазылған. В. И. Ленин бұл хат туралы 1916 жылы 31 декабрьде (1917 ж. 13 январьда) И. Ф. Армандқа былай деп жазған: «Радекке хат жаздық — оны және Роланд-Гольсті және басқаларды Гриммге қарсы наразылық білдіруге шақырдық...» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Т. НЕРМАНҒА ХАТ

1917 жылы 30 январьда (12 февральда) В. И. Ленинге жолдаған жауап хатында Т. Нерман былай деп жазған: «Сіздің хатыңызды алдым, түрмедегі Хёглундқа барып шықтым...» Нерман оқиғалар жайында хабарсыз болғандықтан Хёглундтың Р. Гриммді Интернационалдық социалистік комиссиядан шеттетуді жақтап дауыс бере алмайтыны жөнінде өкініш білдірген (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1917 ж.

Н. И. БУХАРИНГЕ ХАТТАР

В. И. Ленин бұл хаттар туралы 1917 жылы 4(17) февральда А. М. Коллонтайға былай деп жазған: «S. L. P. туралы барлық документтерді жинай алмайтындығым қатты өкінішті болып тұр (бұл туралы Бухариннен өтінген едім, бірақ хаттарым көпе-көрінеу жоғалып кете береді)» (Шығармалар, 35-том, 262—263-беттер).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

««СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ЖИНАҒЫ»

№ 1 — октябрь, 1916 ж.
№ 2 — декабрь, 1916 ж.

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 56 — 6 ноябрь, 1916 ж.
№ 57 — 30 декабрь, 1916 ж.
№ 58 — 31 январь, 1917 ж.

Г. Е. ЗИНОВЬЕВ. «СОҒЫС ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМНІҢ ДАҒДАРЫСЫ»

Петроград, 1-бөлім — 1917; 2-бөлім — 1919

Зиновьевтің кітабының қолжазбасын В. И. Ленин 1915—1917 жылдары редакциялаған. Кітапқа арналған алғы сөзінде Зиновьев 1926 жылы былай деп жазды: «Бүкіл кітап автор В. И. Ленинмен күн сайын тығыз қарым-қатынаста болған кезде жазылған. Владимир Ильич бұл еңбекке басшылық етіп, жазылған жағын ішінара редакциялады».

«GEGEN DIE LÜGE DER VATERLANDSVERTEIDIGUNG»

«Швейцариядағы Циммервальдтық солшылдарының тобы» деп қол қойылып басылған «Gegen die Lüge der Vaterlandsverteidigung» («Отан қорғау туралы өтірікке қарсы») деген листоктың 1-номері кеш дегенде 1917 жылғы 6(19) февральда жазылған. В. И. Ленин листокты жазуға және редакциялауға өте жақын араласқан: «Бүгін,—деп хабарлаған ол Инесса Армандқа,— *1-номерлі листокты* («Циммервальд солшылдарының Швейцариядағы тобы») аяқтадық (Шығармалар, 35-том, 266-бет). Листоктың текстіне «Соғыс мәселесі жөніндегі қарарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс» деген лениндік документ және В. И. Лениннің басқа да шығармаларынан бірқатар қағидалар енгізілді.

«КЕЛІСІМ СОЦИАЛИСТЕРІНІҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Декларация РСДРП Орталық Комитеті деп қол қойылып, ««Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде 1916 жылы декабрьде басылған.

Антанта социалистерінің екінші конференциясын шақыруға ұйғарылып отырғандығын білген соң, В. И. Ленин Париждегі Г. Я. Беленькийге хат жазып, конференцияның шақырылу мерзімін дәл анықтауды өтінген, осы мәселеге арналған листокты жіберуге уәде еткен, сөйтіп оны тарату жағып ұйымдастыруды өтінген (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 413-бет). «Итальян социалистік партиясының съезіне құттықтауда» осы конференция туралы еске ала келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Сондықтан біз конференцияға барудан бас тартпақшымыз және социал-шовинистердің халықты алдауын әшкерелеп, Европаның жұмысшыларына хат жазбақшымыз» (Шығармалар, 23-том, 93-бет.) Декларация өзінің мазмұны жағынан В. И. Лениннің шығармаларымен сәйкес келеді.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Юниустың кітапшасы туралы»* деген мақала ««Социал-Демократ» жинағының» 1-номерінде, 1916 жылғы октябрьде басылды.

В. И. Ленин негізін қалаған *««Социал-Демократ» жинағын»* «Социал-Демократ» газетінің редакциясы шығарып тұрды. Жинақтың не бары екі номері шықты: 1-номері 1916 жылғы октябрьде, ал 2-номері декабрьде жарық көрді. Бұл номерлерінде В. И. Лениннің «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы. Тезистер», «Юниустің кітапшасы туралы», «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары», ««Қарусыздандыру» ұраны туралы», «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі», «Жастар Интерналы», «Оппортунизмді ақтауға әрекеттену», «Чхеидзе фракциясы және оның ролі» атты шығармалары басылды. Жинақтың 3-номеріне арналып материал дайындалған еді; бұл номерінде В. И. Лениннің «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласы басылмақ болатын, бірақ қаражаттың болмауы себепті бұл жинақ шығарылмай қалды.— *1.*

[2] *ИСК* (Интернационалдық социалистік комиссия) — Циммервальд бірлестігінің атқару органы; 1915 жылы 5—8 сентябрьде Циммервальдта болған бірінші халықаралық социалистік конференцияда құрылды. Оның құрамына Р. Гримм, О. Моргари, Ш. Нэн, А. Балабанова сайланды. Интернационалдық социалистік комиссия Берн қаласына орналасты. Циммервальд конференциясынан кейін көп кешікпей, Р. Гриммнің ұсынысы бойынша, кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссия құрылды, оның құрамына Циммервальд конференциясының шешімдеріне қосылған партиялардың бәрінен өкілдер кірді. РСДРП Орталық Комитетінен кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның құрамына В. И. Ленин, И. Ф. Арманд, Г. Е. Зиновьев енді. Интернационалдық социалистік комиссияның

«Internationale Sozialistische Komission zu Bern. Bulletin» («Берндегі Интернационалдық социалистік комиссия. Бюллетень») деген бюллетені оның органы болды; бюллетень 1915 жылғы сентябрьден 1917 жылғы январьға дейін неміс, француз және ағылшын тілдерінде шығып тұрды. Алты номері шықты.

Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 3-номерінде (февраль, 1916) «Ein Vorschlag deutscher Genossen» («Неміс жолдастардың ұсыныстары») деген мақалада «Интернационал» тобының тезистері — «Leitsätze» («Негізгі ережелер») басылды; бұл тезистер герман солшыл социал-демократтарының дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңіндегі теория мен саясаттың аса маңызды мәселелері жөніндегі позициясын айқындап берді.— *1*.

[3] *«Интернационал» тобы* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымы; дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка), В. Пик құрған. 1915 жылы апрельде Р. Люксембург пен Ф. Меринг «Die Internationale» журналының негізін қалады, Германияның солшыл социал-демократтарының негізгі тобы осы журналдың төңірегіне топтасты. 1916 жылғы 1 январьда Берлинде солшыл социал-демократтардың жалпы германдық конференциясы болды, мұнда бұл топ ұйымдық жағынан қалыптасып, өзін «Интернационал» тобы деп атау жөнінде шешім қабылдады. Топтың платформасы ретінде конференция К. Либкнехттің, Ф. Мерингтің және К. Цеткиннің қатысуымен Р. Люксембург талдап жасаған «Leitsätze»-ні («Негізгі ережелерді») қабылдады. 1916 жылдан бастап «Интернационал» тобы, 1915 жылы шығарылған саяси листовкалардан басқа, «Спартак» деп қол қойып, құпия «Саяси хаттар» басып шығарып, таратып отырды (1918 жылғы октябрьге дейін үзбей шығып тұрды); осыған байланысты «Интернационал» тобы «Спартак» тобы деп те аталатын болды.

Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы бұқаралық бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунист лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясат мәселелерінде елеулі қателіктерге жол берді: империализм заманында ұлт-азаттық соғыстарының мүмкіндігін теріске шығарды, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы мәселе жөнінде дәйекті позиция ұстамады, жұмысшы табының авангарды ретінде пролетарлық партияның ролін жете бағаламады, оппортунистерден үзілді-кесілді ажырасудан қорықты.

1917 жылы апрельде спартакшылдар Германияның центристік Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кірді, бірақ мұнда өзінің ұйымдық дербестігін сақтап қалды. 1918 жылы ноябрьде Германиядағы революцияның барысында спартакшылдар «тәуелсіздерден» қол үзіп, «Спартак Одағы» болып қалыптасты да, 1918 жылы 14 декабрьде өзінің программасын жариялады. Құрылтай съезінде (1918 жылғы 30 декабрь — 1919 жылғы 1 январьда) спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды. В. И. Ленин неміс солшыл социал-демократтарының қателіктерін талай рет сынға алды, олардың позициясындағы дәйексіздікті көрсетіп отырды. Сонымен қатар Ленин олардың революциялық қызметін жоғары бағалады. «Ең ауыр жағдайларда үздіксіз революциялық насихат жүргізіп келген герман «Спартак» тобының жұмысы,— деп жазды ол,— герман социализмінің және герман пролетариатының абыройын шындап сақтап қалды» (Шығармалар, 35-том, 347-бет).— *1.*

[4] *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Листогы») газетінің жалғасы ретінде, партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін газет антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *3.*

[5] *«Bremer Bürger-Zeitung»* («Бремен Азаматтық Газеті») — күнделікті социал-демократиялық газет, 1890 жылдан 1919 жылға дейін Бременде шығып тұрды; 1916 жылға дейін Бремен солшыл социал-демократтарының ықпалында болды, одан кейін социал-шовинистердің қолына көшті.— *4.*

[6] *«Volksfreund»* («Халық Досы») — күнделікті социал-демократиялық газет, 1871 жылы Брауншвейтте негізі қаланған; 1914—1915 жылдары іс жүзінде герман солшыл социал-демократтарының органы болды; 1916 жылы каутскийшілдердің қолына көшті.— *4.*

[7] *«Германия интернационалдық социалистері»* («Internationale Sozialisten Deutschlands», I. S. D.) — дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі») журналының төңірегіне топтасқан герман солшыл

социал-демократтарының тобы; журнал 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. «Германия интернационалдық социалистері» соғысқа, оппортунизмге ашық қарсы шықты; социал-шовинистер мен центристерден іргені аулақ салу жөніндегі мәселеде олар Германияда негұрлым дәйекті позиция ұстады. Циммервальд конференциясында «Германия интернационалдық социалистері» тобының өкілі — Ю. Борхардт Циммервальд солшылдарының қарары мен манифесінің жобаларына қол қойды. Конференциядан кейін көп кешікпей Циммервальд солшылдарының бюросы «Германия интернационалдық социалистері» тобының оған қосылатыны жөнінде хабар алды; бұл туралы хабар «Internationale Flugblätter»-дің («Интернационалдық Жедел Листоктар) 1915 жылғы 1-номерінде басылды. Топтың бұқарамен кең байланысы болмады да, көп кешікпей ыдырап кетті.— *4.*

[8] *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылдың октябріне дейін К. Каутский, кейіннен — Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit»-те К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары тұңғыш рет жарияланды. Энгельс өзінің ақыл-кеңестері арқылы журнал редакциясына көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінуге жол берілгені үшін оны жиі сынады. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары үнемі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын ашқан Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» атты сериялы мақалалары жарияланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *4.*

[9] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 365-бет.— *12.*

[10] В. И. Ленин *призывшылдар* деп меньшевиктер мен эсерлер 1915 жылы сентябрьде құрған, өте-мөте социал-шовинистік позиция ұстаған «Призыв» тобын жақтаушыларды атады. Топ 1915 жылғы октябрьден 1917 жылғы мартқа дейін Парижде «Призыв» газетін шығарып тұрды; газетке Г. В. Плеханов, Г. А. Алексинский, И. Бунаков, Н. Д. Авксентьев және басқалар басшылық етіп қатысты.— *14.*

[11] *Циммервальдтық солшыл топ* В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1915 жылы сентябрьде Циммервальдта болған Халықаралық социалистік конференцияда құрылды. Топ 8

делегатты — РСДРП Орталық Комитетінің және Швецияның, Норвегияның, Швейцарияның, Германияның солшыл социал-демократтарының, поляк социал-демократиялық оппозициясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілдерін біріктірді. В. И. Ленин бастаған Циммервальдтық солшыл топ конференцияның центристік көпшілігіне қарсы күрес жүргізіп, қарар мен манифестің жобаларын енгізді; бұл жобаларда соғыс айыпталды, социал-шовинистердің сатқындығы әшкереленіп, соғысқа қарсы белсене күрес жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Конференцияның центристік көпшілігі бұл жобаларды қабылдамай тастады. Алайда Циммервальдтық солшыл топ өзінің қарары жобасының бірқатар маңызды қағидаларын конференция қабылдаған манифеске енгізе алды. Манифесті империалистік соғысқа қарсы күресте жасалған алғашқы қадам деп бағалап, Циммервальдтық солшыл топ осы манифесті жақтап дауыс берді, ерекше мәлімдемеде манифестің жете айтылмаған жерлеріп, оның дәйекті еместігін және топтың оны жақтап дауыс беру себептерін атап көрсетті. Сонымен бірге Циммервальдтық солшыл топ жалпы алғанда Циммервальд бірлестігінде қала отырып, халықаралық көлемде дербес жұмыс жүргізе беретінін және өз көзқарастарын тарата беретінін мәлімдеді. Бұл топ басшы орган — бюро сайлады, оның құрамына В. И. Ленин, Г. Е. Зиновьев және К. Радек кірді. Циммервальдтық солшыл топ неміс тілінде өз органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығарып тұрды, онда В. И. Лениннің бірқатар мақалалары басылды.

Циммервальдтық солшыл топтағы жетекші күш бірден-бір дәйекті, ақырына дейін интернационалистік позиция ұстаған большевиктер болды. Ленин Радектің оппортунистік ауытқуларына қарсы күрес жүргізіп, басқа да бірқатар солшылдардың қателерін сынады. Циммервальдтық солшыл топтың төңірегіне халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтері топтаса бастады. 1916 жылы апрельде Бернге жақын жердегі Кинталь деревнясында болған екінші халықаралық социалистік конференцияда Циммервальдтық солшыл топ конференцияның 43 делегатының 12 делегатын біріктірді, ал бірқатар мәселелер жөнінде бұл топтың ұсыныстарын жақтап делегаттардың жартысына жуығы дауыс берді. Бірқатар елдердің Циммервальдтық солшыл топқа енген солшыл социал-демократтары зор революциялық жұмыс жүргізіп, өз елдерінде коммунистік партиялар құру ісінде маңызды роль атқарды.

Циммервальдтық солшыл топ туралы В. И. Лениннің «Алғашқы адым», «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 41—47, 48—52-беттер).— *19.*

[12] *«Социал-Демократ»* — құпия газет, РСДРП-ның Орталық Органы; 1908 жылдың февралынан 1917 жылдың январына дейін шығып тұрды. Газеттің 1-номерін Россияда шығару әрекеттері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, оны басып шығару жұмысы шетелге көшірілді; 2—32-номерлері (февраль, 1909 — декабрь, 1913) Парижде шықты, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914 — январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, олардың ішінен 5 номерінің қосымшасы болды. 1911 жылдың декабрінен бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады. Газетте Лениннің 80-нен астам мақалалары мен заметкалары жарияланды.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі кезеңінде «Социал-Демократ» газетінің жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы большевиктердің құпия маркстік партияны сақтау, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолындағы күресінде зор маңызы болды.

1913 жылғы 15(28) декабрьде шыққан 32-номерден кейін «Социал-Демократты» шығару уақытша тоқтатылып, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында қайта қолға алынды. В. И. Ленин 1914 жылғы сентябрьде Швейцарияға келісімен партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығаруды қайта қолға алу жөнінде зор жұмыс жүргізді. 1914 жылғы 1 ноябрьде газеттің кезекті, 33-номері шықты. Соғыс кезінің қиыншылықтарына қарамастан, «Социал-Демократ» уақтылы шығып тұрды. Ленин газетті шығару жөніндегі істердің бәріне басшылық етті, номерлердің мазмұнын айқындады, материалдарды редакциялады, газетті безендіру және басу мәселелерімен шұғылданды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында «Социал-Демократ» халықаралық оппортунизмге, ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте, большевиктік ұрандарды насихаттауда, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын империалистік соғысқа және оған дем берушілерге қарсы, самодержавие мен капитализмге қарсы күреске оятуда аса көрнекті роль атқарды. «Социал-Демократта» революциялық жұмысшы қозғалысының барлық маңызды мәселелері жазылып, соғыстың империалистік мақсаттары ашып көрсетілді, социал-шовинистер мен центристердің екіжүзділік сылдыр сөздері мен оппортунистік әрекеттері әшкереленді, империалистік соғыс жағдайларындағы пролетариаттың революциялық күресінің бірден-бір дұрыс жолы көрсетілді. Газеттің беттерінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализмнің бастапқыда бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократты» Россияда тарату, оның аса маңызды мақалаларын жергілікті большевиктік газеттерде көшіріп басу Россия пролетариатының саяси жағынан көзін

ашып, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

«Социал-Демократ» халықаралық социал-демократияның интернационалистік элементтерін топтастыру ісінде үлкен роль атқарды. Соғыс жағдайы туғызған барлық кедергілерді жеңе отырып, «Социал-Демократ» көптеген елдерге жол таба білді. «Социал-Демократтың» елуінші номерінің шығуы құрметіне жиналған қаржылар мен өткізілген мерекелік кештер, редакцияның адресіне Париждеп, Лондоннан, Лионнан, Цюрихтен, Женевадан, Лозаннадан, Берннен, Шо-де-Фоннан, Копенгагеннен, Чикагодан, Тулузадан, Генуядан, Нью-Йорктеп, Христианиядан (Осло), Стокгольмнен, Глазгодан және басқа қалалардан келіп түскен құттықтаулар «Социал-Демократтың» қалай таралғанын және қандай беделге ие болғанын дәлелдейді.

«Социал-демократтың» дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңіндегі сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе былай деп жазды: онда басылған мақалаларды оқып-зерттемейінше, «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі мақсатына жете алмайды» (Шығармалар, 27-том, 212-бет).— *19.*

[13] *«Газета Роботнича»* (Gazeta Robotnicza» — «Жұмысшы Газеті»)— Польша мен Литва социал-демократиясының Варшава комитетінің құпия органы; 1906 жылдың май — октябрінде шығып тұрды, Г. Каменскийдің редакциялауымен 14 номері шықты, бұдан кейін шығуы тоқтатылды. 1912 жылы поляк социал-демократиясы жікке бөлінгеннен кейін екі Варшава комитеті пайда болып, «Жұмысшы Газеті» деген атпен екі орган шығып тұрды: біреуін — Варшавадағы Бас басқарманы жақтаушылар (июль, 1911 — июль, 1913), екіншісін — оппозициялық Варшава комитеті Краковте шығарып тұрды (июль, 1911 — февраль, 1916). В. И. Ленин осы газетті айтып отыр.

«Газета Роботнича» Циммервальд солшылдарына жақын тұрды. Соғыс туралы мәселе жөнінде интернационалистік позиция ұстады, алайда бірқатар маңызды мәселелер жөнінде (центристерден ұйымдық жағынан ажырасу туралы, соғыс кезінде программа-минимум талаптарына көзқарас туралы) бұл газет центризм жағына ауытқушылық көрсетті. Ұлт мәселесінде «Газета Роботнича» редакциясы ұлттардың өзін өзі билеу правосына қарсы шықты. «Газета Роботнича» редакциясының позициясы туралы Ленин жазған «Шетелдік ұйым комитетінің РСДРП секцияларына хатын» қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 304—308-беттер).

Бұл арада әңгіме Ленин жазған «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистер

және «Газета Роботнича» редакциясы жасаған «Империализм және ұлттық езгі туралы» деген тезистер жайында болып отыр. Бұл тезистердің екеуі де «Vorbote» журналында жарияланды және ««Социал-Демократ» жинағының» 1-номерінде көшіріп басылды (октябрь, 1916), мұнда Лениннің «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары» деген мақаласы да жарияланды.— *19.*

[14] *Ұлт мәселесі жөнінде «Die Neue Zeit»-те болған айтыс* — II Интернационалдың Лондон конгресі алдында өрістеген айтыс — Р. Люксембургтің «Neue Strömungen in der polnischen sozialistischen Bewegung in Deutschland und Österreich» («Германия мен Австриядағы поляк социалистік қозғалысындағы жаңа ағымдар») деген мақаласымен ашылды, бұл мақала журналдың 1895—1896 жылдардағы 32-номері мен 33-номерінде жарияланды. Мақала Поляк социалистік партиясы (ППС) лидерлерінің ұлтшылдық позициясына қарсы бағытталған-ды, өйткені олар тәуелсіз Польша жолындағы күрес жалауын жамылып, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік ұлтшылдық насихат жүргізді, патша өкіметі мен капитализмге қарсы орыс пролетариатымен бірлесіп күрес жүргізуден олардың көңілін басқа жаққа аударуға тырысты. Польшаның Австрия, Германия және патшалық Россия қол астында болып отырған жеке бөліктерінің осы елдермен тығыз экономикалық байланыста екенін көрсете келіп, Р. Люксембург поляк социалистері Польшаның тәуелсіздігін талап етпеуге тиіс деп есептеді. Люксембург осыған байланысты жалпы алғанда ұлттардың өзін өзі билеу правосы талабына теріс көзқараста болды.

Айтыста Р. Люксембургтің көзқарасына «неподлеглосцевтерден» («тәуелсіздерден») — Поляк социалистік партиясының оң қанатынан С. Геккер қарсы шығып, «Die Neue Zeit»-тің 37-номерінде «Der Sozialismus in Polen» («Польшадағы социализм») деген мақала жариялады. С. Геккер Поляк социалистік партиясы лидерлерінің ұлтшылдық позициясын қорғай отырып, Интернационалдың өз программасы арқылы Польшаның тәуелсіздігі талабын мойындауына күш салды. Р. Люксембург Геккерге «Die Neue Zeit»-тің 41-номерінде жарияланған «Der Sozialpatriotismus in Polen» («Польшадағы социал-патриотизм») деген жаңа мақаламен жауап берді.

К. Каутский үшінші көзқарасты дамытты, ол «Die Neue Zeit»-тің 42 және 43-номерінде басылған «Finis Poloniae» («Польшаның біткен жері») деген мақала жазды. Р. Люксембургтің Россияда демократияның жеңіп шығуы ғана Польшаны ұлттық азаттыққа жеткізеді деген қағидасымен келісе отырып, Каутский сонымен қатар оның поляк социал-демократтары Польшаның тәуелсіздігі талабын ұсынуға тиіс емес деген тезисіне үзілді-кесілді қарсылық білдірді,

сойтіп социалистердің көзқарасы тұрғысынан алғанда ұлттық езгі жағдайында ұлттық азаттық міндеттерін елемеушіліктің сөзсіз қате екенін атап көрсетті.

1896 жылы Лондонда болған Халықаралық социалистік конгресс «Жұмысшы табының саяси қимылдары» деген қарар қабылдады, онда, В. И. Лениннің жазғанындай, былай делінді: «барлық ұлттардың өзін өзі билеуіне толық правосын тұп-тура және ешқандай теріс түсіндіруге жол бермейтін етіп мойындау; екінші жағынан, жұмысшыларды өздерінің тап күресінің *интернационалдық* бірлігіне социалистік түрде шақыру» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 25-том, 328-бет).— *19.*

[15] 1903 жылы, РСДРП II съезіне әзірлену кезеңінде және съезд жүріп жатқанда, РСДРП программасының «Искра» редакциясы талдап жасаған жобасын талқылауға байланысты ұлттардың өзін өзі билеу правосын талап ету жөнінде айтыс өрістеді. «Искрада» жарияланған ««Армян социал-демократтары одағының» манифесі туралы» және «Біздің программамыздағы ұлт мәселесі» деген мақалаларда (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 109—113 және 258—268-беттер) Ленин Россия марксист-искрашылдарының бұл мәселе жөніндегі позициясын түсіндірді. Программа жобасының 9-параграфында тұжырымдалған ұлттардың өзін өзі билеу правосын талап ету төңірегінде съездің программалық комиссиясында шиеленіскен күрес өрістеді. Поляк социал-демократтары бұл талап поляк ұлтшылдарының пайдасына қызмет етеді деп есептеп, оны мәдени-ұлттық автономия талабымен ауыстыруды ұсынды. Бундшылдар да дәл осындай позицияда болды, олар сол кезде ұлттардың өзін өзі билеуіне тікелей қарсы болмағанымен, 9-параграфты мәдени-ұлттық автономия туралы қағидамен толықтыруды ұсынды. Сонымен бірге бундшылдар партияны құрудың федерациялық принципін ұсынып, партия құрылысындағы интернационализмге қарсы шықты. Съезд поляк социал-демократтарының көзқарасын және бундшылдардың ұлтшылдық талаптарын қабылдамай тастап, ұлттардың өзін өзі билеуі туралы пунктті және партияны құрудың интернационалдық принципін қабылдады.

1913—1914 жылдары, бір жағынан, ұлт-азаттық қозғалыстарының өрлеуіне және, екінші жағынан, ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықтың күшеюіне байланысты ұлт мәселесі жөнінде тағы да айтыс болды. Жойымпаз-меньшевиктер, бундшылдар, украин оппортунистері ұлт мәселесі жөніндегі маркстік программаға, бөлініп шығуға дейін ұлттардың өзін өзі билеу правосы талабына қарсы шығып, оған мәдени-ұлттық автономия жөніндегі ұлтшылдық талапты қарама-қарсы қойды. Р. Люксембург те бұл мәселе жөнінде теріс позиция ұстады; ол өзінің «Ұлт мәселесі және автономия» (1908—1909) деген мақаласында және

басқа еңбектерінде РСДРП программасынан ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы пунктті алып тастау қажеттігін дәлелдеуге тырысты. Оппортунистердің ұлтшылдық позициясын және Р. Люксембургтің қате көзқарастарын Ленин өзінің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» және «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген еңбектерінде сынады. Ленин бұл еңбектерінде ұлт мәселесі жөніндегі маркстік ілімді дамытты, большевиктік партияның ұлт программасы мен саясатын негіздеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 127—166-беттер және 25-том, 283—354-беттер).

Соғыс жылдарында ұлт мәселесі жөнінде «біздің партия мүшелерінің арасында пікір ауытқуы» туралы айтқанда, Ленин РСДРП шетелдік секцияларының 1915 жылы көктемде болған Берн конференциясында Н. И. Бухариннің сөйлеген сөзін және Н. И. Бухариннің, Г. Л. Пятаковтың және Е. Б. Боштың бірлесіп жазған «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұраны туралы» (1915 жылдың күзі) тезистерін айтқан-ды, бұл тезистерде партияның ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы программалық талабы теріске шығарылды. Лениннің осы томда жарияланып отырған ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы», «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап», «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақалалары Бухарин — Пятаков — Бош тобының позициясын сынауға арналған (қараңыз: осы том, 66—76, 77—84, 87—148-беттер).— *20.*

[16] *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистер» саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның маңызын төмендетті, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылықты және майдагерлікті қорғады, жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шықты.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демократтарының наразылығы», «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-

беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер). «Экономизмге» қарсы күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды.— *22.*

[17] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 27-бет.— *22.*

[18] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 281-бет.— *23.*

[19] *«Мәдени-ұлттық автономия»*— ұлт мәселесін шешудің антимаркстік, буржуазиялық-ұлтшылдық программасы; бұл программаны Австрия социал-демократтары О. Бауэр мен К. Реннер талдап жасап, Австрия социал-демократиялық партиясы, сондай-ақ II Интернационалдың басқа да партиялары қабылдаған. Бұл программа ұлттардың бөлініп шығуға дейін өзін өзі билеу правосын теріске шығарды, жұмысшыларды ұлттық белгілеріне қарай бөлді, сөйтіп пролетариаттың интернационалдық бірлігін бұзды; бұл программа пролетарлар мен еңбекші шаруаларды буржуазиялық ұлтшылдық идеяларының ықпал өрісіне тартуды жеңілдетті, өз ұлтының қанаушы таптарына қарсы күрестен, тұтас алғанда мемлекетті дәйекті-демократиялық жолмен қайта құру міндетінен олардың көңілін басқа жаққа аударды. Ленин «мәдени-ұлттық автономия» талабын «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 24-том, 127—166-беттер және 25-том, 283—354-беттер) және басқа шығармаларында қатты сынады.— *24.*

[20] *«Berner Tagwacht»* («Берн Сақшысы»)— газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1893 жылдан Бернде шығады. 1909—1918 жылдары газеттің редакторы Р. Гримм болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде газетте К. Либкнехттің, Ф. Мерингтің және басқа солшыл социал-демократтардың мақалалары жарияланды. 1917 жылдан бастап газет социал-шовинистерді ашық қолдай бастады. Қазіргі кезде газеттің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мәселелері жөніндегі позициясы буржуазиялық газеттердің позициясымен сәйкес келеді.— *29.*

[21] *«Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)»* деген кітапшаны В. И. Ленин бірінші халықаралық социалистік конференцияға әзірленуге байланысты жазбақшы болды. Кітапшаны жазуға Г. Е. Зиновьев қатысты, алайда кітапшаны негізінен В. И. Ленин жазды. Бүкіл кітапшаның жалпы редакциясын да Ленин жасады.

«Социализм және соғыс» деген шығармасын Ленин біздің партияның қарарларына түсініктеме, яғни «оларды айқын түсіндіріп беру» деп атады. Циммервальдта шақырылатын бірінші халықаралық социалистік конференцияны халықаралық социал-демократияның солшыл элементтерін революциялық позицияда топтастыру мақсатында пайдалануды аса маңызды міндет деп санап, Ленин конференция шақырылатын кезге дейін кітапшаның басылып шығуына барлық күш-жігерін жұмсады.

«Социализм және соғыс» деген еңбек Циммервальд конференциясы қарсаңында шағын кітапша түрінде орыс және неміс тілдерінде басылып шықты және конференцияға қатысушыларға таратылып берілді. Кітапшаның соңында қосымша ретінде: РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесі, РСДРП шетелдік секцияларының конференциясының қарарлары және РСДРП Орталық Комитетінің 1913 жылы октябрьде партия қызметкерлерімен өткізілген Поронин кеңесінде қабылданған ұлт мәселесі жөніндегі қарары басылды. Циммервальд конференциясынан кейін кітапша Францияда француз тілінде басылып шықты. Сондай-ақ кітапша норвег солшыл социал-демократтарының органында норвег тілінде толық басылып шықты. Ал ол кезде В. И. Ленин бұл кітапшаны Америкада ағылшын тілінде басып шығаруға бірнеше рет талаптанды. Бірақ мұндай басылымды шығару ол кезде жүзеге аспады.

«Социализм және соғыс» деген кітапшасына зор маңыз берген Ленин Россиядағы 1917 жылғы февраль революциясынан кейін оны Петроградта қайта басып шығаруды талап етті (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 287-бет). «Социализм және соғыс (РСДРП-ның соғысқа көзқарасы)» деген еңбекті Петроградта 1918 жылы жұмысшы мен қызыл әскер депутаттарының Петроград Советі жеке кітапша етіп басып шығарды. Ол кеңінен таралды. Сонымен бірге жекелеген басылымдар түрінде кітапша көптеген тілдерде басылды.— *32.*

[22] *Струвизм* — марксизмді либерал-буржуазиялық тұрғыдан бұрмалау, ол Россиядағы «жария марксизмнің» басты өкілі П. Б. Струвенің есімімен струвизм деп аталды. «Жария марксизм» қоғамдық-саяси ағым ретінде Россияның либерал-буржуазиялық интеллигенциясы арасында XIX ғасырдың 90-жылдарында пайда болды. Струве бастаған «жария марксистер» марксизмді буржуазия мүдделеріне пайдалануға тырысты. Ленин былай деп көрсетті: струвизм марксизмнен либерал буржуазия үшін қолайлы дегеннің бәрін алып, марксизмнің жанды өзегін — оның революцияшылдығын, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы ілімін алып тастайды. Струве капиталистік тәртіпті дәріптеп, «ка-

питализмнен үйренуге» шақырды. «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегінде Ленин «жария марксизмді» қатты сынға алады, оны «марксизмнің буржуазиялық әдебиеттегі көрінісі» деп атады, «жария марксистердің» либерал буржуазияның идеологтары екенін әшкереледі. «Жария марксистерге» берілген лениндік сипаттама кейін толық дәлелденді: олардың көбі корнекті кадеттер, содан соң барып тұрған ақгвардияшылар болды.

Лениннің Россиядағы «жария марксизмге» қарсы үзілді-кесілді күресі сонымен бірге халықаралық ревизионизмге қарсы жүргізілген күрес болды және маркстік теорияны бұрмалауға идеялық ымырасыздықтың үлгісі болды.— *35.*

[23] *«Қоңырау»* («Die Glocke»)— екі апталық журнал, 1915—1925 жылдары герман социал-шовинисі Парвус (Гельфанд) Мюнхенде, ал одан кейін Берлинде шығарып тұрды.— *36.*

[24] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Демократиялық панславизм» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 289—306-беттер).— *42.*

[25] Қараңыз: Ф. Энгельс. «Эмиграиттық әдебиет» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 509-бет).— *43.*

[26] Ф. Энгельс. «Жұмысшы табының Польшада шаруасы не?» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 160-бет).— *44.*

[27] Бұл арада *Циммервальдтағы халықаралық социалистік конференциядағы* (1915) *поляк социал-демократтарының «Декларациясы»* айтылып отыр. Бұл «Декларацияда» «поляк халқын өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігінен айырып, поляк облыстарын алдағы компенсация ойыны үшін кепілдік ретінде қараған» патшалық самодержавиенің, неміс және Австрия үкіметтерінің езушілік саясатына қарсы наразылық білдірілген... «Мұнда,— делінген «Декларацияда»,— халық бұқарасын құрбандыққа шалып, сонымен қатар халықтардың тұтас бір ұрпағының тағдырларын өздері билеп-төстеп белгілейтін капиталистік үкіметтер саясатының мәні мейлінше дөрекі түрде көрінеді». Поляк социал-демократиясы мынадай сенім білдірді: халықаралық революцияшыл пролетариаттың алдағы жақындап келе жатқан социализм жолындағы күресіне, «ұлттық езушілік бұғауын үзетін, жат елдің билеп-төстеуінің барлық формаларын жоятып күреске» қатысуы ғана «халықтар одағының тең праволы мүшесі ретінде поляк халқына да жан-жақты даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді». Бұл декларация жөнінде осы томның да 409-бетін қараңыз.— *52.*

[28] *«Lichtstrahlen»* («Жарық Сәулесі») — ай сайын шыққан журнал, Германия солшыл социал-демократтар тобының («Германия интернационалдық социалистері») органы, Ю. Борхардтың редакциялауымен шығарылды. Журнал 1913 жылдан 1921 жылға дейін Берлинде үзілістермен шығып тұрды; оған А. Паннекук, А. Балабанова және басқалар қатысты.— *53.*

[29] В. И. Ленин бұл арада Р. Люксембургтің «Przegląd Socialdemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналының 1908 ж. 6, 7, 8—9, 10-номерлерінде, 1909 ж. 12, 14—15-номерлерінде басылған «Ұлт мәселесі және автономия» деген мақаласын айтып отыр.— *54.*

[30] *«Фрактар»* («революциялық фракция») — 1892 жылы құрылған — Поляк социалистік партиясының (ППС) — реформистік ұлтшылдық партияның оң қанаты. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранын көтере отырып, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік ұлтшылдық насихат жүргізді, олардың назарын орыс жұмысшыларымен бірлесіп самодержавие мен капитализмге қарсы күресуден басқа жаққа аударуға тырысты.

1906 жылдан бастап, Поляк социалистік партиясының жікке бөлінуі нәтижесінде, Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және Поляк социалистік партиясының ұлтшылдық саясатын одан әрі жүргізген Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция» — «фрактар») құрылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) және одан кейін «фрактар» национал-шовинистік саясат жүргізді.— *54.*

[31] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 380—381-беттер.— *57.*

[32] *«Наше Слово»* («Біздің Сөз») — меньшевиктік газет; «Голос» газетінің орнына 1915 жылғы январьдан 1916 жылғы сентябрьге дейін Парижде шығып тұрды. Газет редакторларының бірі Л. Троцкий болды.— *58.*

[33] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциялауымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене қатысуымен 1906 жылдың 23 февралынан (8 мартынан) бастап Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейін (1918 жылдың августына дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген әр түрлі аттармен шығып тұрды.— *60.*

[34] *«Наш Голос»* («Біздің Үн») — меньшевиктік жария газет; 1915—1916 жылдары Самарада шығып тұрды; социал-шовинистік позиция ұстады.— *65.*

[35] *««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы»* деген мақала және одан кейін іле-шала жарияланған «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап» және «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақалалар Бухарин — Пятаков — Бош тобының маркстік емес, антибольшевиктік позициясына қарсы бағытталған. Бұл топ «Коммунист» журналын басуға әзірлену барысында қалыптаса бастады, журналды басып шығару ісін оны қаржыландыруды өз міндеттеріне алған Г. Л. Пятаковпен, Е. Б. Бошпен және журнал редакциясына кірген Н. И. Бухаринмен бірлесіп «Социал-Демократ» редакциясы 1915 жылы көктемде қолға алған еді. 1915 жылдың жазында-ақ, Лениннің сөзімен айтқанда, Пятаков пен Бош Думадағы меньшевиктік фракциямен (оны Лениннің атағанындай, «Чхеидзе фракциясымен») және басқа центристермен келісім жасасуды талап етіп, «Чхеидзеге бола «байбалам салған»!!» (Шығармалар, 35-том, 187-бет). Лениннің пікіріне қарамастан, Пятаков пен Бош, «Социал-Демократ» редакциясының мүшесі Г. Е. Зиновьевтің жәрдемдесуімен, К. Радектің «Империализм дамуының ширек ғасыры» деген мақаласының бірінші бөлімін «Коммунистің» 1—2-номеріне енгізген еді; бұл мақалада «империалистік экономизм» идеясы уағыздалған-ды. Бір жағынан, Лениннің, екінші жағынан, Пятаков, Бош және Бухариннің арасындағы алауыздық 1915 жылғы сентябрьде «Коммунист» журналының 1—2-номері жарыққа шыққаннан кейін асқынып кетті. 1915 жылы жазда Божидан Стокгольмге көшіп келген Бухарин, Пятаков және Бош өздері қол қойып, 1915 жылы күзде «Социал-Демократ» редакциясына жіберген «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұраны туралы» тезистері негізінде бірікті, бұл тезистерде олар социалистік революцияның лениндік теориясына қарсы шықты, империализм дәуірінде демократия жолында күресу қажеттігін жоққа шығарды, ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұранынан партияның бас тартуын талап етті.

«Социал-Демократ» редакциясы «бастырушылар» — Пятаковпен және Бошпен «Коммунисті» бірлесіп шығару жөнінде уақытша келісім жасасқан кезде, деп жазды Ленин, Пятаков пен Бош «Бухариннің ауытқуларына *қарсы* пікір білдірді (1915 ж. мартта Бернде болған конференцияда) және бұл үштік топтың (бастырушылар+Бухарин тобының) ерекше көзқараста біріккендігін көрсететін бірде-бір факт *болған жоқ.* Журналдың ең алғашқы кітабынан кейін-ақ оларда осындай бірігушілік болды...» (Шығармалар, 35-том, 193—194-беттер).

Теориялық алауыздықтармен шектелмеген Пятаков —

Бош — Бухарин тобы партияның бағыты мен ұрандарына тура қарсы шықты, «Коммунисті» өздерінің фракцияшылдық мақсаттарына пайдаланғысы келді, «Социал-Демократ» редакциясына өз дегендерін істетуге тырысты. Пятаков пен Бош Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросынан олардың тобына Орталық Комитеттің россиялық бөлімімен дербес байланыс жасау, листовкалар және басқа әдебиет басып шығару праволарын беріп, Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросына бағынбайтын, ерекше топ деп есептеуді талап етті. Бұған келісім ала алмағаннан кейін олар, соған да қарамастан, Орталық Комитеттің Шетелдік Бюросынан тысқары түрде Россиядағы РСДРП Орталық Комитеті бюросымен байланыс жасауға әрекет етті.

Ленин Пятаков — Бош — Бухарин тобының тезистерімен үзілді-кесілді келіспейтіндігін білдіре отырып, бұл тезистер үшін «тура да, жанама түрде де — тіпті тең праволылық туралы айтпағанның өзінде, партиямыз ішінде олармен көрші болғанымыз үшін де,— біз жауапкершілікті мойнымызға ала алмаймыз» деп жазды. Н. И. Бухаринге, Г. Л. Пятаковқа, Г. Е. Зиновьевке, А. Г. Шляпниковқа жазған хаттарында Ленин Пятаков — Бош — Бухарин тобының көзқарастары мен антипартиялық, фракцияшылдық әрекеттерін қатты сынады, Зиновьев пен Шляпниковтың ол топ жөніндегі ымырашылдық позициясын айыптады. Лениннің ұсынысы бойынша «Коммунист» журналын «Социал-Демократ» редакциясы мен Пятаков — Бош — Бухарин тобының бірлесіп шығаруы тоқтатылды (71-ескертуді де қараңыз). 1916 жылғы мартта А. Г. Шляпниковқа жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: егер Бухарин — Пятаков — Бош тобы өз көзқарасын жақтап, оны тықпалай беретін болса, «онда олар істі баспасөз бетіндегі айтысқа дейін *жеткізеді*; сөйтіп онда мен оларды «империалистік экономистер» деп атауға, олардың барынша бос кеудс екендігін, *барынша* үстірттігін және ойланбайтындығын көрсетуге *м ә ж б ү р* боламын» (Шығармалар, 35-том, 190-бет).

Ленин ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы» деген мақаласын «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистерге Бухариннің ескертулерін «Социал-Демократ» редакциясының алуына байланысты жазған. Мақала ол кезде басылмады.— *66*.

[36] Әңгіме *«Саяси революцияны кім жасайды?»* деген мақала жайында болып отыр, бұл мақала 1899 жылы «Урал социал-демократиялық тобы» басып шығарған «Пролетарлық күрес» деген жинақтың 1-номерінде басылған, ал онан кейін Киев комитеті оны жеке кітапша етіп қайта басып шығарған. Кітапшаның авторы, «экономизм» позициясында болған А. А. Санин жұмысшы табының дербес саяси партиясын құруға қарсы шықты, саяси революцияның қажеттігін

теріске шығарып, Россиядағы социалистік өзгеріс тікелей міндет болып саналады, сондықтан оны жаппай стачка арқылы жасауға болады деп есептеді.— *66.*

[37] Әңгіме 1915 жылғы 14—19 февральда (27 февраль — 4 мартта) Бернде болған *РСДРП шетелдік секцияларының конференциясы* жайында болып отыр. Конференция Лениннің инициативасы бойынша шақырылды және оның жалпы партиялық конференцияға бара-бар маңызы болды, өйткені соғыс кезінде партия съезін немесе РСДРП бүкіл россиялық конференциясын шақыру мүмкін емес еді.

Конференцияда РСДРП Орталық Комитетінің, РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің, әйелдердің социал-демократиялық ұйымының өкілдері, РСДРП шетелдік секцияларының — Париж, Цюрих, Берн, Лозанна, Женева, Лондон секцияларының және Божи тобының өкілдері болды. Конференцияға В. И. Ленин, Н. К. Крупская, И. Ф. Арманд, В. М. Каспаров, Г. Л. Шкловский, Ф. Ильин, Н. В. Крыленко, И. Корнблюм, М. М. Харитонов, Г. Я. Беленький, Г. Е. Зиновьев, Н. И. Бухарин және басқалар қатысты. Конференцияға қонақ ретінде Берн секциясының барлық мүшелері, Лозанна секциясының және Божи тобының кейбір мүшелері қатысты. В. И. Ленин РСДРП Орталық Комитеті мен Орталық Органынан делегат болды. Ол конференцияның бүкіл жұмысына басшылық етті.

Конференцияның күн тәртібі мынадай еді: 1) Жергілікті жерлердің есептері; 2) Соғыс және партияның міндеттері (басқа саяси топтарға көзқарас); 3) Шетелдік ұйымдардың міндеттері (әр түрлі топтардың жалпы қимылдары мен істеріне көзқарас); 4) Орталық Орган және жаңа газет; 5) «Колониялық» істерге көзқарас (эмиграиттық «колониялардың» мәселелері); 6) Шетелдік ұйымдар комитетінің сайлауы; 7) Әр түрлі мәселелер.

Конференцияның күн тәртібіндегі негізгі пункт соғыс және партияның міндеттері туралы мәселе болды. Бұл мәселе жөнінде Ленин баяндама жасады. Ол РСДРП-ның «Соғыс және россиялық социал-демократия» деген манифесінің қағидаларын дамытты. Монпелье секциясының, әсіресе Божи тобының конференцияға дейін қабылданған қаралары көрсеткендей, большевиктік секциялардың кейбір мүшелері азамат соғысы туралы Ленин қойған мәселені түсінбеді; «өз» үкіметінің жеңілуі жөніндегі ұранға қарсы шықты, бітім ұранын ұсынды, центризмге қарсы күрестің қажеттілігін және маңыздылығын түсінбеді. Конференциядағы жарыс сөзде талқылау барысында бұл мәселелер айқындалды, сөйтіп Лениннің тезистері біраузыдан қолдау тапты. Тек Бухарин ғана Божи тобы қарарының қате қағидаларын қорғады, партияның және халықаралық социал-демократияның Ленин ұсынған ұрандарына қарсы шықты. В. И. Ленин кейініректе «барып тұрған солекеттік; масқара; жартылай

анархизм» (Шығармалар, 35-том, 189-бет) деп сипаттаған тезистерінде Бухарин ұлттардың өзін өзі билеу правосы талабына және жалпы программа-минимум талаптарына қарсы шығып, бұл талаптар социалистік революцияға «қайшы келеді» деп мәлімдеді. Алайда конференцияда Бухариннің тезистерін ешкім қолдаған жоқ.

В. И. Лениннің баяндамасы бойынша қабылдаған қарарларда Берн конференциясы большевиктік партияның империалистік соғыс жағдайындағы міндеттері мен тактикасын белгіледі.

Конференция сонымен бірге «РСДРП шетелдік ұйымдарының міндеттері», ««Колониялық» істерге көзқарас» және «Орталық Органның пайдасына қаржы жинау туралы» деген қарарлар қабылдады. Божи тобының РСДРП Орталық Органынан бөлек өз газетін ұйымдастырмақ болған әрекетіне байланысты конференцияда «Орталық Орган және жаңа газет» деген мәселе қойылды. Бұл мәселе жөніндегі қарарда конференция өзінің Орталық Органның идеялық бағытымен және оның соғыс жөніндегі позициясымен толық тілектестігін мәлімдеді және Орталық Орган жиірек шығып тұруы қажет деп тапты; Ленин жазған 3-пунктте (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 400-бет) конференция шетелдік секциялардың мүшелерін Орталық Органды үнемі қолдап отыруға шақырады делінген. Осы қарардың жариялауға жатпайтын қосымшасында конференция Божи тобының өз газетін шығаруының қажет еместігін көрсетіп, барлық партиялық күшті конференция қарарында белгіленген жалпы партиялық істердің төңірегіне топтастыруға шақырды.— *66.*

[38] Бұл арада 1915 жылы ноябрьде Н. И. Бухарин жазған және Н. И. Бухарин, Г. Л. Пятаков, Е. Б. Бош қол қойып, «Социал-Демократ» редакциясына жіберілген *«Ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұраны туралы»* деген тезистер айтылып отыр.— *67.*

[39] Әңгіме Г. Роланд-Гольст жазған және 1916 ж. 29 февральда Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 3-номерінде «Ein Programm-Entwurf der R. S. V. und der S. D. A. P. Hollands» («Голландия Революциялық-социалистік одағы мен Социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының жобасы») деген тақырыппен басылған, Г. Роланд-Гольст, И. Фишер, Д. Вайнкоп, И. Сетон қол қойған голланд солшылдары программасының жобасы жайында болып отыр.— *67.*

[40] Ленин бұл арада *кеңейтілген Интернационалдық социалистік комиссияның* 1916 жылғы 5 февральдан 9 февральға дейін Бернде болып өткен кеңесін айтып отыр. Кеңеске бірқатар елдердің, оның ішінде Германияның, Россияның,

Италияның, Норвегияның, Австрияның, Польшаның, Швейцарияның, Болгарияның және Румынияның интернационалистерінен 22 өкіл қатысты. Кеңес құрамы күштердің арақатынасының солшылдардың пайдасына өзгергендігін дәлелдеді, алайда кеңеске қатысушылардың көпшілігі, Циммервальд конференциясындағы сияқты, центристер болды.

Ленин кеңестің жұмысына белсене қатысты: ол «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасын» және делегацияның конференциядағы өкілдіктің шарттары жөніндегі ұсыныстарын жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 251, 252—253-беттер). Ленин кеңесте меньшевиктердің жалған интернационализмін сынады, Интернационалдық социалистік комиссияның «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» үндеуінің жобасын талқылау тәртібі туралы сөз сөйледі, бұл үндеудің жобасына түзетулер енгізді, сондай-ақ екінші халықаралық социалистік конференцияға Каутскийді, Гаазені және Бернштейнді шақыруға қарсы большевиктердің және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы өлкелік басқармасының атынан мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеменің текстінде былай делінген: «Олардың соғыс алдындағы соңғы жылдардағы қызметі, олардың халық бұқарасының революциялық қимылдарына қарсы жүргізген күресі, олардың социал-патриоттық және социал-пацифистік көзқарастары оларды Циммервальд қозғалысының платформасында сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде тұра алады деп жорамалдауға ешқандай негіз бермейді».

Кеңес «Барлық қосылушы партиялар мен топтарға» («Rundschreiben an alle angeschlossenen Parteien und Gruppen») үндеу қабылдады, ол үндеуге большевиктер мен солшыл социал-демократтардың қысымымен Циммервальд солшылдары рухында түзетулер енгізілді. Үндеуде социалистердің буржуазиялық үкіметтерге кіруі, империалистік соғыста «отан қорғау» ұраны және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беру айыпталды, жұмысшы қозғалысын қолдау және империалистік соғысқа қарсы бұқаралық революциялық қимылдарды әзірлеу қажеттігі көрсетілді. Алайда үндеу дәйексіз болды, өйткені онда социал-шовинизмпен және оппортунизмнен қол үзу талабы қойылмады. Кеңес В. И. Лениннің үндеуге енгізілсін деген түзетулерінің бәрін бірдей қабылдаған жоқ. Үндеудің текстін жақтап дауыс бере отырып, Циммервальд солшылдарының өкілдері кеңесте олар, үндеудің барлық қағидаларын бірдей қанағаттанарлық деп есептемегенмен, Циммервальдтағы бірінші халықаралық социалистік конференцияның шешімдерімен салыстырғанда мұны бір қадам ілгері басқандық деп біліп, оны жақтап дауыс беретіндігін мәлімдеді.

Ленин ұсынған «Екінші социалистік конференцияны шақыру туралы қаулының жобасы» кеңейтілген Интернацио-

налдық социалистік комиссияның кеңесінде талқыланды; қаулы жобасының бірқатар пункттері қабылданды. Екінші халықаралық социалистік конференцияның шақырылу мерзімі белгіленді. Кеңестен кейін көп кешікпей Ленин большевиктердің шетелдік секцияларына кеңес туралы информациялық хабар жіберіп, алдағы екінші халықаралық социалистік конференцияға дереу әзірлену керек екенін көрсетті.— *68.*

[41] *«Просвещение»* («Ағарту») — ай сайын шыққан большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылдың декабрінен 1914 жылдың июніне дейін Петербургте шығып тұрды. Журналдың тиражы 5 мың данаға дейін жетті. Ленин «Просвещениеге» Парижден, ал кейін Краков пен Поронинnен басшылық етіп тұрды, мақалаларды редакциялады, редакциялық коллегия мүшелерімен үзбей хат алысып тұрды. Журналда Лениннің: «Сайлау науқанының принципті мәселелері», «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы», «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» деген және басқа бірқатар еңбектері жарияланды.— *70.*

[42] В. И. Ленин бұл арада француз жұмысшы партиясының 1880 жылғы программасын және герман социал-демократиясының программаларын — 1875 жылғы Гота және 1891 жылғы Эрфурт программаларын айтып отыр.— *70.*

[43] Бұл мақала Г. Л. Пятаковтың (П. Киевскийдің) 1916 жылы августа жазған «Пролетариат және финанс капиталы заманында «ұлттардың өзін өзі билеу правосы»» деген мақаласына жауап болды. Мақаланың қолжазбасында В. И. Лениннің: «Өзін өзі билеу туралы Киевскийдің мақаласы және оған Лениннің жауабы» деген жазуы бар. В. И. Лениннің жауабы Пятаковқа жіберілген. «Бізге Юрийдің мақаласы жіберілгеннен кейін,— деп жазды Ленин Инесса Армандқа жолдаған хатында,— және *ол* менің жауабымды *қабылдағаннан* кейін (ол қабылдады! қабылдауына *т у р а — к е л д і*) — «топ» ретінде олардың ісі *б і т т і*». (Шығармалар, 35-том, 230-бет). Екі мақаланың екеуі де ««Социал-Демократ» «жинағының» 3-нөмерінде жариялануы тиіс еді. Бұдан біраз кейін «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап» деген мақаланың орнына Ленин «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген үлкен мақала жазды (қараңыз: осы том, 87—148-беттер).— *77.*

[44] В. И. Ленин бұл арада голланд солшыл социал-демократы Г. Роланд-Гольсттың Швейцария социал-демократиялық пар-

тиясының «Neues Leben» («Жаңа Өмір») журналының 1915 жылғы 10—11-номерінде (октябрь — ноябрь) және 12-номерінде (декабрь) басылған «Miliz oder Abrüstung?» («Милиция ма әлде қарусыздандыру ма?») деген мақаласын айтып отыр.

Швейцария жастары туралы айтқанда, Ленин, ең алдымен, сол кезде Швейцарияда шығып тұрған «Jugend-Internationale» («Жастар Интернационалы») журналын — Социалистік жастар ұйымдары халықаралық одағының органын айтып отыр, оның төңірегіне Швейцария солшыл социал-демократтары топталған болатын. «Jugend-Internationale» журналының 3-номерінде «Volksheer oder Entwaffnung?» («Халықтық армия ма әлде қарусыздандыру ма?») деген редакциялық мақала басылған болатын.

Скандинавия (швед және норвег) солшыл социал-демократтарының бұл мәселе жөніндегі позициясы ««Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде жарияланған К. Чильбумның «Швед социал-демократиясы және дүние жүзілік соғыс» және А. Гансеннің «Норвегиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының кейбір кезеңдері» деген мақалаларында сипатталды.

«Қарусыздандыру» ұраны туралы В. И. Лениннің «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» және ««Қарусыздандыру» ұраны туралы» деген мақалаларын қараңыз (осы том, 149—162, 170—182-беттер).— *79.*

[45] *«Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы»* деген мақала П. Киевскийдің «Пролетариат және финанс капиталы заманында «ұлттардың өзін өзі билеу правосы»» деген мақаласына жауап ретінде жазылған. Екі мақаланың екеуі де ««Социал-Демократ» жинағының» 3-номерінде жариялануы тиіс еді. 1916 жылы декабрьде жинақтың 2-номерінде жинақтың үшінші номеріне арналып редакцияға түскен материалдар жөнінде хабарландыру басылды, сол материалдардың ішінде әлгі аталған екі мақала айтылған-ды. Қаржы болмағандықтан жинақтың 3-номері ол кезде шықпай қалды да, мақалалар баспасөзде жарық көрген жоқ. «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақала қолжазба күйінде шетелде тұратын большевиктер мен кейбір солшыл социал-демократтар арасында кеңінен мәлім болды. 1916 жылы октябрьдің бас кезінде, А. Г. Шляпниковтың Россияға жүріп кетуі алдында оған жолдаған хатында В. И. Ленин былай деп жазды: «Егер менің Киевскийге жауап ретіндегі мақаламды (бұл нақ кеше қайта көшірілуге жіберілді, бірнеше күннен кейін ғана дайын болады) Беленин күте алмаса, онысы өте-мөте өкінішті» (Шығармалар, 35-том, 208-бет). Ұлт мәселесі жөнінде шетелде болған айтыс кезінде В. И. Ленин осы мақаланы «теориялық жағынан түсінісу» үшін большевиктер-

ге жіберді. Женевада А. В. Луначарскиймен және басқалармен ұлт мәселесіне байланысты пікір таласы жөнінде хабарлаған Н. Д. Кикнадзенің хатына жауап бере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Сіз олармен айтысқыңыз келеді екен, мен Сізге жинақтың 3-ші (немесе 4-ші) номерінен осы тақырыптағы өзімнің мақаламды жіберемін» (Шығармалар, 35-том, 212-бет). Бұл мақала сонымен бірге В. А. Карпинскийге, И. Ф. Армандқа және басқа большевиктерге де жіберілді.

В. И. Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі мақалалары бұл мәселеде ауытқып жүрген большевиктердің дұрыс позиция ұстауына жәрдемдесті. «Бұрын мен жалпы және тұтас алғанда «өзін өзі билеу правосына» қарсы болып келсем, енді жалпы және тұтас алғанда осы «правоны» жақтаймын...,— деп жазды Н. Д. Кикнадзе В. И. Ленинге 1916 жылғы ноябрьде.— Мұндай бетбұрысым үшін мен сөзсіз Сіздің мақалаларыңызға қарыздармын, ол мақалалар (Сіздің «Просвещениенің» 1914 жылғы 4, 5, 6-номерлеріндегі мақалаларыңыздан кейін) поляктарға қарсы айтуға болатын сөздердің бәрін жинақтайды және мәселені жете түсіндіреді... Бұл мақалалар маған біздің қозғалысымыздың саяси проблемаларын талдап шешуде диалектикалық методты қолданудың тура үлгісі сияқты болып көрінеді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *87*.

46 1905 жылы 6(19) августа патша манифесі — Мемлекеттік думаны құру туралы заң және Дума сайлауы туралы ереже жарияланды. Дума ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің есімімен Булыгин Думасы деп аталды, оған патша Дума жобасын жасауды тапсырған еді. Большевиктер бүкіл үгіт науқанын: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандар төңірегіне шоғырландыра отырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырды. Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыруға, бұқаралық саяси стачкалар өткізуге және қарулы көтерілісті әзірлеуге пайдаланды. Булыгин Думасына сайлау өткізілген жоқ, сондықтан үкімет Думаны шақыра алмады; революцияның күшейіп, өрге басуы және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны ысырып тастады. Булыгин Думасы жөнінде В. И. Лениннің: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», «Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» деген мақалаларын (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер) және басқа шығармаларын қараңыз.— *87*.

[47] Әңгіме шақырымпаздар мен ультиматистер жайында болып отыр.

Шақырымпаздар — 1908 жылы большевиктер арасында пайда болған оппортунистік топ. Революциялық бос сөздерді бүркемеленіп, шақырымпаздар (А. А. Богданов, Г. А. Алексинский, А. В. Соколов (С. Вольский), А. В. Луначарский, М. Н. Лядов және басқалар) социал-демократ депутаттарды III Мемлекеттік думадан кері шақырып алуды және жария ұйымдарда жұмысты тоқтатуды талап етті. Реакция жағдайында партия тек құпия жұмыс жүргізуі тиіс деп мәлімдеген шақырымпаздар Думаға, жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, кооператив ұйымдарына және басқа бұқаралық жария және жартылай жария ұйымдарға қатысудан бас тартты, сөйтіп бүкіл партиялық жұмысты құпия ұйым шеңберінде шоғырландыру қажет деп есептеді. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды.

Ультиматистердің шақырымпаздардан тек формасы жағынан ғана өзгешелігі болды. Социал-демократиялық депутаттарды революциялық рухта тәрбиелеу жөнінде, олардың қателерін жою жөнінде қажырлы жұмыс істеу қажеттігін мойындамаған ультиматистер Думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне фракцияның сөзсіз бағынуы туралы ультиматум қоюды және оны орындамаған жағдайда социал-демократиялық депутаттарды Думадан кері шақырып алуды ұсынды. Ультиматизм шын мәнінде жасырынған, бүркемеленген шақырымпаздық болды. Ленин ультиматистерді «ұялшақ шақырымпаздар» деп атады. Шақырымпаздар партияға орасан зор зиян келтірді. Олардың саясаты партияның бұқарадан қол үзуіне, партияның жаңа революциялық өрлеу үшін күш жинай алмайтын сектанттық ұйымға айналуына әкеліп соғатын еді.

Лениннің мына мақалалары шақырымпаздықты сынауға арналған: «Екі хат жайында», ««Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында», «Большевизмге карикатура», «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» және басқалар (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 318—337, 400—404, 430—443-беттер; 19-том, 44—53, 77—115-беттер).— *87.*

[48] Ф. Энгельс. «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы Шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 304-бет).— *110.*

[49] Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 20-том, 41-бет).— *120.*

50 *«Голос»* («Үн») — меньшевиктік күнделікті газет; 1914 жылғы сентябрьден 1915 жылғы январьға дейін Парижде шығып тұрды. Газетте Л. Троцкий басшылық роль атқарды. Алғашқы 5 номері «Наш Голос» деген атпен шықты. Газет центристік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың алғашқы күндерінде «Голоста» Л. Мартовтың социал-шовинистерге қарсы мақалалары басылды. Мартов оңшылдыққа қарай бет бұрғаннан кейін газет «социал-шовинизммен ымыраға бармайтын адамдармен жақындасудан да гөрі, социал-шовинистермен бірігуді» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 123-бет) артық көріп, социал-шовинистерді барған сайын қорғай түсті. 1915 жылғы январьдан бастап «Голостың» орнына «Наше Слово» деген газет шыға бастады.

Ұйымдастыру комитеті (ҰК) — меньшевиктердің басшы орталығы; 1912 жылы жойымпаздардың август конференциясында құрылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Ұйымдастыру комитеті социал-шовинизм позициясында болды, патша өкіметі тарапынан жүргізілген соғысты ақтады, ұлтшылдық пен шовинизм идеяларын уағыздады. Ұйымдастыру комитеті «Наша Заря» журналын, ал ол жабылғаннан кейін — «Наше Дело», одан кейін «Дело» журналдарын және «Рабочее Утро», одан соң «Утро» газеттерін шығарып тұрды. Ұйымдастыру комитеті 1917 жылғы августа меньшевиктік партияның Орталық Комитеті сайланғанға дейін жұмыс істеді. Россияда жұмыс істеген Ұйымдастыру комитетінен басқа, құрамында бес секретары бар (П. Б. Аксельрод, И. С. Астров-Повес, Ю. О. Мартов, А. С. Мартынов, С. Ю. Семковский) Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты болды, ол центризмге жақын позиция ұстады және интернационалистік бос сөздерді бүркемеленіп, іс жүзінде Россия социал-шовинистерін қолдады. Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариаты баспасөз органын — «Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии» газетін шығарып тұрды; 1915 жылғы февральдан 1917 жылғы мартқа дейін шықты.

Россиядағы Ұйымдастыру комитетін жақтаушылар саны мардымсыз болды және барған сайын азая берді, мұны тіпті Л. Мартовтың өзі де мойындауға мәжбүр болды, ол 1916 жылғы 3 январьда П. Б. Аксельродқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Россиядағы біздің істеріміз нашар... Ф. И. (Дан.— *Ред.*) тірі жанның бәрі ленипшілдерге кетіп қалады деп қорқады...»

Сірә, В. И. Лениннің айтып отырғаны С. Семковскийдің «Россияның ыдырауы ма?» деген мақаласы болу керек, ол 1915 жылы 21 мартта «Наше Слово» газетінің 45-номерінде жарияланған.— *144.*

[51] *«Пролетарлық революцияның соғыс программасы»* деген мақала (В. И. Ленин жазысқан хатында оны «Entwaffnung»— «Қарусыздандыру туралы» деп атайды) неміс тілінде жазылып, швейцар, швед және норвег солшыл социал-демократтарының баспасөзінде жариялануға тиіс еді. Бірақ ол кезде мақала басылмады. Көп кешікпей Ленин мақаланы орыс тілінде шығару үшін қайтадан өңдеді. ««Қарусыздандыру» ұраны туралы» деген тақырыппен мақала 1916 жылы декабрьде ««Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде басылды (қараңыз: осы том, 170—182-беттер).

Мақаланың бастапқы, неміс тіліндегі тексті Социалистік жастар ұйымдары халықаралық одағының органы «Jugend-Internationale»-нің 1917 жылғы сентябрь мен октябрьдегі 9 және 10-номерлерінде «Das Militärprogramm der proletarischen Revolution» деген тақырыппен басылды. Мақаланы жариялаған кезде журналдың редакциясы мынадай алғы сөз берді: «Қазіргі кезде, Ленин орыс революциясының бәрінен де жиі аталып жүрген қайраткерлерінің бірі болып отырған кезде, осы бір байырғы болаттай берік революционердің өзінің саяси программасының едәуір бөлегін баяндайтын төмендегі мақаласының ерекше мәні бар. Мақала біздің редакциямызға 1917 жылғы апрельде ол Цюрихтен аттанып кетерден сәл бұрын жеткізілген еді». Сірә, мақалаға тақырыпты «Jugend-Internationale» журналының редакциясы берген болса керек.— *149.*

[52] *«Jugend-Internationale»* («Жастар Интернационалы») — Социалистік жастар ұйымдары халықаралық одағының органы; бұл одақ Циммервальд солшылдарына қосылған болатын. Журнал 1915 жылғы сентябрьден 1918 жылғы майға дейін Цюрихте шығып тұрды, оны В. Мюнценберг редакциялады. «Jugend-Internationale»-ге берілген бағаны В. И. Лениннің «Жастар Интернационалы» деген мақаласынан қараңыз (осы том, 251—255-беттер).— *149.*

[53] Бұл арада Р. Гримм жазып, «Grütlianer» газетінің 1916 жылғы 14 және 17 июльдегі 162 және 164-номерлерінде басылған *әскери мәселе жөніндегі тезистер* айтылып отыр.

Швейцарияны соғысқа киліктіру қаупінің күшеюіне байланысты, Швейцария социал-демократиялық партиясында соғысқа көзқарас туралы мәселе жөнінде айтыс туды. 1916 жылғы апрельде Швейцария социал-демократиялық партиясының басқармасы партияның көрнекті қайраткерлеріне — Р. Гриммге, Г. Мюллерге, Ш. Нэнге, П. Пфлюгерге және басқаларға — баспасөз бетінде бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін айтуды тапсырды. Бұлардың әрқайсысы мақалалар немесе тезистер жазды, олар «Berner Tagwacht», «Volksrecht», «Grütlianer» газеттерінде басылды.

В. И. Ленин айтыстың барысын мұқият қадағалап отырды, материалдарды зерттеді, тезистерге өз ескертпелерін

жазды. Бұл материалдардың бәрі Лениннің XVII жинағында басылды.— *149.*

[54] *«Neues Leben»* («Жаңа Өмір») — ай сайын шыққан журнал, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1915 жылғы январьдан 1917 жылғы декабрьге дейін Бернде шығып тұрды. Журнал оңшыл циммервалдистердің көзқарасын жүргізді; 1917 жылдың басынан былай қарай социал-шовинистік позиция ұстады.— *149.*

[55] Бұл арада *Циммервальд пен Кинтальда өткізілген халықаралық социалистік конференциялар* айтылып отыр.

Циммервальд конференциясы немесе бірінші халықаралық социалистік конференция 1915 жылғы 5—8 сентябрьде болып өтті. Конференцияға Европаның 11 елінің: Германияның, Францияның, Италияның, Россияның, Польшаның, Румынияның, Болгарияның, Швецияның, Норвегияның, Голландияның, Швейцарияның социалистерінен 38 делегат қатысты. РСДРП Орталық Комитетінің делегациясын В. И. Ленин басқарды.

Конференцияда мына мәселелер талқыланды: 1) жеке елдер өкілдерінің баяндамалары; 2) Германия мен Франция өкілдерінің бірлескен декларациясы; 3) принципті қарар қабылдау туралы Циммервальд солшылдарының ұсынысы; 4) манифест қабылдау; 5) Интернационалдық социалистік комиссияға (I. S. K.) сайлау; 6) соғыс құрбандықтарына және қудаланғандарға тілектестік білдіру жөнінде қарар қабылдау.

Конференция комиссия әзірлеген манифесті — «Европа пролетарларына» деген үндеу хатты қабылдады; бұл үндеу хатқа Лениннің және солшыл социал-демократтардың табандылығы арқасында революциялық марксизмнің бірқатар негізгі қағидаларын енгізудің сәті түсті. Сонымен бірге конференция неміс және француз делегацияларының жалпы декларациясын, соғыс құрбандықтарына және саяси қызметі үшін қудаланып жүрген күрескерлерге тілектестік білдіру жөнінде қарар қабылдап, Интернационалдық социалистік комиссияны сайлады.

Конференцияда Циммервальдтық солшыл топ құрылды, бұл топтың құрамына РСДРП Орталық Комитетінің Ленин бастаған өкілдері, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасының, Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық Комитетінің, швед солшылдарының (З. Хёглунд), норвег солшылдарының (Т. Нерман), Швейцария солшылдарының (Ф. Платтен), «Германия интернационалдық социалистері» тобының (Ю. Борхардт) өкілдері енді. Конференцияда Циммервальдтық солшыл топ конференцияның центристік көпшілігіне қарсы белсенді күрес жүргізді. Конференцияда большевиктер партиясының өкілдері ғана ақырына дейін дәйекті позиция ұстады.

Ленин «Алғашқы адым» және «Революцияшыл марксистер 1915 ж. 5—8 сентябрьдегі халықаралық социалистік конференцияда» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 41—47 және 48—52-беттер) деген мақалаларында Циммервальд конференциясына және большевиктердің ондағы ұстаған тактикасына баға берді.

Кинталь конференциясы немесе екінші халықаралық социалистік конференция 1916 жылғы 24—30 апрельде Кинталь деген жерде (Швейцария) болып өтті. Конференцияға он елдің: Россияның, Германияның, Францияның, Италияның, Швейцарияның, Польшаның, Норвегияның, Австрияның, Сербияның, Португалияның социалистерінен 43 делегат қатысты. Бұдан басқа, Англиядан бір делегат және Жастар интернационалы секретариатының делегаты қонақ ретінде қатысты. Англия Тәуелсіз жұмысшы партиясының, Америка Құрама Штаттары, Болгария, Румыния, Греция, Швеция социалистерінің өкілдері паспорт ала алмауы себепті конференцияда болған жоқ; солшылдардың кейбір өкілдері өздерінің уәкілдіктерін басқа партияларға: Латыш өлкесінің социал-демократиясы өз мандатын РСДРП Орталық Комитетіне, Голланд солшылдарының өкілі Г. Роланд-Гольст өз мандатын Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өлкелік басқармасына берді. Конференцияда РСДРП Орталық Комитетінен В. И. Ленин бастаған 3 өкіл қатысты.

Конференцияда мынадай мәселелер талқыланды: 1) соғысты аяқтау жолындағы күрес, 2) бітім мәселелеріне пролетариаттың көзқарасы, 3) үгіт және насихат, 4) парламенттегі жұмыс, 5) бұқаралық күрес, 6) Халықаралық социалистік бюроны шақыру.

В. И. Ленин бастаған Циммервальдтық солшыл топ Кинталь конференциясында Циммервальдтағыдан гөрі анағұрлым берік позиция ұстады. Бұл топ 12 делегатты біріктірді, ал кейбір мәселелер бойынша бұл топтың ұсынысын жақтап 20 адамға дейін, яғни конференция құрамының тең жартысы дерлігі дауыс берді. Мұның өзі халықаралық жұмысшы қозғалысында күштердің арақатынасы интернационализмнің пайдасына өзгергенін көрсетті.

Конференция манифест — «Күйзеліп, қырылып жатқан халықтарға» үндеу және пацифизм мен Халықаралық социалистік бюроны сынға алған қарар қабылдады. В. И. Ленин конференцияның шешімдерін империалистік соғысқа қарсы күресте интернационалистерді топтастыру ісінде онан әрі алға басқан қадам деп бағалады.

Циммервальд және Кинталь конференциялары Батыс Европа социал-демократиясының солшыл элементтерін марксизм-ленинизмнің идеялық негізінде топтастыруға көмектесті; бұл солшыл элементтер кейін өз елдерінде коммунистік

партиялар құруда және III, Коммунистік, Интернационалды ұйымдастыруда белсенді роль атқарды.— *157.*

[56] *«Социал-демократиялық еңбек тобы»* («Arbeitsgemeinschaft»— «Еңбек ынтымағы») — герман центристерінің ұйымы; оны 1916 жылғы мартта рейхстагтағы социал-демократиялық фракциядан бөлініп шыққан рейхстаг депутаттары құрды. Топты Г. Гаазе, Г. Ледебур, В. Дитман басқарды. Топ «Lose Blätter» («Еркін Листоктар») шығарып тұрды және 1916 жылғы апрельге дейін «Vorwärts» газетінің редакциясында басым болды. Центристер «Vorwärts»-тен қуылғаннан кейін бұл топ Берлинде шығып тұрған «Mitteilungsblätter»-ді («Хабарлаушы Листоктар») өзінің орталық органы етті. Берлин ұйымының көпшілігі осы топ жағында болды. «Социал-демократиялық еңбек тобы» 1917 жылғы апрельде құрылған Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының негізгі ұйытқысы болды; бұл партия ашық социал-шовинистерді ақтап, олармен бірліктің сақталуын жақтады.— *157.*

[57] *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party) — стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди мен Р. Макдональд басқарды. Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар, 29-том, 494-бет).

Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде Тәуелсіз жұмысшы партиясы соғысқа қарсы манифест жариялады, партияның 1915 жылғы 5—6 апрельде Норвильде болған конференциясында бірқатар пацифистік қарарлар қабылданды, алайда Тәуелсіз жұмысшы партиясы көп кешікпей социал-шовинизм позициясына түсті.— *157.*

[58] *Әскери-өнеркәсіп комитеттерін* соғысты жүргізуде патша үкіметіне жәрдемдесу үшін Россияда 1915 жылы майда ірі империалистік буржуазия құрды. Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі аса ірі капиталист, октябристердің лидері А. И. Гучков болды. Комитетке фабрикант А. И. Коновалов, банкир және қант заводшысы М. И. Тере-

щенко және капиталдың басқа шонжарлары кірді. Жұмысшыларды өз ықпалына бағындырып, олардың миына қорғампаздық пиғылдарды сіңіруге тырысқан буржуазия осы комитеттердің жанынан «жұмысшы топтарын» ұйымдастыруға, сөйтіп осы арқылы Россияда буржуазия мен пролетариаттың арасында «таптық татулық» орнағандығын көрсетуге ұйғарды. Большевиктер әскери-өнеркәсіп комитеттеріне бойкот жариялап, жұмысшылар көпшілігінің қолдауымен оны ойдағыдай өткізді. 1915 жылы 27 сентябрьде (10 октябрьде) Петроград жұмысшылары уәкілдерінің жиналысында әскери-өнеркәсіп комитеттеріне бойкот жасауға және соғыстан революция арқылы шығуға шақырған большевиктік қарарды жақтап 95 адам, меньшевиктердің қарарын жақтап 81 адам дауыс берді. Тек екінші рет өткізілген жиналыста, большевиктерді жақтаған жұмысшылардың жиналыстан кетіп қалуына байланысты, меньшевиктердің «жұмысшы тобына» К. А. Гвоздев бастаған 10 адамды сайлауының сәті түсті.

Большевиктер жүргізген түсіндіру жұмысының нәтижесінде барлығы 239 облыстық және жергілікті әскери-өнеркәсіп комитеттерінің 70 комитетінде ғана «жұмысшы топтарына» сайлау өтті, ал жұмысшы өкілдер тек 36 комитетте ғана сайланды.— *158.*

[59] *«Базель манифесі»*— соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде (Швейцария) болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Конгресс дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінің төнуіне қарсы күрес жүргізу туралы мәселені шешу үшін шақырылды, ал бірінші Балқан соғысы басталғаннан кейін дүние жүзілік империалистік соғыстың қаупі онан сайын күшейе түскен-ді. Конгреске 555 делегат қатысты. РСДРП Орталық Комитетінен 6 делагат болды. Конгресс ашылған күні соғысқа қарсы көп адам қатысқан демонстрация және соғысқа наразылық білдірілген халықаралық митинг болды.

25 ноябрьде конгресте соғыс туралы манифест бірауыздан қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік соғыс қаупінен сақтандырды. «Кез келген мезетте,— делінген манифесте,— ұлы европалық халықтар біріне-бірі қарсы айдап салынуы мүмкін, ал адамшылыққа және парасаттылыққа қарсы мұндай қылмыс қандай да болсын халық мүддесі үшін деген зәредей де сылтаумен ақталуға тиіс емес... Егер үкіметтер дүние жүзілік соғыстың жойқындығы жөніндегі бір ойдың өзі жұмысшы табының ызасын, ашуын келтіретінін түсінбесе, ол есуастық болар еді. Капиталистерге түсетін пайда үшін, әулеттердің намысын қорғау үшін, құпия дипломатиялық шарттарды орындау үшін біреуге біреудің оқ атуын пролетариат қылмыс деп есептейді» (қараңыз: «Außerordentlicher Internationaler

Sozialistenkongreβ zu Basel am 24. und 25. November 1912». Berlin, 1912, S. 23, 26).

Манифест империалистер әзірлеп жатқан соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы, бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын қарсы қоюға» шақырды. Манифест социалистерге империалистік соғыс бастала қалған күнде соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция үшін күреске пайдалану керек деп кеңес берді.

II Интернационалдың көсемдері (Каутский, Вандервельде және басқалар) конгресте соғысқа қарсы манифесті қабылдауды жақтап дауыс берді. Алайда дүние жүзілік империалистік соғыс басталысымен олар Базель манифесін және халықаралық социалистік конгрестердің соғысқа қарсы күрес туралы басқа да шешімдерін ұмытып, өздерінің империалистік үкіметтері жағына шықты.— *158.*

[60] *«La Sentinelle»* («Сақшы») — газет, Невшатель (Швейцария) кантоны социал-демократиялық ұйымының органы; 1890 жылдан Шо-де-Фонда шығып тұрды. 1906 жылдан 1910 жылға дейін шыққан жоқ. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет интернационалистік позиция ұстады. 1914 жылы 13 ноябрьде газеттің 265-номерінде РСДРП Орталық Комитетінің «Соғыс және россиялық социал-демократия» атты манифесі қысқартылған түрде басылды.

«Volksrecht» («Халықтық Право») — күнделікті газет, Швейцария социал-демократиялық партиясының органы; 1898 жылдан Цюрихте шығып тұрады. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газетті Э. Нобс редакциялады, солшыл циммервальдистердің мақалалары басылып тұрды. Газетте Лениннің: «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «РСДРП-ның орыс революциясындағы міндеттері туралы», «Республикалық шовинистердің әрекеттері» деген және басқа мақалалары басылды. Қазіргі уақытта газеттің ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мәселелері жөніндегі позициясының принцип жүзінде буржуазиялық газеттердің позициясынан ешқандай өзгешелігі жоқ деуге болады.— *162.*

[61] В. И. Ленин бұл арада *Швейцария социал-демократиялық партиясының* 1915 жылы 20—21 ноябрьде *Аарауда өткен съезін* айтып отыр. Съезд күн тәртібінің өзекті пункті Швейцария социал-демократиясының интернационалистердің Циммервальд бірлестігіне көзқарасы туралы мәселе болды. Швейцария социал-демократиясында осы мәселе төңірегінде үш бағыттың: 1) антициммервальдистердің (Г. Грейлих, П. Пфлюгер және басқалар), 2) Циммервальд

оңшылдарын жақтаушылардың (Р. Гримм, П. Грабер және басқалар) және 3) Циммервальд солшылдарын жақтаушылардың (Ф. Платтен, Э. Нобс және басқалар) арасында күрес өрістеді. Р. Гримм қарар ұсынды, бұл қарарда Швейцария социал-демократиялық партиясына Циммервальд бірлестігіне қосылу және оңшыл циммервальдистердің саяси бағытын мақұлдау ұсынылды. Швейцарияның солшыл социал-демократтары Лозанна секциясының атынан Гриммнің қарарына түзету енгізді. Түзетуде соғысқа қарсы бұқаралық революциялық күресті өрістету қажеттігін мойындау ұсынылды және пролетариаттың жеңімпаз революциясы ғана империалистік соғысты тоқтата алады деп мәлімделді. Гриммнің қысым жасауымен Лозанна секциясының түзетуі алынып тасталғаннан кейін, Швейцария социал-демократиялық ұйымдарының бірінен шешуші дауыс правосы бар делегат болып қатысқан большевик М. М. Харитонов әлгі түзетуді тағы енгізді. Гримм мен оның жақтастары тактикалық мақсаттар көздеп, түзетуді қолдауға мәжбүр болды. Съезд көпшілік дауыспен (258 дауыс жақтап, 141 дауыс қарсы болды) солшылдардың түзетуін қабылдады.— *162.*

62 *«Бюллетень Заграничново Комитета Бунда»* («Бунд Шетелдік Комитетінің Бюллетені») Женевада шығып тұрды; ол «Бунд шетелдік ұйымының информациялық листогының» жалғасы болды. Барлығы екі номері шықты: 1-номері — 1916 жылғы сентябрьде, ал 2-номері декабрьде шықты. «Бюллетень» социал-шовинизм позициясында болды. Бұл арада Ленин цитатқа келтіріп отырған «Россиядан хат» «Бюллетеньнің» 1-номерінде қол қойылмай басылды. Ленин «Чхеидзе фракциясы және оның рөлі» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 260—264-беттер) осы хатқа егжей-тегжейлі талдау жасайды.— *163.*

63 *Итальян социалистік партиясы* 1892 жылы құрылып, бастапқы кезде «Итальян жұмысшыларының партиясы» деп аталды; 1893 жылы Реджио-Эмилиядағы съезінде ол «Итальян социалистік партиясы» деп аталатын болды. Партия құрылған кезеңнен бастап-ақ оның ішінде партияның саясаты мен тактикасының мәселелері жөнінде кереғар тұрған екі бағыттың — оппортунистік бағыт пен революциялық бағыттың шиеленіскен идеялық күресі жүріп жатты. 1912 жылы Реджио-Эмилиядағы съезде, солшылдардың қысымымен, ең ашық реформистер — соғысты, үкіметпен және буржуазиямен ынтымақты жақтаушылар (Бономи, Биссолати және басқалары) партиядан шығарылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап және Италия соғысқа араласқанға дейін Итальян социалистік партиясы соғысқа қарсы шығып, «Соғысқа қарсымыз, бейтараптықты жақтаймыз!» деген ұран көтерді. 1914 жылы декабрьде буржуазияның империалистік саясатын қорғаған және соғысты жақтаған

ренегаттар тобы (Муссолини және басқалар) партиядан шығарылды. Италияның Антанта жағында соғысқа араласуына байланысты (май, 1915) Итальян социалистік партиясында мынадай үш бағыт айқын көрінді: 1) буржуазияның соғысты жүргізуіне көмектескен оңшыл бағыт; 2) партия мүшелерінің көпшілігін біріктірген және «соғысқа қатыспау керек және оған саботаж жасамау да керек» деген ұран көтерген центристік бағыт; және 3) соғысқа қарсы негүрлым батыл позиция ұстаған, бірақ соғысқа қарсы дәйекті күрес ұйымдастыра алмаған солшылдар. Солшылдар империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, буржуазиямен ынтымақ жасаған реформистерден іргені батыл бөлу қажеттігін түсінбеді. Итальян социалистері Швейцария социалистерімен бірлесіп Луганода (1914) конференция өткізді, Циммервальд (1915) пен Кинтальдағы (1916) халықаралық социалистік конференцияларға белсене қатысты.

Итальян социалистік партиясына басшылық етіп отырған К. Лаццари мен Д. Серрати буржуазияның империалистік, басқыншылық жоспарларын әшкереледі, социал-демократияның халықаралық байланыстарын қалпына келтіруге белсене ат салысты.

В. И. Ленин құттықтау жіберген съезд 1916 жылы 15—16 октябрьде Цюрихте болып өтті. Лениннің құттықтауы съезде 15 октябрьде оқылды. Съезд туралы қысқаша есеп «Avanti!» газетінің 1916 жылғы 18 октябрьдегі 290-номерінде басылды.

1916 жылдың аяғында Итальян социалистік партиясы реформистік қанаттың ықпалымен социал-пацифизм жолына түсті.— *165.*

64 *«Avanti!»* («Алға!»)— күнделікті газет, Итальян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылғы декабрьде Римде құрылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет реформистерден қол үзбей, дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. 1926 жылы газетті Муссолинидің фашистік үкіметі жауып тастады, бірақ шетелде (үзілістермен) одан әрі шығарыла берді; 1943 жылдан қайтадан Италияда шыға бастады. Қазіргі уақытта «Avanti!»— Итальян социалистік партиясының орталық органы.— *166.*

65 Соғыс басталысымен IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары А. Е. Бадаев, М. К. Муранов, Г. И. Петровский, Ф. Н. Самойлов және Н. Р. Шагов жұмысшы табының мүдделерін батыл жақтап шықты. Олар партияның бағытын жүргізе отырып, патша өкіметіне соғыс кредитін беруді жақтап дауыс беруден бас тартты, соғыстың империалистік, халыққа қарсы сипатын әшкереледі, жұмысшыларға соғыс туралы шындықты түсіндірді, оларды патша өкіметіне, буржуазия мен помещиктерге қарсы күреске көтерді. Соғыс

кезіндегі революциялық қызметі үшін большевик депутаттар сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды. Бұл жөнінде В. И. Лениннің «РСДЖ Фракциясын соттау нені дәлелдеді?» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 178—186-беттер) деген мақаласын қараңыз.— *169.*

[66] *Entente-Sozialisten* (Антанта социалистерінің) *конференциясы* француз социал-шовинистерінің (А. Томаның, П. Ренодельдің, М. Самбаның) инициативасы бойынша шақырылды. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РСДРП Орталық Комитеті декларация бастырып шығарды; бұл декларация социал-шовинистердің сатқындық мақсаттарын ашып көрсетіп, интернационалистерді бұл конференцияға қатысудан бас тартуға шақырды. Сонымен бірге РСДРП Орталық Комитеті Берндегі Атқарушы социалистік комиссияға Антанта социалистерінің конференциясы жөнінде жалпы бағытты белгілеу үшін конференцияға шақырылған Циммервальд ұйымдары өкілдерінің арнаулы кеңесін шақыруға ұсыныс жасады. РСДРП Орталық Комитеті декларациясының тексті 1916 жылы декабрьде ««Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде басылды. Конференцияны шақыру кейінге қалдырылды. Конференция 1917 жылы 28 августа Лондонда болды.— *169.*

[67] Бұл арада *«үш жақты келісу»* (Антанта) *елдері социалистерінің конференциясы* айтылып отыр, конференция 1915 жылы 14 февральда Лондонда болып өтті. Оған Англияның, Францияның, Бельгия мен Россияның социал-шовинистері мен пацифистік топтарының: Тәуелсіз жұмысшы партиясының (Б. Кейр Гарди, Р. Макдональд және басқалар), Британ социалистік партиясының, Жұмысшы партиясының, фабийшылдар қоғамының, Француз социалистік партиясының (М. Самба, Э. Вальян, Ж. Лонге, А. Тома, А. Компер-Морель), Бас еңбек конфедерациясының (Л. Жуо), Бельгия социалистік партиясының (Э. Вандервельде және басқалар), эсерлердің (В. М. Чернов, Бобров (М. А. Натансон), И. А. Рубанович) өкілдері қатысты. Конференцияда меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінен В. Майский өкіл болды.

Конференцияның күн тәртібінде мынадай мәселелер болды: 1) Ұлттардың правосы; 2) Отарлар; 3) Болашақ бітімнің кепілдері.

Большевиктер конференцияға шақырылмады; алайда В. И. Лениннің тапсыруы бойынша РСДРП Орталық Комитетінің декларациясын оқып беру үшін конференцияға М. М. Литвинов барды. Декларацияның негізіне В. И. Ленин жазған жоба алынды. Декларацияда социалистердің буржуазиялық үкіметтерден шығуы, империалистермен одақты бұзуы туралы, олармен ынтымақтасудан бас тарту туралы талаптар айтылды, империалистік үкіметтерге қарсы батыл күрес жүргізу және соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруді

айыптау талап етілді. Декларацияны оқып тұрған кезінде Литвиновтың сөзін бөліп, оған сөз бермей қойды, сондықтан ол декларацияның текстін президиумға беріп, конференциядан кетіп қалды. Бұл декларация РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 1915 жылғы 29 марттағы 40-номерінде басылды. В. И. Лениннің «Лондон конференциясы туралы» және «Лондон конференциясы жөнінде» атты мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 167—169 және 187—189-беттер).— *169.*

[68] В. И. Ленин бұл арада ««Социал-Демократ» жинағының» 2-номерінде (декабрь, 1916) басылған К. Чильбумның «Швед социал-демократиясы және дүние жүзілік соғыс» және А. Гансеннің «Норвегиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының кейбір кезеңдері» атты мақалаларын айтып отыр.— *170.*

[69] *«The Socialist Review»* («Социалистік Шолу») — ай сайын шыққан журнал, Англияның реформистік Тәуелсіз жұмысшы партиясының органы; 1908 жылдан 1934 жылға дейін Лондонда шығып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында журналға Р. Макдональд, Ф. Сноуден, А. Ли және басқалар жазып тұрды.— *182.*

[70] К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген шығарманың екінші басылуына алғы сөз (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 375—376-беттер).— *185.*

[71] *«Коммунист»* — Ленин ұйымдастырған журнал; 1915 жылы Женевада «Социал-Демократ» газетінің редакциясы журналды шығаруға қаржы берген Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен бірлесіп шығарды. Журналдың редакциясына Н. И. Бухарин де кірді. Не бары бір (қос) номері шықты (1915 жылғы сентябрьде). Онда Лениннің «II Интернационалдың күйреуі», «Француз социалисінің адал үні», «Италиядағы империализм мен социализм» деген үш мақаласы басылды.

Журналды шығару жоспарын Ленин 1915 жылдың көктемінде жасады, оның басшылығымен журнал редакциясының ұйымдастыру жиналысы болып өтті. Кейінірек Ленин «Социал-Демократ» редакциясының Г. Л. Пятаковпен және Е. Б. Бошпен келісім жасасуы қажет болғанын, өйткені ол кезде бұлай етпегенде журналды шығару мүмкін болмағанын атап көрсетті. «Біз,— деп жазды ол,— бастырушылармен уақытша «федерация» жасастық, оны нақ осылай «федерация» деп те атадық және мұның, «тәжірибе түрінде», уақытша сипатын әбден айқын ескерттік» (Шығармалар, 35-том, 193-бет). «... 1915 ж. көктемде Бухарин тезистер жазды (конференцияда!) (Ленин бұл арада РСДРП шетелдік секцияларының Берндегі конференциясын айтып отыр.—

Ред.), сол тезистерінде ол көрінеу *батпаққа* құлдырады. Жапондар (Россиядан Швейцарияға Жапония арқылы барған Пятаков пен Бош.— *Ред.*) оған *қарсы*. (Сондықтан істің бетін *анықтау* үшін: «жолдастық жолмен» Бухариннің ауытқушылығын жоюға болар ма екен? өзін большевикпін деп атайтын Е. Б. (Е. Бош.— *Ред.*) бұған жәрдемдесер ме екен, жоқ па екен? дегенді анықтау үшін ыңғайлы форма жасауды көздеп, біз «Коммунистс» уақытша барынша кеңшіліктер жасауға бардық)» (бұл да сонда, 198-бет).

Ленин «Коммунисті» солшыл социал-демократтардың халықаралық органы етпекші болды. Осы мақсатпен ол журналға белсене қатысуға поляк солшылдарын (К. Радекті) және голланд солшылдарын тартуға ұмтылды. Циммервальд конференциясынан кейін, деп жазды кейінірек Ленин, *«өз қолыңды матауға жол бермей,* Радектен және Е. Б. мен *К°*-дан *керегіңді алу* керек еді. Мен осыны істей алдым деп білемін» (бұл да сонда, 230-бет). Радекпен бірге жұмыс істеу, деп жазды Ленин басқа бір хатында, «пайдалы болды (айта кетелік, циммервальдтық солшылдар үшін де) және бірге істестік те. Бірақ *Радек* те *ауытқиды*. Сондықтан бұл арада біздің тактикамыз *екі жақты* тактика (мұны Юрий+ +Ник. Ив. (Пятаков пен Бухарин.— *Ред.*) *ешбір* түсінгісі келмеді немесе түсіне алмады): бір жағынан, Радектің солға қарай жылжуына *көмектесу*, Циммервальдтық солшылдар үшін тартуға болатындардың бәрін *біріктіру*. Екінші жағынан, *негізгі мәселеде титтей де болсын* ауытқуларға жол бермеу» (бұл да сонда, 187—188-беттер).

«Коммунист» журналының 1—2-номерін әзірлеудің барысында-ақ «Социал-Демократ» редакциясының Бухаринмен, Пятаковпен және Бошпен арадағы алауыздық айқын көрінді; бұл алауыздық журналдың осы кітапшасы жарыққа шыққаннан кейін шиеленісе түсті. Бош, Пятаков және Бухарин 1915 жылдың күзінде өздері «Социал-Демократтың» редакциясына жіберген «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы ұраны туралы» тезистердің платформасының негізінде өз тобын құрып, партияның программасы мен тактикасының аса маңызды, принципті мәселелері — ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы, демократиялық талаптардың және жалпы алғанда программа-минимумның ролі туралы және басқа мәселелер жөнінде түп-тамырымен қате позиция ұстады (Лениннің осы томға енген мына мақалаларын қараңыз: ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы», «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап», «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы»).

1915 жылдың қысында «Социал-Демократтың» редакциясы Пятаковқа, Бош пен Бухаринге хат жазып, онда «Коммунистке» қатысудан бас тартатынын, өйткені іске партиялық тұрғыдан қарамайтын бұлар сияқты редакторлар үшін пар-

тиялық жауапкершілікті өздеріне ала алмайтынын мәлімдеді. «Біз «үштікке» (Юрий+Евг. Бош+Ник. Ив.) *уақытша* кеңшіліктер жасауға тиісті болдық,— деп жазды Ленин А. Г. Шляпниковке 1916 жылғы мартта,— өйткені *ол кезде* басқаша жолмен журнал шығаруға болмап еді (қазірде мүмкін); ал ең бастысы: ол кезде Евг. Бошты+Юрийді *жұмыс үстінде* әлі көрген жоқ едік, сондықтан *жұмыс* оларды *жоғары* өрлетеді деп үміт ете алып едік.

Ал олар төмендеп кетті.

Сондықтан уақытша одақты *міндетті түрде* тарату керек». (Шығармалар, 35-том, 188—189-беттер).

Сонымен бірге Радек оңшылдыққа қарай бет бұрып, большевиктерге қарсы әзәзілдік жасау жолына түсті. 1916 жылғы январьда поляк социал-демократиялық оппозициясының органы «Газета Роботничаның» 25-номерінде (оның редакциясында Радек басшылық роль атқарды) редакторлар коллегиясының 1915 жылғы июньде болған кеңесінің РСДРП Орталық Комитетінің соғыс, социал-шовинизм және центризм жөніндегі позициясына қарсы бағытталған қарарлары жарияланды. Радек Пятаков — Бош — Бухарин тобымен блок жасасып, сонымен бірге «Социал-Демократтың» редакциясына қарсы әзәзілдік жасады. 1916 жылы апрельде «Vorbote» журналында Радек жазып, «Газета Роботнича» редакциясы қол қойған «Империализм және ұлттық езушілік туралы тезистер» жарияланды; бұл тезистерде «империалистік экономизм» идеялары уағыздалды. Радектің осындай позиция ұстауына байланысты Ленин «Коммунисті» шығару ісінде Радекпен блокты сақтауға жол беру мүмкін емес деп есептеді.

«Коммунист» журналын шығаруды тоқтату қажет деп есептей отырып, Ленин оның орнына «Социал-Демократ» редакциясына ««Социал-Демократ» жинағын» шығаруды ұсынды. Ол Г. Е. Зиновьев пен А. Г. Шляпниковтің бұл мәселедегі солқылдақтығын, олардың Пятаков — Бош — Бухарин тобына ымырашылдық көзқарасын қатты сынады. 1916 жылы мартта Ленин ««Коммунист» журналын шығаруды тоқтату туралы РСДРП Орталық Комитеті қаулысының жобасын» жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы 27-том, 309—311-беттер). Журналдың шығарылуы тоқтатылды. Рас, әлі біраз уақыт бойы Пятаков — Бош — Бухарин тобымен келіс сөздер жүргізіле берді, бұл келіс сөздерді Зиновьев пен Шляпников жүргізді. Келісімге келудің соңғы әрекеті ретінде Ленин мынадай шарттарды ұсынды: 1) барлық ескі (ауызекі) шарттар жойылады; 2) номерді редакциялайтын «Социал-Демократтың» редакциясы мен бастырушылар арасындағы келісім журналдың әрбір кітабына жеке жасалады; 3) журнал Бернде және басқа атпен шығарылуға тиіс; 4) Бухарин, Пятков және Бош ««империалистік-экономикалық» сипаттағы топтың позициясынан» бас тартады (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 192-бет; 36-том, 391-

бет). Пятаков — Бош — Бухарин тобының «Коммунисті» өздерінің фракциялық органына айналдыруға, «Социал-Демократтың» редакциясына өздерін журналдың іс жүзіндегі қожайындары ететін және журналдың беттерінде марксизмге дұшпан идеяларды олардың уағыздауына мүмкіндік беретін. РСДРП-ға кірмейтін шетелдік топтарға журнал бетін ашатын, большевиктер мен басқа елдердегі солшыл социал-демократтар арасындағы алауыздықтарды өршітетін шарттарды күштеп таңуға тырысқан арсыздық әрекеттерін Ленин үзілді-кесілді қабылдамай тастады.

Лениннің қатты талап етуі бойынша Бухарин — Пятаков — Бош тобымен келіс сөздор тоқтатылды. Орталық Комитеттің Россиядағы бюросы «Коммунистің» редакциясы ішіндегі алауыздықтар туралы хабарды тыңдап, Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясымен өзінің толық ынтымақта екендігін мәлімдеді және «Орталық Комитеттің барлық басылымдарының қатаң ұстамды бағытта, Орталық Комитеттің соғыс басталған кезден бері ұстаған бағытына толық сәйкес түрде редакцияланатын болуына» тілек білдірді.

1916 жылдың жазынан бастап «Социал-Демократтың» редакциясы ««Социал-Демократ» жинағын» дайындай бастады. Жинақтың 1-номері 1916 жылғы октябрьде шықты.— *186.*

[72] *«Известия Заграничного Секретариата Организационного Комитета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии»* («Россия Социал-Деморкатиялық Жұмысшы Партиясының Ұйымдастыру Комитеті Шетелдік Секретариатының Хабарлары») — меньшевиктік газет. 1915 жылдың февралынан 1917 жылдың мартына дейін Женевада шығып тұрды. 10 номері шықты. Газет центристік позицияда болды.— *189.*

[73] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 114-бет.— *191.*

[74] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 288-бет.— *191.*

[75] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 1935, 370-бет.— *191.*

[76] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. XXIV том, 1931, 529—530-беттер.— *191.*

[77] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 380-бет.— *191.*

[78] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 443-бет.— *192.*

[79] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 208—209, 295, 340-беттер.— *192.*

[80] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 386—400-беттер.— *192*

[81] *Чхеидзе фракциясы* — IV Мемлекеттік думадағы Н. С. Чхеидзе басқарған меньшевиктік фракция. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Думадағы меньшевиктік фракция центристік позиция ұстап, іс жүзінде барлық жағынан орыс социал-шовинистерінің саясатын қолдады. 1916 жылы фракцияның құрамына М. И. Скобелев, И. Н. Туляков, В. И. Хаустов, Н. С. Чхеидзе, А. И. Чхенкели кірді. В. И. Ленин Чхеидзе фракциясының оппортунистік бағытын «Чхеидзе фракциясы және оның рөлі», «Ұйымдастыру комитетінің және Чхеидзе фракциясының өз бағыты бар ма?» деген мақалаларында және басқа шығармаларында сынға алды.— *199.*

[82] *«Наше Дело»* («Біздің Іс») — ай сайын шығып тұрған меньшевиктік журнал, Россиядағы жойымпаздардың, социал-шовинистердің басты органы; 1915 жылы Петроградта 1914 жылы октябрьде жабылған «Наша Заря» журналының орнына шығып тұрды. Журналға Е. Маевский, П. П. Маслов, А. Н. Потресов, Н. Череванин және басқалар жазып тұрды. 6 номері шықты.

«Голос Труда» («Еңбек Үні») — меньшевиктік жария газет, 1916 жылы «Наш Голос» газеті жабылғаннан кейін Самарада шықты. Барлығы үш номері шықты.— *199.*

[83] *Швейцария социал-демократиялық партиясының съезі* 1916 жылғы 4—5 ноябрьде Цюрихте өтті. Съездің күн тәртібінде мынадай мәселелер тұрды: Ұлттық советтегі социал-демократиялық фракцияның қызметі туралы; финанс реформасы туралы; Кинтальдағы халықаралық социалистік конференцияның шешімдеріне көзқарас туралы; Грютли одағына көзқарас туралы; партияның уставын қайта қарау туралы.

Съездің бірінші күні РСДРП Орталық Комитетінің атынан В. И. Ленин құттықтау сөз сөйледі; Лениннің неміс тілінде сөйлеген сөзін съезд делегаттары зор ынта қойып тыңдады. Съезде барлық мәселелер жөнінде дерлік Швейцария социал-демократиялық партиясында болған түрлі бағыттардың күресі өріс алды. Съезд жұмысының аяғына дейін оған қатысқан Ленин солшыл социал-демократтардың оңшылдар мен центристерге қарсы күрестегі батыл қимылдарын жағымды құбылыс ретінде атап көрсетті. Ұлттық советтегі социал-демократиялық фракцияның қызметі туралы мәселе жөнінде съезд Ұлттық советке мүше социал-демократтарды жұмысшы табының мүдделері жолындағы күресте үлгі болуға және өздерінің қызметінде партияның шешімдерін басшылыққа алуға міндеттеген шешім қабылдады. Финанс реформасы туралы мәселе жөнінде съезд Р. Гримм мен

Г. Губер ұсынған қарарды қабылдады; бұл қарарда үкіметтің тікелей салықтар салуды енгізуін мақұлдаумен қатар, жанама салықтарды — темекі монополиясының, штемпель салығының (герб алымының) енгізілуін, ішімдік монополиясын ұлғайту, т. т. мойындалды. Кинтальдағы халықаралық социалистік конференцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде қарардың екі жобасы: партия Басқармасынан және солшыл социал-демократтардан жобалар ұсынылды. Съезд бұл мәселені төтенше съездің қарауына қалдыру жөнінде шешім қабылдады. Партияның құрамына кірсе де, онда айрықша жағдайда болып, дүние жүзілік соғыс кезінде әсіре шовинистік позиция ұстаған Грютли одағы туралы мәселе жөнінде съезд Грютли одағында болу бұдан былай социал-демократиялық партияға мүше болумен сыйыспайды деген қаулы қабылдады. Партияның уставын қайта қарау туралы мәселе төтенше съездің қарауына қалдырылды.

В. И. Лениннің жазғанындай, Цюрих съезі «Циммервальдқа қосылу туралы және *революциялық бұқаралық күресті* мойындау туралы осы партия шешімінің (1915 жылғы Аараудағы съездің қарары) тек қағаз жүзінде қалып отырғанын, сөйтіп партия ішінде «центрдің»... әбден қалыптасқанын біржола дәлелдеп берді. Р. Гримм бастап отырған бұл «центр» «солшыл» мәлімдемелерді «оңшыл», яғни оппортунистік практикамен біріктіріп отыр» (осы том, 219-бет).— *202.*

[84] *«Халықаралық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитетті»* француз интернационалистері 1916 жылғы январьда құрды. Комитеттің құрамына Мергейм, Бурдерон, Буазле, Барри, Бювар, Кардье енді. «Халықаралық байланыстарды қалпына келтіру жөніндегі комитет» Францияда ресми социал-шовинистік ұйымдарға қарама-қарсы социалистердің революциялық ұйымын құру жолындағы алғашқы әрекет болды. Комитет империалистік соғысқа қарсы насихат жүргізді, империалистердің басқыншылық мақсаттарын және социал-шовинистердің сатқындығын әшкерелеген бірқатар кітапшалар мен листовкалар шығарды. Бірақ сонымен бірге Комитет оппортунистерден үзілді-кесілді қол үзу қажеттігін мойындамады, революциялық күресті өрістетудің айқын, дәйекті программасын ұсынбады. Комитет позициясының дәйексіздігіне қарамастан, Ленин оны Франциядағы интернационалистік элементтерді топтастыру және солшыл циммервальдистердің ықпалын күшейту үшін пайдалану қажет деп есептеді. Лениннің нұсқауы бойынша Комитеттің жұмысына И. Ф. Арманд қатысып жүрді.

Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясының және француз жұмысшы қозғалысының күшеюі ықпалымен Комитет революциялық-интернационалистік элементтердің орталығына айналды. 1920 жылы ол Франция коммунистік партиясына кірді.— *203.*

[85] Ленин бұл арада *«Berner Tagwacht»* газетін айтып отыр; бұл газетте Россия мен Германия арасында сепараттық бітім жасасу туралы келіс сөздер жөніндегі мынадай мақалалар мен заметкалар басылған болатын: «Die Vorbereitung des Separatfriedens» («Сепараттық бітімге әзірлік») деген хабар, 1916 жылғы 11 октябрьдегі 230-номерде; «Die Friedensgerüchte» («Бітім туралы лақаптар») деген бас мақала, 13 октябрьдегі 241-номерде; «Zum Separatfrieden» («Сепараттық бітім жөнінде») деген заметка, 14 октябрьдегі 242-номерде.— *206.*

[86] Бұл арада *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқарушы-информациялық органы айтылып отыр. Халықаралық социалистік бюроны құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900) қабылданды. Халықаралық социалистік бюроның тұрағы Брюссель қаласы болды. Халықаралық социалистік бюроның құрамына әрбір ұлттық партиядан 2 делегаттан енді. Халықаралық социалистік бюро жылына төрт рет жиналуға тиіс болды, ал оның мәжілістері аралығындағы уақытта Бюроның жұмысына басшылық ету Бельгия жұмысшы партиясының Атқару комитетіне тапсырылды. Халықаралық социалистік бюроның председателі Э. Вандервельде, секретары К. Гюисманс болды. 1905 жылдан бастап РСДРП-дан өкіл ретінде Халықаралық социалистік бюроға В. И. Ленин кірді. 1912 жылы Бүкіл россиялық VI (Прага) партия конференциясы В. И. Ленинді РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі етіп қайтадан сайлады. Кейінірек В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып М. М. Литвинов тағайындалды.

Дүние жүзілік империалистік соғыс басталғаннан кейін Халықаралық социалистік бюро социал-шовинистердің оңтайлы құралына айналды; Халықаралық социалистік бюроның тұрағы Гаагаға (Голландия) ауысты, оның жұмысына К. Гюисманс басшылық етті.— *216.*

[87] *«Халық Үні»* («Volksstimme») — газет, Герман социал-демократиялық партиясының органы. 1891 жылғы январьдан 1933 жылғы февральға дейін Хемницте шығып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет социал-шовинистік позиция ұстады.— *216.*

[88] Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде большевиктер партиясының жұмысына басшылық ете отырып, Швейцарияда тұрған В. И. Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясының да мүшесі болды, оның жұмысына қатысып отырды. Ол Швейцария солшыл социал-демократтарының қызметіне зор көңіл бөліп, оларға өзінің ақыл-кеңестерін айтып көмектесті, олардың жиналыстарына қатысты. Сол кезде Владимир Ильичпен жиі кездесіп жүрген Цюрих

дәрігері, социал-демократ Ф. Бруйбахер былай деп жазды: «Ленин Цюрихтің жұмысшы ұйымдарындағы пиғылды мұқият қадағалап отырды. Егер маңызды мәселе талқыланатын болса, ол ондай жиналысқа сөзсіз қатысып жүрді. Мәселен, Ленин ағаш өңдеу өнеркәсібі жұмысшыларының жиналысына қатысты, мұнда Жастар күні туралы мәселе талқыланған болатын; Цюрих Жұмысшы одағының соғыс жөнінде мәселе қаралған жиналыстарына қатысты; Готтингендегі жастар жиналысына қатысты, бұл жиналыста Платтен әскери қызметтен бас тарту туралы және армия ішінде революциялық насихат жүргізу туралы сөз сөйлеген болатын; Унтерштрассе мүшелері тобының жиналысына қатысты, бұл жиналыста мен соғыс туралы мәселе жөнінде сөз сөйлеген едім. Лениннің швейцариялық жолдастар жөніндегі төзімділігі шынында да ғажап болды» (Морис Пианзола. «Ленин Швейцарияда», М., 1958, 96-бет).

«Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистерді Ленин орыс және неміс тілдерінде жазды; тезистер француз тіліне аударылды. Тезистер Швейцариядағы большевиктік секцияларға, Швейцарияның солшыл социал-демократтарына жіберіліп, олардың жиналыстарында талқыланды.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде ««Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистердің жоспары», сондай-ақ «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері туралы айтыс жөніндегі тезистердің жоспары» басылып отыр (қараңыз: осы том, 416—419; 422—424-беттер). Тезистер жөніндегі дайындық материалдардың бәрі Лениннің XVII жинағында жарияланған.— *219.*

89 *«Arbeitsgemeinschaft»* («Еңбек ынтымағы»)— «Социал-демократиялық еңбек тобы», герман центристерінің ұйымы. Бұл топ жөнінде 56-ескертуді қараңыз.— *219.*

90 Бұл ұранды К. Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясының басқармасына 1914 жылғы 2 октябрьде жолдаған хатында ұсынған болатын. Бұл хаттың текстін Ленин «Интернационалдық социалистік комиссияға және барлық социалистік партияларға үндеу тезистерінің бастапқы жобасында» цитатқа келтіреді (қараңыз: осы том, 305—319-беттер).

К. Либкнехт хатының пайда болу тарихы мынадай. 1914 жылғы августа Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясының басқармасына соғысқа қарсы бірқатар митингілер ұйымдастыруды және рейхстагтағы фракцияның атынан партияның барлық мүшелерін бейбітшілік жолында күресуге шақырған манифест қабылдауды ұсынды. Либкнехттің ұсыныстары қабылданбады. 1914 жылғы сентябрьде Либкнехт Бельгия мен Голландияға барып, мұнда интерна-

ционалистік пиғылдағы социалистерді Герман социал-демократиялық партиясындағы істің жайы туралы толық хабардар етті. Либкнехт Германияға қайтып келгеннен кейін партияның басқармасы осы хабары үшін оны жауапқа тартты. Либкнехт осы хатпен жауап берді.— *219.*

[91] *Ольтен шешімі* — әскери мәселе жөніндегі шешім, ол Швейцария социал-демократиялық партиясының 1906 жылғы 10—11 февральда Ольтенде (Швейцария) өткен төтенше съезінде қабылданды.— *228.*

[92] *Grütli-Verein* (Грютли-одақ, Грютлишілдік одақ) — буржуазиялық реформистік ұйым; Швейцарияда 1838 жылы, Швейцария социал-демократиялық партиясы ұйымдастырылғанға дейін-ақ құрылған болатын. Grütli-Verein деп XVI ғасырда Габсбургтердің австриялық әулетінің езгісіне қарсы көтеріліске шыққан грютлишілдердің (заговоршылдардың) аты аңызға айналған одағы құрметіне аталды. 1901 жылы Грютли-одақ Швейцария социал-демократиялық партиясының құрамына кіріп, өзінің ұйымдық дербестігін, баспасөз органы — «Grütlianer» газетін сақтап қалды, сөйтіп өзінің буржуазиялық-ұлтшылдық бағытын жүргізе берді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) Грютли-одақ әсіре шовинистік позиция ұстап, оцшыл социал-шовинистердің тірегі болды. 1916 жылы ноябрьде Швейцария социал-демократиялық партиясының Цюрихте болған съезі Грютли-одақтың социал-шовинистік қызметін социал-демократиялық партияда болумен сыйыспайды деп есептеуге шешім қабылдады.— *229.*

[93] Осы тезистерді және томда жарияланып отырған басқа да бірқатар документтерді («Соғыс туралы мәселе жөніндегі принципті қағидалар», «Берндегі Халықаралық социалистік комиссияның мүшесі Шарль Нэнге ашық хат», «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис», «Жалған батпақ па, әлде шын батпақ па?», «Соғыс мәселесі жөніндегі қарарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс», «Бір социалистік партияның өміріндегі кішкене бір дәуірдің тарихы») В. И. Ленин Швейцария социал-демократиясында соғысқа көзқарас туралы мәселе жөнінде өрістеген айтысқа байланысты жазған болатын.

1916 жылғы августа партияның басқармасы 1917 жылғы 11—12 февральда соғыс мәселесін талқылау үшін төтенше съезд шақыру туралы шешім қабылдады. Швейцария социал-демократиясының 1916 жылғы 4—5 ноябрьде болған Цюрих съезі бұл шешімді қуаттап, төтенше съезге қарардың жобасын әзірлеу жөнінде комиссия құрды. Комиссияның құрамына енгендер: Е. Клэтти (председатель), Г. Аффольтер, П. Грабер, И. Губер, Г. Мюллер, Ш. Нэн, П. Пфлюгер, Э. Нобс және Ж. Шмид; кандидаттар — Генсер мен В. Мюнценберг. Партияның секретарьлары — Ф. Платтен және

Фендрих — комиссияның құрамына кеңесші дауыспен кірді. Платтен комиссияның жұмысына белсене қатысып, соғыс мәселесі жөніндегі өз тезистерін жазды.

Комиссия тезистердің екі жобасын жасады; көпшіліктің жобасы (Аффольтер, Грабер, Нэн, Нобс және Шмид) және азшылықтың жобасы (Клотти, Губер, Мюллер, Пфлюгер). Көпшіліктің қарары Р. Гриммнің 1916 жылғы июльде жарияланған центристік тезистерінің рухында жазылды. Азшылықтың қарары социал-шовинистік сипатта жазылып, онда социал-демократтарды соғыс бола қалған күнде «отан қорғауға» міндеттейтін пункт болды.

Швейцария солшылдарымен тығыз байланыста болған В. И. Ленин комиссияның жұмысы туралы жақсы хабардар болатын. «Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистерді» ол дәл осы солшылдарға көмек ретінде жазған еді. Ленин тезистерді жазу жөніндегі жұмысын Гриммнің тезистері мен Платтеннің тезистеріне талдау жасаудан бастады. Платтеннің тезистерін негізге алып, В. И. Ленин декабрьдің бас кезінде М. Г. Бронскийге жазған хатында, өзінің пікірі бойынша, солшылдардың қарарына енгізілуге тиісті негізгі бес пунктті тұжырымдап берді. Ленин өз тезистері жоспарының бірқатар нұсқаларын жазды, әсіресе тезистердің практикалық бөлімінің жоспарын егжей-тегжейлі талдап жасады, тезистердің бастапқы нұсқасын, одан кейін түпкілікті текстін жазды.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде тезистердің «Практикалық бөлімінің» түпкілікті текстен біраз айырмашылығы бар нұсқасы басылып отыр. Лениннің «Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистеріне» арналған дайындық материалдардың бәрі Лениннің XVII жинағының 44—89-беттерінде жарияланған.— *233.*

[94] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 507-бет.— *240.*

[95] *«Schweizerische-Metallarbeiter-Zeitung»* («Жұмысшы Металлистердің швейцариялық Газеті») — апталық газет; 1902 жылы Бернде құрылды; дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *241.*

[96] Ленин бұл арада *Фабий қоғамын* — 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымын айтып отыр; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл шайқас жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоға-

мының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мәселен, С. және Б. Веббтер, Р. Макдональд, Б. Шоу және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды және капитализмнен социализмге тек қана ұсақ реформалар жасау, сөйтіп қоғамды бірте-бірте өзгерту арқылы өтуге болады деп пайымдады. В. И. Ленин фабийшылдықты *«барын тұрған оппортунизм* бағыты» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 363-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) фабийшылдар социал-шовинизм позициясын ұстады. Фабийшылдарға берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Ағылшын пацифизмі және теорияны ағылшынша ұнатпаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 284—290-беттер) деген мақаласынан қараңыз.— *251.*

97 Англияның *Жұмысшы партиясы* (Labour Party) жұмысшы өкілдерін парламентке («Жұмысшы өкілдер комитетіне») өткізу мақсатында 1900 жылы кәсіподақтардың — тред-юниондардың, социалистік ұйымдар мен топтардың бірлестігі ретінде құрылды. 1906 жылы комитет Жұмысшы партиясы (лейбористік партия) болып атын өзгертті. Тред-юниондардың мүшелері партиялық жарна төлеген жағдайда өзінен-өзі партия мүшесі бола береді. Лейбористік партияға коллективтік правосы бар мүше ретінде кіретін Кооперативтік партия және Тәуелсіз жұмысшы партиясы тығыз жанасады. Лейбористік партияны Атқару комитеті басқарады, ол тред-юниондардың Бас советімен және Кооперативтік партияның Атқару комитетімен бірге Ұлттық еңбек советі дейтінді құрайды.

Бастапқыда құрамы жағынан жұмысшы партиясы болып қалыптасқан (кейін оған едәуір мөлшерде ұсақ буржуазиялық элементтер кірді) лейбористік партия өзінің идеологиясы мен тактикасы жөнінен оппортунистік ұйым болып табылады. Партия құрылған күннен бастап оның лидерлері буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатын жүргізіп келеді. «Жұмысшы партиясы,— деп жазды Ленин,— бүтіндей буржуазиялық партия, өйткені ол өзі жұмысшылардан құралса да, оған реакционерлер — толығынан буржуазия рухында әрекет жасайтын ең оңбаған реакционерлер — басшылық етіп отыр» (Шығармалар, 31-том, 259-бет). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) лейбористік партияның лидерлері социал-шовинистік позиция ұстады. Олар үкіметтің құрамына кірді, олардың белсенді қолдауымен жұмысшыларға қарсы бағытталған бірқатар заңдар (елді милитарландыру туралы және т. т.) қабылдан-

ды. Лейбористік партияның 1916 жылғы февральда болған конференциясы коалициялық үкіметке қатысуды мақұлдады.— *251.*

[98] 1916 жылдың аяғында — 1917 жылдың басында В. И. Ленин мемлекет туралы мәселемен қатты шұғылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельстің еңбектерін және басқа материалдарды зерттеді. Ленин Маркс пен Энгельстің шығармаларынан көшіріп алған үзінділерін өзінің ескертпелерімен және тұжырымдарымен қосып, көк мұқабалы жеке дәптерге (атақты «көк дәптер») жинап, оған «Марксизм мемлекет туралы» деп тақырып қойды. «Мен марксизмнің мемлекетке көзқарасы туралы мәселе жөнінде мақала дайындап жатырмын, (материалды дайындап қойдым дерлік)»,— деп жазды В. И. Ленин 1917 жылы 4(17) февральда А. М. Коллонтайға (Шығармалар, 35-том, 263-бет). Ленин мемлекет туралы мақаласын ««Социал-Демократ» жинағының» 4-номерінде жарияламақшы еді. Сірә, Ленин «Мемлекеттің ролі туралы мәселе жөнінде» (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 13—14-беттер) деген мақаланың жоспарын да сол кезде жасаған болса керек. Бірақ мақала ол кезде жазылған жоқ. «Марксизм мемлекет туралы» деген дәптерде жиналған материалдар Лениннің 1917 жылдың жазында жазылған «Мемлекет және революция» деген еңбегінің негізіне алынды.

«Марксизм мемлекет туралы» деген еңбек, «Мемлекеттің ролі туралы мәселе жөнінде» деген мақаланың жоспары және бұл мәселе жөніндегі басқа да материалдар В. И. Лениннің Шығармалары толық жинағының 33-томында берілген, 33-томға «Мемлекет және революция» деген кітап та енгізілген.— *255.*

[99] Әңгіме меньшевиктік Ұйымдастыру комитетінің документі — «Пролетариат және соғыс» (Ұйымдастыру комитетінің шетелдік секретариатының «Август блогының» ұйымдарына ұсынған платформасының жобасы. Цюрих, 1915 жыл) деп аталған үшінші хат жайында болып отыр. Хатқа Ұйымдастыру комитетінің 5 секретары, соның ішінде Л. Мартов та қол қойған.— *259.*

[100] *«Инициативалық топтарды»* жойымпаз-меньшевиктер құпия партия ұйымдарына қарама-қарсы 1910 жылдың аяғында құрды, олар бұл топтарды столыпиндік режимге бейімделетін жаңа, кең көлемді жария партияның ұялары деп білді. Жойымпаздар Петербургте, Москвада, Екатеринославта және Константиновкада (Донбасс) «инициативалық топтар» құра алды. Бұлар жұмысшы бұқарасымен байланысы жоқ шағын интеллигенттік топсымақтар болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде «инициативалық топтар» социал-шовинизм позициясын ұстады.— *261.*

[101] *Дело* («Іс») — екі аптада бір рет шығып тұрған меньшевиктік журнал. 1916 жылғы августан 1917 жылғы январьға дейін А. Н. Потресовтың, П. П. Масловтың және Л. И. Аксельродтың (Ортодокс) редакциялауымен Москвада шығып тұрды. 1916 жылы 10 номері (бұлардың үшеуі қос номерлер), 1917 жылы бір номері шықты. Журнал шовинистік позиция ұстады.— *263.*

[102] *«Дискуссионный Листок»* («Айтыс Листогы») — РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетіне қосымша; РСДРП Орталық Комитетінің январь (1910) пленумының қаулысы бойынша 1910 жылғы 6(19) марттан 1911 жылғы 29 апрельге (12 майға) дейін Парижде шығып тұрды. Үш номері шықты. Редакцияның құрамына большевиктерден, меньшевиктерден, ультиматистерден, бундшылдардан, плехановшылдардан, поляк социал-демократиясынан және Латыш өлкесінің социал-демократиясынан өкілдер кірді. «Дискуссионный Листокта» В. И. Лениннің мынадай мақалалары жарияланды: «Публицистің заметкалары», «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні», «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330, 389—409; 20-том, 252—263-беттер).— *263.*

[103] *«Голос»* («Үн») — социал-шовинистік бағыттағы меньшевиктік газет; 1916 жылы Самарада шығып тұрды. Төрт номері шықты. Газет сол Самарада шығып келген меньшевиктік «Наш Голос» және «Голос Труда» газеттерінің жалғасы болды.— *263.*

[104] Бұл арада меньшевиктер шығарған *«Kriegs und Friedensprobleme der Arbeiterklasse»* («Жұмысшы табы үшін соғыс пен бітім проблемасы») деген кітапша айтылып отыр; бұл кітапша Циммервальдтағы 2-конференцияның бітім жолындағы күресте пролетариаттың міндеттері туралы мәселе жөніндегі манифесінің қарары жобасының қайта басылуы болды, бұл жобаны конференцияда П. Аксельрод, С. Лапинский және Л. Мартов ұсынған еді.— *264.*

[105] Бұл арада II Интернационалдың Штутгарт конгресінің (1907) «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарына енгізілген түзетулер айтылып отыр.

А. Бебель ұсынған қарар жобасын талқылау кезінде В. И. Ленин поляк социал-демократиясының өкілдері қолдаған өз түзетулері арқылы жобаны революциялық марксизм рухында түбегейлі өзгертуге қол жеткізді. Қарарға төмендегі аса маңызды принциптік қағида енгізілді: «Соғыс дегенмен бұрқ ете қалған жағдайда, олар (түрлі елдердің жұмысшы табы және оның парламенттердегі өкілдері.— *Ред.*) соғыс туғызған экономикалық және саяси дағдарыс-

ты халық бұқарасын оятып, капиталистік таптық үстемдіктің құлауын тездету үшін пайдалануға барлық құралдарды қолдана отырып ұмтылуға... тиіс» («Пролетарий» № 17, 20 октябрь, 1907 ж., 6-бет).

Штутгарт конгресінің «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» деген қарарды қабылдауы халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік қанатты революциялық қанаттың мықтап жеңуі болды. Штутгарт конгресі туралы В. И. Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79, 82—94-беттер).— *265.*

[106] В. И. Ленин *«Буржуазиялық пацифизм мен социалистік пацифизм»* деген мақаласын орыстың эмигрант-социалистері Нью-Йоркте шығарып тұрған «Новый Мир» газетінде жарияламақ болған. Бірақ бұл газетте мақала басылған жоқ. Мақаланың алғашқы екі тарауы қайта өңделген түрінде «Социал-демократ» газетінің 1917 жылғы 31 январьдағы соңғы, 58-номерінде «Дүние жүзілік саясаттағы бет бұрыс» деген тақырыппен басылды (қараңыз: осы том, 377—387-беттер).— *267.*

[107] *Confédération générale du Travail* (Бас еңбек конфедерациясы немесе Кәсіптік жұмысшы одақтарының жалпы одағы)— кәсіподақтардың 1895 жылы құрылған жалпы француздық бірлестігі. Конфедерация анархо-синдикалистер мен реформистердің ықпалында болды, оның лидерлері күрестің тек қана экономикалық формаларын мойындап, пролетариат партиясы тарапынан кәсіптік қозғалысқа басшылық жасалуын теріске шығарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде (1914—1918) конфедерацияның басшылары империалистік буржуазия жағына шығып, таптардың ынтымақтасуы және «отан қорғау» саясатын жүргізді.

Жалпы еңбек конфедерациясының Ленин айтып отырған конгресі 1916 жылы 24—26 декабрьде Парижде өтті. Күн тәртібінде екі мәселе болды: 1) Конфедеральдық комитеттің 1914 жылғы августан бергі есебі және 2) Еңбек мәселелері. 26 декабрьдегі қорытынды мәжілісте Америка Құрама Штаттарының президенті Вильсонның соғысты аяқтау туралы мәселе жөнінде соғысып жатқан елдерге нотасы туралы конфедеральдық секретарьдың хабары тыңдалды. Конфедерация бұл мәселе жөніндегі қарарды бірауыздан дерлік қабылдады, Ленин осы қарардың текстін цитатқа келтіріп отыр.— *281.*

[108] *Француз социалистік партиясы* Франция социалистік партиясы (гедистер) мен Француз социалистік партиясының (жоресистер) қосылуы нәтижесінде 1905 жылы құрылған болатын. Біріккен партияны реформистер басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап партияның

басшылары социал-шовинизм позициясына, империалистік соғысты ашық қолдап, буржуазиялық үкіметке қатысу позициясына көшті. Партия ішінде Ж. Лонге басқарған, социал-пацифизм позициясында болып, социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізген центристік бағыт бар еді. Сондай-ақ, Француз социалистік партиясы ішінде интернационалистік позиция ұстаған және көбінесе партияның қатардағы мүшелерінің өкілі болған революциялық, сол қанат та болды.

Француз социалистік партиясының Ленин айтып отырған конгресі 1916 жылы 25—30 декабрьде өтті. Конгрестегі негізгі мәселе бітім туралы мәселе болды. Жарыс сөздердің нәтижесінде бірқатар қарарлар қабылданды. Олардың ішінде — циммервальдтық идеяларды насихаттауға қарсы қарар және қорғаныс министрлігіне партия өкілдерінің қатысуын мақұлдау туралы Ренодельдің қарары бар.— *281.*

[109] *«La Bataille»* («Күрес»)— газет, француз анархо-синдикалистерінің органы; жабылып қалған «La Bataille Sindicaliste» («Синдикалистік Күрес») газетінің орнына 1915 жылдан 1920 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Грав, Гюйом, Дюбрейли, Жуо, Корнелиссен және басқалар газетке басшылық ете отырып қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында газет социал-шовинистік позиция ұстады.— *284.*

[110] Бұл мақала В. И. Лениннің француз социалист-центрисі Б. Суваринның 1916 жылғы 10 декабрьде «Le Populaire du Centre» («Центрдің Халықтық Газеті») деген газетте басылған «A nos amis qui sont en Suisse» («Швейцариядағы достарымызға») деген ашық хатына берілген жауап еді.

Лениннің жауабы Суваринге жіберілген, ол 1918 жылғы январьда бұл жауапты өзінің алғы сөзімен бірге жариялау үшін социалистік «La Vérité» («Шындық») газетінің редакциясына берген; ол хат газеттің 24 январьдағы 45-номеріне терілген, бірақ цензура алып тастаған, сондықтан газеттің номері ашық қалған жермен шығып, онда «Un document inédit. Une lettre de Lénine» («Басылмаған документ. Лениннің хаты») деген тақырып тұрды және «Lénine» деп қол қойылған. Үш күннен кейін, 27 январьда, «Борис Суваринге ашық хат» көп қысқартылып, редакциялық тақырыпшалармен «La Vérité» газетінің 48-номерінде басылды. В. И. Ленин хатының толық тексті бар осы газеттің гранкасы сақталған, бұл хат осы тексті бойынша 1929 жылы «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде басылды.— *292.*

[111] *«L'Humanité»* («Адамзат»)— күнделікті газет; Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес ұйымдастырған. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, социал-шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы газеттің басшысы, оның саяси директоры француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен болды. 1918—1920 жылдары газет Совет республикасына қарсы күресу үшін өзінің қарулы күштерін Россияға жіберген француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет оның орталық органына айналды.— *295.*

[112] *«Appeal to Reason»* («Парасатқа Шақыру»)— американ социалистерінің газеті; Канзас штатының Жирард қаласында 1895 жылы негізі салынған. Америка Социалистік партиясымен ресми байланысы болмаса да, газет социалистік идеяларды насихаттады және жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позиция ұстады.

В. И. Ленин бұл арада Ю. Дебстің «When I Shall Fight» («Мен шайқасқа шыққан шақта») деген мақаласын айтып отыр, бұл мақала газеттің 1915 жылғы 11 сентябрьдегі 1,032-номерінде жарияланған.— *300.*

[113] 1912 жылғы январьда РСДРП Алтыншы (Прага) конференциясы меньшевиктерді партиядан шығарды.

РСДРП Бүкіл россиялық Алтыншы конференциясы 1912 жылы 5—17 (18—30) январьда Прагада өтті, іс жүзінде съездің ролін атқарды. Конференцияға В. И. Ленин басшылық етті. Ол қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, сондай-ақ басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Ленин конференцияның күн тәртібіндегі барлық аса маңызды мәселелер жөніндегі қарарлар жобаларының авторы болды.

Конференцияда қабылданған «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қарарлардың зор принциптік және практикалық маңызы болды. Конференция жойымпаздар өз қылығымен өздерін партиядан біржолата тыс қойды деп мәлімдеді және оларды РСДРП-дан шығарды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдер мен троцкистердің әрекеттерін айыптады. Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға жәрдемдесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапыды және «социал-демократиялық жұмыстың орыстық орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын» шетелдік топтар «РСДРП атағымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Конференция «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары ту-

ралы» қарар қабылдады, партияның ұйымдық уставының В. И. Ленин ұсынған жобасын бекітті, РСДРП Орталық Комитетінің Орталық Органы етіп «Социал-Демократ» газетін бекітті, партияның Орталық Комитетін сайлады, Орталық Комитеттің Орыс бюросын құрды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясының — жаңа түрпатты партияның құрылысында, оның бірлігін нығайтуда аса көрнекті роль атқарды. Конференция большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңінің қорытындысын шығарды және жойымпаз-меньшевиктерді партиядан қуып шығып, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жергілікті жерлердегі партия ұйымдары конференция шешімдерінің негізінде топтасты. Конференция партияның жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы саяси бағыты мен тактикасын белгілеп берді.

Прага конференциясының зор халықаралық маңызы болды. Конференция II Интернационал партияларының революциялық элементтеріне оппортунизмге қарсы батыл күресудің үлгісін көрсетті, бұл күресті оппортунистермен ұйымдық жағынан толық ажырасуға дейін жеткізді. Прага конференциясы туралы неғұрлым толық деректі Шығармалар толық жинағы 21-томының 133—172-беттерінен қараңыз.— *302.*

[114] *«Трибуна»* («De Tribune») — 1907 жылы Голланд социал-демократиялық жұмысшы партиясының сол қанаты (А. Паннекук, Г. Гортер, Д. Вайнкоп, Г. Роланд-Гольст) негізін салған газет. 1909 жылдан бастап, солшылдар партиядан шығарылып, олар Голландия социал-демократиялық партиясын ұйымдастырғаннан кейін, осы партияның органы болды; 1918 жылдан — Голланд коммунистік партиясының органы; осы атпен 1940 жылға дейін шығып тұрды.— *304.*

[115] *«Интернационалдық социалистік комиссияға және барлық социалистік партияларға арналған үндеу тезистерінің алғашқы жобасы»* 1917 жылғы январьдың алғашқы күндерінде жазылған болатын. Қолжазбада тақырыптың астында Лениннің: «(I. S. K.-ға жіберу үшін және баспасөз үшін)» деген жазуы бар.

1917 жылы 7 январьда Интернационалдық социалистік комиссияның председателі, каутскийшілдік позиция ұстаған Р. Гримм, Швейцария солшылдарымен санаспай, Швейцария социал-демократиялық партиясының басқармасында соғыс туралы мәселе жөнінде партияның төтенше съезін шақыруды белгісіз уақытқа кейінге қалдыру туралы шешімді өткізді. Нақ сол күні Берлинде герман социал-демократиясындағы центристік оппозицияның конференциясы болып, ол К. Каутский жазған пацифистік манифесті қабылдады. «Ein Friedensmanifest der deutschen Parteiopposition» («Неміс партиялық оппозициясының бейбітшілік манифесі») деп

аталған осы манифест бірқатар неміс газеттерінде жарияланды. Швейцарияның социалистік «Volksrecht» газетінде манифест 11 январьда басылды. Бұл оқиғалар оңшыл циммервальдистердің ашықтан-ашық социал-шовинистер жағына шыққанын көрсетті. Ленин осыған байланысты жобаға бірқатар өзгерістер енгізді, бірақ онан соң оны жариялауды кейінге қалдыруды үйғарып, оған былай деп белгі соқты: «1917 ж. 7 январьга дейін жазылған, сондықтан біраз ескірген». Кейінірек осы жобаның негізінде Ленин «Соғысқа қарсы күресті және өз үкіметтерінің жағына шығып кеткен социалистерге қарсы күресті қолдаушы жұмысшыларға» үндеу жазды (қараңыз: осы том, 331—341-беттер).— *305.*

[116] *«Grütlianer»* («Грютлишіл») — газет; Швейцарияның буржуазиялық-реформистік «Грютли-одағының» органы; 1851 жылы Цюрихте негізі қаланған. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде (1914—1918) газет социал-шовинизм позициясында болды. Ленин бұл газетті «буржуазияның жұмысшы қозғалысы ішіндегі дәйекті және ашық малайларының» газеті деп атады.— *322.*

[117] Әңгіме Швейцария жұмысшы ұйымдарының 115 өкілінің 1916 жылы 6 августа Цюрихте болған және қымбатшылықтың өсуіне байланысты жұмысшылардың ауыр жағдайын талқылауға арналған конференциясы жайында болып отыр. Конференцияда Р. Гримм баяндама жасады.

Гриммнің баяндамасы бойынша қабылданған қарар және конференцияның жұмысы туралы қысқаша мәліметтер «Die schweizerische Arbeiterschaft und die Teuerung» («Швейцария жұмысшылары және қымбатшылық») деген тақырыппен 1916 жылғы 8 августа «Volksrecht» газетінің 183-номерінде жарияланды. Конференция қабылдаған, Ұлттық советке арналған үндеу «Massnahmen gegen die Teuerung» («Қымбатшылыққа қарсы шаралар») деген тақырыппен газеттің 10 августағы 185-номерінде басылды.— *326.*

[118] Әңгіме, сірә, «Parteibeschlüsse» («Партияның шешімдері») деген тақырыппен «Berner Tagwacht» газетінің 1917 жылғы 8 январьдағы 6-номерінде басылған редакциялық мақала жайында болып отырса керек.— *338.*

[119] В. И. Ленин *«1905 жылғы революция туралы баяндаманы»* Швейцария жұмысшы жастарының Цюрихтегі Халық үйінде болған жиналысында 1917 жылғы 9(22) январьда неміс тілінде жасаған. Ленин баяндаманы жазуды 1916 жылғы декабрьдің жиырмаларында бастаған. Ленин 7(20) декабрьде В. А. Карпинскийге жазған хатында 1905 жылғы революция туралы Цюрихте өзінің баяндама жасайтын ойы бар екенін хабарлап, өзіне қажетті әдебиетті тізіп көрсетіп, оны

салып жіберуді сұраған (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 414-бет).

Баяндамаға арналған дайындық материалдар Лениннің XXVI жинағында жарияланған.— *342.*

[120] *«Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис»* деген мақаланы В. И. Ленин Швейцария социал-шовинисі Г. Грейлихтің сериялы мақалаларына жауап ретінде жазды, Грейлихтің мақалалары 1917 жылғы 23—26 январьда Цюрихтегі социал-демократиялық газет — «Volksrecht»-тің 19—22-номерлерінде «Zur Landesverteidigung» («Отан қорғау туралы мәселе жөнінде») деген жалпы атпен басылды.

Лениннің тезистері «—е—» деп қол қойылып, сол газеттің 31 январьдағы және 1 февральдағы 26—27-номерлерінде басылды. «Volksrecht» газетінің редакторы Э. Нобс тезистердің текстінен бірнеше абзацты алып тастаған, ал қолжазбада Грейлихтің фамилиясы алдына барлық жерде «Genosse» деген сөз жазылған. Нобс тезистерден мына жерлерді сызып тастаған: 1) Тоғызыншы пунктте — үшінші абзацтан «Бірақ, шынын айтқанда, қандай» деген сөздерден бастап, осы пункттің аяғына дейін. 2) Он бірінші пунктте — «Жарайды! Бірақ бұл» деген сөздерден бастап, «социализм емес» деген сөздерге дейін бүкіл екінші абзац сызылып тасталған. 3) Он екінші пунктте — бесінші абзацтың: «сыпайыгершілікпен социал-патриоттарды грютлилік одаққа тайып тұруға шақыру» деген қорытынды сөздері сызылып тасталған.

В. И. Лениннің мақаласы бірінші рет Лениннің XVII жинағында толық басылды.— *366.*

[121] *«Le Populaire»* («Халық Газеті») — француз центристері негізін қалаған газет; 1916 жылдан бастап Лиможде, 1917 жылғы июльден бастап Парижде шығып тұрды. 1916 жылы газеттің редакторы Ж. Лонге болды. Газетке П. Бризон, А. Прессман, Ж.-П. Раффен-Дюжан, Б. Суварин, П. Фор және басқалар жазып тұрды. Газет 1921 жылдан бастап Француз социалистік партиясының органына айналды. Қазіргі уақытта газет оңшыл социалистердің қолында.— *377.*

[122] Бұл арада «Социал-Демократ» газетінің 57-номерінде басылған, А. И. Гучковтың 1916 жылы 15(28) августа жоғарғы бас қолбасшының бас штабының бастығы генерал М. В. Алексеевке жазған хаты және Германия ішкі істер министрі К. Гельферихтің көптеген социал-демократтардың қамауға алынуы туралы оппозицияның сұрау қоюына жауап ретінде рейхстагта сөйлеген сөзінен алынған үзінділер айтылып отыр.

Гучковтың хаты басқа материалдармен бірге Россиядан «Социал-Демократ» редакциясына жіберілген болатын. 1916

жылғы 5(18) декабрьде И. Ф. Армандқа жолдаған хатында В. И. Ленин былай деп жазды: «С.-Петербургтен бүгін тағы да бір хат алынды — кейінгі уақытта ол жерден тынбай жазуда.

Гучковтың хатынан басқа — бұл хат Орталық Органның 57-номерінде басылады...— Львов пен Челноковтың хаттары да алынды, бұл хаттардың бәрі де ел ішіндегі (сеператтық бітім туралы келіс сөз жүргізіп жатқан сатқындарға қарсы) ызалану туралы жазылған etc.» (Шығармалар, 35-том, 235-бет).

Гучковтың хаты орыс буржуазиясының өсіп келе жатқан революциядан қорқатындығын және революцияның шабуылын тоқтатуға қабілетсіз үкіметке наразы екендігін білдірді. Гельферих сөзінің мәні: революцияға жол бергеннен гөрі, оның көсемдерін қамауға алып, революция шабуылының алдын алған жақсы дегенге келіп сайды.— *379.*

[123] Бұл арада *«Барлық қосылушы партиялар мен топтарға»* деген үндеу айтылып отыр, бұл үндеуді Интернационалдық социалистік комиссияның кеңейтілген кеңесі 1916 жылы февральда қабылдаған-ды. Үндеуде социал-шовинистер және Халықаралық социалистік бюроның социал-шовинистік позициясы қатты сыналған еді. Социалистердің «өзара амнистиясы» арқылы II Интернационалды қалпына келтіру жөнінде Халықаралық социалистік бюро лидерлерінің жасаған әрекеттері үндеуде «социализмге қарсы заговор» деп аталды. Үндеу социалистерден соғыс кредиттерін жақтап дауыс беруден бас тартуды талап етті, сөйтіп оларды стачкалар, демонстрациялар, траншеяларда бауырласуды ұйымдастыруға және империалистік соғысқа қарсы революциялық күрестің басқа да формаларын қолдануға шақырды. I. S. K. үндеуі 1916 жылы 29 февральда Интернационалдық социалистік комиссия «Бюллетенінің» 3-номерінде және 25 мартта «Социал-Демократ» газетінің 52-номерінде басылды.— *382.*

[124] Бұл арада Ф. Туратидің 1916 жылы 17 декабрьде Римде парламент мәжілісінде соғыстың империалистік сипатын ақтап сөйлеген сөзі айтылып отыр. Бұл сөз 18 декабрьде «Avanti!» газетінің 345-номерінде басылды. Бұл сөзге берілген бағалар, түрлі елдердің социалистік баспасөзінің берген түсініктерінен алынған үзінділермен қоса «Volksrecht» газетінің 23 декабрьдегі 301-номерінде «Eine Rede Turatis über das Friedensangebot» («Туратидің бітімшіл ұсынысы туралы сөзі») деген тақырыппен басылды.

Ленин Туратидің сөзін «Буржуазиялық пацифизм мен социалистік пацифизм» деген мақаласында цитатқа келтіріп, сынайды (қараңыз: осы том, 277—281-беттер).— *385.*

[125] Ленин *«Статистика және социология»* деген еңбегін П. Пирючев деген бүркеншік атпен жария түрде жеке кітапша

стіп бастырып шығармақшы болған еді. Бірақ оның еңбекті аяқтауының сәті түспеді.

Осы томның «Дайындық материалдар» бөлімінде кітапша жоспарының негүрлым толық нұсқасы жарияланып отыр (429—433-беттерді қараңыз). Кітапшаның сақталған барлық дайындық материалдары Лениннің XXX жинағының 280—300-беттерінде жарияланған.— *388.*

[126] Бұл мақала Р. Гриммнің «Mehrheit und Minderheit in der Militärfrage» («Көпшілік пен азшылық соғыс мәселесі жөнінде») деген мақаласына жауап ретінде жазылған; Гриммнің мақаласы «Berner Tagwacht» газетінің 1917 жылдың 23—27 январындағы 19—23-номерлерінде және «Neues Leben» журналының 1917 жылғы 1-номерінде басылған.— *396.*

[127] *«Соғыс мәселесі жөніндегі қарарға өзгерістер енгізу туралы ұсынысты»* Цюрих социал-демократиялық ұйымының 1917 жылы 11—12 февральда Тёссте болған кантондық съезінде соғыс мәселесі талқыланған кезде Швейцария солшыл социал-демократтары енгізген болатын.

Съезде қарардың екі жобасы ұсынылды: 1) соғыс мәселесі жөніндегі комиссия азшылығы қарарының социал-шовинизм рухында оңшылдар жазған жобасы және 2) комиссия көпшілігі қарарының центристік жобасы. Съезд көпшілік қарарының жобасын көпшілік дауыспен (65 дауысқа қарсы 93 дауыспен) қабылдады. Социал-шовинистердің қарары өтіп кетпеуі үшін солшылдар көпшіліктің қарарын жақтап дауыс берді, бірақ осы қарарға өзгерістер енгізу туралы осы жарияланып отырған ұсынысты енгізді, оны съезд қабылдады. Документтің машинкада басылған көшірмесіне В. И. Ленин съезде берілген дауыстың нәтижелерін жазып қойған:

—82
«Klöti мен К° қарары үшін оңшылдар 65 // 32+32 осы қа-
Гриммнің — центристердің қарары үшін 93 ⟪ + рарды жақтай-
ды 158-ден 61
Барлығы 158 »

Соғыс мәселесі жөніндегі қарарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныс В. И. Лениннің тікелей қатысуымен 1917 жылғы февральда Швейцария солшыл социал-демократтары бастырып шығарған «Gegen die Lüge der Vaterlandsverteidigung» («Отан қорғау туралы өтірікке қарсы») деген листоктың 1-номерінде басылған.

Швейцария социал-демократиялық партиясындағы күрес туралы Лениннің «Бір социалистік партияның өміріндегі кішкене бір дәуірдің тарихы» деген мақаласын қараңыз (осы том, 401—406-беттер).— *401.*

[128] Бұл арада комиссияның көпшілігі мен азшылығы қарарларының жобалары айтылып отыр, бұл жобалар 1917 жылы 9 январьда «Anträge der Militärkommission» («Соғыс жөніндегі комиссияның ұсыныстары») деген жалпы тақырыппен «Volksrecht» газетінің 7-номерінде жарияланды.— *402.*

[129] Ленин бұл арада соғысқа көзқарас туралы мәселені талқылау үшін Швейцария социал-демократиялық партиясының төтенше съезін шақыру туралы мәселе жөнінде болған референдумды айтып отыр. Референдум социал-демократиялық партия басқармасының съездің шақырылуын белгісіз уақытқа кейінге қалдыру туралы қаулысына байланысты, Швейцария солшыл социал-демократтарының инициативасы бойынша басталған болатын.

1917 жылы 23 январьда «Volksrecht» газетінің 19-номеріндегі «Aus der Partei» («Партиядан») деген бөлімде референдумды ұйымдастыру жөніндегі инициативалық топтың үндеуі «Das Referendum gegen den Parteivorstandbeschluβ ergriffen» («Партия басқармасының шешіміне қарсы референдум басталды») деген тақырыппен басылды.— *402.*

[130] *«Neue Freie Zeitung»* («Жаңа Азат Газет») — Швейцарияның Золотурн кантоны социал-демократиялық ұйымының органы; 1905 жылдан 1920 жылға дейін Ольтенде шығып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) газет центристік позиция ұстады.— *402.*

[131] *«Basler Vorwärts»* («Базельдік Алға») — Швейцарияның Базель кантоны социал-демократиялық ұйымының газеті; 1898 жылы негізі қаланған; дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында (1914—1918) центристік позиция ұстады.— *403.*

[132] Бұл арада Г. Грейлихтің 1917 жылы 26 январьда «Volksrecht» газетінің 22-номерінде басылган «Zur Landesverteidigung» («Отан қоргау туралы мәселе жөнінде») деген мақаласы айтылып отыр. Көпшілік қарарының 3-параграфының текстін В. И. Ленин жоғарыда келтіріп отыр.— *403.*

[133] «Zum Referendum» («Референдум жөнінде») деген редакциялық заметка 1917 жылы 27 январьда «Volksrecht» газетінің 23-номеріндегі «Aus der Partei» («Партиядан») деген бөлімде жарияланды.— *403.*

[134] Бұл арада Ф. Платтеннің 1917 жылы 1 февральда «Volksrecht» газетінің 27-номерінде бас мақала ретінде жарияланған «Die Militärfrage» («Соғыс мәселесі») деген мақаласы айтылып отыр. Мақаланың жалғасы 2, 5 және 6 февральдағы 28, 30 және 31-номерлерде басылған.— *404.*

[135] В. И. Ленин бұл арада 1917 жылы 9 февральда «Volksrecht» газетінің 34-номерінде жарияланған «Abänderungsanträge zu

der Resolution der Militärkommission» («Соғыс мәселесі жөніндегі комиссия көпшілігінің қарарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар») туралы айтып отыр.— *405.*

[136] В. И. Ленин бұл документті жеке параққа жазған және мұның өзі, сірә, «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары» деген мақаланың тиісті жерлерінің нұсқасы болса керек (осы томның 51—52-беттерін, сондай-ақ 27-ескертуді қараңыз).— *409.*

[137] В. И. Ленин бұлай аталатын мақаланы жазған жоқ.— *413.*

[138] В. И. Ленин бұл арада фабийшылдардың, Э. Вандервельденің, Ж. Жорестің және басқалардың, 1907 жылы II Интернационалдың Штутгарт конгресінде отар мәселесі жөнінде және антимилитаризм туралы мәселе жөнінде оппортунистік позиция ұстағанын айтып отыр.— *414.*

[139] 1915 жылы К. Каутскийдің «Nationalstaat, imperialistischer Staat und Staatenbund» («Ұлттық мемлекет, империалистік мемлекет және мемлекеттердің одағы») деген кітабы шығып, онда Каутский Европа Құрама Штаттары идеясын қорғады және «капиталдың ұлғаюға ұмтылуына»... «еркін сауда арқылы, бейбіт товар айырбасы арқылы... бәрінен жақсы түрде жетуге болады» деп дәлелдеді. Каутскийдің өз кітабында айтқан қағидаларын Ленин «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабында (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 331—467-беттер) және «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі» деген мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 221—283-беттер және осы том, 183—201-беттер) өлтіре сынады.— *414.*

[140] *Мильеранизм* — француз социалисі А. Мильеранның есімімен аталған оппортунистік ағым; Мильеран 1899 жылы француздың реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, буржуазияның өз саясатын жүргізуіне жәрдемдесті.— *414.*

[141] *Бернштейншілдік* — герман және халықаралық социал-демократиясында марксизмге дұшпан оппортунистік ағым, бұл ағым XIX ғасырдың аяқ кезінде пайда болып, герман социал-демократиясындағы ревизионистік тенденциялардың neғұрлым айқын өкілі Э. Бернштейннің есімімен аталған.— *414.*

[142] Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері туралы айтысқа арналған тезистердің жоспары, сірә, Лениннің Швейцария социал-демократиясындағы жағдай туралы рефератына немесе бірқатар рефераттарына арналып жазылған болса керек.

Жарияланып отырған документтегі бірінші пункт бұл

тезистер негізінен алғанда Швейцария социал-демократиялық партиясының орыс мүшелері үшін немесе эмигрант орыс социал-демократтары үшін жазылған деп ойлауға негіз болады.— *422.*

[143] Бұл документ Г. Е. Зиновьевтің максимализм туралы мақаласына В. И. Лениннің жасаған ескертулері болып табылады, Зиновьевтің мақаласы «Коммунист» журналында немесе «Социал-Демократ» газетінде жариялануға тиіс еді. Мақала баспасөзде шыққан жоқ.— *425.*

[144] В. И. Ленин бұл арада Р. Гильфердингтің «Финанс капиталы. Капитализм дамуындағы ең жаңа фаза» деген кітабын айтып отыр. Неміс тілінен автормен бірлесе отырып аударған И. Степанов, Москва, 1912 жыл.— *430.*

[145] *Joseph Patouillet. «L'impérialisme américain», Dijon,* 1904 (Жозеф Патуйе. «Американ империализмі», Дижон, 1904). Junius — Роза Люксембургтің бүркеншік аты; оның «Die Krise der Sozialdemokratie» («Социал-демократияның дағдарысы») деген кітабы 1916 жылы шықты. В. И. Лениннің осы шығармадан жазып алған үзінділерін мынадан қараңыз: Шығармалар, 39-том, 298—304-беттер.— *430.*

[146] Ленин бұл арада неміс шовинисі Пауль Ленчтің «Die Glocke» («Қоңырау») журналында басылған мына екі мақаласын айтып отыр: «Die Selbstbestimmungsf lause» («Өзін өзі билеу туралы сандырақ»)— № 8, 1915 ж. және «Socialismus und Annexionen in der Vergangenheit» («Социализм және өткендегі аннексия») — № 9, 1916 ж. П. Ленчтің мақалаларынан В. И. Лениннің жазып алған үзінділерін Лениннің XXX жинағының 118—127-беттерінен қараңыз.— *430.*

[147] В. И. Ленин бұл арада, сірә, Каутскийдің мына бес мақаласын айтып отырған болса керек: 1) «Sozialdemokratische Anschauungen über den Krieg vor dem jetzigen Krieg» («Қазіргі соғыс алдында соғысқа социал-демократиялық көзқарас»(—«Die Neue Zeit» № 13, 29 декабрь. 1916; 2) «Neue Sozialdemokratischen Auffassungen vom Krieg» («Социал-демократтардың соғысты жаңа тұрғыдан түсінуі»)— «Die Neue Zeit», № 14, 5 январь, 1917; 3) «Friedensbedingungen» («Бітім шарттары»)— «Leipziger Volkszeitung» № 281, 15 декабрь, 1916; 4) «Die Aufnahme des Friedensangebots» («Бітім ұсынысын қабылдау»)— «Leipziger Volkszeitung» № 286, 21 декабрь, 1916; 5) «Der Heiland der Welt» («Дүниенің құтқарушысы»)— «Leipziger Volkszeitung» № 289, 24 декабрь, 1916.— *431.*

[148] *«Neue Beiträge zur Biographie von Karl Marx und Friedrich Engels»*-ті («Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің өмірбаяны

жөніндегі жаңа материалдар»)—Ф. Меринг «Die Neue Zeit»-те бастырған, XXV. Jahrgang, II. Bd. 1907.— *431.*

[149] Бұл документ Швейцария социал-демократиялық партиясы көпшілігінің центристік позицияларын қорғаған Р. Гриммнің «Көпшілік пен азшылық соғыс мәселесі жөнінде» деген мақаласының «Berner Tagwacht» газетінің 1917 жылғы 23—27 январьдағы 19—23-номерінде және 1917 жылғы январьда «Neues Leben» журналында шығуына байланысты жазылған.— *434.*

[150] Мақала жазылған жоқ. Жоспарда тұжырымдалған көптеген қағидаларды Ленин өзінің «Алыстан жазылған хаттарында» дамытты (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том).— *437.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«Вперед», Женева, 1905, № 4, 31 (18) января, стр. 3.— *342.*

* *W. Курьезное обвинение.*— «Информационный Листок Заграничной Организации Бунда», [Женева], 1915, № 8, май, стр. 11—12.— *163.*

Гансен, А. Некоторые моменты современного рабочего движения в Норвегии. Борьба рабочего класса и тактические течения.— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 2, декабрь, стр. 40—44.— *170.*

Гейне, Г. Брось свои иносказанья и гипотезы пустые...— *20.*

* *Гильфердинг, Р. Финансовый капитал.* Новейшая фаза в развитии капитализма. Авторизов. пер. с нем. и вступит. статья И. Степанова. М., Знаменский, 1912. XXIX, 576, 3 стр.— *105, 119, 186, 430.*

«Голос», Самара, 1916, № 2, 20 сентября, стр. 2.— *263, 303.*

«Голос Труда», Самара.— *199.*

Горбунов, И. Ф. На почтовой станции.— *68—70.*

Декларации питерских и московских меньшевиков — қараңыз: Социал-демократы о защите страны.

* *Декларация польской делегации на Международной социалистич. конференции в Циммервальде.*— В кн.: Интернационал и война. № 1. [Цюрих], изд. Загр. секретариата Орг. к-та РСДРП, 1915, стр. 97—99. (РСДРП).— *52, 75, 409.*

Декларация правительства.— «Речь», Пг., 1916, № 320 (3703), 20 ноября (3 декабря), стр. 4—5. Под общ. загл.: В Гос. думе. Заседание 19 ноября.— *270—271.*

«Дело», М.— *262—263, 264, 303, 425, 427.*

— 1916, № 1, август, стр. 8—17, 44—55.— *262.*

— 1916, № 2, стр. 6—16, 56—67.— *263.*

* *«Дзвін»,* [Київ], 1913, № 7—8, стр. 83—94.— *64.*

«Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 4—14. На газ. дата: 24 мая (7 июня).— *263.*

* *Засулич, В. И. О войне.*— В кн.: Самозащита. Марксистский сборник. 1. Пг., 1916, стр. 1—4.— *302—304.*

Заявление «Социал-демократической трудовой группы»— қараңыз: Eine Erklärung.

* *«Известия Заграничного Секретариата Организационного Ко-*

митета Российской Социал-Демократической Рабочей Партии», [Цюрих], 1916, № 4, 10 апреля, стр. 2.— *188—190.*

* — [Цюрих — Женева], 1916, № 6, 12 сентября, стр. 1.— *263.*

«Известия Совета Рабочих Депутатов», Спб.— *358.*

* *Интернационал и война.* № 1. [Цюрих], изд. Загр. секретариата Орг. к-та РСДРП, 1915, II, 148 стр. (РСДРП).— *51—52, 75, 186, 409.*

* *«Информационный Листок Заграничной Организации Бунда»,* [Женева], 1915, № 8, май, стр. 11—12.— *163.*

К. Р.— қараңыз: Radek, K.

К разоряемым и умерщвляемым народам. [Манифест, принятый на Международной социалистической конференции в Кинтале. 1916 г.].— «Социал-Демократ», Женева, 1916, № 54—55, 10 июня, стр. 1.— *321, 324—325.*

«Кавказское Слово», Тифлис.— *256, 257.*

«Коммунист», Женева, 1915, № 1—2. 196 стр.— *186.*

* *Кулишер, А. Дублинский мятеж.*— «Речь», Пг., 1916, № 102 (3485), 15(28) апреля, стр. 1—2.— *60.*

* *Левицкий, В. Организация общественных сил и защита страны.*— В кн.: Самозащита. Марксистский сборник. 1. Пг., 1916, стр. 108—120.— *302—304.*

[*Ленин, В. И.*] *Война и российская социал-демократия.*— В кн.: [Ленин, В. И. и Зиновьев, Г. Е.] Социализм и война. (Отношение РСДРП к войне). Изд. ред. «Социал-Демократа». Женева, Chaulmontet, 1915, стр. 35—41. (РСДРП). Перед загл. кн. авт.: Г. Зиновьев и Н. Ленин.— *32—33, 292—293.*

— *Война и российская социал-демократия.*— «Социал-Демократ», Женева, 1914, № 33, 1 ноября, стр. 1. Подпись: Центральный Комитет Российской с.-д. рабочей партии.— *2, 292, 299, 312, 385—387.*

— *Заметки публициста.* II. «Объединительный кризис» в нашей партии.— «Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 4—14. Подпись: Н. Ленин. На газ. дата: 24 мая (7 июня).— *263.*

— *Итоги дискуссии о самоопределении.*— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 1, октябрь, стр. 11—28. Подпись: Н. Ленин.— *10—11.*

— *Конференция заграничных секций РСДРП.*— В кн.: [Ленин, В. И., Зиновьев, Г. Е.] Социализм и война. (Отношение

загл.: Конференция заграничных секций РСДРП.— *90—92, 97.*

— *Резолюция по национальному вопросу, [принятая на летнем 1913 г. совещании ЦК РСДРП с партийными работниками].*— В *кн.:* Извещение и резолюции летнего 1913 года совещания Центрального Комитета РСДРП с партийными работниками. Изд. ЦК. [Париж, декабрь] 1913, стр. 20—23. (РСДРП).— *64.*

[*Ленин, В. И.*] *Социалистическая революция и право наций на самоопределение.* (Тезисы).— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 1, октябрь, стр. 1—6. Подпись: Редакция «С.-Д-та», Центр. Органа РСДРП.— *19, 20, 21, 22—23, 25—26, 27, 28—29, 35—37, 38—39, 53, 58—59, 67, 68, 69—70, 71—73, 74, 75, 99—100, 101, 109—110, 111, 113, 116, 117—119, 123, 124, 125, 126, 127, 131—132, 133, 139—141, 147.*

* [*Ленин, В. И. и Зиновьев, Г. Е.*] *Социализм и война.* (Отношение РСДРП к войне). Изд. ред. «Социал-Демократа». Женева, Chaulmontet, 1915, 48 стр. (РСДРП). Перед загл. кн. авт.: Г. Зиновьев и Н. Ленин.— *32, 74, 141, 292—293.*

Лермонтов, М. Ю. А. О. Смирновой.— 21—22.

Либман, Ф. Новое издание старой ошибки. (К национальному вопросу).— «Цайт», Пб., 1913, № 28, 17(30) сентября, стр. 3—4. На евр. яз.— *64.*

Манифест. 17(30) октября 1905 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18(31) октября, стр. 1.— *363—364.*

Манифест 19 февраля 1861 г.— қараңыз: Положение о крестьянах, вышедших из крепостной зависимости.

Манифест [об учреждении Государственной думы. 6(19) августа 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6(19) августа, стр. 1.— *357.*

Манифест Центрального Комитета — қараңыз: Ленин, В. И. Война и российская социал-демократия.

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 г.— январь 1848 г.— *302.*

Маркс, К. Гражданская война во Франции. Воззвание Генерального Совета Международного Товарищества Рабочих. Апрель — май 1871 г.— *12.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г.— *103—104, 185.*

— 1915, № 40, 29 марта, стр. 2.— *2, 15—16, 72—73, 89—92, 93, 94, 95—96, 163.*

— 1915, № 45—46, 11 октября, стр. 1, 4.— *317—318, 321—323, 324—325, 371—372, 427.*

— 1915, № 47, 13 октября, стр. 2.— *141.*

— 1916, № 54—55, 10 июня, стр. 1.— *231, 317—318, 321—323, 324—325, 335—336, 337—338, 371—372, 397.*

— 1916, № 57, 30 декабря, стр. 1—2.— *313, 379—380.*

* *Социал-демократы о защите страны.*— «Рабочее Утро», Пг., 1915, № 1, 15 октября, стр. 2—3.— *261, 263.*

Спектатор — қараңыз: Нахимсон, М. И.

Стенографические отчеты [*Государственной думы*]. 1916 г. Сессия четвертая. Заседания 38—60 (17 марта по 20 июня 1916 г.). Пг., гос. тип., 1916. Стлб. 3503—5813. (Государственная дума. Четвертый созыв).— *17, 263, 316.*

[*Струве, П. Б.*] *Насущная задача времени.*— «Освобождение», Париж, 1905, № 63, 20(7) января, стр. 221—222. Подпись: П. С.— *344.*

Тезисы об империализме и национальном угнетении.— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 1, октябрь, стр. 6—11. Подпись: Редакция «Газеты Роботничей», органа краевого правления польской с.-д.— *19, 20—23, 24, 25, 26—28, 29—42, 43, 45—49, 50—51, 53—55, 62, 64, 123—124, 136.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Логика плохого положения.* Ответ т. Л. Мартову.— «Наше Слово», Париж, 1916, № 85 (472), 9 апреля, стр. 1—2.— *263.*

— *Нация и хозяйство.*— «Наше Слово», Париж, 1915, № 130, 3 июля, стр. 1; № 135, 9 июля, стр. 1. Подпись: Н. Троцкий.— *64—65.*

— *Поездка депутата Чхеидзе.*— «Наше Слово». Париж, 1916, № 203 (589), 3 сентября, стр. 1—2.— *256, 257.*

*— *Сотрудничество с социал-патриотами.* (Ответ т. Мартову).— «Наше Слово», Париж, 1915, № 264, 12 декабря, стр. 1—2.— *263.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу*].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13(26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства.— *358.*

«Цайт», Пб., 1913, № 28, 17(30) сентября, стр. 3—4. На евр. яз.— *64.*

Чильбум, К. Шведская социал-демократия и мировая война. (Борьба против войны и ее спутника — реакции).— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 2, декабрь, стр. 34—40.— *170.*

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. Сентябрь 1876 г.— июнь 1878 г.— *22—23, 72—73, 120—121.*

— *Демократический панславизм.* 14—15 февраля 1849 г.— *42, 43—44.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 21 сентября 1872 г.— *191, 410.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 7 декабря 1889 г.— *191—192, 410.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 19 апреля 1890 г.— *191—192, 410.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 4 марта 1891 г.— *191—192, 410.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 14 сентября 1891 г.— *191—192, 195, 196—197, 198, 199, 200, 410, 411.*

— [*Письмо К. Каутскому.* 12 сентября 1882 г.].— «Сборник Социал-Демократа», [Женева], 1916, № 1, октябрь, стр. 25, в ст.: [Ленин, В. И.] Итоги дискуссии о самоопределении. Под загл.: Письмо Энгельса к Каутскому.— *126.*

— *По и Рейн.* Конец февраля — начало марта 1859 г.— *22—24.*

Энгельс, Ф. Предисловие ко второму изданию книги «К жилищному вопросу». 10 января 1887 г.— *239—240.*

— *Предисловие ко второму изданию книги «Положение рабочего класса в Англии».* 21 июля 1892 г.— *191—193, 410.*

— *Происхождение семьи, частной собственности и государства.* В связи с исследованиями Льюиса Г. Моргана. Конец марта — 26 мая 1884 г.— *22, 109—111.*

— *Эмигрантская литература.* Май 1874 г.— апрель 1875 г.— *43, 45.*

Юниус — қараңыз: Luxemburg, R.

• *Юркевич, Л. Російські марксісти і український робітничий рух.*— «Дзвін», [Київ], 1913, № 7—8, стр. 83—94.— *64.*

Abänderungsanträge zu der Resolution der Mehrheit der Militärkommission.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 34, 9. Februar, S. 1—2.— *404, 405.*

Abgeordnetenhaus. 27. Sitzung. 16. März.— «Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 76, 17. März. Beilage zu Nr. 76 des «Vorwärts», S. 2.— *279—281, 292, 312, 316—317, 387, 398.*

An die Arbeiterklasse!— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 307, 30. Dezember, S. 1. Подпись: Internationale sozialistische Kommission zu Bern.— *285—287, 289, 325—326, 337—338.*

An die Arbeiterklasse!— «Volksrecht», Zürich, 1916, Nr. 306, 30. Dezember, S. 1—2. Подпись: Internationale sozialistische Kommission zu Bern.— *285—287, 289, 325—326, 337—338.*

Antrag der Minderheit.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 7, 9. Januar, S. 1. Подпись: I. Huber, E. Klöti, G. Müller, P. Pflüger. Под общ. загл.: Anträge der Militärkommission.— *324—325, 402.*

Antrag des Parteivorstandes.— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei der Schweiz vom 4. und 5. November 1916, abgehalten im Gesellschaftshaus «z. Kaufleuten» in Zürich. Б. м. и б. г., S. 4—5.— *321.*

Anträge der Militärkommission. Antrag der Mehrheit.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 7, 9. Januar, S. 1. Подпись: H. Affolter, P. Graber, Ch. Naine, E. Nobs, I. Schmid.— *324—325, 402, 403, 404, 405—406.*

[*Die Antwort der Redaktion des «Vorwärts»*].— «Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 11, 12. Januar. Beilage zu Nr. 11 des «Vorwärts», S. 2—3.— *3.*

* *«Appeal to Reason»*, Girard, Cansas, 1915, No. 1,032, September 11, p. 1.— *298—300.*

* *«Archiv für die Geschichte des Sozialismus und der Arbeiterbewegung»*, Leipzig, 1916, Jg. 6, S. 212—219.— *44.*

«Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik», Tübingen, 1906, Bd. V (XXIII), S. 165 (1)— 401 (237).— *361—362.*

«The Atlantic Monthly», Boston.— *438.*

Die Auflösung der bürgerlichen Parteien und die Wiederherstellung der sozialdemokratischen Einheit.— «Volksstimme», Chemnitz, 1916, Nr. 298, 23. Dezember. 1. Beilage zu Nr. 298 des «Volksstimme», S. 1.— *282, 283—284, 287.*

Außerordentlicher Parteitag. Samstag und Sonntag den 10. und 11. Februar 1917 im Volkshaus in Bern.— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 289, 8. Dezember. 1. Beilage zur «Berner Tagwacht»,

und Politik des wissenschaftlichen Sozialismus. Hrsg. von M. Adler und R. Hilferding. Bd. 2).— *23—25, 392, 429.*

[*Bebel, A. Resolutionsentwurf zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, Nr. 194, 21. August. 1. Beilage zu Nr. 194 des «Vorwärts», S. 3. Под общ. загл.: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte.— *265.*

«Berner Tagwacht».— 59, 162, 247, 322, 326, 338, 402.

— 1915, Nr. 123, 31. Mai, S. 1.— *398.*

* — 1915, Nr. 252, 28. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 253, 29. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1.— *29, 31, 53, 73—76.*

— 1916, Nr. 108, 9. Mai, S. 1.— *59.*

— 1916, Nr. 237, 9. Oktober, S. 1.— *206.*

— 1916, Nr. 239, 11. Oktober, S. 2.— *206.*

— 1916, Nr. 241, 13. Oktober, S. 1.— *206.*

— 1916, Nr. 242, 14. Oktober, S. 2.— *206.*

— 1916, Nr. 248, 21. Oktober, S. 1—2.— *217—218.*

— 1916, Nr. 289, 8. Dezember. 1. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1.— *317—318, 402, 403.*

— 1916, Nr. 302, 23. Dezember, S. 1.— *277, 285.*

— 1916, Nr. 307, 30. Dezember, S. 1.— *285—287, 289, 326, 337—338.*

— 1917, Nr. 6, 8. Januar, S. 1.— *317—318, 320, 321, 322, 323—324, 337—339, 402, 403.*

— 1917, Nr. 17, 20. Januar. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1.— *403.*

— 1917, Nr. 19, 23. Januar, S. 1; Nr. 20, 24. Januar, S. 1; Nr. 21, 25. Januar, S. 1; Nr. 22, 26. Januar, S. 1; Nr. 23, 27. Januar, S. 1.— *396—400, 434—436.*

«Bremer Bürger-Zeitung».— 3—4.

— 1916, Nr. 295, 16. Dezember. 2. Beilage, S. 1.— *274, 276.*

«The British Review», London, 1915, v. XII, No. 3, December.— *197—198.*

* [*Bucharin, N.*] *Der imperialistische Raubstaat.*— «Jugend-Internationale», Zürich, 1916, Nr. 6, 1. Dezember, S. 7—8. Подпись: Nota-bene.— *253.*

La chiusura della Conferenza socialista tedesca.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 269, 27 settembre, p. 1.— *166—169.*

Clausewitz, K. Hinterlassene Werke über Krieg und Kriegführung. Bd. 1, T. 1. Vom Kriege. Berlin, Dümmler, 1832. XXVIII, 371 S.— *93—94.*

I confini strategici.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 348, 21 dicembre, p. 1, в отд.: Polemichette.— *277, 306.*

«Daily News», London, 1871, Mai.— *155—156, 174—175.*

Die dänische Sozialdemokratie und der Ministersozialismus.— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 248, 21. Oktober, S. 1—2.— *217—218.*

* *Debs, E. When I shall Fight.*— «Appeal to Reason», Girard, Cansas, 1915, No. 1,032, September 11, p. 1.— *299—300.*

Deutsch-russische Friedensunterhandlungen?— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 237, 9. Oktober, S. 1.— *206.*

Duncker, K. Unsere Frauen und der nationale Frauendienst.— «Die Internationale», [Düsseldorf], 1915, Hft. 1, 15. April, S. 25—29.— *1.*

E. Th. Der Überblick.— «Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung», Bern, 1916, Nr. 40, 30. September, S. 2.— *245—246, 424.*

«L' Égalité», 1880, Paris, N 24, 30 juin, p. 1—2.— *71.*

Eidgenössische Stempelsteuer.— «Grütlianer», Zürich, 1916, Nr. 183, 9. August, S. 1.— *423.*

[*Engels, F. Brief an K. Kautsky.* 12. September 1882].— В кн.: Kautsky, K. Sozialismus und Kolonialpolitik. Eine Auseinandersetzung. Berlin, «Vorwärts», 1907, S. 79—80, в отд.: Anhang. Под загл.: Ein Brief von Friedrich Engels.— *56—57, 151—152, 190—192, 193, 410.*

— [*Brief an K. Marx*]. 7. Oktober 1858.— В кн.: Der Briefwechsel zwischen Friedrich Engels und Karl Marx. 1844 bis 1883. Hrsg. v. A. Bebel und E. Bernstein. Bd. 2. Stuttgart, Dietz, 1913, S. 289—291.— *190—191, 410.*

* *Engels, F.* [*Brief an K. Marx*]. 24. Oktober 1869.— Ibidem, Bd. 4, S. 197—198.— *43, 45.*

— [*Brief an K. Marx*]. 11. August 1881.— Ibidem, S. 432—433.— *191, 410.*

— *Herrn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft.* 3., durch-

ges. und verm. Aufl. Stuttgart, Dietz, 1894. XX, 354 S.— *120, 254.*

— *Kann Europa abrüsten?* Separat-Abdruck aus dem «Vorwärts». [Nürnberg], Wörlein, 1893. 29 S.— *430, 431.*

* — [*What have the Working classes to do with Poland?*].— «Archiv für die Geschichte des Sozialismus und der Arbeiterbewegung», Leipzig, 1916, Jg. 6, S. 212—219, в ст.: Karl Marx und Friedrich Engels über die Polenfrage. Eingeleitet und hrsg. von N. Rjasanoff.— *40.*

Eresia o ignoranza?— «Avanti!», Milano, 1916, N. 346, 19 dicembre, p. 2, в отд.: Scampoli.— *278.*

Eine Erklärung.— «Bremer Bürger-Zeitung», 1916, Nr. 295, 16. Dezember. 2. Beilage, S. 1. Под общ. загл.: Parteinachrichten.— *274, 276.*

Un formidabile discorso di Turati.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 345, 18 dicembre, p. 2. Под общ. загл.: Note alla seduta.— *278.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt a. M.— *422.*

— Abendblatt, Frankfurt a. M., 1916, Nr. 310, 8. November, S. 2.— *423.*

Das Friedensangebot der Militärmächte. Einladung zur Konferenz.— «Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 342, 13. Dezember, S. 1.— *274.*

Die Friedensgerüchte.— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 241, 13. Oktobor, S. 1.— *206.*

Ein Friedensmanifest der deutschen Parteiopposition.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 9, 11. Januar, S. 1.— *306, 335—337.*

«Gazeta Robotnicza», [Zürich].— *19, 30.*

«Die Glocke», München.— *414.*

* — Jg. 1915, Hft. Nr. 8, 15. Dezember, S. 465—476.— *22, 35—38, 66, 430, 431.*

— Jg. 1915/16, Hft. Nr. 9, 1. Januar, S. 493—500.— *22, 35—38, 66, 430, 431.*

— Jg. 1916, Hft. 20, 12. August, S. 770—786.—*397.*

Gorter, H. Het Imperialisme, de Wereldoorlog en de Sociaal-Democratie. Amsterdam, Brochurehandel Sociaal-Democratische Partij, [1914]. 116 bl.— *53.*

Greulich, H. Offener Brief an den Grütliverein Hottingen.— «Grütlianer», Zürich, 1916, Nr. 230, 2. Oktober, S. 1.— *242—244, 246—247, 423.*

— *Zur Landesverteidigung.*— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 19, 23. Januar, S. 1; Nr. 20, 24. Januar, S. 1; Nr. 21, 25. Januar, S. 1; Nr. 22, 26. Januar, S. 1.— *366—372, 403.*

[Grimm, R.] Mehrheit und Minderheit in der Militärfrage.— «Berner Tagwacht», 1917, Nr. 19, 23. Januar, S. 1; Nr. 20, 24. Januar, S. 1; Nr. 21, 25. Januar, S. 1; Nr. 22, 26. Januar, S. 1; Nr. 23, 27. Januar, S. 1.— *396—400, 434—436.*

— *Mehrheit und Minderheit in der Militärfrage.*— «Neues Leben», Bern, 1917, Jg. 3, Hft. 1, Januar, S. 1—16.— *396—400, 434—436.*

— *Thesen zur Militärfrage.*— «Volksrecht», Zürich, 1916, Nr. 162, 14. Juli, S. 1—2.— *149, 170, 241, 326—327, 423, 435.*

Il Gruppo parlamentare socialista e la pace. Mozione per una prossima soluzione del conflitto europeo.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 328, 25 novembre, p. 1. Подписи: Treves, Mazzoni, Merloni, Modigliani, Musatti, Prampolini, Turati.— *277, 377.*

«Grütlianer», Zürich.— *324, 337—338.*

— 1916, Nr. 163, 15. Juli, S. 2—3.— *423.*

— 1916, Nr. 184, 9. August, S. 1.— *423.*

— 1916, Nr. 192, 18. August, S. 1—2.— *324.*

— 1916, Nr. 230, 2. Oktober, S. 1.— *242—244, 246—247, 423.*

— 1917, Nr. 2, 4. Januar, S. 3.— *322, 323—324, 338.*

* *Guesde, J. En garde!* Contre les Contrefaçons, les Mirages et la Fausse Monnaie des Réformes bourgeoises. Polémiques. Paris, Rouff, 1911, 477 p.— *294.*

Häcker, S. Der Sozialismus in Polen.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 37, S. 324—332.— *19.*

Heilmann, E. Der Kern des Streites.— «Die Glocke», München, 1916, Hft. 20, 12. August, S. 770—786.— *397.*

Hobson, J. A. Imperialism. A Study. London, Nisbet, 1902. VII, 400, (4) p.— *186—189, 410.*

Hourwich, I. A. Immigration and Labor. The Economic Aspects of European Immigration to the United States. New York — London, Putnam, 1912. XVII, 544 p.— *120.*

— *Friedensbedingungen.*— «Leipziger Volkszeitung», 1916, Nr. 281, 15. Dezember, S. 1—2; Nr. 282, 16. Dezember. 2. Beilage zu Nr. 282, S. 1—2.— *274—275, 276, 279—280, 306, 377, 431.*

— *Der Heiland der Welt.* — «Leipziger Volkszeitung», 1916, Nr. 289, 24. Dezember, S. 1.— *306, 377, 431.*

* — *Der Imperialismus.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922.— *185—187.*

— *Der Kongreß von Kopenhagen.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 48, 26. August, S. 772—781.— *96.*

— *Nationalstaat, imperialistischer Staat und Staatenbund.* Nürnberg, Fränkischer Verlagsanstalt, 1915. 80 S.— *414.*

— *Neue sozialdemokratische Auffassungen vom Krieg.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1917, Jg. 35, Bd. 1, Nr. 14, 5. Januar, S. 321—334.— *306, 377, 431.*

— *Die neue Taktik.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 44, 2. August, S. 654—664; Nr. 45, 9. August, S. 688—698; Nr. 46, 16. August, S. 723—733.— *415, 438.*

— *Nochmals die Abrüstung.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 49, 6. September, S. 841—854.— *193, 194.*

— *Sozialdemokratische Anschauungen über den Krieg vor dem jetzigen Kriege.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1916, Jg. 35, Bd. 1, Nr. 13, 29. Dezember, S. 297—306.— *306, 377, 431.*

— *Die soziale Revolution.* I. Sozialreform und soziale Revolution. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1902. 56 S.— *360.*

— *Die soziale Revolution.* II Am Tage nach der sozialen Revolution. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1902. 48 S.— *360.*

— *Sozialismus und Kolonialpolitik.* Eine Auseinandersetzung. Berlin, «Vorwärts», 1907. 80 S.— *56—58, 152, 190—192, 193, 410.*

* — *Zwei Schriften zum Umlernen.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 4, 23. April, S. 107—116.— *103—105.*

* *Klassenkampf gegen den Krieg!* Material zum «Fall» Liebknecht. Б. м., [1915]. 88 S. (Als Manuskript gedruckt).— *219, 237, 316—317, 340, 398, 434—435.*

Ein Kongreß der amerikanischen Irländer.— «Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 79, 20. März, S. 3.— *59—61.*

Der Krieg und die russische Sozialdemokratie. (Aus der Deklaration der Petersburger und der Moskauer sozialdemokratischen Parteiorganisationen der «menschewistischen» Rich-

tung).— В кн.: Kriegs- und Friedensprobleme der Arbeiterklasse. Entwurf eines Manifestes. Vorgelegt der zweiten Zimmerwalder Konferenz. Hrsg. vom Auswärtigen Sekretariat des Organisationskomitees des sozialdem. Arbeiterpartei Rußlands. Б. м. и б. г., S. 19—25.— *262—263.*

* *Kriegs- und Friedensprobleme der Arbeiterklasse.* Entwurf eines Manifestes. Vorgelegt der zweiten Zimmerwalder Konferenz. Hrsg. vom Auswärtigen Sekretariat des Organisationskomitees der sozialdem. Arbeiterpartei Rußlands. Б. м. и б. г. 25 S.— *262—263.*

L. E. An American Socialist on the War. [Рецензия на книгу:] Socialism and War. By Louis B. Boudin.— «The Socialist Review», London, 1916, Nr. 78, August — September, p. 287—290.— *181—182.*

«Leipziger Volkszeitung». — *436.*

— 1916, Nr. 281, 15. Dezember, S. 1—2; Nr. 282, 16. Dezember, 1. Beilage zu Nr. 282, S. 1—2.—*274—275, 276, 279—280, 306, 377, 431.*

— 1916, Nr. 286, 21. Dezember, S. 1—2.— *306, 377, 431.*

— 1916, Nr. 289, 24. Dezember, S. 1.— *306, 377, 431.*

Leitsätze über die Aufgaben der internationalen Sozialdemokratie.— В кн.: [Luxemburg, R.] Die Krise der Sozialdemokratie. Anhang: Leitsätze über die Aufgaben der internationalen Sozialdemokratie. Zürich, Verlagsdruckerei Union, 1916, S. 105—109. После загл. авт.: Junius.— *1, 3, 4—5, 6, 8—10, 16.*

[*Lenin, W. I.*] *Der Pazifismus und die Friedenslosung.* [Резолюция, принятая на конференции заграничных секций РСДРП. 1915 г.].— В кн.: [Lenin, W. I. u. Zinowjew, G. E.] Sozialismus und Krieg. (Stellung der SDAP Rußlands zum Kriege). Б. м., 1915, S. 85. (SDAP). После загл. кн. авт.: G. Zinowjew und N. Lenin.— *317—319.*

* *Die sozialistische Revolution und das Selbstbestimmungsrecht der Nationen.* (Thesen).— «Vorbote», [Bern], 1916, Nr. 2, April, S. 36—44.— *19, 20, 21, 22—23, 25—26, 27, 28, 29, 32—33, 35—37, 38—39, 53, 58—59, 67, 132.*

[*Lenin, W. I. u. Luxemburg, R. Änderungen zum Resolutionsentwurf Bebels zur Frage des Militarismus und der internationalen Konflikte, eingebracht auf dem Internationalen sozialistischen Kongreß zu Stuttgart*].— «Vorwärts», Berlin, 1907, Nr. 196, 23. August. 1. Beilage zu Nr. 196 des «Vorwärts», S. 3. Под общ. загл.: Die Kommissionen. Der Militarismus und die internationalen Konflikte.— *265.*

Buchdr. Schweiz. Grütlivereins, 1906, S. 87—88. (Die Stellung der schweizer. Arbeiterschaft zur Militärfrage).— *228.*

La mozione socialista per la pace. La camera ne rinvia a sei mesi la discussione.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 334, 7 dicembre, p. 1.— *277.*

Müller, G. [*Erwiderung*].— «Berner Tagwacht», 1917, Nr. 17, 20. Januar. Beilage zur «Berner Tagwacht, S. 1, в ст.: Antwort an die Genossen E. Nobs und F. Platten.— *403.*

— *Erwiderung.*— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 18, 22. Januar, S. 3, в отд.: Aus der Partei.— *403.*

— *Leitsätze zur Militärfrage.*— «Grütlianer», Zürich, 1916, Nr. 192, 18. August, S. 1—2.— *324.*

Nachricht von der Bewilligung einer neuen Verfassung. (Telegramm der «Neuen Freien Presse»).— «Neue Freie Presse». Morgenblatt, Wien, 1905, Nr. 14796, 31. Oktober, S. 3.— *363.*

Nachschrift der Redaktion.— «Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung», Bern, 1916, Nr. 38, 16. September, S. 1.— *241.*

«Neue Freie Presse». Morgenblatt, Wien, 1905, Nr. 14796, 31. Oktober. S. 3.— *363.*

«Neue Freie Zeitung», Olten.— *402.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart.— *19, 275, 279—280.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 32, S. 176—181; Nr. 33, S. 206—216.— *19.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 37, S. 324—332.— *19.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 41, S. 459—470.— *19.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, Nr. 42, S. 484—491; Nr. 43, S. 513—525.— *19.*

— 1906—1907, Jg. 25, Bd. 2, Nr. 27, S. 15—21; Nr. 28, S. 53—59; Nr. 29, S. 98—103; Nr. 31, S. 160—168; Nr. 32, S. 180—187; Nr. 33, S. 222—228.— *431.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 48, 26. August, S. 772—781.— *96.*

— 1912, Jg. 30, Bd. 1, Nr. 2, 13. Oktober, S. 43—49; Nr. 3, 20. Oktober, S. 77—84; Nr. 4, 27. Oktober, S. 106—117.— *415.*

— 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 41, 12. Juli, S. 541—550; Nr. 42, 19. Juli, S. 585—593; Nr. 43, 26. Juli, S. 609—616.— *415, 438.*

— 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 44, 2. August, S. 654—664; Nr. 45, 9. August, S. 688—698; Nr. 46, 16. August, S. 723—733.— *415, 438.*

— 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 49, 6. September, S. 841—854.— *193, 194.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1914, Jg. 32, Bd. 2, Nr. 21, 11. September, S. 908—922.— *185—187.*

* — 1915, Jg. 33, Bd. 2, Nr. 4, 23. April, S. 107—116.— *103—105.*

* — 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 9, 26. November, S. 269—276.— *290, 314.*

— 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 12, 17. Dezember, S. 353—361.— *4.*

— 1916, Jg. 35, Bd. 1, Nr. 13, 29. Dezember, S. 297—306.— *306, 377, 431.*

— 1917, Jg. 35, Bd. 1, Nr. 14, 5. Januar, S. 321—334.— *306, 377, 431.*

«Neue Züricher Zeitung».— 422.

«Neues Leben», Bern.— *149.*

— 1915, Jg. 1, Hft. 12, Dezember, S. 365—372.— *79, 149, 170.*

— 1917, Jg. 3, Hft. 1, Januar, S. 1—16.— *396—400, 434—436.*

«The North American Review», Boston.— *438.*

Nota-Bene.— қараңыз: Bucharin, N.

Die Note Wilsons.— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 302, 23. Dezember, S. 1. Под общ. загл.: Amerika als Friedensvermittler.— *277, 285.*

Panneckoek, A. Massenaktion und Revolution.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1912, Jg. 30, Bd. 2, Nr. 41, 12. Juli, S. 541—550; Nr. 42, 19. Juli, S. 585—593; Nr. 43, 26. Juli, S. 609—616. — *415, 438.*

Parteibeschlüsse.— «Berner Tagwacht», 1917, Nr. 6, 8. Januar, S. 1.— *317, 320, 321, 322, 323, 337—339, 402, 403.*

Patouillet, J. L'impérialisme américain. Thèse pour le doctorat. (Sciences politiques et économiques). Dijon. «Petit Bourguignon», 1904. 388 p. (Université de Dijon.— Faculté de droit).— *430, 431, 432.*

Il pensiero del Partito Socialista.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 345, 18 dicembre, p. 1.— *277—278, 279, 306, 384—386, 397.*

Pflüger, P. Thesen zur Militärfrage.— «Volksrecht», Zürich, 1916. Nr. 210, 8. September, S. 1.— *323—324.*

Platten, F. Die Militärfrage.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 27, 1. Februar, S. 1.— *404.*

Die politische Aktion. [Резолюция, принятая на Международном социалистическом конгрессе в Лондоне].— В кн.: Verhandlungen und Beschlüsse des Internationalen Sozialistischen Arbeiter- und Gewerkschaftskongresses zu London vom 27. Juli bis 1. August 1896. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1896, S. 18.— *31—32.*

«Le Populaire», Limoges — Paris.— *377.*

«Le Populaire du Centre». Limoges — Paris, 1916, N 345, 10 decembre, p. 1.— *292, 293, 296—298, 299—301, 302.*

I prezzolatti dei siderurgici.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 346, 19 dicembre, p. 4. Под общ. загл.: Note alla seduta.— *278.*

[*Prinzipienerklärung der internationalen Verbindung sozialistischer Jugendorganisationen*].— «Jugend-Internationale», Zürich, 1916, Nr. 6, 1. Dezember, S. 2—4.— *254—255.*

Programm der deutschen Arbeiterpartei.— В кн.: Protokoll des Vereinigungskongresses der Sozialdemokraten Deutschlands, abgehalten zu Gotha vom 22. bis 27. Mai 1875. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875, S. 3—4.— *70—71.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6.— *70—71, 113.*

* *Ein Programm-Entwurf der RSV und der SDAP Hollands.*— «Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1916, Nr. 3, 29. Februar, S. 7—8.— *67—69, 74, 75, 240.*

Programme électoral des travailleurs socialistes.— «L'Egalité» 1880, Paris, N 24, 30 juin, p. 1—2.— *70—71.*

Proprio come venti anni fa!— «Avanti!», Milano, 1916, N. 354, 28 dicembre, S. 1.— *282—284, 285.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei der Schweiz vom 4. und 5. November 1916, abgehalten im Gesellschaftshaus «z. Kaufleuten» in Zürich. Б. м. и. б. г. 155 S.— *222—223, 229, 317—318, 321, 417, 423.*

«Przeglad Socjaldemokratyczny», [Kraków], 1908, N 6, sierpień, s. 482—515; N 7, wrzesień, s. 597—631; N 8—9, październik — listopad, s. 687—710; N 10, grudzień, s. 795—818; *1909, N 12, czerwiec, s. 136—163; N 14—15, sierpień — wrzesień, s. 351—376.— *54, 64, 142.*

* [*Radek, K.*] *Annexionen und Sozialdemokratie.*— «Berner Tagwacht», 1915, Nr. 252, 28. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1; Nr. 253, 29. Oktober. Beilage zur «Berner Tagwacht», S. 1. Подпись: Parabellum.— *29, 31—32, 53—54, 74—75.*

— *Ein ausgespieltes Lied.*— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 108, 9. Mai, S. 1. Подпись: K. R.— *59.*

* *Radek, K. Das Selbstbestimmungsrecht der Völker.*— «Lichtstrahlen», Berlin, 1915, Nr. 3, 5. Dezember, S. 50—54.— *53—54.*

Das Referendum gegen den Parteivorstandsbeschluß ergriffen.— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 19, 23. Januar, S. 2, в отд.: Aus der Partei.— *402, 405—406.*

[*Renner, K.*] *Springer, R. Der Kampf der Österreichischen Nationen um den Staat.* T. 1: Das nationale Problem als Verfassungs und Verwaltungsfrage. Leipzig — Wien, Deuticke, 1902. IV, 252 S.— *392, 429.*

[*La résolution suivante sur les propositions de paix.* Резолюция, принятая на синдикальном конгрессе. 26 декабря 1916 г.].— «La Bataille», Paris, 1916, N 421, 27 décembre, p. 2. Под общ. загл.: La Conférence des Fédérations Corporatives des Unions de Syndicats et des Bourses du Travail. La séance de nuit.— *281, 282, 283, 284—286, 287, 306, 336—337, 397.*

La résolution sur les buts de guerre. [Резолюция, принятая на конгрессе Французской социалистической партии].— «La Bataille», Paris, 1916, N 422, 28 décembre, p. 2.— *281, 285—286, 287, 306, 336—337, 397.*

Résolutions adoptées à la Conférence de Berne des sections du Parti social-démocrate ouvrier de Russie à l'étranger. [Листовка]. Б. м., [mars 1915]. 4 p.— *317—318.*

* [*Roland Holst, H.*] *Een dubbelzinnig standpunt.*— «De Tribune», Amsterdam, 1916, No. 159, 23 Augustus, S. 1.— *263, 303—304.*

— *Miliz oder Abrüstung?*— «Neues Leben», Bern, 1915, Jg. 1, Hft. 12, Dezember, S. 365—372.— *79, 149, 170.*

* *Rühle, O. Zur Parteispaltung.*— «Vorwärts», Berlin, 1916, Nr. 11, 12. Januar. Beilage zu Nr. 11 des «Vorwärts», S. 2.— *3, 202—203, 298, 411.*

Rundschreiben an alle angeschlossenen Parteien und Gruppen.— «Internationale Sozialistische Kommission zu Bern. Bulletin», Bern, 1916, Nr. 3, 29. Februar, S. 2—3. Подпись: Im Namen der Zimmerwalder Konferenz: Die I. S. K. zu Bern.— *381—382.*

Salmon, E. Mr. Lloyd George from a tory point of View.— «The British Review», London, 1915, v. XII, No. 3, December.— *198.*

Saluto a Fritz Adler.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 301, 29 ottobre, p. 1.— *204.*

Die schweizerische Arbeiterschaft und die Teuerung.— «Volksrecht», Zürich, 1916, Nr. 183, 8. August, S. 1—2.— *326.*

«Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung», Bern.— *326—327.*

— 1916, Nr. 38, 16. September, S. 1.— *241, 424.*

— 1916, Nr. 40, 30. September, S. 2.— *246, 424.*

«La Sentinelle», La Chaux-de-Fonds.— *162.*

Sismondi, J. C. L. Simonde de. Études sur l'économie politique. T. I. Bruxelles, société typographique Belge, 1837. IX, 327 p.— *185.*

«The Socialist Review», London, 1916, No. 78, August — September, p. 204—207, 287—290.— *181—182.*

* *Les Socialistes de Zimmerwald et la Guerre.* Paris, [1916]. 29 p. (Comité pour la Reprise des Relations Internationales).— *203, 299.*

Souvarine, B. A. nos amis qui sont en Suisse.— «Le Populaire du Centre», Limoges — Paris, 1916, N 345, 10 décembre, p. 1.— *292, 293, 296—298, 300—301, 302—303.*

«Sozialistische Auslandspolitik Korrespondenz», Berlin, 1916, Nr. 27, 12. Juli, S. 1—2.— *4—5.*

«Sozialistische Monatshefte», Berlin.— *414.*

The Statesman's Year-Book. Statistical and historical Annual of the States of the World for the Year 1916. Ed. by Keltie. London, Macmillan, 1916, XLIV, 1560, 12 p.; 4 plate.— *390—395.*

Stauning, T. [Brief an E. Vandervelde. 15. September 1916].— «Volksstimme», «Chemnitz, 1916, Nr. 241, 16. Oktober. Beilage zur Nr. 241 des «Volksstimme», S. 1—2, в ст.: Minister Stauning und Deutschland.— *202, 216—217.*

Die Stellungnahme der sozialdemokratischen Partei des 2. eidgenössischen Wahlkreises zur Haltung ihrer Nationalräte.— Grütlianer», Zürich, 1916, Nr. 163. 15. Juli, S. 2—3, в отд.: Aus der Partei.— *423.*

Ströbel, H. Pazifismus und Sozialdemokratie.— «Sozialistische Auslandspolitik Korrespondenz», Berlin, 1916, Nr. 27, 12. Juli, S. 1—2.— *4—5.*

— *Der Riß in der preußischen Landtagsfraktion.*— «Die Internationale», [Düsseldorf], 1915, Hft. 1, 15. April, S. 41—47. Под общ. загл.: Aus dem Parlament.— *1.*

— *Die Ursachen der sozialistischen Krise.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1915, Jg. 34, Bd. 1, Nr. 12, 17. Dezember, S. 353—361.— *4—5.*

Thalheimer, A. Die Geheimlehre und der Mythus.— «Die Internationale», [Düsseldorf], 1915, Hft. 1, 15. April, S. 54—59.—*1.*

* *Thesen über Imperialismus und nationale Unterdrückung.*— «Vorbote», [Bern], 1916, Nr. 2, April, S. 44—51. Подпись: Redaktion der Gazeta Robotnicza, Organ des Landesvorstandes der Sozialdemokratie Russisch — Polens.— *19, 20—22, 23, 24, 25—28, 29—42, 43, 45—49, 50, 53—55, 61—62, 64.*

* *«De Tribune»*, Amsterdam, 1916, No. 159, 23 Augustus, S. 1 — *263, 303—304.*

Turati, F. Abracadabra.— «Avanti!», Milano, 1916, N. 352, 25 dicembre, S. 1.— *277—278, 287, 377.*

— *Per ristabilire la nuda verità.*— «Avanti!», Milano, 1916, N. 349, 22 dicembre, S. 1.— *278.*

L'union, gage de réalisations.— «La Bataille», Paris, 1916, N 421, 27 décembre, p. 1.— *284.*

«Volksfreund», Braunschweig.— *3—5.*

Volksheer oder Entwaffnung?— «Jugend-Internationale», Zürich, 1916, Nr. 3, 1. März, S. 7—8.— *79—80, 149, 170.*

«Volksrecht», Zürich.— *162.*

— 1916, Nr. 162, 14. Juli, S. 1—2.— *149, 170, 241, 326—327, 423, 435.*

— 1916, Nr. 183, 8. August, S. 1—2.— *325—326.*

— 1916, Nr. 185, 10. August, S. 1.— *325—327.*

— 1916, Nr. 210, 8. September, S. 1.— *323—324.*

— 1916, Nr. 301, 23. Dezember, S. 2.— *278.*

— 1916, Nr. 306, 30. Dezember, S. 1—2.— *285—287, 289, 326, 337—338.*

1916, Nr. 79, 20. März. S 3.—*59—61.*

— 1916, Nr. 276, 7. Oktober. Beilage zu Nr. 276 des «Vorwärts», S. 1.— *168.*

— 1916, Nr. 342, 13. Dezember, S. 1.— *274.*

Weber, M. Rußlands Übergang zum Scheinkonstitutionalismus.— «Archiv für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik», Tübingen, 1906, Bd. V (XXIII), S. 165 (1)—401 (237).— *361—362.*

Wirth, A. Weltgeschichte der Gegenwart. (1879—1913). 4. Aufl. Leipzig, 1913.— *431.*

Die Wirtschaftspolitik und die Finanzreform des Bundes. [Резолюция, принятая на съезде Швейцарской социал-демократической партии в Аарау].— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei der Schweiz vom 20. und 21. November 1915, abgehalten im Saalbau in Aarau. Luzern, 1916, S. 120—122, 123, 134.— *222—223, 417.*

Wynkoop, D. J. Volksbewaffnung. (Eine Grundlage zur Diskussion).— «Vorbote», [Bern], 1916, Nr. 2, April, S. 27—36.— *149, 170.*

10 sozialdemokratische Minister.— «Volksstimme», Chemnitz, 1916, Nr. 241, 16. Oktober. Beilage zu Nr. 241 des «Volksstimme», S. 2. Под общ. загл.: Parteinachrichten.— *216, 218.*

Zetkin, K. Für den Frieden.— «Die Internationale», [Düsseldorf], 1915, Hft. 1, 15. April, S. 29—41.— *1.*

* *Die Zimmerwalder Linke über die Aufgaben der Arbeiterklasse.*— «Internationale Flugblätter», [Zürich], 1915, Nr. 1, November, S. 1—8.— *288, 332.*

Zimmerwalder Konferenz. [Резолюция, принятая на съезде Швейцарской социал-демократической партии в Аарау].— В кн.: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei der Schweiz vom 20. und 21. November 1915, abgehalten im Saalbau in Aarau. Luzern, 1916, S. 9, 92—93.— *162, 181, 219, 225—226, 235, 239, 320—321, 371, 401, 417.*

Zum «Referendum».— «Volksrecht», Zürich, 1917, Nr. 23, 27. Januar, S. 2—3, в отд.: Aus der Partei.— *403.*

Zum Separatfrieden.— «Berner Tagwacht», 1916, Nr. 242. 14. Oktober, S. 2.— *206.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

пын, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроградта большевиктік ұйымның жұмысына белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — басшы партия, совет және шаруашылық жұмысында болды. 1925 жылдан — Орталық Комитеттің мүшесі. 1938—1943 жылдары — РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі және СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары.— *169, 302.*

Бауман (Baumann), *Рудольф* (1872 ж. туған) — Швейцарияның оңшыл социал-демократы, 1906 жылдан — Цюрихтегі қалалық мектептің мұғалімі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1916 жылғы июньде Цюрих социал-демократиялық ұйымы басқармасының мүшесі болып сайланды; онан 1917 жылғы февральда шықты.— *404, 405.*

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. «Мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *24—25, 392, 427.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысы кезінде рейхстагта соғыс кредиттеріне қарсы дауыс берді. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипаттағы бірқатар қателіктер жіберді. 1907 жылы II Интернационалдың Штутгарт конгресінде ол енгізген қарардың түпкі мәні милитаризмге қарсы күрестің бейбіт жолын ұсыну болды.— *265.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген жеке кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн жұмысшы қозғалысының негізгі міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде интернационализм туралы сылдыр сөздермен социал-шовинизмді бүркемелей отырып, центристік позиция ұстады. Бұдан кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдауын жалғастыра берді, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *4, 300—301, 414.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «қанды жорық» жасап күшпен біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылғы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті, сойтіп 20 жыл бойы Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда, болмашы қайыр-садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуды көздеген Бисмарктің әрекеті табысқа жеткен жоқ. 1890 жылы отставкаға кетті.— *432.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920) — Итальян социалистік партиясын құрушылардың және оның барып тұрған оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы —

«Avanti!» («Алға!») газетінің редакторы болды. 1897 жылдан — парламент мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылды да, «социалистік реформистік партия» дейтінді құрушылардың бірі болды, бұл партия, В. И. Лениннің сипаттағанындай, іс жүзінде «либералдық-монархиялық «жұмысшы» саясатшыларының» партиясы болды (Шығармалар толық жинағы, 21-том, 454-бет). Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді.— *167, 168—169, 196, 283, 316, 386.*

Бономи (Bonomi), *Иваноэ* (1873—1951) — итальян мемлекет қайраткері, Итальян социалистік партиясының оң қанаты лидерлерінің бірі. 1909 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1912 жылы Итальян социалистік партиясынан шығарылып, «социалистік реформистік партия» дейтіннің негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтады. 1916—1921 жылдары бірқатар министрлік қызметтер атқарды. 1921—1922 жылдары буржуазиялық партиялар мен реформистер өкілдерінің коалициялық үкіметін басқарды. Фашистік диктатура дәуірінде (1922—1943) саяси қызметтен шеттеп кетті, сонан кейін итальян антифашистік Ұлт азаттығы комитетін басқарды. 1944—1945 жылдары, үкімет басшысы болып тұрғанында, Италияда демократиялық өзгерістерді жүргізуге бөгет жасады. 1949 жылы сенаттың председателі ретінде Италияның агрессияшыл Атлантикалық блокқа қосылуына себепші болды.— *283.*

Борхардт (Borchardt), *Юлиан* (1868—1932) — неміс социал-демократы, экономист және публицист. 1900 жылдан 1906 жылға дейін — социал-демократиялық органдар «Volksblatt» («Халық Листогы») пен «Volkszeitung»-тың («Халық Газеті») редакторы. 1911—1913 жылдары Пруссия ландтагының депутаты. 1913—1916 және 1918—1921 жылдары солшыл социал-демократиялық журнал «Lichtstrahlen»-нің («Жарық Сәулесі») редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Борхардт осы журналдың төңірегіне топтасқан «Германия интернационалдық социалистері» деген солшыл социал-демократиялық топты басқарып, социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы күрес жүргізді; Циммервальд конференциясына қатысты, Циммервальд солшылдарына қосылды. Бірақ Борхардт және оның тобы социал-шовинистерден толық ажырасудың және жұмысшы табының дербес саяси партиясын құрудың қажеттігін түсінбеді, сөйтіп соғыстың аяқ кезінде синдикалистік позицияға көшті. Соғыстан кейін Борхардт белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *53.*

Бош, Е. Б. (1879—1925) — 1901 жылдап большевиктік партияның мүшесі, Киевте және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөнінде Бухарин мен Пятаковтың антилениндік көзқарастарын жақтады; солармен бірге антипартиялық топ құрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Киевте облыстық партия комитетінің председателі болып істеді, 1917 жылғы октябрьде — Киев Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның тұңғыш Совет үкіметіне кірді, кейінірек — партия және совет жұмысында болды. 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды.— *67.*

Брейдо, Г. Е. — жұмысшы, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 900-жылдардан қатыса бастады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинистік позицияда болды, жұмысшылар өкілдерінің әскери-өнеркәсіп комитеттеріне кіруін жақтады. 1915 жылы ноябрьде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің жұмысшы тобының құрамына сайланды. 1917 жылы бірінші сайланған Петроград Советінің мүшесі болды.— *261.*

Бризон (Brizon), *Пьер* (1878—1923) — француз социалисі, публицист. 1910—1919 жылдары — депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік-пацифистік позиция ұстады. Кинталь конференциясына қатысты, француз оңшыл циммервальдистері лидерлерінің бірі болды. 1918 жылдан «La Vague» («Толқын») деген пацифистік газетті шығарып тұрды. 1921 жылы Франция Коммунистік партиясына қосылды, бірақ көп ұзамай одан шығып кетті.— *283, 292, 298.*

Бронский, М. Г. (1882—1941) — поляк социал-демократы, кейін большевик. 1902 жылдан Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының мүшесі. Польша мен Швейцарияда партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист. Кинталь конференциясында поляк социал-демократиясының өкілі болды. Циммервальд солшылдарына қосылды, Швейцария социал-демократтарының қызметіне атсалысты. 1917 жылғы июньнен Петроградта РСДРП(б) Петербург Комитетінің үгітшісі және насихатшысы болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сауда және өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары. 1918 жылы «солшыл коммунистер» позициясында тұрды. 1920 жылдан — Австриядағы уәкілетті өкіл және сауда өкілі, 1924 жылдан — Финанс халық комиссариаты, Сыртқы сауда халық комиссариаты коллегияларының мүшесі, онан соң оқытушылық және ғылыми жұмыста болды.— *404—405.*

билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде антилениндік позиция ұстады. Пятаковпен және Бошпен бірге антипартиялық топ құрды. Октябрь революциясы қарсаңында Россияда социалистік революцияның жеңуі мүмкін емес деген меньшевиктік-троцкистік теорияны жақтап шықты. Октябрь революциясынан кейін бірқатар жауапты қызметтер атқарды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс (1920—1921) кезінде әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің антилениндік тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы ВКП(б) Орталық Комитетінің Пленумы (25 февраль — 5 март) антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарды.— *66—76, 253, 254, 428.*

Бюлов (Bülow), *Бернхард* (1849—1929) — кайзерлік Германияның дипломаты және мемлекет қайраткері. 1897—1900 жылдары сыртқы істер жөніндегі статс-секретарь болды; 1900 жылдан 1909 жылға дейін — рейхсканцлер. Герман империализмінің дүние жүзілік үстемдік жолындағы күресін білдіретін отарлық басқыншылықтың кең программасын алға қойды. Өскелең стачкалық қозғалысқа қарсы аяусыз жазалар қолдана отырып, реакциялық ішкі саясат жүргізді; антимилитаризммен күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Италияда төтенше елші болды. Кейініректе саяси қызметтен шеттеп кетті.— *206.*

В

Вайнкоп (Wijnkoop), *Давид* (1877—1941) — голланд солшыл социал-демократы, кейіннен коммунист. 1907 жылы — голланд социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі, кейін осы газеттің бас редакторы. 1909 жылы Голландия Социал-демократиялық партиясының («трибунистер» партиясының) негізін салушылардың бірі және оның председателі болды; бұл партия 1918 жылы Голландия Коммунистік партиясы болып қайта құрылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналына жазып тұрды. Голландия Коммунистік партиясы басшыларының бірі бола жүріп, әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1918—1925 жылдары және 1929 жылдан — голланд парламентінің мүшесі. Коминтерннің II конгресінде Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1925 жылы Коминтерннің отар, кәсіподақ және басқа мәселелер жөніндегі шешімдеріне қарсы шық-

ты, сол үшін 1926 жылы Голландия Коммунистік партиясынан шығарылды. Ол 1930 жылы өз қателерін мойындады, сөйтіп партияға қайтадан қабылданды, 1935 жылы партияның Орталық Комитетінің құрамына сайланды.— *170.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті. II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасауға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы В. И. Ленин атап көрсеткендей, ол еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы» шығады (Шығармалар, 28-том, 327-бет).— *157—158, 177, 202, 214, 216, 289, 300, 317, 414.*

Вебб (Webb), *Беатриса* (1858—1943) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері, реформистік позиция ұстады.— *194.*

Вебб (Webb), *Сидней* (1859—1947) — белгілі ағылшын қоғам қайраткері, реформист. Зайыбы Беатриса Веббпен бірге ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологы болған Сидней Вебб өзінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын ұсынды. Реформистік Фабий қоғамының негізін салушылардың бірі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясын ұстады. Бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Совет Одағына дұрыс ниетте болды.— *194.*

Вебер (Weber), *Макс* (1864—1920) — немістің буржуазиялық социологы, тарихшы әрі экономист. 1893—1903 жылдары және 1919—1920 жылдары Германияның бірқатар университеттерінде профессор болды. Өзінің еңбектерінде капитализмнің апологеті ретінде көрінді, антагонистік таптық қайшылықтарды бүркемеледі. Герман империализмінің агрессиялық сыртқы саясатын қолдай отырып, билеуші таптардың Германиядағы социал-демократиялық және кәсіподақ қозғалысының оппорту-

Г

кезінде центристік позицияда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірге «Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрды. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздері» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген «Халық уәкілдерінің советі» дейтіннің құрамына кірді.— *157—158, 166—167, 168, 177, 219, 228, 274, 397.*

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921) — ағылшын социалисі, реформист. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды. 1900—1910 жылдары — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Британ социалистік партиясы лидерлерінің бірі болды, алайда Солфордта болған партия конференциясы оның империалистік соғыс жөніндегі социал-шовинистік позициясын айыптағаннан кейін ол 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығып кетті. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы интервенцияны жақтап шықты.— *157—158, 177, 198, 199, 278, 299, 300.*

Галифе (Galliffet), *Гастон Александр Огюст* (1830—1909) — француз генералы, Францияның бірқатар соғыстарына қатысқан, 1871 жылғы Париж Коммунасын жаныштаған жендет. Версальдықтар армиясының атты әскер бригадасының командирі болған ол коммунарларды жазалауда қаталдығымен ерекше көзге түсті. 1872 жылы Алжирде арабтардың көтерілісін басты. Кейінгі жылдары бірқатар корпекті әскери қызметтер атқарды, 1899 жылдың июнінен 1900 жылдың майына дейін Вальдек-Руссоның кабинетінде әскери министр болды.— *153.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — священник; арандатушы, патша охранкасының агенті. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында полиция департаментінің тапсырмасы бойынша зубатовтық ұйымдардың үлгісімен «Петербургтің орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысы» деген ұйым құрды, бұл ұйымға полиция департаменті қаржы бөліп тұрды. 1905 жылы 9 январьда Петербург жұмысшыларын петициямен патшаға шеру жасап баруға арандатты. Шетелге қашып кетіп, онда эсерлерге жақын болды. Россияға қайтып келгеннен кейін әшкереленіп, эсерлердің қолынан өлді.— *257, 342.*

Гвоздев, К. А. (1883 ж. туған) — жойымпаз-меньшевик. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің жұмысшы тобының председателі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі атқару

комитетінің мүшесі, буржуазиялық уақытша үкімет құрамында еңбек министрінің орынбасары, одан соң еңбек министрі — *196, 199, 212—213, 261—262.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады. К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті. 1901 жылы Гед және оның жақтастары Франция Социалистік партиясын құрды, ол 1905 жылы реформистік Француз социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталатын болды. Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді.

Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді: ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинистік позицияға көшіп, буржуазиялық үкіметке кірді. Гед Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады.— *16, 294, 299.*

Гейльман (Heilmann), *Эрнст* (1881—1940) — неміс оңшыл социал-демократы, публицист. 1907—1917 жылдары — «Volksstimme» («Халық Үні») газетінің бас редакторы, бұл газет дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл социал-шовинистік қанатының органы болды. Соғыс кезінде, сондай-ақ, социал-шовинистік «Die Glocke» («Қоңырау») журналына жазып тұрды және 1917—1918 жылдары социал-шовинистік журнал «Internationale Korrespondenz»-тің («Халықаралық Корреспонденция») редакторы болды. 1919—1933 жылдары — Пруссия ландтагының депутаты және ландтагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. 1928—1933 жылдары — герман рейхстагының мүшесі. 1933 жылдан фашистердің тұтқын лагерьлерінде қамауда болды.— *216, 397.*

Гельфанд, А. Л.— қараңыз: Парвус.

Гельферих (Helfferich), *Карл* (1872—1924) — немістің буржуазиялық мемлекет қайраткері және экономист, Германия финанс олигархиясының өкілі. Бағдат темір жолының директоры (1906 жылдан) және Неміс банкі директорларының бірі (1908—1915) болған кезде Таяу Шығыс елдерін герман империализмінің ықпал ету сферасына тарту саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде финанс министрі,

білдірді, «Совет Одағының достары қоғамының» белсенді мүшесі болды.— *44.*

Губер (Huber), *Иоганнес* (1879—1948) — Швейцария оңшыл социал-демократы, адвокат, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Швейцария социал-демократиясының оң қанатының органы — «Volksstimme» («Халық Үні») газетіне белсенді түрде жазып тұрды, Циммервальд қозғалысына қарсы күрес жүргізді. 1919 жылдан — ұлттық кеңесші. Соғыстан кейін коммунистік қозғалысқа қарсы шықты.— *222—223, 242, 322, 323, 324, 328, 338, 402—403, 405.*

Гурвич, И. А. (1860—1924) — экономист. 1881 жылы халықшылдық баспахананың ісі бойынша Сибирьге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін Минск қаласы жұмысшыларының арасында революциялық насихат жүргізді. 1889 жылы Америкаға эмиграцияға кетіп, американ кәсіптік және социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты. «Орыс деревнясының экономикалық жағдайы», «Иммиграция және еңбек» деген еңбектердің авторы. 900-жылдардың бас кезінде ревизионист болды.— *121.*

Гутовский, В. А.— қараңыз: Маевский, Е.

Гучков А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. Бірінші орыс революциясы дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалар жөнінде үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін қолдады. 1910—1911 жылдарда — III Мемлекеттік думаның председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, ақ эмигрант.— *210—211, 212, 261, 272, 379.*

Гюбнер (Hübner), *Отто* — «Әлемдегі барлық елдердің географиялық-статистикалық кестелері» деген атпен шығып тұрған әржылдықтарды құрастырушы және шығарушы.— *391—392.*

Гюисманс (Huysmans), *Камиль* (1871—1968) — Бельгия жұмысшы қозғалысының ең байырғы қайраткерлерінің бірі; филология профессоры, журналист. 1904—1919 жылдарда — II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының секретары; Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, іс жүзінде Халықаралық социалистік бюроны басқарды. Бельгия үкіметіне бірнеше рет кірді, 1946—1947

жылдарда — премьер-министр. 1910 жылдан — парламент депутаты; 1936—1939, 1954—1959 жылдарда — депутаттар палатасының председателі. Соңғы жылдарда социалистік партиялардың КПСС-пен байланыс орнатуын, халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін қалпына келтіруді жақтады.— *216, 218, 289.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, ревизионист, кәсібі жөнінен экономист. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. «Социал-демократия бүкіл дүние жүзілік соғыста» деген кітапта неміс социал-демократиясы оң қанатының империалистік соғыстағы оппортунистік позициясын қорғады. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге дұшпандық көзқараста болды.— *3, 16, 19—20, 167, 190, 216, 283, 287, 288.*

Дебс (Debs), *Юджин Виктор* (1855—1926) — Америка Құрама Штаттары жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. 1893 жылы Американ темір жолшылар одағын ұйымдастырды, 1897 жылға дейін сол одақтың президенті болды. Дебс социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі болды; бұл партия 1900—1901 жылдары қалыптасқан Социалистік партияның негізгі ұйтқысы еді. 1905 жылы «Дүние жүзінің индустриялық жұмысшылары» кәсіподақ ұйымын құруға қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды, социал-шовинистердің сатқындығын айыптады, Америка Құрама Штаттарының соғысқа кіруіне қарсы насихат жүргізді. Дебс Октябрь социалистік революциясының жеңісін құттықтады. 1918 жылы антиимпериалистік қызметі үшін 10 жыл түрмеге отыруға кесілді, бірақ 1921 жылы оған амнистия берілді.— *299—300.*

Де-Ло — қараңыз: Луа.

Дмитриев, К.— қараңыз: Колокольников, П. Н.

Добролюбов, Н. А. (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және

серігі. Самодержавие мен крепостниктік тәртіптің ымырасыз жауы болды, патшалық самодержавиеге қарсы халықтық көтерілісті жақтады. А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен бірге Добролюбов Россиядағы революциялық социал-демократияның ізашары болды.— *281*.

Дункер (Duncker), *Кетэ* (1871—1953) — Германиядағы социалистік әйелдер қозғалысының көрнекті қайраткері. 1907 жылдан әйелдер жұмысшы қозғалысының органы «Die Gleichheit»-ке («Теңдік») жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. 1915 жылы «Die Internationale» («Интернационал») журналына жазып тұрды, «Интернационал» тобының мүшесі болды, ол топ көп кешікпей «Спартак», ал онан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германия Коммунистік партиясын құруға қатысты, 1918—1919 жылдары — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Германияда өкімет басына фашистер келгеннен кейін шетелге эмиграцияға кетті. Фашизм талқандалғаннан кейін Герман Демократиялық Республикасында ғылыми-педагогикалық жұмыста болды.— *1*.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі, ұсақ буржуазияшыл идеолог. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Дюрингтің герман социал-демократиясының бір бөлегі ішінен қолдау тапқан көзқарастарын Энгельс «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген кітабында сынады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынға алды.— *120, 121*.

Дюрр (Dürr), *Карл* (1875—1928) — Швейцария социал-демократы, Швейцария кәсіподақтарының реформистік лидерлерінің бірі. 1903 жылдан — Базельдегі жұмысшы металлистер кәсіподағының председателі. 1909 жылдан — жұмысшы металлистердің швейцариялық кәсіподақ бірлестігінің секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Циммервальд қозғалысына қарсы күрес жүргізді. 1916 жылы «Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung»-тің («Швейцария Жұмысшы Металлистерінің Газеті») редакторы болып, осы газетте реформистік бағытты жүргізді. 1916 жылдан — Швейцария кәсіподақ бірлестігінің секретары.— *241, 242, 327, 328—329, 338, 435*.

Ж

Жорес (Jaurés), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарих-

шы. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттегі социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өмірінің ақырына дейін редакциялады. Жорес демократияны, халық бостандығын қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы қажымай-талмай күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі арқылы емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Жорестің оны оппортунизм жолына итермелеген реформистік көзқарастарын Ленин қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Дүние жүзілік империалистік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.— *414.*

Жуо (Jouhaux), *Леон* (1879—1954) — француз және халықаралық кәсіптік қозғалыстың реформистік қайраткері; кәсіподақтардың Амстердам Интернационалының оңшыл лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — шовинист. В. И. Ленин Жуоны «ең пасық социал-сатқындардың бірі» (Шығармалар, 30-том, 346—347-беттер) деп сипаттады.— *281, 282—283, 284, 285, 286, 287, 288, 307, 336, 397.*

З

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. «Еңбекті азат ету» тобын құруға және оның жұмысына қатысты. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *303.*

Зейдель (Seidel), *Роберт* (1850—1933) — Швейцарияның оңшыл социал-демократы, педагог және публицист. Жұмысшы қозғалысындағы маркстік бағытқа қарсы күрес жүргізді. 1890—1898 жылдары — Швейцария социал-демократиялық партиясы мен Біріккен кәсіподақтарының орталық органы — «Arbeiterstimme» («Жұмысшы Үні») газетінің редакторы. 1908

жылдан — Цюрих университетінің приват-доценті. 1911—1917 жылдары — ұлттық кеңесші. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист.— *338.*

Зиммель — Швейцария социал-демократы.— *422.*

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органдары «Пролетарий» мен «Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіндері жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның жоспарын білдіріп қою болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін басшы партия және совет жұмыстарында болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракцияшылдық әрекеттері үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайтадан шығарылды. 1933 жылы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *74, 91, 403.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационалдың Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге өзінің К. Markспен, Ф. Энгельспен және басқа адамдармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *191, 192.*

Зюдекум (Südekum), *Альберт* (1871—1944) — герман социал-демократиясының оппортунистік лидерлерінің бірі, ревизионист. 1900 жылдан 1918 жылға дейін — рейхстагтың депутаты.

315, 316—317, 336—337, 360, 377, 379, 381, 382, 383, 384—385, 386—387, 397, 410, 413, 415, 425, 427, 431, 438.

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — нағыз қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің министрі, одан кейін премьер-министрі және жоғарғы бас қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда жүріп антисоветтік насихат жүргізді.— *272, 379.*

Клёти (Klöti), *Эмиль* (1877 ж. туған) — Швейцария саяси қайраткері, оңшыл социал-демократ. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1919—1930 жылдары — Ұлттық советтің мүшесі. 1921—1922 жылдары — президент; 1928—1942 жылдары — Цюрих қаласының мэрі.— *324.*

Колокольников, П. Н. (Дмитриев, К.) (1871—1938) — меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз; дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — қорғампаз, меньшевиктік «Наша Заря», «Наше Дело» және «Дело» журналдарына жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — коалициялық Уақытша үкіметте еңбек министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін оқытушылық жұмыста болды.— *262.*

Косовский, В. (Левинсон, М. Я.) (1870—1941) — Бундтың негізін салушылардың және оның лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Бундтың орталық органы «Die Arbeiterstimme» («Жұмысшы Үні») газетінің бас редакторы болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаз-меньшевиктердің органдары: «Наша Заря» журналы мен «Луч» газетіне жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, германофильдік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, эмиграцияға кетті; Польшадағы Бунд ұйымдарында істеді. 1939 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті.— *163.*

Кропоткин, П. А. (1842—1921) — анархизмнің басты қайраткерлерінің және теоретиктерінің бірі, князь. 1872 жылы шетелде жүріп Бакунин тобына қосылды. Россияға қайтып келгеннен кейін анархист ретінде халықшылдық қозғалысқа қатысты, сол үшін 1874 жылы тұтқынға алынып, Петропавл қамалына отырғызылды. 1876 жылы шетелге қашып кетті, онда К. Маркстің тап күресі және пролетариат диктатурасы жөніндегі іліміне қарсы шықты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — шовинист. 1917 жылы эмиграциядан қайтып келіп, буржуазиялық позицияда қала берді, алайда 1920 жылы

Европа жұмысшыларына хат жазып, онда Октябрь социалистік революциясының тарихи маңызын мойындады және жұмысшыларды Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясына бөгет жасауға шақырды. География және геология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *212—213.*

Кулишер, А.— кадет. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде кадеттер партиясының орталық органы — «Речь» газетіне жазып тұрды.— *60.*

Кунов (Cunow), *Генрих* (1862—1936) — неміістің оңшыл социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф, профессор. Бастапқы кезде марксистерге қосылды, кейін ревизионист және марксизмді бұрмалаушы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-империализм теоретигі. 1917 жылдан 1923 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық органы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы. Ленин Куновты «империализм мен аннексияның неміс апологеті» (Шығармалар толық жинағы, 27-том, 427-бет) деп атады.— *35—36, 40, 134.*

Л

Ланг (Lang), *Отто* — Швейцария социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың, лидерлері мен идеологтарының бірі, публицист; партияның 1904 жылы қабылданған реформистік программасының авторы. Швейцария кантондары советінің мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист.— *323—324, 338, 423.*

Левинсон, М. Я.— қараңыз: Косовский, В.

Левицкий, В. (Цедербаум, В. О.) (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа жойымпаздық-меньшевиктік мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейінірек әдеби жұмыспен шұғылданды.— *303.*

Легин (Legien), *Карл* (1861—1920) — неміістің оңшыл социал-демократы, неміс кәсіподақтары лидерлерінің бірі, ревизионист. 1890 жылдан — Германия кәсіподақтары Бас комиссиясының председателі. 1903 жылдан — Кәсіподақтардың халықаралық секретариатының секретары, ал 1913 жылдан — председателі.

сары. 1941—1943 жылдарда — Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.— *169.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеудегі саяси бағытын белгілеуде көрнекті роль атқарды. Арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құруды тоқтатуға немесе болдырмауға тырысты. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позициясын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күніне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді.— *198, 199.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938) — Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың қайраткері, публицист; Шарль Лонге мен Женни Маркстің ұлы. Француз және халықаралық социалистік баспасөзге жиі жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Француз социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды. 1914 және 1924 жылдары Францияның депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. Социалистік «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») негізін салушылардың бірі (1916) және редакторы болды. Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын айыптады. 1920 жылдан бастап — Француз социалистік партиясының центристік қанаты лидерлерінің бірі. 30-жылдары социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты.— *157—158, 177, 203, 219, 228, 286, 287, 297, 300—301, 306, 309, 317—318.*

Луа (Loys), *Трейторран* (1857—1917) — Швейцария полковнигі. 1900 жылдан Швейцария армиясында бірқатар қолбасшылық қызметтер атқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезде 2-ші мобилизацияланған дивизияның командирі болды. 1916 жылғы августа баспасөз бетінде Швейцарияның соғысқа кірісуі жөніндегі шовинистік талаптарды қолда-

ған пікір айтты. Швейцарияның социал-демократиялық баспасөзі полковник Луаның пікірін әшкерелеп, Одақтық советтен оны отставкаға шығаруды талап етті. Алайда Швейцарияның империалистік буржуазиясы мен әскери топтарының айтуынан аса алмай, әскери командование оған қатаң сөгіс берумен шектелді.— *220—221.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (Юниус) (1871—1919)— халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының қатарында болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға ымырашылдық көзқараста болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған күннен-ақ Люксембург интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылы январьда тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді.

Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті.— *1—18, 19, 33, 54, 58—59, 64, 130, 142, 150, 171, 429, 430, 432.*

М

Маевский Е. (Гутовский, В. А.) (1875—1918)— социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Наша Заря» журналына, «Луч» газетіне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті.— *263.*

Майера, Б.— қараңыз: Мейера, Б.

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937)— ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге

ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты; жұмысшы табын жікке бөлу саясатын жүргізді. 1924 және 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. Макдональдтың лейбористік үкіметі ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысын басып отырды, жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды.— *157—158, 177.*

Макензен (Mackensen), *Август* (1849—1945) — генерал-фельдмаршал, Германияның империалистік соғыс құмарларының өкілі. Франция-Пруссия соғысына (1870—1871) қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде Шығыс Пруссиядағы герман корпусын басқарды, герман армияларының және Шығыс майдандағы Германия-Австрия әскерлері топтарының бас қолбасшысы қызметін атқарды.— *380.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант.— *257.*

Маклин (Maclean), *Джон* (1879—1923) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен мұғалім. Шотланд жұмысшылары арасында революциялық-ағарту жұмысын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс қарсаңында Британ социалистік партиясының сол қанатына қосылып, партияның Шотландиядағы лидерлерінің бірі болды. Соғыс кезінде интернационалистік позиция ұстады, соғысқа қарсы белсенді революциялық насихат жүргізді, жұмысшылардың бұқаралық демонстрациялары мен ереуілдерін (соның ішінде әскери кәсіпорындарда) ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі болды, сол үшін ағылшын үкіметі тарапынан талай рет қуғынға ұшырады. 1916 жылғы апрельде Британ социалистік партиясы басшылығының құрамына сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *300, 322, 328.*

Манн (Mann), *Том* (1856—1941) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, 1885 жылы Социал-демократиялық федерацияға кірді. 80-жылдардың аяғында Жаңа тред-юниондар қозғалысына белсене қатысты, бірқатар ереуілдерге басшылық етті. 1893 жылы Манн Тәуелсіз жұмысшы партия-

сын құруға қатысты, оның сол қанатына қосылды. 900-жылдары Австралияда болып, онда жұмысшы қозғалысында басшылық роль атқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. Ағылшын жұмысшыларының антисоветтік интервенцияға қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі. Великобритания Коммунистік партиясы құрылған кезден бастап (1920) осы партияның мүшесі. Халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігі үшін, империалистік реакция мен фашизмге қарсы белсене күресті.— *192.*

Манц-Шеппи (Manz-Schäppi), *Карл* (1856—1917) — Швейцария социал-демократы, реформист. Цюрих кантоны социал-демократиялық ұйымының председателі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист.— *322, 323, 327, 328.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз — Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96 беттер).— *12, 13—14, 22, 42—44, 45, 104, 122, 127, 185, 190—191, 193, 198—199, 200, 253, 263, 295, 302, 415, 431.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. Меньшевиктердің ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариатының құрамына енді, оның баспасөз органын редакциялады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *13, 16—17, 19—20, 31, 53, 64—65, 120, 157—158, 177, 186, 189, 190, 256—259, 260, 261, 262, 263—264, 302—303, 304, 383, 410.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономистер» лидерлерінің бірі, меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаздардың органы — «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына енді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден ажырасты. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды; К. Маркс

тады, бірақ онымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктеріне ұрынды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационализм позициясында болды. «Интернационал» тобы басшыларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *1.*

Миколадзе — отставкадағы офицер. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — қорғампаз.— *256—257.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1902 жылдан бастап либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсенді түрде жазып тұрды. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *207, 210—212, 213, 272, 379.*

Моргари (Morgari), *Одино* (1865—1929) — итальян социалисі, журналист. Итальян социалистік партиясын құруға және оның қызметіне қатысты, центристік позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде халықаралық социалистік байланыстарды қайтадан бастауды жақтады. Циммервальд конференциясына қатысты, онда центристік позиция ұстады. 1919—1921 жылдары — парламенттік социалистік фракцияның секретары.— *435.*

Муранов, М. К. (1873—1959) — большевик, кәсібі жоніпеп жұмысшы-слесарь. 1904 жылдан РСДРП мүшесі; Харьковта партиялық жұмыс жүргізді. Харьков губерниясы жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. Большевиктік «Правда» газетіне жазып тұрды. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің аппаратында істеді. Партияның VI, VIII және IX съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды. 1922 жылдан 1934 жылға дейін ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болды.— *169, 302.*

Мюллер (Müller), *Густав* (1860—1921) — Швейцарияның оңшыл социал-демократы, офицер. 1911 жылдан — ұлттық кеңесші. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Циммервальдтық қозғалысқа қарсы күрес жүргізді. 1918—1919 жылдары Швейцария социал-демократиялық партиясының председателі болды.— *318, 323, 324, 327, 370, 403, 405.*

Мюнценберг (Münzenberg), *Вильгельм* (1889—1940) — социал-демократ, Швейцария мен Германиядағы жұмысшы қозғалысына белсене қатысты. 1910 жылы Германиядан Швейцарияға қоныс аударды. 1914—1917 жылдары Швейцария жастарының социал-демократиялық ұйымының басшысы және оның органы «Freie Jugend»-тің («Азат Жастар») редакторы болды, 1915—1919 жылдары — Жастардың Социалистік интернационалының секретары және оның органы «Jugend-Internationale»-нің («Жастар Интернационалы») редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. 1916 жылдан — Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі. Германияға қайтып келгеннен кейін Германия Коммунистік партиясының мүшесі болды, оның Орталық Комитетінің құрамына сайланды. 1919—1921 жылдары — Жастардың Коммунистік интернационалының секретары.
30-жылдары троцкистермен және басқа оппортунистік элементтермен блок құрып, коммунистік партиялар жүргізіп отырған біртұтас жұмысшы және халықтық антифашистік майдан құру тактикасына қарсы шықты, осынысы үшін Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің құрамынан шығарылды, ал 1939 жылы Германия Коммунистік партиясынан шығарылды; КПСС пен СССР-ге қарсы жалақорлық науқан жүргізді.— *403, 404.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — Франция императоры (1804—1814 және 1815).— *6—7.*

III Наполеон (Бонапарт, Луи) (1808—1873) — Францияның 1852 жылдан 1870 жылға дейінгі императоры, I Наполеонның немере інісі. 1848 жылғы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Француз республикасының президенті болып сайланды; 1851 жылдың 2 декабріне қараған түні мемлекеттік төңкеріс жасады. III Наполеонға сипаттама К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде берілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 115—217-беттер).— *312—313, 391.*

Нахимсон, М. Н. (Спектатор) (1880—1938) — экономист және публицист. 1899 жылдан 1921 жылға дейін — бундшыл. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позиция

ұстады. 1935 жылы Москвада Халықаралық аграрлық институтта және Коммунистік академияда істеді. Дүние жүзілік шаруашылық экономикасының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *11—12, 186.*

II Николай (Романов) (1868—1918)— орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды.— *49, 124, 210, 270, 272, 342, 357, 358, 379, 380.*

Нобс (Nobs), *Эрнст* (1886—1957) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, публицист. 1912 жылдан Швейцария социал-демократиясының баспасөзіне белсенді түрде жазып тұрды. 1915 жылдан оның органы — «Volksrecht» («Халықтық Право») газетінің бас редакторы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде бастапқыда интернационалистерге қосылды, Швейцария солшыл социал-демократтарының жұмысына, Кинталь және Стокгольм конференцияларына қатысты. 1917 жылы центристік-пацифистік позицияға көшті. 20-жылдары Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына шығып алып, Швейцария және халықаралық коммунистік қозғалысына қарсы шықты. 1919—1943 жылдары — ұлттық кеңесші. 1943—1951 жылдары — Одақтық Советтің мүшесі. 1949 жылы — Швейцария президенті.— *324, 402, 403, 404, 405.*

Nota-Bene — қараңыз: Бухарин, Н. И.

Нэн (Naine), ***Шарль*** (1874—1926) — Швейцария социал-демократиялық партиясы лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен адвокат. Швейцария социал-демократиялық «La Sentinelle» («Сақшы»), онан соң «Droit du Peuple» («Халық Правосы») газеттерінің редакторы, Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс басталған кезден бастап интернационалистерге қосылды, Циммервальд конференциясына қатысты, Интернационалдық социалистік комиссияның құрамына кірді. 1917 жылы центрист болды, ал көп кешікпей толығынан Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына көшті. 1919 жылы II Интернационалды қалпына келтіруді жақтады. 1919—1921 жылдары центристік ($II^1/_2$) Интернационалды құруға қатысты.— *229, 320, 324, 330, 402, 403.*

О

Ортодокс — қараңыз: Аксельрод, Л. И.

П

Паннекук (Pannekoek), *Антони* (1873—1960) — голланд социал-демократы. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды, 1909 жылы бұл сол қанат Голландия Социал-демократиялық партиясы («Трибунистер» партиясы) болып қалыптасты, 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланыс жасады, олардың органдарына белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа «әсіре солшылдардың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *415, 425, 426, 438.*

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың басында Россияда және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты, Германия социал-демократиялық партиясының сол қанатына қосылды. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Парвус антимарксстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Кейіннен социал-демократиядан шеттеп кетті; дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алыпсатарлықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып, байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды.— *35—36.*

Патуйе (Patouillet), *Жозеф* — француз экономисі, «Американ империализмі» (1904) деген еңбектің авторы.— *430, 431, 432.*

Петрович, Г.— жойымпаз-меньшевик. Дүние жүзілік империалистік соғыс дәуірінде — социал-шовинист. Жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» журналына, 1915—1917 жылдары — меньшевиктік «Наше Дело» және «Дело» журналдарына жазып тұрды.— *262—263.*

Петровский, Г. И. (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, кейін советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде — Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы больше-

виктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Революция музейі директорының орынбасары.— *169, 302.*

Пикер, А. С.— қараңыз: Мартынов, А.

Платтен (Platten), *Фридрих* (1883—1942) — Швейцария солшыл социал-демократы, Швейцария Коммунистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 1904 жылдан қатысты, 1906—1907 жылдары Ригада революциялық жұмыс жүргізді. 1912—1918 жылдары — Швейцария социал-демократиялық партиясы секретарьларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты, Циммервальд солшылдарының құрамына енді. 1917 жылы апрельде В. И. Лениннің Швейцариядан Россияға қайтуын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1919 жылы III, Коммунистік Интернационалды ұйымдастыруға қатысты; «Коммунистический Интернационал» журналына жазып тұрды. 1921—1923 жылдары — Швейцария Коммунистік партиясының секретары. 1923 жылы СССР-ге көшіп келіп, швейцария жұмысшыларының ауыл шаруашылық коммунасын басқарды, одан соң Халықаралық аграрлық институтта және Москва педагогикалық шет тілдер институтында істеді.— *229, 329—330, 402, 403, 404—405.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған: «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ

Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы секілді еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясын ұстады, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп-жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *13, 16, 19—20, 65, 95, 157—158, 166, 168—169, 176, 190, 198, 207, 211, 212—213, 214, 216, 263, 300, 301, 303, 308—309, 316—317, 377—378, 381, 382, 384, 414.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқа органдарында басшылық роль атқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты.— *16—17, 64, 65, 163, 164, 166—167, 187, 196, 199, 207, 212—213, 260, 261, 262, 263, 264, 303, 304, 308, 383, 425, 426, 427.*

Прессман (Pressemanne), *Адриэн* (1879 ж. туған) — француз социалисі. 1912 жылы Француз социалистік партиясының Халықаралық социалистік бюродағы тұрақты өкілі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік позиция ұстады.— *156—158, 177, 203, 219, 228, 297, 299, 306.*

Пуанкаре (Poincaré), Раймон (1860—1934) — француз буржуазиясының саяси және мемлекет қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1887 жылы депутаттар палатасына сайланды. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал 1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болған.

Бұл қызметтерінде өзін дүние жүзілік империалистік соғысты өзірлеудің белсенді жақтаушысы етіп көрсетті, сол үшін «Пуанкаре-соғыс» деген атқа ие болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Оның саясатының ерекшелігі барынша антисоветтік бағытта болғандығы, француз еңбекшілерінің өмірлік праволары мен демократиялық бостандықтарына шабуыл жасағандығы, француз коммунистерін қуғындағандығы болды.— *49.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, барып тұрған реакционер-қаражүздік монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым — «Михаил Архангел палатасын» құрды; өзінің ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен көпке әйгілі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында армияның тылдағы ұйымдарында істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді.— *207, 261.*

Путкамер (Puttkamer), *Роберт Виктор* (1828—1900) — немістің реакцияшыл мемлекет қайраткері, Пруссия дворяндық бюрократиясы өкілдерінің бірі. 1879—1881 жылдары — Пруссияның діни дәстүр және ағарту министрі. 1881—1888 жылдары — Германияның ішкі істер министрі және Пруссия үкіметінің вице-президенті. Германиядағы социал-демократиялық және кәсіподақ қозғалысын қуғындау саясатын жүргізді. 1886 жылы оның инициативасы бойынша герман үкіметі жұмысшылардың ереуіл жасауына іс жүзінде тыйым салған указ шығарды.— *355—356.*

Пфлюгер (Pflüger), *Пауль Бернгард* (1865 ж. туған) — Швейцария оңшыл социал-демократы, 1911 жылдан 1917 жылға дейін — ұлттық кеңесші. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист.— *242, 322, 323, 324, 327, 328—329, 338.*

Пятаков, Г. Л. (Пятаков, Ю., Киевский, П.) (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды. Украинада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде және партия саясатының басқа да аса маңызды мәселелері бойынша антилениндік позиция ұстады, Бухаринмен және Бошпен бірге антипартиялық топ құрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Киев комитетінің председателі, партияның социалистік революцияға бағыт алуына қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның Совет

Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті.— *384, 392, 414.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясы реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдары «Le Peuple» («Халық»), 1914—1920 жылдары «L'Humanité» («Адамзат») газеттерінің редакторы; 1914—1919 және 1924 жылдары депутаттар палатасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партиядағы басшылықтан шеттеп кетті, 1933 жылы партиядан шығарылды; кейіннен шағын неосоциалистік топ құрды.— *167, 198, 199, 285, 287, 290, 299, 300, 303, 306, 316, 317, 336, 397.*

Римате (Rimathé), *Антон* (1874 ж. туған) — Швейцария социал-демократы, кәсіподақ лидерлерінің бірі, журналист. XX ғасырдың басынан — Швейцарияның темір жол жұмысшылары кәсіподақтарының басшысы, олардың газеттерінің редакторы. Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік-пацифистік позицияда болды. 1916—1919 жылдары — ұлттық кеңесші.— *404, 406.*

Роланд-Гольст (Roland Holst), *Генриетта* (1869—1952) — голланд социалисі, жазушы. Әйелдер одақтарын құру жолында жұмыс істеді. 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан голланд социал-демократтарының сол қанатына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстады, кейін интернационалистерге қосылды, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1927 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды және Коминтерннің жұмысына қатысты. 1927 жылы компартиядан шықты; одан әрі христиан социализмі позициясында болды.— *79, 170, 264, 303, 304.*

Роллан (Rolland), *Ромен* (1866—1944) — француздың аса көрнекті жазушысы және қоғам қайраткері. Өзінің шығармаларында буржуазиялық қоғамды және оның құлдыраған мәдениетін қатаң сынға алды. Дүние жүзілік империалистік соғысқа пацифизм позициясынан қарсы шықты. 1914—1919 жылдары «Соғыс жылдарының күнделігін» жазды; бұл шығармасы кейінірек СССР-дің В. И. Ленин атындағы кітапханасында сақталып, автордың өсиеті бойынша 1955 жылғы январьда жарияланды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет елінің досы болды; 1935 жылы Совет Одағына келіп қайтты. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында француздың антифашистік Қарсыласу қозғалысын қолдады.— *438*

Рюле (Rühle), *Отто* (1874 ж. туған) — герман солшыл социал-демократы, публицист және педагог. 1912 жылдан — рейхстаг депутаты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационалистік позиция ұстады. 1919 жылы Германия Коммунистік партиясына кірді. Герман коммунистері арасындағы жікке бөлінушіліктен кейін, 1920 жылдың басында Германия Коммунистік жұмысшы партиясын құруға қатысты. Кейіннен оппортунистік қызметі үшін Германия Коммунистік жұмысшы партиясынан шығарылды, сөйтіп социал-демократиялық партияға қайта келді.— *3, 202—203, 298, 411, 412.*

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік-троцкистік «Голос» және «Наше Слово» газеттеріне жазып тұрды. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда істеді. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе бойынша келіспеушіліктің себебінен партиядан уақытша шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сөйтіп кәсіподақтарда жұмыс істеуден шеттетілді. 1931 жылға дейін К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры болды. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *44.*

С

Самба (Sembat), *Марсель* (1862—1922) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі, журналист. Француз социалистік баспасөзіне белсенді түрде жазып тұрды. 1893 жылдан бастап — депутаттар палатасының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1914 жылғы августан 1917 жылғы сентябрьге дейін Францияның империалистік «ұлттық қорғаныс үкіметінде» қоғамдық жұмыстар министрі болды. 1915 жылдың февралында Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясына қатысты; бұл конференция оларды социал-шовинизм программасы негізінде біріктіру мақсатында шақырылған болатын.— *16, 156—158, 167, 168—169, 176—177, 275, 287, 299, 300, 309, 317, 397.*

Самойлов, Ф. Н. (1882—1952) — большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-тоқымашы. 1903 жылдан РСДРП мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысты, Иваново-Вознесенскіде партиялық жұмыс жүргізді. Владимир губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін, басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915

жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Иваново-Вознесенскіде партия жұмысында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада және Москвада істеді. 1921 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, 1922 жылдан РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясында және РКП(б) Орталық Комитетінің Истпартында істеді; Бүкіл одақтық карт большевиктер қоғамы председателінің орынбасары болды, ал 1937—1941 жылдары — СССР Революция музейінің директоры.— *169, 302.*

Семковский, С. (Бронштейн, С. Ю.) (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Троцкийдің Вена «Правдасының» редакциясына кірді, жойымпаз-меньшевиктердің органдарына және шетелдік социал-демократиялық баспасөзге жазып тұрды; ұлттардың өзін өзі билеу правосына қарсы шықты. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Семковскийдің ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөніндегі позициясын қатты сынады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист, меньшевиктердің Ұйымдастыру комитетінің Шетелдік секретариатының мүшесі. 1917 жылы эмиграциядан Россияға оралғаннан кейін меньшевиктік Орталық Комитет құрамына кірді. 1920 жылы меньшевиктерден қол үзді. Кейін Украина жоғары оқу орындарында профессор болды, ғылыми-әдеби жұмыспен айналысты.— *64, 65, 144.*

Сисмонди (Sismondi), *Жан Шарль Леонар Симонд де* (1773—1842) — Швейцария экономисі және тарихшы. Өз қызметінің бас кезінде Сисмонди саяси экономияның буржуазиялық классикалық мектебіне қосылды, содан соң ұсақ буржуазиялық социализмнің өкілі, ұсақ өндірушілердің көзқарасын білдірген экономикалық романтизмнің негізін салушы ретінде көрінді. Капитализм қайшылықтарын көрсете отырып, Сисмонди олардың негіздерін аша алмады. Ол ірі капиталистік өндірістің прогрестік тенденцияларын түсінбеді, өзгерген экономикалық жағдайларға мүлдем сәйкес келмейтін өнеркәсіптің цехтық ұйымдасуын және патриархтық ауыл шаруашылығын ең жоғарғы мұрат деп жариялады.

Ленин өзінің «Экономикалық романтизмнің сипаттамасы жөнінде» деген еңбегінде Сисмондидің ілімін жан-жақты сынады. Сисмондидің негізгі экономикалық еңбектері: «Саяси экономияның жаңа негіздері немесе халыққа қатысы бар байлық туралы» және «Саяси экономия жөніндегі этюдтер».— *185.*

Скобелев, М. И. (1885—1939) — 1903 жылдан бастап меньшевиктер қатарында социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. 1906 жылы шетелге эмиграцияға кетті, меньшевиктік басылымдарға жазып тұрды, Троцкийдің Вена «Правдасының» редакциясына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демокра-

тиялық революциясынан кейін — Петроград Советі председателінің орынбасары, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары; 1917 жылғы майдан авгусқа дейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің еңбек министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, кооперация жүйесінде, одан соң Сыртқы сауда халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан РКП(б) мүшесі, жауапты шаруашылық жұмыста болды, 1936—1937 жылдары — Бүкіл одақтық радио комитетінде істеді.— *17—18, 196—197, 263, 303.*

Спектатор — қараңыз: Нахимсон, М. И.

Стаунинг (Stauning), *Торвальд Август Маринус* (1873—1942) — Данияның мемлекет қайраткері, Дания социал-демократиясы мен II Интернационалдың оңшыл лидерлерінің бірі, публицист. 1910 жылдан — Дания социал-демократиялық партиясы мен оның парламенттегі фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Германияны жақтаған бағдар ұстап, социал-шовинистік позицияда болды. 1916—1920 жылдары — Данияның буржуазиялық үкіметінде портфельсіз министр. 1924—1926 жылдары социал-демократиялық үкіметті және 1929—1942 жылдары — буржуазиялық радикалдар мен оңшыл социал-демократтардың коалициялық үкіметін басқарды. Әлеуметтік демагогияны кеңінен қолданып, Дания пролетариатының ереуіл қозғалысына іріткі салып отырды. 30-жылдардың орта кезінен бастап Данияның фашистік Германия алдында тізе бүгу саясатын, ал 1940 жылдан бастап — фашистік оккупанттармен ынтымақтасу саясатын жүргізді.— *202, 216—217, 218, 300.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдары — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтыруға» және «сынауға» әрекеттенді, марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *35, 40, 344, 430.*

Суварин (Souvarine), *Борис* — француз социалисі, журналист. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, Троцкийді жақтады. 1921 жылы Франция Коммунистік партиясына кірді; троцкистік әрекеті үшін 1924 жылы партиядан шығарылды. Қазіргі уақытта — француз троцкистері ли-

дерлерінің бірі, буржуазиялық баспасөзде коммунистік қозғалысқа және Совет мемлекетіне қарсы шығуда.— *292—293, 297—298, 300—301, 302.*

Сундбо (Sundbo), *Йенс Петер Карл* (1860 ж. туған) — Данияның солшыл социал-демократы, публицист. 1887 жылдан социал-демократиялық баспасөзде, соның ішінде Дания социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Social-Demokraten» («Социал-Демократ») газетіне жазып тұрды. 1895 жылдан — Дания парламентінің мүшесі. 1898 жылдан — «Vestjyllands Socialdemokrat» («Батыс Ютландия Социал-Демократы») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. 1916 жылы сентябрьде Дания социал-демократиялық партиясы съезінің партия өкілдерінің Данияның буржуазиялық үкіметіне қатысуы туралы шешіміне қарсы шықты. 1918—1920 жылдары Дания буржуазиясының империалистік саясатын сынға алды.— *217—218.*

Т

Тальгеймер (Thalheimer), *Август* (1884—1948) — герман социал-демократы, публицист. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. 1914—1916 жылдары социал-демократиялық «Volksfreund» («Халық Досы») газетінің редакторы болды; «Интернационал» тобына енді, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916—1918 жылдары империалистік соғысқа және социал-шовинизмге қарсы бағытталған құпия үгіт материалдары — «Spartakusbriefe»-ні («Спартак хаттары») бастырып шығаруға қатысты. 1918—1923 жылдары — Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және Германия Коммунистік партиясының орталық органы — «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетінің редакторы. 1921 жылы «солшыл» позиция ұстады. 1923 жылы — оңшыл оппортунист. 1929 жылы партиядан шығарылды.— *1.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізген дүние жүзіндегі аса ұлы жазушылардың бірі.

Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы», «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Л. Н. Толстой және оның дәуірі» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 225—233-беттер; 20-том, 20—25, 40—43, 76—77, 108—112-беттер) және басқалар.— *296—297.*

Тома (Thomas), *Альбер* (1878—1932) — француздың саяси қайраткері, социал-реформист. 1910 жылдан бастап — социалистік партияның парламенттік фракциясы лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Францияның буржуазиялық үкіметі құрамына қару-жарақ ісі жөніндегі министр болып кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты созa беруді жақтаған үгіт жүргізу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. 1919—1932 жылдары Ұлттар лигасы жанындағы Халықаралық Еңбек бюросын басқарды.— *156—158, 177, 287, 290, 299, 377—378, 381.*

Тревес (Treves), *Клаудио* (1868—1933) — Италья социалистік партиясы реформист лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Италья социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партия лидерлерінің бірі болды.— *156—158, 177.*

Трепов, А. Ф. (1862—1928) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, сенатор. 1914 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. 1915 жылы — қатынас жолдары министрлігінің басқарушысы. 1916 жылы Министрлер советінің председателі болып тағайындалып, Б. В. Штюрмердің орнына келді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *270.*

Трир (Trier), *Герсон* (1851 ж. туған) — Дания социал-демократиялық партиясының сол қанаты лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен мұғалім. Партияның реформистік басшылығының келісімпаздық саясатына қарсы күрес жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационалистік позицияда болды. 1916 жылы сентябрьде Дания социал-демократиялық партиясы съезінің партия өкілдерінің Данияның буржуазиялық үкіметіне қатысуы туралы шешіміне қарсы шықты және наразылық белгісі ретінде партиядан шығып кетті.— *217—218.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншік жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады, В. И. Ленинге және большевиктер партиясына қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудапаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бірқатар жауапты

қызметтерде болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршелеген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *53, 64—65, 186, 188, 260, 263—264, 302, 303, 304, 411.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері, оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. XX ғасырдың басында барып тұрған оппортунизм позициясына көшті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан сол қанатына қарсы күресті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — германофильдік бағдардағы социал-шовинист. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын талай рет қатты сынады, оны «буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатылғыш, оппортунистік көсемнің» (Шығармалар, 30-том, 20-бет) үлгісі деп атады.— *251.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, итальян социалистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі (1892), оның оңшыл, реформистік қанатының лидері, 1896 жылы парламентке сайланып, онда социалист-реформистер тобын басқарды. Пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымағы саясатын жүргізді; дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады. Итальян социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *274, 276—279, 280, 287, 290, 292, 305, 306, 309, 315, 316—318, 335, 336—337, 377, 378, 381, 382, 383, 384—385, 386, 397.*

Х

Хёглунд (Höglund), *Карл Цет Константин* (1884—1956) — швед социал-демократы, Швециядағы социал-демократиялық қозғалыстың, сондай-ақ жастар социалистік қозғалысының сол

қанатының лидері. 1908—1918 жылдары — «Stormklockan («Дабыл») газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд социалистік конференциясында Циммервальд солшыл тобына енді. 1916 жылы соғысқа қарсы насихат жүргізгені үшін сот жүзінде қуғындалды. 1917—1924 жылдары — Швеция Коммунистік партиясы басшыларының бірі. 1924 жылы оппортунизмі үшін және Коминтерннің V конгресінің шешімдеріне ашықтан-ашық қарсы шыққаны үшін компартиядан шығарылды. 1926 жылы Социал-демократиялық партияға қайта келді.— *300, 322, 328—329, 330.*

Хейлз (Hales), *Джон* (1839 ж. туған) — ағылшын тред-юнионистік қозғалысының қайраткері, тоқыма өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының председателі. 1866—1872 жылдары I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, 1871 жылғы май — 1872 жылғы июль аралығында секретары болды. 1872 жылдың бас кезінен бастап Интернационалдың Британ федералдық советінің реформистік қанатын басқара отырып және ағылшын либерал буржуазиясымен барған сайын жақындаса түсіп, Интернационалдың Бас Советіне және оның басшылары — Маркс пен Энгельске қарсы күрес жүргізді, Англиядағы Интернационал ұйымдарына басшылық ету ісін өз қолына қаратып алуға тырысты; Ирландияда Интернационал секцияларын құруға қарсы шығып, ирланд жұмысшы қозғалысы жөнінде шовинистік позиция ұстады. 1873 жылдың майында Бас Совет оны Интернационалдан шығарды.— *191.*

Хундадзе — грузин священнигі.— *256—257.*

Ц

Цедербаум, В. О.— қараңыз: Левицкий, В.

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен әрі трибун. Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге ол Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1916 жылы «Интернационал» тобына енді, бұл топ сәл кейін «Спартак», ал одан соң «Спартак одағы» болып аталды. 1919 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Комин-

терн Атқару комитетіне сайланды. Коминтерннің халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару комитетінің үзбестен председателі болды.— *1.*

Ч

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз, 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.— *263.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыстың революциялық социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский 20 жыл айдауда болды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.— *281.*

Чиркин, В. Г. (1877—1954) — жұмысшы; революциялық қозғалысқа 1903 жылдан араласты. 1905 жылдың басында меньшевиктерге қосылды. Реакция жылдары — жойымпаз. 1906 жылдан кәсіптік қозғалысқа белсене қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Советтердің I съезінің делегаты; Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің делегаты. 1918 жылы меньшевиктерден қол үзді, 1920 жылы большевиктер партиясына кірді. Шаруашылық саласында жауапты қызметте болды.— *212—213.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думадағы меньшевиктік фракцияны басқарды.

Ш

мар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанға бояп басуды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *156—158, 176, 198, 199, 263, 283, 287, 309, 313, 316, 317, 377—378, 381, 382, 384, 386.*

Шмид (Schmid), *Жак* (1882 ж. туған) — Швейцария социал-демократы. 1911 жылдан — Швейцария социал-демократиялық «Neue Freie Zeitung» («Жаңа Еркін Газет») газетінің редакторы. Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі болды. 1917 жылдан — ұлттық кеңесші. Дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде интернационалистерге қосылды; 1917 жылы центристік-пацифистік позицияға көшіп, көп кешікпей толығынан Швейцария социал-демократиясының оң қанаты жағына шықты. 1919 жылы центристік (II½) Интернационал құруды жақтап, Швейцария социал-демократиялық партиясының Коминтернге қосылуына қарсы шықты.— *324, 402, 405.*

Шнеебергер (Schneeberger), *Фридрих Оскар* (1868 ж. туған) — Швейцария социал-демократы, Швейцария кәсіподақтарының реформист лидерлерінің бірі. 1900—1917 жылдары — жұмысшы металлистердің кәсіподақ бірлестігінің секретары және председателі, Швейцария Кәсіподақтары бірлестігінің председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, Циммервальд қозғалысына қарсы күрес жүргізді. 1916 жылы — «Schweizerische Metallarbeiter-Zeitung»-тің («Швейцария жұмысшы Металлистерінің Газеті») редакторы, осы газетте реформистік бағытты жүргізді. 1917 жылдан — ұлттық кеңесші.— *241, 242, 327, 328, 338, 406, 435.*

Шнейдер (Schneider), *Фридрих* (1886 ж. туған) — Швейцария социал-демократы, публицист. 1912 жылдан — Базельдегі сауда және транспорт жұмысшылары кәсіподағының секретары. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристік-пацифистік позицияда болды. 1916 жылдан — Базель социал-демократиялық ұйымының секретары. Социал-демократиялық «Basler Vorwärts» («Базельдік Алға») газетінің белсенді қызметкері, ал 1917—1920 жылдары — бас редакторы. Кейінірек Швейцария және халықаралық коммунистік қозғалыс жөнінде дұшпандық позиция ұстады. 1919—1939 және 1941—1951 жылдары — ұлттық кеңесші. 1937 жылдан — Швейцария жұмысшыларын әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қайраткерлердің бірі.— *402, 404, 406.*

Штребель (Ströbel), *Генрих* (1869—1945) — неміс социал-демократы, центрист. 1905—1916 жылдары — герман социал-демократиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газеті редакциясының мүшесі. 1908—1918 жылдары — Пруссия ландтагының депутаты. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезін-

де Штребель социал-шовинизмге және империалистік соғысқа қарсы шықты, солшыл «Интернационал» тобына қосылды, онда каутскийшілдікке қарай ауытқыған ағымның өкілі болды. 1916 жылы каутскийшілдік позицияға біржола көшті; 1917 жылы «Германия Тәуелсіз социал-демократиялық партиясын» құрудың инициаторларының бірі болды. 1918 жылғы ноябрь — 1919 жылғы январьда Пруссия үкіметінің мүшесі болды. 1919 жылы социал-демократиялық партияға қайтып келді, бірақ партия басшылығының саясатына келіспей, 1931 жылы партиядан шықты. 1922 жылдан бастап герман рейхстагының мүшесі болды. Большевиктік партияға және СССР-ге өршелене қарсы шықты.— *1, 4.*

Штюргк (Stürgkh), *Карл* (1859—1916) — Австрияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, граф, Австрияның ірі жер иелерінің өкілі. 1890 жылдан — Австрия парламентінің мүшесі. 1909—1911 жылдары — Австрия-Венгрияның оқу-ағарту министрі. 1911—1916 жылдары — Австрия-Венгрия үкіметінің басшысы. Штюргк үкіметі дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеуге және бастауға белсене қатысты. Үкімет соғыстың алдында Австрия парламентін, ал соғыстың бас кезінде Венгрия парламентін таратып жіберді де, елде әскери абсолютистік диктатура орнатып, соғысқа қарсы қанат жайып келе жатқан қозғалысты және революциялық қозғалысты қатал басып-жаншып отырды. 1916 жылы октябрьде Штюргкті Австрия социал-демократы Фридрих Адлер өлтірді.— *204.*

Штюрмер, Б. В. (1848—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1894 жылдан 1902 жылға дейін — Новгород және Ярославль губернияларының губернаторы. 1904 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. 1916 жылы Министрлер советінің председателі, ішкі істер министрі және сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 1916 жылы ноябрьде оған германофильдық жөнінде және Россия мен Германия арасында сепараттық бітім жасасуды әзірлеу жөнінде айып тағылуына байланысты отставкаға кетуге мәжбүр болды.— *206, 270.*

Э

Эберт (Ebert), *Фридрих* (1871—1925) — герман социал-демократиясы оң қанаты лидерлерінің бірі. 1905 жылдан — Германия социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі, ал 1913 жылдан председателі болды. 1912 жылдан — рейхстаг мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде герман социал-демократиясының социал-шовинистік қанатын басқарды, оның кайзерлік үкіметпен ынтымақ орнатуын басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы басталған кезде рейхсканцлер қызметіне кірісіп, «Халық уәкілдерінің советі» дейтінді басқарды; герман реак-

Ю

D

E

H

J

K

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль, 1916 — февраль, 1917)

1916

Июль, 1916 — февраль, 1917 жыл.	**Ленин Швейцарияда, Цюрихте (жазда — таудағы Флюмс деген жерде) тұрады. Большевиктік партияның революциялық жұмысына басшылық етеді, Россиядағы партия ұйымдарымен және партия қайраткерлерімен, сондай-ақ РСДРП шетелдік секцияларымен хат жазысады; партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетінің 56—58-номерлерін және ««Социал-Демократ» жинағының» 1—2-номерлерін редакциялайды. Циммервальд солшыл тобының жұмысына белсене қатысады, Швейцарияның солшыл социал-демократтарының социал-шовинистер мен центристерге қарсы күресіне көмек көрсетеді.**
Июль — ноябрь.	**Ленин Цюрих кітапханасында жұмыс істейді, империалистік соғыс туралы және ұлт мәселесі жөніндегі әр түрлі кітаптардан, журналдардан және газеттерден көшірмелер жасайды.**
1(14) және 11(24) июль.	**Ленин Париждегі М. Н. Покровскийге жазған хаттарында өзінің 19 июньде (2 июльде) жіберген «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген қолжазбасын адресаттың алмағаны жөнінде мазасызданғандығын білдіреді.**
4 және 7 (17 және 20) июль аралығында.	**Н. К. Крупскаяның емделу қажеттігіне байланысты Ленин мен Н. К. Крупская жазда таудағы Флюмс деген жерде (Цюрихке таяу) тұрады.**

Июльдің басы — октябрь.	Ленин Флюмстен жазған көптеген хаттарында «Социал-Демократтың» редакция мүшесі Г. Е. Зиновьевке газеттің 56—58-номерлерін даярлау жөнінде нұсқау береді; Пятаков — Бош — Бухарин тобы қызметінің фракцияшылдық, антипартиялық сипатын әшкерелейді және Зиновьевтің ол топқа ымырашылдық позициясын айыптайды, оның кейбір мәселелер жөніндегі қате көзқарастарын сынайды; ««Социал-Демократ» жинағын» шығаруды ұйымдастыру, жинақтың 1—2-номерлерін басуға дайындау жөнінде өзінің пікірін айтады және практикалық нұсқау береді.
11(24) июль.	Ленин Н. К. Крупскаяның М. Цхакаяға жолдаған хатына қосымша жазып, оның хаты үшін рақмет айтады, оған денсаулық пен сергектік тілейді.
11(24) июльден кешірек.	Ленин «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақала жазады.
12(25) июль.	Ленин А. М. Коллонтайға жолдаған хатында бейтарап елдер социалистерінің Гаагада өткізілмекші болып отырған конференциясындағы солшылдардың бірден-бір өкілінің міндеттері туралы жазады, оның жауапкершілігін атап көрсетеді, бұл өкілдің мақсаты негізінен алғанда конференцияның барысы туралы толық хабардар ету екенін көрсетеді, бұл өкіл конференцияда Циммервальд және Кинталь конференцияларының шешімдерін мақұлдау туралы және социал-патриоттарды айыптау туралы мәселелер қойсын деген тілек білдіреді; хаттың соңында Ленин Коллонтайдан оның баспалармен байланысы бары-жоғын сұрайды: «Ақша табу үшін Надяға не *аударма* не *педагогикалық*-әдеби жұмыс керек еді (өйткені оның науқасы тауда *ұзақ* тұруды керек етіп отыр, ал мұның өзі қымбатқа түседі)».
12(25) июльден кешірек.	Ленин Петроградта анасы — Мария Александровна Ульянованың қайтыс болғаны туралы хабар алады.
20 июльден (2 августан) ертерек.	«Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары» деген мақала жазады.

20 июльден (2 августан) кешірек — сентябрь.	Ленин «Entwaffnung» («Қарусыздандыру туралы») деген мақаланы неміс тілінде жазады.
Июльдің екінші жартысы.	Ленин Цюрихтегі М. М. Харитоновқа жазған хатында Петроградтағы, Москвадағы, Киевтегі, Одессадағы жолдастарды Европа мен Америкадағы интернационалистер қозғалысы туралы, қарусыздандыру мәселесі жөніндегі айтыс туралы хабардар етудің қажеттігін көрсетеді; оған өзінің қарусыздандыру туралы мақаласын жібергенін хабарлайды.
20 июль (2 август).	Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында «Марксизм туы астында» деген жинақ үшін «Каутскийшілдік туралы» деген мақаласын жаза бастағаны туралы хабарлайды.
20 және 23 июль (2 және 5 август) аралығында — октябрь.	Ленин «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі» деген мақаласын жаза бастайды, материал жинайды, мақаланың жоспарын жасайды.
22 немесе 23 июль (4 немесе 5 август).	Ленин Берндегі Г. Л. Шкловскийге хат жазып, онда Париждегі М. Н. Покровскийге «Империализм — капитализмнің жоғары сатысының» қолжазбасын кітап мұқабасының ішіне жасырып жіберу үшін форматы лайықты екі кітапқа заказ беруін өтінеді; Германиядағы орыс тұтқындарының хаттарын жіберіп тұруды сұрайды: «Ниғылдарын, талаптарын, пікірлерін және т. б. қадағалап отыру керек қой».
23 июль (5 август).	Ленин Париждегі М. Н. Покровскийге жазған хатында оған жіберілген «Империализм — капитализмнің жоғары сатысының» қолжазбасы жоғалып кетуіне байланысты, басқа данасын жасырын түрде жіберуге мәжбүр болғанын хабарлайды. «Парус» баспасының кітап көлемін үш баспа табаққа дейін қысқартпақшы болып отырғанына байланысты, Ленин кітаптың өзі баспаға заказ берген бес баспа табақ көлемінде болуын Покровскийдің баспадан талап етуін өтінеді.
23 июльден (5 августан) кешірек.	Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында К. Чильбумның «Швед социал-демократиясы және дүние жүзілік соғыс» және А. Гансен-

нің «Норвегиядағы қазіргі жұмысшы қозғалысының кейбір кезеңдері» деген мақалаларын ««Социал-Демократ» жинағына» енгізу жөнінде нұсқау береді.

Июль. Ленин солшыл социал-демократтарға — Скандинавия елдерінің интернационалистеріне жазған хаттарында бейтарап елдер социалистерінің конференциясына әзірлену жөнінде және солшылдар өкілдерінің осы конференциядағы тактикасы туралы кеңестер береді.

23 июль мен 18 август (5 және 31 август) аралығында. Ленин М. Н. Покровскийге жазған хатында оған 2 июльде жолданған, бірақ цензура ұстап қалған, «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын бастырып шығару жөніндегі пікірлерін айтқан хаттың мазмұнын қайталайды; баспаның әуелгі заказындағы кітаптың көлемін сақтауды, ескертулерді, сондай-ақ библиографияны да қалдыруды өтінеді, «өйткені олардың маңызы зор» дейді; егер кітапты В. И. Лениннің әдеттегі В. Ильин деген бүркеншік атымен шығару қолайсыз болған жағдайда, оған Н. Ленивцын немесе В. И. Ивановский деген бүркеншік ат қойылуы жөнінде жазады.

18(31) августан ертерек. Ленин Г. Л. Шкловскийге жазған хатында өзіне жіберілген тұтқындардың хаттары үшін алғысын айтады және оны тұтқындар арасындағы жемісті жұмысымен құттықтайды.

18(31) август. Ленин М. М. Харитоновқа жазған хатында оған «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабының қолжазбасын жіберуге келісім беретіндігін білдіреді; Варшавадағы сайлау туралы деректері бар поляк және бунд газеттерін жіберуді өтінеді.

Ленин М. Н. Покровскийге жазған хатында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысының» қолжазбасын қысқартуға келісуге мәжбүр болғанын айтады, қолжазбаның қорытынды бөлімінің қысқартылғанына өте қынжылғанын білдіреді; «бұл тұжырымдар мен қорытындылар кітапшадан алынып отыр» деген редакциялық ескерту беріп,

қолжазбаның соңын «Летопись» журналына өзгеріссіз басуға болмас па екен деп сұрайды.

19 августан (1 сентябрьден) кешірек. Ленин соғыс жүріп жатқан жерлердің картасы берілген ағылшын, француз және неміс газеттерінің қиындыларын зерттеп, оларға белгілер салады.

Август. Ленин Г. Е. Зиновьевке жазған хатында ««Социал-Демократ» жинағы» үшін жазылған Н. И. Бухариннің «Империалистік мемлекет теориясы жөнінде» деген мақаласын мақұлдамаған пікір айтады, сөйтіп оны қабылдамай тастауды ұсынады; «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақала жөніндегі Зиновьевтің ескертпелеріне келіспейтіндігін айтады, «*заманның қазіргі* соғысқа көзқарасын *дұрыс* белгілеудің» маңыздылығын атап көрсетеді, «империализм заманында ұлттық соғыстардың болуы *мүмкін* емес» деген қорытындының қате екенін ескертеді; «отан қорғау» ұранына қалай қарау керектігін түсіндіреді.

Ленин Н. И. Бухаринге жазған хатында оның «Империалистік мемлекет теориясы жөнінде» деген мақаласына ескертпелер айтады; мақаланы ««Социал-Демократ» жинағында» басуға болмайтынын хабарлайды, мақаланың кемшілігін, марксистердің мемлекетке көзқарасы жөніндегі бірқатар қате тұжырымдарды атап көрсетеді; Бухаринге жария түрде басып шығару үшін мақаланың екінші бөлімін (мемлекеттік капитализм туралы) қайта өңдеп шығуға, ал бірінші бөлімін (мемлекет туралы) бастырмауға — «*пісін жетілуіне мүмкіндік беруге*» — кеңес береді.

Ленин А. М. Коллонтайдың «Үшінші Интернационал және жұмысшы әйел» деген мақаласын редакциялайды.

Августың аяғы — сентябрьдің басы. Ленин мен Н. К. Крупская Флюмстен Цюрихке қайтып келеді.

Август — сентябрь. Ленин ««Империалистік экономизмнің» туып келе жатқан бағыты туралы» және «П. Киевскийге (Ю. Пятаковқа) жауап» деген мақалаларын жазады.

Август — октябрь.	Ленин «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласын жазады.
2(15) сентябрь.	Ленин И. Ф. Арманд қа жазған хатында Швейцариядағы жастар ұйымының өсуін атап көрсетеді, оған «Entwaffnung» («Қарусыздандыру туралы») деген мақаланы жіберуге уәде береді.
7(20) сентябрь.	Ленин Петроградтағы М. Т. Елизаровқа хат жазып, ол хатты М. И. Ульяноваға жіберуін немесе көрсетуін өтінеді; М. И. Ульянованың 8.VIII. жіберген кітап, открыткасын алғанын хабарлайды; А. И. Елизарованың қамауға алынғанына қапаланатынын айтады, ең жақсы адвокаттармен сөйлесуге кеңес береді; «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын бастырып шығаруға қамқорлық жасағаны, ақша жібергені үшін М. И. Ульяноваға алғыс айтады; орыс газеттерін жіберуді өтінеді.
9(22) сентябрь.	Ленин А. Вирттің «Дүние жүзілік тарих және қазіргі заман» деген кітабына өзі жазған бет көрсеткішінің сыртына соғыс туралы және басқа мәселелер жөніндегі пікірлерін жазып қояды.
17(30) сентябрь.	Ленин Берндегі Интернационалдық социалистік комиссияның мәжілісіне қатысады.
20 сентябрь (3 октябрь).	Ленин швед және норвег солшыл социал-демократтарының газеттерінде жариялау үшін «Entwaffnung» («Қарусыздандыру туралы») деген мақаланы жібереді.
23 сентябрь (6 октябрь).	Ленин жол-жөнекей Цюрихке тоқтаған В. М. Каспаровпен кездесіп, онымен әңгімеледі.
Сентябрь — октябрь.	Ленин «Үш қарағайдың арасында адасты» деген мақаласын жазады.
Сентябрьдің екінші жартысы (октябрьдің бірінші жартысы).	Ленин РСДРП Орталық Комитеті атынан Итальян социалистік партиясының съезіне құттықтау жазады. Құттықтау съезде 2(15) октябрьде оқылды.

Сентябрьдің аяғы — октябрьдің басы.

Ленин А. Г. Шляпниковтың таяуда Россияға жүріп кетуімен байланысты оған хат жазады, онда барлық аса маңызды мәселелер бойынша келісіп алудың қажеттігін атап көрсетеді, жұмыстың жалпы жоспарының: «1-ден, *теориялық* бағыттан, 2-ден, таяудағы *тактикалық* міндеттерден және 3-ден, тікелей ұйымдық міндеттерден құралатынын» айтады. Ленин «осындай ауыр кезеңде жұмыс істеу үшін» соншама керек болып отырған «теориялық жағынан түсінісу» қажеттігіне назар аударады; центристерге ымырашылдық жасауға және олармен бірігуге жол беруге болмайтындығын атап көрсетеді. Қазіргі басты нәрсе, деп көрсетеді Ленин, патша өкіметіне қарсы жұртқа түсінікті листовкалар мен прокламациялар шығару, «біз бен Россиядағы басшы жұмысшылар арасындағы» байланысты күшейту, ұдайы құпия хат-хабар алысу, сондай-ақ әдебиетті және басқа материалдарды жіберіп отыру үшін транспортты жолға қою, Россиядағы жария баспасөзді пайдаланудың маңыздылығы болып отыр.

Ленин Женевадағы Н. Д. Кикнадзеге жазған хатында ұлт мәселесі жөнінде теріс позиция ұстаған Луначарскиймен және оның пікірлестерімен болған айтыс туралы мәліметтері үшін алғыс айтады, олардан өз көзқарастарын баяндаған жазбаша тезистер талап етуге кеңес береді; Луначарский мен оның жақтастары ««ұлттың» және «отан қорғаудың» тарихи сипаты туралы мәселеде» түк «түсінбей отыр» деген пікір айтады; Кикнадзеге танысып шығу үшін өзінің «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласын жібергенін хабарлайды.

Сентябрь.

Ленин З. И. Лилинаға жазған хатында социалистік әйелдер қозғалысы туралы Ольтенде оқыған рефератының ең басты мазмұнын ««Социал-Демократ» жинағы» үшін қысқаша баяндап бере аласыз ба деп сұрайды.

Ерте дегенде сентябрь.

Ленин «Дело» журналының 3-номерін оқып, В. Засуличтің «Соғыстан кейін», П. Масловтың «Соғыс идеологиясы», А. Потресовтың «Саясат және жұртшылық. Россияның екі-

ұдайылығы» деген мақалаларына белгілер салады.

9(22) октябрь. Ленин Петроградтағы М. И. Ульяноваға хат жазып, одан «Империализм — капитализмнің жоғары сатысының» қолжазбасын баспа алды ма екен деп сұрайды; «бұл экономикалық еңбекке ерекше зор мән беретіндігін және толық түрде баспадан тезірек басылып шыққанын көргісі келетіндігін» атап көрсетеді; Гранаттың сөздігінде өзінің «Карл Маркс» деген мақаласының басылып шыққан-шықпағанын анықтауды өтінеді.

11(24) октябрь. Ленин 1916 жылғы 20 сентябрьдегі және 24 октябрьдегі «Belgische Arbeiterstimme» газетінен және 1916 жылғы 23 сентябрьдегі «Volksstimme» газетінен отан қорғау туралы мәселе жөнінде көшірмелер (неміс тілінде) жасайды.

12(25) октябрь. Ленин Австрия солшыл социал-демократы Франц Коричонерге хат жазып, онда Шпейер (Австрия) әскери заводындағы ереуіл туралы, Ф. Адлердің Австрия премьер-министрі Штюргке жасаған қастандығы туралы егжей-тегжейлі хабарлауын өтінеді. Осы әрекетке баға бере келіп, Ленин революциялық тактика ретінде жеке террористік әрекеттер дұрыс емес әрі зиянды екенін, «тек бұқаралық қозғалысты ғана шын мәніндегі саяси күрес деп қарауға болатынын» атап көрсетеді. Ленин Австриядағы бір солшыл топтың бұл жөнінде листовка шығаруына тілек білдіреді.

13(26) октябрь Ленин РСДРП Париж секциясының секретары Г. Я. Беленькийге жолдаған хатында Парижде цензураның бақылауымен ««Социал-Демократ» жинағын» шығарудың тиімсіз екенін жазады, сөйтіп құпия шығару мүмкіндігі туа қалғандай болса, ол жөнінде хабарлауды өтінеді. Сондай-ақ, 24 декабрьде Парижде Антанта елдері социалистерінің екінші конференциясының шақырылғалы отырғаны туралы газеттердегі хабардың дұрыс-бұрыстығын анықтауды өтінеді; бұл жөнінде РСДРП Орталық Комитетінің листогын жіберуге уәде береді, «оны осы жағдайға орай жақсылап шығарып, таратуға» әзірлену жөнінде нұсқау береді.

21 және 22 октябрь (3 және 4 ноябрь).

Ленин солшыл социал-демократтардың — Швейцария социал-демократиялық партиясының Цюрих съезі делегаттарының кеңестеріне қатысады; Кинталь конференциясының шешімдеріне көзқарас туралы съезд қарарының жобасын әзірлеуге қатысады.

22 октябрь (4 ноябрь).

Ленин Цюрихте Швейцария социал-демократиясының съезінде РСДРП Орталық Комитеті атынан құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Инесса Armandқа жазған хатында Швейцария социал-демократиясы партиясы съезінің ашылуы қарсаңындағы Швейцария солшылдарының кеңесі туралы және съезден алған әсерлері туралы хабарлайды.

24 октябрь (6 ноябрь).

Лениннің «Сепараттық бітім туралы», «Табандатқан он «социалистік» министр» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 56-номерінде жарияланады.

29 октябрь (11 ноябрь).

Ленин Швейцарияға онымен кездесуге келген М. С. Ольминскиймен әңгімелеседі.

Октябрь.

««Социал-Демократ» жинағының» 1 — номері шығады, онда В. И. Лениннің «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген тезистері және «Юниустың кітапшасы туралы», «Өзін өзі билеу туралы айтыстың қорытындылары» деген мақалалары басылған.

Ленин ««Қарусыздандыру» ұраны туралы», «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі» деген мақалаларын және «Империализм және оған көзқарас» деген мақаласының жоспарын жазады.

Октябрьдің аяғы — ноябрьдің басы.

Ленин «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистерін жазады, оларды жер-жерге жібереді, тезистерді француз тіліне аудару және оларды тарату жөнінде нұсқаулар береді.

7(20) ноябрь.

Ленин «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистері жөнінде солшыл циммервальдистермен әңгіме өткізеді.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистерін француз тіліне аударғаны үшін оған алғыс айтады, бұл тезистерді А. Абрамович пен А. Гильбоға жібермекші болып отырғаны туралы жазады; Цюрихте Швейцария солшылдарының жиналысы болғанын және болуы тиіс екінші жиналыс жайында хабарлайды; «Отан» дегеннің маркстік ұғымын және оған жұмысшы табының көзқарасын түсіндіреді; өзінің осы мәселеге арналған «Марксизмге карикатура туралы және «империалистік экономизм» туралы» деген мақаласын оған жіберуге уәде береді.

12(25) ноябрь. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында француз солшылдарына арнап «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистерін Франция туралы қажетті материалдар болмағандықтан қайта өңдей алмайтындығын хабарлайды; француз интернационалистерімен байланыстың нашарлығына өкінетіндігін білдіреді; жалпы демократиялық қозғалыстарға қалай қарау керектігін жазады: «Біздер, социал-демократтар, демократияны қашанда «капитализм мүддесі үшін» емес, *өзіміздің* қозғалысқа жол ашу үшін жақтаймыз...».

13(26) ноябрь. Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында одан кітаптар және А. И. Елизарованың таяу арада түрмеден босатылатыны хабарлаған открытканы алғаны жайында хабарлайды: «Анюта жөніндегі хабарға өте қуаныштымын»,— деп жазады ол.

17(30) ноябрь. Ленин Инесса Армандқа хат жазып, оның «отан қорғау туралы» мәселе жөніндегі және Циммервальд солшылдарының ішіндегі қарым-қатынастар туралы пікірлерінің жаңсақтығын көрсетеді; «отан» деген ұғымға және «отан қорғау» ұранына нақты-тарихи тұрғыдан қараудың міндеттілігін, ұлт-азаттық соғыстарының қажеттігін атап көрсетеді, К. Маркс пен Ф. Энгельстің бұл мәселе жөніндегі позициясын түсіндіреді. Ленин Пятаков — Бош — Бухарин тобының көзқа-

растары мен фракцияшылдық әрекеттерін қатаң сынға алады, К. Радектің саяси әзәзілдігін әшкерелейді, Г. Е. Зиновьевтің оларға принципсіздікпен, ымырашылдықпен қарайтынын айыптайды. «Кімде-кім саясатта мұндай нәрсеге *кешірім жасаса,*— деп жазады Ленин,— мен оны ақымақ немесе жексұрын деп есептеймін. *Мен оларға ешуақытта кешірім жасамаймын*».

Ленин «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистер туралы және Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы солшыл циммервальдистермен екінші рет әңгіме өткізеді.

Ленин Ф. Платтенніц Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистеріне белгілер салады.

18 ноябрь (1 декабрь). — Ленин Швейцария социалисі Артур Шмидке хат жазып, Швейцария солшыл социал-демократтарының Швейцария социал-демократиялық партиясының съезіне арнап жазылған соғыс мәселесі жөніндегі тезистеріндегі бірқатар тұжырымдарды нақтылауды ұсынады; революциялық насихат мақсатында Швейцарияның ерекшелігін пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді.

18 ноябрь мен 5 декабрь (1 және 18 декабрь) аралығында. — Ленин Н. И. Бухариннің «Империалистік қарақшы мемлекет» деген мақаласына ескертпелер жазады.

Ноябрь. — Ленин Н. Д. Кикнадзеге жазған хатында соғысқа көзқарас, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселелер жөнінде оның ұстаған позициясының қателігін түсіндіреді; «марксист өз саясатының қағидасы етіп дәл және даусыз дәлелденген *фактілерді ғана* алуға тиіс», сондықтан, соғысқа көзқарасты анықтағанда, «әрбір жағдайды нақты алып қарау» керек екендігін атап көрсетеді.

Декабрьдің басы. — Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы Р. Гриммнің тезистерінің жобасына ескертпелер жазады.

Ленин соғыс мәселесі жөніндө Ф. Платтен жазған қарар жобасына түзетулер жазады.

Ленин «Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы тезистерді» жазумен шұғылданады.

Ленин М. Г. Бронскийге жазған хатында Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы қарар жобасының негізгі пункттерін тұжырымдайды.

Ленин Швейцариядағы француз интернационалистеріне өзінің «Швейцария социал-демократиялық партиясындағы солшыл циммервальдистердің міндеттері» деген тезистерін жібереді.

4(17) декабрь. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Швейцария социал-демократиясындағы істің жайы туралы мәселелер жөнінде өзінің листовкалар шығаруды жоспарлап жүргенін, ол листовкаларды Армандтың француз тіліне аударуы қажеттігін айтады; соғысқа көзқарас туралы және солшылдардың міндеттері туралы қарар талқыланған Швейцария солшылдарының жиналысына өзінің қатысқанын хабарлайды.

5(18) декабрь. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Россиядан алынған хабарлар онда революцияның өрши түскенін көрсететінін айтады; Бухарин мен Радектің ұстаған позицияларына өзінің ашынгандығын білдіреді; оппортунистерге қарсы күресудің қажеттігін атап көрсетеді.

7(20) декабрь. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында Цюрихте 1905 жылғы революция туралы өзінің баяндама жасамақшы екенін жазады, өзіне қажетті әдебиеттерді атап, кітаптарды салып жіберуді өтінеді.

7(20) декабрьден кешірек. Ленин «Максимализм туралы мақала жөніндегі ескертпелерді» жазады.

8(21) декабрь. Ленин М. Н. Покровскийге жазған хатында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген еңбегінен Каутскийдің атына айтылған сынның алынып тасталғанына байланысты өкініш білдіреді; бұл мәселеде ба-

сып шығарушыға бағынуға мәжбүр екенін айта келіп, Ленин тағы да «Жарайды, мен Каутскийдің басқа бір жерде сазайын беремін» дейді.

12(25) декабрь. Ленин Инесса Армандқа хат жазып, ол хатта «империалистік экономизмнің» мәні мен зияндылығын оның түсінбейтіндігін көрсетеді, социалистік революция және демократиялық талаптарға көзқарас туралы мәселе жөнінде, бір жағынан, Бухарин мен Радектің, екінші жағынан Р. Люксембургтің позицияларының қателігін түсіндіреді.

15(28) декабрь. Ленин Цюрих қаласының полиция басқармасына Цюрихте болу мерзімін 1917 жылдың 31 декабріне дейін ұзартуды сұрап өтініш жазады; Цюрих кантондық банкіне 100 франк кепілдік ақша төлегенін хабарлайды.

Декабрьдің бірінші жартысы. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Радектің әзәзілдік қылығы кездейсоқ нәрсе емес, оның жеке басының ісі ғана емес деп көрсете отырып, Армандтың бұдан саяси қорытынды шығармай, болып жатқан нәрсені саяси жағынан бағаламай, қателік жасап отырғанын айтады; отан қорғау туралы мәселені маркстік тұрғыдан қоюды тағы да түсіндіреді; Армандтың А. Гильбомен және П. Левимен сөйлескеніне ризалығын білдіреді, парламентаризмге көзқарасы жөнінен Левидің позициясы қате екенін айтады.

18(31) декабрь. Ленин В. А. және С. Н. Карпинскийлерге, В. М. Каспаровқа және М. Цхакаяға хат жазып, оларды жаңа жылмен құттықтайды.

19 декабрь (1 январь, 1917 ж.). Ленин «Буржуазиялық пацифизм мен социалистік пацифизм» деген мақаласын жазады.

21 декабрь (3 январь, 1917 ж.). Ленин М. Н. Покровскийге жазған хатында «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген кітабын бастырып шығаруға байланысты көп еңбек сіңіргені үшін алғысын білдіреді.

Декабрьдің екінші жартысы. Ленин «Борис Суваринге ашық хат» деген мақаласын жазады.

25 декабрьден (7 январь, 1917 ж.) ертерек.

Ленин «Интернационалдық социалистік комиссияға және барлық социалистік партияларға арналған үндеу тезистерінің алғашқы жобасын» жазады.

25 декабрь (7 январь, 1917 ж.).

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында оған Швейцария социал-демократиялық партиясының соғысқа көзқарасы туралы мәселені шешу үшін әуелде 1917 жылдың февралына белгіленген Швейцария социал-демократиялық партиясы съезінің белгісіз уақытқа кейінге қалдырылуына қарсы Швейцария солшылдары жиналысының қарары басылған «Volksrecht» газетінің номерін жібергенін хабарлайды; осы қарарды француз тіліне аударудың қажеттігін жазады; Кларан мен Лозаннада солшылдар бар ма деп сұрайды.

Ленин Швейцария социал-демократиялық партиясының төтенше съезін кейінге қалдыру жөніндегі Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының 7 январьдағы шешімі туралы мәселе жөнінде Э. Нобспен және В. Мюнценбергпен әңгімелеседі.

25 немесе 26 декабрь (7 немесе 8 январь, 1917 ж.).

Ленин Швейцария солшылдарының жиналысына қатысады. Жиналыс соғыс туралы мәселе жөніндегі съезді кейінге қалдыруға қарсы наразылық білдірілген қарар қабылдады.

26 декабрь мен 1917 жылғы 6 январь (8 және 19 январь) аралығында.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының Цюрихте 7 январьда болып өткен мәжілісі жайында хабарлайды, осы мәжілісте Р. Гримм «барлық оңшылдарға бас болып», солшыл социал-демократтарға қарамастан, Швейцария социал-демократиялық партиясының төтенше съезін белгісіз уақытқа кейінге қалдыру туралы шешімді өткізген еді; Интернационалдық социалистік комиссияның мүшесі Шарль Нэнге ашық хат жазып және оны жариялап, онда өзінің Гриммен бірге Циммервальд ұйымында болғысы келмейтінін мәлімдейтін ниеті барын айтады, сөйтіп бұл туралы РСДРП Орталық Комитетіне дәлелді мәлімдеме жіберетінін хабарлайды. Гриммді дереу әшкерелеудің маңыздылығын атап корсетеді.

26—27 декабрь (8—9 январь, 1917 ж.). Ленин Халықаралық социалистік комиссияның председателі Р. Гриммнің сатқындық әрекеті жөнінде «Берндегі Халықаралық социалистік комиссияның мүшесі Шарль Нэнге ашық хат» жазады.

29 немесе 30 декабрь (11 немесе 12 январь, 1917 ж.). Ленин беймәлім адресатқа жолдаған хатында, өзінің Э. Нобспен және В. Мюнценбергпен әңгімелескенін айта келіп, Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының 7 январьдағы мәжілісі туралы жазады және Р. Гриммнің «Berner Tagwacht»-тегі съезді кейінге қалдыруға солшылдар принципті түрде қарсы болмады-мыс деген хабарының жалғандығын атап көрсетеді; Мюнценбергтің «Volksrecht»-ке арнап партия басқармасының 7 январьдағы шешіміне қарсы мақала жазып қойғанын хабарлайды. Ленин адресаттан осы хатты С. Н. Равичке салып жіберуін өтінеді, ал С. Н. Равичтің бұл хатты Шо-де-Фондағы А. Абрамовичке жіберуі тиіс еді.

30 декабрь (12 январь, 1917 ж.). Ленин Циммервальд солшылдары бюросының мәжілісіне қатысады, онда Р. Гриммнің оппортунистік әрекетіне қарсы наразылық білдірілген хаттың жобасы талқыланған еді.

31 декабрь (13 январь, 1917 ж.). Ленин Инесса Армандқа жазған хатында оның «Русские Ведомости» газетінің қиындылары салынған хаттарын және бітім туралы митингіге әзірлік жөнінде А. Гильбоның хаттарын алғанын айтады; «Новый Мирге» арналған өзінің төрт мақаласын оған жіберіп отырғанын айтады, Р. Гриммнің Антанта елдері социалистерінің конференциясын шақырғаны туралы және Р. Гриммнің әрекетіне қарсы большевиктердің наразылық білдіруге әзірленіп жатқанын хабарлайды; Армандқа Швейцариядағы француз және итальян жұмысшыларына арнап пацифизм туралы реферат әзірлеуді ұсынады.

Декабрьдің аяғы. Ленин «Соғысқа қарсы күресті және өз үкіметтерінің жағына шығып кеткен социалистерге қарсы күресті қолдаушы жұмысшыларға» үндеу жазады.

Ленин 1905 жылғы революция туралы баяндаманы әзірлеумен шұғылданады, әдебиет-

тен көшірмелер жасайды, баяндаманың жоспарын жазады.

Декабрь. «„Социал-Демократ» жинағының» 2-номері шығады, онда Лениннің «„Қарусыздандыру» ұраны туралы», «Империализм және социализмнің жікке бөлінуі», «Жастар Интернационалы», «Оппортунизмді ақтауға әрекеттену» және «Чхеидзе фракциясы және оның ролі» деген мақалалары жарияланған.

Ленин «Соғыс туралы мәселе жөніндегі принципті қағидалар» және «Отан қорғау туралы мәселенің қойылуы жөнінде» деген мақалаларын жазады.

Декабрь — 1917 жылғы февраль. Ленин Цюрих кітапханасында марксизмнің мемлекетке көзқарасы туралы мәселе жөнінде әдебиеттерді зерттеумен шұғылданады; К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармаларынан көшірмелер жасайды; өзінің ескертпелері мен қорытындыларын жазады. Дайындалған материалға Ленин «Марксизм және мемлекет» деп тақырып қойды.

1917

1—2 (14—15) январь. Ленин Гриммге қарсы шығу туралы мәселе талқыланған Швейцария солшыл социал-демократтарының кеңесіне басшылық етеді. Кеңес Гриммді Интернационалдық социалистік комиссиядан шығару талап етілген қарар қабылдады.

6(19) январь. Ленин Инесса Армандқа хат жазып, онда Маркстің «Франциядағы тап күресі» деген еңбегіне жазылған алғы сөзде Энгельстің айтқан пікірлері жөніндегі оның ескертпелері дұрыс еместігін атап көрсетеді; Армандтың «отан қорғау» жөніндегі пайымдауларының «абстрактілігін және тарихи еместігін» көрсетеді, осы мәселені егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Ленин төтенше партия съезін шақыру туралы мәселе жөнінде референдум жариялаған Швейцария солшыл социал-демократтарының қарарын большевиктердің шетелдік секцияларына таратады; бұл съезд Швейца-

рия социал-демократиялық партиясы басқармасының қаулысы бойынша белгісіз уақытқа кейінге қалдырылған болатын.

7(20) январь. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Швейцария солшыл социал-демократтарының партияның төтенше съезін кейінге қалдыруға қарсы және осы мәселе жөнінде референдум өткізуді талап еткен қарар қабылдағанын хабарлайды; листоктар мен листовкаларды шығаруды тездетудің қажеттігі туралы жазады.

9(22) январь. Ленин Цюрих халық үйіндегі жұмысшы жастар жиналысында 1905 жылғы революция туралы баяндама жасайды.

Ленин Инесса Армандқа оның пацифизм туралы 8(21) январьда оқыған рефераты жайында хат жазады, оны Женевада және Шо-де-Фонда қайталап оқуды ұсынады; одан Швейцария социал-демократиялық партиясының съезіне арналған отан қорғау туралы және соғыс туралы мәселе жөніндегі қарар жобалары француз тіліне аударылды ма, жоқ па деп сұрайды, Э. Нобс пен Ф. Платтеннің Р. Гримм жөнінде ымырашылдық позиция ұстап отырғаны туралы, сондай-ақ А. Гильбоның Р. Гриммге қарсы қарарға қол қоюдан бас тартқаны туралы хабарлайды.

10(23) январь. Ленин съезд шақыру туралы мәселе жөнінде 1917 жылғы 22 январьда өткен Швейцария социал-демократиялық партиясы басқармасының мәжілісі туралы 1917 жылғы 23 январьдағы «Volksrecht» газетінен және 22 январьдағы «Berner Tagwacht» газетінен көшірмелер жасайды.

13 және 17 (26 және 30) январь аралығында. Ленин «Г. Грейлихтің отан қорғауды қорғауы туралы қысқаша он екі тезис» деген мақаласын жазады.

17(30) январь. Ленин И. Ф. Армандқа екі хат жазып, оларда буржуазиялық пацифизмнің мәнін түсіндіреді, тұтқыннан қашқан екі адаммен әңгімелескенін айтады, Швейцария социал-демократиясындағы істің жайын хабарлайды; Ф. Энгельстің «Тұрғын үй мәселесіне» деген еңбегін қайта оқып шыққандығын айта ке-

ліп, Ленин былай деп жазады: «Тамаша»! Мен Маркс пен Энгельсті әлі де «сүйемін», сондықтан оларды жамандаудың қандайына болса да жайбарақат төзіп отыра алмаймын. Жоқ, олар — нағыз адамдар! Олардан үйрену керек. Біз осы жолдан таймауға тиіспіз. Социал-шовинистер де, каутскийшілдер де *бұл* жолдан тайып кетті».

18(31) январь. Лениннің «Дүние жүзілік саясаттағы бет бұрыс» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 58-номерінде жарияланады.

20 январь (2 февраль). Ленин И. Ф. Армандқа жазған хатында 1917 жылғы 1 февральда Ольтенде болған циммервальдистердің жиналысы туралы және онда Р. Гриммнің оппортунистік бағытының әшкерелепгенін хабарлайды; Спектатордың (С. Нахимсонның) «Vaterlands-Verteidigung und auswärtige Politik der Sozialdemokratie» («Отан қорғау және социал-демократияның сыртқы саясаты») деген кітапшасына өзінің жауап қайтармақшы ниеті барын айтады.

21 январь (3 февраль). Ленин норвег социалисі Т. Нерманнан түрмеде отырған швед солшыл социал-демократы Ц. Хёглундқа барып жолығуды және Гриммнің оппортунистік әрекеттеріне қарсы наразылық білдірілгеп, Гриммнің Интернационалдық социалистік комиссиядан шығуы талап етілген хатқа қол қоюын сұрауды өтінеді.

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында одан хат алғанын хабарлайды, оның рефератының жоспарын мақұлдайды, оны қайталауға кеңес береді, рефератты мынадай пункттермен толықтыру керек дейді: «революция *қайткенде* болуы мүмкін? пролетариат диктатурасы деген не? ол не үшін қажет? пролетариат қаруланбайынша пролетариат диктатурасының *мүмкін болмайтын* себебі не? пролетариат диктатурасының толық, барлық жақты қамтыған демократияға әбден сәйкес келуінің себебі не? (тұрпайы пікірге қарсы)»; Швейцария социал-демократиялық партиясындағы ішкі күрес туралы, неміс және француз Швейцариясы «жастарының» алдағы кеңесі туралы хабарлайды, осы кеңеске әзірлену және сол-

шыл социал-демократтарға көмек көрсету мәселелері жөнінде нұсқау береді; Армандқа Швейцарияда француз солшылдары тобын құруға кеңес береді, революцияны жақында-та түсу, пролетариат диктатурасын жеңіп алу мақсатында революциялық бұқаралық қимылдардың қандайын болса да қолдау жә-не дамыту аса маңызды міндет болып табы-лады деп атап көрсетеді.

27 және 29 январь (9 және 11 февраль) аралығында.

Ленин Цюрих социал-демократиялық ұйымы-ның кантондық съезінде Швейцария солшыл социал-демократтарының енгізуі үшін «Со-ғыс мәселесі жөніндегі қарарға өзгерістер енгізу туралы ұсынысты» жазады.

30 январьдан (12 февраль-дан) кешірек.

Ленин С. Н. Равичке жазған хатында Швей-цария социал-демократиялық партиясының Женева ұйымындағы істің жайы туралы оның хатын алғандығын хабарлайды, жұмыс-тағы қиындықтарды, Швейцария солшыл со-циал-демократтарының әлсіздігін айтады, «бұқараға араласпай тұрып, ештеңе істеуге болмайды» деп атап көрсетеді; Швейцария солшыл социал-демократтарына көмек көрсе-тудің қажеттігі жөнінде жазады.

31 январь (13 февраль).

Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Цюрих социал-демократиялық ұйымының кантондық съезі туралы хабарлайды; оған Швейцария социал-демократиялық партия-сындағы үш бағыт туралы француз тілінде реферат әзірлеуді ұсынады; К. Маркстің «Франциядағы тап күресі» деген еңбегіне Ф. Энгельстің жазған алғы сөзінің «Die Neue Zeit» журналында бұрмаланғаны жөнінде жазады; одан Ш. Фурье шығармаларын та-уып беруді өтінеді.

Январь.

Ленин «Статистика және социология» деген кітапшаны жазумен шұғылданады (кітапша аяқталмай қалған); «Жалған батпақ па әлде шын батпақ па?», «Бейтараптықты қорғау» деген мақалаларын жазады.

2(15) февраль.

Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында ақ-шаны алғанын хабарлайды, материалдық қиындықтар туралы жазады: «қымбатшылық керемет өсіп кетті, ал жүйкемнің ауруынан жұмыс істеуге қабілетім мүлде төмендеді»;

салып жіберген кітаптары үшін алғыс айтады.

4(17) февраль. Ленин А. М. Коллонтайға хат жазып, одан хат алғаны туралы, сондай-ақ оған 7—8 январьда Нью-Йоркке «Новый Мирге» арнап хаттар мен мақалалар салып жібергенін хабарлайды; Троцкийдің Циммервальд солшылдарына қарсы оңшыл социал-демократтармен блок жасасқанына өзінің ашу-ызасын айтады, оны «Социал-Демократта» әшкерелеу қажеттігін көрсетеді; марксизмнің мемлекетке көзқарасы туралы мақаланы әзірлеп жатқанын (және материалды түгел дерлік дайындап қойғанын) жазады; материалдары дайын тұрса да, ««Социал-Демократ» жинағының» 3 және 4-номерлерін шығаруға қаражаттың жоқтығы мүмкіндік бермей отырғанына өкініш білдіреді; социал-шовинистермен ашық одақтасуға бет бұрған оңшыл циммервальдистердің оппортунистік әрекеттері Циммервальд бірлестігінің идеялық күйреуіне әкеп соқтырғанын жазады; Швейцария социал-демократиясындағы істің жайы туралы хабарлайды; оның өзінің және басқа солшыл социал-демократтардың швед солшыл социал-демократтарының газетіне жазып тұруын реттеуге болмас па екен деп сұрайды.

5—6 (18—19) февраль. Ленин М. Т. Елизаровқа жазған хатында «Педагогикалық сөздік» немесе «Педагогикалық энциклопедия» шығарудың Н. К. Крупская дайындаған жоспарын хабарлайды, бұл істің маңыздылығын атап көрсетеді; бұл жоспарды ойластыруды, бастырып шығарушыны табуға әрекет жасауды және онымен Н. К. Крупскаяның атынан шарт жасасуды өтінеді.

6(19) февральдан ертерек. Ленин Швейцариядағы Циммервальд солшылдары тобының «Gegen die Lüge der Vaterlandsverteidigung» («Отан қорғау туралы өтірікке қарсы») деген листогының 1-номерін жазуға және редакциялауға қатысады.

6(19) февраль. Ленин Инесса Армандқа хат жазып, онда Россиядағы революциялық пиғылдың өсе түскені туралы Москвадан алынған хабарларды айтып, Орталық Комитеттің Москва

бюросының листок шығарғанын хабарлайды; соңғы кезде марксизмнің мемлекетке көзқарасы туралы мәселеге байланысты көп жұмыс істегенін жазады, «көптеген материал жинадым, өте қызықты қорытындыларға... келдім», осы мәселе жөнінде мақала жазып, оны ««Социал-Демократ» жинағының» 4-нөмерінде жариялағым келеді дейді; Швейцариядағы циммервальдшіл солшыл топ листогының 1-номерін даярлау жұмысының аяқталғанын хабарлайды.

14(27) февраль. Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Швейцария жастарының арасында жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап көрсетеді, француз Швейцариясы жұмысшы қозғалысының тарихындағы бұқаралық стачкалар туралы материалдар жинауды ұсынады; мемлекет туралы мәселе жөнінде «Die Neue Zeit» (1912 ж.) журналында А. Паннекукпен К. Каутский арасында болған айтыс туралы жазады.

19 февраль (4 март). Ленин С. Н. Равичке жазған хатында өзіне М. А. Бакуниннің орыс немесе француз тілінде жазылған «Париж Коммунасы және мемлекеттілік туралы ұғым» деген кітапшасын салып жіберуді өтінеді.

20 февраль (5 март). Ленин А. М. Коллонтайға хат жазып, онда «циммервальдтік принциптер» негізінде жаңа партия құру үшін 12 майда швед солшыл социал-демократтарының съезін шақыру туралы газет беттерінде пайда болған хабардың өзін мазасыздандырып және ызаландырып отырғанын айтады, «өйткені «Циммервальд» анық банкрот болды, сондықтан бұл жақсы сөз тағы да шірікті бүркеу үшін қызмет етеді»; социал-пацифизмнің және каутскийшілдіктің бүкіл пасықтығын, Циммервальд көпшілігінің бүкіл жексұрындығын швед солшылдарының съезге дейін-ақ түсініп алуына көмектесудің, олардың жаңа партия үшін өздеріне жақсы программа мен тактика жасап алуына көмектесудің қажеттігін атап көрсетеді, мұны қалай істеу керектігі жайында практикалық кеңестер береді. Ленин «пасық каутскизмнің емес, *жаңа* социализмнің, шын революциялық марксизмнің программасы мен тактикасы туралы

мәселе *барлық жерде* күн тәртібінде *тұрғандығын»* атап көрсетеді.

22 февраль (7 март). Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Р. Гримм мен оның жақтастарының 3 февральда болған кеңесі туралы, Цюрих социал-демократиялық ұйымының 6 марттағы жалпы жиналысы және ондағы социал-патриоттардың іс-әрекеттері туралы, Швейцария «солшылдарының» принципсіздігі туралы хабарлайды; социал-пацифизмнің бүкіл жексұрындығы мен пасықтығын рефераттарда ашып көрсетудің қажеттігін атап айтады.

23 февраль (8 март). Ленин Инесса Армандқа жазған хатында Цюрихтегі солшылдар ұйымындағы жағдай туралы, Э. Нобстің, Ф. Платтенның және «жастардың» (В. Мюнценберг және басқалар) Р. Гриммнің жағына шығып кеткені туралы хабарлайды; бұқарамен қарым-қатынас жасау және оларға ықпал жүргізу үшін ашық рефераттардың маңызы туралы, «центрді» де (Р. Гримм мен К^{0}), «солшылдарды» да (Э. Нобс, Ф. Платтен, Ш. Нэн және басқалар) әшкерелеудің қажеттігі туралы жазады.

Февраль. Ленин «Соғыс сабақтары» деген мақаланың жоспарын жазады.

Февральдың аяғы. Ленин «Бір социалистік партияның өміріндегі кішкене бір дәуірдің тарихы» деген мақаласын жазады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1917 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1973—
(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 30. Июль, 1916 — февраль, 1917. 1979 616 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
А. П. Смирнова және *М. И. Труш*

Әдебиет көрсеткішін дайындағандар
А. М. Гак және *Н. Д. Шахновская*

Есімдер көрсеткішін дайындағандар
С. Ф. Буточникова және *Г. Б. Кавганкин*

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 684

Сдано в набор 1.05.1978 г. Подписано к печати 21.06.1979 г. Формат $84 \times 108^1/_{32}$. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура, печать высокая. Физ. печ. л. 20,125 + 1 вкл. $^1/_{16}$. п. л. Усл. печ. л. 33,81, Уч.-изд. л. 32,53. Тираж 15 000 экз. Заказ № 1305. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли. 480009. г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КIТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина. 93.